



Ғадыр
Мырза Ду



«АТАМҰРА»

ББК 84 (2 Қаз)

М 91

Мырза Әли Қадыр

М 91 Жазмыш. — Алматы: Атамұра, 2004. — 480 бет.

ISBN 9965—05—917—9

Адам баласы жер бетінде жаратылғалы өз-өзіне үңілумен, өз-өзін тануға тырысумен келеді. Өткен өмір жолына, тартқан тағдыр таразысына ой жібере отырып, жаратқан иенің маңдайға жазған жазмышына мойын ұсынады. Ал енді осы жазмыш жайына терең үңілетін де алдымен ақын-жазушылар мен философтар...

Бұл кітап — Адам атты жұмбақ жан иесінің тағдыр-талайына сын көзбен, соны көзқараспен қараған еңбек. Ол оқырманды өзіне түпсіз ұйықтай тартары да сөзсіз.

М $\frac{4702250200-005}{418(05)-2004}$ хабарландырусыз—2004 ББК84 (2 Қаз)

ISBN 9965—05—917—9

© Мырза Әли Қ., 2004

© «Атамұра» баспасы, 2004

Жазмыш

ҚАСІРЕТ КІТАБЫ



Тиек

Дүниенің ең басты жұмбағы — адам. Адамдар дүниенің бәрін түсіндіргенмен, өздерін өздері әлі де болса түсіндіре алған жоқ. Әу баста қандай жұмбақ болсақ, қазірде сол жұмбақ қалпындамыз. Ал өнер адамдары, дарын иелері, әсіресе ақындар — болмысынан бөлек, табиғатынан тылсым, қайталанбас құбылыс, уникал. Олар кейде белгілі бір шығармаларының белгілі бір сәттерінде ақырын-ақырын ашылғандай болады. Бірақ ондай сәулелі сәттер көп адамның санасына сыя қоймайды. Ақынның аты-жөні өзгермейді демесек, өзі үнемі өзгеру үстінде, құбылу үстінде, керек десеңіз, өзін-өзі жоққа шығару үстінде, жаңғыру үстінде ғұмыр кешеді. Оның өзі өмір сүруге ұқсамайды. Оның өмірі — бейнеттену, азап шегу, тіпті у ішу. Ақын-жазушыға байланысты портрет деген сөзді жиі пайдаланамыз. Сол сөздің өзі, ұғымның өзі ақын аталатын айрықша құбылыстың сексен сегіз қыры түгіл, бір қырының бір белгісін берсе беретін шығар. Бере алмауы да мүмкін. Менің бұл пікіріме біреу келісер, біреу келіспес. Қайткенде де оны айтпасқа болмайды. Қырық кісі — бір жақ, қыңыр кісі — бір жақ демекші, алпыс адам — бір жақ, ақын өзі бір жақ.

Қысқасы «Жазмыш» — ақындар және ақындық қасирет туралы дара көзқарас. Бұл мәселеге мүмкіндігінше тереңдеп бару, түсініп бағу.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде «жазмыш» сөзі туралы мынандай анықтама берілген: «Діни наным бойынша әуелден белгіленіп қойыладымыс дейтін талай тағдырдың бұйрығы». Қанша томдық болса да, сөздік бұдан артық не дей алады?!

«Жазмыштың» орысша баламасы – «рок». Орыс ағайындар бұл сөзді қалай түсіндіреді екен деп, Владимир Дальдің сөздігіне үңілдім. Ол да негізгі мағыналардың бірі ретінде – «судьба, предопределение, участь неминуемая, суженое» – деп ұғындырыпты.

КСРО Ғылым академиясы Орыс тілі институты шығарған орыс тілінің төрт томдық сөздігінде тіптен ықшам: «Судьба (обычно злая, грозящая бедами, несчастьями и т. д.)», – дей салыпты.

«Жазмыш» – жалпы философиялық та категория ғой деп, біраз ғалымдармен сөйлесіп көріп едім, жартымды ештеңе ести алмадым.

«Барымен – базар» деген, осы үш беделді сөздіктің бар айтуымен ғана шектеле тұрамыз. Дінге сен, сенбе. Атеист бол, болма – бәрібір! Қай халық, қай ұлт болмасын дәл осы «жазмышта» адам еркінен тыс, иесіне де, басқаға да бағынбайтын бөлек және ерекше күдіретке ғана байланысты күш-тағдыр жатқанын мегзейді. Ал, енді, өз еркінмен дара пікір айтайын десен, осы анықтамалардан онша ұзап кете алмайсың.

Көне, өте көне замандардың бірінде өз ортасына әбден белгілі бір философтың басына бүркіттің шеңгелінен шетінеп шыққан дәу тасбақа түсіп, сеспей қатқан екен.

Ол тасбақа бүркіттің шымыр шеңгелінен шынында да босап кетті ме, әлде бүркіттің өзі тастап жіберді ме, әлде бір күдірет түртті ме? Кездейсоқ шығып кетсе, неге дәл осы жерде, философ кетіп

бара жатқан тұста шығып кетеді? Тастап жіберсе, бүркіт философтың басынан басқа басты неге таңдамайды? Рас, аңыз бойынша ол философтың басы бір тал шашы жоқ, жұмыр, жұмыртқадай жап-жалтыр екен. Егер оны бас емес, тас деп ойлаған күннің өзінде ондай бастың бүкіл Грекияда біреу-ақ болғаны ма? Жалғыз-ақ болған күннің өзінде сонау шырқау биіктен қозғалып бара жатқан пенденің тас төбесінен дәл ұру – ақылға сыймайды. Қарапайым адам, міндетті түрде, оған Алланың өзі араласқан деп түсінеді. Қалай десеніз де, соның логикасы дұрыстау!

Джон Теннер деген АҚШ-та бір жазушы болған. Тоғыз жасында үндістер ұрлап әкетіп, отыз жыл солардың ішінде өмір сүрген. Солардың тілін, дінін, дәстүрін қабылдап, қабырғасы қатқан. Кейін оны өзінің оңаша лашығында қаннен-қаперсіз жатқан кезінде нәсілшіл отандастары айуандықпен өлтіріп кеткен.

Жазмыш. Таза жазмыш. Ешқандай логика жоқ.

Басқа баланы ұрламай, неге соны ұрлайды? Джон Теннер үндіс емес. Ақ нәсілдің ұрпағы. Ендеше оны неге нәсілшілдер өлтіреді? Түсіндірме сөздіктерде айтылғандай: әуелден белгіленіп қойылған тағдыр демеске амал жоқ.

« – Себепсізден себепсіз біздерді қуып шығып, өзі басқа әйелге үйленгенде мен құрсақта жатыр екенмін. Мен бір жақын ағайынның қорасында дүниеге келіпмін. Әкеме ашуланған нағашыларым өшін менен алғандай, мені бір ескі кілемшеге орап, әкемнің босағасына апарып тастапты. Менің өмірім міне, осылай қиянаттан, өмірге деген өкпеден басталады.

...Өгей шешем жүгері нанын да менен жасырып, тығып ұстайтын. Мен қорада туып қана қойғам жоқ, қорада өгіз жанында өстім.

Ол кездерді ұмытыпшын. Әйтеуір жас жапаның иісі ғана есімде қалыпты. Сосын әкем қатты ауырды. Зәрем қалмады. Не ауру екенін білмеймін, әйтеуір жаман қиналды. Бірдеңе жанын жегендей, үнемі азаптанып, ауыр күрсініп жататын. Бір күндері ауруынан айығып, аяғынан басып тұрғандай болып еді, сөйтсек ол ақылынан алжасқан екен».


Бұл белгілі әдебиетші Эффенди Капиевтің жазып алуындағы («Ақын кітабы») әйгілі Сүлеймен Стальскийдің естелігі.

Стальский Стальский болып тұрған кезде оның тағдырына кім қызықпады? Қызығатын тағдыр ма осы? Мұндай жазмышты ешкімнің мандайына жазбасын! Тірі әке, тірі шешенің көз алдында мал қорада туып, мал қорада ер жету — не деген сұмдық! Ақын болу үшін талай қиындықты бастан кешуге болады. Бірақ мынау қорлық қой!

Луи Арагон туған анасын анам дей алмай, тәтем деп өткен. Оның себебі бар. Болғанда қандай! Арагонның атын атап, түсін түстейтіндей әкесі болмаған. Әйгілі жазушы — көрдемше, яки заңсыз туған бала. Кәдімгі ресми жезөкшенің полиция шефінен тапқан талайсыз ұлы. Туған анасының кім екенін және оның қандай әйел екенін ол әрине жақсы білген. Бір ғана себептен емес, әртүрлі себептен оны тәтем деп атаған. Соғыс кезінде «Тәтенің қайтыс болды» деген қаралы телеграмма алған. Анасының дүние салғанын ол сонда ғана білген. Өзі ғана түсінген.

Бұл не, қасірет емес пе? Мұндай тағдырды ешкім де сұрап алмайды. Ондай тағдырды өзің түгіл, өзгеге де тілемейсің. Бұл — жазмыш.

Өздеріміз бала кезден жырларын жаттап өскен, ертегідей көріп өскен Корней Чуковский не деп жазады өзі туралы?



«Мен кәдімгі көрдемше, заңсыз туған адам есебінде тіпті ұлтымның кім екенін білмеймін. Кіммін: евреймін бе, орыспын ба, украинмын ба? Жер бетіндегі кездейсоқ, жұмбақ адаммын. Ең бастысы, жаныма қатты батқаны – кезінде өзімнің көрдемше екенімнен қысылғаным... Әке, ең болмаса, ата деген байлық менің мандайыма жазылмаған...» («Күнделік», 1901-1909 ж.ж.).

Туа сала тіркелген Петербургтың Владимир шіркеуіндегі кітабында: «Николай, ұл, Херсон губерниясы, Ананьевка уезі, Кондратьев болысы, Гамбурово деревнясының бикеші, украин қызы Екатерина Осиповна Корнейчуковскаядан заңсыз дүниеге келген» — деп жазылған. Бұл да сол Корней Чуковскийдің өз қолымен толтырылған күнделігінен алынған үзінді.

Тағы да сол қазақ мақалы еске түседі. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» — дейді біздің халық. Дүниеде болып жатқан құбылыстардың бәрі де салыстырмалы... Әкеңді білмеген де ештеңе емес қой, қаптаған халықтың ішінде тегінді, ұлтыңды білмеу не деген сұмдық?! Онда бауыр жоқ, бүйрек қана бар. Бірақ бүйрегі бұрар ұлты жоқ. Ол — туа біткен, дәлірек айтсақ, амалсыз интернационалист. Ол ешбір халыққа, ешбір ұлтқа тіл тигізе алмайды. Мүмкін ол...

Ерте, ерте, ертеде... Сонау көне гректердің кезінде кімнен туғанын білмейтін бір көрдемше бала көшеде тұрып алып, әрлі-берлі өткендерге тас лақтырып қызықтаса керек. Соны көріп қалған атақты Диоген әлгі балаға:

— Бала, байқа! Абайламай әкеңе тигізіп аларсың! — депті. Ащы анекдот. Бірақ ақиқатқа негізделген, жоғалып кетпей, біздің дәуірімізге дейін

шалдықпай жеткен шайпау сөз. Баланың көрдемше бала екенін білмесе, Диоген олай дер ме еді?

Адам алысқа қараймын деп, жанындағысын көрмейді. Кеше қазақ поэзиясында жаңаша леп әкелген, мүлдем ерекше ақындардың бірі Тоқаш Бердияров болатын. Алматының айрықша күзін әдемі суреттеп келіп, жақсы ағаның жақсы інісі Есенғали Раушанов өз естелігін былайша жалғастырады: «Тоқаш көкем сары күздің сондай бір тамылжыған тамаша кешінде сол көркем тепсеңнің етегіндегі «Просвещенец» демалыс үйінде қайтыс болды, жазатайым сүрініп кетіп, қарақұсы таска тиген...»

...Ақылға сыймайтын өлім тіптен көп. Америка жазушысы Андерсон Шервуд Оңтүстік Американы аралап жүрген жиһанкездік ұзақ сапарында кешкі тамақтан кейін тісін тазалап отырып, тіс шұқығыш сүйекті қалай жұтып қойғанын байқамайды. Содан үш тәуліктен соң оны Кристобаль портында «жедел көмек» күтіп алады. Айтып келген ажалға дауа жоқ. Сөйтсе, сол Панама каналы өтетін әйгілі аймақта шұғыл операция жасай алатын бір де бір госпиталь болмай шығады. Сөйтіп Андерсон Шервуд жарылған (тесілген) ішектің салдарынан аяқ асты дүние салады.

Осы секілді мысалдарды келтіре беруге болады, келтіре беруге болады. Бірақ мен оны осы жерден үзе тұрсам деймін. Өйткені кітаптың өзі «Жазмыш» аталады. Аталып қана қоймайды, келесі тараулардың бәрі де сол жазмыш туралы болмақ. Қалғанын алдағы әңгімелерден оқырсыздар.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Көріпкел-әулиелік

Әулиелік туралы айту үшін өзін де әулие болуың керек қой. Бірақ менде ондай қасиет жоқ. Әйтсе де ақындық, ақындық тағдыр туралы жазып отырып, бұл қасиетті аттап өту мүмкін емес. Ғылыми түсініктер бере алмағанмен, жиналған деректерді баяндап шығу қолымнан келетін шығар деп ойлаймын. Ал, енді, ондай мысалдар көл-көсір.

Соңғы жылдары, жиырмасыншы ғасырдың аяқ шенінде көріпкелдер көбейіп кетті. Олардың біразы әжептәуір дұрыс болжамдар жасап, қалың жұрттың көңілінен шығып жүр. Атеистік қоғам кезінде ақылсаналары едәуір өзгеріске түсіп, бірдеңеге сенуден қалған қарапайым халықтың сенімдік қасиеттері қайта оянғандай. Балгерлер мен сәуегейлердің кенет көбеюі ғарыштағы жаңа сілкініс (активность), қозғалысқа байланысты деген пікірлер айтыла бастады. Ал ақындардың арасындағы әулиелік бүгін ғана басталған қасиет емес. Ол — баяғыдан келе жатқан қасиет. Он тоғызыншы ғасырға нүкте қойған философ, әрі ақын Фридрих Ницше өлмей тұрып: «Мені Еуропалық соғыстан кейін түсінеді» деген. Еуропалық соғыс деп отырғаны — Бірінші дүниежүзілік соғыс. Сол соғыстың жақындап қалғандығын ол он-он бес жыл бұрын болжаған. Ницше, бі-

реу біледі, біреу білмейді, тек әйгілі философ қана емес, ақын да болатын. Философтығынан ақын шықты ма, ақындығынан философ шықты ма? Ол енді екінші мәселе.

Орыс ақыны Николай Глазков бір досына жолдаған хатында: «Менің 1941 жылғы жазған төрт тағаным есінде ме:

Қызыл әскер, күрескерің,
Талқан қылып жау әскерін.
Бітер соғыс негізінде,
Қыркүйектің сегізінде...

Тоғызыншы май — Германияны, үшінші сентябрь — Жапонияны жеңген күн. Ақылға сыймайтын, менің өзімнің ақылыма сыймайтын көрегендік» деп жазған еді. Ол аз болғандай, мынандай шумақтары тағы бар:

Бұл жол қайда келтірер?
Тек тұйыққа ол тірер.
Сірә, Адольф Гитлер
Өзін-өзі өлтірер.

Қалай айтса, солай келді де тұрды. Ақымақтың айтқаны келмейді, сандырағы келеді деген мақал, бұл жерде, әрине, орынсыз, мүлдем орынсыз. Николай Глазков әпенделеу, бірақ өте жақсы ақын болатын. Мүмкін әуейілігі мен әпенділігі сол әулие-лілігінен шығар.

Гумилев пен Ахматованың ортақ досы В.С. Срезневская: «Гумилев ойдың және көрегендіктің ақыны еді, ол көп кешікпей аспанда пайда болуға тиіс бір жұлдыз туралы:

В созвездии змея загорелась новая звезда, —

деп жазған-ды. Сол жұлдызды Куриль аралына орналасқан обсерватория астрономдары ақын айтқан жерден тауып берді» – дейді.

Сонымен бірге Николай Гумилев өз өлімі туралы да дәл айтқан:

Нотариус, дәрігер
Жатпас бәрін есептеп.
Өлмеспін мен төсекте,
Өлермін бір қуыста
Қою шөпті уыстап.

Андрей Белый – орыс поэзиясында өзіндік орны бар үлкен тұлғалардың бірі. Өнері – ақындық, білімі (мамандығы) – математика болатын. Сол ғалымдық жағы әсер етті ме, кім білген, болашақ атом бомбасы жөніндегі болжамды ақындардың ішінде осы Андрей Белый айтқан-ды:

Кюри тәжірибесінде бұл әлем
Атом бомбасы болып жарылды.

Мұны ақын 1921 жылы жазған. Ал атом бомбасы туралы ойы бұдан да бұрынырақ туған.

Әулиелік – адам баласы түсініп болмайтын қасиет. Сол Андрей Белый өз өлімі туралы да айтқан:

Алтын сәулеге сенуші ең,
Күн жебесінен мерт болдың.

Мұны ол 1907 жылы жазған. Содан ширек ғасыр өткен соң Коктобельде демалып жүргенде күн өтіп, құлап жатып, осы өлеңді есіне алып, достарына оқытады. Бұл жолы оның миына бірінші рет қан құйылады. Екінші рет бұл пәле сол жылдың күзінде қайталайды. Үшінші ретінде қаңтардың басында

ақынды алып тынады. Өзі айтқандай «... умер от солнечных стрел».

Михаил Светловтың артында мынандай бір жазбасы қалыпты: «Бірнеше жыл бойына мен онға бөлінген бір сом туралы хикаят жазбақ болып дайындалдым. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан ақша реформасы жүрді. Сол реформада менің «оным» үлкен рөл атқарады. Бұл кездейсоқ нәрсе емес еді... Тағы да мен бұдан бірнеше жыл бұрын «Гренада» атты өлең жаздым. Содан кейін өздеріңізге белгілі Испанияда азамат соғысы басталды. Одан кейін «Коховканы» жазып едім, одан Омск су станциясы өсіп шықты.

Мұның бәрін мақтану үшін айтып отырғаным жоқ. Менде бір әулиелік нышандар бар..»

Райдан қайттық. Құрыдық.
Құрыды Викинг үмбеті.
Қаракшыларға үлгі етті:

Ренегаттар алдында сұрақ тұрды,
Биік ғасыр бағытын бір-ақ бұрды.
«Тарих әсте жасасын!» деймін дағы,
Құлаймын кеп астына трактордың.

Павел Коган таяп қалған соғысты ғана емес, 1937 жылды да, оның суық лебін де сұмдық сезінген. Мұның айтып отырғаны репрессияның тракторы. Бұл өлең 1936 жылы жазылған. Сол үшін оны мектептен шығарып жіберген.

Соғыс алдындағы пималы
Ұлдарды дабыл қинады.
Шпреенің бойында
Соларды қалған уайымдап,



Суретшіге ой келер,
Терге малынып жейделер,
Әлі келгенінше еске алып,
Әлі келгенінше бейнелер.

Соғыс әлі басталған жоқ, ал Павел Коган сол соғыстың қай жерде аяқталатынын алдын ала білген, сезінген. Отызыншы жылдардың алдында дүниеге келген көген көздердің қалай қырылатынын анық айтып отыр.

Филиппин халқының көсемі, ұлт азаттық көтерілістің жетекшісі, ақын Хосе Рисальдің әулиелігі бала кезінде-ақ байқалған. Мектепте оқып жүрген кезде демалысқа шығып, ауылға қайтар алдында түрмеде отырған анасына соғып, оның көрген түстерін жориды екен. Сонда анасының айтқан бір түсін баласы: «Енді көп отырмайсың, үш айдан кейін жарық дүниеге шығасың», — деп болжайды. Айтқаны тура келеді. Ерте ме, кеш пе қалыңдығының оған опасыздық жасайтынын, өзінің қашан, қалай өлетінін — бәрін де алдын ала дәл болжаған.

Үлкен әдебиетші, филология ғылымының докторы Виктор Мандилов ақын Вячеслав Иванов туралы былай деп жазады: «Оның көріпкел қасиеті болатын. Ол болашақты да айқын болжай білді. Вольф Мессинг секілді адамның ойын оқи алатын еді.

1923 жылдың көктемінде сол Вячеслав Ивановқа бара жатып, университетке таяу, почтамптың қасында қайыр сұрап тұрған тап-таза шығыс дәруішін көрдім. Неге екенін қайдам, садақа бермей өте шықтым. Бірер қадам ілгері кеткен соң қалтама қол салып, тиындарымды уыстап, бірақ кейін оралуды жөнсіз көрдім. Сөйте тұра кетіп бара жатып өзіме-өзім ренжумен болдым. Мен кірген кезде Вячес-

лав Иванов профессор Л. А. Ишаковпен сырласып отыр екен. Леонид Александровичпен екеуінің арасындағы әңгімені бөле салып, маған тесіле қарады да (мен әлі ештеңе де айтып үлгергем жоқ): «Қалай... садақа беру керек пе, бермеу керек пе?» — деді. Содан, қайыр-садақа туралы ойларын ортаға салып, әдетте садақа алған адамнан гөрі берген адамға тиімді екені, берген адамның одан байи түсетіндігі туралы ұзақ сөйлеп кетті. Бұл енді тура менің ойларымды айна-қатесіз оқу еді».

Анна Ахматова өзінің бір кездегі құдай қосқан жұбайы Николай Гумилевтің өлімін алдын ала сезіп, үш-төрт күн бұрын мынандай бір шумақ өлең жазған:


Бітті осылай әпсанаң,
Тірі жүру жоқ саған.
Жиырма сегіз жасатқан
Ажалың сол бес оқтан.

Сол айтқаны болды да тұрды. Тек қыста емес, тамызда. Марина Цветаева да осындай көріпкелдіктен құралақан емес. Ол өмір бойы картамен бал ашып өткен. Көптеген болжамдары бұлжымай орындалған. Ол Осип Мандельштам, Сергей Эфрон, тіпті өзінің өлімі туралы да көрегендікпен сезе білген.

Көптеген жағдайда Александр Сергеевич Пушкиннің тағдыры туралы бал ашқан сәуегейлердің болжамдары бір жерден шыққан.

Бір сәуегей әйел оның алақанын сипап тұрып сені бір жас жігіт әйел үшін өлтіріп тынады деген.

Енді бірде Санкт-Петербургте немістің балгер әйелі Киршграф екі мәрте айдауда боласың десе, Одессада бір грек шалы жанағы неміс әйелінің сөзін сол күйінде қайталаған және сені не ат теуіп өлтіреді.



немесе басы аппақ біреудің қолынан қаза табасын дейді. Тағы бір қызық жай: өзінің Петербургындағы Киргоф атты екінші әйел жаңағы грек шалының сөзін қайталайды. Не ат теуіп өлтіреді, не бір ақ шашты адамның қолынан дүние саласын дейді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай.

Жалпы Пушкиннің төңірегі тұрған тылсым дүние.

Екінші бір Александр Сергеевич (Грибоедов), ол да тегін адам болмаған. «— Бұл жұмыстан бас тартқым-ақ келеді. Менің дәрежемде мұндай орында отырудың өзі — құдайдың бергені. Бірақ мен Тегераннан тірі орала алмаспын», — депті ол. Шынында да қаңтар айында қара шекпен қара тобырдың қарарлы қозғалысы кезінде ол тектен-текке опат болады.

Михаил Юрьевич шыр етіп жерге түскен кезде бірінші болып жерден көтеріп алған акушер әйел оны қолында ұстап тұрып, бұл өз ажалынан өлмейді деген екен. Ақыры солай болды ғой. Сондай бір сөзді немесе соған жақын сөзді ақынның өзі де айтқан.

«Бастадым ерте және де ерте тынбақпын», — деген Лермонтов жиырма жеті жасында дуэльден өлді.

Бештау бағында шүйіркелесіп жүріп, Лермонтов жанындағы серігіне: «Менің өмірім таусылып, өлімім тақап қалды», — дейді. Содан кейін бір-ақ апта өтеді. Мартынов екеуі атысады. Ұлы ақынның ішіне қандай жын кіріп кеткені белгісіз сол жылдары ол, қазақша айтқанда, ұрынарға қара таппай, екінің біріне орынсыз соқтығып жүрген. Оның Кавказға жер аударылуының да басты себебі осындай бір дуэльдің салдары. Ол Петербург түбінде Парголов жолында Э. де Барантпен атысып, патшаны тағы бір ашуландырған-ды.

Шығыстың жарық жұлдыздарының бірі — әрі ғалым, әрі ақын Омар Һәйәм Низами Арузи деген досына өзара сырласу үстінде «Менің мәйітім жылына екі мәрте гүл шашатын жерге орналасады», — деп қалады. Шынында да әлгі досы ақын дүние салғаннан кейін жиырма үш жылдан кейін сол зираттың басына барып құран оқиды. Зират Нишапурда миуа бағының іргесінде орналасқан екен. Құлпыра гүлдеп көркемдікке көміліп тұрған алмұрт пен шабдалды көріп, Омар Һәйәмнің сөзі есіне түседі.

Осыған ұқсас, тамырлас әулие өленді румын ақыны Михай Эминеску де жазған:

Қасиетті үйеңке
Гүлі болар кебінім.

Өлерін ерте сезген Мирза Галиб бірнеше хронограмма жазады. Соның бірінде өзінің дүние салатын жылын 1869 — деп тура көрсетіп кеткен. Құлпытасқа қашалған өленді де өз қолынан жазып қалдырған:

Бұл өмірге жақын едің — ол бітті,
Теңдесі жоқ ақын едің — ол бітті.
Қайран Галиб, рахаты жаныңның,
Бал шарапты татып едің — ол бітті.

Ағылшын-американ ақыны Уистен Хью Оден 1947 жылы бір досына жазған хатында «Бейтаныс ортаны абыр-сабыр ғып, дирекцияның басын қатырып, қайдағы бір белгісіз қонақүйде дүние салатын шығармын», — деген екен. Шынында да жиырма алты жылдан соң бір қалада өткен поэзия фестивалінен кейін қонақүйге оралып, сол күні таң ата қайтыс болады.

Ал Сесар Вальехо: «Парижде бір жаңбырлы

бейсенбіде өлермін», – деген екен. Бәрі де дұрыс, тек жауынсыз, күн ашық болыпты.

Ал жауын-шашын мәселесіне келетін болсақ, ақын түгіл, ауа райын болжайтын маман-метеорологтардың өзі күн сайын жаңылып жатады.

Георг Гейм деген неміс ақыны тайшық теуіп жүріп, көлге кетеді. Ол өзінің осы өлімін бұрынғы бір өлеңінде болжап айтса керек. Дәл келіпті.

1961 жылы түрік халқының ұлы ақыны Назым Хикмет өлерінен үш ай бұрын өзінің қалай қайтыс болатынын және оны қалай жерлейтіні хақында ғаламат дәл өлең жазған. Соның бір тармағында: «Маған, сірә, бұйырмайды туған жер», – деген болжам айтылады. Шынында да ақын Мәскеуде жерленді ғой.

Чехтің тіптен жас ақыны жиырма үш жасында бір жылдан кейін кәміл өлетінін сезіп, құлпытасқа қашайтын өлеңін өз қолынан алдын ала жазып қалдырыпты:

Иржи Волькер ғашық еді өмірге,
Қиындықтан бас тартпаған ол бір де.
Айқасып та жарытпады, кектеніп,
Жиырма төртке жете сала кетті өліп.

Жалпы өзінің тағдыры туралы бал ашып, сәуегейлік жасамаған ақын аз. Бір ғаламаты: айтқандары көбіне-көп дұрыс шығып жатады. Өздері емес, өзгелер жайында айтқандай төтесінен қойып қалады.

Желтоқсанда түбіме ажал жетеді,
Желтоқсанда жаным ұшып кетеді, –

деген Федор Сологуб. Бұл сөз де лағып кетпей, тура ондыққа тиген.

Илья Эренбург өзінің атақты естелік кітабында: («Люди, годы, жизнь») «Маяковский бірде тап осы жерде маған орнатылған ескерткіш тұратын болады деп бір кездегі ақындар кафесін көрсетті... Вл. Владимирович бірер жүз метрге ғана қателесті. Ескерткішті Настасин орамына орнатты», — деп жазды.

Елизавета Васильева (Елизавета Дмитриева Черубина де Габрияк) деген ақын 1901 жылы:

Шыр айналған шырғалаңнан шыға алмай,
Өлемін мен құла түзде, жат елде, —

деп жазған екен, жиырма шақты жылдан кейін Ташкентте қайтыс болады.

Вадим Шершеневич өзінің туған күнінде достарының басын қосып дуылдасып отырған сәтте: «Мен өлуге тиіспін. Өйткені мен қырық тоғызға толдым. Менің әкем де, ағам да қырық тоғызында қайтыс болған. Көп кешікпей мен де сендермен қоштасамын», — деген екен, сонау алыс Барнауылда көрсеткен шағында дүние салады. Жалпы қырық тоғыз мүшел жас. Ақындардың көбі осы жаста қаза болған.

Ұлы Отан соғысы алдында орыс ақындары көп сәуегейлік жасаған. 1940 жылы Михаил Голодный «Бөрілер» деген өлең жазады.

... Қалғиды томдар сөреде,
Біреуін алдым. Адаммын, —

деп келіп:

Әйнекті дауыл ашты да,
Томдарды әлгі басты қар.
Бөрідей ұлып жамандық,
Мен қару алдым. Адаммын, —

деп, бір жылға жетпейтін уақыт ішінде соғыстың басталып-ақ кететінін барынша қатты сезінеді.

«Мұз қырғыны» деген поэмада Константин Симонов одан да әрірекке көз жіберіп, келешек күндерді көрегендікпен суреттейді:

Мұны да әлі жазамыз,
Келеді күндер өзі аңыз.
Фашизмді лақтырған елге
Қолымызды да созамыз.
Асады іске осы аңыз:
Төстерге төсті тосамыз.
Еркіндік алған ұлы елді
Дауыстап жырға қосамыз.
Бұл сөздің әсте жаны бар:
Қағынар дұшпан, қағынар.
Бүгін болмаса, күні ертең
Әскери дабыл қағылар.

Бұл — соғыс басталмай тұрып үш-төрт жыл бұрын қағазға түскен шумақтар. Соғыстан кейін жазылғандай, дәл айтылған. Ақыры солай болып тынған жоқ па?

Жалына жырдың
Жармасып,
Шаттанып жүрмін,
Жер басып.
Осының бәрі
Осынау
Жаралы қолдың аркасы...

Бұл — өлең соғыстан жиырма жыл бұрын Иосиф Уткиннің жарақаттанбай тұрғанда сау қолымен жазылған жыр. Қай қолынан оқ тиетінін айт-

пады демесен, бәрі де сөзбе-сөз тура . Ал өзі соғыс біткен соң авиапаттан опат болады.

Жалын жүрекпен шарпысқан
Көктемім үшін тартыста
жаралы баспен құлармын
Фридрихштрассеге таяу бір тұста.

Осыны жазған автор Александр Ясный өзінің өлеңдерінен жиырма үш жыл бұрын опат болатын жерін көзімен көргендей барынша, анық айтқан. Фридрихштрассенің дәл өзінде болмағанмен, Берлинге кіретін жолда Одер бойында қаза тапқан.

Әулиелік қай кезде де әулиелік. Оған соғысың не, бейбіт күнің не – бәрібір... Николай Рубцовтың өмірі, негізінен, қиюы қашқан тірліктен тұрады. Өлеңнің жазылуы да қиын. Кітап қылып шығару да қиын! Ақынның өндірісі де, өнімі де өлең. Ол өз алдына жинақ болып жарық көргенше, оқырманның қолына тигенше қаншама уақыт өтеді? Осы жұмыстар түгелдей дұрыс өтіп жатпай ақынға қаржы қайдан келеді?! Болымсыз проблема емес. Әйтсе де одан басқа да толып жатқан проблемалар бар. Соның көкесі – махаббат, әйел. Бұл мәселеге біз сәл кейінірек жеке тоқталмақпыз. Ал қазір Николай Рубцовтың көріпкел бір тармағын еске түсіргім келеді. Ол былай дейді:

Қызыл шұнақ аязда өлермін мен...

Құдай аузына салғандай 1971 жылы қақаған қызыл аязда ақын өз төсектесінің қолынан қаза табады. Әйел оны қылғындырып өлтіреді.

Осы оқиғадан дәл он жыл кейін Александр Тихомировты электр поезы қағып өтеді. Ал ол жағ-

дайды бұдан жиырма жыл бұрын жиырма жастағы ақын былай деп суреттеген:

Жарық болғанда тым жарық,
Түнекті жарып, түн жарып,
Жанардан ұрды тағы да
Жаратылыста жоқ бір жарық,
Өңінде емес, тек қана
Түсінде көрер бұл жарық.

Мұндай сөздерді қазақтар әдетте айттырмайды. Құдай естіп қояды дейді. Мүмкін, солай да шығар. Ақындар айтып, Құдай солардың айтқанын орындап жүрсе ше?!

Демеймін тірлік аз өтті,
Өртедім талай өзекті.
Өлсем де хабар берілмес
Пұшпағында бір газеттің.
Алайда оған өкінбен...

Мұны жазған құсалы Вл. Высоцкий, шынында да «Мәскеу ақшамынан» басқа бір де бір газет некролог бермеген. Ал айтылмыш «Мәскеу ақшамының» өзі адам көзі түспейтін бір бұрышқа «Владимир Высоцкий дүниеден өтті» деп немқұрайлы хабарлай салған.

Сол кездердің әйгілі әншілеріне саналатын ақын Игорь Тальков та, Алла-тағаланың аппаратымен тура байланыс жасап отырғандай:

Мені көптің көзінше өлтіреді,
Және өлтірген адамды таба алмайды, –

деп жүз пайыз дәл айтып кеткен.

Кейбір дұшпандары не десе, о десін, Иосиф Бродский де үлкен ақын. Оны жиырмасыншы ғасыр

поэзиясынан ешкім сызып тастай алмайды. Ол өзінің мықты екендігін көрегендігімен де дәлелдеген тәрізді.

Күз бен жазда ілінбей сүр мергенге
Бірақ қыстың салқыны сыр бергенде, —

деп жазған-ды бір өлеңінде, сонысын тағы бір анықтай түсейін дегендей

Жақында ғасыр бітеді,
Мен одан бұрын бітемін, —

деп жиырма бірінші ғасырды көре алмайтынын оқырмандарына ескерткендей болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев — ақын, қазақ ауыз әдебиетін жинауда зор еңбек еткен оқымысты, әдебиетші. Оны қазақтар, әсіресе, арқалық ағайындар белгілі дәрежеде әулие тұтады. Тұтса тұтқандай да. Көзінің тірісінде туған-туысқандарын, жақын-жұраттарын жинап алып, өзіне-өзі ас берген бірден-бір қазақ, меніңше, осы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жасарын жасап, асарын асап тірлік дәмін біраз таттым ғой дегендей ақын атамыз жетпіс екіге келген соң көктемнің көрікті бір күндерінде елдің басын қосып, сонда өзі сөйлейді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынау: «Уа, халайық, мен бүгінде жетпістің екеуіндемін, қазір мен балталаса да өлмеймін. Ал келер жылы пайғамбардың өзі арнайы келіп қолқаласа да тірі қала алмаймын! Бұл менің асым. Амандық болса, бір жыл өткен соң дүние саламын!» — дейді. Жұрт не дерін білмей, тарап кетеді. Сонымен сол жазда Мәшһүр Жүсіп жарықтық кесенесін тұрғызады. Асты — кең көр, өзінің о дүниелік орны. Екінші қабатында, едені тақтайланған



өп-әдемі бөлмеде жалған дүниеге лайық жиһаз-мүлік. Кітапханасын да сонда көшіріп әкелген.

Бір жылың да өтеді. Кешегі асына шақырылған ағайындарға Мәшһүр Жүсіп қайтыс болды деген хабар да жетеді. Ел-жұрты жиналып, арулап көмеді. Көміп қана қоймайды, өзінің айтып кеткен ақыл-кенестері бойынша бальзамдайды.

Кейін бұл жер кішкене Меккеге айналады. Жұрт сонда келіп құран оқиды, мінәжат қылады, жаратқаннан перзент тілейді. Әсіресе ауру-сырқаулар, мүгедектер үлкен сеніммен барады. Ал Кеңес өкіметі ондай оғаш әрекетті ұната қоймайтын...

Шыдамы таусылған облыстық партия комитетінің бір хатшысы аудандық партия комитетінің бір басшысына телефон соғып, Мәшһүр Жүсіптің кесенесін құрту жөнінде нұсқау береді. Аудан басшысы бұл шаруаны милицияға тапсырады. Бірақ бұйрықты беру бар да орындату бар ғой. Ал орындау әрқашанда қиындау. Қарапайым халық әулие тұтқан аруағына қол көтеруші ме еді?! Көтермейді! Қазақ атаулы ат-тондарын ала қашады. Амалдары таусылған милиция жергілікті жұрттың тарихымен, әдеп-ғұрпымен мүлдем таныс емес бір келімсек тракторшыға ақшасы мен арағын қоса беріп өтініш жасайды. Басы ауырғанда Мәскеуді өртеп жіберуге дайын жүретін ағайын бірден көне кетеді. Ағаштан қиып тұрғызған шағын кесене трактордың тегеурінін қайдан көтерсін, қисайып барып құлайды. Жұрттың айтуы бойынша, содан кейін әлгі тәуекелшіл тракторшы жынданып ауырады. Оған тапсырыс берген милиция бастығының аузы қисайып кетеді.



Даңқ

Даңқ! Даңқ! Қай жағыннан келуге болады саған? Алдыңнан келсе — тістейсің, артыңнан келсе — тебесің. Қуғанға — жеткізбейсің, қашқанды — құтқармайсың. Сен деп өліп-өшкеннің жанына жуымайсың. Ал енді атақ-даңқта шаруасы жоқ, жазу үстелінен бас көтермей, ғұмыры үнемі ізденіс үстінде өтетін еңбекқор сорлылардың соңынан қалмайсың. Біреулерді адам басы айналар биікке шығарсаң, біреулерді сондай биіктен шыңырау түбіне сүйектей лақтырасың. Қай жағыннан келуге болады саған?!

Дүниеге шын ақын, ұлы ақын келген күні сонымен қабаттасып даңқ та туады. Көп кешікпей екеуінің арасында роман басталады. Қайткен күнде де сенен оңай құтылу жоқ. Саған құтылу оңай. Не ақын екеуің ырылдасып өтесіндер. Не тату-тәтті тіл табасындар. Мұндай жағдайда ақын да бақытты, сен де бақыттысың. Әсіресе өлең-жыр бақытты. Оның жанкүйер оқырманы бақытты.

Әйтсе де, оған қаншама сүйсініп қол соққанмен, жұрт көзіне көп түскен, тілге көп іліккен даңғаза даңқ, екiнiң бiрi бiлетiн мәшһүрлiк, Стефан Цвейг айтқандай: «талантты iштей тәлтiректетедi», кейде тiптi құртып тынады. Ол туралы әңгiме әлi алда.

Көп жағдайда ақын мен даңқ ерлі-зайыпты адамдар тәрізді. Ерте ме, кеш пе – ақын өледі. Даңқ қалады. Жесір қалады. Қалай болғанда да азаппен келген даңқ – мәңгілік. «Кешегі даңқ есепке алынбайды, бүгінгі даңқ – баянсыз, ертенгі даңқ – дұрыс даңқ», – деген екен Ренар. Соныкі жөн. Ертенгі даңқ деп отырғаны – жесір даңқ.

«Өлгеннен кейінгі даңқ қана аруақтың жанына жақын... Ал қазіргі, көзіңнің тірісіндегі даңқ, әсіресе қолдан жасалған даңқтың құны – көк тиын», – деген Гоголь. Бірақ мұны даңққұмар ағайындардың түсінгілері келмейді. «Жұрттың бәрі даңқ үшін қызмет етіп жүр», – деді маған бірде ақын інім. Мен одан мұндай сөз күткен жоқ едім. Таң қалдым. Таң қалдым және аяп кеттім.

Бұл мәселеде өз пікірін ортаға салған кезде Борис Пастернак жұрттың бәрінен де асып түскен. «Атақты болу – ұят» – деген ол. Келісесіз бе, келіспейсіз бе? – өзіңіз біліңіз. Бұл пікір – ойландыратын пікір.

Қысқасы, даңқ туралы неше түрлі қызық ойлар айтылған. Оларға біз жөн-жосығына қарап, әлсін-әлсін соғып отырамыз. Ендігі әңгіме даңқтың иелері туралы.

Мәскеуде олимпиадалық ойындардың қызып жатқан кезі. Ел қайткенде де білуге тиісті бір хабар бар. Бірақ баспасөз де, радио да ұрттарына су толтырып алғандай. Тек «Мәскеу ақшамы» ғана Владимир Высоцкийдің дүние салғаны туралы төрт-ақ жол хабар береді. Төрт-ақ жол! Бірақ соның өзі жетіп жатыр. Орталық алаң, оған іргелес жатқан көшелер мен орамдар халыққа толы.

Соны көрген Юрий Трифонов: «Высоцкийден кейін өлудің өзі қиын болатын болды-ау», – дейді.

Дәл сол сәтте бұл сөздің айтылуы өте орынды. Высоцкийде даңқтан басқа түк жоқ. Ал Высоцкийді тұншықтырып келген ресми адамдарда, қызғаншақ әріптестерде бәрі бар. Тек бүкіл ел білетін мәшһүрлік жоқ. Трифонов айтқандай өлімнің қадірі бір тәуліктің ішінде көтеріліп жүре берген. Тап сол тұста өкіметтің бүкіл орденін, тіпті алтын жұлдызын алған ресми есептегі басқа бір өнер адамы дүние салса, мына жиналған халықтың жүзден бірі болмас еді.

Владимир Высоцкий – актер, кино және театр актері, сазгер, өз әндерін өзі орындайтын әнші, ақын. Бірінен-бірін бөліп алу қиын. Бөле алмайсың. Әйтпесе кімге келді мына хабар?! Орындаушы-әнші Высоцкийге ме? Мүмкін ақын Высоцкийге шығар?

Актер Высоцкийге дейін десең, одан да мықты актерлерді білеміз. Мысалы, Инокентий Смактуновский. Оған неге мұнша халық жиналмайды?

Сазгер Высоцкий дейін десең, әлемде дүниежүзілік деңгейдегі орыс композиторлары жоқ па? Олардың өлімдеріне де мұнша халық жинала қоймайды ғой.

Әнші-орындаушы Высоцкийге келген шығар мүмкін. Мүмкін, әрине мүмкін. Бірақ Ресейде одан да асқан әншілер өліп еді ғой!

Қателесуім де мүмкін. Бірақ маған мынандай бір ой келеді: Бұл халықтың даңққа жиналуы емес. Бұл елдің Высоцкийге деген сүйіспеншілігі. Жартылай со кездегі қоғамға деген реніш. Сол тұрғыдан келгенде мұны іштей тіресу, демонстрация деп те атауға болады. Иә, иә, шошымаңыз, демонстрация!

Владимир Высоцкий – ресми мойындалмаған талант. Талант – халық қазынасы. Талантты қадірлемеу халықтың намысына тиеді. Ал Высоцкий –

қоғамның жынына тиген тентек дарын. Оны шенеу-
ніктердің ұнатпауы да заңды.

Замандастарының естеліктеріне қарағанда Вы-
соцкийдің пәтері орталықта болмаған тәрізді. Сал-
қам-серінің бір жаман көлігі бар екен (Сірә, «Моск-
вич» қой деймін). Ол жұмысқа сонысыменен барып-
келіп жүрсе керек. Міне, сол мәшһүр әншінің күн
сайын жүріп-тұратын машықты жолында ГАИ-дың
бекеті... Бекетте әлсін-әлсін кезекті күзетінде тұра-
тын бір инспектор болыпты. Высоцкий өнер адамы.
Ол жұртша киінбейді. Өзін жұртша ұстамайды. Сөзі
де, мінезі де бөлектеу. Содан ба әлгі инспекторға
оның бірдеңесі ұнамаған әйтеуір. Қысқасы, сол сұр-
қия Высоцкийдің машинасын міндетті түрде тоқта-
тып, міндетті түрде ескертпе жасап, міндетті түрде
айыппұл төлетеді екен. Сосын кешке шейін, ертең
күнүзаққа «Мен бүгін (кеше) Высоцкийдің өзін бі-
раз иледім», — деп мақтанады. Адам ба? Садист пе?

Міне, бұл оңай тиді дейсіз бе? Высоцкий кім?
Ол кім? Инспектор оны біледі. Білгенде қандай!
Сондықтан да ол Высоцкийді аямайды. Дүниеде
кеткен кегінің бәрін әншіден алғысы келеді. Біз —
адамдар, біз — пенделер, міне, осындаймыз.

Қызғанады. Қызғанса қызғанғандай... Бір бой-
жеткен қыз киностудияға келіп, жұмыс сұрайды.

— Неге басқа жерден іздемейсіз? Бізде істеуің
міндет пе?

— Мен үшін міндет. Мен үшін қажет.

— Неге?

— Высоцкийді күн сайын көріп тұруым керек.
Ал керек болса! Халық ішінде ондайлар да бар.
Ал әлгі ГАИ-дың бекетіндегі инспекторды кім-
нің көргісі келеді? Ешкімнің де! Керісінше, оны тіп-
ті көргісі келмейді. Әсіресе машинасы барлардың!

Жасыратыны жоқ, Высоцкийдің даңқына күдікпен қарайтын адамдар аз емес. Ол енді күрделі мәселе. Даңқты екені рас. Оны оның өлімі дәлелдеді. Дегенмен Ренардың жоғарыда мысалға келтірген үш даңқын еске қайта бір түсірген дұрыс-ау деймін. Соның қайсысы? Кешегі ме? Бүгінгі ме? Әзірше бүгінгі. Ертеңгісін болашақ көрсетеді. Ал басқа қырларын былай қойып, таза ақындығын алатын болсақ; Пушкинді, Тютчевті, Маяковскийді, Есенинді, Пастернакты, Цветаеваны, Ахматованы, Твардовскийді, Абайды, Мақтұмқұлиды, Шевченконы, Саят-Нованы, Расул Ғамзатовты жақсы білетін оқырманды ол, әрине, таң қалдыра алмайды... Бірақ даңқты.

Бір кездерде Демьян Бедныйдың даңқы бұдан жоғары болмаса, төмен болмаған. Ол Ленинмен бірге Кремльде тұрған. Кремльден пәтер алған одан басқа бір орыс ақынын тарих білмейді. Өйткені белгілі бір аралықта одан бақытты адам болмаған. «Демьян біздің жерлесіміз!», «Жоқ, біздің жерлесіміз!» — деп таласқан оқырмандар болған. Тап осы күнге шейін ел таласатын дүниеде бір ғана ақын болған. Ол — Гомер. Өйткені оның қайда, қай қалада туғаны әлі күнге белгісіз. Ал Демьян Бедныйға таласу бүгінгі оқырманның миына сыймайды. Есенин ол туралы өзінің бір өлеңінде «Какого-то Демьяна Бедного» деп әжуа қылады. Иә, Ренар дегенмен дұрыс айтады: «Кешегі даңқ есепке алынбайды, бүгінгі даңқ — баянсыз, ертеңгі даңқ — дұрыс даңқ». Демьян Бедный — кешегі даңқ. Никита Хрущевтің кезінде оның абырой-атағын қалпына келтіру әрекеттері болды. Сұмдық әдемі қылып бес томдық шығармалар жинағын шығарды. Әйтсе де халықтың көзқарасын өзгерте алмады.

Бірақ кейде бүгінгі даңқтың ертеңгі даңққа зор-

лықсыз-ақ жалғаса кететін кездері болды. Бұл енді абырой. Оған әлі көзіміз жетеді.

«Шын даңққа лайық адамдар сол даңқтың болмағанын қалайды», – дейді испан ақыны Фернандо Песоа. Даңқты болып көрмеген адамның миына сыймайтын пікір. Сыймаса да, ақылға салып ойлағаны дұрыс. Мықтылардың аузынан кездейсоқ сөз шықпайды. Ал мен өзім осы көзқарасты жөн көремін. Өйткені даңқтан саналы түрде қашқақтап, жанын қоярға жер таппаған дарындар аз емес.

Солардың бірі – Стефан Цвейг. Онымен сөйлескісі келгендер онымен таныс болғысы келгендер, ең болмағанда бір мәрте көргісі келгендердің өзі қаншама? Сол тілектердің бәрін бірдей орындай берсе, Цвейгтің шығармашылықпен шұғылданарлық мүмкіндігі қалмайды ғой. Сондықтан ол, өзінің қыр соңынан қалмай қуып жүрген жанкүйер оқырмандарынан бой тасалап, бір қаладан бір қалаға уақытша ауысып отырған. Біреу-міреу танып қояды деп, күндіз көшеге шыға алмай, түн жамылып қыдырады екен байғұс. Басқа қалаға барып, басқа фамилиямен тіркеліп, қонақүйдегі бөлменің терезесін күндіз тас қылып жауып, үстел үстіндегі шамын жағып жазуына кірісетін болған. Ол өзі жұмысты түнде істеп үйренген жазушы. Күндізгі қараңғылық – оның өзін-өзі алдауы.

Адамның бүкіл өмірі өзін-өзі жұбату, өзін-өзі алдау ғой. Сондықтан Стефан Цвейгтің әлгі қылығына таң қалуға болмайды. Оның да өз логикасы бар. Біріншіден, ол күндіз жаза алмайтын болған. Екіншіден, күндіз қыдырып, қала аралаудан тағы қорыққан. Шынында да біреу-міреу танып қойса, қашқанынан не пайда? Қолға түседі! Түссе болғаны – ел оны махаббатымен-ақ буындырып өлтіреді.


Михаил Зощенконың халі бұдан да жаман болған. Мен — Михаил Зощенкомын деп, қонақүйлерге орналасып, жанбаспұлын да, сөйлескен телефон ақысын да төлемей, кейбір алаяқтар зытып отырады екен. Елдің өзінен сатып алып, елдің өзіне қайта сататын делдалдық дүкендерде де! «Мен — Зощенкомын, ақшасын әкеліп беремін», — деп ұстатпай кеткен жылпостар көп болған. Соның кесірінен Михаил Зощенконы бір емес, бірнеше мәрте сотқа да шақырған.

Жалпы әйгілі сықақшы жұмыс істемек түгіл, көпшілікке, елге көріне де алмайтын жағдайға жеткен. Бірде ол Қырымға Бондаренко деген фамилиямен барып демалып қайтқан.

Бұл мәшһүрліктің, даңқтың сыртқы зияны. Басқалар тарапынан болатын қиындығы. Бұдан қашып құтылуға болады. Ал оның өзіне ғана байланысты қаупін қайда қоясың? Оның таза дертке, манияға айналатын да кездері бар.

«Даңқ түсіне бір кірсе болды, ол сені ауруға, емі жоқ ауруға айналдыратын дауасыз дерт», — депті Поль Валери. Мұны да жоққа шығара алмайсың.

Даңқтың құрбандығы аз емес. Соның бірі — Шеридан. Даңқ оның кеудесіне ібіліс ұялатқан. Оның жанын жын жайлаған. Ол мақтау-мадақтың есірменіне айналған. Жұрттың дүрілдетіп соққан шапалақ-қолы, бірінен-бірі асқан қолпаштау ақын-драматургты тірі жүре алмайтындай жағдайға жеткізген. «Тойымсыздық, қанағатсыздық, атакқұмарлық — құмарлық атаулының жексұрын түрі», — дейді. Кате! Олар әшейін ұсақ құмарлықтар. Ең күшті, ең қуатты, бөрінен асқан аждаһа құмарлық — даңғой даңқ құмарлық! Ең үлкен, ең керемет ерліктер мен адам ақылына сыймайтын сұмдық қаскүнем



қанішерліктің түбінде міне, осы даңққұмарлық жатады, – деп жазыпты Холландуға сол Шериданның өзі. – Міне, осы сұмдық дерттен құтқарар құдірет болса, қалғандары маған түк емес. Даңққұмарлықпен салыстырғанда олар әшейін шыбын-шіркей! »

Қанша айтқанмен мықтының аты мықты ғой! Өзін-өзі осылай сыбау кімнің қолынан келеді?!

«Семіру шошқаның өзіне қандай сор болса, артық даңқ адамның соры», – дейді қытайлар.

Роберт Фрост – АҚШ ақыны. Елуге тарта құрмет белгілері, басқа да толып жатқан аса қымбатты атак, шен-шекпендері болған. Сөйте тұра, өле-өлгенше Нобель сыйлығынан үміттенген. Қашан қуанышты хабар келіп қалар екен деп, жыл аяғында дастарқанын жайып, міз қақпай күтіп отырады екен. Ауру емей немене? Ауру, әрине!

Нобель бәйгесіне Бунинмен бірге түскен Куприн де сондай адам болған. «Мен сені керемет жақсы көрем, Саша, – деп жазады Александр Куприн өзінің аттас замандасы Гринге. – Алтындай асыл талантың үшін, атак-даңққа құмартпағандығың үшін жақсы көрем. Ал мен онсыз өмір сүре алмаймын», – дейді. Несі бар? Ондай ақындар да кездеседі. Мен сондайлардың бір-екеуін білем. Біреуі жасы үлкен аға. Қайтыс болды. Өле-өлгенше «Халық қаһарманы» деген атақты күтіп өтті... Екіншісі жасы кіші інішек. Дарынды, әрине! Жақсы да жазады. Бірақ жазып отырып, дәлірек айтсақ, жазбай жатып даңқты ойлайды.

Дегенмен осы Шеридан мен Куприн сөздерінің жаны бар. Даңқ – өте қауіпті рухани есірткі. Ақын-жазушылардың бәрі болмағанмен, біразы әдеби есірмен. Бірақ олар әдегте онысын сездірмейді. Келген даңқты құмайды. Рақаты мен азабын

қатар тартып жүре береді. Біз оларға молырақ тоқталамыз. Ал әзірше, даңқтың тегеурініне барынша төтеп беріп, шығармашылықтың рақатын даңқтың рақатынан биік қоя білген дарындар жайында бірер ауыз әңгіме айтқан жөн ғой дейміз. Шын мәнінде бұлардікі ақылдылық қана емес, ерлік те!


Проспер Мерименің бір басына жететін даңқы болған. Соның өзін ауырсынып жүргенде император (Наполеон III) оны патшайымның канцеляриясын басқаруға шақырады. Мансаптың кермек дәмін жақсы білетін әккілер үшін енді таптырмайтын орын. Сөйте тұра Мериме келісім бермейді. Мүмкін архив шаруашылығын басқарасыз? Жоқ, оған да көнбейді.

Амалы құрыған патшайым содан кейін оны сенатор жасағысы келеді. Одан да бас тартарын сезген патшайым өзінің туған анасын салады. Ол Меримеге турасын айтады: «Не келісіміңізді бересіз, не біздің дұшпандарымызбен боласыз!»

Амалы таусылған Мериме қинала-қинала келісім береді. Бірақ сенаторлыққа ешқандай ықыласы болмайды. Отырған он жеті жылында не бары үш мәрте ғана сөйлейді. Үш-ақ рет!

Бірде оған Халық ағарту министрлігін ұсынады. Мериме, әрине, одан да бас тартады.

Беранженің де азаматтығы осылай. Ол тамыз монархиясын іштей қабылдаған. Ал оның либерал достары түгелге жуық билікке кеткен. Солардың бірі ақынды өз орталарына тартқысы келіп, істемейтінді істейді. Қалаған портфелінді ал дегенге шейін барады. Ал Беранжеге түк те керегі жоқ. Беранже бәріне керек! Оған тек еркіндік, ешкімге күні түспейтін азаматтық шығармашылық, бостандық қана қажет!



Ақыр аяғында мәселе депутаттыққа келіп тіреледі. Оның қарсы болғанына қарамай, ұсынылып кетеді. Сайлаудың, яки дауыстың қорытындысын күтпей-ақ, Беранже халыққа қаратып ашық хат жариялайды. Шешен емеспін, мемлекет қайраткері емеспін, маған осының бәрі неге керек, — деп жалбарынады. Жұрт оның өтінішін оқиды. Бірақ ақын қиылып сұраған сайын елдің оны босатқысы келмейді. Сайлаудың қорытындысында жүздеген кандидаттардың ішінде Беранже сегізінші орын алады. Бұл ашық хат жазып, өз еркімен бас тартқанның өзінде... Ал бас тартпаса, жанын салып үгіт-насихат жұмысымен шұғылданса, қанша дауыс алар еді?! Одан кейін ол ұлттық жиналыстың төрағасына өтініш жасайды. Ол және оның әріптестері ақынның тілегін тағы да қабылдамайды.

Осыған ұқсас бір жайды Максим Горький де басынан кешкен. Л.Н. Сейфуллинаның естелігінде мынандай бір әңгіме бар: «Несі бар, жақсы! — дейді Максим Горький. — Бәрі де жақсы! Аман-саумын. Тамағым тоқ, танауым толған насыбай. Кез келген жерге құрметті мүше ғып сайлайды. Кеше мен ақылы ауысқандардың арасында болдым. Көп кешікпей мені жындылар қоғамының құрметті мүшесі қылып сайлайтын шығар!» Қандай сарказм?! Өзін де аямаған, қоғамын да әжуа қылып отыр.

Қоғам да қызық, халқы да қалыспайды. «Соқыр көргенінен жазбайды» демекші, бір адам елдің назарына мықтап бір іліксе болды, әбден мезі қылады. Пришвин күнделігіне былай деп жазыпты: «Сонымен маған бір шың, бір көл, бір бұғаз сыйлады. Өкінішке қарай, ол шыңның басына шыға алмаймын, бұғазға жете алмаймын, өз көлімнің қызығын өзім көре алмаймын». 21 ақпан, 1951 жыл.

Даңққа табынбайтын халық бұлай істемейді. Олар табынбайды, сыйлайды, түсінеді. Ал табына-тындар ше?.. Бірде Равен шіркеуінің құрбантасын-да тұрған шырақтарды халық сол жерден алып, Дан-тенің зиратына әкеліп қоятын болған: «Керілген Иса емес, сен лайықсың бұл құрметке!» деп есепте-ген. Үлкен құрмет, әрине! Бірақ діннің тұрғысынан келгенде мұның өзі барып тұрған күпіршілік. Қор қылу да, құдай қылу да халықтың қолында. Дәлірек айтсақ, пайғамбар жасау халықтың қолында, бекер-ге мәз болып, өзінді-өзің алдау, алдану өз қолында!

Байлық пен дәулетке, билік пен мансапқа, атақ-абыройға – бәріне де философия көзімен қараған көне заман ақындары ештеңеге алаңдамаған, еште-неге елікпеген, ештеңеге қызықпаған. Ежелгі Қытайдың ұлы ақыны Аспан асты аталатын байтақ елде өзінің сондай мәшһүр, сондай әйгілі екенін өте жақсы білген және соны ғаламат ұстамдылықпен қабылдаған. Юань Чженьге (әріптесі) жолдаған бір хатында былай дейді: Чаньчаннан Цзянсиге дейінгі үш мың шақырым қашықтыққа созылған алапат аймақтың бүкіл мектебінде, будда пұтханаларында, қонақүйлерде, тіпті үлкенді-кішілі қайықтарда – барлық жерде ілулі өз өлендерімді көрдім. Қарапай-ым халықтың, тақуа-сопылардың, зиялы қауымның, бойжеткендер мен жесірлердің қалай өнге қосып айтқандарын естідім».

Су Дун-по 1085 жылға дейін императорға ұнаңқырамай, алыс-алыс аймақтарда қызмет ете-ді. Оның өзін тізгіндеп ұстағанмен, күннен-күнге жайылып бара жатқан ақын даңқын ешкім шек-тей алмайды. Ел оның өлендерін ауыздан таста-майды. Зердеден зердеге, құлақтан құлаққа жал-ғасады. Керемет-керемет жібек маталарға ғаламат

сұлу каллиграфиямен көшіріліп, алтыннан да қымбат дәрежеге көтеріледі.

Кюнөнің хянгалары (ән-өлең) буддалық салтанаттарда қытай мәтіндерінің орнына орындалатын болған. Бүкіл халық әнге қосып айтып жүрген. Бақсылар мен тәуіптер сол Кюнөнің жырымен ауруларды ұшықтап, емдеп, жын-сайтандарды үркітіп қуу үшін әр үйдің қабырғасына іліп қоятын болған.

Бір ғажабы: даңқтың ұлттық, діни шекарасы болмайды. Шығыстың ең жарық жұлдыздарының бірі – Джалаладдин Руми дүние салғанда түріктер, хазарлар, гректер, армяндар, мұсылмандар, православия сенімдегілер – бәрі-бәрі келіп, өз дәстүрлері бойынша қоштасқан. Хафиздер құранын, раввиндер інжілін, православия әулиелері псалымдарын оқыған. Біреу рабабта, біреу сылдырмақта, біреу дутарда ойнаған. Ән салған, билеген. Махаббат туралы өлеңдер оқылған.

Бұдан артық не даңқ керек?! Тіріге болса болар, өлгенге даңқтың зияны жоқ.

Қазірде, әрине, заман өзгерді. Генри Уодсворд Лонгфеллоның өлгеніне бір ғасырдан артық уақыт өтті. Кезінде өз әріптестерінің ішінде одан асқан даңқты ақын болмаған. Көзінің тірісінде-ақ американың ұлттық ақыны есептелген. Ол көрген құрмет, оның алған аса қымбат дипломдарын ілуге қабырғалар жетпеген. Кембридж және Оксфорд университеттері оған құрметті доктор атағын берген. Ресей және Испан академияларының толық мүшесі болып саналған. Тағысын тағы, тағысын тағы.

Шекспирдің даңқы рас, кешігіп келген. Бірақ құбылмалы емес, тұрақты. Дүние жүзінде ешқандай кітап, ешқандай том «Інжілден» қымбат болмаған, болып көрмеген. Ал Шекспирдің томдары ол шекарадан да аттап өткен.

Карл бірінші түрмеде басы шабылардың алдында, бәрін ұмытып, тек қана Шекспирдің туындыларын оқып жатқан.

Сый-құрмет ерте жеткен ұлы ақындардың бірі – Виктор Гюго. Ол жиырмаға толар-толмаста жетпістегілер аттай алмай жүрген даңқ табалдырығынан сүрінбей өткен. Жай оқырмандар ғана емес, корольдің өзі оны үзбей оқып отырған. Әріптестері бас иіп сәлем беретін болған. Король оның өлең кернеген кеменгер кеудесіне Құрметті легион орденін өз қолымен қадаған. Өзінің таққа отыру салтанатына арнайы шақырған. Оның омырауындағы ең қымбат орденді көріп, әкесінің көңілі көкке көтерілген. Осының бәрі аз болғандай король Гюгоның отбасына сыртын алтынмен аптаған, көздің жауын аларлық фарфордан жасалған аса қымбат сервиз сыйлаған.

Байронның өлгеніне біраз уақыт өткен. Гетемен Вальтер Скотт әбден қартайған. Шатобриан мен Ламартиннің үндері өшкен. Ал Гюгоның ол кезде «Эрнадия», «Күзгі жапырақтар» және «Париж әулие анасының шіркеуі» атты әйгілі дүниелері жарық көріп, бүкіл Еуропада оның алдына шығарлық ешкім болмаған... 1845 жылы Виктор Гюго ақсүйектердің ең жоғарғы дәрежесі пэр атағын алады.

Өзінің дарынды ұлдарын құрметтеу жағынан Еуропа өзара бәсекеге түскендей... Ганс Христиан Андерсон жетпіске толған жылы өз отандастары арнайы комитет құрып, ұлы ертегішіге ескерткіш қоюға шешім қабылдайды. Бұл, менінше, бір де бір тірі адамға ескерткіш орнатылмаған кез.

Ал өлген кезде Андерсон зиратының басында жақын-жуық, туған-туысқан көзге түспеген. Өйткені оның соқа басынан басқа ешкімі болмаған. Оның есесіне, шіркеуде жаназасы шығарылған сәт-

те жазушы табытының жанында корольдің өзі және оның мұрагері, министрлер, шетелдік елшіліктер отырған.

1906 жылы 23 мамырда Генрих Ибсен дүние салды. Оны шығарып салу рәсімінде қаралы топтың алдында корольдің өзі, стортинг депутаттары, өкімет мүшелері, дипломатиялық корпус, елдің бетке ұстар азаматтары – бәрі жүріп отырған.

Габриэль Мистраль өлгенде өздерінің сүйікті ақынын Чилиде де тап осылай шығарып салған.

Шолом-Алейкум қайтыс болғанда оны шығарып салуға 150000 адам келген. Мұнша адамды Нью-Йорк ешқашанда көрмеген. Шолом – еврей жазушысы. Ал Америка – Израиль емес. Соның өзінде осынша адам жиналу – ақылға сыймайды.

Луи Арагонды алаңға жерлеген. Қандай алаң екенінде тұрған ештеңе жоқ. Кейін оны бәрібір Арагон алаңы атайды.

Осындай дәстүр Тәжікстанда да қалыптасып келеді екен. Олардың ақынға деген ілтифаты ерекше. Қазірдің өзінде сол Душанбеде Айни бағы бар, Мырза Тұрсынзаде бағы бар...

Ең үлкен махаббат – халық махаббаты. Демек даңқтың үлкені де сол. Халықтың ықыласына ешкім тыйым сала алмайды. Хосе Рисаль – Филиппин ақыны. Ел оны филиппиндердің әкесі, бірінші филиппин (тагал) деп есептейді. Отаршылдар оны біраз жыл түрмеде ұстап, содан кейін өлім жазасына кеседі. Филиппиндер ұлы ақыннан айырылады. Ал Хосе Рисальді өлім жазасына кескен испан отаршылдары Филиппиннен мәңгі айырылады. Ұлы ақынның қанша тұратынын осыдан-ақ білуге болады.

Филиппин бостандық алғаннан кейін ақынның шын жанкүйер оқырмандары Филиппин деген сөз-


ден мүлдем бас тартып, өз елдерін Рисальдің есімімен аталық деп ұсыныс жасаған. Рисаль таза тагал тілінде қыршын деген сөз. Бірақ бұл идея ол жолы іске аспай қалған. Іске аспағанның өзінде қандай құрмет! Бір елді түгелдей сүйікті ақындарының атымен атамақ болған халық тегін халық емес. Сол ниеттері үшін-ақ ондай халықтан айналып кетуге болады.

«Кұдай берсе, құлай береді», – дейді қазақтар. Даңқ үстемелегенді ұнатады. Бір басталса, біразға шейін жарылқайды. Қашан өзін бүлдіріп алғанша махаббат нұрына малынасын.

Рабиндранат Тагор елу екі жасында Нобель сыйлығын алды. Сол сол екен Британия өкіметі оған баронет деген атақ берді. Соның ізін суытпай гректер өкіметі оны «Құтқарушы» орденімен марапаттады. 1950 жылы, яки ақын о дүниелік болып кеткеннен кейін тоғыз жылдан соң «Джанаганамана» атты өлеңі Үндістанның мемлекеттік гимніне айналды.

Әңгімемізді кезінде аяқтау үшін сол әңгіменің бас жағына қайта бір оралалық. Онда біз Владимир Высоцкийді соңғы сапарға шығарып салу сәттерін еске түсіргенбіз. Ол күн – ақынның өлген, жерленген күні емес, даңқ биігіне көтерілген күні. Содан бері оның аруағы сол деңгейден төмен түскен жоқ. Жақын арада түсе де қоймас.

Қазіргі Рим папасы орыс тілін жақсы білсе керек, Высоцкийдің өзі туралы әнін естігенде мәз болған... Ал Гарри Каспаров Анатолий Карповпен майдандасқан сайын Высоцкийдің «Алтын», яки сол ән жазылған әнтаспасын ойнатып қояды екен... Карпов та солай, шахматшылар бас қосқан үлкен жарыстарда Владимир Высоцкийдің видеокассеталарын ала жүретін көрінеді. Әйгілі чемпиондар сөйткенде басқалар не істемек?! Қарапайым жан-



күйерлер оған тыныш өмір сүруге мүмкіндік бермеген. Кейде тіпті қашып, бас сауғалар жер таппаған. Одессаға концерттік программамен барған әнші өз бөлмесінде түней алмай, басқа артистердің нөмірін пайдаланған. Осының бәрінен ол өліп құтылды. Бірақ қадір-құрмет әзірге тоқтайтын, тоқталатын түрі жоқ. Бір мың тоғыз жүз сексен бесінші жылы Қырым обсерваториясының астрономдары Марс пен Юпитердің аралығынан табылған жаңа планетаны «Высоцкий» деп атады. Оның планеталар каталогындағы саны — 2374.

Бұл тақырып басы бар, аяғы жоқ ұзақ ертегі сияқты. Соза беруге болады... Басқа ақын, басқа даңқ туралы тарылмай толғаса да болар еді. Бірақ одан әңгіменің мәні өзгермейді. Таздың басына, пұшықтың мұрнына қона салатын соқыр бақыт сықылды емес, даңқ — ешкімнің ырқына көне салмайтын бірбет құбылыс. Лайық емес адамға ол жоламайды. Онның бірін, жүздің бірін тандайтын талғампаз пәле. Ол ойда жоқта бір күні келе салмайды. Ат басын тіреп, мама ағашқа тұлпарын байлағанша ол өзінің кім екенін білдірмей шын мықтының жанында ұзақ жүреді. Жазу үстелінде қатар отырады. Сапарларда бірге болады, шатақтардың ішінде бірге жүреді, мейрамханаларда, абақтыларда азапты бірге шегеді.

Ол — нағыз таланттың жолсерігі, жұбанышы, көз жасын сүртетін беторамалы, жан жарасын жуатын таң нұры. Бірақ бұл да ақынның бірінші бақыты емес. Оның бірінші бақыты — шығармашылық процесс... Ал қалған тірлігі — қараңғы туннель. Біз енді сол қараңғы туннельге бет бұрамыз.



Аш-Жаланаш ағайын

Әр ақынның — егер ол нағыз ақын болса — тоқсан тоғыз қасіреті болады. Соның бірі — кедейлік, жоқтық. Мүмкін ол ғұмыр бойы жарлы болып өтпес, бірақ аз уақыт болса да аштықтың азабын бір шегеді.

Александр Блоктың үздік-создық жазып отырған күнделіктерін оқысаң мынандай жағдайларға кездесесің:

«Мен қазірдің өзінде қартпын, бүгін маған нан тауып жеудің өзі күшке түседі... аштан өлетін түрім бар». 17 сәуір, 1918 ж.

«Нағыз аштық деген осы». 21 сәуір, 1918 ж.

«Үйде өзек жалғар ештеңе жоқ». 12 қазан, 1918 ж.

«Анам келді, ол да аш». 20 желтоқсан, 1918 ж.

«Бұдан бұрынғы көрген аштығым аштық па төңірім!» 20 қазан.

«Звезда» және «Ленинград» журналдары жөніндегі Орталық Партия Комитетінің қаһарлы қаулысынан кейін Анна Ахматованың онсыз да азапты тірлігі одан бетер қиындап, тура тозаққа айналған. Ол кезде бүкіл Кеңес елінің азаматтары азық-түлік карточкасымен ғана жан сақтап отырған-ды. Әлгі әйгілі қаулыдан кейін Анна Ахматованы Жазушылар одағынан аластап, азық-түлік карточкасынан айырған.

Тіршіліктің жалғыз көзінен айырылған адам не істейді? Не істеуші еді? Өледі! Бірақ қанша ренжісек те, қанша кінәласақ та, қанша сөксек те адамның аты адам, әрине! Анна Ахматованы ажалдан аман алып қалған сол өзі сияқты аш-жалаңаш әріптестері. Көз көрген көне достар бірігіп, ақылдасып, азапкеш ақынға өз карточкаларын кезек-кезек беріп тұрған. Қазақша айтқанда ауыздағыларын жырып берген. Мария Белкина өзінің «Тағдырлар тоғысқанда» атты кітабында осы күндерге байланысты былай деп жазады:

«Анна Андреевнаның аш отырғанын ескеріп, алып келген түйіншегіме назар аударсын деп, «Мынау Сізге арнаған дәм еді» дегендей бірденелерді айтып міңгірлеп едім.

— Рақмет Сізге! — деді ол. — Үстел үстіне қоя салыңыз! — Ақын да қайыршы секілді, елдің қайыр-садақасымен күн көреді... Бір ғана айырмашылығы — көшеде қол жайып тұрмайды!»

Мұны айтып отырған қатардағы көп ақынның бірі емес, Анна Ахматова! Сөздің реті келгенде айта кетелік: ол — Кеңес дәуіріндегі санаулы да саналы сөз зергерінің бірі. Тарих түкпіріне үнілер болсақ, тіпті қара емес, төре. Алтын Орданың бір кездегі ханзадасы, Ахметтің ұрпағы. Соның тұқымы. Күндердің күнінде олардың қайыршылық халге жететінін кім ойлаған!

«Ақын да қайыршы секілді, елдің қайыр-садақасымен күн көреді. Бір ғана айырмашылығы — көшеде қол жайып тұрмайды». Тұрғанда қандай. Басқа түссе — баспақшы! Бір кездегі Кеңестік баспасөздің белгілі белсендісі болған Гронский кейініректе жазған өзінің естелігінде былай деп көрсетеді:

«1932 жылы маған мынандай хабар жетті. Шетелдіктер жиі-жиі бас сұғып тұратын шіркеудің алдына барып Н. А. Клюев: «Құдай үшін орыс ақыны Николай Клюевқа қайыр-садақа бере кетсеңіздер!» — деп алақан жайып тұратын көрінеді».

Шіркеу алдында тұрып алақан жайған Николай Клюев қана емес, француздың әйгілі ақыны Жермен Нуво да тап осылай тамақ асыраған.

« — Қазір не жазып жүрсің? — деп сұрадым.

— Ештеңе де жазып жүргем жоқ. Қайыр сұрап жүрмін!

— Ол не дегеніңіз?!

— Кәдімгі қайыршылық сияқты. Литейный көшесінде отырамын. Күніне екі жарым теңгеден (ол кезде ол әжептәуір көп ақша — авт.) табамын. Тек табанымнан сыз өтеді. «Жазушы» деген плакатым да бар. Егер күн ұзаққа сарылып отырсам, бес теңгеге шейін табуға болады. Бұл әдебиеттен гөрі жақсырақ. «Целина» журналына «Некрасов туралы», «Есенин туралы» және бірдеңе туралы үш мақала жазып бердім. Олар маған көк тиын да төлеген жоқ. Ал мына кәсібім жаман емес — әрі тоқпын, әрі масаңмын».

Бұл қырық сегіз жасында қаңғып өлген орыс ақыны Александр Тиняков (лақап аты «Одинокий») туралы әңгіме. Мұны мен Корней Чуковскийдің күнделігінен алып отырмын.

Ақынды ақындармен салыстырмай-ақ қоялық. Өз бетімен кетсін. Ал «Целинаның» орнына қазақтың кез келген журналын қоя салуға болады. Олар да қазір көк тиын төлемейді. Төлемейін демейді. Төлей алмайды. Бір кездегі өкіметтің арқасында күн көрген журналдар бүгінде қайыршылардың арқасында жарық көріп жатыр! Онсыз да түсінікті нәрсені қазбалап қайтеміз?!

Кейде тіпті ақын неғұрлым дарынды, неғұрлым арлы болған сайын соғұрлым сормандай бола ма деп те ойлайсың!

Эрнст Теодор Амадейдің қай жағынан келсең де кедей боларлық жөні жоқ. Ақын десең — ақын. Сазгер десең — сазгер. Суретші десең — суретші. Ол аз десең, заманының асқан заңгері.

Бірақ өмірі өмір емес. Тірлігі тірлік емес. Тұрған азап.

«Бір мәрте тамақ ішу үшін көне сүртігімді саттым», — деп жазады күнделігінде.

Бір кездегі Голландияның Шекспирі атанған Иост ван ден Вондел тоқсан жасында тура мағынасында аштан өлген. Оның табытын зират басына өзі секілді әрі жарлы, әрі аш он төрт жалаң аяқ ақын-жазушылар шығарып салған.

Ду Фу — көне Қытай әдебиетінің мақтанышы. Өмірден ерте баз кешкендердің бірі. Сабаннан бұған күркеде тұрған. Кезекті бір халық көтерілісі кезінде одан да айырылып, қалған өмірін қайықтың үстінде өткізген. Кішкене ұлы (кейбір құжаттарда қызы деп жазылады) аштан өледі. Өлер алдында ол Лэйян қаласында пұтханаға барып, он күн бойы нәр тартпай, мінәжат қылады. Оның бірнеше күннен бері жаратқанға жалбарынып жатқанын естіп, қала әкімі сәлем беруге келеді. Соның әкелген етін және шарабын ішіп-жеп, жеген тамағы буынына түсіп, сол жерде қайтыс болады. Бұл бір әңгіме. Ал «Таң әулетінің көне тарихында» солай делінеді, басқалардың айтуынша көтеріліс басылғаннан кейін бұрынғы тұрған үйреншікті мекені Таньжоуға жетіп, сол жерде дүние салған.

Бикен — кезінде аламан айтыстарға жиі араласып, талай әріптесінің жанын шығара жаздаған азу-

лы ақындардың бірі болғанға ұқсайды. Бірақ тасбауыр тағдыр сенің дүлей дарыныңа қарай ма, тұрмысқа шығып, тіршілік тірлік теперішін көрудейін көріп үлгерген сол Бикен қазақ даласына жиі-жиі соғып тұратын жалмауыз жұттардың бірінен кейін қоңсылас отырған Естемір байдан сауын сұрай келіпті. Естемірді жағалап, соның іші-бауырына кіріп жүретін жарамсақ жас ақын Шағырай Бикенді көрген жерден тиісе амандасып, қам көңіл келіншектің осал жерін осып-осып жібереді. Жүдеу екенін баса айттып, «Ескі арбадай қиюың қашып қалған екен» дейді. Сонда ақын әйел Шағырайдың қолындағы домбыраны жұлып алып, былайша сөйлеп береді:

Бұл өнер бізден қалған о басында,
Менімен неге ойнайсың құрдасындай?!
Бейбастақ, қай соқтығу, қай тасуың,
Өлеңнің от тастардай ордасына?!
Аштықтан екі ботам бірдей өлді,
Билесің, тыйылған жоқ көз жасым да!

Қазақ ақындарының қай кезде де дәулетті тірлік кеше қоймағанына бұдан артық қандай мысал келтіруге болады?!

«Адам көркі — шүберек», — дейді қазақ. Шынында да ағайын алдымен киіміне қарайды. Бұл өзі ғасырлар бойы қалыптасқан ғадет. Адамдардың әу дегенде киім-кешегіне мән беретінін ұрылар да түсініп алған. Автобуста, троллейбуста жүріп келе жатып, қасында тұрып, қан қақсатып кететін баукеспені ұры екен деп ешкім күдіктенбейді. Нағыз қайыршы ұрлық жасамайды. Ол алақан жайып сұрап алады. Сондықтан да оларды кейде тіленші деп те атайды.

Ағайындардың алдымен сыртыңды бір сүзіп өтетінін ақындар да жақсы біледі. Білгенімен не істейді?! Жок! Ал жокқа жүйрік жетпейді. Адам әдейі жарлы болмайды.

Түбі бірге тамырлас түрікмен бауырлардың бірінен-бірі өткен үш классик ақыны бар. Соның бірі Кемине. Егер классик деген сөзді керемет деген сөздің орнына пайдаланар болсақ, Кемине классик ақын ғана емес, керемет кедей де болған. Жарықтықта бірде-бір бүтін киім жоқ екен. Сол көне киімнің ішінде алдымен көзге түсері — шекпен болса керек. Ол тек құрақ көрпе тәрізді түгелдей жамаудан тұрады екен. Әйгілі ақынның әйгілі шекпенін бір кезде мен былай деп жазған едім. Өлеңмен айтылған ойды қара сөзге айналдырып қайтеміз? «Кеминенің шапаны» атты сол дүниенің өзін оқып көрелік:

Алау сөзден көтергенде біз жалау,
Ақымақтарға қалады тек тұз жалау.
Жоқшылықтың шоғы түскен шашырап,
Жүрегіндей
Шапаның да жүз жамау.
Сенің сөзің сөз ішінде десте гүл.
Саки халық өлеңінді өсті еміп.
Шапаныңның бойындағы әр жамау —
Шапағатсыз шақтардан бір естелік.
Жаратылыс сөнбейтұғын нұр құйған
Жанарыңда сүттей ұйып тұрды иман.
Шапаныңның бойындағы әр жамау —
Жырға толы,
Сырға толы бір диуан.

Арылмаған қыста қайғы, күзде мұң
Ақ көңілге сая болған түзде кім?!

Шапанына түскен сенің жүз жамау —
Өзің жайлы ұзын дастан жүз бөлім.

Жетпей жатса арманына жұрт онда,
Жарқырады жыр жұлдызы нұр таңда.
Шапанынның бойындағы әр жамау —
Заманынның бетіндегі бір таңба!
Енді көктен еміреніп арай күн,
Жыр-тұлпардың жібек жалын тараймын.
Өзің жайлы ойланам да
Өзімнің
Судай жаңа шапаныма қараймын!

Айтқан сөз — атылған оқ. Кейін оны қайырып ала алмайсың. Бүгінгі заманның шапаны — костюм-шалбар ғой. Ең соңғы костюмді алпысқа толған тойымда сол кездегі «Қайнар» баспасының директоры Хайдолла Тілемісов марқұм кигізіп еді, бүгінде жеңі мен балағы қырқылып, омырауы бозарып кетті. Барған жерлерде ат мінгізіп, шапан жабады. Қалай дегенмен шапанның аты шапан ғой. Жамбыл Жабаеттың баласына жарасқанмен, маған жараспайды.

Иә, сонымен «адам көркі — шүберек». Халықтық қағиданы мойындауға тура келеді. Рас, пижондар біздің арамызда да кездеседі. Бірақ олар өте сирек. Ол, әшейін, күні кешегі серілерден қалған көмескі көрініс. Ақын — артист емес. Жұрт алдына шығып ән салатын. Бірақ артистерден басқа адам әдемі киінбесін деген сөз жоқ. Сөз бола қалғанның өзінде киінер еді. Кейде оған мүмкіндік бола бермейді.

Сән-салтанат, әдемі киімнің отаны — Франция. Бір кезде сол Францияны өлеңімен де, әнімен де аяғынан тік тұрғызған Руже де Лиль — «Марселье-



заның» авторы. Өмірінің аяқ кезінде оның да көрмеген қорлығы жоқ. Ал қорлықтың ең жаманы — жоқтық. Оның сол кедейлігіне куә болған заманының ең ұлы ақындарының бірі — Пьер Жан Беранже әріптестерінен ақша жинап, аш-жалаңаш қалған Руже де Лильге қол ұшын береді. «Иығыңызға жамылған жаңа пальтоңызбен құттықтаймын! Міне, бұл нағыз қуаныш. Қара суықта аз да болса, қамсау ғой!» — деп жазады Беранже.

Жалпы жоқтық деген пәле мықты ақындарды өте жақсы көретін болуы керек, қай заманда, қай елде болмасын, алдымен соларды іздеп табады.

Румын поэзиясының ең басында тұратын ұлы ақыны — Михай Эминеску. «Екі күннен бері нәр сызғам жоқ...» — деп жазыпты ол да бір хатында. Бір тілім нанға зар болған азапкер аш ақында киім болушы ма еді! Әрі замандасы, әрі әріптесі Алекс Влахуце Атенеумде сөйлеген бір сөзінде Эминеску туралы былай дейді: «Көне жейденің сыртынаң киетін көне пальто және екі пар калош — жындыханада жатқан ақынымыздың бар мүлкі, міне, осы...» Байқайсыздар ма: жейде мен пальтоның арасында киетін бешпет немесе кеудеше, калош пен жалаңаш аяқтың арасын жалғайтын шұлық, тіпті етік не бәтеңке де жоқ. Өзі жұмыссыз, өзі аш... Жындыханаға енді ол түспегенде, кім түседі?!

Еуропа поэзиясындағы жарық жұлдыздардың бірі — венгр ақыны Шандор Петефи. Немістер өзінің Гетесін, ағылшындар өздерінің Байронын қалай қадірлесе, венгрлер де Петефиін солай қадірлейді. Әулие тұтады.


1842 жылы Петефидің алғашқы өлеңі баспасөзде жарық көреді. Көп кешікпей мектептің әдеби үйірмесінде оның екі өлеңі үздік шығарма деп есеп-

теліп, сыйлыққа ие болады. Достары оны жақсылап тұрып атап өту керек деп табады. Өзінде ештеңе болмаған соң, жас ақын сол кешке басқа біреудің костюмі мен қалпағын киіп барады. Адамның абыройы төгілейін десе аяқ астында ғой. Кеш әбден қызып, Петефи өлең оқып тұрғанда әлгі костюм мен қалпақтың иесі кіріп келіп, жұрттың көзінше киімдерін қайыруды талап етеді.

1914 жылы Чилиде өткізілген жыр бәйгесінде бас жүлдені есімі бұрын-сонды ешкімге белгісіз Люсила Гордей деген әйелге береді. Ол – мектептің қатардағы мұғалімі екен. Болашақ бүркеншік аты – Габриэла Мистраль, Латын Америкасынан шыққан бірінші Нобель сыйлығының иегері. Міне, сол жүлдегер ақын, топжарған талант сыйлықтар тапсырылатын салтанатты кешке қатынаса алмайды. Өйткені киіп баратын киімі болмайды.

Дүние жүзіндегі ең бақытсыз әйелдердің біріне есептелетін Надежда Мандельштам – ақын Осип Мандельштамның жесірі Марина Цветаева туралы: «Марина Цветаеваның тағдырынан асқан сұмдық тағдыр көрген жоқпын», – деп жазған еді. Шынында да жоқтықтан, қайғы-қасіреттен жалпы бас көтермеген ақын. Ол өзі өмірінде екі қыз, бір ұл тапқан ана. Екі қыздың бірі ана сүтіне жарымай, аштан өледі. Енді бір қызы Ариадна бүкіл жастығын түрмеде өткізеді. Жалғыз ұлы Отан соғысы кезінде опат болады. Күйеуі Сергей Эфронды Кеңес өкіметі ату жазасына кеседі. Надежда Мандельштам айтса айтқандай.

1931 жылы әдеби сыншы Марк Слонимнің жазуына карағанда, Марина Цветаеваның халі тіптен нашарлап кеткенге ұқсайды. Тойып тамақ жемегеннен қаны сұйылып, басы айналатын жағдайға жетеді. Қартаймай жатып, шашы түсе бастайды. Кей



күндері кішкене Ариаднаның тоқып сатқан бас киімі, яки содан түскен бес франктың арқасында өзек жалғап жүреді.

Міне, осындай ауыр кездердің бірінде Марина Цветаева Прагадағы құрбысы Анна Тесковаға: «Қарапайым оқырмандардың алдына ұялмай киіп шығатын бір көйлек керек, бір ғана кешке», — деп хат жазады. Ақынның ғұмыры бір әдемі әдеби кешпен шектеле қоя ма? Ондай кештер тіптен сирек болған күннің өзінде бір қайталап тұрады ғой. Ал көйлек — қайталаған сайын проблема!

«Әлі есімде, — деп жазады әдебиетші және аудармашы Наташа Резникова (қыз күніндегі фамилиясы Чернова), — Марина Цветаеваның бірінші әдеби кешіне дайындаламыз деп өліп қала жаздадық. Біз сіңліміз екеуміз, оның өз қалауы бойынша, қара матадан көйлек тігіп бердік. «Қандай бақыт! Бір гардероб көйлегі бар әйелдер мұны қайдан түсінсін! Олар күн сайын киім ауыстырады. Осыған байланысты АҚШ-та мынандай бір әңгіме бар екен: «Егер әйел жұмысқа кешегі көйлегімен келсе, — дейді олар, — онда оның үйінде түнемегені!»

Рухани өмірді былай қойғанда, жасыратын ештеңесі жоқ, адамды адам қылып тұратын тамақ пен киім ғой. Кейбіреулер тіпті сол екеуі үшін ғана өмір сүреді. Осы екеуі жетпеген кезде адам басында, адам тағдырында тоқырау басталады. Оның көбі қайғы-қасіретпен аяқталады. Амандық болса, бұған біз кейінірек арнайы ораламыз.

Адам көркі — шүберек. Шынында да сол шүберек болмаса, қайтер едік?! Кеменгер Қожанасыр атамыз айтқандай, «Осы киім-кешек деген пәлені ойлап таппасак, кімнің еркек, кімнің әйел екенін қайдан білер едік?!» Аңқау адамның сұрағы деп

ойлаймыз ғой баяғы. Әй, қайдам?! Сәл тереңірек үңіліп көріңізші! Осының астарында әлеуметтік бірдене жатқан жоқ па?!

Адам баласының басында бір қуанышты күндер болмай ма екен. Сондай ерекше сәттердің бірінде Белорусь халқының аса көрнекті ақындарының бірі Максим Танкты жақын жолдастары жабыла көтеріп, аспанға атқылайды. Біраз уақыт жерге түсірмей ұзақ қақпақылдайды. Соған байланысты 1936 жылы ол өзінің күнделігіне былай деп жазыпты: «Студенттер мені көтеріп алып, көкке атқылағанда көне шалбарымның арты сөгіліп кетсе қайтем деп қорықтым, абыройдың төгілуі, міне, сонда болады!»

Міне, міне, барлық мәселе осы абыройда! Абыройынды жауып жүрудің өзі оңай шаруа емес! Мұны адам да, қоғам да, мемлекет те есінен шығармауға тиіс қой!

Максим Танк он шақты айдан кейін әлгі күнделігін былай жалғастырады: «Шұлық сатып алмаса болмас. Жыртығы күннен-күнге ұлғайып, өкшем жалтырай бастады. Лукишкада (жердің аты) жүргенде шұлық жамап үйреніп едім. Ол бірақ іш пыстыратын шаруа! Ондай кезде, жыртық немені жамап жатпай, аппақ өкшемді көк сияға бояп алғаным дұрыс шығар!»

О жасаған! Абыройын жабу үшін адам не істемейді?!

Менің өте жақсы көріп оқитын шығармаларым, негізінен, естеліктер. Көркем шығармада айта алмайтынын автор көбіне көп сонда айтады. Оның үстіне күнделік, негізінен, келешек үшін жазылды емес пе?! Ондайда автор ештеңеден қысылмайды. Не де болса, ақиқатын жазуға тырысады.



«Кешегі күн мен үшін ғажап күн болды: сегіз жылдан кейін өліп-талып, бір костюм тіктірдім» — деп жазыпты 1922 жылы желтоқсанның жиырма екісінде Корней Чуковский. Бұл Корней Ивановичтің қырыққа толған жылы. Орыс әдеби сынында және балалар әдебиетінде ойсырап қалған орны бар қадірменді жазушының сол бір кездегі адами қуанышын бүгінгі буын түсіне қояр ма екен?! Немене олар үшін бір костюм?! Бизнескерлер ондай костюмнің, керек болса, айына біреуін тіктіреді. Бірақ олар ақын емес, байлар. Жоқтықтың, кедейліктің не екенін білмейді!

Қуануын қуанғанмен, екі ай өтпей жатып, келер жылдың ақпанында ол сол күнделігінде: «Менен гөрі осы киімге әйелім Мария Борисовна мұқтаждау. Алты жыл болды соған бір жылы пальто алып бере алмай жүрмін» деп қайғырады, өкінеді.

Күнделік жүргізу мәдениеті қазақ жазушыларына кештеу кірген тәрізді. Біз бәріміз бірдей табынатын Мұхтар Әуезовтің өзінен мұндай қалмапты. Оның себебі бар, әрине. Саптыаяққа сыра құйып, сабынан қарауыл қаратып қойған зұлым заманда күнделік жүргізудің өзі өзіңнің үстіңнен өзің материал жинаумен бірдей емес пе? Өйткені күнделіктің құдіреті — шындық. Ал ол дәуірде көркем шындық та, қарабайыр шындық та, екеуі де — авторлар үшін аса қауіпті еді ғой. Тексеріс жүре қалса, күнделіктегі қолайсыздау бір сөзіңнің өзі ұстап беруі ғажап емес. Аға буынның бұл салаға құмартпауы, қызықпауы, міне, содан ба деп ойлаймын.

Ал Мұқағали Мақатаев — жаңа буын өкілі, әдебиетке, негізінен алпысыншы жылдардың басында келді. Бұл енді Кеңес өкіметі үшін мүлдем жаңа кезең еді. Тоталитаризм бұлты аз да болса тараған-ды.

Жетпісінші жылдары қалың ел бұрынғы үрейден сәл-пәл арылып, ойдағысын аздап айту дәрежесіне жеткен-ді. Мұқағали Мақатаевтың артында қалған кіп-кішкене күнделік, міне, осы кезге тура келеді.

1973 жылы 7 желтоқсанда ол былай деп жазыпты: «Жұмыссыз жүргеніме жаңа жылда бір жыл толды. Қайтіп, қалай жан бағып жүргеніме танданамын». «Тоқ бала аш баламен ойнамайды», — демекші, біз ол кезде жұмыс істеп, еңбекақы алып тұрамыз. Ал басқалардың қалай күн көріп жатқанында шаруамыз да болмайтын. Бірақ... бірде ол, қай жаңа жыл екені есімде жоқ, әйтеуір бір жаңа жыл алдында маған келіп, біраз отырды. Желтоқсанның ең соңғы күндері. Сірә, отызы немесе отыз бірі. Үйге кеткелі дайындалып жатқанмын. Ол өзінің көңіл-күйін, хал-жағдайын айтып, менен қарыз сұрады. Ол кездегі еңбекақымыздың өзі жартымсыздау болатын. Соған қарамай, соның үштен бірін Мұқағалиға табыс еттім. Мұны мен өзімнің «жомарттығымды» көрсету үшін емес, Мұқағалидың сол кездегі жағдайының нашарлығын растау үшін жазып отырмын.

Осыдан бір-екі жыл өткен соң, 1974 жылы 31 қаңтарда «өзіме бір жаңа екі костюм алып кимей-ақ өліп кету (құдай оның бетін аулақ қылсын) қандай аянышты» деп жазыпты. Соған қарағанда, Мұқағали бұл жылы да кедейлік торынан толық шығып кете алмаған болу керек.

Қайда барсаң — Қорқыттың көрі. Жоқтықтың шенгеліне мықтап бір іліккен кембағал-кедей не істемек?! Әрине, аласұрып ойланады. Басын тасқа да соғады, тауға да соғады. Тіпті болмаған соң, кейбіреулер ұрлық жасайды. Алдау-арбаумен шұғылданады. Тіптен кісі өлтіруге де барады. Ақындардың арасында ондайлар көп емес. Әйтсе де, өкінішке

орай, бар. Атақты француз ақыны Франсуа Вийон сондай іске араласқан деген сөз бар. Кім білген, солай болса, солай шығар. Әйтеуір оның ұзақ жылдар ұстатпай қашып жүргені рас. Әдебиетші-зерттеушілердің айтуларына қарағанда оның бей-берекет өмір сүргені анық. Мастықтың кесірінен қантөгіс төбелеске араласып, қырсыққа шалынғаны және оны өзі де мойындайтыны оның мына өлеңінен белгілі:

Франсуа,
Алдағы
Жүрсін жазан ойында:
Мына бөксе салмағы
Түседі ертең мойынға!

Бұл — жай мойындау ғана емес, өзіне-өзі үкім шығару.

Кедейліктің кесірінен жерлеусіз қала жаздағандар да аз емес. Мысалы, ағылшынның ақын-драматургы Бенджамин Джонсон жаназасына өте көп халық жиналған. Аса үлкен құрметпен көмілген. Бірақ сұмдығы кейін басталған. Сөйтсе, жарлы ақын өзіне деген молалық жерді алдын ала белгілеуін белгілеп, бірақ ақшасын төлеп үлгермеген екен. Вестминистерск аббатствасының безбүйрек иелері ақынның сонысын кешірмей, біраз уақыттан кейін моласын қазып, жерін басқа біреуге сатады. Ал өзін сол зираттың аяқ жағына тігінен тұрғызып жерлейді.

Жаны мұрнының ұшына келген бейшара мұқтаждар үшін тұйықтан шығудың бір жолы — қарыз алу. Бірақ ерте ме, кеш пе, қарызды қайыру керек қой. Бір ғажабы, қарызды кезінде қайыра алатын адам әдетте сол пәлене жоламайды, шыдайды. Қарыз алатындардың көбі қарызды қайыра алмай-


тындар. Бірақ ол сорлының басқа амалы да жоқ. Не болғанда да алып тынады. Ескі қарызын кезінде қайыра алмаған сорлы жаңа қарыз алып, бір қарыздың орнын бір қарызбен жабады. Бір мәрте солай істейді, екі мәрте солай істейді. Бір емес, бірнеше мәрте солай істейді. Сөйтіп жүріп, қарызға белшесінен батады. Күндердің күнінде тіптен құтыла алмайтын жағдайға душар болады. Сондай бір қарыз алудың шебері – француздың әйгілі драматург-ақыны Шеридан болған. Басқа ешқандай жол қалмағанына әбден көзі жеткен шарасыз шайыр кітаптарын сатады, сомсуреттерін сатады, ыдыс-аяқтарын, күміс қасықтарына шейін сатады. Ақыр аяғында үйдің көркі жиһаздарына дейін қарызқұнға кетеді. Бірақ бәрібір құтыла алмайды. 1813 жылы түрмеге түседі. Алғашқы аптаның өзінде шашы аппақ болып, қартайып шыға келеді.

Жаны ашыған жолдастары қарап жата алмайды. Уитбред деген біреу аманатқа алып шығады. Шыққаннан кейін келешектен әбден күдер үзген шерлі Шеридан бұрынғы әдеті бойынша көзінің жасын көл қылып, жылап отырып, түскі тамақ үстінде екі шиша шарап ішуін тоқтатпайды.

«Бұл – біткен адам» депті сол кезде оны көрген Байрон.

Осындай халге кезінде белгілі орыс ақыны Аполлон Григорьев те душар болған. Әйтсе де, жақсы адамдар бар ғой өмірде, өлуіне бірер күн қалғанда А.И. Бибикова деген бір ару (генералдың әйелі) оның қарызын сатып алады. Егер ондай шарапатты біреу табылмағанда, он жерден мықты болса да Аполлон Григорьев сол жатқан түрмесінде дүние салады екен.

Құдайға шүкір, бұл әйтеуір сәтті аяқталған.



Ал белгілі Рим ақыны Петроний Арбитр Гай күн сайын қалындай түскен сұмдық көп қарыздан енді құтыла алмасына көзі жетеді де, бірінші мың жылдықтың бірінші ғасырында 66 жылы өзін-өзі өлтіріп тынады.

Міне, осы Петронийдің өзі кезінде «Дарын мен жоқтық егіздің сыңары тәрізді. Солардың жағаласып қатар туатынына таңым бар», — деп жазған болатын.

Соған жалғыз Петроний ғана емес, бәріміздің таңымыз бар!



Ауру

Өте көне заманда өмір сүрген әйгілі ақындардың денсаулығы туралы сақталған дәрігерлік анықтамалар, құжаттар жоқ. Ал кейінгі кемеңгерлердің тірлігіне үңіліп көрсек, қаңқу-саңқу әңгімелердің, негізінен, тегін емес екендігін мойындауға мәжбүр боласың. Кейде тіпті иланбасқа амалың жоқ. Өйткені өз аурулары туралы, өз күдіктері туралы өздері жазады.

«15-ақпан күні сұмдық қалшылдадым, ұстамалы ауру ма, дененің құрыстауы ма, басыма қан тепті ме — біле алмадым. Мұны менің жанымдағы екі емгердің екеуі де анықтай алмады. Жаным көзіме көрінді. Егер бұл жанталас бірер минутқа созылғанда, о дүниеге қалай-солай жүріп кететін едім», — деп жазады Байрон өзінің күнделіктерінде.

Джон Мерей деген замандас жерлесіне жолдаған бір хатында ағылшынның ұлы ақыны өз дертінің төркінін іздегендей болады. «Менің нағашы атам (жұрттың айтуынша өте ақылды, өте жақсы адам) өзін-өзі өлтірген секілді. Оның сүйегін Эвон өзенінен тапқан. Сол секілді менің тағы бір туысым, ол да нағашылар жағынан болады, у ішіп өлмек болған екен, кезінде дәрігерлік көмек тез көрсетілгендіктен аман қалыпты әйтеуір».

«Анамның ұстамалы ауруы болатын».

Бұл жазбалар бірін-бірі толықтырмаса, растамаса, жоққа шығармайды. Байронның шын мәнінде

де ауру болғаны және оның тарихы мен тамыры болғанына көзің жетеді.

Келесі бір кеменгер, немістің аса дарынды ақыны Генрих Гейне аурудың азабын шегудей-ақ шеккен. Өзінің көңілін сұрай келген адамға ол былай депті:

«Бүкіл сол жағым сіресіп қалған, бірнеше жылдан бері жансыз. Амал жоқ. Тек бір жақ азуыммен шайнап, бір жақ көзіме жас аламын. Енді мені жарты адам, жарты еркек деп атауға әбден болады. Жарты жағыммен сүйіп, жарты жағыммен ғана ұнай алам!»

Уылжыған лирик, уытты сықақшы өз ауруын өзі қалжыңға айналдырып сөйлегені болмаса, адам аяйтын жағдай.

Сол азапкер ақынның төсек тартып жатқан қалпын бір замандасы былайша суреттейді: «Бір жәрмеңкеден бір жәрмеңкеге көшіп жүріп, қызық көрсететін қуыршақ театрында сөйлейтін бастарды көрсететін еді ғой, дәл сондай кеудесі жоқ, әңгіме айтып жатқан басқа куә болдым.

Денесінен бөліп алып, үстел үстіне қойған бас секілді.

Күнде ертемен желкесінен жасап қойған арнайы тесік арқылы морфи себеді. Әйтпесе ауру шыдатпайды.

Фридрих Ницше философ қана емес, ақын да. Сол ақындығынан ғой деймін, басқа философтардан гөрі мүлдем бөлек. Адам жанына жақындау және жақсы оқылады. Қысқасы, ол да жаман сырқат болған. Екі шекесін солқылдатқан бас ауру, сақина (мигрень), әлсін-әлсін қан құстырған асқазан, безгек тәрізді селкілдеткен, солқылдатқан тағы бірдене, дәретін жүргізбей, бітеліп қалған көтеу, жаны қы-

сылғанда шып-шып шыққан салқын тер – жалпы аурулар антологиясы. Озық ойшыл, азапкер ақын осының бәрін бастан кешірген. Денесі дене емес, неше түрлі сырқаттар көрмесі тәрізді ауру – өзі түгіл дәрігерді састырған.

Елу алты жасында дүние салғанша оның көргені, міне, осы жанталас.

Әртүрлі естеліктерді, әртүрлі құжаттарды оқып отырып бір байқағаным: ақын-жазушылардың негізгі ауруы – ортақ ауру – орталық жүйкеге байланысты. Олардың көбі жазу жағынан ғана емес, ауру жағынан да әріптес.

Михаил Зощенконы дінкелеткен неврастения дейді. Бұл да осы жүйке ауруы. Ғылым тілінде астения деп аталатын көрінеді. Аталмыш дерт әдетте ақыл мен сезімге түскен шамадан тыс салмақтың нәтижесі... Ол енді ақын-жазушыларға тән құбылыс. Оның үстіне Зощенко тіптен сәби кезінде күннің күркірегенінен шошып ауырған, соның аяғы кәсіби сырқатқа әкеліп соққан.

Әйелінің үзбей жүргізген күнделігіне қарағанда, Михаил Булгаковтың алғашқы ауруы 1933 жылдың бірінші жартысында басталған сияқты. Сол жылдың 25 сәуірінде: «Бүгін оның сұмдық басы ауырды», – десе, сол жылдың 29 тамызында: «М.А. үйге басы ауырып, сақинасы ұстап оралды», – деп жазыпты.

Өстіп кете береді, кете береді.

Неше түрлі ем қабылдайды. Тинозбен де емделіп көреді. Сәл-пәл тәуір болған кездері де жоқ емес. Әйтсе де бір жабысқан ауру қайтып оны босатпайды. Сөйтіп, жеті жылға созылған сырқат оны әбден титықтатып, жарқабақтың жағасына таяп әкеледі. 1940 жылы қаңтардың аяғында әйелі: «Мишаның басы бүгін тіптен ұзақ ауырды. Ең күшті деген



дәрінің төрт түйірін ішті — түк те әсер еткен жоқ, жүрегі көтерілді», — деп жазыпты әлгі күнделігінде.

Осыдан кейін қырық-отыз күн өткен соң Ми-хаил Булгаков дүние салады.

Жүйке ауруы — жалғыздікті емес, көп ағайынды.

Сонымен тамырлас, тектес дерттің бірі — тремор. Бұл ауруға ұшыраған адамның кірпігі жыпылықтай береді. Немесе қолы қалтырайды. Бұл, әрине, қауіпті науқастың қатарына қосылмайды. Әйтсе де аурудың аты ауру. Құдай басқа бермесін сонда да! Әсіресе ақын-жазушылар үшін қауіпті болмаса да, тіптен қолайсыз әрекет. Мысалы, Евг. Шварцқа, өнімді жұмыс істеген әрі драматург, әрі ақынға осы ауру бұйырған. Соның кесірінен қолының қалтырағандығынан, оның жазуын ешкім, тіпті өзі де танымайтын, түсінбейтін халге жеткен. Қалтыраған қолдан қандай әдемі каллиграфия болуы мүмкін?! Айдақ-сайдақ бірдеме!

Туғанда аяқ-қолын балғадай сап-сау болып туғанмен, ертең кім боларынды бір құдай ғана біледі. Кеңес өкіметі кезіндегі Ресейдің ең жақсы ақындарының бірі — Борис Слуцкий әскерге кеткенде құрыштай шымыр, болаттай берік азамат болса керек. Майданда жүргенде жарылған минаның жарқыншағы, басқа жер таппағандай, тура ақынның басына тиіп, төбесін тесіп кетеді. Ажалсыз өлім жоқ. Дәрігерлер жарқыншағын алып, орнын тазалап, жамап тастайды. Алғашқыда әп-әдемі, түк болмағандай, келе-келе, жүре-жүре ақынның мазасы кете бастайды. Энгельстің жазғанындай «ұйқы — мидың демалуы» екені рас. Жылдар өткен сайын майдан мүгедегі сол демалысқа шыныменен зар болады. Шегірен былғары тәрізді ұйқының өрісі мен мерзімі

тарыла береді, тарыла береді. Алдымен алты сағатқа, одан бес сағатқа, одан төрт сағатқа, ақырында үш сағатқа шейін қысқарады. Кейде тіпті сол үш сағаттың өзі бұйырмайды. Ол үшін әбден шаршау керек. Мүлдем шаршау керек. Жүріп-жүріп, қара саның талып, қалжырап құларман болғанда ғана ұйқы басады. Сондықтан Борис Слуцкий тәулігіне жиырма екі шақырым жер жаяу жүріп отырған.

Айтып келген ауру алмай қоймайды.

Күндердің күнінде ішетін тамағы жоқ, киетін киімі жоқ, тұратын үйі жоқ әдемі ақын, Ұлы Отан соғысының мүгедегі басқа қаладағы бауырының үйіне барып өледі.

Аурудың қандай түрі жоқ дейсіз?! Миға, жүйкеге байланысты дерттің өзі қаншама?! Төбе шашың тік тұрады.

Генрих Ибсен қартайғанда зердесі тозып, мүлдем істен шыққан. Кәдімгі бастауыш мектепте үйренген әріптердің өзін ұмытып қалып, қайта жаттаған.

Юрий Николаевич Тыняновтың науқасы – тіптен сирек кездесетін науқас. Оны орыс тілінде «рассеянный склероз» – деп атайды. Яки адам өз дене мүшелеріне өзі ие бола алмайды. Алдымен аяғы, сосын қолы, мойны, ақыр аяғында басы... Содан кейін өрине, дүние салған.

Юлиус Вексель – фин ақыны. Өмірінде небары екі дәптер өлең, екі пьеса ғана жазып үлгірген. Аз жазып, көп ауырған. Алпыс тоғыз жас, қалай қарасаң да, аз жас емес. Кейбіреулердің түсіне кірмейтін көп жас. Бірақ бейшара ақын соның қырық екі жылын жындыханада өткізген.

Каарло Крамсу – бұл да фин. Кедейлік, мұқтаждық, берекесіз тірлік ерте титықтатып, отыз алты



жасында ауру әбден иектеп алады. Күні жеткенде ол да жындыханада жан тапсырады.

Дино Кампане – италия ақыны. Ол теңізші, музыкант, өрт сөндіруші, тіпті көзбояушы (фокусшы) да болған. Бір жерде байыз тауып ұзақ тұрақтамаған. Сығандардың тобырына еріп, Одессаға шейін келген. Ақыр аяғында ол өмірін жындыханада аяқтаған.

1883 жылы маусым айының жиырма сегізі күні Славич деген әйел тиісті орынға: «Эминеску мырза аяқ асты жындыланды. Тезірек жетіп, алып кетіндер!» – деп хабар береді. Күн аса ыстық екен, жолда келе жатып, бүкіл Румынияға аты шыққан әйгілі ақын мені моншаға апарыңдар деп өтініш жасайды. Ақынның атағына тәтті азаматтар оның дегенін істейді. Бірақ Эминеску моншаға кіріп алған соң, ешкімді кіргізбей, сарылдатып су жібереді. Амалсыздан есікті бұзып кіруге тура келеді. Содан кейін оны ақылынан алжасқандардың арасына апарып орналастырады.

«Мені ол танымады, – деп жазады кейін жақын адамдарының бірі Т. Мойереску. – Төңірегіне тынымсыз түкірумен болды».

Кейінірек оны жындыханадан емханаға көшіреді. Бірақ одан оның жағдайы жақсара қоймайды. 1889 жылы маусымның он бесінде, дәрігерлердің куәландыруына қарағанда, жүрегі жарылып өледі.

Мәдениетті, сауатты оқырмандардың бәрі де біледі: Федор Михайлович Достоевскийдің, қазақша айтқанда, қояншық (припадки) ауруы болған. Онысы және айына бір мәрте ұстап тұрады екен. Ұлы жазушының ең жақын көретін жолдастарына жыр қылып шерткен сырына қарағанда, қояншығы ұстардың алдында жазушының қолтығына қанат бітіп, көңілі сұмдық көтеріліп, ғаламат қуанышқа бөленетін болса керек. «Басынан кешпеген адам мү-

ны түсінбейді, — дейді екен Достоевский, — бұл керемет рақат сәттер басқа кездегі сау тірліктің он жылына татиды». Кім білген, болса болар! Ол, ұлы жазушы, осындай сәттерде өте әдемі және өнімді жұмыс істеген. Бір қарағанда мұның өзі ауру емес, шығармашылық бақыт тәрізді.

«Сіздер барлығыңыз, сау адамдар, біз секілді аурулардың қояншығы ұстар алдындағы сұмдық рақатын, қуаныш-шаттығын көз алдарыңызға елестете алмайсыздар. Мұхаммед өзінің құранында мен жұмақта болдым деп жазады. Жұрт оны өтірікші, суайт деп есептейді. Түк те олай емес. Ол да сол мен сияқты қояншығы ұстаған кезде айтып отырған жұмағын шынымен көрген!»

Бір ғажабы, Федор Михайлович тұтқынға алынып, жер аударылғаннан кейін, қояншық ауруынан біраз уақытқа жазылып кетеді. Сібірде жүргенінде оның қояншығы бір де бір рет ұстамаған. Басқалар азып-тозып, жүдеп-жадап, иттері шыққан кезде Достоевский екі беті қып-қызыл мүлдем сау адам болып шыға келген. Ал енді түсін! Жә! Бұл әшейін реті келгенде айтыла салған сөз. Әйтпесе, неге түсінуге болмасын? Болады.

Біздер жалпы қызықпыз: әкелетін өмір де, әкелетін өлім деп ойлаймыз. Жоқ, меніңше, өлім — өмірдің өзі! Адамды ауыртатын да, өлтіретін де сол өмір! Ол тек құжаттарға ғана Өлім деп қол қояды. Өлімнен қорқатын ештеңесі жоқ. Өмірден қорық! Тіршілікке тереңірек үнілсеңіз, менің осы сөзімнің растығына біраз көзіңіз жетеді.

Ұлы Отан соғысының алдында Константин Бальмонт жүйке дағдарысына ұшырайды. Жат елдегі жадау тірлік, орта қарын, ең бастысы орта көңіл ақын жанын жүдетпей қоя ма?! Ол сол сырқаттың



салдарынан ауруханаға түседі. Науқастың көбі тұқым қуалайды. Сөйтсе, бұл аурумен бір кездері оның туған ағасы да ауырып, тіптен жас шағында дүние салған екен. Бұл енді тағдыр ғана емес, жазмыш.

Неміс фашистері Францияға басып кіргеннен кейін Бальмонт Нуази-ле-Гран деген жердегі орыстарға арналған ауруханаға ауысады. Сонда жатып өледі. Оның жерлеуіне бір де бір жанашыр оқырман, бір де бір әріптес ақын қатынаса алмайды.

Александр Гриннің дені онша сау емес екенін ең алдымен әкесі байқаған. Ол баласы туралы былай деп көрсеткен: «Александрды мен өз басым есі дұрыс адам деп есептемеймін. Оған мынандай-мынандай мысалдар келтіре аламын: 1) Ол кейде өзімен-өзі отырып, себепсізден-себепсіз қарқылдап күледі; 2) Кейде оқыстан атып тұрып, босағаны құшақтап сүйеді; 3) Себепсізден-себепсіз күйіп-піседі, ашуланады. Менің өзіммен жағаласа кетуге дайын. Әсіресе, өгей шешесін жеп қоя жаздайды. Оның мұндай нақұрыстығы атасынан. Менің әкем жарықтық сондай кісі болатын. Оның өзі ғана емес, екі бауыры да ақылдарынан алжасқан адамдар болатын. Бірақ олардың жындыханаға түскен-түспегендерін білмеймін. Осыдан артық қандай дәлелдеме керек. Жок, ... нағыз жанашыр жақын әкесі — Степан Евсеевич Грин.»

Осы мінезінен болу керек, әскери парызын өтеп жүрген кезінде де ол он айдың үш айын карцерде өткізген. Әрине, себепсізден-себепсіз емес қой. Ефрейтор Дмитрий Петрович Пиконов дегеннің айтқанына карағанда, ол бірде моншаға түсер алдында ұзын дамбалын іліп қойып, бұл біздің батальонның туы деп түсіндірген.

Әсерлердің әскери ұйымында жұмыс істеп жүрген Катя Биберголь деген қызға ғашық болып, ең

ақырғы сұхбат кезінде бикеш Гриннен бас тартқан. Сол кезде ол қалтасындағы әйелдер тапаншасын суырып алып, Катяға қоқан-лоқы жасайды. Бірақ қыз одан қаймыға қоймайды. Қаймықпағанын айтасыз, оған тіл тигізеді. Басынан сөз асырмайтын Александр Грин ашу үстінде оны атып жібереді. Абырой болғанда қыз өлмейді, аман қалады. Операция жасап, еттің арасындағы окты алады. Кейін қыз тәуір боп кетеді.

Иван Сергеевич Соколов-Микитов Гринді жақсы білген. Екеуі бірде болымсыз дүниеге бола керісіп қалады. Бүрк етіп тез көтерілетін Александр Степанович қолындағы шанышқысын соған қарап көздеп лақтырғанда, ол барып тақтай қабырғаға қан-жардай қадалады.

Мұны қазақтар қарапайым тілде жындылық дейді.

Біреулерге бұл мінез ғана болып көрінуі мүмкін. Оның сыртында ауру тұрғанын қайдан білсін!

Бір көргенде Александр Блокты ешкім де сырқат адам деп ойламаған. Бірақ... үнемі байсалды, үнемі сабырлы, үнемі ұстамды ақсүйек ақын іштей мұжылып, тозып, әбден титықтап біткен кезі болса керек, «Мен үйге келсем, бізде ақын әйел Надежда Павловна, Блок екеуміздің ортақ танысымыз отыр екен. Ол осы жана ғана Блоктан шығыпты. Екі беті ыстықтан алабұртып кеткен, көздері толған жас. Блок өлім халінде жатқан көрінеді. Мен оны жұбатқан болдым, сонда ол әрең отыр екен, атып тұрып, маған жақындап келіп:

— Сіздер түк те білмейсіздер... Ешкімге айтпаңыз. Оның ақылы ауысқанына бірнеше күн болыпты! — деді». Мұны жазған Владислав Ходасевичтің өзі де күйгелек, ашушан, ыззақор ауру адам болған.



Күн бата арқасы қозып, ұйқысы қаша бастайды екен. Дәрігерлер оған жатарда аяғына жылы грелка, басына салқын шүберек бас деп ақыл береді екен. Кейінірек бұл ауру асқына-асқына қояншық ауруына ұласқан сияқты. Дәрігерлер оны жүйкесі тозған, сондықтан онымен тәжікелесуге, қарсы келуге болмайды, қауіпті, күндердің күнінде осының бәрі жақсылықпен бітпейді деп күткен.

Бұл аурудың салқыны тимеген жақсы ақын, дарынды ақын жоққа тән. Дәлдүріш, дарынсыз немелерге жоламайтын сирек дерттер мықты ақындарды жердің астынан іздеп табады. Хлебников те осындай құдай қарғаған сорлылардың қатарына қосылады. Оның да аяқ астынан ұстамалысы ұстап, әлек-шәлегі шығады екен...

Шынын айтсақ, үлкен ақындық болмыс пен кейбір аурулардың, әсіресе жүйке ауруларының арасында белгілі бір табиғи байланыс бар ма екен деп күдіктенем. Бірақ оны анықтау ғылымның, ғалымдардың қолынан келмесе, әдебиетшінің қолынан келмейді, әрине.

Ауру кім-кімге де бақыт әкелмейді. Ол туралы, ауру туралы айту өте ауыр. Сөйте тұра, шыр етіп жерге түскеннен көрге кіргенше аурумен арпалысып өткен жандар қаншама?! «Қаншама» деген жалпылама сөз. Шынын айтар болсақ, ауру емес адам жоқ!


Әрине, адам ауырайын деп ауырмайды. Құдай басқа салған соң ауырады. Кейбіреулер тіпті сол аурудың өзіне амалсыз үйреніп алады. Бұл да дәл айтылған ой емес. Ауруға ешкім де үйренбейді. Аурумен күресіп үйренеді. Ондай адамдар үшін өмір сүру – аурумен күрес деген ұғыммен бірдей.

Дат жазушысы Карин Дайнисен, Жорж Санд секілді, өзіне еркектің есімін лайық көріп, Исаак

Дайнисен деген бүркеншік атпен жазған. Кейін, тұрмысқа шыққаннан кейін Кениядан жер сатып алып, Африкада көп жылдар тұрады. Басында ғашық боп қосылған күйеуі барып тұрған сарыауыз болып шығады. Ол өзімен көршілес плантаторлардың әйелдерімен және жергілікті қыз-келіншектермен күндіз-түні ойнап-күлем деп жұқпалы ауруға ұшырайды. Ұшырап қана қоймайды, әйеліне де жұқтырады. Ол кезде Карин Дайнисен – отызға да толмаған толықсыған жас әйел. Сол отызға да толып үлгермеген бейшара келіншек әлгі сұмырай аурумен отыз жыл ауырып, операцияға жатады. Бірақ ем қонбайды. Ақыры жетпіс жеті жасында азып-тозып, жүдеп-жадап, қорлықпен дүние салады.

Украинаның ұлы қызы, ұлы ақыны Леся Украинка туралы естеліктердің қай-қайсысын болмасын оқып отырып, оған деген аяушылық сезіммен әбден жүдейсің. Жүдеп қана қоймайсың, өзің ауырып қала жаздайсың! Замандастарының жазуына қарағанда, Леся Украинканың азапсыз, яки аурусыз бақытты бір жылы болмаған. 1881 жылы Луцкіде өзендегі ай сәулесін қызықтаймын деп, ұзақ уақыт су кешкен жас қыздың аяғына суық тиеді. Соның салдарынан, ревматизм емес, сүйек туберкулезіне тап болады. Екі жылдан кейін, оң аяғы тәуір бола бастаған кезде сол қолының саусақтары сырқырай бастайды да, оған операция жасайды. Пианистка болуды армандап жүрген арудың үкілі үміті үзіледі... «Жақсы ақын болудан гөрі жақсырақ музыкант болу мүмкіндігі басымдау секілді еді, жымысқы жазмыш жолымды кесті», – деп жазыпты ол кейін.


«Айналдырған ауру алмай қоймайды» – дейді қазақтар. Алғаны да ештеңе емес-ау, азаптап құртады ғой ол! Қолы тәуір бола бастағанда аяғы қайта



ауырады. Оған да операция жасалып, беті бері қараған сәтте туберкулез өкпесіне көшеді. Карпатқа, тіпті Италияға барып, емделудің әсерінен, есін енді жинай бергенде әлгі туберкулез итің енді бүйрекке шабады. Өлгенде де ол міне, содан өледі.

Ирландиялық жазушы және ақын Кристи Браун отбасындағы жиырма екі баланың оныншысы болып дүниеге келген. Шыр етіп жерге түскеннен ауру – құрсақта жатқанда миына зақым келген, мүлдем мүгедек. Соған қарамай оны сәбидің анасы мен балалар дәрігері Роберт Коллис кішкентайынан-ақ оң аяғымен жазып үйретеді. Қолдары жұмыс істемейтін бейшара перзенттің тұңғыш кітабының өзі «Менің оң аяғым» атанады. Сондай айтудың өзіне ауыр сұмдық арқалап, Кристи Браун қырық тоғыз жыл өмір сүрген.

Инжу тек ауру інжуанда (раковина) ғана пайда болады дейді білетіндер. Тәні сау болғанмен, жаны ауырмаған адамнан, дертсіз ақыннан классика тұмайтын болуы керек. Ақын – өзінің ішкі дертін, жан ауруын інжуге айналдыратын жұмбақ жан. Зейнолла Шүкіров – бала кезінде мешел боп қалған мүгедек қана емес, сол мүгедектігінен жан ауруына айналған құсалы казак, үлкен дерттің иесі. Бүкіл дертін ол өленге айналдыруға тырысқан. Дәлірек айтсақ, дерті оны ақынға айналдырған. Егер ол мешел боп қалмаса, аяқ-қолы балғадай азамат боп өссе, фәни дүниесінің бар қызығын басынан кешіп, бақытты өмір сүрсе, одан ақын шығар ма еді, шықпас па еді?! Даулы құбылыс...



Дерт

Алғашқы ақынның қай жерде, қай елде туғаны қалай беймәлім болса, ішімдік атаулының да дүниеге келу тарихы сондай белгісіз. Бірақ бұл екеуіне байланысты бір нәрсе, яки шарап атты өзәзілдің әу дегеннен дарын атаулының жолын торып, ақын бабаларымызға бірден тұзақ құрғаны анық. Әдебиет шежіресіне үңілер болсақ, дастарқан жыры, соның ішінде той-тамаша, көңіл көтеру, тіпті шараптың өзі туралы өлең-жыр жиырма ғасырдан әлдеқайда бұрын жазыла бастапты. Біздің жыл санауымызға дейінгі жетінші ғасырдың аяғы мен алтыншы ғасырдың бас кезінде өмір сүрген көне Грекия ақыны Алкей өлеңдерінің өзінен біз мынандай туыс тармақтарды жиі кездестіреміз:

Суықта мына ал құйып,
Ошақтың отын лаулатып.
Жантайып жатып шалқиық,
Шарапка көңіл аулатып...

Бір ғажабы: күні кеше жазылғандай! Егер шекесіне, әйтпесе етегінде автордың аты көрсетілмеген болса, бұл шумақты бұдан жиырма жеті ғасыр бұрын дүниеге келген көне туынды дегенге ешкім

сенбес еді. Адам баласы қанша сауаттанып, қанша есейгенмен, оның пенделік осалдығы сол баяғы қалпында қалса керек. Мұндай-мұндай шалқыма шумақтарды жалғыз Алкей ғана емес, сол заманның біраз ақыны жазған. Ал Анакреон сияқты сері дарындар махаббат, әйел, шарап тақырыбын шегіне жеткізіп, түбін түсіріп жырлаған. Бірақ өздері ішті ме, ішпеді ме? — Ол жағы бізге беймәлім. Сөз саптауларына қарағанда сопы болмағанға ұқсайды.

Тілдері, тұрмыс-салты, тіпті тегі бөлек, қай жағынан да кереғар жатқан, бір-бірімен мүлдем бейтаныс халықтардың өзі шарап мәселесіне келгенде түбі бір туысқандай тіптен жақын болып шыға келеді. Орта ғасырдағы арабтар поэзиясына үнілер болсақ, онда да осы жағдай, осы жәйт. Алғашқы ғасырдың орта шамасында (кейбір деректерге қарағанда 543 жылы) Бакр тайпасында шыр етіп дүниеге келген әйгілі ақын Тарафа ибн әл-Абд та, артында қалдырған аңыздардың айтуынша, шарап ішіп шалқып өткен нағыздың өзіне ұқсайды. Сол бір берекесіз тіршіліктің салдарынан бүкіл рудың байлығын ішімдікке шашып, ақыры өз сөзімен айтқанда, «қара май жаққан кара нан тәрізді» тайпасынан қуылады. Құшақ жайып қарсы алған Хира қаласының билеуші әкімі ибн-Хиндтің сарайында сілтенкіреп алған тізгінсіз дарын басқалар жетпегендей, әкімнің туған қарындасын балағаттап, мүлдем маскара қылады. Басқа пәле — тілден деген, оның ар жағында тентек тілді айғақтап тұрған шайпау шарап Тарафаны ақыр түбі жарға жығып тынады. Құлығын асырған ибн-Хиндтің Бахреиндегі басқа ағайындары отызға жетпеген аптықпа ақынды тірілей көрге тығып жібереді.

Жетінші-сегізінші ғасыр Азия, Африка халықтарының марғау тірлігіне өзгеріс енгізген дүбірлі кезең болды. Дүниеге жаңа келген Ислам діні тіпті 630 жылдардың өзінде пұтқа табынушы бәдәуилердің біразын мұсылман қауымына қосып, рухани бұйдалап үлгерді. Міне, осы кезде өмір сүрген араб ақыны әл-Ахтал (шамамен 640-710) Мұхаммед өсиеттерін құлықсыздау тыңдайды. Умайядтық бір халифтің: «Мұсылман дінін неге қабылдамай жүрсіз?» деген құйтұрқы сұрағына былай жауап береді.

Рамадан айында ұстамаймын ораза,
Құрбандыққа шалынған малды жеу де бір азап.
Асықпаймын намазға, жүрегіме бағынам,
Саумал шарап ішіп ап, шыққан күнге табынам!

Өзінің де мұсылманшылығы соншалық, жетісіп тұрмаған әлгі халиф турашыл ақынға күпіршілік еттің деп, ауыр жаза қолдана қоймаған екен.

«Араб әдебиетінің» авторы Әбсаттар Дербісәлиев араб бөлімдерінде оқитын студенттерге арнап жазған оқулығында «шарап ішіп, көңіл көтеру аббастық халифалар тұсында кең етек алады. Мысалы, бір ғана Бағдадта жүздеген шарап дүкендері болған. Оны айтпағанның өзінде, — дейді автор, одан кейін Ханна әл-Фахуридің еңбегінен үзінді келтіріп, — Керуен және соқпақ жолдардың өзінде шарап дүкендері қаптап кеткен». Ал мұсылман орамдарында ішуге дәті шыдамаған «дінсіздер» христиан сопыларының пұтханаларынан тойып болған. Тапқан таянғанының бәрін сондай мейрамханалардың босағасында қалдырып, талай мәрте оралған Әбу Нувас бір өлеңінде былай деген:

Жеңілмеуші ем далада,
Сілтесе жау қолағаш.

Ал шарапшы тонап ап,
Қайтарады жалаңаш!

Басыра мен Бағдадта шашпа-төкпе тірлік кешкен орақ ауыз, отты тіл маскүнем ақын сайқымазқтығы үшін бір емес, бірнеше мәрте зынданда жатып шығады. Шыққанда да тәубасына келіп, түзелмек болса бірсәрі — көбіне-көп саумал шарапқа сылқия тойып, сұлап жату үшін шығатын болған. Содан да болса керек, Әбу Нувас жасына жетпей, сақал-шашы ағарып, елу бірінде енесі түсіп, дүниеден ерте баз кешкен.

Көне заман әдебиетін өз бойына әбден сіңірген Еуропа елдері еліктеу үстінде жақсымен қоса жаман әдеттерді де одан әрі жалғастырып, дамытып әкеткендері аян. Күні кеше ғана араб атты әскерінің аяғы астында ыңырсып жатқан Пиреней түбегі мен араб флотының темір тегеурініне шыдамай быт-шыт болған әйгілі норман қарақшылары бірер ғасырды артқа салып, өздері жауынгерлікке көшті. Бірімен-бірі іргелес отырған Еуропа елдері жаңа мекен, жаңа өріс іздеп, жер шарының түкпір-түкпірін кезіп кетті. Америка континенті ашылды. Үндістердің қаны судай ақты...

Хуан дель Валье-и-Кавьедес сондай бір дүрбелең тарихты басынан кешірген. Андалузияда туып, көне халықтардың көз жасы көл болып аққан Латын Америкасынан барып бір-ақ шығады. Перу байлығына бірден белшесінен батқан ата-анасы он екі жасар ұлдарын өз Отанына, яки Испанияға өнер танып, өнеге алуға жібереді. Атамекенінде үш жылға жуық шадыман-шатты ғұмыр кешкен бозбала жігіт мәдени орталықтың ортан қолдай азаматтарымен танысады. Толып жатқан ақын-жазушылармен, тіпті

Кальдеронның өзімен жақын дос болады. Өзі бай, өзі дарынды басы асау ақынға бұдан артық не керек?! Бүкіл Испания әдебиетшілері үміт артқан Валье-и-Кавьедес Перуіне орала салып, көп ұзамай маскүнемдікке беріледі. Кеведо дәстүрін одан әрі жалғастырушы ақын әкесінен қалған бүкіл дәулетті бірер жылдың ішінде-ақ ішіп тауысады. Сөйтіп байлықтан да, бақыттан да мүлдем жұрдай болған тұсаусыз, тізгінсіз дарын тез арада тоз-тоз боп құрып бітеді. Қырықтың үстіне шығар-шықпаста жыр аспанына жарқ етіп көтерілген жарық жұлдыз бір сәтте жалп етіп өше қалады. Бірақ зәрлі судың зардабын шегіп, запыран құсқан ақындар әулеті онымен қойған жоқ! Дерт одан әрі асқына түсті.

Уильям Шекспирдің өмірбаяны ойдым-ойдым. Ол кездерде оның не істеп, не қойғанын бір құдайдың өзі біледі. Ондай тұстарды халықтың аңызбен толғыратыны анық. Сол бір аңыз-әңгімелерге құлақ түріп көрсек, ол кездері ол Уорикширдің уытты сырасын бас көтермей сілтеген секілді. Тәңірі өзі талант-дарынды аямай берген әрі ақын, әрі актер Шекспир ішсе ішкен шығар. Бірақ өз басым ондай естеліктерді кездестіре алмадым.

Дегенмен арақтың істемейтіні жоқ. Дәлірек айтсақ, істетпейтіні жоқ.

Шериданның ғұмыры тұрған шырғалаң. Сол шырғалаңның ар жағында — ішімдік. Оның өзі салынып ішуді «дүниедегі тіптен кешіруге болмайтын жаман гадет» деген. Екі мәрте қойып та көрген. Бірақ соңғы аяқаста арақ бәрібір жеңіп кеткен. Басында бордодан бастап, портвейнге; одан кейін пуншқа; пунштан кейін өзегінді өртейтін негукке, брендиге, ақыр аяғында портвейнге қайта оралып, шырғалаңнан шыға алмай қойған.

Мюссе болса, оның аузы абсенттен (спиртке ашытқан жусан) босамаған.

Қырықтың қырқасына шыққаннан кейін Гетеннің өзі арақ-шарапқа кетәрі болмаған. Күніне бір шиша, кейде тіпті екі шишадан үзбей ішіп отырған. Қай кезде болса да оның дастарқанында шарап тұрған. Кешкі тамаққа жалпы құлқы жоқ екен. Бірақ бір-екі стақан шарап ішпей жатпайтын болған.

Күймеге мініп, серуендеп шыққан кездерінде жолда тоқтап, теңкиіп жатқан түйе тастардың үстіне бірдеңе төсеп, күймедегі шарабын алдырып, былғары аяққаптағы кесесін шығарып, шарап ішеді екен жарықтық.

Өлетін күні сағат ондардың тұсында шарап алдырып ішіпті.

Шиллер де ішкен көрінеді. Бірақ қатты шаршаған кездерде болмаса, ішімдікте көп шаруасы болмаған секілді.

Гофманның аздап асқазаны ауыратын еді, — дейді замандасы, әрі баспагері Карл Фридрих Кунц. Сол жанына батқан шақта сырқаттың уытын шараппен қайырады екен. Ондай тұстарда араға көп уақыт салмай, коньяк, ром немесе жиі-жиі арақ ішсе керек. Дәрігерінің ескерткеніне карамай, ол осынау жаман әдетінен танбаған. Қалай болғанда да оның сол бір тізгінсіздеу кезіне қатты разы бір адамы болыпты. Ол — «Райхан гүлі жанында» аталатын мейрамхананың иесі. «Ол бұлай ішпесе, мен бұлай байымаған болар едім» — дейді ол. — Гофман келген күндері менің мейрамханам бір жарып қалатын. Адамдарға толып кететін. Ақыннан асқан қандай жарнама болуы мүмкін!»

Байрон да шараптан бас тартпаған. «Бас тартпаған» деуім жай сөз, әрине. Шынтуайтына келсек,

үрлеп ішіп, шайқап төккен... Джон Хэнсонға жазған бір хатында «Шарап пен әйел Сіздің бейшара досыңыздың түбіне жететін болды» — десе, Томас Мурға жолдаған хатында «... Басқасын былай қойғанда, біраз шайқадым; бірде үш жолдас болып бас қосып, «Кокос пальмасында» кешкі бестен таңғы төртке, тіптен беске шейін сілтедік» — дейді, соған жазған келесі бір хатында «... біз қазір әбден шарап сасып кеттік. Мен біраз шараптың түбіне жеттім, шарап менің зердемнің түбіне жетті. Соңғы бір-екі сағат тұсында кекірік атып, не айтып, не қойғанымды білмеймін», — дейді.

Шарап жарысында Теккерейге тең түсетін деңгейлесі болмаған. Теккерейдің ішкенін басқа біреу ішсе, аяғы аспаннан келіп, омақасып жатады екен. Жай түскі тамақ үстінде бір шиша бордоны бір кесе шайдай ішіп жүре берген.

Гильберт К. Честертонды замандастары: «Сыра құятын күбі», — деп атаған. Өте көп ішкен. 1909 жылы әйелі оны Бекенефильд деген елді мекенге алып көшіп кеткен. Әйтпесе, көп кешікпей маскүнемге айналатынына әбден көзі жеткен. Сол кеткеннен олар он жыл бойына Лондонға оралмаған.

1842 жылы маскүнемдікке қарсы үгіт жүргізуші салауатты бір қоғам Уолт Уитменге тапсырыс беріп, арақтың зиянын түп-тамырына шейін қопара көрсететін роман жаздырмақ болады. Уитмен оны жазады да, «Жаңа дүние» атты шағын журнал оны жариялайды.

Біраз жыл өткен соң әйгілі ақын сол кездерді еске алып, «сол романды жазу үстінде, ара-арасында қолжазбаны қоя салып, «Қола саптыаяк» атты мейрамханадан стақандап джин ішіп келуші ем» — деп әзілдейді екен. Әзілі де сол, шыны да сол.

Корней Чуковскийдің бір естелігінде Америка Компартиясынан делегат боп келген негр ақыны Клод Маккей туралы мынандай бір көрініс бар. Жазушылар одағы оны әлгі ақынның аудармашысы және жетекшісі етіп бекітеді. Содан кейін Корней Иванович оны күнде сағат он екіде барып алып кетуге тиіс. Ал ол барғанда үнемі ұйықтап жатады да, барған кезде оянып, көсеудей ұзын қолын кереуеттің астына жүгіртеді. Оның астынан бір шиша суырып алып стақанға толтырып ішеді. Қарсы болғанына қарамай, бұған да ішкізеді. Сөйтіп, жұмыс күнін бастайды. Осы естелікті оқығаннан кейін мен АҚШ поэзиясы деген томды тауып алып, оның өмірбаянын іздедім. Ол өзі ертеректе, өткен ғасыр (XIX ғ.), оның да бас кезінде Ямайкадан келіп, Гарлемде тұрақтап қалған, «Гарлемнің көлеңкелері» атты әдемі кітаптың авторы екен. Таныстым. Өлеңдері бейнелі, сөздері шымқай бояулы суреткер ақын. Дансинг мейрамханасында швейцарь болып қызмет істеген.

Бүкіл ақын атаулыны маскүнем ғып көрсету — мақсат емес. Менде ондай ой жоқ. Ал енді ішпейтін ақын тағы аз.

Ішпеймін десең сенбейді. Сенбегені ештеңе емес-ау, сенің ақындығыңа күдіктеніп, қалай жазғаныңа қарай емес, қалай ішетініңе қарап бағалайтын да кез болған. Алғашқы жылдары ағаларымыздың ортасына түсіп, қоршауда қалған сәттерде талай рет «ішпейтін едім» деп жалбарынғанымда «онда сенің қай жерің ақын?!» — деген. Сол сөзді мен, ұмытпасам, үш-төрт рет мәрте естідім. Талай ауыр сөздерді тындап көргем, бірақ мен үшін бұдан ауыр сөз болған жоқ. «Ақын болмасам, ақын емес шығармын» деп өзіме-өзім күдіктенген шақтарым да бол-

ды. Артық айтқаным емес, күндердің күнінде талайлардың түбіне осы пәле жетті. Бізді құдай сақтады.

Дегенмен ішпейтіндер де болған екен. Мысалы, атакты драматург Бернард Шоу. Оның әкесі саудамен шұғылданып, өмірінің соңғы кездерінде шаруашылығын біраз шайқап алған. Ішкен. Ең ұятты деген жерлерінің өзіне мас болмай бармайды екен. Осыны көріп өскен Бернард ішімдік атаулыны сұмдық жек көрген. Арақ-шарап түгіл ол сыра, тіптен кофе ішпеген.

Эптон Синклердің әкесі шарап саудасымен шұғылданған. Шараптың төңірегіндегі шатақты көріп өскен сезімтал бала ғұмыр бойы ішімдікпен күресіп өткен. Бір мәрте де аузына алмаған.

Федор Михайлович Достоевский де сондай. Мен оның мас кезін көріп едім деген бір куәгер кездестіре алмадым. Ұстамалы ауруы бар адам, сонысынан қорықты ма екен, шарапқа, араққа жуымауға тырысқан. Көбіне-көп шампанның дәмін татумен шектелген.

О кездегі ақын-жазушылар қызық: кафелерде отырып жаза беретін болған. Николай Гумилев те сөйткен. Гренадин (сусынның түрі) не болмаса сүтсіз қара кофе ішіп отырып, шаруасын тындыра береді екен. Арақты да, шарапты да, тіпті сыраның өзіне де салынып көрмеген.

Корней Чуковский әлі келгенше ішпеуге тырысқан.

Степан Шипачев ішпеген. Шылым шеккен.

Багрицкий де сондай. Ол жалпы маскүнемдіктің етінен жек көрген.

Марина Цветаеваның естелігіне қарағанда, Максимилиан Волошин жаңа жылда бір рюмке шарап ішеді де, жыл бойына аузына алмайтын болған.

Леонид Вышеславскийдің естелігінде мынандай бір қызық көрініс бар. Бірде Пастернакты іздеп барады. Есік ашық тұрған соң төрге озады. Бірақ іште ешкім жоқ. Аркалы орындықтың иығында костюм асулы. Үстел үстінде қол сағаты жатыр. Бір жерде галстук. Үй иесі бір жаққа бірер минутқа шығып кеткендей.

Кіріп, босағаға жақын жердегі диванға жайғасады.

Бір мезгілде есігі шикылдап ашылып, шифоньердің ішінен Борис Пастернак шығады. Өзі көңілді, бірақ ыңғайсызданып:

— «Кешірерсіздер, құдай ақы, кешіре көріңіздер! — дейді өзінің жуандау даусымен. — Есік қаққан кездерде сендерді грузин достарым екен деп сасқанымшы. Олардың қолына бір түссең — шығу жоқ. Бірнеше тәулікке созылған ырду-дырду ішіс басталады. Күн сайын...»

Мұндай жүрегіне жылы естілетін әдемі фактылар кезінде маған кездеспеді. «Міне, көрдің бе? Сіздерше бұлар да ақын емес пе?!» деп көрсететін едім ғой талай рет намысыма тиген ағаларыма. Енді олардың көбі о дүниелік болып кеткен. Өлгенде де солардың көбі ақындықтарын дәлелдейміз деп өлген тәрізді көрінеді маған.

Ішкен ақындардың қатарын көбейтіп, тізімді соза түсу мақсат емес. Ондай мемориал тақтайдың кімге керегі бар?! Ақындардың ақындық болмысы бір-біріне қаншалық ұқсамаса, олардың әрқайсысының арақтан шеккен зардаптары әрқилы. Қанша ақын болса, сонша әуен — қанша ішсе, сонша қасірет. Ішудің аяғы — тозу, ішудің аяғы — ажал. Бұл, әрине, ортақ көрсеткіш. Қалғанының бәрінде олар біріне бірі ұқсамайды. Арақ жолындағы азаптарының өзі


бірінен-бірі сырттай айнымағанмен, іштей — бөлек. Демек, әрқайсысы бөлек сабақ, бөлек тағлым.

Бір сәтке Гетенің өміріне қайта оралып көрелік. Дастарқанынан ертелі-кеш шарап кетпеген ұлы ақын сексен бірге жетіп, өз ажалынан қайтыс болды. Ол сексен бірге жай келіп қана қойған жоқ. Үзбей жұмыс жасады. Өлеріне бір жыл қалғанда «Фаустың» екінші бөлімін аяқтайды.

Поль Верлен — француз поэзиясында, керек десеніз, әлем поэзиясында айрықша орын алатын айдарлы ақын. Бірақ Жюль Леметрдің айтуы бойынша, ол да «варвар, тағы, сәби...» Оны жақсы біліп қана қоймай, өмір бойы жақсы көріп өткен Анатоль Франстың өзі: «Сіз оны жынды дейсіз ғой... Әрине жынды...» деп жазған. Шарап ішкен кезде өзін-өзі ұстай алмайды екен. 1873 жылы 10 шілдеде Брюссель қаласында әдемі мейрамханада қатты қызып отырып ең қымбатты досы Артур Рембонь тапаншамен атып жібереді. Екі ақынның екеуі де бақытты болса керек, оқ Рембоньның қолына ғана тиеді. Жарақаттанған, яки зардап шеккен адамның қарсы болғанына қарамай, Бельгия соты Поль Верленді екі жылға еркінен айырып, екі жүз франк айып төлетеді.

Ал салыстырып көр. Гете де ақын. Верлен де ақын. Екеуі де ішкен. Бірақ екеуі екі түрлі ішкен. Екеуінде екі түрлі тағдыр. Демек екі түрлі сабақ, екі түрлі тағлым.

Сол Верленнің Латын Америкасындағы өзіне лайық ізбасары Хуан Рамон Хименестің айтуы бойынша: «Испан тілінде өлең жазатындардың ішіндегі ең ұлысы» — Рубен Дарио. «Поэзияда бүкіл бір өлкенің ақындары істей алмағанды жалғыз өзі істеген аса ірі талант өмірде тіптен берекесіз бол-



ған. Оны Мадрид кафелерінің бірінен көрген испан романшысы Пио Барохой былай деп жазады: «Тығыршықтай, бұзаубас. Бұйралау қара шашы бар. Беймәлім мұңға толы көздері одан бетер сығырая түскен. Сөйлемек түгіл, тыңдамайтын тәрізді. Біреулердің айтуына қарағанда, анда-санда «ғажап» деп қоятын көрінеді... Бұл — ақын Рубен Дариоңыз талмай тартатын нағыз тарланның өзі болса керек». Ие, тарлан десе, тарлан. Бірақ тынымсыз ырду-дырдудан тарлан да титықтайды. Темірдей төзім күн санап, ай санап, тоза бастайды. Біресе күнәға белшесінен батып, біресе сол күнәсына өзі өкініп, мейрамхана мен мінәжатхананың екі арасында кабырға сағаттың теңселмесіндей, мәңгі сергелденге түскен дарын бірте-бірте шөге береді, шөге береді.

Осы кезде Бірінші дүниежүзілік соғыс басталады. Соғыс атаулыға әбден қаны қас жалынды жүрек Америка Құрама Штаттарына барып, лекциялар оқиды. Бірақ онда ақынның ақылы да, запыран боп шыққан ащы зары да ешкімге керегі жоқты. Қаражаты таусылып, оның үстіне өкпесіне қатты суық тиіп, жанашыры жоқ жат жерде ақын қаңғып қалады. Міне, осындай ауыр сәттерде Гватемала диктаторы Эстрада Кабрераның арнайы шақыруынан тәкаппар талант бас тарта алмайды. Ал әлгі жырқұмар диктатор ауру ақынды хан сарайындай сәулетті қонақүйге орналастырып, келем деушілерге де кедергі жасамайды. Қанша ішсе де сараңдық істемендер, аямандар деп, тегін виски мен тегін шарапты жәшік-жәшігімен әкеліп қояды. Біле-білгенге бұдан абақтының өзі артық емес пе? Осынау «қонақжайлықтан» өліп-талып әрең құтылған дертті дарынның туған жерге тек салдыраған сүйегі ғана жетеді... Енді оны баяғы Рубен Дарио

деу қиын еді. Бірер күндік ғұмыры ғана қалған тірі аруақ! Оны көру үшін сол кездегі Никарагуа, Гватемалаға бару міндет емес. Ондайларды біз өзіміздің Алматымыздан талай-талай жолықтырғанбыз.

Ішімдік шіркіннің бір ғаламаты — жер тандамайды. Бір елде ол — миуа-жемістің шырынынан жасалса, бір елде — арпадан, бір елде — күріштен, бір елде — жылқының сүтінен жасалады. Қай халықтың болса да басын айналдырған арақ пен шарап бүкіл адамзаттың ортақ «сусынына» айналған. Ол тіпті күн қақтаған құмды шөлді шарлап, ит тұмсығы өтпейтін қалың нулардың ішіне терең бойлап кіріп кеткен. Басқа әріптестерімен салыстырғанда сабырлырақ, байсалдырақ, ұстамдылау келетін қытайлық, вьетнамдық қаламгерлердің өзі арақ деген антұрғанға бола арандап қалған кездері болған.

Ли Бо — Қытайдың ұлы лиригі. Хан сарайында қызмет атқарып, тәп-тәуір тірлік кешіп жүргенде оған императордың әйелі ғашық болып, өле жаздайды. Ақылды ақын ол махаббаттан бас тартады. Соның бәрін сырттай қадағалап, Ли Боның адалдығына іштей ырза болған император асыл қазына артқан елу есек сыйлап, ақынның қайда барам десе, сонда баруына рұқсат етеді. Ли Бо астанадан шыға сала ағыл-тегіл байлықты шашуға кіріседі. Жол бойында кез келген жерде той жасап, кедей-кепшіктердің қарнын тойдырады. Қайдағы бір бейтаныстардың қалтасына қаржы салып, кез келгеннің иығына шапан жабады. Шарап деген судай ағады. Ақыры ақын қолдағысының бәрін үлестіріп болып, одан әрі салт басты, сабау қамшылы жаяу кетеді. Яңцзы өзеніне жетіп, соның жағасында мекендеп қалады. Түнде қайыққа отырып, айдыңға түскен ай сәулесін қызықтайды. Бір жолы, әрине, масан



күйінде, сондай бір ай сәулесін аймаламақ болып, еңкейе бергенде қайығы аударылып, суға кетеді. Өзі суға, дарыны араққа батып өлді деген осы!

Ким Хванвон – Шығыс таудың заһиты және дуанасы атаған әуейі ақын шарапсыз жүре алмайтын болған. Онда бір ғана мүдде – бір кесе шарап тауып ішу. Таба алмаған кездері жағдайы жағдай емес. Әсіресе, түн ішінде.

Қызыл қақпа аузыңа су тамызбас,
Түн ішінде шөлден өлер нағыз бас.
Тамшы шарап табылмайды бұл шақта,
Есік қағып, елді бекер шаршатпа!
Өзімдікі емес, сірә, өз санам,
Жыным ұстап, төңірекке көз салам.
Тірі жан жоқ түсінетін ымдасып,
Қара тасты құшақтадым, мұң басып.
Қашан? Қашан? Қашан атпақ бұла таң?!
Шерлі жүрек, қайтіп сені жұбатам?!

Қалай десек те, салауатты адамға маскүнемнің жан сыры әр уақытта жұмбақ, құпия боп қала бермек.

Фам Тхай – хан сарайының зиялы өкілі. Әскери отбасында туған белгілі Вьетнам ақыны. Әкесінің жолын қуып, тайшондықтарға қарсы күреседі. Ле династиясын қалпына келтірмек болады. Бірақ одан ештеңе шықпайды. Ғашық қызын әке-шешесі басқа біреуге беріп, дүниеден әбден түнілген Фам Тхай маскүнемдіктің абыройсыз жолында азаппен өледі.

Дерт. Дерт. Қайсыбір ақындар үшін дәстүрге айналған дауасыз дерт. Одан зардап шекпеген бақытты әдебиет бар ма екен өзі?!

Қолда бар деректерге қарағанда, орыс әдебиетінде арақ деген өзәзілдің алғашқы құрбаны Ермил


Иванович Костров болғанға ұқсайды. Алдымен славян-грек-латын академиясында оқып, кейін Мәскеу университетін бітірген дарынды жас сол өзі білім алған ғылым ордасының ресми ақыны болып тағайындалады. Грек және Рим әдебиетімен әбден таныс Ермил Костров өзінің шығармашылық жолын Апулейдің «Алтын есегі» мен Гомердің «Иллиадасын» аударудан бастайды. Ол екі аударманың екеуі де өз замандастарынан аса жоғары бағаға ие болады. Алайда сол кездегі ақшамен жылына мың жарым сом еңбекақысы бар, қолы бос ақын маскүнемдік жолына қалай ерте түскенін байқамай да қалады. Университет әкімшілігі салтанатты сәттерге қажеті боп жабыла іздеген кездерде қызмет орнынан, не үйінен таппай, көбіне-көп оны ішкіштігімен аты шыққан дьяк досының мекен-жайынан немесе арақ иісі аңқыған кабактардан табатын болған. Үздіксіз сілтеудің салдарынан тұла бойын түгел уландырып, денсаулығын ерте құртқан елеулі талант артына бірнеше өлең, бірер аударма қалдырып және бір қап анекдот қалдырып, 1790 жылы отыз бес-ақ жасында дүниемен қоштасады.

Ермил Костровқа таң қалатын ештеңе жоқ. Қаулап көтеріле бастаған орыс поэзиясының алғашқы легіндегі Александр Сумароков осы арақтың аяғы неге апарып соғады екен деп ойланбаған. Іркілмей ішкен.

Данышпан Ломоносовтың өзі ұзаққа созылған аламан ішіс кезінде Академиясының хронометріне шейін сатып жіберген.

С. Тхоржевскийдің «Биік баспалдақтар» атты кітабынан бір үзінді келтіріп көрелікші:

«Күйменің ішінде орыс ақындары жөнінде әңгіме болып қалады.



- Шетінен маскүнем! – дейді бір жолаушы.
- Полонский де ме? – дейді екінші біреуі.
- Көзін ашпай ішеді! – дейді әлгі алғашқы жолаушы.

Лобазников үнсіз ғана жымылып қояды. Полонскийдің аузына арақ алмайтынын, оның барып тұрған тақуа-сопы екенін білетін. Бірақ бейтаныс біреулермен тәжікелесіп жатқысы келмеді».

Міне, осы, «Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан». Он әріптесің ішкен соң, бір әріптесіңнің ішкені не, ішпегені не? Ішіп жүрген онынды көрген халық он біріншінді сол онның қатарына қалай-солай қоса салады.

Ермил Костровтың өзі өлгенмен, «бастамасы» өлмей, оның орнын Воронеж помещигінің баласы Михаил Васильевич Милонов басады. Шалқыған дәулетті болмағанмен, ішіп-жерлігі жеткілікті, өз ортасы үшін ауқатты саналатын, орташа шаруадан шыққан ақын байлық жағынан басқа тұрғыластарына ілесе алмайды. Күндердің бір күнінде орыс Ювеналы болуды барынша армандаған азаматтық поэзияның ақ көңіл өкілі сан алуан себептермен істеп жүрген жұмысын тастайды да, ауру мен аштықтың ауылынан бір-ақ барып шығады. Рухани омыртқасына тағдыр тоқпағы қатты зақым келтірген Михаил Милонов өмірінің соңғы кезінде ақындық жағынан да, азаматтық жағынан да үнемі құлдыраумен болады. Трактирдің даңғаза тірлігіне таптырмас талантын өз еркімен айырбастап, Ермил Костров секілді бұл да енді қайтып оралмас жолға түседі. Бірде ол арақтан тапқан жаңа әдет-дағдысы бойынша алқа-салқа, кір-кір күйінде Гомердің белгілі аудармашысы Гнедичке келеді. Жанашырлық білдіріп, ақыл айтқан әріптестерінің сөзінен

жүйкесі босап: «Ана жақта, тек ана жақта, — дейді ішімдіктің буына әбден балқыған Милонов саусағымен аспанды нұсқап, — Тек сол арада ғана көрген қорлығымның кимасын қайырам!» «Бауырым, — дейді оған Гнедич сипай сөйлеп, — Өзің бір айнаға қарашы. Мына күйінде сені сол жақта қабылдай қояр ма екен?!» Иә, болашақтың өзіне адам қонаққа барғандай жып-жинақы, тап-таза жетуге тиіс қой. Бірақ арақ атты аяр жыланның арбауына тап болған торғай талант әдетте бар пәлені бүгінге жауып, бар жақсылықты ертеңнен күтеді. Күту де дұрыс, әрине. Әйтсе де, күтіп қана қоймай, келешектің де көңілін таба білгенге не жетсін! Өкінішке қарай, Михаил Милонов олай істей алмаған. Ф.Ф. Вигель өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Милоновтың үлкен талантын тіптен көтеріле алмай қойған жас күннің алғашқы шапағына тенеуге болады. Мұндай талант Грамматинде де жеткілікті еді (Грамматин — Милоновтың замандасы, қырық бір жасында қайтыс болған дарынды ақын). Ол да алысқа ұзай алған жоқ. Біріншісі өзін-өзі шарапқа, дәлірек айтсақ, араққа тұншықтырып құртты...».

Тірлік тауқыметіне, әсіресе, ұзақ жылдарға созылған әскери азап, казарма тұрмысына тіптен шыдамаған өте дарынды орыс ақындарының бірі Александр Полежаев. Ол да құса толы жүрегін, қасірет-мұңға толы көңілін ішімдікпен шаймақ болса керек. Петербургке барып, азамат басына азаттық алып құтылам деп үміттенген аңғал ақын 1829 жылы әскери парызын атқарып жүрген өз полкын рұқсатсыз тастап кеткені үшін соттың шешімі бойынша, унтер-офицер деген әп-әдемі шенінен айырылады. «Сашка» деген поэмасы үшін Николай біріншінің қайырымсыз қаһарына ұшыраған Алек-



сандр Полежаев, бұрынғысы бұрынғы ма, енді одан да жаман халге душар болады. Ол кездері қатардағы жауынгерді кез келген кіші офицердің орынды-орынсыз қорлай салуы, кейде тіпті дүреге жығуы әбден заңды деп есептелетін. Міне, осылай тұйыққа тіреліп, одан абыроймен шығудың шарасын таппай, шақшадай басы шарадай болған Александр Полежаев барлық өшін ішімдіктен алады. Бірте-бірте, бірте-бірте арақтың уы ақылына тарап, ақшасыз қалған сәттерде қолындағы бар дүниесін шишаға айырбастайтынды шығарады. Бас жазатын түк таппай, миы мең-зең боп, көзі қарауытқан қасиетсіз сәттерде үстіндегі әскери киімін әлдекімге сатып, араққа бір тояды. Тойғаны бар болсын, офицерлер оны аямай сабайды. Дүренің ауыр болғаны сондай, жолдастары сұлық жатқан сорлы ақынның арқасынан бір апта бойы шегедей қадалған шыбықтың ұсақ жаңқасын суырумен болады. Соның бәрі шымбайына батып, күндіз-түні күйзелумен азып-тозған талайсыз талант әскери ауруханада дүние салады.

Трилунный (Дмитрий Струйский) – Александр Полежаевтың немере бауыры. Александр мен Дмитрий – Леонтий және Юрий Струйскийлердің, яки ағайынды екі адамның күндерінен таптырған ұлдары. Сол ағайынды екеуінің біреуі – Юрий Струйский ғана 1818 жылы Дмитрийдің шешесімен неке қиысып, Трилунный Мәскеу университетіне толық праволы дворян дәрежесінде оқуға түседі. Ол әдебиетке ерте беріліп, көркем жанрлардың бәрінде дерлік өз күшін байқап көреді. Өленді былай қойғанда хикаят, роман, пьесалар жазады. Музыкант, музыка сыншысы, тіпті сазгер ретінде де көзге түседі. Отызыншы жылдары суретшілікпен де шұғылданады. Бірақ берекесіз богемдік тірлік жұмыр ба-

сын жарға да, шарға да соққан жан-жақты талантты жындыханаға апарып бір-ақ тынды. Кейбір деректерге қарағанда ол 1856 жылы Овернде (Франция) ақылынан алжасқан ағайындар арасында дүниемен қош айтысады. Бұл өлімнің ар жағында да арақ жатқанын әдебиет тарихы жақсы біледі.

Сол кездегі той-тамаша, сауық кештердің сүйікті серкелерінің бірі – Константин Александрович Бахтурин болғанға ұқсайды. Он шақты жыл атты әскерде қызмет еткен салқамсоқ сері ешқандай ортаны жатырқамаған. Александр театрына бір емес, бірнеше драма жазып, актер қауыммен жақын танысып үлгерген желөкпелеу жас жігіт өзінің жеңіл-желпі әзіл-қалжынымен, әсіресе, аяқ асты суырып салма ұшқырлығымен сол кездегі әдеби ортада бірден көзге түседі, елдің назарын аударады. Алайда алдына қойған ешқандай мәнді мақсаты жоқ, дарақылау дарын бар ғұмырын дастарқан басында өткізеді. Аяқ-қолы балғадай, денсаулығы темірдей шымыр жігітті сол дастарқан, дәлірек айтсақ, арақ, әрине, өз қолымен апарып көрге тығады.

Замандастарының естеліктерінде Полежаев, Бахтуриндермен қатар аты аталатын осы іспетті ақындардың бірі – Владимир Соколовский.

1834 жылдың жазында ойда жоқ жерден Мәскеу полициясы жансыздары жеткізген жаманат хабарды тілге тиек етіп, бірнеше ақын-жазушыны түрмеге қамап, жауап алады. Олардың ішінде Герцен, Огарев, Оболенский және тағы басқа толып жатқан қаламгерлер болды. Жауап алу үстінде бұл мәселенің негізгі айыпкері «Орыс императоры» атты ащы өлеңнің авторы Владимир Соколовский екені ашылады. Дереу Петербургте әскери-губернатор канцеляриясында хатшының жәрдемшісі болып



жұмыс істейтін Владимир Соколовскийді Мәскеуге жеткізеді. Ол, әрине, мойындамаған болады. Бірақ соған қарамай, аурулығына байланысты әскери міндеттен босатылған әлжуаз ақын Шлиссельбург қамалында ұзақ отыруға тиіс жерінен ұлы князь Михаил Павловичтің ара түсуі арқасында Вологдаға жер аударылады. Айдауға төзгенмен, араққа төзу қиын. Бір емес, бірнеше мәрте қойғысы келіп, әлденеше жыл ақ жынмен арпалысқан жігерсіз жан барған жерінде көп өмір сүре алмайды, отыз бір жасында опат болады.

Бір ғажабы: Полежаев, Бахтурин, Соколовский туралы да әдемі естелік қалдырған аздаған авторлардың бірі Сатиннің өзі ақыр түбінде әлгі ақындармен тағдырлас, дергтес, тіпті ажалдас боп шыққан. Герценнің «Өткендер мен ойларында»: «Жарқын мұрат ұстанған, жартылай сәби арманның соңына түскен жас өспірім», — деп бағаланған Николай Сатин кезінде Герцен мен Огаревке «... менің сендерді сүюіме үшінші бөлім түгіл, отызыншы бөлімнің өзі кедергі жасай алмайды», — деп жазып жүрген ыстық ықылас иесі, сол ақын, сол әдебиетші заманында Тургеневпен, Григорьевичпен, Некрасовпен араласып, жалпы «Современник» журналының өз адамы есептелген. Бірақ сол дәуірдің «артық адамы» іспетті өмір сүріп, өзінен-өзі іштей құлазыған Николай Сатин де көлеңкелі ғұмырына жалған сәуле түсіремін деп, құмар ойынға салынып, үзбей арақ ішеді. Сөйтіп, оның да түбіне ішімдік жетеді.

Тургеневтің Фетке жазған бір хатында мынандай жолдар бар: «Григорьев көзін ашпай ішеді...»

Ал Сонцевке жолдаған хатында Полонский: «Осыдан үш күн бұрын маған Помяловский келіп кетті. Жас жігіт, өте ақылды, өте дарынды. «Совре-

менникте» жарияланған хикаятын ел жақсы қабылдады. Сол түнде не істеді дейсіз ғой? Арақ тола графиннің қайда тұратынын байқап қалған қонағым таң атқанша соның тамшысын да қалдырмапты. Арақты қойшы, арақ қымбат емес, адам қымбат. Бұл да сол Апаллон Григорьевтің жолымен бара жатыр – құриды ғой», – деп жазады.

Пантелеевтің айтуына қарағанда, қайтпас қауіпті жолға түскенін Помяловскийдің өзі де түсінген. Өзіне-өзі түк істей алмай, отырып алып жылайды... Бар күш-жігерін жұмсап, бір-екі апта ішпей, бірақ содан кейін одан әрі төзбей, қайта кіріседі екен. Сол ішкеннен ішіп, қарасын жоғалтып, қайдағы бір қора-жайлардың арасынан табылып жүріпті. Бұл да сол С. Тхоржевскийдің «Биік баспалдағынан» алынған мысалдар.

Салтыков-Щедрин, Островский, Достоевский, Лев Толстойдың замандасы, алайда олармен иық тіресіп, қатар жүруге тағдыр мүмкіндік бермеген тауфиықсыз таланттардың бірі – Иван Захарович Суриков. Ол өмірі мектеп есігін ашпай өткен, әйтсе де көзі ашық көршілері арқасында қара танып, өз бетімен білім алған қарапайым халық өкілі. Күндіз-түні үзбей ішетін дүлей әкесінің дөрекі тірлігін көріп, төңірегінен түңіліп өскен жас, белгілі орыс ақыны Алексей Плещеевтің ұстаздық етуі арқасында біраз әдеби мұра қалдырған. Ол басқа қаламдастарымен салыстырғанда қай-қай жағынан да халыққа ең жақын тұрған ақын. Біраз азаппен басталған ауыр тірлік табиғи талантты барынша титықтатып, ол тіпті өзін-өзі өлтірмек те болған. Осындай кезде, бәрімізге белгілі, дүниеден түңілген дара дарынға ағайыннан бұрын арақ жететін әдеті ғой. Иван Суриков та жанашырлықты адамнан



күтпей, ішімдіктен іздейді. Бұрынғы көкірек ауруының үстіне жүйке дерті қосылып, ұйқысы қашады. Ең болмаса, қалжырағаннан қалғып кетермін деп, ішкен үстіне ішеді.

Иван Суриков туралы әңгіме ете отырып, оның екі әріптесі: Степан Григорьев пен Дмитрий Жаров жөнінде бірер ауыз сөз айтпау мүмкін емес. Жас шағында өкпе ауруына шалдыққан Степан Григорьев шарапқа салынып, отыз бес жасында, ал «Мейрамханадан шықпайтын» (М.А. Козырев) Дмитрий Жаров отыз тоғыз жасында жарық дүниемен мезгілсіз қош айтысады.

Константин Михайлович Фофонов өзі тағдырлас орыс ақындарының ішінде оқшау тұлға. Отбасындағы он перзенттің бірі болса да, бала кезінде жоқшылық көрмей, желкілдеп өскен жас дарын мектепке тіптен ерте барып, сауатын тіптен ерте ашады. Ойлы да өнегелі өспірім он жасында «Ақылдың азабын» басынан аяғына шейін жатқа біледі. Ақындардың өмірбаянын іздеп жүріп, ілтифатпен оқиды.

Сегіз жасында, әріптің басын құрар-құрамастан пьеса жазады. 1887 жылы тұңғыш өлеңдер жинағын құрастырып шығарады. Яков Полонскийдің қолдауымен Ғылым академиясы жыл сайын беріп тұратын Пушкин сыйлығына ұсынылады. Міне, осылай барынша жақсы басталған шығармашылық ақынның аты шығып, шырқай дәуірлеп тұрған кезде арақ деген әзәзілге жолығып, шалқыған шабыт жүрісінен жаңылады. Константин Фофоновтың психикасында қолайсыз қозғалыстар басталады. Арақ оны әбден аздырады. 1904—1905 жылдары Новгородта, Көне Руссада жадап-жүдеген маскүнем ақынды бір емес, бірнеше рет көр-

ген Максим Горький ол туралы былай деп жазған: «Алба-жұлба, әбден әжуаға айналған, бірақ қанша мас болса да, оның аспан түстес мөлдіреген көк көзі сол Репин суретіндегідей нұр шашады да тұрады». Өстіп тағдыр тәлкегіне тап болған талантты тұлға өзінің туған күніне бір-екі күн қалғанда ақын деген атын маскүнем деген атпен айырбастап дүние салады.

Константин Фофоновтан бес-алты-ақ жас кіші Константин Бальмонт табиғатынан жеңілтек, алып ұшпа, әпенделеу болған. Арақ аузына барса, жеркөкке сыймай кетеді екен.

«Бальмонтты көргенде жұрттың зәресі ұшатын: қашан жолықсаң да, қай жерде жолықсаң да удай мас, тіпті ақылға сыймайтын оғаш әрекеттер жасайтын.

Сондай сұмдық қылықтарының бірі — өзі тұратын биік үйдің бесінші қабатынан тұрмыс бұйымдары мен жиһаздарын лақтыру...» — деп жазады көп жылдар бірге тұрған эмигранттық суретші Александр Бенуа.

Бір күні ол қатты мас болып Париж көшелерінің бірінде етпетінен жатып ұйықтап кетеді. Асығып бара жатқан күймелі жандар мас ақынды мысық құрлым көрмей үстінен басып өтеді. Ал Бальмонт ашу шақырудың орнына, қуанғаннан атып тұрады. Қуанбай ше! Дүниенің қай бұрышында қай ақын арбаның астынан аман шығып еді?! Сап-сау! Түк болмағандай. Ертең бүкіл Париж болып ол туралы әңгіме айтады әлі. Сенсация!

Мас болғалы қашан маған!

Шегедей

Шарапхана сөресіне қағылғам.

Сенікі жөн, албастысы арақтың.
Сезем мен де:
Шын ақиқат шарапта!

Ғаламат! Қазақша айтқанда: әлем поэзиясын түгелдей езіп ішкен шежіре оқырман болмаса, тап осы бір төбеден түскендей тарпаң тармақтарды, кім айтса, сол айтсын, әйтеуір Блок айтты дегенге ешкім илана қоймас еді. Алайда ақиқаттан мықты не бар? Сенуіңе тура келеді. Өнерге ғана емес, кез келген ұсақ шаруаның өзіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын аса ұқыпты, шашасына шаң жұқтырмайтын барынша таза, тәкаппар Блоктың да белгілі бір кезеңі, байқап бақсаңыз, Атлантида сияқты шарап шалқарының астында қалған.

«Бұл 1907 немесе 1908 жылдардың бірінде болған-ды. О кездерде ол қатты ішіп жүрді» деп жазады ақынның немере бауыры Георгий Петрович Блок.

«Отызға енді-енді толған Блок қырықтан баяғыда асып кеткендей кәрі көрінеді» деп жазады әрі ақын, әрі әдебиетші Борис Садовский.

Сол естеліктегі Александр Блоктың өз аузынан шыққан мынандай бір әңгімеге амалсыз елең ете қаласын: «Әр түн сайын Нева даңғылы бойындағы Николаев вокзалынан бастап, Теңіз айлағына дейін орналасқан мейрамхана атаулының бәріне кезегімен кіріп, бір-бір қадақ шарап ішіп шығамын да, келесі күні танертең біреудің нөмірінен табылам!»

Рас, 1905 жылдан бастап ақынның жеке басы үшін аса бір ауыр дәуір басталды. Өліп-өшіп қосылған сүйікті жары Любовь Дмитриевна (атақты ғалым Менделеевтің үлкен қызы) белгілі ақын Андрей Белыймен «ауырып», 1908 жылдың күзінде ғана

бірте-бірте жазылғандай болады. Бірақ жүрекке түскен сызат әйнекке түскен сызаттан жаман. Әйнек сол сызаттан сынып, адам сол сызаттан өліп тынатын көрінеді ғой! Ең үлкен емші уақыт дегенмен, әйелі екеуі қайта табысты дегенмен, ақынның сол дерті сол күйінде қалған тәрізді.

Оныншы жылдардың бас жағында Блокпен жиі-жиі жолығып тұрған белгілі замандасы Елизавета Юрьевна Кузьмина-Караваева ақынның со бір кездегі көңіл-күйін, хал-жағдайын былайша баяндайды: «Содан ол үйде қамалып отырып алатынды шығарды... Телефон трубкасын аударып тастайды, келген хаттарды оқымайды, адам баласын қабылдамайды. Көзге түспейтін алыс жерлерге, қала сыртына барып серуендеп қайтады. Біреулердің айтуына карағанда ішіңкіреп жүрсе керек».

Сол ішімдіктің салдары ғой, әрине. Арақ-шарапты қойып кеткеннен кейін де біраз жылдар Блоктың қолы қалтырап тұратын болыпты.

Арақ адамның шыңырауындағысын шығарып, тереңде жатқан дүлейін оятады. Леонид Андреевті жалғыз жіберу қауіпті еді дейді замандастары. Ол отырып іше бастағанда жыны да ояна бастайды екен. Жынның момыны болмайды-ау деймін. Ол одан кейін бүлдіруге, қиратуға дайындалады. Қашан ақылынан әбден айырылғанша (әдетте ол мас болмайды екен) қатты қызатын еді дейді. Қиялы шарықтай, миы қорғасындай қайнап, сөздері сұмдық найзағайдай жарқылдап, мүлдем өзгеріп кететін еді дегенді айтады, оны сондай жағдайда көрген әріптестері.

« — Сен жалпы жаман адамсың, — депті Леонид Андреев бір жолдасына: — көп ішесің, бірақ мас болмайсың, сондықтан да сенің ұрпағың маскүнем

болып тууы мүмкін. Менің әкем марқұм сондай еді. Мас болудың не екенін білмейтін. Міне, көрдің ғой менің кім болып туғанымды. Тап-таза есірік! »

Шынында да осынау әкеден жұққан емі жоқ ауру-дерттен арыла алмай азап шеккен. Ал өзі қандай жазушы! Қандай дарын! Тұрған құдірет!

«Күлсең көріге күл», — дейді қазақтар. Күлсең маска күл дер едім мен. Маскүнемге емес. Маска күлу күнә! Маска күлуге болады. Өзгертіп айтсақ, күлмеуге болмайды. Мاستың сөзі де, іс-әрекеті де күлкінді келтіреді.

Орыстарда Константин Вагинов деген ақын болған. Корней Чуковскийдің куәландыруына қарағанда қызық адам секілді. «Ішкенде де көп ішпейтін еді, — дейді Корней Иванович. — Бір ғажабы ішкен сайын жақсара түсетін, биязылана түсетін. Және бір қызық мінезі: түгел ішілмеген шишаларды терезе жапқыштың артына, үстелдің астына, не басқа бір жаққа тығып отыратын. Отырыстың аяғына шейін арақ жетпей қалады деп қорқатын. Осыған байланысты мынандай бір өзінің өлеңі де бар:

Жаман нәрсе жоқ шығар мына жалған ғаламда
Түн ортасы ауғанда арақ бітіп қалғаннан!

Ақын ретінде де, азамат ретінде де, тіпті редактор ретінде де Александр Твардовский орыс қоғамында орны мүлдем бөлек ерекше тұлға еді. Бірақ оның да түбіне жеткен — ішімдік. Қызметтестері де, әріптестері де, жанашырлары да жаппай осынысын айтып қайғырады. Ақынды өте жақсы білетін адамдардың аузынан талай естігенмін: кейде ол командировка алып, алыс, тіптен алыс түкпірге кетеді. Сол түкпірде қалың тайганың кісі бара бермейтін бір әдемі мекеніне — орманшының үйіне тоқтап, сол

оңашада он-он бес күн құмардан шыққанша ішеді. Содан кейін бір күндері әйтеуір бірнеше мәрте моншаға түсіп, ыстық будың астында борша-борша боп терлеп, сақал-мұртын алып, түк көрмеген адамдай тап-таза боп Мәскеуге оралады да міндетті жұмысына жігерлене кіріседі екен.


«Новый мир» журналынан босап, сол ішімдіктің салдарынан қатты науқастанып, үйде жатқанда да ішуін тоқтатпаған. Әйелі оны қамауда ұстағандай-ақ ұстапты, бірақ ештеңе істей алмапты. Шығармашылыққа, жалпы әдеби шаруаларға байланысты бұрынғы қызметкерлеріне тапсырма береді де, ал олар ұлы акынның айтқанын істеп, саяжайындағы ағашының түбіне шиша әкеліп көміп кететін көрінеді. Бау-бақшасында қыдырып жүрген қожайын әйелінің көзін ала беріп, әлгі шишаны түгел төнке-ріп ішеді екен. Естіген құлағыңа сенбейсің. Соны басқа емес, Твардовский істеді дегенге сенбейсің.

Кешегі Кеңес өкіметі кезіндегі тпу десе түкірігі жерге түспеген әдеби тұлғалардың бірі — Николай Погодин. Туған-туысқандарының айтқанына қарағанда, ол бірде Америкаға барып қайтыпты. Келгеннен кейін ешкіммен ештеңе жайлы сөйлеспепті. Өзімен-өзі іше беріпті, іше беріпті. Сол ішкеннен өлгенше ішіпті. Ол да құдай берген талант еді.

Евтушенконың бір мақаласында Әдеби институтта оқыған петрозаводскілік Володя Морозов туралы айтылады. Өкінішке қарай, өте көп ішетін еді.

Менің есімді кіргізген — соның мезгілсіз өлімі. Әйтпесе, кім болып кететін едім мен дегенді айтады Евгений Евтушенко.

Бір жылдары Әдебиет институтының баспалдақпен көтерілер биік қабырғасына ілінген Пушкин, Лермонтов, Некрасов суреттері аяқ астынан



ұшты-күйде жоғалып кетеді. Қалай ұрланған, кім ұрлағанын біле алмай, басы қатқан комендант ойында түк жоқ, басқа бір шаруамен жүріп, таныс студенттер есігін ашып кеп қалса... өз көзіне өзі сенбейді! Үш классиктің әйнектелген суреттерін қабырғаға сүйеп қойып, төртіншісі өзі болып, еденге қойылған бір шөлмек арақты тауысуға таянған Николай Рубцовты көреді.

— Мұның не, әй? — деген коменданттың сұрағына.

— Сырласатын тірі жан таппадым! — деп күмілжиді қысылып қалған қызулау ақын.

Иә, арақ шіркін не істетпейді?!

Аузына арақ барған адам кейде тіпті арыстанның өзін танымайды. Арыстан демекші...

Айтыс кезінде алдында отырған адамын шыдатпайтын, шапшаң да шалт Иса Байзақов туралы Сәбит Мұқанов өзінің үш томдық естелігінің ақырғы кітабында былай деп жазады. «Араққа ол ертерек үйір болған кісі екен... Мінезі жағынан, әсіресе, ішіп алған шақта Иса шөлкес, ұрысқак, төбелескіш адам болыпты... Тілі аса шайпау, бейпіл ол күші келмейтін адамның жер-жебіріне жетіп, анау қашып құтылмай маза бермейтін.

Иса ішіп алған шақта Қажымұқанның тыймак болып алара қарауына да, күрілдеп сөйлеуіне депысқыра қарап, мазасын алып бара жатса, төбелесе кетуден тайынбайтын. Күш жағынан Иса Қажымұқанның шертуіне келмейтін адам ғой, сөйте тура Иса жағасына жармасқан шақта, тышқаннан қорыққан пілдей Қажымұқан қол қатпастан «Ау, мынаны тоқтатсандаршы!» — деп күжілдеп, бақыра бастайды. Кейбір құтырған шағында Иса маяға қонған қораздай боп, Қажымұқанның үстіне мініп алады.

Ең көп ішті дегенде Исаның жетер мөлшері жарты-ақ литр. Одан әрі басына ие бола алмай қалады».

Мен өз басым Иса Байзақовты көріп үлгерген жоқпын. Бірақ осы іспетті мінез-құлық кім-кімге де әбден таныс болса керек!

Ақындар арасында арақ және арақтың пайдазияны туралы әңгіме бола қалса, ол міндетті түрде Сергей Есенинге келіп тіреледі. Басқа ешқандай дәлелі, арқа сүйер өзге құдірет таппаған ішкіш атаулының бәрі бірден ұлы ақынның осалдығын бетке ұстайды. Иә, рас. Рас! Сергей Есенин сирек дарын ретінде ғана емес, ішкіш ретінде де аты шыққан әйгілі адам. Бірақ дәл осы мәселеде Сергей Есенинді мысалға келтіру үшін, оны барынша жақсы білу керек. Өлеңін ғана емес, өмірін де.

Емеспін мен ем қонбайтын маскүнем! —

деп тегін айтпаған ол. Есениннің ішкіштігінен гөрі «Есенин — ішкіш» деген аңыз әлдеқайда басымдау. Ал шындыққа жүгінер болсақ, белгілі бір кезеңдер: айлар, апталар демесек, оның өмірі ылғи да сол пәленізден қашумен өткен сияқты ғой.

Ойда жоқ жерде Маяковский мен Есенин Кавказда жолығып қалады.


— Мәскеуден бе? — деп сұрайды Владимир Владимирович.

— Солай деуге де болады...

— Астанадан қашып шыққансың ғой!

— Өзімнен қашып жүрмін. — Маяковскийдің сұрағында да, Есениннің жауабында да толып жатқан мән бар. Керек десеңіз, өзара түсінісу бар.

«Жұмыс істетпейтін жабысқақ қонақтардан Есенин жанын қоярға жер таппаған» — деп жазса,



ақын жанында көп жылдар бірге жүрген жақын жолдасы Матвей Ройзман: «Қайдағы бір құзғын-достар оған жабысып айырылмайтын... Мұндай өте ауыр тұрмыс жағдайында жұмыс істеу тіптен мүмкін емес еді!» — дейді Корнелий Зелинский.

Кім не демейді?! Ақтағысы келген адам не айтпайды?! Бәрі жай сөз деп, күдік келтірушілер де табылар. Олай болса, ақынның өз сөзіне жүгінелік: «... Арасында тіпті Рукавишниковке шейін бар. Үйге қайдағы бір суканым сүймейтін жандар келіп, әбден мазамды алатынды шығарды. Байқайсың ба, менімен ішкен оларға бір ғанибет! Осындай оңбаған тіршіліктен қалай құтылуды білмей-ақ қойдым...» — деп налиды Р.В. Иванов-Разумникке жолдаған бір хатында.

Көріп отырсыздар, Есениннің жағдайы адам қызығарлық емес. Органың аты орта. Адамның аты адам. Ол өзгені де, өзін де қанағаттандыруға тиіс. Мұны онай шаруа деп кім айтады?! Қиын! Қиын! Тіптен қиын! Тығырыққа тірелген амалсыз ақын ешкімнің де көңілін жықпайтын бейтарап шешім іздейді. Сондағы тапқаны — қолдан келсе аздап ішу. Хал-қадарынша ол солай істеп баққан. Бірақ ішкен адамда мөлшер болушы ма еді?! Кейде ол ағымға еріп алыстап кеткенін сезбей де қалады. Дегенмен...

«Басқалар молырақ сілтеп, ақырында ұнжырғалары түсіп, қалғып кеткенде, ол азырақ ішіп, көбірек көңілді отырды», — десе Рюрик Ивнев өз естелігінде, сондай бір естелікте Илия Шнейдер былай дейді: «Сергей бүкіл кеш бойы өзімен-өзі боп, көңілсіз отырды, ықылассыз ішті...» Байқайсыз ба, біреуі «азырақ ішіп» десе, біреуі «ықылассыз ішті» дейді.

Бұған қалай қарайсыз?!

Осыған ұқсас сәттерді басымыздан көп кешіргендіктен бе, мен бұл ағайындардың сөзіне қатты сенем. Есениннің жағдайын да жақсы түсінем. Бір сөзбен айтқанда, өзімен-өзі оңаша қала алмай, дастарқан торына әбден оратылған тұтқын талант шешуі жоқ ішкі қайшылықтардан қажудайын қажыған. Шаршаудай-ақ шаршаған. Түпкілікті тастап кете алмағанмен, барлық күш-қуатын жинап, әлсін-әлсін сол арақты қойып та жүрген. Сондай бір сәулелі сәттерде:

« — Сен байқайсың ба? Мен осы жасара бастаған сияқтымын. Құдай біледі, жасарып барам.

Сосын сәл-пәл қысылып:

— Бір ғажабы ешкім де келмейді! — дейді».

Басы қатқан бейшара сол қасіреттің бәрін ортадан, өзі жазған «Мәскеумен Мәскеуден» көреді. Содан құтылсам, бәрінен құтылам деп ойлайды. Ойлап қана қоймайды, әрекет етеді. Мәскеуді тастап, Ленинградқа кетеді. Оның осы кезі туралы К.Е. Устинова былай деп жазады: «Есенин Мәскеуден мәңгі кеттім, енді Ленинградта тұратын болам, бұл жерде мен жаңа ғұмыр бастаймын — шарап дегенді үзілді-кесілді қоямын!» — деді».

Өкінішке қарай, Есенин ол арманын орындай алмады.

Қай кезде де сенуге болатын бір шындық бар. Ол — ақын-жазушының жазу үстелін әрдайым аңсап тұруы. Ал Сергей Есенин аңсап қана қоймаған, үнемі жазып жүрген. Иә, иә, үнемі жазып жүрген.

Белгілі орыс әдебиетшісі Сергей Кошечкиннің Есенин «Лирикаларына» жазған алғы сөзінде мынандай бір әңгіме бар:

« — Қашан көрсем де салақтап бос жүресің, —

дейді оған таныс бір әдебиетші, — Сен осы қай кезде жазасың?

— Әр уақытта жазып жүрем! — деп жауап береді ақын».

Бұл әшейін сөз сайыс емес. Шындық. Ол үнемі жұмыс істеген. Еңбек етпей, ештеңеге қолы жетпейтінін өте жақсы білген. Сондықтан ол өзі де, өзі сыйлайтын жолдас-жораларының да тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбек еткенін қалаған.

« — Жалқау! »

— Жо, мен...

— «Поэзия да қып-қызыл майдан. Онда да аяусыз қан төгу керек! » — дейді Есенин Матвей Ройзманға.

« — Мынаны есінде қатты ұста: өгіздей еңбек ет! Ең соңғы деміңе шейін жұмыс істе! » — дейді В.И. Эрлихке.

Ішкенді ғана жақсы көріп, қол ұшын қимылдатқысы келмеген көк жалқауларға ақын бұлай дей қояр ма еді!

Біреулер, әсіресе шараптың соңына түскендер, Есениннің ішкенін ескереді. Ескергенде қандай, қатты ескереді. Бірақ сол «нағыз ішкіштің» артына алты том асыл қазына қалдырғанын көргілері келмейді, байқағылары келмейді. Ащы терін сығып алмаса, ол алты томды Есенинге кім жазып берді?!

« — Серега, — дейді бір жанашыр досы өздерімен өздері оңаша қалған сәтті пайдаланып. — Сен халыққа, поэзияға аса қажет адамсың. Неге ішесің? Ішпе! Жаз!

Ақын бұл сөзге қатты шамданады:

— Сен не білесің?! Түк те білмейсің! Егер мен күніне құрығанда бір шумақ жыр жазбасам, көмейімнен бір тамшы арақ өтпейді! »

«Ол бір ай жазбай кетсе, үрейден өліп қала жаздайтын», — дейді В.И. Эрлих. Дәлел керек пе? Ләббай! Ақын Кавказда бес ай болғанда, меймандықтан қолы босамай жүріп, отыз үш шығарма жазған. Оның тоғызы ірілі-ұсақты поэма, жиырма үш өлең және бір мақала!

Сергей Есенинмен басқа ішкіштердің арасындағы айырмашылықтың өзі, міне, осында жатыр. Есенин ішсе, бір нәрсе тындырып барып ішкен. Ал біреулер ішіп алып бірдеңе тындырмақ. Тына қоярма екен!

Әруақытта тауып айтатын және түбіне жеткізе айтатын Михаил Светлов марқұмның өзі туралы ашы бір әзілі бар. Бұл сөз өзі қазақшалауға келінкіремейтін, қазақшаласаң сөлінен айырылып қалатын сөз. Сондықтан оны түпнұсқада қалай болса, сол күйінде айтып көрелік: «Я могу прожить без самого необходимого, но без лишнего не могу». Ішетіндердің көбі осындай.

Осы ішу және жұмыс істеуге байланысты Михаил Светловтың тағы бір әңгімесі бар. Оны маған біздің қазақ ақын-жазушылары Сырбай Мәуленов пен Тахауи Ахтанов айтты. Бүкілодақтық съездердің бірінде біздің екі жерлесіміз Михаил Светловпен кездесіп қалып, екі-үш күн бірге жүреді. Қарап жүрмейді, әрине. Үш күн бойы ішеді. Үшінші күні Мәскеу көшесімен қыдырып келе жатып, орыс ақыны:

— Токтандар! — дейді. Сосын жоғарғы қабаттағы бір балконға қарап тұрып, — Осы үйде мен тұрам. Мен өлгеннен кейін мына қабырғалардың бірінде мемориал тақта қағылады, оған шамамен мынандай сөздер жазылады: «Бұл үйде орыс ақыны Михаил Светлов тұрған. Бірақ ешқашан байыздап отырып

жұмыс істемеген». «Жил и работал» деген дәстүрлі сөздің өзіне келіңкіремейтінін айтқаны ғой бұл...

Алғашқы әңгімемізге қайтып оралайық: «Я могу прожить без самого необходимого, но без лишнего не могу!» Ишетіндердің табиғат-болмысын дәл білдіреді. Ал Есенин ондай топқа жатпайды. Сондықтан да аты шулы ақынның бұл «қасиетін» бетке ұстап, өзінді-өзің ақтау — құр бекершілік. Сен оның қалай ішкенін айтпа. Қанша өндіргенін айт! Не бары отыз-ақ жыл өмір сүрген, өмірден өте ерте кеткен екпінді дарынның артында қалдырған алты томын аузына ал. Ондай алты томды кейбіреулердің алпыс жылда да жаза алмайтынын айт! Ал оны есептеп көрсек, екі жылда бір том жазып отырған екен. Сен не бітірдің, соны ойладың ба?!

Ақын — елдің еркесі дейді... — болса болған шығар. Дәл қазір олай емес. Ал ақын елдің — абыройы десек, онымызбен келіспеске болмайды. Қай елде, қай халық өз абыройын өзі ашпақ. Сондықтан сол ел, сол халықтың әдебиетшілері ақын туралы зерттеулерінде оның күйбең тірліктегі көлеңкелі жақтарын көбіне-көп қалқып өтіп, жұқалап қана айтады. Әдетте, көрмеген боп, ондай дүниелерді айналып өтеді. Шынында да, біздің ұғымымызда Абай деген атқа «арақ», Махамбет деген атқа «маскүнем» деген күпір сөздерді қалай тіркеуге болады? Біздің бақытымызға қарай, олардың заманында қазақ топырағы ондай-ондай пәледен аулақтау болған. Ал қазіргі уақыт болса заман басқа. Бір кездері көшіп-қонудан алдымызға жан салмасақ, енді ішуден де озып кете жаздаған жайларымыз жоқ емес. Әсіресе, Ұлы Отан соғысынан кейінгі қысылтаян кезең әдебиетке де жеңіл тиген жоқ. Оқ қаусатып жарытпаған ақын қауымын арақ деген аждаһа

біраз ойсыратты. Соғысқа берген таланттан ішімдікке берген талантымыз әлдеқайда көбірек десек қателесе қояр ма екенбіз?! Арақ қазақ үшін жана дерт. Жаңа жау. Оған біздің уыз организмiмiз қарсы тұрып үйренбеген. Иммунитет мүлдем жоқ. Кәрі-жасымызға қарамай, қырып кететін түрі бар.

Жақында мен Германия телевидениесіндегі денсаулық тележурналын жүргізуші Ханс Мольдің «Денсаулықтың жеті шарты» атты әп-әдемі кітапшасын оқып шықтым. Онда ол Массачусет Бас госпиталы жанындағы маскүнемдер емханасында қызмет істейтін маман-ғалымдардың ой-пікірлерін мысалға келтіріпті. Солардың айтуынша арақтан жеңілудің, яки ішімдіктен азғындаудың алғашқы алты нышаны бар көрінеді. Соның бірі — жылына, құрығанда төрт мәрте мас болу. Жылына төрт рет, төрт ақ рет мас болғандарды есірік жолына түскен есуас десек, біздердің біразымыз кім болғанымыз сонда?! Бұл алты нышанның біреуі ғана. Қалған бес нышанын есепке алсақ, төбе шашымыз тік тұрады...

Дерт үстіне дерт

... Қоңыраулатқан керуендердің үні өшті. Жібек жолын шөп басты. Бірнеше мың шақырымға созылған елді мекендерді бойкүйездік биледі. Ұзак та қалың ұйқыға кетті.

Бірақ уақыт тоқтап қалған жоқ. Ол өзінің ырғағынан жаңылмайды, тарта береді, тарта береді. Баяу, баяу да болса өзгеріс жүріп жатты. Қоғамдық процесс тоқтауды білмейді.

Бұл кезде Еуропа оянды. Мұхит жолдары ашылды. Жібек жолының түбіне жеткен осы... Бұл енді басқа дәуірдің басы еді. Теңіз жолдарымен жарысып, теңіз қаракшылары көбейді. Кейбір адамдар, кейбір кемелер ғана емес, бүкіл мемлекеттер қаракшылық жолға түсті. Олардың кеме толған қанағатсыз өкілдері жер шарын аралап, жаңа жерлер іздеді. Аралдар, тіпті тұтас құрлықтар ашылды. Еуропада алтын-күміс, миуа-жеміс, бұрын-сонды ешкім көрмеген көкөністер пайда болды. Картобы бар, помидоры бар, жүгерісі бар дегендей... Дастарқан дәмі молайды. Сонымен бірге виски мен ромның жанына темекі мен апиын келіп қосылды. Бұлар ұлан-асыр байлыққа ілесіп, жармасып келген өзәзілдер еді. Еуропа ондаған халықты отарласа, темекі мен есірткі Еуропаны отарлады. Күндердің күнінде


отарланған елдер Еуропа тепкісінен құтылды. Ал темекі мен есірткі Еуропада мәңгі қалып қалды. Қаракшылар апарған өрт өшті. Әкеткен дерт кандарына сінді.

Хайуандар ғана емес, адамдар да түлейді. Бір ғана айырмашылығы — адамдар іштей түлейді. Адамдар арқылы қоғамның өзі де түлейді. Бүгінде бәрі өзгерді. Өзгермеген жамандық қана. Ал жамандық жұққыш келеді. Алғашқы кезде экзотика көрінген темекі мен есірткі күндердің күнінде Еуропаның ғана емес — дүние жүзінің ең басты дертіне, айықпас ауруына айналды. Ненің басында да — өнер адамдары, өнер адамдарының басында — ақындар жүрегі. Есірткінің де ең алғашқы құрбандары — солар, ақындар.

Әрине, ол кезде де ел есірткіге күдікпен қарады. Оның азабын шеккендер, содан да шығар, қазіргімен салыстарғанда, әлдеқайда аз. Бірақ, өкінішке қарай, сол аздардың көбі ақындар болды.

Ең үлкен отаршыл империя — Ұлыбритания еді ғой. Ең алғашқы құрбандық та солардан шықты. Есірткінің естен кетпес азабын ағылшын ақыны Кольридж көрген сияқты. Отыздың үстіне шыққанша өнімді еңбек еткен алғыр ақын, отыздан аса шатқаяқтай бастайды. Бірақ есірткі әлі де болса түгелдей жолға қойылып үлгермеген заман ғой — бірде бар, бірде жоқ. Содан ба екен, ілініп-салынып, ақын тағы да бір отыз жылдай өмір сүреді. Бірақ оның көбін ауру жейді. Өлерінен үш-төрт жыл бұрын түгелдей дәрігердің қадағалауында болады.

Байронның өмірі мен шығармашылығын беріле зерттеп қана қоймай, роман жазған А. Виноградов: «Байрон жаман жұбай болған шығар, Лондонға келгеннен кейін шарапқа салынып, есірткіге еліріп,



біраз жүрген де шығар», – дейді өзінің бір мақаласында. Автор ағылшынның ұлы ақынын жамандыққа қимайды. Кесіп айтпайды. Ал Байронның өзі кейін «... бұрынғыдай апиынға өліп-өшіп ұмтылмаймын» (14 қаңтар, 1821 ж.) – деп көрсетеді күнделігінде. Сірә, есірткінің естен тандырған өте бір ауыр күндерінен әрең дегенде құтылып, көзі ашыла бастаған кездері болуы керек.

Ральф Гивер Даннинг – есірткіге қатты берілген ақын. Апиынның әсері болар, тамақ ішіп те жарытпайды екен. Анда-санда сүт ішіп қана өзек жалғайтын болған. Соңғы күндерін түгелдей емханада өткізген.

Проспер Мериме – француз әдебиетінің бір мақтаншысы. Француздың сүйікті жазушысы. Апиынның аранына түгелдей түсіп кетпегенмен, есірткіні аз да болса, қызықтаған сияқты.

Де Монтихо деген ақсүйек әйелге жолдаған бір хатында былай дейді: «Сапарға шығар алдында мені бір мұң басатын әдетім бұл. Ал бұл жолы әдеттегіден де гөрі көбірек елегіздім. Сәл-пәл көңілімді көтерейінші деп гашиш те пайдаланып көрдім. Одан ештеңе шыға қоймады. Жұрттың сөзі бекер боп шықты, олар айтқан жұмақтың сұлуларын да, Асқордың ақсақалын да (гашишпен көңіл көтеретін шин тобының көсемін кәпірлер осылай атаған), ештеңені де көре алмадым.

Француз ақыны Жан Коктоның түбіне апиын жеткен.

1933 жылы «Известия» газеті «Пари матч» журналынан мынандай бір нәрсені көшіріп басты. Әңгіме Франсуаза Саган хақында. « – 1990 жылы Сізді бір айға түрмеге отырғызу жөнінде сот шешім қабылдады және 10 мың франк айыппұл төлетпек

болды. Енді Сізге есірткі туралы заңдарды бұзғаныңыз үшін екінші рет кінә тағылып отыр. Бұның себебі неде?

– Пайдаланғаным үшін. Бір айда 2 грамға жетер-жетпес кокаин пайдаланғаным үшін. Есірткі пайдаланатынымды мен ешқашан жасырып көргем жоқ. Сонымен бірге мен есірткі атаулыны насихаттаған да, біреулерге берген де емеспін.

– Сізді отырғызып қоюы мүмкін бе?

– Ақылға салса отырғызбайды. Бірақ мені емдеуге мәжбүр етулері мүмкін.

– Сіз оған көнесіз бе?

– Ешқашанда! Мен ересек адаммын. Не істегім келсе, соны істеймін...»

– Бұл мәселе мұнымен тына қойған жоқ. Тағы да бір-екі рет қайталанған секілді, Соңғы қактығыста Франсуаза Саган «Бүйтіп соңымнан қалмайтын болса, мен Франциядан мүлдем кетіп тынам!» – деп ескертті. Ақылды ел ғой, сол әңгімеден кейін әңгіме тынышталғандай болды.

Замандасы В.Ф. Ходасеевичтің жазғандарына карағанда, Валерий Брюсов 1908 жылдан бастап есірткімен (морфий) шұғылданған.

Бұл кезде белгілі орыс ақыны отыз бен қырықтың дәл ортасында болатын. Сол бір жаман әдеттен тезірек құтылмаса болмайтынын толық сезінген Брюсов белгілі дәрігер Г.А. Кайрановскийге көрініп, одан жөнді ештеңе шықпағанға ұқсайды. «Алғашқы кезде есірткіден еншісін бөліп, ажырасқандай әсер қалдырғанмен, морфий оның меншікті мұнына айналды». «Есімде, – дейді В.Ф. Ходасеевич, – 1917 жылы бір әңгіме үстінде Брюсов өзінен-өзі есенгіреп, қалғып кеткендей болды. Сосын ол орнынан тұрып, біраз уақытқа көрші бөлмеде жо-

ғалып кеткен. Ол жақтан ол әжептәуір сергіп, жасарып шықты.

1919 жылдың аяғында мен оның орнына қызметке бардым. Одан қалған бос жәшіктерді ақтарып, бір сүзіп шыққанымда шприцтің инесін, қан жұққан қағаз қиындысын таптым. Соңғы жылдары ол жиі-жиі ауыратынды шығарды. Сірә, организм қатты уланған болуы керек».

Ходасеевичтің бұл сөздерін Зинаида Гиппиус та шындыққа шығарады. «Мәскеуден, өкінішке қарай, қол үзіп қалдым. Әйтпесе Брюсовтың «Мен неге коммунист болдым» деген кітабын алдырып, оқу керек еді, ол қазір бастық көрінеді. Жалпы цензор (Ежелден есірткімен еліккен мықты) » — дейді.

Сол Валерий Брюсовқа жақын ақындардың бірі Нина Петровская алғашқыда салынып карта ойнаған. Одан шалқып шарап ішкен. Сосын есірткіге (морфий) кіріскен. Брюсовты бәңгі қылған да сол деген сөз бар. Егер бұл рас болса, ол оның нақсүйерінен кек алуы. Соның кесірінен Брюсов ем қонбайтын жағдайға шейін жетеді. Петровскаяның өзі де қатты ауруға шалдығып, ажал аузынан қайтады.

Арақ-шарапты айналып кететін Николай Гумилев те апиынды айналшықтап шыға алмаған. Онысын ерлі-зайыпты болып тұрған кезде Анна Ахматова білген, әрине. Ақыл-кеңесін беріп, тоқтатпақ та болған. Егер ертерек атылып кетпегенде мұның аяғы немен тынар еді. Ол жағы бір құдайға ғана мәлім.

Эмиграциядағы ең мықты ақындардың бірі Борис Павловский болған. Цветаева мен Бальмонтты айтпағанда, әрине... Міне, сол Борис Павловский,

дозасы көбірек болып кетіп, есірткінің кесірінен дүние салады.

Есірткінің сексенінші жылдардағы басты құрбаны, замандас-әріптестерінің айтуына қарағанда, Владимир Высоцкий болған тәрізді. Өз ортасының озық таланты бір жағынан — ішімдік, бір жағынан — есірткі, бір сөзбен айтқанда от пен судың арасында жанталасып тірлік кешкен. Театрлас досы В. Золотухин өз күнделігінде былай деп жазыпты: «Маған Валерка айтты: сапарда жүргенде Володя өз дертінің азабын шегудей-ақ шекті. Бәрімізге де қайдан тапсаңыздар да есірткі табындар деп тапсырма берді. Мұнда оған қиналмай тауып беруге болады. Ал онда бірден істі боласың. Бұл жерде ол — Высоцкий. Мүмкін органның жасырын ойы бар шығар — ойламаған жерден ұстап, оңдырмай өшін алу, шу шығару... Дос-жолдастары өте қауіпті әрекетке шейін барды. Бірақ дәлірек айтсақ, ұшқыштар шипадағы шырғанақтың майы деп есірткі әкелгендерін өздері де білмеген-ді».

Міне, төңірегін аяғынан тік тұрғызып, Ресейді дүрілдеткен Высоцкийдің істегені осы... Аяғы немен біткені жұрттың бәріне аян.

Әуендес, гитаралас қана емес, рухани тағдырлас Высоцкийдің бір әріптесі — Александр Галич. Ол жат елде, Парижде күдікті өліммен өлді. Электр плиткасын қосамын дегенде ток ұрған. Бұл өзі ажалдан гөрі қастандыққа көбірек ұқсайды... Кеңес өкіметінің ресми идеологиясымен дәм-тұзы жараспаған өнер адамдарын қай жерде жүрсе де тыныш қоймаған заман еді ғой!

«Тірлігінің белгілі бір кезеңін Галич инемен өткізді. Володя Высоцкий де сол. Тоталитарлық талашпен ноқталанған басқа да дарын-таланттардың



бәрі де сонымен көңіл жұбатты...» деп жазды Юрий Нагибин өзінің күнделіктерінде. Бір ғажабы аға жазушы олардың қылығын сөкпейді. Керісінше, осы бір қиын кезде есірткі олардың мүлдем түсіп кеткен еңселерін көтеруге көмектесті дейді. Кім білген? Уақытша мүмкін, әрине.

Осыдан бір он-он бес жыл бұрын «Книжное обозрение» апталығында қазақстандық орыс ақыны Евг. Курдаковтың шатақтау мақаласы жарық көрді.

Шатақтау болғаны біздер, қазақтар үшін. Басқалар, әсіресе мұндайға әбден үйренген еуропалықтар үшін онда тұрған түк те жоқ-ты. Олардың ондай «сенсацияларға» селт етпеуі де мүмкін. Біздер селт етпек түгіл, өре түре келдік. Түре келмей ше! Еліміздің ең абыройлы, ең қадірлі ақынын көлденең біреу есірмендер қатарына қосып жатса... Сұмдық қой! Көбіміз солай ойладық.

Абай — ақындығын былай қойғанда — қазақ қоғамының ең күрделі тұлғасы. Кертартпа көне тірлікті көрудей-ақ көрген қам көңіл ақын. Бір жағынан Батыс мәдениетімен танысып-табысып, екінші жағынан оған мүлде кереғар жазықтықта жатқан дала өмірін өз көзімен қабылдап, әбден құса болған жан, шерменде жан. Бір өлеңінде ол «Мен ішпеген у бар ма?» — дейді, көкірегі қарс айрылып. Бұл тармақты тек қана былай түсіну керек деп кесіп айта алмайсың. Ол көп мағыналы. Қалай түсінуіңе де қакың бар. Бейнелі ойы да, турасы да солай болуы мүмкін. Замандастарының көбі куә, ұлы ақын арағынды да ішкен. Несі бар ішсе! Ішпей-ақ өртенгенше ішіп өртенсе несі айып?! Оспан өліп, Әбіш өліп, арманы аласапыран, ойлары ойран болып, шыбын жанын қоярға жер таппаған дала данышпанына наша тартса, қайтіп кінә тағасың? Ол немене,

соның бәрін еріккеннен істеп пе екен?! Жоқ! Ол — тағдырдың ісі. Ол жазмыш, бауырым!

«Екі алақанының бірін оқ тесіп өткен, саусақтары қисайып қалған». Мен одан:

— Мыналарға не болған? — деп сұрадым.

— Жастық романтикасының жұрнақтары, — деп жауап берді ол, — өзін-өзі өлтіргісі келмеген адам түкке тұрмайды».

Бұл Максим Горькийдің «Леонид Андреев» деген очеркінен үзінді. Өзін-өзі өлтіргісі келген ақындар саны жүзге тартады. Бірақ мен бұл естеліктен басқа мысал таппағаннан емес, Леонид Андреевтің соңғы сөйлемі үшін алып отырмын. Байқайсыздар ма: «өзін-өзі өлтіргісі келмеген адам түкке тұрмайды», өздері айтпаса да талайдың басына келген ой болуы керек. Әрине, біреуді кінәлау оңай. Бірақ кінәлаудың алдында барлық жағдайды білу керек. Сосын түсіну керек. Ешкім де, тіпті ақымақ адам да тектен-текке өзіне-өзі қол көтермейді. Оның ар жағында өмір, тұйыққа тірелген тіршілік тұрады. Мықты болсаң соны жеңуің керек. Өзінді-өзін өлтіре салу да жеңіл шаруа емес қой! Әйтсе де...

Негізгі әңгімемізге қайтып оралайық. Қалай болғанда да өнер адамдарының арасында, әсіресе ақындар арасында өзін-өзі өлтіргісі келгендер тіптен көп болған. Енді сөзді солардың өздеріне берейік:

«Кейде менің көңілімді айықпайтын қара мұң басады. Сол кезде мен суға кетіп өлгім келеді...»

«Күніне бір он бес-жиырма рет тапанша туралы ойлаймын. Сонда барып аздап көңілім орнына түседі».

*Некрасов
(Тургеневке жазған хаттарында)*

«Асылып өлу, әйтпесе суға кету — ең қолайлы ем сияқты көрінеді маған».

*Николай Гоголь
(Плетневке жазған хаты)*

«Тірлігім тірлік емес, өзімді сондай жаман сезінемін. Ертемен тұра салып, атылып өлгенім жақсы шығар деп ойлаймын».

*Салтыков-Щедрин
(Пантелеевке жазған хаты)*

«Кешкісін оңаша қалған кезде асылып өлем бе деп қорқам. Арқанды тығып жүрем. Атылып өлем бе деген қауіптен мылтық алып, аңға шығуды да қойғам».

Л.Н. Толстой (Күнделігінен)

«Таң алдындағы төсектен ауыр нәрсе жоқ. Атып тұрып терезеден қарғып өлгің келеді».

15 тамыз, 1913 жыл

«Тағы да сол өзінді өзің қалай өлтіру туралы сұмдық ойлар. Сағат онға шейін ұйқы жоқ, дөңбекшідім де жаттым».

*15 ақпан, 1914 жыл, Франц Кафка,
«Күнделіктер»*

Абырой болғанда, мұның бәрі көңіл күйлері ғана. Ойлануын ойланған, бірақ шынтуайтқа келгенде өз ниеттерін өздері іске асыра қоймаған. Ертеңнен-ертеңге қалдыра берген.

Ойдағысын орындауға белді бекем буып, ажалмен бетпе-бет келген кездер де жоқ емес. Сондай

бір сәттерде Александр Блок былай деп қағаз жазып қалдырған:

«Менің өліміме байланысты біреу-міреуді кінәлап жүрмендер. Адамдар арасындағы қарым-қатынастардың бұған ешқандай қатысы жоқ».

1902 жыл, қарашаның жетісі.

Осы «соңғы» хатын жазғанда Александр Блок небары жиырма үш жаста. Шығармашылықтың азабын шегіп, тіршілік тауқыметін тартып та жүрген жоқ. Бұл не? Адам түсініп болмайтын көңіл күйі.

Өзінің өте жақсы көңілдесі Вероника Полонскаяның жазғанына сенсек, Владимир Маяковский Лиля Брикке өле ғашық болған. Ал оның күйеуі бар... Міне, осы жағдайда ақын не істерге білмей, өзін-өзі атып та көрген. Жай атпаған, жүректен атқан. Абырой болғанда тапаншасы от алмай қойған. Қайтесің, ажалы келмей тұр. Жазмыш!

«Жылдың аяғына таман, — деп жазады Анатолий Мариегоф, — өзін-өзі өлтіру керек деген ой Есениннің есінен шықпай-ақ қойды. Саяжайларға қарай әлсін-әлсін жүріп жатқан поездың астына да жатып көрді. Биік үйдің бесінші қабатынан да құлап бақты. Әйнекпен күре тамырын орып та жібергісі келді, ас үйдің пышағымен өзін-өзі жарып та салмақ болды...»

Осы әрекеттерге байланысты енді Есениннің өзін тындап көрелік. «Мен туралы өсек-аян, қаңку сөз жаныма батып болды. Көп болмаса да, бір кісіні өлтіретіндей аз ғана эссенцияны көзді жұмып қағып салдым. Зәрем ұшты, аузымнан ақ көбік атқылады. Бірақ есімнен айырыла қойғам жоқ, көз алдымды кою тұман көлегейлей бастады».

Сонда да өлмей қалған. Орыс поэзиясының бағы бар ғой!

Нина Петровскаяның көрмегені жоқ. Жел айдаған қаңбақтай ол алдымен Италияға барады. Одан Варшаваға келеді. Одан Парижден барып бір-ақ шығады. Сол Парижде 1913 жылы Сен-Мишель алаңында қонақүйден қарғып өлмек болады. Ажалы келмесе қайтеді адам! Аяғын сындырып тірі қалады. Бірақ ол онымен тынбайды. Жиырма екі жыл бойы өзін-өзі өлтірмек болады. Неге?!

1908 жылы анасы дүние салғаннан кейін Нина Петровскаяның қолында кішкене сіндісі қалады. Тіптен кішкене кезде қайнаған суға пісіп қала жаздаған сорлы қыз шын мәнінде мүгедек, жарымес болмағанмен, жарты көңіл, жасқаншақ, жадау боп өседі. 1909 жылы Ресейден кетерде Нинаның алаңдар жалғыз жақыны сол ғана болғандықтан, оны шырылдатып тастап кете алмайды. 1927 жылы тыптыныш Надя үн-түнсіз жатып, дыбысын шығармай қайтыс болады. Өліктер жататын палатаға кіріп, Нина Петровская түйреуішін сіндісінің өлі денесіне, содан кейін өзінің жанды жеріне сұғады. Мүрденін уымен уланғысы келеді. Уланбайды. Алдымен қолы іседі, біраздан кейін басылады. Бұл жолы да құдай алғысы келмейді.

Американың ақын аруы Дороти Паркер өзін-өзі бір емес, бірнеше мәрте өлтірмек болған. Тынымсыз темекі тартып, үздіксіз ішкен.

Өзін-өзі өлтіру идеясы тіптен жаңа емес. Оның тамыры әріде, әлдеқайда әріде жатыр. Біз кейінірек оған да соғармыз. Мүмкіндігімізше, молырақ тоқталармыз. Мысалдардың табиғатына бағынып, сәл кішкене озып кеткен түрім бар.

Басқаға еліктесе де адам өлімге еліктемеуге тиіс. Дегенмен жаман әдет — жұқпалы. Өзін-өзі өлтірмек болған орыс ақындарының басында Ба-

тюшков тұрады. 1826 жылы Симферопольде жүріп ол қатты ауырған. Науқасы жанына қатты батса керек, сол азаптан тезірек құтылу үшін жанын жеген жаралы тірлікпен екі-үш мәрте қоштаспақ болған көрінеді. Ол кездің мінезі де, тәрбиесі де бөлек қой. Оның алдында ол монастырға кетсем бе деп, біраз бұзылған тәрізді. Соған байланысты Александр біріншіден рұқсат сұраған. Бірақ оған патшаның атынан жауап берушілер ол үшін Дерптке барып, алдымен емделіп алыңыз деп ақыл берген. Батюшков келіскен, бірақ менімен бірге Жуковский жүрсін деп өтініш жасаған. Ол өтініші орындалады. Әйтсе де өлгісі келген адамнан бәрін күтуге болады. Барған жерінде ол Жуковскийден қашып шығады. Жуковский оны он екі шақырым қашықтықтан, бүрісіп ұйықтап жатқан жерінен табады.

Сірә, ол кезде ақындар арасында Жуковскийдің абыройы өте биік болған болуы керек. Өмірден әбден көңілі қалып, өзін-өзі өлтірмек болып, ақыл сұраған Кюхельбекерге аға ақын: «... Өмірге тіл тигізуге және одан бас тартуға қай құдай сізге рұқсат етті?

... Егер сіз бақытсыз болсаңыз, бақытсыздықпен күресіңіз, жалп етіп құлай кетпеңіз — намыс деген міне, осы! Сіз дарыныңызбен дәулеттісіз, ғажайып әдемі жүректің иесісіз. Бақытты болмасаңыз да, осының өзімен тәп-тәуір өмір сүруге болады!» — деп әдемі кеңес береді... 1823 жылы жарық көрген «Касандра» поэмасының кіріспесінде Кюхельбекер қамқор ақынға рақмет айтып, өлең арнайды.

«... Өмір сүру мүлдем қиындап кетті, тұрмыс тіптен оңбай барады. Жай реніш, жай ашу-ызадан емес, ойлана-ойлана, толғана-толғана осы өмірді келген жерден үзу дұрыс-ау деген шешімге келдім»,

– деп жазыпты Алексей Плещеев «Современник» журналының сол кездегі редакторы Николай Алексеевич Некрасовқа.

Бұл кезде екеуі де жас емес. Қазақша айтқанда «жігіт ағасы» болып қалған кездері. Плещеев қырық бірде, Некрасов қырық бесте. Ал бұл жаста ешкім өліммен ойнамайды. Плещеевтің жанына тасбауыр тірлік батудайын батқан ғой, сірә!

Біраз жыл өткеннен кейін Плещеевтің басындағы ауыр ойлар Некрасовтың басына ауысады.

«– Менің сөзімді тыңда! Мен сені сұмдық жақсы көрем, сезесің бе соны? Зинадан да, бауырымнан да... Ендеше тыңда, менің не дейтінімді. Бірақ есінде болсын, біреу-міреуге айтып қойып жүрме! Зинаға да айтпа! Екеуміздің арамызда қалсын. «– Өлтір мені, Жаратқан» деймін». «– Атылып өлгім келеді!» «– Бұл не сұмдық, деймін мен, – Оныңыз не?! Жаман сөз тарап жүрер!» Соны айтқанда көзімнен жас саулап тұрды. Қарасам, ол да сол. Оның көзінде де мөлтілдеген жас. «Шыдай алатын емеспін дейді. Не істей алам басқа? Ауру жанымды шығарып барады. Тапаншамен атылсам ба екен деп едім, өлмей қалам ба деп қорықтым. Штуцер дұрыс тәрізді». «Керегі жоқ, деймін, құдай сақтасын, Микола Лексееч! Атылам деген жақсы сөз емес. Сөйтіп, жалына бастадым».

Бұл Некрасовтың көмекші атшысы Степан Петрович деген қарапайым орыстың әңгімесі.

Сол Некрасовтан бес-ақ жас кіші, Плещеевтен бір-ақ жас кіші Салтыков-Щедрин тап осылай ойлайды. Ол да «өзімді сұмдық жаман сезінем. Күнде ертемен: «Бүйтіп тірі жүргенше, атылып өлгеннің өзі дұрыс» деп оянамын», – деп жазыпты. Бұл өзі сол жылдардағы халық қамын ойлаған асыл азамат-

тардың бәріне бірдей ортақ ой тәрізді. Күні бірдің – мұны бір.

Дегенмен осы бір кезде орыстың ойшыл қоғамы үшін оңайға соқпаса керек. Күнделіктерде де, бір-біріне жазған достық хаттарда да өлім туралы, өзін-өзі өлтіру туралы ауыр әңгімелер жиі кездеседі.

Абақтыда отырған Н.Г. Чернышевский қызық тәсіл пайдаланады. Петропавловск түрмесі тегіннен-тегін қорған деп аталмаған. Оған кіру оңай болғанмен, шығу қиын! Тіміскілеген патша тыңшыларынан бірдененді бүгіп қалу тіптен мүмкін емес. Түрмеде жатып өзінді-өзің өлтіре алмайсың. Қару, суық қару түгіл, арқан да, белбеу де жоқ. Сөйте тұра ұлы демократтың өмірмен есеп айырысқысы келеді.

Чернышевскийге мезгіл-мезгіл әкелініп тұрған тамақтар түгел желінетін тәрізді. Өйткені өңшең салдырлаған қалайы ыдыстар қайтып жатады. Бірақ бір ғажабы, тұтқынның камерасы бұрынғыдай емес, белгісіздеу сасық иіске толып кетеді. Чернышевскийді серуенге алып кеткен кезде бос қалған камераны тексеріп көрсе, әкелген тамақты ол мүлдем пайдаланбайды екен. Нан-пұнды төсектің астына, анда-мында жасырып, сұйық тамақты үнемі төгіп отырған. Түрме басшылары да, дәрігер де ақылдарын айтып, үгіттеп көреді. Бірақ қайсар тұтқын мақсатынан қайтпайды. Күніне екі саптыаяқ су ғана ішеді. Кейбіреулер Чернышевский өзін түрмеде уландырады деп күдіктенген, оның тамақтан бас тартуы содан деп түсіндіреді. Қалай өлтірем десе де, ұлы демократ қолдарында емес пе?! Өйтіп у беріп, несіне бастарын қатырады?! Ол удан қорыққан. Бірақ түрмеде емес, басқа жерде, бостандықта жүргенде біреулердің үйінде отырғанда күдіктеніп, тамақ жемейтін күндері болған. Ал түрмедегі жағ-

дай баскаша. Мұнда Чернышевскийдің өлімге бел буғаны шындыққа жақындау.

Афанасий Феттің де тіршіліктен тезірек құтылғысы келіп, өзін-өзі өлтірудің неше түрлі тәсілін қарастырған. Жас кезінде жабысқан демікпе қартая келе көрі лириктің мазасын ала бастайды. Басқа да толып жатқан себептері болуы ғажап емес. Ал негізгі түрткі сол — ауруы.

Қолқасы қабынып, қиямет күндерді басынан өткерген Фет төзімі таусылып, жаны әбден қиналғаннан кейін, әйелін дәрігерге жіберіп, жолай дүкенге соғып, шампан ала кел деп тапсырма береді. Мұның бәрі әшейін қулық, шаруамды бітіргенше тез келіп қалмасын деген айла-қарекет. Әйелі үйден шығып кете сала қызметкер қызға қағаз-қалам алдыртып, мынандай сөздерді жаздыртады: «Өз азабыңды өз еркіңмен ұлғайта бергенді түсінбеймін. Өз еркіммен өлгенді жөн көрдім». Хаттың соңына қол қойып, үстел үстіндегі үш қырлы қанжарға қол соза бергенде, әлгі қыз шап беріп, қожайынынан тартып алады. Сол кезде ақын ас үйдегі пышақты алмақ болып, сонда жүгіреді. Бірақ сүрініп жығылады. Жығылады да дәл сол жерде жүрегі жарылып, дүние салады.

« — Сноу, өзінді-өзің өлтірмек ойың болды ма?

Біраз ойланғаннан кейін:

— Иә, Герберт Джордан болды, — дедім.

— Бұл ой мені де мазалаған. Бірақ жетпістен асқан соң.

Ол кезде ол жетпіс екіде еді. Біз отырып тағы да виски іштік. Кұрма ағаштарына қарап біраз көңілсіз ойға шомдық.

Ол жаңа дұрыс айтқан жоқ. Өмірбаянында (ол бұдан төрт жыл бұрын жарық көрген-ді) ол он алты

жасында-ақ өзін-өзі өлтірмек болғаны жазылған... Бірақ біз екеуміз қонақұйдің меймандар қабылдайтын залында шүйіркелесіп отырған кезде, ол оны есінен шығарып алса керек. Оның қазіргі тіршілігі де сол жас кезіндегідей – қуанарлық ештеңесі жоқ еді».

Бұл әйгілі ағылшын жазушылары Герберт Уэльс пен Сноудың арасында болған әңгіме.

1887 жылы 12 желтоқсанда кешкі сағат сегізде Максим Горький өзін-өзі өлтірмек болады. Соған байланысты өз қолынан жазған кішкене қағазда ол былай деген: «Менің өліміме жүректегі тіс ауруын ойлап тапқан неміс ақыны Генрих Гейне ғана кінәлі... Осыған байланысты оңтайлаған құжаттарымды қалдырып барамын. Менің мүрдемді бұтарлап, һәм пәршалап қараңыздаршы бір: соңғы кездерде менің ішіме кіріп алған қандай жын екен өзі?»

Өмірмен ойнап, өлуге шындап бет бұру сияқты. Бірақ бәрібір түсініксіз. Он тоғыздағы жап-жас ақыннан не күтуге болады?

Кұлаған бақыт тұқыртып басын төменге.

Дүниені мына баскаша көрем дегенге!

деп жазған-ды Владислав Ходасеевич.

Константин Бальмонт өзінің бірінші әйелінен құтылам, құтылам деп жүріп құтыла алмағаннан соң, қонақұйдің терезесінен қарғып, аяғын сындырған. «Баста ми болмаса, екі аяққа күш түседі» дейді халық. Күш түсіп қана қойса ештеңе емес қой!

Биіктен құлап өлу – жалпы көп ұшырайтын құбылыс. Лубянкада жатып, екі қолдын екі күре тамырын кесіп, бірақ онда да аман қалған Осип Мандельштам одан кейін Чердыньге жер аударылады. Қатты сырқаттанып жүрген ақын Чердыньге



жеткен бойда ауруханаға салынады. Бірақ ол өзінің басты «мақсатын» мұнда да ұмытпайды. Баяғы заманда салынған ескі үйлер өте биік болатын. Олардың екі қабаты қазіргі үйлердің үш қабатына татиды. Міне, сондай бір биік аурухананың екінші қабатынан қарғып көреді. Қарғығаны бар болсын, қопсытып қойған қара топыраққа түсіп, тағы да аман қалады. Бірақ бір қолы істен шығады.

Николай Гумилев он бір жасында алғаш рет өзін-өзі өлтірмек болады. Кейін де қилы-қилы қиындықтар кезінде бұл ойға ол әлденеше рет оралып көрген.

Анна Ахматованы қоя беріп, артынан оның кінәсіз екеніне көзі жеткен кезде өзін-өзі өлтіру идеясы біраз асқынып, бірақ әйтеуір аман қалады. Миға кірген ой шөңгеден де жаман. Осы бір жабысқақ ниет Николай Гумилевтің қыр соңынан қалмайды. Бірде ол Франция сапарында Нормандияға барғанда (жай бармағаны белгілі — бір оймен арнайы барған) суға кетпек болады. Қас қылғанда, ақынның ойын алдын ала сезгендей полиция оның бұл әрекетіне жол бермейді. Жалпы теңізге жақындатпай қояды.

Кезінде өзінің әдемі және проблемалық очерктерімен елімізге қатты ұнаған Валентин Овечкин кіші калибрлі карабинмен өзін-өзі бастан атқан. Атар алдында: «Өмірден әбден түңілдім», — деп жазып қойған екен. Бірақ өмір оны азаптаудан жалықпайды. Бір ғаламаты: басты тесіп оқ мидың ең қажетті, ең нәзік тұстарына соқпай, зақым келтірмей, ақырын өте шыққан. Тек қана бір көзі көрмей қалған. Бастан құлақ қана емес, көз де садақа!

Кеңес дәуірінде жұртпен бірге айдалып, жұртпен бірге атылып кетпеді демесек, Борис Пастернактың да көрмегені жоқ. Әсіресе «Доктор Жива-


госын» жазған соң, Нобель сыйлығы берілген соң, оны қудалау саяси науқанға айналды. Пастернак көрген құқайдың ең жаманы осы болған шығар, сірә! Дәл сол тұстарда ол өзінің ең соңғы нақсүйері Ольга Ивинскаяға былай деп ұсыныс жасайды:

«Лелюша, мен саған өте маңызды нәрсе айтуға тиіспін... Осы көргеніміз де жетеді, бұл өмірден енді кеткен жөн. Саған қазір шегінуге болмайды. Егер екеуміз үнемі бірге болуымыз керек деп ұқсак, бүгін бірге бас қосып, бәрін шешіп, мен қалдыратын өсиет-хатымды қалдырып, о дүниеге бірге аттанайық, екеуміздің мүрдемізді бір жерден тапсын. Сен бір кезде нембуталдың он бір түйірі бір адамды өлтіруге жарайды деп едің ғой. Қазір менде соның жиырма екісі бар. Не болса да соны істеп тынайық... Бұл біздің соңғы шапалағымыз болады».

Бұл ұсыныстың нағып іске аспай қалғаны маған беймәлім. Ивинскаяның естеліктері менің қолыма түгелдей түспей-ақ қойды. Үзінділерін ғана оқыдым. Ұмытпасам, «Вильнюс» журналы ғой деймін. Мына мысалды мен со кезде көшіріп алғанмын.

Басқа елдерде қалай болғаны біздерге белгісіз, ал Кеңес жазушылары үшін отызыншы жылдар соғыс жылдарынан да ауырлау тиді. Қай республиканың азаматы болсаң да бөрібір. Жазушы-ағайындар баудай түсіп жатты. Янка Купала, мысалы, Белоруссияның халық ақыны, ары, ожданы және намысы. Ішкі істер Халық Комиссариаты сол ақынның соңына түсіп, шыбын жанын шырқыратқан шақта Белорусь Республикасы Орталық Атқару комитетіне, оның сол кездегі төрағасы А. Червековка былай деп хат жазыпты:

«Өлер алдында тағы да естеріне салғым келеді: ешқандай контрреволюциялық ұйымда болғам жоқ,



болғым да келген емес. Мен тек қана ақынмын, жатсам-тұрсам Белоруссияның бақытты болғанын тілеймін. Мен тек Советтік Белоруссия үшін өлемін, басқа Белоруссияны білмеймін! » Бұл — нағыз ұлт ақынының шыңыраудан шыққан шындығы. Егер Қауіпсіздік комитеті басқа бір әрекетке барғанда Янка Купала өзін-өзі өлтіруден тайынбайтын еді. Ол оны өзінің ісімен, әрекетімен дәлелдеген.

Бұл жолы ол өкімет басшыларын алдын ала ескерткен болса, кейін 1942 жылы 28 маусымда Мәскеу қонақүйінде сол айтқанын іске асырады. Ол жөнінде Илья Эренбург «Люди, годы, жизнь» кітабында былай деп көрсетеді: «Мен өз нөмірімде отырғанмын. Бір кезде дәлізден айкай-шу естілді. Шығып, сұрап-білсем, біздің жоғарғы қабаттан бір ақын құлап түсіпті». Куәгердің айтып отырғаны — сол Янка Купала. Бұл — Кеңес Одағы үшін, әсіресе, Украина мен Белоруссия үшін аса бір қиын кезең болатын. Янка Купала бұл кезде Ресейде, анасы Белоруссияда, Минск немістердің қолында. Ұлының өлгенін естіп үлгерді ме, үлгермеді ме, ол жағы белгісіз, бірақ жүрегі сезгенге ұқсайды, ұлынан кейін араға екі күн салып, ол да дүниеден өтеді.

Бұл немене өзі?! Қит етсе, өзін-өзі өлтіруге дайын тұратын қызық екен бұлар! Оның қандай себебі бар? Жынды дейін десең, жынды емес. Халық ақынды, негізінен, әулие тұтады. Өлеңдерін жаттайды. Ойын-тойда айтады. Мактан тұтады. Ал ақымақ дейін десең, істеген істері көбіне-көп ақылға сыймайды. Өмірлерін былай қойғанда, өлімдерінің өзі біртүрлі...

Иә, солайы солай! Әрине, оның физиологиялық та, әлеуметтік те толып жатқан себептері бар. «Егер жер шарының жүрегінде жарықшақ-сызат

жүрер болса, ол ақындардың жүрегін басып өтеді», — деген екен Генрих Гейне. Ақынның жүрегі — әлеуметтік сейсмикалық станция, орталық.

Заманында, қоғамында болып жатқан техникалық қилы құбылыстар тура сол ақын жүрегіне хабар береді. Ал ол оған бейтарап қарай алмайды, қалай-солай қарай алмайды. Қуанады, қайғырады, араласады. Ел жағында, қарапайым халық жағында, ұлттық мақсат, ұлттық мүдде жағында алыптардай айқасады. Бұл, әрине, көп адамға, әсіресе, бұрыс бағыттағы немесе кертартпа бағыттағы ағайынға ұнамайды. Тіршілік деген мақсаттар қақтығысынан тұрады. Онда адамдар өліспей беріспейді. Демек бейбіт жолмен аяқтала бермейді. Яки жеңіліссіз бітпейді. Түйін-түйін тірлік таласы бар майдан, бір қақтығыспен шешіліп жатса да ештеңе емес қой! Жок, ол олай оңай аяқтала салмайды. Бір шатақтың аяғы — екінші даудың басы. Ұшы-қиырына жетуге адамның ғұмыры жетпейді. Ал адам жетем деп ойлайды. Түсіндірем, ұғындырам, жеңем, тыныштандырам деп сенеді. Қайда?! Ақыр-соңында сау басына сақина тілеп алады. Бұған ондаған мысал келтіруге болар еді. Бірақ оған сұмдық көп уақыт керек. Сондықтан мен бір ғана мысалға тоқтап, Михаил Зоценконың өзі құрастырған азапнамасының тізімімен таныстырайын:

Алты мәрте абақтыда отырдым;


Бір мәрте өлім жазасына кесілдім;

Үш мәрте жараландым;

Екі мәрте өзімді өзім өлтірмек болдым;

Үш мәрте мені ит тепкімді шығарып сабады...

Бұл Михаил Зоценко көрген қорлықтардың барлығы емес, әрине. Түгел айтар болсақ, қамтып жазар болсақ, тұрған хикая, тұнған эпопея! Бір емес,



бірнеше том. Бірақ солардың бәрін бірдей бастан кешіп, шашымызды ағартып жатпай-ақ осының өзі, көрсеткен төрт-бес қорлықтың өзі өмірден тезірек құтылуға итермелемей ме?! Төзімімізді тауыспай ма?

Дей тұрсақ та адамның аты адам. Жақсы тірлік, жақсы тұрмысты қия ала ма кісі? Ал тіпті жақсы болғанда ше? Оп-оңай өле саласыз ба?! Жоқ! Ешкімнің де өлгісі келмейді. Олар өлімнен де бетер өмірден қорқады. Содан кейін қашады. Менің сөзім түсініктірек болу үшін Марина Цветаеваның бір сырына құлақ түрелік: «Ешкім байқамайды, ешкім білмейді, міне, (шамамен) бір жыл болды, алаңдаған көзіммен үнемі ілмек темір іздеймін. Қазір барлық жерде электр шамы. Баяғының люстралары жоқ. Бір жылдан бері өлім туралы ойлаймын. Өңін айналдырған өмір. Сұмдық!.. Менің өлгім келмейді. Менің болмағым келеді!»

Соңғы сөйлем сәл түсініксіздеу болуы мүмкін. Ақын сөз ойнатып отыр. Оның үстіне ойдың логикасы да солай. Дегенмен ұғымдырақ болу үшін орысша мәтінді де бір еске салайық: «Я не хочу умереть, я хочу не быть».



Өз еркімен өлу

Өмірге келудің бір-ақ себебі болса, өмірден кетудің ондаған себебі бар. Сол ондаған себепті арқалап, тірі жүре беру қияметтің қияметі. Өлімнен де ауыр ит өмір кімге керек?! Міне, тірліктен тезірек құтылғысы келетіндердің басты логикасы осы. Қарсы шығу, айтысу, бірдеңені дәлелдеу өте қиын. Өйткені олардыкі дұрыстау...

Рас, кейде өлем, өлем деп өле алмайтындар да болады. Құдай берген жалғыз жанды өз еркімен, өз қолыңнан бере салу жеңіл дейсің бе? Самайға апарып тақап қойған тапаншаның тайып кететіні де сондықтан. Ол адамды да кінәлай алмайсың. Өмірді қимау жалпы адам баласына тән қасиет. Өзгелерге қарап отырып айтты ма, өз ішіне өзі үңіліп отырып айтты ма — белгісіз. Әйтеуір Ренар былай депті: «Адамдардың өздерін өздері өлтіргісі келетін кездері өте көп болады. Бірақ сол ниеттің аяғы әдетте фото-суретін жыртумен тынады.» Иә, ұлы суретші, негізінен дұрыс байқаған. Шын мәнінде өмір сүруге батылдықтан гөрі қорқақтық көбірек көмектеседі-ау деймін. Соның арқасында ғой адамдардың азап шегіп, итшілеп жүре беретіні де... Ал батыл адамдар не болса, о болсын, дегенін істеп тынады.

Ежелгі Римде өзін-өзі еркімен өлтіру ерлікке саналған. Мұның да жаны бар.

«Өлмес үшін бір өлдім» деп ақын айтқандай, абыройыңнан айырылып, адамдық қасиетінді аяққа таптап, күн сайын мың өлгенше, дұрыстап бір өлген де жөн шығар. «Өзінді өзін сақтап қалу ниеті өзінді өзін өлтіруге шейін апарады», – дейді поляк жазушысы Станислав Ежи Лец. Байқайсыздар ма, жаңа ғана мысалға келтірілген «өлмес үшін бір өлдімнен» аумайды. Бірін-бірі көрмеген, бірін-бірі оқымаған қазақ ақыны мен поляк ақынының ойы бір жерден шығып жатыр.

Неміс ақыны Генрих фон Клейстің дарынына ешқандай күдік келтіруге болмайды. Ол бүгінде классиктердің қатарына қосылады. Бірақ ол аса жауапкер ақын ретінде өз жазғанына өзі қанағаттанбай-ақ өткен. «Гискар» трагедиясын бір емес, үш мәрте қайта жазады. Біреуіне де көңілі толмайды. Ақыры ол оны өртеп тынады. Мұның өзі бір қасірет...

«Жұт – жеті ағайынды» дейді қазақтар. Қиындық бір қиындық, қасірет бір ғана қасіретпен шектеле қоя ма?! Клейстің шығармашылық қайғысына пенделік қайғысы келіп тағы қосылады. Сәуір кезінде сағы сынып, тағы бір жасиды. Әдебиетте сөзі жүрмей қыздарға тілек білдіре алмай, жап-жас кезінде ұнжырғасы түскен азамат не істемек?! Өзінен-өзі азып кетеді. Сүртігі ескіріп, табаны тозып, Берлин көшелерін күндіз-түні кезіп, жаны жай таппай қойған жабығыңқы жадау жігіт о дүниеге аттанғысы келетін серік іздейді... Клейстің дауасыз дертке ұшыраған музыкашы құрбысы бар екен. Аты – Генриетта Фогель. Сол бір күні сыр шертіп отырып: «Осы өмірден ойланбай-ақ қоштасар едім, кол-

тығымнан демер бір адам болса», — дейді. «Оған бола қиналмай-ақ қой, мен бармын», — дейді ақын. Көктен іздегені жерден табылып, көмескі күңгірт кеште, күңгірт бөлмеде мылтық бір емес, екі мәрте атылады.

Орыста Надежда Львова деген де ақын болған. Замандастарының жазғандарына карағанда, ол өзі Валерий Брюсовты жақсы көріпті. Брюсов та оны жек көрмеген. Надежда жас. Ал орыстың ол кездегі атақты ақыны біраз жасқа келіп қалған. Мәужіреп отырмаса да, салыстырмалы түрде әкесіндей. Бірін-бірі сондай жақсы көргенімен, үйленіп, бірге өмір сүруге ешқандай мүмкіндік жоқ. Брюсовтың шанырағын бұзғысы келмейді. Отбасын қимайды. Енді екеуіне, әсіресе қызға өлімнен басқа жол жоғын әккі ақын жылы-жылы сөйлеп отырып түсіндірсе керек. Түсіндіріп қана қоймайды тапанша сатып әпереді. Оның өзі жай тапанша емес, тарихы бар тапанша. В. Ходасеевичтің айтуына карағанда, бұрында бір мықты ақынды өлтіре жаздаған браунинг. Нина Петровская Андрей Белыйды сол тапаншамен атқан екен. Ол былай деп жазады: «Карашаның бас кезінде, шамасы екісі, әлде үші болуы керек, кешкісін Львова телефон соғып, Брюсовты шақырады. Ол қолым бос емес деп бармайды. Одан ештеңе шықпаған соң, Вадим Шершеневичке телефон шылдырлатады. Киноға баралық деп ұсыныс жасайды. Үйінде қонақтар отыр екен, ол да бас тартады. Ақырында сағат он бірлер шамасында менімен хабарласқысы келген екен, мен үйде болмаппын... Сол күні ол атылып өліпті».

Кейбіреулер неше түрлі тәсіл іздеп, сәтін күтіп, өле алмай әуре болса, кейбіреулер бұл мәселені опонай шеше салады. Мысалы, Самуил Кисин деген



ақын (оны замандастары Муни деп те атаған) бір қызметтес жолдасына барып отырады. Ол әлдеқандай бір шаруасымен бірер минутқа шығып кеткен сәтте жазу үстелінде жатқан тапаншаны алады да, өзін-өзі құлақ шекеден атып кеп қалады. Қырық минуттай қиналып жатып, мәңгілік көз жұмады.

Ұлт мәселесіндегі, тіпті жалпы идеологиядағы Владимир Ильичтің біркелкі дұрыс саясатын дүние жүзі пролетариатының екінші көсемі Иосиф Виссарионович Сталин Ленин өлгеннен кейін, аз ғана уақыттың ішінде адам танымастай қылып өзгертіп жіберді. Мұны алдымен сезіп, алдымен қиналған ақындар болды. Ақын байғұс айтады, жазады. Оның қолынан басқа не келеді?! Соны сезген Украин ақыны Хмылевский басшылардың да, басқалардың да назарын аудару үшін мамырдың майда шуақ күнінде, көп күндердің бірі ғана емес, әдейі жұлдыздың он үшін таңдап, достарының басын қосып, бір сәтке шығып кетеді де, сол сәтте атылып өледі. Артында «Жасасын Коммунистік Партия!» деген кекесін ұран қалдырады.

Қалай болғанда да Хмылевский бәрін дұрыс түсінген. Жүргізіліп жатқан ұлттық саясаттың ар жағында партия, партияның басында Сталин отырғанын ол жаңылмай тапқан. Сталин оның бәрін жалғыз істеген жоқ, әрине. Коммунистік Партияны, оны басқарып жүрген өзінің жаңдайшаптарын әдемі пайдалана білді. Сол сатраптардың әдебиет әлеміндегі дарынды өкілдерінің бірі – Александр Фадеев. Көркем сөз, көркем әдебиет үшін туған талантты жазушы. Әйгілі «Тас-талқанның» авторы. Отызыншы жылдардың аяғында жазықсыздан-жазықсыз жер аударылған, айдалған, атылған, аштан өлген қанша ақын-жазушының ажалына ортақ болды ол.

Жазалау органдары шығарған безбүйрек үкімдерге амалсыздан болса да қол қойды. Сай-сүйегі сырқырап отырып «қостады». Сталин дүние салғаннан кейін, Хрущевтің кезінде идеологияның қақаған ақ аязы сынып, қалың да қасат қар жіпсігендей болды. Айдаудағылардың істері қайта қаралып, отбастарына орала бастады. Александр Фадеев үшін ауыр күндер туды. Жөн-жосықсыз азап шеккендер Фадеевті көргенде әдейі бұрылып кететін болды. Сәлем бермек түгілі, сәлемін алудан бас тартты. Біреулер тіпті бетіне түкірді. Шын мәніндегі халық соты енді басталды. Беті күйген басшы, саяжайда жалғыз қалған ұтымды сәтті пайдаланып, өзін-өзі атып өлтіреді. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Орталық Партия Комитетінің мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың иегеріне арналған некрологта оның неден қаза болғаны айтылмайды. Біздер, жазушы әріптестері, нағыз шындықты кейін естідік.

Бұл өлім ел басшыларының жанына қатты бағты. Фадеев үшін емес, өздері үшін. Бұл жай қаза ғана емес, сол кездегі идеологияға жасаған қарсылық, дара адамның демонстрациясы еді. Ойланып көрсеніз, жалғыз Фадеевтің қолында тұрған не бар? Әділін айтар болсақ, безбүйрек саясатты жұмсартпақ болып, талай-талай әрекет еткен. Бірақ одан да ештеңе шықпайтынына көзі әбден жеткен. Ең болмаса азаматтық арым таза болсын деп, Орталық Партия Комитетіне айтып, хат жазған да, соңғы сөзді тапаншаға тапсырған. Қалай дегенмен бұл да ерлік! Басқалар оны да істей алған жоқ.

Илья Эренбург «Люди, годы, жизнь» атты кітабында былай деп жазады: » — Илья Григорьевич, Александр Фадеевтің Орталық Партия Комитетіне жазған хатын оқыдыңыз ба?



— Жоқ, мәтінімен таныс емеспін. Бірақ жерлеу кезінде ызаға булыққан Молотовтың сөзін естідім. Ол: «Ол өзін атқан жоқ, бізді атып кетті», — деді.

Дұрыс байқап, дұрыс айтқан. Өлетін адам өстіп өшін алмаса, басқа амалы жоқ. Дүниемен қошта-сып жатып, беттеріне түкіріп кеткен. Сондықтан да оған Кеңес өкіметі қатты ренжіді. «Ол өзін-өзі атып өлтірмей, ажалынан өлгенде — біз оны Кремльдің қабырғасына қоятын едік», — деген көрінеді Хрущев. Деді ме, демеді ме, анығын білмейміз. Бірақ марқұм Фадеев тап осылай қиястық жасамағанда біздің көсемдердің олай істеуі де мүмкін еді.

Кеңес дәуіріндегі өзін-өзі атып өлтірген ақын жазушылардың тізімі әдетте В.В. Маяковскийден басталатын. Оны бәріміз де білеміз. Мен де хабардармын. Бірақ соңғы жылдары кезінде заманның да, қоғамның да жез кернейі аса ірі ақынның өліміне күдік көбейді. Бұл қасіреттің ар жағында ақынның өз қолы емес, Қауіпсіздік Комитеті тұрған тәрізді, менің көзіме де сол жүндес қол елестейді.

Маяковский өлімі жөнінде көп айтуға болады. Бірақ сәл ертерек... Ол туралы өз замандасы Марина Цветаева: «Адамша өмір сүріп, ақынша өле білді», — деген. Меніңше өте әдемі айтылған.

Соңғы бір-екі ғасырдағы орыс өлеңі әлемдік поэзияның төрінен орын алса, сол төрде отыратын он шақты ақынның бірі — Марина Цветаева болады ғой деп болжаймын. Оның жырлары бір аяғымен бүгінді, бір аяғымен болашақты басып тұр. Егер поэзия жанр ретінде жалпы құрып кетсе, оған шара жоқ. Ал құрымай, гүлдеген үстіне гүлдей түссе, бұл ақынның нағыз оқырмандары келесі ғасырда көбеймесе, азаймайды. Ол — барынша күдіретті ақын. Бірақ бақытсыз. Бақытсыз деймін, жалпы ақын өзі ба-

қытты бола ма екен? Күдігім бар. Есіңізге түсіріңізші! Бірігіп-ақ түсірейікші! Дүние жүзінің жартысын шарлай, теңіздер мен мұхиттардың көкжал бөрісіне айнала жаздап, өзінің туған Португалиясына «Лузиананы» жазып беріп, өзі қайыршы-кедейлер ауруханасында жартылай аштан өлген Комоэнес бақытты ма?! Өзегінді өртейтін өлендерімен кезінде бүкіл ғасыр оқырмандарын аяғынан тік тұрғызған, бірақ бүкіл Ұлыбританиясына сыймай, гректердің азаттығы үшін күресіп, мүлдем басқа елде, жат жұртта ажалын тапқан Байрон бақытты ма?! Жә, туған елі қуған елге айналған жалғыз Байрон ба?!.. Кірісіп кетсең, оның өзі бір хикая!

Венгр поэзиясын адам басы айналатын асқақ биіктерге көтеріп, туған халқының азаттығы жолында, адам қаны судай аққан айқаста алдаспанын аямай ойнатқан, ақыр аяғында сүйегі Сібірде шіріген Шандор Петефи бақытты ма?!

Балалығы Белоруссия мен Литвада, одан кейінгі біраз жылы Ресейде айдауда, содан Парижде, туған жердің топырағы бұйырмай, ең соңында Ыстамбұлда дүние салған Адам Мицкевич бақытты ма?

Төрт жасында шешектен су қаранғы соқыр болып, өмір бойы босаға жағалап өткен араб ақыны Абу-ль-аля-аль Маарри бақытты ма?!

Жапон ақыны Басё бақытты ма?

Қытай ақыны Ду Фу бақытты ма?

Үнді ақыны Кабир бақытты ма?

Болса, белгілі дәрежеде Гете шығар. Одан басқа ешкімді есіме түсіре алмадым.

Әлемге әйгілі «Күдіретті комедияны» жазып, Италия әдебиетін тағы да бір бел асырып тастаған, бірақ өзінің туған Флоренциясынан қуғын көріп,

жиырма жыл басқа ортада өмір сүрген Данте бақытты ма?

Сол бақытсыздардың бірі, дәлірек айтсақ, нағыз бақытсызы — Марина Цветаева. Бұл жолы мен оның бүкіл қайғы-қасіретін жіпке тізіп жатпаймын. Оның Ресейге қайтып келгеннен кейінгі соңғы бірер күнін ғана естеріңізге салғым келеді. Оның жат жерде көрген қорлығы аз болғандай, аңсап жеткен еліндегі бастан кешкен азабы кез келген сау адамы жынды қылар еді! Марина Цветаеваны жақсы түсінетін, барынша бағалайтын, көмек бергілері келетін жайсаң жандар да болған. Бірақ олар Ермиловтардың, Зелинскийлердің, Треневтердің, Грибачевтердің жанында кім еді?! Олардың қолында не күдірет бар еді?! Борис Пастернактың да, Николай Асеевтің де олардың алдында үндері шықпайды. Тренев демекші, Чистопольге көшіп барған жазушылар президиумының кезекті мәжілісінде Марина Цветаеваны тіркеуге (пропискасына) қарсы болған міне, осы — «Любовь Яроваяының» авторы. Ол жамандап сөйлегенмен, мәселе бәрібір Цветаеваның пайдасына шешіледі. Әйтсе де Треневтер мен Тренев тәрізділердің бұдан былай да күн көрсетпейтінін бейшара әйел, азапкер ақын өте жақсы түсінген. Содан кейін-ақ өмірмен есеп айырысуға асыққан. Бірінші күннен-ақ сол жердегі Кеңес жазушыларын басқарған кертартпа шенқорлар Цветаеваны Чистопольге қалдырғылары келмейді. Елабугаға асырып жібереді. Сол Елабугасына жетеді де, баласы екеуі ат басын тіреген соңғы баспаналарына барған бойда-ақ асылып өледі.

Нина Берберова өзінің естеліктерінде мынандай бір жағдайға арнайы тоқталады. Оған бір күні өзінің жұбайы, белгілі орыс ақыны Ходасевич:

«Марина Цветаева жас кезінде Сергей Есенинге ұқсайтын: өндері де, шаштары да, жүріс-тұрыстары да, керек десеңіз, дауыстары да бір-бірінен аумайтын», — деп еді, — дейді. Жақында мен сұмдық түс көрдім. Түсімде екеуі де қатар асулы, қатар қозғалып, қатар теңселіп тұр», — депті. Немене бұл әулиелік пе? Кім білген, олай болуы да ғажап емес қой. Әйтеуір, қайткенде де сол Ходасеевичтің сол бір адам түршігерлік түсі шынға шығып тұр-ау!

Әңгіменің төркіні — әңгіме. Тура осы арадан Сергей Есенин тағдырына көше салуға болар еді, бірақ оны да кейінге қалдыра тұруға тура келіп отыр.

Өйткені ақын туралы кітаптардың бәрінде біз оны 1925 жылы Санкт-Петербургтың «Англетер» қонақүйінде асылып өлген деп оқып келдік. Солай болса солай да шығар деп ойладық. Куәгерлердің айтуынша, оның дарға асылып тұрғаны анық. Мәселе онда емес, мәселе Есенинді кім асқанында. Өзі асылды ма, басқа біреулер асып кетті ме? Бұл күдік аяқ асты пайда болған күдік емес. Ол күдік сол кездің өзінде-ақ болған. Бірақ оның анық-қанығына жету ол кезде өте қиын еді ғой. Заманның өзгеруіне байланысты Есенин тағдырымен шұғылдануға қолайлы жағдай туды. Арнайы комиссия құрылды. Сол комиссияның жасаған қорытындысына карағанда, әйгілі ақын өз еркімен асылмаған. Оны алдымен өлтіріп, содан кейін барып галстугына асып кеткен. Кімдер болушы еді? Жазалаушы органның жендеттері, әрине. Ақылға сыя ма? Сыяды! Бұл мәселе жөнінде мерзімді баспасөзде біраз мақала жарық көрді. Олардың көбімен таныспын. Ал арнайы жазылған кітаптар қолыма тимеді.

Қалай болғанда да, дарға асылу ақындар үшін тіптен жаңалық емес.

Он тоғызыншы ғасырдың орта шенінде француз ақыны Жерар Нерваль, жиырмамыншы ғасырдың отызыншы жылдары неміс ақыны Эрнест Толлер де өмірлерімен осылай қоштасқанды. Дарға асылып өлу Марина Цветаевамен де аяқтала қойған жоқ. 1974 жылы тура мүшел жасында – Пушкин мен Маяковскийдің жасында – осы заманғы орыс ақындарының бірі Геннадий Шпаликов те дәл осылай өлгенді дұрыс көріпті. Құдай аузына салды ма, әлде бүкіл болмысы, табиғатымен бірдеңені алдын ала сезді ме, болашақ өз өлімін өзі суреттеп жазған. «Адам өлді» деген әңгімесін ол он тоғыз жасында қағазға түсірген екен...

Бердібек Соқпақбаев сергек те шымыр, сүйегі асыл мықты қазақ болған. Үлкен-үлкен аурулар түгіл, ұсақ-түйек аурудың өзімен ауырып, тіптен тұмауратып көрмеген аяқ-қолы балғадай азамат еді. Ал жазушы ретінде шындықтан, реализмнен басқаны мойындамайтын, бояма шығармаларды иттің етінен жек көретін бірбеткей батыр қазақ-ты. Бір күні сол ағамыз ойда жоқта қайтыс болды. Жұрттың сөзіне де, өзімнің құлағыма да сене алмадым. Сенуім де мүмкін емес еді. Бірақ сен, сенбе!

Өлген адамды тірілте алмайсың. Арулап о дүниеге аттандырдық. Қимас қаламгерді кара жер құшағына тапсырдық. Өз қолымызбен жерледік. Әйтсе де көңілде күдік қалды. Адам бірдеңені сезеді. Сезеді! Күдіктенсем күдіктенгендей-ақ екенмін. Кейін Бердібек Соқпақбаев қазасына куә болған бір әріптесімнен төрт-бес адам болып барып, Кеңсайдағы саяжайынан төбеде асулы тұрған марқұмды өз қолдарынан түсіріп алғанын естідім. Қазақ баспасөзі оның қалай өлгені туралы шындықты бүгіп қалды. Біздің өзіміз түк білмедік. Қалың қазақ

оқырманы әлі күнге шейін оның қалай қаза болғанынан бейхабар. Мен өз басым Бердібек Соқпақбаевпен бірнеше жыл бірге жұмыс істедім. Үйінде де болып тұрдым. Ол — өзін-өзі өлтіретін адам емес-ті. Қалай дәлелдесе де, мен оның асылып өлгеніне сенбеймін. Алдымен өлтіріп, содан кейін асып кетуі мүмкін. Бұл жағынан оның қазасы Сергей Есениннің қазасына қатты ұқсайды.

Заман өзгерді. Заманмен бірге өмір сүру тәсілдері, тіпті өзін-өзі өлтіру тәсілдері де өзгереді.

Болашағынан үлкен үміт күттірген шынайы орыс таланттарының бірі — Всеволод Гаршин. Сол туралы «ЖЗЛ» сериясына арнап жазған кітабының соңғы жағында Вл. Порудоминский былай дейді:

«18 наурызда Гаршин әйелі екеуі дәрігер Фрейдің қабылдауында болады. Гаршин одан ауруханаға жатқызуын өтінеді. «Оның қажеті не? Оның қажеті не? Одан да сол Кавказына жүре бер!» — деп зар қағады Фрей. Олар кеткеннен кейін ассисент әйел:

— Гаршинді ауруханада қалдырғаныңыз дұрыс болатын еді ғой, — дейді.

Фрей қолын бір сілтеп:

— О не дегенің? О не дегенің? Көп кешікпей ол өзін өлтіріп тынады!

— Онда тіптен жіберуге болмайтын еді ғой!

— Менің ауруханамда біреу-міреудің өлгенін қаламаймын! Одан да сол Кисловодскісіне бара берсін!

Автор дарынды жазушының соңғы күндердегі көңіл күйін доктор Фрейдің іс-әрекеті арқылы өте дәл берген. Содан бес-алты күн өтер-өтпесте жүйкесі тозған Гаршин биік үйдің жоғарғы қабатына

көтерілетін айналма баспалдақтың ұшар басынан құлап өлді.

Бұл сөзімді деме менің балалық,
Тағдыр мені аямайды – бұл анық! –

деп тегін айтпаған екен өзі.

Кейін осы жол, осы тәсілмен орыс ақыны Николай Дементьев, белорусь ақыны Янка Купала, чех ақыны Константин Библ, грузин ақыны Галактион Табидзе дүниеден өтеді...

Сол кезде Грузияда Галактион Табидземен тересі тең талант болмаған. «Грузияның халық ақыны» атағын алған да жалғыз сол. Грузия Ғылым академиясының толық мүшесі де сол... Бірақ тамшылап жиған абыройды әйгілі ақын тегенімен төге бастайды. Бәрін қойып, Сталинді мадақтауға көшеді. Содан да шығар, жұрттың бәрін шетінен көгендеп әкетіп жатқанда оны мандайынан да шертпейді. 1937 жылы өзінің фамилиялас сыңары Тициан Табидзе ұсталады. Паола Яшвили атылып өледі... Ал Галактион болса, Сталинді мадақтаудан талмайды. Одан сәл қолы босаса ішеді. Өте көп ішеді. Ақыры алпыс алты жасында көрнекті ақын өзі тұратын зәулім үйдің терезесінен қарғып өледі. Бір ғажабы, секірердің алдында оның ішінде бір грамм да арақ болмаған. Демек бәрін де сол саналы түрде істеген. Соны және ел түсінсін деп ойлаған болуы керек.

Уды неше түрлі өсімдіктерден, неше түрлі хайуанаттың бойынан алады. Бірақ қалай болғанда да ол – зұлымдықтың жемісі. Оны адам, негізінен, өзі ішу үшін емес, өзгеге беру үшін жасаған. Басқа өлімдерге қарағанда, удан өлген адамдар көбіне-көп неден өлгенін, кімнің қолынан өлгенін білмейді. Әйтсе де у – қиналмай және тез өлудің құралы

ретінде өлермендерге қатты ұнаған. Сондықтан болса керек, қызыл майдан тіршілікте күрескер азаматтар үнемі өздерімен бірге у ала жүретін болған. Көбіне-көп оны асыл тасы бар балдақ-жүзікте сақтаған. Өйткені ол үнемі қолында. Ал Демосфен қалам ретінде пайдаланатын таяқшасында сақтаған. Қаламды бір елі тастамайтын болған... Александр Македонский жорықта жүргенде Македонияның билеушісі болып қалған Антипатр оның соңына түседі. Демосфен қашып, Калаврия аралына барып тығылады. Жергілікті дәстүр бойынша қасиетті храмдарға барып паналаған адамға қол жұмсауға ешкімнің де дәті бармайды екен. Ал Демосфен Пасейдонның храмына барып тығылады. Куғыншылар қайткенде де оны ұстамақ болып, шын мәнінде қауіп тудырады. Алдап-сулап храмнан алып шығудың жолын қарастырады. Бұл тұзақтан құтыла алмасын сезген әйгілі қайраткер туған-туысқандарына хат жазайын, сосын өзім-ақ шығайын деп, өзімен бірге алып жүретін қалам-таяқшасын ұстап отырып, соны аузына салып шайнай береді, шайнай береді. Сөйтіпудың арқасында дұшпандарынан құтылады.

Сол секілді Грекияның ерте заманғы белгілі бір ақыны, біздің жыл санауымыздан төртінші ғасырда у ішіп өлген.

Жиырмамыншы ғасырдың ең көрнекті авторларының бірі австриялық Стефан Цвейг у ішіп өлгенде тура алпыс бірге, яки мүшел жасына толып отыр екен.

Жапон халқының ең кемеңгер жазушыларының бірі Акутагава Рюнеске — саудагер мен ұстамалы ауруы бар әйелден туған жұмбақ талант. Вернолдың бірнеше таблеткасын қатар жұтып, дүниеден оп-оңай өте салады.

Акутагавадан жеті-ак жас кіші, бірақ одан шамамен қырық жыл кейін өлген Ясунари Кавабата уды пайдаланған. Бірақ оның неге, не себептен өлгені беймәлім. Ол өзінің ең атақты романдарының бірі «Таулар тауқыметінде» «Қолдан келсе, қасиетің кетпей тұрғанда, жұрттың махаббатын жоғалтпай тұрғанда өлген жөн» деген бір сөзі бар.

Шубаш халқының Әмина деген әдемі ақыны болған. Ол кезінде өз елінің сандуғашы атанған. Бірақ ол байғұстың қолына у түспегеннен кейін, емен шөлкелерді аямай жағып, есік-терезені және пештің мұржасын тас бекітіп, көк түтінге уланып өлген.

Орыстардың жұрт көп біле бермейтін, бірақ кезінде үлкен үміт күттірген Иван Шкот деген бір дарынды ақыны бір уыс веронол ішіп, отыз алты сағаттан кейін дүние салған. Дәрігерлер канша әрекет еткенімен, аман алып қала алмаған. Бұл 1933 жылы болған.

Сергей Максимович Павловский белгілі философия, әдебиет және тарих институтында оқыған. Үздік студент ретінде Горький атындағы стипендияны алып тұрған. Еуропа мәдениетімен танысу мақсатында жанашыр адамдар оған Италия мен Францияны аралап қайтуға жағдай жасаған, өлендері бұрқырап шығып жатқан. Пьесалары кедергісіз қойылып, абыройы өскен үстіне өсе түскен. Міне, сөйтіп жүргенде аяқ астынан басына бұлт үйіріледі. Біреудің ғайбаттауынан, әлде өзі де бірдене деп бір нәрсені бүлдіріп қойды ма, ол жағы белгісіз, қамауға алынады. Одан кейін айдау... Дегенмен о жақтан аман-есен оралады. Бірақ Мәскеуде тұруға рұқсат етпейді, Рязань қаласына барып паналайды. Сол жерде өле-өлгенше жұрттың босағасында өмір сүреді. «Енді түрмеге түссем, тірі қалмаймын», —

дейді екен өзі. Мәскеуге бір шаруамен келген сапарында тағы ұсталады. Тәртіптің өзі қатал кезі. Жүріп-тұруға, әсіресе айдаудан келгендерге өте қиын. Соған байланысты оған кінә тағылады. Өкіметіне, қоғамына сенуден қалған зөрезап ақын қалтасына у салып жүреді екен, орындығында отырып, соны ішеді де сылқ ете түседі.


Өркениеттің аты өркениет. Техникалық өрлеу адамдардың тұрмысын жақсартып қана қойған жоқ, өлудің де өрісін кеңейтті. «Менің замандастарымның біразы дөңгелектің астынан барып бір-ақ шықты», — деп жазған еді белгілі бір ақын. Онысы рас. Паровоз дүниеге келгелі соның арқасында біраз ақын дүниеден өтті. Тағдыр тауқыметін көтере алмағандар поездың астына түсуді жиілетті. Солардың ішінде ақындар да аз емес.

Кезінде Еуропада аты біраз дүркіреген, бүгінде әлемдік классик қатарына енген Эмиль Верхарн 1916 жылы поездың астынан табылады. Урбанизацияны, техникалық прогресті өзінің негізгі тақырыбына айналдырған өз заманының бел баласын өз заманының дөңгелегі басып өтті.

Верхарн қазасынан кейін, бір жыл өтер-өтпесте литван ақыны Юлиус Янонис 1917 жылы сол бір жер құртының астына түсіп өлуді дұрыс көрді. Соңғы ақынның өліміне алдыңғы ақынның өлімі әсер етуі де ғажап емес.

Жиырма жылдан кейін алды-артына карамай ағып жататын паровоздың бірі көрнекті венгр ақыны Йожеф Аттиланы таптап өтті.

Парижде өмір сүріп жатқан орыстың эмигрант ақындары Николай Гронский мен Борис Павловскийлер де метро станцияларында опат болған көрінеді.



«Есі дұрыс, дені сау адамдардың қай-қайсысы да өзін-өзі өлтіру жөнінде бір сәт болса да ойланбаулары мүмкін емес» — деп жазыпты бір кезде әрі жазушы, әрі философ Альбер Камю. Бір ғажабы қазақта «Самоубийство» деген сөз жоқ. Қазақта ғана емес, бүкіл түркі халқында жоқ екен. Мен барлық түрік сөздіктерін ақтарып шықтым. Барлығы да өзін-өзі өлтіру дейді. Лексема әдетте қос сөзден тұрмайды. Дәлірек айтсақ, екі сөзден тұрмайды. Бұл сөз емес, тіркес. Тіркес болғанда да көне тіркес емес. Жаңа тіркес, жасанды тіркес. Демек, бұл кейініректе кірген ұғым болуы керек. Әйтсе де...

Қайткенде де, меніңше бір нәрсенің басы ашық: ешкім өмірге өзін-өзі өлтіруге келмейді. Қандай қиын болса да, өмір сүруге келеді. Кісі өлтірудің жолы көп. Өзін-өзі өлтіру де — кісі өлтіру. Айырмашылығы — соңғысында адамды басқа біреудің қолымен өлтірмейді, өз қолымен өлтіреді. Мұндай қазаның артында заман, қоғам... тұрады.

Болған емес өзін-өзі өлтіру,
Біреу оны өз қолымен өлтірер!

дейді Евг. Евтушенко бір өлеңінде. Қандай дұрыс, қандай дәл айтқан!



Дуэль

Абай өлеңдерін мектеп балалары түгілі студенттер, студенттер түгілі ұстаздардың өзі жақсы түсіне бермейді. Ал түсінбеймін деп айтуға қысылады, арланады. Ұқпаған адамын кім данышпан тұтады? Жұртпен қосылып мадақтап, жұртпен қосылып, аспанға көтергенмен, былай шыға беріп: «Осы шалды әулие тұта бергенде не шығады?! Соның қай жері әулие?» — деп іштей күйіп-піседі. Жасыратыны жоқ, өз басым Абайды бірден түсініп кеттім деп айта алмаймын. Кемеңгеріміздің кейбір тармақтары кейде маған екіұшты көрінетін.

Жайнаған туың жығылмай,
Жақсы өліпсің япырм-ай! —

деген не сөз?! — деп ойлайтынмын. «Жақсы өліпсің» маған «өлгенің жақсы болыпты» — деп естілетін. Балалық қой, әрине! Келе-келе өлімнің де жайлысы, өлімнің де абыройлысы болатынына көзім жете бастады. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілікте» орыстың әскери туын құшақтап, қан майданда сұлап жатқан Волконскийді көргенде Наполеонның өзі: «Не деген әдемі өлім!» дейді.

Былай қарағанда өлімнің бәрі бір емес пе?!

Оның жақсысы не, жаманы не? Әдемісі не, әдемі емесі не?

Өлетін адам өлді. Өлген адамға одан келіп-келтер пайда қандай?! Бұл ойдан, бұл сезімнен ұзап кеткелі қашан. Енді біз өміріміз әдемі болмаса да, өліміміз әдемі болса екен деп ойлаймыз. Ал ең әдемі өлім абыройлы өлім. Сол абыройлы, сол әдемі өлімді Пушкин армандамады дейсіз бе? Лермонтов армандамады дейсіз бе? Армандады ғой, әрине. Бірақ ит тіршілік жақсы өлуіңе де, әдемі өлуіңе де мүмкіндік бермейді. Бар қасіреттің төркіні — өмірдің өзінде жатыр емес пе?!

Тыныштық жар төсегінен басталады. Ал Сергеевичтің тыныштығы емес, тынышсыздығы сол төсектен басталды емес пе?! Наталья Гончарова мен Дантестің ара қатынасы туралы қанша еңбек жазылды?! Қаншама пікір айтылды?! Өте көп. Солардың ішінде ұлы ақынның әйелін ақтаушылар да аз емес. Тіпті Марина Цветаеваның өзі Гончарова жағында, талдай бастасаң, амалсыз тереңдеп кетесің. Оның үстіне мен пушкинтанушы атағым жоқ, қатардағы ақын ғанамын. Әйтсе де осы қазір керегі Пушкин. Оның қасіреті. Осы тұрғыдан келгенде менің өз басыма Лермонтовтың «Ақын өліміне» деген өлеңі, әсіресе сол өлеңнің ішіндегі «Намыстың құлы» («Невольник чести») — деп келетін тармағы ыстық. Қымбат. Сол екі сөз жүздеген зерттеулерінен артық. Ақыр аяғында солай болып шыққан да жоқ па?! Кейінірек Геккери әулетінің архиві толық жарияланғаннан кейін, сол құжаттармен бірінші боп танысқан эмиграциядағы орыс ақын-жазушыларының Гончарованың кінәлі екеніне көздері жеткен-ді. Наталья тұрмысқа шығуын шыққанмен, Александр Сергеевичті өле

сүймеген. Ал Дантеске шын ғашық болған. Осыдан кейін Пушкин өзін қалай сезінбек, қалай ұстамақ? Ұлы ақын үшін бұдан артық қандай абыройсыздық болуы мүмкін?! Жоқ, мұндай жағдайда «намыстың құлы» атыспай қала алмайды!

Ол кез сормандай ақынның әбден таусылып жүрген кезі болса керек. Дантестің алдында ол бір емес, үш адамды дуэльге шақырады. Олар: жас граф Соллогуб, қатардағы ақсүйектердің бірі С. Хлюстин және князь П. Репнин... Осылардың қай-қайсысымен де Пушкин атысқысы келді деп айта алмаймын. Бірақ Дантестің жөні бір бөлек. Онымен атыспауға болмайды. Бұл жақсы өлімді ойлап жататын сәт емес.

Жасыратыны жоқ, Александр Сергеевичтің өзі, сыпайылап айтқанда, барып тұрған Дон-Жуан болған. П. К. Губердің «Пушкиннің дон-жуандық тізімі» атты кітабында отыз төрт арудың атын атайды. Атап қана қоймайды, ақынның өз қолымен жазған тізімінің фото-көшірмесін береді. Бір қызығы — сол тізімнің ішінде «бірінші», «екінші», «үшінші», «төртінші» деп нөмірленген төрт Катерина жүр. Осының бәрін Гончарова сезді ме, сезбеді ме? Әйел ретінде өшін алғысы келді ме, келмеді ме? — Білмеймін? Әйтеуір бір нәрсенің ғана басы ашық. Ол өзінің қилы-қилы әрекеттерімен ұлы ақынды өлімге айдап салған.

Әлі есімде: Проспер Мерименің «Карменің» мен тіптен жас кезімде оқыдым. Бір емес, екі-үш мәрте қайталап оқыдым-ау деймін. Сонда маған өте қатты әсер еткен осы хикаяттың төбесінде тұрған эпиграф. Онда былай дейді: «Кез келген әйел — зұлымдық. Ол тек екі жағдайда ғана жақсы: бірі — ыстық махаббат төсегінде, бірі — суық өлім құша-

ғында». Имандай шыным, қанша оқысам да ол кезде мен бұл сөзді түсіне алмағанмын. Міне, енді осы кітаптың осы беттерін жазып отырғанда сол эпиграф есіме түсіп, Мерименің үшінші томын қолыма алып, қайта қарадым. Бұл сөзді көне грек жазушысы Паллад айтқан екен. Таң қалдым. Пушкин қасіретімен байланыстырып қарағанда, бұл сөз маған өте орынды көрінді.

Қазақта «қырсық», «қырсық шалды» деген сөздер, тіркестер бар. Бұл өзі ұлы ақынның басын қырсық шала бастаған тұс-ау деймін. Әйтпесе, осы дуэльде опат болар жөні жоқ еді, тіпті. Қырсық. Қырсық болмаса, бірінші кезекті Дантеске бере ме?! Қырсық шалмаса, секунданттар (жақсы ниетпен, әрине) тапаншаның қуатты оқтарын өте әлсіз оқтармен ауыстырып қояр ма еді? Қырсық шалмаса, Дантес сол күні түймелі фрагын киіп келер ме еді?!

Дантестің оғы ең бір қолайсыз жерден — Пушкиннің шатына тиіп, жамбас сүйегіне келіп кептеледі. Тесіп өтуге нашар оқтың әлі келмейді. Егер оның орнында қуатты нағыз мықты оқ болғанда, ол сүйекті тесіп өтеді де, Пушкин өлмей тірі қалады екен. Бұл бір. Екіншіден... Александр Сергеевич аса мерген адам болған. Ол кәдімгі маман кәсіби мергендер тәрізді атыс өнерімен үзбей шұғылданып отырған. «Белкин хикаяттарындағы» «Атыс» новелласын оқыңыз. Сондағы кейіпкерді автордың өзі деп те ойлауыңызға әбден болады.

Пушкин оқ тиіп, жарақаттанып жатып атқанның өзінде қапы кетпейді. Оның оғы өңірінен ұстап тұрған Дантестің қолына, дәлірек айтсақ, саусағына тиеді. Егер секунданттар, қайталап айтам, күшті, қуатты оқтарды өте әлсіз, нашар оқтармен ауыстырып қоймағанда Дантестің жаны жаһаннамнан ба-

рып бір-ақ шығатын еді! Айттым ғой — қырсық! Қырсықтың кесірі! Неге екені белгісіз, осы жолы Жаратқанның ықыласы Дантес жағында болған. Жазмыш логикаға қарамайды. Әйтпесе,... Иә, өкіндің не, өкінбедің не? Пушкиннің оғы дұшпанның қолына тиіп, одан да өтеді. Бірақ темір түйме болмағанда ол оқ Дантестің асқазанын ақтарып түседі екен.

Салқамсоқ сері ақын бір кездері өзінің досы Кюкельбекермен де атысқан. Оған Пушкиннің мына бір шумағы кінәлі:

За ужином объелся я
Да Яков запер дверь оплошно.
Так было мне, мои друзья,
И Кюкельбекерно и тошно!

Кюкельбекер шыдамайды. Оны дуэльге шақырады. Амал жоқ, Пушкин оны қабылдайды. Бірақ жақсы достар бұл атысты қан төгіске жібермей, әзілге айналдырып жібереді. Тапаншадағы қорғасын оқтарды алып, оларды құлпынаймен ауыстырып қояды. Атыс кезінде екеуінің омырауы да қыпқызыл «қан» болады. Қан деп отырғанымыз жемістің шырыны.

Ол кезде жалпы Ресейде дуэльге ресми тыйым салынған-ды. Бірақ дәстүрге айналып кеткен нәрсені бір күнде қоя қою оңай ма?! Жұрт жасырынып барып, атысып жатқан.

Михаил Лермонтов та соған қарамай, 1840 жылы Петербургке таяу Паргалов жолында Э. Барант деген біреумен атысады. Ашулы патша, сонысын тілге тиек қылып, көрінгенге тиісіп жүретін тарпаң ақынды Кавказға жер аударады. Көпке белгілі бұл оқиғаны әңгіме қылып қайтеміз?! О да бір құдай-

дың басына салған бейнеті, қасіреті. Сол кеткеннен Лермонтов қайтып оралмайды. Кавказда оны Мар-тыновтың оғы күтіп жатқан-ды. Осыған байланыс-ты Евг. Евтушенконың «Лермонтов» деген өлеңін еске түсіріп, соның соңғы екі жолын мысалға келтірсем деймін. Сонда көп нәрсе айтылған:

Ресейдің ақындары қашанда
Бірге туған оғыменен Дантестін!

Ақындар, әдетте қызу қанды жандар. Көп жағ-дайда олардың өздері дауға, шатаққа жақындау жү-ретін тәрізді. Сондайлардың бірі — Франсуа-Трис-тан Лермит болған. Алғашқы кезде ол Генрих төр-тіншінің нөкері (пажы) болып, үнемі жанында өмір сүрген. Бірақ жарықтықтың мінезі мінез емес. Төбелесті алтын ақшаға сатып алатын дәукестің өзі, ортасына сыймайды да, бір күні оны корольдің ашуы келіп сарайдан айдап шығады. Содан кейін оның болмаған жері жоқ сияқты. Англияда бола-ды, Шотландияда болады, Норвегияда болады. Еш-бір жерге байыз тауып тұрақтамайды. Гугеноттар-дың Ла-Рошель қорғанын қоршауға алған кезде жа-рақаттанады. Ақырында ол, ежелгі тәсіл бойынша, Людвиг он үшінші жөнінде жыр жазып, соның ар-қасында корольдің сарайына қайтып оралады.

Белгілі ботаник-жиһанкез Жакмон француз ақыны Феликс Лакост туралы былай деп жазады: «Ақынмен болған дуэльде менің досым қолынан жарақаттанды». Досым деп отырғаны — Проспер Мериме. Одан кегін алған Лакост шатаққа себеп-кер болған сұлу әйелін Мерименің құшағында қал-дырып, өзі Америкаға кетіп қалады.

Бірде Вятка қоғамында қаншыр есептелетін бір алғыр әйел Салтыков-Щедринге менің туған күніме

арнап бірдене жазып келсеңіз деп қолқа салалы. Сықақшы – лирик емес. Ол өз жанрының талабы бойынша әлгі арудың жақын бір адамы – «М» деген мырзаға бағышталған терісқақпай, яки мақтаған болып, даттау, тіптен таза кекесін дүние жазып әкеледі. Бұл әзілді көтере алмаған «М» мырза жазушыны дуэльге шақырады. Салтыков-Щедрин өз кейіпкерінің бұл әрекетіне күле қарайды да, той иесінен алған дестегүлді соған жібереді. «М» мырза оны автордың сұраған кешірімі деп қабылдайды.

Демалмақ болып Еділ бойына жүргелі отырған Левитанға полиция дәрігері боп қызмет істеп жүрген Дмитрий Павлович Кубшинниковтың әйелі бірге еріп кетеді. Содан жаз бойы сонда суретшінің жанында бірге болады. Одан кейін тағы да сол Левитанның соңынан салақтап Савина Слободасына кетеді. Елдің арасында пыш-пыш сөз шығып, өсек тарай бастайды. Осының бәрін естіген Антон Павлович Чехов шыдамай «Шошақай» («Попрыгуня») деген әңгіме жазады. Автор сол оқиғаға байланысты таныстарының бәрін әлгі әңгіменің кейіпкерлеріне айналдырады. Чеховтың ойдан шығарғаны – Дымовтың өлімі ғана.

Әңгіме жарық көргеннен кейін әркім өзін таниды, әрине. Левитан қатты ренжіп, Антон Павловичті дуэльге шақырады. Т.Л. Щепкина-Куперник Левитанды қолынан жетектеп, Чеховқа ертіп барады. Екеуін өстіп бітістірмегенде мұның аяғы неге соғарын бір құдайдың өзі білетін еді.

«Біз Волошин екеуіміз қатар келе жатқанбыз, Гумилев біздің алдымызда басқа біреумен әңгі-мелесіп бара жатқан-ды. Волошин, неге екені белгісіз, әлденеге толқып, ашуланғандай. Бір мезетте Гумилевтің жанына жете берді де, оны өзінің күректей



алақанымен салып кеп жіберді. Етженді ірі адамның соққысы ауыр тисе керек, Гумилевтің бір жақ беті мен бір жақ көзі ісіп шыға келді» — деп жазады С. Маковский. Осыдан кейін екеуінің ара қатынасы әбден шиеленіседі.

«Бір күні, — деп жазады Николай Чуковский, — Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында Маринск театрында Александр Бенуаның декорацияларын карап жүріп, Гумилев пен Волошин, екеуі де «Аполлонның» қызметкерлері, бір-біріне тіл тигізіп, қатты шекісіп қалды. Бұған Бенуа да, басқалар да куә. Сондықтан да енді оларға дуэльге шықпай болмайтынын өзара түсінсе керек, жекпе-жек сол баяғы Карасу (Черноречие) бойында өтеді деп келісілді».

Дуэль тек әңгіме күйінде ғана қалып қоймай, 1909 жылы карашаның жиырма екісі күні екі ақын бақтарын сынап бағады. Абырой болғанда екеуі де аман қалады. Бар тапқандары — он теңгеден айыппұл төлейді. Содан жауласып кеткен екі мықты 1921 жылы ғана Феодосияда бір-біріне қол береді.

Дуэльдің дәмін Михаил Зошенко да татқан. «1913 жылы университетке оқуға түстім», — деп жазады ұлы сықақшы. — Сол жылы Кавказда болдым. Кисловодскіде бір заңгер К. дегенмен атыстым. Содан кейін мен өзімді жұрттан асқан батыр, авантюрист есептеп, өз еркіммен майданға кеттім. Офицер болдым». Ол кездерде Михаил Зошенко небары жиырма бір-жиырма екіде ғана.

Адам болғасын, ақын болғасын, ұрыс-керіссіз жүре ме? Хлебников пен Кульбин деген біреудің арасында түсінбестік болып қалады. Шыдамай кеткен Хлебников оны дуэльге шақырады...



Қайда барсаң - бір өлім

Мынандай бір әңгіме бар: Англия қалаларының бірінде Роберт Бернске орнатылған ескерткішке халық жиі жиналады екен. Сол ескерткіштің түбінде бір бала газет-журнал сатып тұрса керек. Баланың жанына бейтаныс бір жазушы келіп:

— Мына ескерткіш кімге орнатылған? Дұрыс жауап берсең, газеттеріңнің бәрін сатып алам! — дейді.

— Роберт Бернске! — дейді бала ойланып жатпай.

— Не үшін орнатқан?

— Өлгені үшін!

Сәби — періште. Бала әруақытта шындықты айтады. Әрине, бұл жолы газет сатып тұрған жүгермек не деп тұрғанын өзі де білмейді. Оның аузына бұл сөзді салып тұрған — Құдай!

Елге, әсіресе, басшыларға, тірі ақыннан гөрі өлген ақын тиімдірек. Олар өкіметтің мазасын алмайды. Айтатынын олар баяғыда айтып, сынайтынын олар баяғыда сынап кеткен. Енді олар оппозиция емес, бар болғаны цитатаға, мысалға айналған.

Толтырар мұңға әр күнді,
Кұлықтарын жоқ тартымды.

Өлтіресіндер ақынды,
Жатқа оқу үшін марқұмды! –

дейді Евг. Евтушенко «Верлен» деген өлеңінде. Евгений Александровичтің сөзі бұл жолы да ондыққа тиіп жатыр.

Өткен бір тарауда у ішіп өлген ақындар жөнінде мөлтек әңгіме айтып едік, енді сол әңгімені үкім беріп өлтірілген ақындар жөнінде әңгімелермен жалғастыралық.

Қай кезде де, қай-қай ақынға да оңай емес. Ал хан сарайында қызмет еткендерге екі есе ауыр болған. От пен судың арасы. Шындық пен өтіріктің арасы от пен судың арасынан да жаман. «Қан сасыған хан сарайы» дейді қазақтар. Осыны халық өте ерте түсінген. Міне, осындай сарайлардың бірінде тоғызыншы ғасырда Халиф аль Мутадин ең сенімді уәзірі арқылы араб ақыны Ибн ар-Румиге у беріп өлтіреді.

Өнер адамы да адам. Дәлірек айтсақ, ол да пенде. Оның да досы, дұшпаны болады. Сондықтан оларға байланысты барлық өлімнің астынан саяси астар іздеп керегі жоқ. Мысалы, Ругуджидан (Дағыстан) шыққан Эльдарилар бір ақсүйектің — чох найбының қызына ғашық болғаны үшін ерте дүние салады. Оған у беріп өлтіреді.

Дарғын ақыны Соқыр Құрбанға да бір тойда у беріп, көзін құртады. Дұшпандары ақынға бәрін кешіреді, бірақ тірі жүргенін кешірмейді. Тірі ақын қашан да қауіпті!

Цезарь опат болғаннан кейін оның орнына әрі жебір, әрі көңілі лас қанішер Марк Антоний отырады. Оның оңбаған әрекеттерін көріп тұрып Цицерон шыдамайды. Жеті айда он төрт рет сөйлеп,

Антонийдің ит сілікпесін шығарады. Содан кейін ол өзінің құлақ кесті құлдарына теңіз арқылы Кайетке, яки сондағы демалыс үйі есебіндегі мекенжайына апарындар деп бұйырады. Бірақ үлгере алмайды. Жендеттер жетіп үлгереді. Центуриан Герений және Трибун Понилийді көргенде әйгілі шешен таң қалмайды. Бойына сіңген гадеті бойынша, сол қолымен иегін сипап тұрғанда Герений қолындағы ұзын селебесімен кеңірдегін орып жібереді.

Француздың белгілі ақыны Андре Шенье Ұлы Франция Революциясының алғашқы қадамын қуана-қуана қабылдап, бір емес, екі ода жазған. Бірақ ол революцияның келесі қадамын қоштамаған. Корольді жақтап, якобинистерді даттап, ызалы сөз сөйлеген. Көп кешікпей, ұсақ буржуазия көсемі Робеспьер өкіметі құлар алдында – 1794 жылы 25 шілдеде Андре Шеньенің басын шауып өлтіреді. Оған арнаған өлеңінде Пушкин былай дейді:

Патшаларды құлаттық. Қолымызды қақпаңыз,
Сұмырайды тағы бір отырғыздық таққа біз.
Масқара ғой! Масқара! Батты түгел жұрт мұнға,
Періштедей Бостандық, сенің күнәң жоқ мұнда!

Әзербайжан халқының ұлы ақыны Имадеддин Насими («Таң самалы» деген сөз) сол кездегі діннің сара жолына тура келмейтін Фазлуллах Насимидің хурифизмімен танысады. Ол Халибтің діни басшыларына ұнамайды. Мысырдың халифы Муайиадқа да ұнамайды. Содан ол 1417 жылы қамауға алынып, өте ауыр жазамен жазаланады. Тірідей терісін сыдырып, халықтың көп жүретін жеріне асып қояды. Содан кейін ақынның қолын бір бөлек, аяғын бір бөлек бұтарлап, бірге туған

бауыры Насыреддинге, өзі сияқты жалған бағытқа түскен серігі Осман Гарайалукке жібереді.

Ал Қарабақтағы хан тағынан дәмесі бар феодал Мамедбек Джавшир әзербайжанның тағы бір данышпан қарт ақыны Вагипті баласымен қоса байлап, құздан лақтырады.

Біртуған өзбек халқының көрнекті ақыны Хамза Хақимзаде Ниязиды кертартпа діни фанатиктер көпіршілдігі үшін мұсылман дәстүрі бойынша таспен атып өлтірген.

Армян ақыны Севак Рубен Швейцария ауруханаларының бірінде дәрігер боп жұмыс істеп жүрген. Ажал айдаған ғой сірә, 1914 жылы ол Отанына оралады. 1915 жылы ұлтаралық ойран кезінде опат болады.

Армян халқының екінші бір көрнекті ақыны Варгес Петросянды 1994 жылы сәуірде үйіне кіре берер дәлізде атып кетеді. Өлмей тұрып-ақ оның басына кара бұлт үйірілген. Туған баласы жездесін атып өлтіреді, қызы Америкаға көшеді. Алпысқа келген Петросян өзінен қырық жас кіші жиырмадағы қызға үйленбек болады.

«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», – дейді қазақтар. Әрине, бұл жерде халық тілді әлдеқайда үлкен, әлдеқайда терең мағынада пайдаланып отыр. Әйтпесе, шығыста тіл кесу болған. Соның арқасында айыпты адамның басын яки өмірін сақтап қалып отырған. Әйтпесе, басынан айырылған адамға тілден не пайда? Ал ақындар үшін тілінен айырылған соң басынан не пайда?

Тақта отырған тасбауырларға біреудің басы деген немене. Адамның басы – Алланың добы. Алланың ғана болса, ештеңе емес қой! Адамның басы көбіне-көп ел билеушілердің добы болып келеді ғой.

Соның бірі, өкінішке орай, Махамбеттің басы. Ол да Алланың добы. Сол Алланың добын Баймағамбет сұлтан ойыншыққа айналдырды. Шынында, Баймағамбет Махамбеттің басын тек Махамбеттің басы деп есептеген жоқ. Көтерілістің басы, халықтың басы деп түсінді. Сондықтан да оның көзін құртуға асықты. Құртып тынды да!

Инквизация кезінде адамдарды тірілей өртеу — күнделікті құбылысқа айналған. Олар басқаны былай қойғанда Алигери Дантенің өзін өртеп жібере жаздаған. Сырттай өкім шығарып қойған. Қуанышына қарай, ол инквизацияның қолына түспеген. Ол өзінің әлемге әйгілі «Күдіретті комедиясын» жазып кертартпа діндарлардың өзін өртеген...

Галилео Галилей райынан қайтып қана аман қалған. Ал райынан қайтпаған сеніміне берік Джардано Бруноны қойдай үйіткен. Француз ақындары Этьен Дюран мен Клод ле Пти де сол безбұйректердің қолынан жанып өлген, күлге айналған. Міне, осылардың қатарына неміс ақыны Квиринус Кульман да кіреді. Жалпы Квиринус Кульманның өзі басқа бір жана діннің басында тұрған. Ол діни ағым «Кульманизм» деп аталған. Оның арманы — дүние жүзін осы жана дінге көшіру болған. Сол үшін әлемді аралап, кульманизмді насихаттаған. Түркияға барып, сұлтанның өзін үгіттеген. Ресми неміс слободаларын кезіп, Ресейдің өзінде біраз әрекет еткен. Міне, осы діншіл ақынның өзі инквизация отына күйіп өлген.

Бір ғана бұлар емес, олардың саны ондап, жүздеп есептеледі.

Бірақ Альфред Штеклідің Кампанелла туралы кітабын оқып отырып төбе шашың тік тұрады. Неткен азап! Неткен төзім! Абақтының да абақты-

сы, түрменің де түрмесі болады ғой. Оған сол қапастың да дұрысын қимайды. Сол абақтының астындағы құрт-құмырсқа, бақа-шаян ұялаған әрі сасық, әрі сыз ластың ішіне апарып қамайды. Қазақша айтқанда, құйрығына кәдімгі қазық қағады. Бірден өртеп жіберер ме еді, ол жындының рөлінде ойнап, сенімді ойнап, аман қалады. Бірақ жынды, жынды емес екенін білу үшін оның денесін балқыған қызыл темірмен қариды. Сонда ол, ештеңе жанына батпағандай, тістеніп, бір дыбыс шығармайды. Шығарса өзін-өзі ұстап беретінін біледі. Осындай-осындай ғаламат азаптарға мойынсұнып, жиырма бес жылдан артық абақтыда отырады. Жай отырмайды. Қағазсыз, қаламсыз шығарма жазады. Түрмеден шыққанда жиырма томдық дүниенің иесі болып шығады. Бірақ ол дүниелер қағазға әлі түспеген, бәрі де миында, жадында, көкірегінде жаттаулы. Не деген зерде! Егер оны түрмеге қамамай, бірден өртеп жіберген болса, «Медицина», «Диалектика», «Риторика», «Поэтика», «Күн қаласы» дүниеге келер ме еді, келмес пе еді?! Ал толып жатқан өлеңдер, сонеттер ше?!

Ақынның үнін өшірудің жылдар сынынан өткен ең оңай тәсілі – қылғындыру, тұншықтыру болып келген. Түрік ақыны Омар Нефидиді солай буындырып өлтірген. Буындырған – заманы, қоғамы. Бұйрықты орындаған біреудің қолы...

Иә, біреудің қолы. Сол біреудің қолы өте жақын адамның қолы болуы да ғажап емес.

Бірде Ресей Жазушылар одағының облыстық бөлімшесінде жас ақындардың өлеңдері оқылып, талқыланылады. Сонда бір бойжеткен қасқыр туралы жырын оқиды. Дәлірек айтсақ, азығын да, азабын да хайуани қуанышын да тайталасып жүріп

табатыны үшін адамдар оларға күн көрсетпейді. Махаббатым үшін мен сол көкжалдардан кем түспен, менің махаббатыма көлденең тұрса, кез келгеннің кеңірдегін ойланбастан орып түсем... Өлеңнің негізгі мазмұны да, ойы да осы... Міне, сол бойжеткен ақын бикешпен жыл жарым уақыттай бір төсекте тірлік кешкен Николай Рубцов сол әйелдің қолынан қаза табады. Ол Рубцовтың қатты мас кезін пайдаланып, буындырып өлтіреді. Кейін сотталып, мерзімін өтеп шығады.

Талай ақынның ғұмырнәмәсімен таныс едім, бірақ мынандай оқиғаны бірінші кездестіруім.

Өз еркінмен өлгенде өлімнің түрін таңдауға болар мүмкін. Бірақ сені біреу өлтіргенде, не өкіметің өлтіргенде қалауың бола бермейді. Осыған байланысты орыстың бір жақсы ақыны Игорь Иргеньев былай деп жазған еді:

Батыр өлім таңдамайды,
Мен – ақынмын. Ол да қайғы.
Бәрін қамдап, бәрін талдап,
Жата алмаймын өлім таңдап!

Жоғарыда айттық, ақынды көбіне-көп заманы, қоғамы, ортасы өлтіреді. Ал әр қоғамның, әр заманның өз тәсілі, керек десеніз, өз дәстүрі бар. Иран, мысалы, осы күнге шейін дарға асады. Еуропа және басқа да өркениетті елдер атып өлтіреді. Қай жағынан да қолайлы.

Вэнь И-до – Қытай ақыны. Отыз жеті жасында саяси науқандардың құрбаны болып, арманда кеткен. Ол кез – Чан Кайши, яки Гоминдандық диктатураның кезі. Вэнь И-до – Чан Кайши тәртібіне қарсы болған ақын. Демократиялық лигаға мүше болып кіреді. 1946 жылы 2 шілдеде Чан Кайши жал-

даптары Вэнь И-доны, оның өте жақсы досы профессор Ли Гун-Пуды опасыздықпен өлтіреді. Ашынған ақын 15 тамызда қаралы митингіде реакцияны маскаралап, өте өткір сөз сөйлейді. Бірнеше сағат өткеннен кейін үйіне таяу жерде жауған оқтың астында қалады.

Испан халқының ұлы ақыны Гарсия Лорка ше?

1936 жылдың жазы. Испанияда бүліншілік. Туған жеріне, әке-шешесіне, яки Гренадаға қалай-солай барып-келіп жүрген ақын бұл жолы бір шешімге келе алмай, ұзақ қиналады. Бәрін әрі ойлап, бері ойлап, барғаным жөн деп табады. Бүліншілік бастала сала екі күннен кейін Лорканың жездесін ұстап қамайды. 16 тамызда барған жерінде ақынды да тұтқындайды. Үш күннен соң сот жоқ, түк жоқ, атып тастайды... Лоркаға керек болғанменен, бүлікшілерге соттың керегі жоқ! Осы бүліншілік шығардың алдында, бұрыннан да, ақын испан ұлтшылдарына ұнамай жүрген-ді. Бір қаламгер жүргізген сұхбатта Гарсия оларды, ұлтшылдарды, аямай-ақ сыбаған-ды. Міне, сол батырдың өзі ойламаған жерден келіп қолға түсті. Көктен сұрағандары жерден табылды. Енді оны ату күнә емес, босатып жіберу күнә! Жаудың логикасы міне, осындай!

Батыр да бір оқтық, ақын да бір оқтық!

Бір ғана нәрсе көңілге медеу — көңілі сүттей ақ періште ақын өзі атқан ата жауларын көріп өлді... Білмей өлгендер де бар ғой. Мысалы, грузин халқының сүйікті ақындарының бірі Илья Чавчавадзе Тифлистен шығып, Сагурамоға бара жатқан кезінде оққа ұшады. Кім атты? Әлі күнге белгісіз.

Әйел десем, әжекем де кетеді демекші, бұл мәселеде Кавказдың жөні бір бөлек...

Кахаб-Росодан шыққан Махмуд — аварлардың әйгілі ақыны. Сүйікті жыршысы. Думанды тойда шалқып отырған шағында ақынға арналған опасыз оқ көк желкеден кеп кадалады...

Кейбір әдебиетшілердің айтуына қарағанда, бұл тұста саясаттың ешқандай қатысы жоқ. Екі өлімнің ар жағында да — қызғаныш жатқан сияқты. Мүмкін! Мүмкін!

Лак ақыны Гарун Саидов та ту сыртынан қадалған қорғасын оқтан қаза табады. Бұл жолғы мылтықтың шүріппесін басушы — Деникиннің жазалаушы отрядындағы біреу...

Осыдан бірнеше жыл бұрын Францияда көрмеген теперіші жоқ, бүкіл өмірлері қайғы мен қасіреттен тұрған дара тағдырлардың иесі болған бірнеше ақынның өлеңдерін шығарып, ол кітапқа «Қарғыс атқан ақындар» деп ат қойыпты. Ауыр сөз. Көңілге келетін сөз. Бірақ, бар болғырлар тауып қойған. Өңшең бір шерлі жыр, шерменде ақындардың тағдырларына үңіле отырып, ақын боп туу азап үшін туу ма деп қаласың. Найзағай түскенде де ондаған, жүздеген тіпті одан да көп қалың ағаштың кез келгеніне түспей, ең биігіне, ең зәуліміне барып түседі екен ғой. Жазмыштың жұмыр добы да, қайысқан қалың халыққа жоламай, әлдекімдерді айналып өтіп, ақындарды барып ұратын тәрізді.

Андрес Элой Бланко — Веносуэль ақыны. 1955 жылы біреудің жаназасынан қайтып келе жатқанда екінші біреудің жұлдыздай аққан жүйрік машинасы Андрес Бланконың көлігін төңкеріп кетеді.

КСРО Жазушылар одағының бір жиналысынан кештеу шығып, көшеден өте бергенде Михаил Голодный деген орыс ақынын жүк машинасы қағып өтеді.

Александр Недогонов жақсы атқа ие бола бастаған дарынды ақындардың бірі болатын-ды. Сол кезекті бір кітабының алғашқы терілімін алып, үйіне келе жатқанда трамвайдың астына түседі.

Паруйр Севак – армян ақыны. Мен оны талай рет көргенмін. Өлендерінің біразын қазақ тіліне аударғанмын. Өлерінің алдында ол Армения Жазушылар одағын басқарған. Ол кездерде жеке меншік машина алу проблеманың проблемасы. «Волга» машинасын Министрлер Кеңесінсіз алу мүлдем мүмкін емес-ті. Өкімет ұрықсатымен сондай бір көлік алып, бүкіл отбасын отырғызып, қыдырып келе жатқанда үлкен бір самосвал тура таптап өткен... Армян ақындары осы бір автомобиль апатына осы күнге шейін күдікпен қарайды.

Мұның бәрі болған оқиғалар. Енді аспанға бір кез көз жүгіртіп көрелік. Онда да опат. Сол аспан апатынан өлген үш мықтының тарихын жақсы білем. Олардың екеуі ұшқыш: біреуі француз Антуан де Сент-Экзюпери; екіншісі – норвег ақыны – Нурдаль Григ. Екеуі де соғыс кезінде аспандағы аласапыран айқаста қаза тапқан. Антуан Сент-Экзюперидің қай тұсқа құлағанын біле алмай... бірақ соңғы жылдарда анықтаған сияқты.

Орыс ақыны Иосиф Уткин 1944 жылы авиа апатында опат болады. Илья Ильфтің әріптес, қаламдас серігі Евгений Петровичтың түбіне жеткен де осы ұшақ.

Біреулердің неден өлгені, біреулердің қалай өлгені, ал біреулердің қайда өлгені белгісіз. Жұмбақ тағдырлар да жоқ емес.

Пьетер Бугу – албан ақыны. Әдемі басталған әдеби өмір. Жиырма бір жасында священник, отыз үш жасында Сербияның бас викариі болып, елу бес

жасында Солтүстік Албанияның епископы болып тағайындалған. Саяси-әлеуметтік өмірге белсене араласқан. Ол кезде бүкіл Албания, Сербияның біраз жері Түрік империясына қараған ғой. Сол бодандықтан құтылу мақсатында ол екі мәрте Ватиканға барып, көмек сұрайды. Отыз мың адамды қарулы көтеріліске дайындай аламыз, бірақ бізді Еуропаның үлкен елдерінің біреуі қолдаса деп өтініш жасайды. Ватикан бірден қол ұшын бере алмайды. Ол содан өлерінен бірнеше күн бұрын Ватиканның Албанияға жасап отырған қолайсыз әсерін қатты сынайды. Сөйтіп елді бір дүрліктіреді. Көп кешікпей оның өлігі Дрина өзенінен табылады. Кім өлтірді, қалай өлтірді, неге өлтірді – түгелдей беймәлім.

Сирано де Бержарак – француз ақыны. Әйгілі ақын, әйгілі әдеби кейіпкер. Он сегіз жасында колледж бітіріп, әжептеуір білім алып, қатарға қосылады. Айтпақшы қосыла алмайды. Істейтін жұмысы, жұмсайтын ақшасы жоқ жас ақын өзі секілді селтенбайлармен қосылып, берекесіз тірлік кешеді. Поэзия туралы қызу айтыс, пәлсапалық әңгіме, қайдан келіп жатқаны беймәлім арақ-шарап. Бірақ мұндай тірлік ұзаққа созылмайды. Ондай өмірді жыртық қалта түгіл, бүтін қалтаның өзі көтере алмас еді. Ақшадан әбден тарыққан ақын король гвардиясына солдат болып орналасады. Отыз жылдық соғысқа қатысады. Одан жарақаттанып, сетінеп шығады. Содан өзіне әбден таныс латын орамындағы берекесіз баяғы тірлікке қайтып оралады. Ойын-той, дырду-думан, шөпілдеген шарап, шөпілдеткен қызкеліншек, ұрыс-керіс, дуэль... Бірақ ол қашанғы созылады?! Бір тоқтықтың – бір аштығы, бір аштықтың – бір тоқтығы, біз азаптың – бір ләззаты, бір

ләззаттың — бір азабы болмай қоймайды. Сөйгіп жүріп ол жүгенсіз жәлаптардан жаман ауру жұқтырады. Онысы ұзаққа созылады. Және мінез-құлқына қатты әсер етеді. Шаршап, қажып, азып-тозып, мыңмен де, дінмен де тіл табыса алмай, бәрімен де шығысып, дүние салады. Қалай өлді, қайда өлді, моласы қайда? Ешкім білмейді.

Ағылшын халқының ұлы ақыны, Байронның әрі әріптесі, әрі серігі Шелли өте жұмбақ жағдайда дүние салған. Е. Витковскийдің айтуынша Шелли отырған яхта қатты дауыл кезінде аударылып кетіп, ақын суға түншығып өледі. М. Кургинянның жазғанына сенсек қайықпен серуендеу — оның күнделікті машығы, әдеті екен. Сондай бір серуен кезінде суға кетеді. Ал «Байрон» атты роман жазып, бұл мәселені тереңірек зерттеген А. Виноградов Шелли мен Байрон «Ариэль» яхтасына отырып, маңызды бір шаруамен сапарға шықпақ болады. Аяқ астынан Байронның қолы тимей қалады да Шелли жалғыз кетеді. Күн ашық, ол күні ешқандай дауыл соқпаған. Шеллидің қолында ақша толы сандықша болған. Жанындағы серігі — ағылшын азаматы Вильямс... Артынан Шеллидің өлігі ғана табылады. Яхтаның қайда кеткені анық емес.

Солтүстік Кавказда біздермен тіл жағынан тіптен жақын туыстас бір халық тұрады. Олар — құмықтар. Міне, осы туысқан тайпаның Ирчи Қазақ деген ақыны болған. Сол Ирчи Қазақтың жақын, өте жақын достарының бірі Атабай әдемі бір кәнизәкқа ғашық болған да, ақыры оны ұрлап әкеткен. Оған құмық ақыны қатты көмектескенге ұқсайды. Патша өкіметінің сол кездегі ең сенімді төбеті болып отырған найбы Шамхал ғашық жігітті соттын өкімі, шешімінсіз-ақ үш жылға Сібірге жер аударар-

ды. Тірі адамға үш жыл деген немене, қапалы құмық қайтып оралады... Бір күні бейтаныс біреу келіп, Ирчи Қазақты үйінен аулағырақ алып шығады. Содан кейінгісін құдай ғана біледі. Жер жыртып жүрген шаруалар оның сүйегін көпірдің астынан табады. Туған-туысқандары оны тек киімінен таниды. Бетінен бет қалмаған. Неге өлтірді? Кім өлтірді? Тағы да белгісіз.

Орыс ақыны Сергей Чекмаревтің тағдыры да осы іспетті. 1933 жылы мамыр айында ақын кәдімгі ауыл арбасына отырып, алыс совхоздың алыс фермасына сапар шегеді. Кейін өзен жағасында, көпірден өте берісте аударылып жатқан арба, ал өзеннен Чекмаревтің өлігі табылады. Артынан да ештеңе анықталған жоқ. Сол құпия, сол жұмбақ.

Бұл әңгіменің, яки ақындар өлімі туралы әңгіменің шегі жоқ. Әрқайсысы әртүрлі жағдайда опат болған. Олардың ішінде суыққа ұшып өлгендер, суға кеткендер, майданда өлгендер қаншама? Кейбіреулері тіпті тоққа түсіп өлген. Мысалы, орыс ақыны, әрі сазгер-әнші Александр Галич Париждегі оңаша пәтерінде электр пешін тоққа қосқан кезде ток ұрып өлтіреді.

Ал концлагерьде азап шегіп, сол концлагерьдің өзінде өлгендер ше? Ең болмағанда біразының атын атап өткен дұрыс шығар. Олар: Альма Иоганна Кениг, Див Ван Годдис, Гертруда Кольмар, Эдуард Шиманский, Макс Жакоб, Миклош Радноти, Рене Блик, Али Щогенцуков және басқа толып жатқан көрнекті ақындар...

Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын!

Хуан де Тассис-и-Перальта – испан ақыны. Саламанкадағы оқуын аяқтағаннан кейін патша са-

райына қызметке орналасады. Карта құмарлығынан аты шығып, соның кесірінен жиырма жасында сарайдан қуылады. Содан ол Италия жорығына қатынасып, он шақты жылдан кейін еліне қайта оралады. Ақынның тілі тыныш тұра ма, ақсүйектердің жынына тиіп, екінші рет жер аударылады. Қырыққа толмай жатып, із-тозсыз жоғалады.

Жалпы із-тозсыз жоғалған ақындар да аз емес. Соның бірі және бірегейі – Франсуа Вийон. Ол туралы мен алғашқы тараулардың бірінде жазғанмын. Жалпы француздар оны қарғыс атқан ақындардың басына қояды. Оның жұмбақтау өмірбаянын оқып отырып, қарғыс атса, атқан да шығар деп ойлап қаласын. Сұмдық! Ұрлық жасаған, қып-қызыл төбелестерге қатынасқан, түрмеде отырған. Өмірінің жарым-жартысын қашып-пысып, бұғып жүріп өткізген. Кісі өлтіруі де ғажап емес. Дәлел жоқ, бірақ күдік бар. Бүгінде оның қайда, қалай дүние салғанын ешкім білмейді. Моласы да жоқ, әрине!

Осы тізімге жартылай венгр ақыны Шандор Петефиді де енгізуге болады. Жартылай дейтін себебім – бір ғасырдан артық уақыт бойына оның қайда кеткенін ешкім анықтай алмай-ақ қойды. Ол туралы соңғы дерек: ұлт азаттық қозғалысы кезіндегі ақырғы айқаста ақ бозатқа қазықтай қадалып, жауын жапырып жүрген жас батырды біреулердің көргені бар. Содан кейінгісі қалың тұман... Бірақ кейініректе венгрлер мен орыс зерттеушілері оның зиратын Сібірден тапқандай болды. Көтеріліс жеңілгеннен кейін аман қалған венгр жауынгерлерін орыс империясы жасырын айдап әкеліп, Сібірде ұстаған. Олардың бәрі де сол жерде жерленген. Тағдыр дауылы айдап әкелп,

Сібірде сүйегі қалған венгр қорымының ішінен Петрович дегеннің зираты табылған. Ол Петефидің фамилиясы. Өзі болуы да мүмкін, фамилиялас біреу болуы да ғажап емес.

Жалпы адам жоғалу, соның ішінде еліне белгілі ақынның жоғалуы ақылға сыймайды. Сыймайды. Бірақ жоғалады. Солардың бірі армян ақыны Хачатур Абовян. Ол қырық үш жасында үйінен шығады, содан қайтып оралмайды. Әлі күнге белгісіз.



Жақсы өлім және соңғы сөз

Ауру дегенін өте қысқа романның өте ұзақ кіріспесі. Кейде сол ұзақ кіріспе аяқталып, романның басталмай қалуы да ғажап емес. Әрине, ерте ме, кеш пе, романның күні, яки бастала сала аяқталар сәті де туады. Ол кезде оған басқа ауру, яки басқа алғы сөз керек болады.

Біз әдетте ажал дейміз, өлім дейміз. Кейде сөздерді синоним сөздер, мағыналас сөздер, баламалас сөздер деп түсінеміз. Рас, олар өте жақын, өте туыс, сөйте тұра бірін-бірі жүз пайыз алмастыра алмайды... «Ажалынан бұрын өліпті» деген тіркес бар. Сонда бұл «өлімінен бұрын өліпті» — деген сөз бе? Оны қалай түсінуге болады? Дені сау адам солай айтар ма еді? Меніңше, айтпайды. Айтпайтынында бір мән бар. Үлкен мән бар. Ажал ол маңдайға жазылған өлім. Құдай берген өлім. Алдын ала шешіліп қойған өлім. Сөйте тұра кейбіреулер кесімді күнінен бұрын кездейсоқ өледі. Яки қаза болады. Өз өлімімен өлгенді қаза болды демейді. Ажалынан бұрын өлді деген міне, осы.

Кейде біреулер әлдебіреудің дүние салғанын естігенде: «Өз ажалынан өліп пе екен?», — деп сұрайды. Бұл да біздің пікіріміздің дұрыстығын дәлелдейді.

Адамның өлім таңдарлық мүмкіндігі жоқ дедік. Сөйте тұра не де болса, өз ажалынан өлгенді қалайды. Жасыратын несі бар, өлімнің де жақсысы, жаманы болатын көрінеді. Осы тұста Абайдың екі тармақ өлеңін тағы бір қайталауға тура келеді:

Жайнаған туың жығылмай,
Жақсы өліпсің япырм-ай!

Өкінішке орай, мұндай өлімдер ақындардың басында өте сирек кездеседі. Не ғаламаты бар, бірақ солай.

Н.М. Языков — орыстың белгілі ақыны, жаңа жылдың алдында Иса пайғамбардың дүниеге келген күні қарсаңында өз өмірімен қоштасқан. Аһламай, үһлемей, елді аяғынан тік тұрғызбай, азан-қазан жасамай, жатқан жайлы төсегінде үн-түнсіз жүріп кеткен. Жүріп кеткенін ешкім байқамай да қалған. Тек соның алдында ғана келіп, тамырын ұстап, сөйлесіп қайтқан дәрігерінің өзі ештеңені сезбеген. Ал ол қалғып кеткен адам тәрізді ақырын-ақырын жан тапсырған. Біздердің ұғымымызша тіптен жақсы, тіптен әдемі дүние салған.

Языков өлгенде И.А. Гончаров отыз төрт жаста екен. Ол ақыннан кейін де қырық бес жыл өмір сүрген. Бұл да төсек тартып жатады. Мүнікі де тыныш ауру. Дәрігер келіп кеткен сайын көңілі орнына түсіп, көзін іліп алады екен. Отбасы, жақын-жуықтары бұл жолы да солай екен деп ойлайды, қалғып жатыр екен деп ойлайды. Шынында, оның шыңсыз о дүниеге жүріп кеткен.

Украинаның ұлы ақыны Тарас Шевченко достарының басын қосып, туған күнін тойлайды. Достары кеткеннен кейін кеудесі кеміріп, жүрегі шан-

шығандай болады. Ертесін ерте оянады. Ауруы қойған сияқты. Шеберханасына барып, жұмыс істемек болып, баспалдақтан түсіп келе жатқанда жалп ете қалады.

Демьян Бедный басшылыққа өте жақын жүрген ақын. Ленин тірі кезде ол тіптен Кремльдің өзінде тұрған. Одан бұрын да, кейін де Кремльде тұрған бір де бір ақын болмаған. Міне, сол Демьян Бедный Барбиха санаторийінде И.М. Москвин және М.М. Тарханов тәрізді театр тарландарымен асханада тамақтанып, әңгіме-дүкен құрып отырады. Біріне бірі тез, шұғыл, жалма-жан ұшқыр жауап беріп сөз жарыстырғандардың бірі — Демьян Бедный кенеттен үнсіз қалады. Сөйтсе, ол сөйлеп отырып, өліп кетіпті.

Павел Шубин көктемнің шуақты бір күнінде Орталық әмбебап дүкенінің жанындағы гүлзардың біріне барып, демалып отырғанда қалай өлгенін өзі де сезбей қалады.

Ал Панферов жарықтық түс көріп жатып жүріп кетеді.

Корней Чуковскийдің жазушы баласы Николай Чуковскийге де осындай өлім бұйырған. Ол да төтті ұйқыдан қатты ұйқыға ауыса салғанға ұқсайды.

Инокентий Анненский лекциядан қайтып келе жатып, Санкт-Петербург вокзалында оқыс дүние салады.

Осип Максимович Брик кәдімгі Лиля Бриктін — Владимир Маяковскийдің бір кездегі нақсүйерінің күйеуі — өз заманының өте сауатты әдебиетшілерінің бірі өзі тұратын үйде баспалдақпен көтеріліп бара жатып жан тапсырған.

Баспалдақ демекші, отанынан қуылған ұлы түрік (ұлы жазушы, ұлы ақын ғана емес) көп жылдар

Мәскеуде тұрды. Сол бірде күндегі әдеті бойынша газет-журналын алайын деп почта жәшігін аша бергенде құлап түседі. Өлім уақыт та таңдамайды, жер де таңдамайды.

Бір кездегі әдеби ақсүйектердің бірі саналған Петр Андреевич Павленко Горький жайлы баяндамаға дайындалып жатып, кітап сөресінен ұлы жазушының керекті томын суырып алып, өзіне қажетті жерін тауып, көшіре берген тұста жан тәсілім жасаған.

Александр Серафимович пен Борис Неверов-Скоблевскийдің өлімдері бірінен бірі аумамайды. Екеуі де ауырмай-сырқамай, туған күндерін тойлаймыз деп отырып, дүние салады. Сөйтіп қуаныш тойлары қайғылы қазаға, жаназаға айналады.

«— Не болса да бірден өлгім келеді. Төсек тартып жатқым келмейді, біреулерге масыл болғым келмейді!

— Қарай гөр мұны! Тек сен ғана солай ойлайсың ба? Менің де арманым сол!

— Міне, тап осылай жүріп келе жатып о дүниеге өтіп кетсем деймін!»

Бұл Сергей Орловтың естелігінен үзінді. Сол Сергей Орлов өзі жұмыс істейтін мекеменің дәлізінде жүріп келе жатып, жүрегін ұстайды да құлайды. Соның алдында ғана тоқтап қалған сағатының тас-талқаны шығады.

Басқа бір тарауда да айтқанмын: Ұлы Отан соғысы кезінде төтелеп келіп соққан жарықшақ Борис Слуцкийдің бас сүйегін ойып түседі. Бірақ сәтті операцияның арқасында ақын аман қалады. Көп жылдар бойы қылп етпей жатқан жарықшақтың зардабы соңғы жылдары иесінің мазасын ала бастайды. Ол бірде тамағын ішіп болып, ыдыс-аяқтарын жуып,

басқа бөлмеге өте бере ұшып түседі. Сөйтіп, миына қан құйылады.

Маған мысалдарды көбейте беру мақсат емес. Маған оларды алдымен жинап, сұрыптап, содан кейін жүйеге түсіру, сол жүйеге түскен фактыларды қоюлату арқылы оқырманның сана-сезіміне әсер ету, негізгі объектіге солардың назарын барынша түгел аудару. Енді осы жүйедегі «бақытты» өлімнен бір мысал. Сосын күй табағын аударып, келесі әуенге көшетін шығармыз.

Степан Шипачев — жас ақындардың керемет жанашыры, жырқұмарлардың сол кездегі жақсы көретін ақыны, соңғы өлеңдерінің бірінде — өлім шіркін, дауылдатпай, шошытпай үнсіз-түнсіз мысық табандап келсе екен, — деп тілеу тілеген-ді. Ақынның соңғы сәті туралы әйелі былай деп жазады:

«Ол өз бөлмесінің есігін ашып қарады да:

— Сенімен қоштасып қойсам деймін! — деді.

— Қоштасқаны несі? Жаңа ғана қайырлы түн тілеп кеткен жоқсың ба?!

— Саған тағы бір қарап, тағы бір көргім келіп шықтым. Енді кеттім. Мені мазаламай-ақ қой! — деді де: — Мазаламай-ақ қой, — деп тағы бір қайталады».

Таңғы бестерде Валентина Николаевна (әйелі) шошып оянады. Ақырын басып, күйеуі жатқан бөлменің алдына келіп, тың тындайды. Степан Петрович тырп етпей тыныш жатыр екен. Қиналмай, азап шекпей, қалғып жатып жүріп кеткен.

Генрих Гейнениң көптің арасына кеңінен тараған бір сөзі бар. Мен мұны басқа тарауда да айтқанмын. Сол сөз осы тұста тағы бір керегіп тұр. «Егер жер шарына сызат түсер болса, ол міндетті түрде ақын жүрегін басып өтеді», — деген ол. Бұл, әрине,


метафора. Бірақ ойланып көрсеңіз, тек метафора ғана емес. Тура солай ма деп қаласың. Қазір инфаркт, инсульт, паралич дегендер көбейді. Ертеректе олар өте сирек болған. Ал ақын-жазушылардың арасында сол кездердің өзінде жиі ұшыраған.

Париж арсеналының әскери дәрігері әйгілі Бомаршенің өлімі туралы былай дейді: «Мен барғанда Бомарше мырза тірі емес-тін. Ол менің алдымда аз дегенде алты-жеті сағат бұрын қайтыс болған. Қан айналымының бұзылуынан тамыр жарылып, миға қан кеткен».

Тарихта күні бүгінге шейін ең салмақты ми Тургеневтің миы болып келді. Содан кейінгі ауыр ми Теккерейдікі. Тасып келіп құйылған қанды сол мидың өзі көтере алмаған. Ол оқыс дүние салған кезде небары елу үш жаста-ақ болатын.

Әдебиеттің әйгілі еңбеккері, кішкене халықтың үлкен ұлы Антон Таамсааре өз кабинетінде жазу үстелінің басында өлген. Кешігіп келген дәрігер жүректің ең жуан тамырында қан жүрмей қалғаннан деп табады. Эстон халқы үшін Таамсааренің орны мүлдем бөлек. Жанкүйер оқырманда-ры оған көзінің тірісінде ескерткіш орнатқан. Ескерткіштің ашылу салтанатына жазушының өзінде шақырған. Кішіпейіл кемеңгер баруды жөн көрмеген, қысылған.

Жалпы жазу үстелінің басында өлу – бүкіл ақын-жазушының арманы деуге болады. Өлерінің алдында Петрарка «Жазып отырғанда немесе оқып отырғанда жүріп кеткен ақынның арманы жоқ қой» – депті. Бұл 1374 жылдың шілдесі, он сегізінен он тоғызына қараған түнде болған дейді. Ол кезде ұлы ақын «Ұрпақтарға хатының» аяғын жазып жатқан. Сол жұмыс үстінде дүние салған.



Белоруссияның ақсақал ақыны Яков Колас жазу үстелінің басында отырып, бастаған сөйлемін аяқтап үлгермей үзіліп кеткен. Бұлардың қай-қайсысына да Абайша «Жақсы өліпсің, япырм-ай!» — деуге болады.

Кім болса, ол болсын, дүниеге келерде адам баласы шырылдап жылап келеді. Ал өлерде ше? Ақындардың өлердегі ең ақырғы айтқан сөзін білгім келеді. Онда тұрған ештеңе жоқ та шығар, мүмкін. Бар болуы да ғажап емес. Әрине, өлер алдында кім жетісіп жатады дейсің?! Олардың біразы есін білмейді. Естерін жимай дүние салады. Біреулері тіпті өлетінін де сезбей қалады. Біреулер ұйықтап жатып, сол қалың ұйқыдан оянбай кетеді. Әйтсе де мүмкіндігі бар ақын бірдеңе дегісі келетін шығар. Көбіне-көп дейді. Бірақ солардың көбі бізге белгісіз. Қағазға түспеген. Алайда мен соларды іздеп бақтым. Тапқандарым да бар. Тек түсіну қиын. Айдай анықтары да аз емес.

Андре Шенье төсек тартып жатқан ақын емес. Ақыл-есі бәрі орнында баскеспекке (эшофот) көтеріліп бара жатып, саусағымен басын нұсқап: «Дегенмен мұнда бірдеңе бар еді ғой!», — деп айқайлайды. Кімге айтты? Неге айтты? Не үшін айтты?

Байронның соңғы сөзі шаршаған адамның сөзіне ұқсайды. Ол қабырғаға қарап аунап түсіп: «Енді ұйықтау керек!» — депті. Онысы қай ұйқы? Кіші ұйқы ма? Үлкен ұйқы ма? Осыған ұқсас бір сөз Илья Эренбургтың да аузынан шықса керек. «Енді демалатын шығармын, сірә!» — депті ол. Бұл да көп мағыналы.

Михаил Пришвиннің жанында болған куәгерлердің айтуы бойынша, ол алдымен: «Мұны біз өзі-

міз тындыруға тиіспіз», — депті де оң жамбасына аунап түсіпті.

«Жарықты молырақ беріндерші», — депті Гете.

«Қағаз, қарындаш», — депті Гейне.

«Енді мен өз қолыңдамын, Жаратқан!» — депті Таркватто Тассо.

«Комедия аяқталды, шымылдықты жабыңдар!» — депті Рабле.

Вальтер Скотт: «Мен өзімді анамнан жаңа туғандай сезініп жатырмын!», — десе керек.

Біз, әрине, ұлы адамдардың ақырғы айтқандарынан бір құпия, бір жұмбақ сыр естігендей боламыз. Шынында да солай ма, олай емес пе? Әлде жай ғана бір сәттік көңіл күйі ме? Кездейсоқ сөз бе? Өкініші ме, күйініші ме? Тағы немене? Француз ақыны Жюль Барэ д'Оребели: «Дос деген жоқ, алданған адамдарым ғана бар», — депті. Шынында да ол соңғы отыз жыл бойына ешкіммен араласпай, бұйығы өмір сүреді. Руссель көшесіндегі бір бөлмелі тар үйде 1889 жылы дүние салады.

Сесар Вальехо — Перу ақыны. Көрмеген қорлығы жоқ. Аш-жалаңаш, ақшасы жоқ, киім-кешегі жоқ, баспанасы жоқ — ештеңесі жоқ. Париждің кез келген бұрышында түнеп жүрген. Мұндай тамұк тірліктің ұзаққа созылуы мүмкін емес. Қаңғып жүріп, ауруханадан бір-ақ шығады. Қызуы қатты көтеріліп, сандырақтайды: «Испания! Испания!» дей береді. 1938 жылы 15 сәуірде испан тілінде жазатын ең мықты ақындардың бірі дүние салады. Өлер алдында: «Сонда... көп кешікпей Навахада... Мен Испанияға бара жатырмын», — болады.

Мигель Эрнандес — испан ақыны. Мадрид қорғанысы кезінде Республикалық армияның комиссары, кейін Севиль және сол Мадрид түрмесінің тұт-

қыны. Алдымен өлім жазасына кесіліп, сонынан отыз жылға айдауға жіберіледі. Отыз жыл! Қайдағы отыз жыл! Ол 1942 жылы 28 наурызда дүние салады. Ең соңғы сөзін түрменің қабырғасына былай деп жазып кетеді.

Бүгін енді қоштасуға тиіспін
Дос, бауырлар, алтын астық, күміс күн!

Соңғы күні, соңғы сәттері кітапханасына қарап жатып, «Қош болындар, достар!» — депті Александр Пушкин. Төңірегінде толқып отырған достарына айтты ма, әлде қабырғадағы қайысқан қалың кітаптарға айтты ма? Ал ең соңғы минутындағы ақырғы сөзі жаны қиналып, қатты өкінген қатардағы адамның сөзіне ұқсайды. «Өмір бітті!» — дейді. Естіңкіремей қалып, кайталап сұраған достарының біріне «Өмір бітті!» — деп жауап береді де: «Тынысым тарылып бара жатыр», — деп жалғастырады.

Гогольдің соңғы бірер жылдағы іс-әрекетін жалпы түсіну қиын: не ауру деп айта алмайсың, не сау деп айта алмайсың. Ол біреулер сияқты сандырақтамайды, ақылынан адаспай, өдемі жатып, дүние салады. Сонда айтқан соңғы сөзі: «Өлу деген қандай рақат!»

Әр тілдің өзіне ғана тән қайталанбас қасиеттері болады. Кейде ең бай, ең оралымды тілдің өзі басқа тілдің адам ойына келмейтін қалтарыс-бұлтарысын жеткізе алмайды. Сондықтан енді бір үзіндіні таза орысша келтірейін:

« — Не смерть, а умирание...

— Как! Гейне сказал это?

— Да, а что!

— Удивительно! Да ведь это почти слово в сло-

во мой стих недавно написанный: «Хорошо умереть, тяжко умирать!»

Удивительно!

Правильнее: «Тяжело умирать, хорошо умереть!»

И он, Некрасов, закрыл глаза».

Байқайсыз ба, бұл сөз де Гогольдің сөзімен сабақтасып жатқан жоқ па? «Хорошо умирать!» – «Өлу қандай рақат!»

Төсек тартып жатқан Чернышевскийдің соңғы күндері өте ауыр өткен. Есі бірде кіріп, бірде шығып жатқан. Сондай алмағайып сәттердің бірінде: «Бұл пенденің тағдыры шешілген: ол енді адам болмайды. Оның қанында асқынған ірін бар, – дейді де қайтадан есінен айырылады. Содан кейін ол ләм-лим демейді. Есін жимаған күйде көз жұмады.

Лев Толстойға дәрігерлер дұрыс демалу үшін оттегін береді. Қанына камфора тамызғаннан кейін біртүрлі дұрысталып қалғандай болады. Бауыры Сerezаны шақырады.

– Сerezа!

Сerezа келген кезде ол былай дейді:

Ақиқат... Менің сүйетінім көп... солар секілді...»

Бұл – Лев Толстойдың соңғы сөзі. Одан Сerezаның не түсінгенін біле қою қиын. Не дегісі келді екен ұлы жазушының?

Енді есіме түсіп отыр: «өлгелі жатқан адамның сөзі өте мәнді болады», – деген Лев Николаевичтің өзі. Сөйте тұра сол данышпанның соңғы сөзін анықтай алмағанымыз өкінішті, әрине.

Борис Пастернак өлер алдында «Терезені ашыңдар!» – деген сөзді, бір емес, бірнеше мәрте

кайталапты. Мұны біреулер тек тура мағынасында емес, метафора ретінде түсіну керек дейді. Ақылға сыяды. Өмір бақи цензурадан бас көтермеген ақынның шын ойы солай болуы әбден мүмкін. Молырақ еркіндік, молырақ демократия – Пастернактың көңілінде жүрген көкейкесті мәселе ғой. Солай ұққан да жөн шығар.

Біреулер осы «Терезені ашындар!» мен Гетенің «Молырақ жарық беріндер!» дегенін төркіндестіреді. Борис Пастернак «Фаусты» аударған ақын. Кім білген, бұл жерде де ой туыстығы орынды көрінеді.

Бүгінде Дмитрий Фурмановтың күні өткен. Бірақ мәселе қай жазушының қай заманда кімге қызмет еткенінде ме? Кімнің сойылын соққанында ғана ма? Меніңше, мәселе сенің жазушылығыңда ғой. Нағыз жазушы, шындап келгенде, ешкімге де қызмет етпейді. Еткен болып көрінеді. Ал Фурманов жазушы ғой. Оның «Чапаевы» – тегін дүние емес. Шынайы шығарма. Ол жарықтықтың соңғы сөзі де жазушының сөзі. Ол: «Босатыңдар мені! Босатыңдар! Мен әлі түк істеп үлгергенім жоқ, тындырғаным өте аз... Менің әлі көп нәрсені айтуым керек!» – депті ең соңғы сөзінде.

Адамның соңғы сөзі – өсиет, соңғы тілегі. Көп дүние өсиетке байланысты. Өсиет кейде ерте айтылады. Кейде кейіндеу айтылады. Бірақ кеш айтылмайды... Соңғы сөз әртүрлі көңіл күйіне байланысты, әрине. Ал өсиетте көңіл күй пәлендей рөл атқармайды. Ол қашанда мәнді, қашанда маңызды. Оның көбіне-көп ерте, алдын ала жазылатыны да сондықтан.

Джон Китс небары жиырма бес-ақ жыл өмір сүрген. Бұл адамның өсиет жазатын жасы емес.

Бірақ күн есептеп жатқан сырқат жасына қарай ма? 1821 жылы сарыжамбас болған ағылшын ақыны тамағынан қан кетіп, бір күннен соң тіршілікпен мәңгі қоштасады. Дәл өлерінің алдында менің моламның басына былай деп жазындар деп өсиет-өлең қалдырады. Ол былай:

Жатыр мұнда бір бейшара, бейбағын
Су бетіне атын жазған беймәлім.

Байрон өсиет қалдыра алмаған сияқты. Еш жерден кездестірмедім. Бірақ грек халқының азаттық қозғалысына қосқан аса үлкен ерлік еңбегін ескеріп, грек патриоттары оның өкпесін (жүрегі емес) Грекияда қалдыруын өтінеді. Мұнда бір ұлттық мән болуы керек. Ұлы ақынның еліне деген өкпелі өкпесі сол күрескен жерінде жерленеді.

Вальтердің соңғы күндері өте ауыр өткен. Аса қатты аурудың уытын қайыру үшін апиын қабылдап жатқан. Ондай жағдайда адам өсиет айта ала ма? Елі-жұрты ойланып-ойланып, Париждегі ұлттық кітапхананың Вальтер мүйісінің ірге тасына қояды. Бұл да бір ақылды шешім секілді.

Хоакин Миллер – АҚШ ақыны, прозашы, драмашы. Өзінің өсиеті бойынша алдын ала дайындаған алаулық отына өртеп, сол өзі тұрған мекенге қойылады.

Екінші бір Америка ақыны, пролетарлар қозғалысына мол еңбегі сіңген дарын: 1919 жылы тұтқындалып, соның кесірінен Юта түрмесінде жиырма екі ай отырады. Сонда оны өлім жазасына кеседі. Ақынның ақырғы тілегі бойынша, сүйегін өртеп, күлін Ютадан басқа Америка штаттарына шашады.

Енді бір қызық өсиет: Ағылшын ақыны Джон Дейвидсон өзін-өзі өлтірген. Мен туралы ешқандай

өмірбаяндық мәлімет жарияланбасын деп жазып кеткен.

Николай Лесковтың өсиеті де соған ұқсайды. «Менің зиратым басында жерлеген кезде ешкім сөйлеуші болмасын. Өзім білемін – менің бойым толған жамандық. Мақтамаңдар да мүсіркемендер. Мен оған татымаймын. Ал даттамақ, жамандамақ болғандарға айтарым: «Мен өзімді өзім онсыз да аямай жазалағанмын...»

Иван Сергеевич Соколов-Микитов дүние салғанда Константин Федин бастаған көрнекті орыс жазушылары марқұмды үлкен құрметпен, сән-салтанатпен шығарып салу керек деп ұсыныс жасаған. «Атам маған өлерінде ешкім ешқандай сөз айтушы болмасын. Құрметті қарауыл дегенді жаныма жолатушы болмаңдар. Айқай-шусыз, даңғаза-дақпыртсыз, кәдімгі қатардағы қарапайым адамды қалай жерлесе, солай жерлендер!» – деген деп, немересі ұсынысқа көнбеген.

Қатты ауырып жүргеніне қарамай, ақын Владимир Луговской Қырымға демалам деп кетеді. Барғаннан кейін теңіздің рақатын бір-ақ күн көреді. Сосын өліп бара жатқанын сезіп, жүрегімді – осында, Ялтада қалдырыңдар деп өсиет айтады.

Константин Симоновтың әдеби аты мен атағы, негізінен, Ұлы Отан соғысына байланысты. Ол өлгеннен кейін сүйегін өртеп, Кутепов полкы ерлік көрсеткен Могилев түбіне шашуды өтінеді. Артында қалған етене жақындары ақынның өсиетін қалтқысыз орындайды. Оларға Белорусь әскери округы көмектеседі.

Уильям Сароян – тегі армян, ал өзі Америка жазушысы. Шығармашылық жолын ағылшын тілінде, Америка жеріне, ал жанын Арменияға арнаған.

Өзінің өтініші бойынша сүйегің өртегеннен кейін,
күлінің жартысын туған Армениясына, атамекеніне
апарып шашуды өтінген.

Кейбір өсиеттерге қанша басыңды қатырған-
мен, түсіну қиын. Мысалы, ертеректе өмір сүрген
Аль-Маарри деген араб ақыны болған. Бір көзін
түгелдей ақ басқан. Бір көзі түгелдей ағып кет-
кен. Беті толған қорасан дағы. Шамамен сексен-
ге келіп қайтыс болған. Небары төрт-ақ күн ауыр-
ған. Өлер алдында менің құлпытасыма былай жа-
зыңдар деп, екі тармақ өлең қалдырған:

Мен ешкімді өкпелетпен, кемітпен,
Әкем мені ренжіткен неліктен?

Әке деп отырғаны кім? Өз әкесі ме? Жаратқан
ба? Ал өзі ешқашан үйленбеген. Сондықтан да ба-
ласы да болмаған.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Баспана. Тыныштық

Қай қала болса, ол қала болсын! Мен оларды ұнатпаймын. Басқа кінәсі жоқ. Тек қала болғаны үшін ғана. Өйткені қала адам табиғатына жат. Оның аспаны алақандай, жері тебінгідей. Шығып келе жатқан күнге қарап, сүйсінбеген соң батып бара жатқан күнге қарап өмір туралы ойға шомбаған соң, қысқасы көкжиекке тесіле қарап, көзінді армансыз суармаған соң – тірлігінді тірлік деу қиын!

Үйлер. Үйлер. Біріне бірі мінгескен ғимараттар. Далаға шығып келейін деп ойлайсын. Бірақ шыға алмайсың. Анығырақ айтсақ, шығасың. Бірақ бір үйден шығып, бір үйге кіресің. Үй деп жүргеніміз де сол – қала. Қала – бір үлкен үй. Үйіміз деп жүргеніміз – сол үлкен үйдің шағын бөлмесі ғана. Демек бір бөлмеден шығып, бір бөлмеге кіреміз. Бар өмірің, бар тіршілігің сол – есік ашу мен есік жабудан тұрады!

Кейбір қалалықтар кезекті жұманың келгенін асыға күтеді. Өйткені, сол күні кеште жұмыстан шыға сала шаһар сыртындағы саяжайларына тартады. Дәлірек айтсақ, тартпайды, қашады. Әдетте адамдар мән бермейді. Сәл-пәл мән беріп көрсе, өмірлеріне аз ғана үңіліп көрсе, олардың бүкіл ой-ниеттері – қаладан қашу. Бұл жай ғана құбылыс емес. Әлемдік тенденция!

«Байқасаңыздар: адамдардың үлкен арманы — табиғаттың қақ төріне үй тұрғызып алу», — деп жазыпты Альберт Камю.

Көңілің қалаған баспанаға не жетсін! Бірақ, бар болғырды, қиялың жеткен жерге қол жете бере ме?! Асыл арман алыстай беріп, талант иесін дінкелетіп те, титыктатып та тынады кейде. Сонда не істеу керек?! Әркім қолынан келгенін істейді, әрине!

Гарднер Эрл Стенли — детектив жанрының әйгілі өкілі. Ол жүз отыз бір көркем шығарма жазған. Соның сексен екісі адвокат Перри Майсон жайында. Оның бұл кітаптары 1895 жыл мен 1965 жылдың аралығында, яки жетпіс жылдың төңірегінде миллион таралыммен жарық көрген... Міне, сол Гарднер өзінің сүйікті Калифорниясын кезіп жүріп жұмыс істеген. Калифорния үлкен және табиғаты ерекше штат. Еңбеккер жазушы өзінің бір емес, бірнеше туындысын етене таныс әдемі мекенінде тамылжыған табиғат ортасында тіркеме «күймесін» қалаған жеріне қаңтарып, алаңсыз жазатын болған. Кейініректе ғана ол Сан-Диегоға алпыс шақырым жердегі «Пейзано» ранчосын сатып алып, өз көңілін өзі жұбатқанша, әлгі кезіп жүріп істеу тәсілінен бас тартпаған.

Александр Сергеевич Пушкиннің сығандарға еріп аз ғана уақытқа кетіп қалуы тегін дейсіз бе? Қайта бір оқып көріңіздерші Пушкинді! «Свобода и покой...», «В обитель дальнюю трудов и чистых нет», «... На свете счастья нет, но есть покой и воля». Бір ақын осылай десе, екінші ақын «Я ищу свободы и покой», — дейді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. Бірі Пушкин, бірі — Лермонтов.

Александр Грин теңіз жағалауын, теңіз дауылынан кейінгі тыныштықты сұмдық жақсы

көрген. Өмірінің көбін сондай жерлерде өткізуге тырысқан.

«Менің арманым: орман ішіне немесе өзенкөлдің жағасына тұрғызған күрке. Мен аң аулап қайтсам, әйелім аулаға су шашып, сыпырып, тамақ пісіріп жатса», — деп қиялдайды екен ол.

«Алексей Максимович екеуміз Коктобельге саяжай салып алмақ болып дайындалып едік, күйбен тірлік қол байлады», — деп жазады К.А. Тренев.

Ну орман. Терезесіне шейін қар басып қалған қарағай үй. Ғасыр жасаған көрі емендер үйге кіргілері келгендей, әйнектен үңіліп, ұзын бұтақтарымен шатырды сабалайды. Жиегі саудыраған хрусталь — салбыраған көк мұз. Аппақ ақ аяз. Жылы халат киген мұртты біреу жазу үстеліне отырып жатыр. Өкінішке орай, ол — мен емес — орыстың бір кездегі белгілі жазушысы — Федор Васильевич Гладков. Ол қазір «Балалық туралы хикаятын» жазу үстінде. Телефон жоқ, теледидар жоқ. Қандай бақыт!

«Мен өзім Орал аймағында туғанмын. Сонда орманға іргелес орналасқан деревнялардың бірінде үй салып алсам, әр жазда сонда барып, жұмыс істесем деп армандаймын. Жазсам, шаруашылықпен шұғылдансам деп жоспарлайтынмын.

Күндердің күнінде Пермьге таяу жерден жер алдым. Таулы орман жанымда, Каменька өзені қасымда. Қысқасы, не керек... Үйге, моншаға, атқора салуға деп дайындалған бөренелер де сатып алдым. Бір бие, бір арба және ауыл шаруашылық саймандарын да жеткізіп қойдым. Сөйтіп, үй тұрғызуға кірісіп кеп кеттім. Көз — қорқақ, қол — батыр. Ә дегенше бітіріп, кіріп те алдым. Өлендеріме қайта оралдым...»

Өкінішке орай, бұл да мен емес, — В.В. Каменский.

Еуропалықтардың өзі осындай табиғатты аңсап тұрады. Олардың басым көпшілігі қалада туып, қалада өседі. Қалада тұрады. Ал біздердің, түркі түбірлес халықтардың кіндігі даламен бір. Қала олар үшін тас қапас. Бірақ заман басқа, заң басқа. Ең бастысы — тіршілік басқа. Қасқыр орманға қарап ұлыса, қазақ қырға қарап күрсінеді.

Адамын айт, адамын сөз ұнатқан,
Сөзі олардың дария созыла аққан.
Жусан иісі шығады саулықтардан,
Уыз иісі шығады қозы-лақтан.

Көк жайлауға жақын жоқ осы бізден,
Бал қымызы кетпейді-ау есімізден.
Күн иісі шығады киіз үйден,
Тобылғы иісі шығады месіңізден.

Шоқ түседі жүрекке жұлдыздардан,
Іске асады ақшамда күндізгі орман.
Жастық иісі шығады жасыл қырдан,
Гүлдің иісі шығады қу қыздардан.

Қала салты сезілсе өңгемізден,
Далалықтар, немене, кем бе бізден?!
Жеңгей иісі шығады ағамыздан,
Сәби иісі шығады жеңгемізден!

Екі өлең жазсам, соның бірі — Дала. Өйткені ойлайтыным — Дала. Өйткені, аңсайтыным — оңаша тірлік. Өзен, көл, орман, айқай-шудан алыстау орналасқан жұпыны ғана баспана.

Семен Данилов — саха (якут) ақыны. Мен онымен Қырымда, Абхазияда бір-екі рет бірге демал-

ғанмын. Аса биязы, кішіпейіл тамаша адам еді. Тай-гада туғанмен, оның да бүкіл саналы өмірі қалада өтті. Сол бірде әрі досы, әрі аудармашысы Илья Фояковқа былай деп хат жазыпты: «Таза ауамен демалып, атып келе жатқан таң мен батып бара жатқан күннің шапағына қарап телміріп, қайдағы бір қамыс арасында балық аулап... жалпы табиғатпен тұтасып жоғалу үшін бәрін тастап, туған тайгам қайдасың деп тартып кеткім келеді». Бірақ марқұм арманына жете алмады. Жете алмаған жалғыз ол ғана емес. Жеткізбейді ку тірлік.

Егер сәл-сәл байысам,
Қарасөзге ойысам.
Сосын
Жерден ең қашық
Алар едім бір лашық! —

деп жазған еді Александр Гитович. Оның да арманы орындалмады.

Мұндай бақытқа Қытайдың ұлы ақыны Ду Фудың да қолы жетпеген. Айқай-шудан, қарбалас тірліктен аулағырақ орналасқан әдемі мекен-жай түгіл тамағының өзін әрең тауып жегенге ұқсайды. Тіпті бір кішкене сәбиі аштан өлген көрінеді. Ал өзі өмірінің ақырғы кезінде әрі қартайып, әрі ауырып қайық үстінде дүние салған.

Аңсағаным тыныштық пен тау еді,
Тамақ табу қиын болды әуелі! —

деп жазса бірде;

Жай таппадым көңіліме қонымды,
Бұл кедейлік байлады ғой қолымды, —

деп зарлайды бірде.

Ван Вэй – Қытай ақыны және музыка маманы. Гүл отырғызып, бақ ішінде жұмыс істегенді жақсы көрген. Жас кезінде ондай мүмкіндігі болмай, бірақ кейінірек, қартайған кезінде қала сыртынан Ванчуань өзенінің жағасынан жайлы мекенжай сатып алып, сонда тұрады. Паркі болады. Қаңтарулы қайықтарға толы тоғандары болады. Сондай бір тамаша тыныштықта аландамай өз өнерімен армансыз шұғылданады.

Төртінші-бесінші ғасырда өмір сүрген Қытай ақыны Тао Юань-мин Пенize уезінің әкімдігінен босап, қырық бір жасында деревняға көшіп кетеді. Бүкіл отбасымен сонда ширек ғасыр өмір сүреді.

Корей ақыны Ким Гванук (Чунсо, 1580–1655 жж) өмірінің соңғы кезінде сол Тао Юань-миннің «Елге, өзімізге» деген өсиет-өлеңінің әсерінен бүкіл шен-шекпенін, абыройлы қызметін өз еркімен тастап, шаһардан жеріп, айқай-шу, дүбірлі дүниеден қашып шығып тыныш тірлікке көшкен.

Сол Кимнен жарты ғасыр бұрын дүниеге келген, бірақ қысқалау өмір сүрген Кван Хамун (Сонам) өмір бойы тауда тіршілік еткен.

Жапон классигі Басёнің артында қалған әдеби мол мұраның біразы жол-сапарлардан алған әсерлер. Өлеңдерін былай қойғанда, сол бір сапар-саяхаттардан туған бес-алты жол күнделігі бар. Олардың өзі әлсін-әлі әдемі-әдемі лирикалық өлеңдерге ауысып отырады. Міне, сол ұзақ және алыс сапарларды аса жақсы көрген Басёнің сағынып оралар сүйікті құжырасы болған. Оның өзі қала сыртында, Эдо деген жердегі биікке орналасқан. Сол құжырасының жанына банан өсірген. Сол бананның түбінде шығармаларын жазған, сурет салған, демалған.



Он екінші-он үшінші ғасырда өмір сүрген араб халқының көрнекті ақыны Әбу аль Маарри Каирды көңілі қаламай, қала сыртындағы бір елді мекенде тұрған. Намазын оқыған, оразасын ұстаған, ойға батып, өлеңін жазған.

Еуропалықтар, жоғарыда айттым, қалақұмар. Бірақ дүние жүзінің бүкіл ақындары — біртуғандар. Басқалардан гөрі олар жаратылысқа жақындау. Француз ақыны Альфред де Виньи Мэн-Жиро деген имениесінде ширек ғасыр тұрған. Ешқайда бармай сүйікті әдебиетімен шұғылданған.

Бала кезімізде аузымыздың суы құрып қызығып оқыған әйгілі «Қазына аралының» авторы Роберт Луис Стивенсон ми ашытатын мазасыз тіршіліктен қаша-қаша Тынық мұхитындағы алыс аралдан барып бір-ақ шығады. Сол аралдардың бірінде — Самоада қайтыс болады. Көз алдарыңызға әкеліп, елестетіп көріңізші: Шотландия қайда, Тынық мұхитындағы Самоа қайда?! Жердің екі шеті!

Ағылшын жазушысы Жер шарын шарлап, көңілі қалаған тыныштықты дүниенің екінші бір түкпірінен тапса, француз ақыны Франс Жамм екінші бірі бара бермейтін Аспаран атты алақандай ауылда басқылардың арасында байыз тауып, оқырман қауымға қатты ұнаған төрт тағандары мен естеліктерін жазады.

Ал поляк ақыны Вацлав Потоцкий өзінің Карпат бауырындағы туған деревнясында ешқайда шықпай, еш нәрсеге алаңдамай қол еңбегімен шұғылданып, көркем шығармаларын жазып, құйрығы тастай елу төрт жыл тұрған.

Исландия ақыны Гунмундур Бэдварссон туған өлкесінен аттап шықпаған. Оқып басын ауыртпаған. Ғұмыр бойы қол еңбегімен айналысқан.

Федор Абрамовтың бір сөзі бар. Қазақша аударсаң тілдік табиғаты бұзылып, берекесі кететін тәрізді. Ал орысшасы былай: «Человек строит дом всю жизнь. И одновременно строит себя». Өте әдемі айтылған. Өз қолымен кірпіш қалап, тура мағынасында үй тұрғызбаса да, өмір бойы қиялдап өтеді.

Сол қиялмен қабаптасып өзі де өседі, өзі де қалыптасады. Бірақ өкінішке орай, қай-қай жағынан да өзін ойлағандай үй тұрғызу көп жағдайда мүмкін емес. Әйтсе де бірен-саран жазушы диттеген арманына жетіп тынған.

Америка ақыны Робинсон Джефферс жас кезінде «Жердің шалғай шетінде» деген өлең жазған. Сол өзі айтқан дүниенің түкпірінде, яки Кармел деген елді мекенде, мұхиттың жағалауындағы биік жартастың басына өз қолымен үй тұрғызып, өмір бойы сонда тұрған. Жетпіс жасында сол үйде қайтыс болған.

Адам кейде өз үйіне де сыймайды. Ал өз үйінің сыртында ел бар, жұрт бар, әлем бар. Дос бар, дұшпан бар. Сенің тағдырың солармен байланысты. Жұмыс істейтін ақын-жазушыға тіптен ауыр. Шығармашылыққа мүлдем уақыт қалмайды. Олар түгілі, ешкімге кіріптар емес кәсіби жазушылардың өзі айналасына аландайды, жалтақтайды. Байыз тауып отыра алмайды. Қызметкер ақындар жазу үшін әдетте жылдық демалысын пайдаланады. Демалыс әрі кеткенде бір ай, бір-ақ ай! Ол не болады? Онда сен не тындыра аласың? Белгілі бір мекеменің басыбайлы «құлы» болмай, үйде отырғанның өзінде ісің өнбейді. Міне, осындай тұйыққа тірелген талант иесі одан шығар жол іздейді. Мүмкіндік іздейді. Адам аяғы жете қоймайтын алыс аралдарға қашып кеткісі келеді. Бірақ бұл заманда ондай арал қалды



ма? Болса да ол аралдың өз иесі бар. Жібере қоя ма сені! Тіпті бола қалғанның өзінде онда да өмір сүру керек қой! Сен үшін кім азық-түлік дайындайды?! Кім тамақ пісіреді? Бәрін бірден өзің істеуге тура келеді. Демек, онда да бос уақытың болмайды. Бос уақытың болмаса, ол аралдың керегі не? Саған құр Робинзон Крузо болғаннан қандай пайда?! Сен өзің онсыз да Робинзонсың! Дефоның кейіпкері аралда жалғыз болса, біздер көптің ішіндегі жалғызбыз. Халықтың саны көбейді. Көбею үстіне көбеюде. Сонымен қоса жалғыздық та көбейіп келеді. Көбейгенде қандай! Көптің ішіндегі жалғыздық, аралдағы жалғыздықтан да жаман! Өйткені қоғамдағы жалғыздар біріне бірі күн көрсетпейді.

Айтатын несі бар? Сұмдық болғанда қандай сұмдық!

Бұл өзі бүгіннің ғана дерті емес. Ол сонау атам-заманнан келе жатқан көне дерт. Ортасынан қашу, оңаша тірлік іздестіру қай заманда да болған. Дәулетті адамдарға ол оңайлау. Ақсүйектер, дворяндар, мәліктер (князьдер), графтар имениелеріне кетіп, сонда жатып алады. Ал мүмкіндігі жоқ жарлы-жақыбай не істемек?!

Христиан дініндегілер басқа амалын таппаған кезде монастырға барып, сонда тығылатын болған. Әдебиет тарихында ондайлар аз емес. Мысалы, Ноин-Хоси деген жапон ақыны сөйткен. Монах болғаннан кейінгі ныспысы осы. Азан шақырып қойған аты — Татибана Нагаясу. Ол отыз жасында шашын алдырып, монастырға кеткен. Онда ол отыз екі жыл өмір сүріп, жазумен ғана шұғылданған.

Он сегізінші ғасырда өмір кешкен жапонның әйел ақыны Кагадан шыққан Тие де солай істеген. Күйеуі ерте өліп, жалғыз ұлынан ерте айырылған

бейшара әйел монастырға паналап, өмір бойы өз мұнын жырлап өткен.

Үшінші жапон ақыны Рекан да осы жолды таңдаған. Этиго провинциясының тау басындағы пұтханасына барып жетпіс төрт жасына шейін соның тұрғыны болған.

Хуас Инес де Крус – әйгілі әйел, сегіз қырлы бір сырлы әмбебап дарын. Басқа тараулардың бірінде біз оған әлі айналып соғамыз. Ол да он алты жасында монастырға кеткен. Соның арқасында ғана ақылға сыймайтын көп жұмыс тындырған.

Магдебургтан шыққан Мехтхильд төмендегі Саксонияда туған неміс аруы тахуа тірлік кешіп, 1270 жылы Цистерциан монастырына барып, өле-өлгенше сонда болған. Діни-мистикалық поэзияда оның орны ерекше аталады. Күдайға баратын бірден-бір жол – махаббат сезімі, мөлдір сезім деп есептеген. Не жазса да тебірене жазған, жаны шырқырап жазған. Кезінде оны оқырмандар өте жақсы көрген.

«Ширыға-ширыға жүйке тозатын болды. «Ертең қайтер екем?» Тәулік бойы толассыз ойлаудан және оған жауап таппаудан ақыл да, рух та қажыды. Міне, осындай кезде бірнеше жылға монастырға кетіп қалған дұрыс болар ма еді?» – деп жазыпты әйгілі француз жазушысы Проспер Мериме өз замандасы графиня де Монтихоға жолдаған бір хатында. Атақты десең атақты, алғыр десең алғыр заманның бір елеулі азаматын осындай ойға ойыстырған бұл тірлікті не деуге болады?

Ғұмыр бойы қаланы және қала тірлігін жырлаған Эмиль Верхарнның тұрған жері тіптен ерекше. Францияға сондай тақау орналасқан Бельгия шекарасындағы кіп-кішкене елді мекен. Небары төрт-бес үй ғана. Бұл елді мекеннің аты французша

Кәйуки-бих, қазақшалап айтар болсақ, Ешкі тас. Темір жол станциясынан бұл жерге келетін басқа жолды былай қойғанда, айдау жолдың өзі болмаған. Сол төңіректің есептеулі тұрғындарынан басқа бөгде адамды ол тұстан көрудің өзі мүмкін емес. Солардың өздері ғана жақсы білетін бір ғана соқпақ бар. Станцияға барып-қайтуға соның өзі жетіп жатыр. Ертеден кешке шейін тыныштық. Шаруа киімін киіп алып, жұмыс істеп жүрген Верхарнды әлемге аты әйгілі ақын деп ешкім де ойламайды. Жұмыстан шаршаған кезде күннің ашығына не болмаса жауын-шашын екеніне қарамай, үнемі қыдырады. Түске шейін, яки он-он бірлерге шейін осылай армансыз серуендеп алған Верхарн кешкі ондарда жатып қалатын болған.

Бәрі керемет, бәрі тамаша! Тек көктемде, жаздың басында көзі жасаурап, басына қорғасын құйып қойғандай ұйып ауырып, мазасы кететін кездерде не істерін білмейді екен.

Содан да шығар, Верхарн дала тірлігі мен қала тірлігін әдемі ауыстырып отырған. Мамыр айын түгелге жуық Брюссельде өткізіп, сонда жүріп жазған. Парижде де үш бөлмелі шағын пәтері болған. Қонақүйлерді ұнатпаған.

Дарынды жазушылар, тіпті заманынан оза шапқан ұлы ақындар да аз емес. Бірақ осындай абыройлы ортаның өзінде Михаил Зоценконның алатын орны мүлдем бөлек. Жұрт кәдімгі атақ-абыройға қолы жетпей ит боп жүрсе, әйгілі сықақшы сол абыройды қайда қоярға білмеген! Содан қалай құтылудың жолын таппай титықтаған. Қай көшемен жүрсе де, үйіріле кететін көптің ықылас-ниетінен, қай көлікке мінсе де тани кететін елдің қырағы көздерінен, телефон шылдырынан, күн сайын келіп жататын

оқырмандар хатынан мезі боларлық халге жеткен. Иә, орыстар айтқандай: «Тяжела шапка мономаха». Зоценко болып көрмеген жазушы бұл жағдайды түсінбейді. Шынында бұл — сүйікті жазушыны даңқпен тұншықтыру. Оны тек Михаил Михайловичтің өзі ғана сезеді. Өзі ғана ұғады. Ауыр. Ауыр. Өте ауыр. Міне, сондай сәттерде ұлы сықақшы осындай аса көп ғашық оқырманнан әдемі құтылудың жолын іздеген. Мақтаудан, қолпаштаудан, тіпті әулие тұтудан аулақтау кетіп, оңаша тірлік кешкісі келген. Алансыз жазғысы келген. Жоғарыда айтылған әр кездегі әріптестері тәрізді монастырға барып та жасырынбақшы болған. Кетпек болды деген сөз емес, соған кәдімгідей бел буған. Бірақ ол кезде монастырдың заманы өтінкіреп кеткен-ді. Ал ол өзі Кеңес елінің азаматы, дінсіз қоғамның мүшесі емес пе?! Оны тоқтатса, осы жағдай тоқтатқан болуы керек. Әйтпесе, Михаил Зоценкоға одан жақсы, одан қауіпсіз жер болмағанға ұқсайды.

Басқа елдерді білмеймін, кешегі Кеңес өкіметі кезінде орыс ақындары, орыс жазушылары тіршілік мәселесін тәп-тәуір шеше білді. Олардың кітаптары үлкен-үлкен таралыммен шығып жатты. Аты бар, абыройы бар атақты жазушылар жаман тұрған жоқ. Мәскеудің, Санкт-Петербургтың іргелерінде саяжайлары болды. Қара теңіз, Балтық теңізі жағалауларында бір емес, бірнеше шығармашылық үйлер салынды. Жазушылар қауымы — жұмыс жасайтыны бар, жұмыс жасамайтыны бар — түске шейінгі уақытын таза жазуға арнады. Астананы ұнатпағандар туған облыстарына барып, сол жерде қадір-құрметке бөленді.

Мысалы, Александр Яшин — жақсы акын, әдемі прозашы еліне кетіп, Юг-реканың жағасына өз

көңіліне лайықты үй салып алды. Біраз жыл сонда жатып, соңғы шығармаларын жазды. Өлгеннен кейін өзінің өсиеті бойынша сол жерге жерленді.

Коммунистік жүйенің қайтып келгенін өз басым қаламаймын. Өйткені жегіміз келгенін жеп, ішкіміз келгенді ішкенмен, айтқымыз келгенді айта алмадық, жазғымыз келгенді жаза алмадық. Ауыздан шықпай іште тұншыққан шындық шеменге айналды. Дерттің жаманы — сол. Ол адамды тірідей өлтіреді. Сол кезде мен:

Шындық та жөтел сияқты
Жыбырлап тұрар тамақта, —

деп жазған едім. Абырой болғанда алғашқыда аман-есен жарияланып кетті. Бірақ кейін «Жазушы» баспасының бас редакторы «Домбыраның» екінші басылымы кезінде: «Түзет! Түзетпесең — бармайды!» — деп кесіп айтты. Тізеге басып отырып түзеттірді. Мен оны қинала-қинала былай деп «жөндедім».

Ақиқат — сөздің қаймағы,
Тұрмайды шықпай бетіне!

Біреулер «Бұл да жаман емес!» — деп жұбатты. Солай болса, солай да шығар. Бірақ одан не пайда?! Бұрынғы нұсқада сол кездегі цензураға деген реніш сезілетін-ді. Ел де солай түсінетін. Енді ол ньюанс жоқ.

Өнер тұрған құпия. Жазушылық та солай. Ақын деген кім өзі? Оның ақындық қасиеті неде? Біреу неге жаза алады? Біреу неге жаза алмайды? Жақсы ақындар бір-біріне неге ұқсамайды? Әртүрлі дарындар түгіл, бір дарынның өзі кейде өзіне-өзі ұқсамайды. Көз адамдардың бәрінде бірдей тәрізді. Бірақ жай адам бір түрлі көреді де, жазушы адам

мүлдем басқаша көреді. Тіл деген де бәрімізде бірдей. Бірақ әркім әрқилы сөйлейді. Ал ақынның тілі тіптен ерекше. Неге солай?

Әдебиеттану төңірегінде, жалпы ақын-жазушылар туралы қаптаған кітап, қаптаған зерттеулер бар. Жас кезімде мен солардың біразын оқыдым. Бірақ кешірерсіз, ештеңе таппадым. Бос сөз. Қайран уақыт, зая кеткен уақыт! Сондай кітаптарды жазған «ғалымдардың» көбі доктор деген атақ алды, дәрежеге ие болды. Кейбіреулері тіптен академик болып жүр. Ал сұраулар сұрау күйінде қала барды. Баяғы жарғас — бір жарғас.

Рас, кейде кейбір ақын-жазушылар өздерінің шығармашылық лабораториясы туралы сыздықтап бірдеңе айтады. Бірақ қатпар-қатпар құпияларын аша түсуге олар да құштар емес.

Меніңше, шығармалар ғана емес, автордың өзі де жан-жақты зерттелуге тиіс. Ол қалай тамақтанады? Қалай ұйықтайды? Қалай демалады? Қандай кітаптарды, қандай авторларды жақсы көреді? Мінез-кұлқы қандай? Ата-бабалары кім болған? Қандай қағазға немен жазады? Көп түзете ме? Үзбей жұмыс істей ме? Тиіп-қашып істей ме? Арақ-шарапқа қалай қарайды? Әйелдерге ше? Киімді қалай киеді? Жазу үстелін қалай ұстайды? Табиғат пен жан-жануарларға көзқарасы қандай? Ит асырай ма? Мысық асырай ма? Байсалды ма? Күйгелек пе? Жүріс-тұрысы қандай? Аяқ киімі қалай тозады? Тағысын тағы, тағысын тағы... Толып жатқан сұрақ. Мұндай сұрақтардың үлкен-кішісі, мәнді-мәнсізі жоқ. Осы іспетті алуан-алуан сұрақтарға қайтарылған жауаптардан ақын-жазушының табиғаты, болмысы ашылмақ...

Ақын-жазушының болмысына, оның не жазып, не қоюына, тіпті қалай жазуына шейін ықпал

ететін, әсер ететін бір нәрсе — оның баспанасы: туған үйі, тұрған үйі, тұрғызбақ үйі. Бұған, яки үй мәселесіне көбіне-көп адам баласы мұқтаж нәрсе ретінде қараймыз да қоямыз. Рас, мұқтажы, мұқтаж. Оған дауласпаймыз. Бірақ қандай мұқтаждық, қалай мұқтаж? Оның астарында қандай талаптар, қандай тілектер жатыр. Тіпті осы жаңа ғана көшіп келген дайын үйдің өзіне қандай өзгеріс кіргізді? Өз басым өмірімде осыған байланысты ештеңе кездестіргем жоқ. Дегенмен бір автор әрекет етіп көрген. Ол — Америка жазушысы Генри Дэвид Торо. Қырық бес жасында дүние салған осынау автордың «Уолден немесе ормандағы өмір» атты шығармасы бар. Жақсы дүние.

Америка Құрама Штаттарының өндірістік қуаты көтеріліп, қалаландырудың қатты қарқынмен жүріп жатқан кезі. Баяғы бейжай тіршілік ұмытыла бастаған. Тіпті бұйығы феодализмнің кезінде де оңаша өмір, жан тыныштығын іздейтін ақын-жазушыларға жаңа бой көрсете бастаған азулы да айбатты қоғам жеңіл соқпаған секілді. Міне, осы шамамен Генри Дэвид Торо шығармашылыққа жайлы мекен іздейді. Айқай-шудан аулақ орман арасында Уолден тоғанының жанына үй тұрғызады. Сонда жатып осы дүниесін жазады.

«Сән-салтанат, молшылық, өзіміз айтып жүрген асып төгілген тірліктің керегі жоқ. Ол тіпті ілгері басуға кедергі келтіреді. Ақылды адамдар қай кезде болмасын барынша кедей, тіпті кедейлерден де кедейлеу және жұпыны тұрған. Сонысына қарамай олар көне Қытайдың, Үндістанның, Парсының, Гректің ежелгі философтары тәрізді рухани бай болған. Байлық та байлықтан басқа ештеңе жасамайды, — деп келіп, тағы бір жерде — өздерінді өздерің

еш нәрсемен тұсамай, барынша еркін өмір сүруге талпыныңыздар! » — деп ақыл береді.

Кез келген дарынды ақын-жазушының жақсы жазсам, өзімді жазсам дегені — түпкі ойы бар арманы, негізгі арманы. Егер Пушкиннің Болдиносы, Лев Толстойдың Ясная Полянасы, Михаил Шолоховтың Вешенская станицасы болмай, өмір бойы Санкт-Петербургта немесе Мәскеуде тұрса, олар өздерінің осы әлемге әйгілі еңбектерін жаза алар ма еді, жаза алмас па еді?!



Киімнің де киімі бар

Қай халық болмасын, қай заманда болмасын, өздерінің бұрын-соңды өткен әйгілі перзенттері туралы барынша көбірек білгілері келеді. Қай жылы, қай жерде туып, қай жылы, қандай жағдайда дүние салғаны, не істеп, не қойғаны, қалай жазғаны ғана емес, олардың қандай адам болғаны, кімдермен дос, кімдермен қырғи қабақ болғаны, нені жақсы көргені, нені жек көргені, немен ауырғаны, қалай емделгені, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, қандай аты, қандай иті болғаны, олардың және қалай аталғаны, не ішіп, не жегені, ең ақыры қалай киінгені туралы молырақ хабардар болсақ дейді. Шежіре-тарих соның бәріне бірдей жауап бере алмайды. Бермейін демейді. Ұмытылған. Мұндайда безбүйрек уақыт сазарып жатып алады. Ел онымен келісе алмайды. Сондықтан олар өлген-өшкен оқиғалардың орнын аңыздармен, көбіне-көп өз көңілдеріне, талғамдарына сай әдемі аңыздармен толтырады. Бір ғаламаты — солардың көбі шындыққа бергісіз, шынайы. Иә, жоқ нәрсенің орнын ойдан шығарылған оралымды әңгімемен ауыстырады. Ол ештеңе емес. Кейде олар өздеріне ұнамаған деректердің өзін өңін айналдырып, мүлдем басқаша

көрсетуге тырысады. Солай болғанын кейде жай халық қана емес, қоғам да, идеология да қалайды...

Аш-жалаңаштар туралы тарауда Пушкин жайында бір ауыз сөз айтпай өте шықтым. Логика бойынша бірдеңе деуім керек еді. Өйткені Пушкин де, негізінен, жарлы тұрған. Бір ғаламаты — әріптестерінің ішінде Александр Сергеевич әлдеқайда көп тапқан, көп қаламақы алған ақын. Бірақ астана тіршілігі қай заманда да аса қымбат. Қалай тапса да, қанша тапса да Пушкинге ақша жетпеген. Мұқтаждықтың не екенін ол білген. Суретші Геннің «Пушкин Михайловка селосында» деген суреті бар. Онда ұлы ақынның қамсыз, дәулетті ақынның төсекте жатып өлең жазғаны бейнеленген. Осы суретке қарағанда, Пушкиннің үстіндегі түнгі көйлегі де, жатқан бөлмесі де жарлы адамның тұрмысына ұқсамайды. Ал, енді, тарихи шындыққа жүгінер болсақ, ұлы ақынның жатқан бөлмесі де өзінікі емес, ұлынікі. Өзінің бөлмесі өте тар, өте жұпыны болған. Онда бір жаман ағаш төсек пен бір жаман үстел ғана болған. Пушкин міне, сол сылағы түскен сұрықсыз бөлмеде жұмыс істеген. Мұны қойшы, ол да ештеңе емес... Үйлену тойының алдында оның өз тойына киіп барар дұрыс фрагы да болмаған. Ақшасын үнемдеп, сондай бір орташа фракты өзі пішіп, өзі тіккен. Ал шіркеуге, неке қиярға Нащокиннің әдемі фракын киіп барған. Біреулердің айтуына қарағанда, табытқа да сол фракпен түскен. Өзінің көңілін қалап, жүрегін сүйген қалыңдығымен некелескен сәтінде үстінде басқаның киімі тұрғанның өзі қандай жаман ырым. Ақыры Гончарова Пушкиннен қалып, басқаға тұрмысқа шықты ғой!

Ақын-жазушылардың тасбауыр тағдырында мұндай жүрек сыздатар сұрқай сәттер аз ба? Бірақ

оқырманның бәрі бірдей оларды біле бермейді. Ал оқулық жазатын дүмше ғалымдар мұндай нәрселерді маңызды дүние деп есептемейді. Олардың өздерін қоршаған әлеуметтік адами ортадан бөліп әкетсе, шығармаларын автор тағдырынан бөлек алып қарайды. Ағашты тамырынан, тамырды топырақтан ажыратып әкету қалай болар еді?! Ойланбайды шіркіндер, ойланбайды. Жақын жылдарда ойлана да қоймас!

«Цезарь Помпейдің әйелімен де, Катонның қарындасымен де көңілде с дегенді грекше де оқыдым, латынша да оқыдым. Бірақ сол Цезарьдің қандай қалпақ, қандай телпек кигенін біле алмай-ақ қойдым», — деп жазады Проспер Мериме.

Менің де білгім келеді. Басқалардың да білгісі келеді. Бірақ өкінішке орай, ондай мәлімет кездеспейді.

«Киіміне қарап қарсы алады» — дейді орыстар. Жалпы киім адам өмірінде өте үлкен қызмет атқарады. Егер болса, дұрыс киінгенге, жақсы киінгенге, әдемі киінгенге не жетсін!

Вольтер қонақ қабылдауды сұмдық жақсы көрген. Тек қана қонақ қабылдау үшін арнайы тіктірілген киімдері болған. Зерлі қамзол, оқалы кеудешік-көзәкей, ұзын шілгерлі жең, бәрі де ашық көк мағадан... Ал ешкім жоқта ұзын ақ қамзол, күлгін түсті шұлық, ақ барқыттан тігілген төбетей-тақия киіп жүретін болған көрінеді.

Оноре Бальзак ағыл-тегіл дәулет, әдемілікке малынған молшылық, маңғаз ұлылықты аса жақсы көрген. Ол да өзінше киінгенді ұнатқан. Мыс түймесі (әр түймеде түлкінің суреті) бар ақшыл күртесін, балағын биік етіктің қонышына түгелдей сүңгітіп жіберген тор көзді пантолон киіп, мойнына

қызыл орамал салып, сәл-пәл өңі қашқан қалпағын басынан тастамайтын болған. Бір сөзбен айтқанда, барынша жақсы киінген, барынша жинақы көрінуге талпынған. Бірақ қанша талпынса да киген киімі бойына қона қоймайды екен.

Теофиль Готье жас кезінде театрға, жалпы саликалы жиындарға әдетте теңіз түстес пантолон, қызыл жилет киіп баратын болған... Бірегей немесе әрқилы киінген қалың көптің ішінде ол, әрине ерекше көзге түседі екен. Оның да басты мақсаты сол. Біреулерді таң қалдыру, біреулердің жүйкесін жұқарту. Қысқасы, ұмытылмастай әсер қалдыру. «Қызыл қамзол туралы аңыз» атты тарауда («романтизм тарихы») «О, қызыл қамзол! Ол туралы қырық жылдан бері айтылып келеді, әлі де ғасырдың аяғына шейін айтылатын болады. Бұл қызыл нажағай тәрізді құбылыс жұрттың жанарында өшпейтін із қалдырды. Дәлдір-дүмше немелер бар жерде Теофиль Готье деген кезде, менің бір шумағымды, бір тармағымды оқымаса да олардың көз алдына менің «Эрнани» қойылымына киіп барған қызыл қамзолым келіп, «Ә, оны ма, оны білеміз: қызыл қамзолды шашы жалбыраған жігіт қой әлгі!» — дейтін болады. Өзімнен кейін мына дүниеде міне қандай естелік қалдырамын мен. Менің кітаптарым, менің өлендерім, менің мақалаларым, менің сапар-саяхаттарым — бәрі ұмытылады. Ұмытылмайтын тек ғана қызыл қамзол болады!» — деп жазады Теофиль Готье.

Өнер жүрген жерде еліктеу болмай тұрмайды. Кез келген жас дарын қашан дараланып өзінше қалыптасып тынғанша бір мықтының тартылыс күшінен шыға алмайды. Шығармашылықта ғана емес, жай тіршілікте де ұстаздың әсері көрініп тұрады.

Оскар Уайльд Теофиль Готьеден біраз кейін өмір сүрген. Бірақ француз ақынының көлеңкесі түскен болуы керек, ағылшын жазушысы да «қызыл камзолдының» бірі сияқты. Әкесі дәрігер, шешесі ақын Оскар Уайльдің не мәселе де болсын соның бәріне әдеміліктің көзімен қарауды парыз деп тапқан эстет. Ол өркендеу дәуіріндегі жастардың серілік сәнді киімдерін еске салатын өз костюмін ойлап тапқан. Киім негізінен, барқыт пен жібек маталарынан тігілуге тиіс. Бұл костюмді киген адамның қолында зәнбақ әйтпесе жауқазын гүлдері болғаны ләзім. Өйткені олар әдеміліктің нышаны, эмблемасы іспетті. Кейінірек әлемге аты дүрілдеп тұрған кезде Оскар Уайльд Америкаға барады. Ал оны өзінің жанашыр оқырмандары сол Уайльд ойлап тапқан костюмді киіп қарсы алады. Лондонның жөні бөлек, әрине. Онда жастардың бәрі сүйікті жазушысы тәрізді киінуді парыз деп санаған.

Ал Парижге барарда Уайльд Неронға еліктеп шаш қойып, 1848 жылдың модасын еске салып, Бальзакша киініп, піл сүйегінен істелген таяқ ұстап, мүлдем басқа адам боп шыға келген. Бальзак жұмыс үстінде ақ шапан киетін болған, Оскар Уайльд та сондай шапан тіктіреді.

Үйден шығарда әйелдерше ұзақ сыланып-сипанатын болған. Неше түрлі тас орнатылған бірнеше қымбат жүзік-балдағының, ауа райына қарай біреуін қарап саусағына соны салып, жеңтүймелерін де соларға лайықтап, галстукты да, оны орнықтыратын түйреуішті де асықпай таңдап, соның кесірінен баратын жеріне міндетті түрде кешігіп жететін болған.

Т.А. Гофман да жастау кезінде барынша сәнқой болуға тырысқан. Жай ғана әдемі, қымбат қана емес,

конымды және жарасымды киінген. Кейінірек француз немесе итальян генералдарының киіміндей мундирге көшкен. Екі жиегі екі езуіне ұштасқан жақсакалын өте күтіп ұстаған.

Жастықтың аты жастық. Ол кезде кімнің көзге түскісі келмейді дейсің? Жалындап тұрған жас шағында Уольт Уитмен де кербездік мәселесінде алдына жан салмаған. Басындағы цилиндр-қалпақ, қолындағы бамбук таяқ, омыраудағы гүл Нью-Йорк көшесінде кімнің назарын аудармады? Сәнқойлығымен қоса театрқұмар. Бүкіл Нью-Йорк театры құшақ жайып қарсы алатын әйгілі ақын елдің есінде осы бейнесімен қалған.

1866 жылы «Бранд» пьесасы абыроймен қойылып жатқан шақта Генрих Ибсен біраз уақыт бойына барқыт күртесін үстінен тастамаған. Одан ұзын кара фракка көшкен. Содан өле-өлгенше сол салтынан ажырамаған. Басқа замандастарынан бір айырмашылығы — ордендерін де тастамай тағатын болған.

Сондай дүниежүзілік классиктердің бірі — Нушич сүртігін де, пальтоны да тек қана твидтен тіктіріп киген. Және киімдері жас әйелдің киіміндей мықынына лайықталып тігілетін болған. Галстук тағып жүрген. Ұстайтын жері, яки балдағы сондай ыңғайлы жуан бамбуктен дайындалып, қараға бояған таяғын қолынан тастамаған. Серб және шетел ордендерін тағуды да ұмытпаған. Ондайда: «Міне енді, жаңа жылдың алдындағы шырша боп шыға келдім!» — деп қалжындайды екен.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген орыс ақындарының саяси көзқарастарын көп жағдайда киімдеріне қарап-ақ анықтауға болатын еді, — дейді кейбір естелік жазған жазушы-

лар. Мысалы, алғашқы кезде батыстық бағытта тәрбиеленген Аполлон Григорьев жалпы еуропаша киініп жүрген, кейін славянофильдік жолға түскесін қызыл жейде, мақпал бешпет киетінді шығарған.

Ал оның алдында өмір сүрген Языков пен Аксаков ақбоз шұғадан тігілген зипун және көгілдір мурмолка (төбесі тегіс бас киім) кигенді ұнатқан.

Николай Клюев — орыс деревнясында туып, сонда қалыптасқан ақын. Қай кезде де шаруаларша киінгенді жөн көрген: қолдан тігілген жейде, кафтан, мойнында үлкен крест. Иығында — қоңыр бешпет, аяғында — майы кеппеген етік, белінде — үнемі кіселі белбеу...

Был человек в черном сюртуке,
В сером пиджаке — и вовсе без рубашки.
Был человек, а у него в руке
Пели зензивры, тарарахали букашки.
Был человек. Пред земного шара.
Жил человек на правах пожара.
Строил дворцы из досок судьбы
Қосу Сатурна наостро отбил.
Умывался пальцем и капли воды.


Владимир Хлебниковтың қалай киінгенін ақын Тихон Чурилин міне, осылай суреттеген.

1916 жылдың басында Сергей Есенин көбінекөп Николай Клюевтің қасында жүрген. Екеуі де таза барқыттан боярлар киетін костюм — ұзын кафтан тіктірген. Кеуделерінде көгілдір жейде, аяқтарында етік... 1923 жылдардан кейін буржуаның сәнді киімдеріне көшкен. Үстінде — смокинг, омырауында — хризантема. Пушкинге еліктеп, басына — цилиндр қалпақ, иығына — желбегей (крылатка) жапқан кездері де болған.

Зинаида Гиппиустың кезінде әйелдер көбіне-көп маңдайларын бастырып кішкене қалпақ кесе, Гиппиус қасақана сәннен шыққан, жиегі жалпақ үлкен қалпақ киетін болған. Көзінде монокль, қаққан қазықтай тіп-тік, басын сәл кекжитіңкіреп, өзін сондай маңғаз ұстаған.

Мұндай мәселеде, яки қандай киім кию керек, қалай кию керек деген мәселеде бірінші кезекте ақша тұрады, әрине. Ақша талғамға қызмет етеді. Бірақ ақшасыз талғам не бітіреді?! Мүмкіндігі жоқ – барын киеді. Мүмкіндігі бар бәрін киеді. Дәлірек айтсақ кие алады. Корней Чуковский 1923 жылы жүргізген күнделігінде былай деп жазады: «Коктобельде біріне-бірі ұқсамайтын отызға тарта адам, негізінен, әйелдер және Замятин демалды. Замятин тіптен көп костюм ала келіпті. Сағат сайын айыр-бастап отырады».

Пушкин заманында өзінің шырқау биігіне бір шығып алған орыс поэзиясы сол биігінен төмендеп көрген жоқ. Әр кезеңде әртүрлі қиындық көргені рас. Қазан төңкерісінен кейін көне қоғам қирап, жаңа қоғам өзіне-өзі келіп үлгермеген өлара жылдарда көркем әдебиет біраз уақыт камкорсыз қалғандай болды. Кітап шығару шаруашылығы кәдімгідей тоқырады. Кітап бастыру қиын болған соң ел алдына ақындардың өздері шықты. Поэзиядағы қилы-қилы ағымдар оқырмандар үшін арыстандай айқасты. Маяковский бастаған топ бір жерде, Есенин бастаған топ бір жерде жаңа жырдың көсермені іспетте өлеңнің отын қаузаумен болды. Және ол күрес тек сол екі топпен ғана шектеліп қалған жоқ. Символизм, акмеизм, футуризм, одан да басқа қаптаған «измдер» жаңа поэзия үшін белсене жұмыс істеп жатты.



Олардың мән-мазмұнына ғана емес, ақындардың бет-келбетіне, киген киіміне назар аудару, мән беру сол кезде жаңа биікке көтерілді. Тура сол кезең жайында А. Вертинский былай деп жазады: «Біздер өздерімізді футуристер деп атап, қалың кара жолағы бар сары жейде және цилиндр қалпақ киіп, омырауымызға ағаш қасық іліп, халық алдына шығып жүрдік. Америка үндістері секілді бет-аузымызды айғыздап Кузнецк көшесінде айналамызға адамдар жинайтынбыз. Мейрамханаларға, кафе, кабаре-лерге барып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі талғамдар мен ұғымдарды талқандап, қайдағы бір қырсық өлеңдер оқитынбыз».

Ол кезде революционер ғана емес, бүкіл халық «бүлікшіл» болатын. Қаусап тұрған көне қоғамның тас-талқанын шығарған «тентектерге» әдеби дәстүр деген сөз бе екен?! Әртүрлі ағымдағы ақындар әр түрлі топтың көңілінен шығып жатты. Солардың бірі – Владимир Маяковский тобы. Омырауы ашық сары жейде киіп, цилиндрін желкесіне таман ысырып қойған Маяковский; кеудесінде сары кеудешесі, сыртында сүртігі бар, беті толған бояу Бурлюк; әр жері сары жіппен зерленген оқалы бешпеті бар, мандайына аэропланның суретін салған Вертинский – сол кездегі ең жауынгер, ең қуатты топ болған тәрізді.

Сол әдеби майданның қақ ортасында көбіне-көп Маяковский тобында жүрген сол кездің қиялгер жігіті – Николай Асеев. Ол үнемі күлгін түсті костюм киіп, «... күлгін не болмаса, қоңыр костюм киіндер. Бұл – қарапайымдылықтың белгісі» – деп үгіттеген.

Илья Сельвинский де ешкімнен қалыспаған. Қалыспаған дейміз-ау, ол тіптен асып түскен. Ол

өзінің костюмдерін жаңа және одан да жаңа, мүлдем жаңа деп үш топқа бөлген. Өзіне-өзі жейденің жаңа бір үлгісін ойлап тапқан. Жағасы тік, омырауы түгелдей ашық, бірақ түймелері жоқ, түйменің қызметін ілгектер атқарған.

Ол кездегі «майданға» Марина Цветаева көп араласпаған. Бірақ ол да тумысынан ерекше, ешкімге ұқсамайтын тұлға емес пе? Цыгандар ұнататын мол юбка, иығын түгелдей алып жататын жалпақ жағасы бар, кеудесін қыспайтын кең кофта киіп, қолына былғары сөмке ұстап жүретін болған.

Үнемі бірыңғай және ерекше киінетіндердің бірі — Даниил Хармс екен. Жағасы крахмалданған жейде, сол жағының алдында қосымша омырауша. Омыраушаның үстінде кішкене қара галстук (көбелек). Қай кезде де көзәкей киіп жүрген. Осыған байланысты Лидия Гинзбургтің кітабында мынандай бір естелік бар: «Отызыншы жылдары ол (Олейников) маған былай деді: «— Көңіліңіз бұзылмасын, ол қазір кәдімгі көз үйренген көзәкей сатып аларлық ақшасы болмағандықтан адам таң қаларлық қып-қызыл көзәкей киіп жүр...»

Кейде жоқтықтың өзі жаңа моданың тууына себепкер болады.

Замандастарының, көрші-көлемдерінің айтуларына қарағанда Валентин Катаев күн сайын ертемен серуендеуге шығады екен. Андрей Вознесенский сондай сәттердің бірін былайша суреттейді: «Кезекті жүз тоқсан бесінші кепкесін баса киіп, ол серуендеп жүрді... Оның екі жүз, ал көршісінің айтуынша 230 кепкесі бар көрінеді. Ішін күйсе, тұз жала!»

Күнге киетін бір кепкі, жаңбырға киетін бір

кепкі, мейрам күндері киетін бір кепкі – үш-төрт кепкі болса, жетпей ме? 230 кепкінің керегі не деуіміз мүмкін. Ал кепкінің иесі олай ойламайды. Ойлағысы да келмейді. Қанша болса да, көпсінбейді. Егер пішіні, тігісі бөлек тағы басқа біреуі көзіне түсіп жатса, екі жүз отыз біріншісін де сатып алады. Оған күдіктенбей-ақ, қойыңыз! Мұндай жағдайда, қандай кемеңгер болсақ та, біздің логикамыз оған жүрмейді.

Ақындар тірлігінде жалпы логикаға сыймайтын құбылыстар көп байқалады. Бірде мен «Балалар әлемі» жанынан қырғыз ақыны Рамис Рысқұловпен жолығып қалдым. Екі аяғында екі түрлі шұлық. Біреуі – ақ, біреуі – қара.

– Мынауын не Рамис? Екі шұлығың екі түрлі? – дедім мен.

– Е, адамның өзімдікі деген екі аяғының өзі екі түрлі болады. Оның несіне таң қаласың?! – деді ол.

– Ондай адамдарды біздерде «алаяқ» дейді, – дедім мен қалжыңдап.

Ол қысылып қалды. Бекер айттым-ау деп ойладым. Өйткені оның жауабы дұрыс, көңілге қонымды еді. Бірақ маған оның осы әрекеті жасанды көрінді. Кейін, біраз жыл өткен соң мен «Рамиска хат» деген өлең жаздым. Ол «Алақан» кітабына кірген. Сонда мынандай бір шумақ бар:

Екі түрлі болса дағы шұлығың,
Елге оғаштау көрінсе де қылығың,
Теріс еді дей алмаймыз, Рамис.
Саған ақыл айта алмайды әке де,
Ең ақылды замандағы әпенде –
Келіседі бері өзіңе, Рамис!


Өнер адамы үшін шығармашылықта болсын, тіршілікте болсын, ең ақыры киім-кешекте болсын, ешкімге ұқсамау – басты мақсат. Олар тек ешкімге ұқсамауларымен ғана бір-біріне ұқсайды.

Владимир Лугавскойдың жылан терісінен тігілген күрткесі болыпты. Ол кәдімгі тірі кобра тәрізді иесі қозғалған сайын ысылдап дыбыс шығарады екен. Оның үстіне қолайсыздау бір иісі де болғанға ұқсайды. Ол көшеге шыққанда көбіне-көп күнбағар түстес сары жейдесі мен тор көз шалбарын киіп шығады екен. Балалар соңынан қалмай: «Ей, шетел сайқымазағы, фокус көрсетсеңші!» – деп айқайлайтын болыпты.

Лев Квитконың көрген адам қызығарлық сондай қою, сондай әдемі бұйра шашы болған. Ал Квитко бас киімдердің ішінде котелок-қалпақты сұмдық жақсы көрген. Соны кию үшін сол бұйра шашын әлсін-әлсін ұстарамен алдырып тұрған. Әйтпесе бұйра басы қалпағына сыймайды!

Қысқартып айтар болсақ, акын-жазушылардың киім киістері әйтеуір бір белгісімен оқшауланып тұратын тәрізді. Сөзіміз дәлелді болу үшін біраз мысал да келтіріп бақтық. Сөйте тұра, олардың бәрі бірдей «аксүйек», бәрі бірдей сәнқой емес.

Мысалы, Гилберт К. Честортон, кәдімгі аты әйгілі Честортонды замандастары «сыраның саптыаяғы» деп атаған. Тек сырақор болғандығы үшін емес, әрине. Оның бойында бұлтимай, қисаймай, томпаймай тұратын бір киім болмаған. Әйелі Франсис, маскарадқа киетін костюмдей костюм, өте кең кара плащ, жиегі жалпақ үлкен қалпақ ойлап тапқан. Ал өзі өте жуан таудай ірі адам болған. Міне, осыған қарап қоятын атыңды қоя бер. «Сыраның саптыаяғы» дұрыс шығар мүмкін.



Көзінің тірісінде Барбэ д'Оревильидің шығармаларынан гөрі өзі туралы әңгіме көбірек айтылатын болыпты. Өзін сондай кербез және маңғаз ұста са керек. Оны көшеде кездейсоқ көрген адам сексендегі шал шығар деп ойламайтын болған. Сол біраз жастың өзінде мықынын май баспаған, күміспен оқалаған ақ пантолон, белін қысып тұрған ықшам сүртік, романистерге лайық плащ, қызыл барқытпен астарлаған жиегі жалпақ ғажайып қалпақ, қолында шыбық (хлыст) париждіктерді қобалжытып тастайды екен. Намысына тиген біреу-міреу болса әлгі шыбықпен бетін осып жібереді. Сол мінезін жақсы білетін әріптестері, әсіресе әдеби сыншылар одан аулағырақ жүруге тырысқан.

Мәшһүр мысалшы Иван Крылов осы аталған әріптестерінің біріне де ұқсамайды. Өйткені ол сәнқой болмақ түгіл, жай ғана жинақы таза жүрудің өзін ауырсынған әрі жалқау, әрі салақ адам болған.

«Өте семіз, шашын тарамай, үнемі дода-дода болып жүреді. Бір дұрыс жүргеніне көзім түскен емес. Сүртігі кір-кір, түймелері ауыс салынғандай, көзәкейі қисайып тұрады» (Ф. Солнцев).

«Оның үстінен таза жейде көрген күнім болған жоқ. Омырауына кофе төгілген, соус тамған — кір-кір болатын. Бұйра шашы жан-жағына бұрқырап шығып тұратын. Қара сүртігі шаң-шаң, жабысқан мамықтан көрінбейді» (М. Каменская).

«Крылов салақ, атжалман болатын. Ол күтіну дегенді білмейтін» (П. Вяземский).

Бір кезде ол сарайда өтетін маскарадқа бармақ болып, жақын адамдарынан ақыл-кеңес сұрайды. Сонда Варвара Алексеевна деген жанашыр арулардың бірі: « — Сізге ешқандай бетперденің

(масканың) керегі жоқ. Жуынып-шайынып, сыланып-сипанып барсаңыз жетіп жатыр. Ең жақын деген дос-жолдастарыңыздың өздері-ақ танымай қалады!» — деп қалжындапты. Бұдан артық не айтуға болады!


Ұлы орыс классигі Николай Васильевич Гоголь де сол Крыловтың о жақ, бұ жағы. Ол туралы өз замандасы Л.И. Арнольди былай деп сыр шертеді: «Киімді ол ешқашандай талғау-талғамсыз киетін. Оған басын қатырып жатпайтын. Кейде ол не кісем екен деп әжептеуір ойланатын, ойланған сайын одан бетер нашар киінетін».

Н.А. Арсеньев те шамамен соны айтады: «Гогольдің өзі өте көріксіз болатын, ал костюмы (бранденбурголары бар венгр бешпет) мүлдем сиқын бұзып жіберетін».

Енді бір замандасының қалдырған естелігіне қарағанда аяғынан шашыраған шалшықтан сырт киімінің етегі үнемі салтақ-салтақ болып жүреді екен.

Осы екі классиктің ұқсас тірлігін ойлап отырып, оқыстан екеуінің де сұр бойдақ болғандығы есіме түсті. Қанша айтқанмен, үнемі қадағалап, ескертпе жасайтын жанашыр жанның жоқтығы, әсіресе әйелдің жоқтығы көрініп тұратын тәрізді.

Тәуліктің жартысынан көбін мәжілісте, мейрамханада, кафеде, барда, тағысын тағы басқа жерлерде өткізіп үйренген берекесіздеу дарын иелеріне не деуге болады?! Олар құдай берген сирек қасиетті үнемі шашумен болады. Көбінің жинақылыққа, ұқыптылыққа уақыты жоқ. Тіпті қыры жоқ. Сондай өкінішті өкілдердің бірі — менің байқауымша Михаил Светлов. Ол сапарға шығарда әйелі жанжаққа, таныстарға, сапарластарға міндетті түрде



телефон соғып күйіп-піседі екен: «Білесіз ғой, біздің Мишаның күндіз бен түнде ешқандай шаруасы жоқ. Ол мезгілді ажырата білмейді. Кашан көзі жұмылғанша жүре береді, жүре береді. Шешіну, қайта киіну, киім айырбастау — оған жат құбылыстар. Қонақүйге қай кезде оралса, сол кезде төсекке шешінбестен құлай кетеді. Сырт киімін айтасыз, аяқ киімнің өзін шешпейді. Қадағалап жүріңізші, құдай ақы!» — деп жалбарынады.

Қазіргі абхаз әдебиетінің негізін қалаушы Дмитрий Гулия Кеңес өкіметі орнап, өркениеттің жаңа сатысына көтерілген кездің өзінде үстіндегі ұлттық киімін ауыстыруға асықпаған. Иығында сұдай жаңа черкеш бешпеті, қып-қызыл қырмызы жібектен тігілген арқалық, белінде балдағына алтын жалатқан қанжар, жамбасында Смит-Вессон тапаншасы, аяғында жұмсақ мәсі... Кейініректе ғана ол аяғына қалың бөтенке киіп, қолына ауыр таяқ ұстайтын болған.

Қазақстанның соңғы ғасырларындағы тарихын оқымыстылар ұлы Қазан төңкерісіне шейінгі, Қазан төңкерісінен кейінгі деп бөліп келді. Оның да жөні бар шығар. Солай дей тұра, өз басым қазақ тарихын біздің елімізге арақ-шарап деген пәленің келгенге шейінгі, келгеннен кейінгі дәуірі деп екіге бөлген дұрыс болар еді. Ұлттың рухани денсаулығын түсіну үшін осылай істесек, қателеспесек едік.

Жалпы арақ-шарап келгенше ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр қауіпсіз тірлік кешкен тәрізді. Арақ-шарапқа шейінгі дәуір — қымыз дәуірі. Әдебиет пен өнер үшін бақытты, кем дегенде жартылай бақытты кезең. Егер шатақ шығару керек болса, қымыздың өзі де жетіп жатыр. Ал шабыт шақырып, шығармашылықпен шұғылдану қажет болса қымыз-

дан артық ішімдік жоқ! Арақ ішіп жақсы бірдеңе жазды дегенге сенбеймін. Ал көптеген классикалық өндер мен классикалық өлең-жырдың бастауында қымыз тұрғаны ақиқат.


Қымыз дәуірі – серілер дәуірі. Сәнді киіну – сал, серілер үшін негізгі шарттың бірі. Ыбырайдың Үкілі Ыбырай аталуында да осы сәнқұмарлық себеп болды деуге әбден қақымыз бар.

... Кимесем екі бешпент сән болмайды! –

дейді ұлы қазақ сазгері Мұхит. Қазақ сазгерлерінің бәрі, бәрі ақын. Ал ақындар киімнің жақсысын киіп, жылқының жүйрігін мінуге тырысқан. Астындағы атын қадірлеу өз атын, яки есімін қадірлеумен бірдей болған.

Осы сал-серілерден кейін туған, демек Қазан төңкерісінен кейін дүниеге келген, жаңа қазақ әдебиетінің іргетасын қаласқан ақын-жазушыларымыз өте дарынды, өте білімді және өте зиялы. Бүгінде заман өзгерді, соған байланысты саясат та өзгере бастады. Күні кеше аспанға көтеріп жүрген Сәкен Сейфуллиндерге күдікпен қарайтынды шығардық. Меніңше ол онша дұрыс емес. Кемшілікті, шығармашылық кемшілікті оның большевизмінен іздемеген жөн. Көркемдік оған байланысты емес.

Сәкен Сейфуллин – белгілі революционер, коммунист. Бірақ ол адам. Ең бастысы ақын. Бізге керегі де ақын. Міне, сол ақын Сейфуллин, замандастарының айтуына қарағанда, Галина Серебрякованың жазуына қарағанда өте сәнқой, сері адам болған. Үстіне қыл жұқтырмаған. Турасына келсек жалғыз Сәкен Сейфуллин ғана емес, сол кездегі қазақ зиялыларының бәрі бірдей, негізінен сондай болғанға ұқсайды.



Ғабен, Ғабит Мүсірепов бір емес, Қазақстан Жазушылар одағын екі рет басқарды. Екінші басқаруында Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болып мен де істедім. Ол кісінің біз жоғарыда айтып өткен бір топ зиялылардан үлгі алып өскені көрініп тұратын. Замятиннің костюмдеріндей ол кісіде де костюм көп болатын. Дүйсенбіде киген костюмін сейсенбіде, сейсенбіде киген костюмін сәрсенбіде, со секілді сәрсенбіде кигенін бейсенбіде киіп келмейтін. Күн сайын басқа костюм киіп, күн сайын басқа галстук тағып шығатын. Оның үстіне Ғабен қасын қидырып, бетін опалап жүретін. Иіс судың иісі бұрқырап тұратын, әрине.

О кісінің де шәкірттері жоқ емес.



Әйел. Махаббат. Дон-Жуандық

Біреулерге әскер керек қатар-қатар сап құрған,
Кеме керек біреулерге зәкірлерін лақтырған.
Маған қымбат бір-ақ адам – ғашығым,
Басқаларын, ол тұрғанда кім болса да жақтырман.

Сафо

Әйел бізге қуаныш небары екі бағытта:
Алғашқы күн – төсекте, ақырғы күн – табытта.

Гиппонакт

– Қыздарға барып, құмардан шығып қайтсақ
кайтеді? – дейді бірде Дельвиг өзінің Рылеев до-
сына.

– Менің әйелім бар емес пе? – дейді ол.

– Сонда сен немене асүйім бар екен деп мей-
рамханадан тамақ ішпейсің бе?

Байқайсыз ба, үш ақын – әйел туралы үш түрлі
көзқарас.

Әр заманның, әр қоғамның өз моралі бар. Сөй-
те тұра осы үш пікір әлі күнге шейін жарысып өмір
сүруде. Ал бұл үш пікірдің ішінде ең көп таралғаны
және өте өміршеңі – соңғысы.

«Мен білетін бір ғана шындық, ол: нағыз еркек — полигамды (көп әйелді), ал нағыз әйел — моногамды болуға тиіс» — деген Николай Гумилев. Және осылай деп айтып қоймаған, өле-өлгенше сол принциппен өмір сүрген. Алғаш рет әдемі десен әдемі, ақылды десен ақылды, ақын десен ақын Анна Ахматоваға үйленген жылдары да ол осы бетінен қайтпаған.

Анна Андреевнадан кейін Анна Николаевнаға үйленген.

Заманындағы әдемі арулардың бірі — Лариса Рейснер. Николай Гумилев міне, сонымен де өте жақын болған.

Одан Ирина Одоевцева.

Одан кейін Парижде Е.И. Дмитриевамен, Черубина де Габриакпен танысып, онымен де біраз жерге барады. Максимилиан Волошин екеуінің арасындағы жекпе-жек те міне, осы әйелге байланысты болған.

Одан Татьяна Адамович. Ашық және ресми жүрген.

Одан Нина Алексеевна Шишкина-Цур-Милен — әйгілі сыған әншісі...

Бұл тізімді бұдан әрі де қиналмай соза беруге, соза беруге әбден болады. Өйткені Николай Гумилев көңілдес әйелдерді көйлек айырбастағандай болмаса да көлік айырбастағандай жиі ауыстырып отырған. Замандасы Маковскийдің айтуына қарағанда, соңғы жылдарының өзінде ең кем дегенде жылына бір арумен жақындаспай көңілі көншімейтін болған.

Өзі сөйтіп жүріп, Анна Ахматовамен ажырасқанда сен біреумен ойнап қойдың деп ажырасады. Бірақ бірінші жарының адалдығына кейінірек көзі жетеді.

Жиырманасыншы ғасырдың жиырманасыншы-отызыншы жылдарында орыс ақын-жазушылары бұл мәселемен жаппай шұғылданған тәрізді. Сол кезде өнер адамдарының арасында: «Папиросы не курится, с кем я сегодня должен амуриться?» – деген егіз тармақ дүниеге келген.

«Парыз бас тартқанды қалай ма? Ақымақтық! Парыз бас тартқанды қаламайды, ләззат-рақат алғанды дұрыс санайды. Біз ләззат алуға, рақаттануға міндеттіміз» – деп жазған Людвиг Фейербах өзінің күнделіктерінде. Және бір тұсында сол пікірін былай деп жалғастырады: «Кейде адамдардың кемістігі жетістігінен гөрі жақсырақ».

Осының бәрін ұлы философ ойланбай-толғанбай айта салмаған шығар. Ал оның сөзін Николай Гумилев оқыды ма, жоқ па білмеймін. Бірақ оқымаса да Фейербахша сезінгенге ұқсайды. Мен ақылгөй (моралист) адам емеспін. Неге осылай істедің деп кінәлай алмаймын. Егер Гумилев бұл мәселеде жалғыз болса, бір сәрі. Олар жүздеп, тіптен мыңдап жолығады.

Бұдан екі мың жарым жыл бұрын өмір сүрген Софоклдың өзі Николай Гумилевтен әлдеқайда үлкен жасында қыз-қырқындар қоғамын іздеп үйінде отырмайтын болған. Ал замандастары оған кешіріммен қараған.

Овидийді еске түсіріп көрелікші. Ол ғұмыр кешкен алпыс жылдың қырық-отыз жылы абырой мен атаққа, ләззат пен рақатқа бөлеулі. Отызына шейін ойнап-күлуді ғана білген сол дәуірдегі Рим азаматтары Овидий өлендерін, әсіресе махаббат, төсек төңірегіндегі тізгінсіздеу туындыларын өліп-өшіп оқыған және жатқа білген.

Бір кездері мен Овидий элегияларын қазақшаға аударған едім. Сонда мені таң қалдырған бір

жәйт: оның кейбір шумақтары біздің халық жырларымен тіптен үндес, тіптен туыстас. Біздің атабабаларымыз: «шеш-тағы етігінді байпақшаң кел, көрейін өз сорымнан ұстап алса, » «Есігіңнің алдына су сеуіп қой, өкен тайып жығылсын, мені қуса» — деп ағынан жарылса, Овидий:

Босағаға байлаулы бұғаудағы күзетшің,
Есігінді сәл ашшы, кісі өтпесе, біз өтсін.
Қуыс болса болғаны жасуындай иненің,
Сыйып кете беремін, сағынғанда сүйгенім!

Немесе,

Есім жиып қарасам, жатыр екем жалаңаш.
Тұлпар-сезім, жел-сезім, ал көнекей, ала қаш!
Аймаладым мен оны, аймалады ол мені,
Алма төстің арасы — ер жігіттің өлгені, —

деп сілтейді. «Тыныштық элегиялары, негізінен, міне, осындай шідерсіз шумақтардан тұрады. Отқа тиген дауылдай селт етпейтін суық адамның өзін бір аунатып тастайды. Осындай отты өлеңдердің арқасында Овидий қадірменді ақыннан қауіпті ақынға айналады. Қашқалы тұрған қоянға «тәйт» дегесін не жорық! Тегін мал, тегін дәулет, той-думаннан тұратын тоқ тірліктің иелері мынандай мықынсыз жырларды оқығаннан кейін қайтпек, ышқырсыз ішкі-імдер өзінен-өзі сыпырылады.

Император соның бәрін өз көзімен көріп отырып, қалай шыдайды? Екіншісі бірі зинакорлықпен шұғылданып, шұғыл азғындап бара жатқан құмарпаз қоғамға біраз тұсау салып тізгінді берік ұстама-са, бүкіл елдің құрдымға құлауы ғажап емес. Некені нығайтып, үлгілі ұрпақ, парасатты мұрагерлер тәрбиелеу үшін қатал-қатал заңдар шығара бастайды.

Қызым саған айтам, келінім сен тында дегендей нысапсыздықтары мен нәпсіқор найсаптықтары үшін император өзінің Юлия атты жалғыз қызы мен шешесі аттас жиенін амалсыздан жер аударады. Жеке отбасының ғана емес, бүкіл елдің қамы деп түсінсін деген оймен Август отпен ойнаушы Овидийді де ит арқасы қиянға, яки Қара теңіздің Молдавия жағалауына ұзақ «сапарға» жібереді. Бірақ кінә өлеңіне таңылмайды, өзіне таңылады.

Осыдан он тоғыз ғасыр өткеннен кейін ағылшынның ұлы ақыны Джордж Гордон Байрон, Ұлыбританиямен ақыры тіл табыса алмасын түсініп, енді қайтып оралмаймын деп шетелге кетеді. Ол алдымен Швейцарияға, сосын Италияға барады. Ондағы Австрия отаршылдарына қарсы күрес жүргізуші карбонария жасырын ұйымымен байланыс жасайды.

Олар жеңілгеннен кейін Түркияға қарсы күресіп жатқан грек ұлт азаттық қозғалысына қосылып, қарумен де, қаржымен де көмектеседі.

Сөйтіп үлкен азаматтық шаруамен шұғылданып жүрген Байрон серілігін де ұмытпаған. Әсіресе Римде ұлы ақынның істемегені жоқ. Орысша теңеумен айтқанда қыз-келіншектерді қолғабынан да жиі ауыстырады. Байрон жөнінде белгілі әдебиетші, романшы А. Виноградов: «Мариана Сечетиден кейін Маргарита, Маргарита Коньиден кейін Анджиолина, Анджиолинадан кейін бір топ әйел...» — деп қуәландырады.

Дүниенің қай қызығынан болса да бас тартпайтын көңілді адамдарды француздар Бонвиван дейді. Француз әдебиетінде Бонвиван емес ақын-жазушы таппайсың. Мериме, Гюго, Мюссе, Жорж Санд, Мопассан... осылай кете береді, кете береді. Солардың бел ортасында тұратын мықтының бірі — Мар-

тюрен Ренье. Ол туралы: «Оның өмірінде бірден-бір және басты мақсат болды. Ол – кім және қандай екеніне қарамай, әйел атаулыны жаппай сүю, қызығын көру» – деп жазған Шарль-Огюсть Сент-Бёб. Ал Реньенің өзі былай дейді.

Күндіз-түні құштарлығым лапылдап,
Нәпсімді мен баса алмаймын тақымға.
Таңдай алман жұлдызы кім, Айы кім,
Қақпақылға айналады қайығым.
Бүкіл әйел мені сұмдық тартады,
Маған бірдей жасаңы мен қартаны.
Біреуі артық, біреуі кем дей алман,
Маған соның бәрі ғажап қиялдай.
Құшақтасам, құшағым тез қарысты.
Маған бәрі,
Бәрі ыстық!

Виктор Гюго одан асып түспесе, кем түспейді. Көп әйел алған қазақтар оның жанында түк емес. Сол қаптаған көп арудың ішінде үшеуі: Адель, Жюльетта, Леони – заңды әйелдері іспетті Монмартрдың етегінде бірінен-бірі онша қашық тұрмаған.

Қалғандарының өзінен қалпақ шығады. Гюгоға байланыстырып айтар болсақ, оның қалғандарынан бір қалпақ емес, бірнеше қалпақ шығады! Солардың мандай алды болып Жюдит Готье (Теофил Готьенің қызы) тұрады. Гюго онымен Брюссельге барғанда танысады. Жюдит онда жалғыз да емес. Күйеуімен жүр. Соның өзінде... Гюго ол кезде жетпіс екіде. Ал ару жиырма екіде. Араларында жарты ғасыр жатыр. Бірақ Жюдит одан бас тартпайды.


Мен өзім шал болсам да қатқан шалмын,
Койнына талай қыздың жатқан шалмын, —

деп келетін халық өлеңі болатын-ды. Соны біздің аталарымыз емес, Гюгоның өзі шығарғандай – шын мәнінде қатқан шал!

Ұлы ақын, ұлы прозашы, ең бастысы ұлы еркек Виктор Гюго туралы өмірбаяндық қалың кітап жазған Андре Моруаға сенер болсақ, қораздығы мықты қуатты қарт көзі түскен аруды – шалқайғанын шалқайған жерде, еңкейгенін еңкейген жерде – шаруасын тындырып жіберетін болған.

В.Ф. Ходасеевич өзінің естеліктерінде замандас ақыны Андрей Белыйға қызық мінездеме береді: «Андрей Белыйды көрген адам оны бір әйелқұмар азамат деп ойламайды. Мен жаңа ғана оның қос қабілеттігі туралы айтып едім ғой. Әйел мәселесіне келгенде сол қасиеті көбірек байқалады. Қай кезде де ол өзінің белгілі тәсілінен жаңылмайтын: ол бірден аңқылдаған ашық мінезінен, керек десеңіз, сиқырлы қасиетімен әйел затын бірден баурап алатын. Оның алғашқы әрекеттеріне қарап, ешбір ару алдын ала ешқандай қауіп күтпейтін. Содан кейін, ойда жоқта ол ойындағысын орындауға кірісетін. Егер сондай сәттерде әйелдің есі шығып, ренжіп, айтқанына көнбей қойса, тас-талқан болып ашуланатын, намыстанатын. Немесе, керісінше дегені болып, ойдағысы ешқандай қарсылықсыз орындала қалса, онда да көңілі бітпейтін, оған да намыстанатын.

1905 жылы Политехникалық институттың кіші залында Андрей Белый лекция оқиды. Үзіліс кезінде Нина Петровская деген белгілі ақын әйел қасына тақап келеді де, браунингісін оның кеудесіне қадап қойып, шүріппесін басып кеп қалады. Бірақ браунинг от алмайды. Төңірегіндегілер тап беріп, оның қаруын тартып алады.



Нина Петровская, замандастарының айтуына карағанда, онша көрікті әйел болмаса керек. Бірақ ғасырдың басында жиырманың үстіне енді шығып, толықсып тұрған шағы. Әдемі болмаса да ақылды. Әр нәрсенің қыбын табуға сондай шебер. Кімге не керегін біле қоятын әккі. 1903 жылы алғаш рет көрген бойда Белый оған құлап түседі. Жануға, өртенуге, құл болуға дайын тұрған сері жігіт арудың сезіміне, жүрек жалынына майдай құйылады.

Содан соң... Иә, содан соң? Барлық пәле сол «содан сонда» жатыр. Содан соң алып ұшқан Андрейдің лапылдаған алғашқы сезімі су сепкендей басылады. Махаббатты аспаннан іздеген ол Нина Петровскаяның жер басып тұрған пенделік махаббатын көргенде шошып кетеді. Алды-артына карамай кашады...

Осыдан кейін жүйкесі тозған, онсыз да ақылы түгелдей өз орнында емес күйгелек Нина Петровская не істеуі керек?! Атуға мәжбүр болады.

Жиі-жиі ғашық болып, жиі-жиі күйіп-жанғандардың бірі — Осип Мандельштам.

«Ол әлсін-әлсін ғашық болатын. Соның көбіне мен өзім куәмін. Менің есімде қалғаны: бірінші — Анна Михайловна Зельменова-Чудовская, сондай көрікті, суретші... Екінші — Цветаева. Қырымда және Мәскеуде дүниеге келген өлеңдер соған бағышталған. Үшіншісі — Соломея Андроникова (Андреева, бүгінде Гальперн) «Tristia» кітабында Мандельштам оның есімін мәңгі өлмейтін өлеңдермен өрнектеп өтті.

Революцияның алғашқы жылдарында (1920) мен өзіммен өзім саяқтау жүргенмін. Онымен де тіпті кездеспеген шығармын, ал ол Александр театрының актрисасы Ольга Арбенинаға ғашық бол-

ды. Ал ол кейін Ю. Юркунға тұрмысқа шығып кетті. Оған да біраз өлең арнады.

... Мандельштамның дон-жуандық тізімі осы мен атап өткен әйелдермен шектеледі екен деп ойламаймын».

Бұл ақынға жала жапқысы келген жаман көңілді біреудің айтып кеткені емес. Осип Мандельштамға оң көзімен қараған, адам бағалай білетін және тек ақиқатын ғана айтатын Анна Ахматованың сөзі.

Тез тұтанып, тез өртенетін сергек сезімді «ұшқалақтау» ақынның өмірінде азды-көпті рөл атқарған арулар шынында да бұл тізіммен шектеле қояды екен деп біз де ойламаймыз. Бірақ бір әйелдің көбі немесе бір әйелдің азы біз үшін ештеңе шешпейді. Ең бастысы — біз Осип Мандельштамның махаббат әлемімен таныстық.

Күйтабақты бір аударып салатын, әйтпесе тіпті басқасын қоятын кез болды-ау деймін.

Өз ағайындарымыздың айтуына қарағанда, сәл ертеректе Аркада Сарыауыз атты бір саппас өмір сүріпті. «Сексуальный маньяк» деген орыс сөзін естігенде менің ойыма осы кісі түседі. Кез келген сұлуға, кез келген әйелге ғашық бола салу түк емес. Біздің ағамыз, аңыз әңгімелердің жеткізуі дұрыс болса, жалпы әйел затын көргенде не істеп, не қойғанын білмейді екен. Білмейді деген жай сөз, бірден бас салады екен. Үлкен отыр, кіші отыр, таныс отыр, бейтаныс отыр — оған бәрібір. Ойдағысын тындырмай, көңілі көншімейді. Шын мәнінде маньяк. Бас салды — бітті! Одан ажыратып алу мүмкін емес. Оңашада жолыққан әйелде жалпы үміт жоқ! Бір ғана жақсы қасиеті — әйтеуір өлтірмейді.

Бір жұрт толы жиында, қаптаған өнер адамдарының арасында сол Сарыауыз туралы жақсы

білетін біреу әңгіме айтпай ма? Айтқанда да майын тамызып, біреулердің сілекейін шұбыртады. Аузының суы құрып отырған бір актриса:

— Ойбай-ау, сондай азаматтар қайда кеткен бүгінде? — деп қалыпты. Осындай сұрақтың маған да қойылып қалуы мүмкін-ау! Біреу-міреудің жан дауысын естімей тұрғанда негізгі әңгімеме көшейін.

«Жазмыштың» авторы орыстан да мысал алады, француздан да мысал алады. Гректерден де мысал келтіреді, римдіктерден де мысал келтіреді. Сондай мысалға лайық бір қазақ жоқ па? — деп жүрсе ұят қой. Оны анда-санда өзім де ойлап қоям. Бірақ біздің менталитетіміз сәл бөлектеу. Кейбір нәрселерді айтсаң да пәлеге қаласың, айтпасаң да пәлеге қаласың. Әйтпесе әйелге, әйелқұмарлыққа байланысты біраз ақын-жазушыларымызды тізіп беруге болар еді. Оның басында Абай ағамыздың өзі тұрар еді. Ол бастаған ғаламат тізімді Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Кенен Әзірбаев, Бердібек Соқпақбаев тәрізді ағаларымыз іліп әкетер еді. Бірақ ол әңгімелер қағазға түсе қоймаған. Пәленшеден, түгеншеден деп үзінділер ала алмайсың. Ал ауыз әдебиеті құжат емес. Ондайдың бірі — жанағы Сарыауыз.

Бердібек Соқпақбаев ағамыз — өте қызық адам еді жарықтық. Тумысы, табиғаты да солай болуы мүмкін. Ал Мәскеудегі Жоғарғы әдеби курсты бітіріп келгеннен кейін мүлдем ашылды. Біз екеуміз «Балдырған» журналының алғашқы санынан бастап бір-екі жыл бірге қызмет еттік. Қарама-қарсы үстелдерде отырдық. Сол кезде мен ол кісіден талай-талай қызық әңгімелер естідім. Оның көбісі дон-жундық хикаялар. Олардың бәрі түгелдей өз басынан кешкендері... Жас кезі. Қыз-келіншектерге қырғидай тиетін.

Алпысыншы жылдардың басында қазақ жазушыларының біразы машина ала бастады. Бекеннің де «Москвичі» болды. Көлігі бардың қашанда өрісі кең. Сол «Москвичіне» жана танысқан бір аруды отырғызып алып, қала сыртына шығады. Әрі жүріп, бері жүріп қолайлы бір жер табады. Шалғынға кілемше төсеп жайғасады. Онаша әңгімеге ғана емес, онаша әрекетке көшпек болады. Бірақ қыз ынғай бермей:

— Қойыңызшы, ағай! Ұят емес пе? — деп Бекеннің бетін қайыра бастайды. Онашаға шыққан бойда өзгеріп сала берген қыздың қылығы Бекеннің ыза-сын келтіреді.

— Әй, қарағым, — дейді ағамыз. — Сен өзін не ойладың? Алай бұрылып, былай бұрылып, бармаған тұсымыз жоқ. Сонда не? Бакша салатын жер іздеп жүр деп ойладың ба? Әңгімені қой!..

Бұл бұл ма? Бұдан да қызықтары бар. Бірақ қалғанын келесі естелік кітаптарға қалдырып, негізгі тақырыбымызға оралайық.

Махаббат ол — ең алдымен өмір. Ал өмір біз ойлағаннан гөрі күрделі, әлдеқайда күрделі құбылыс.

Қай бұрышта, қай қалтарыста қай зұлымның қандай қару ұстап тұрғанын білу қиын.

Шавлава — шуваш ақыны. Жаны жайсаң, жүрегі жайлау әдемі азамат. Өз заманының сасық байы, сөз қадірін білмейтін Эптельмен деген пасықтың үрлеп ауызға салатындай әйбат қызына ғашық болады. Қыз да ақынды сүйеді. Бұл оның әкесіне ұнамайды. Түу десе түкірігі жерге түспей тұрған делқұлы бай Шавлавты иттеріне талатып өлтіреді.

Гильем де Кобестань (он екінші ғасырдың аяғында өмір сүрген) — әрі ақын, әрі сол кездің рыцары...



Кеудесіне наны піскен белгілі барон Раймон Руссильский өз әйелінің ақын Гильемге ғашық екенін, Гильемнің де мұны өле сүйетініне көзі жеткеннен кейін жас ақынды өлтіріп, оның жүрегін табаға қуырып, әйеліне береді. Ойында түк жоқ әйел жеп қояды, әрине. Кекшіл байы ақынның шабылған басын көрсетіп, жеп қойғанын ғашығынның жүрегі дегенде сорлы әйел балконнан құлап өледі. Мұны естіген Арагония королі қатты ашуланып, қанішерді түрмеге қаматқызып, ғашықтарды құрметпен жерлеуге бұйрық береді.

Пейо Яворов – болгар ақыны... Оның ғашық болып үйленген жары Лора қатты күйзелістерінің бірінде өзін-өзі өлтіреді. Оны көрген Яворов та шыдамайды. Тапаншасын самайына тақай қойып, шүріппесін басып кеп қалады.

Мен махаббат туралы трактат жазып отырғам жоқ. Менің мақсатым басқа. Дәлірек айтсақ ақын және әйел, солардың арақатынасы. Арулардың ақын тағдырында алатын орны. Ал кез келген қарым-қатынастан, тіпті төсектік қарым-қатынастың өзінен махаббат іздеу дұрыс бола бермейді.


Әйтсе де біздің Шавлава туралы, Гильем де Кобестань және Яворов жайындағы әңгімелеріміз классикалық махаббатқа жақындау. Ал нағыз махаббат дегеніміз – өткінші жаңбыр емес. Ұлы сезім.

Франческо Петрарка туралы әңгіме болғанда оның классикалық сонеттеріне, ал сонеттері туралы сөз болғанда оның бірден-бір махаббаты, яки Лаураға деген ұлы сезімі хақында сөз айтпай өте алмайсың. Лаура – Петрарканың жетпіс жылдық ұзақ ғұмырындағы жалғыз-ақ ару. Осыған байланысты ұлы ақын «Ұрпақтарға хат» деген бітпей қал-

ған өмірбаяндық қолжазбасында былай дейді: «Жас кезімде шынайы бір махаббаттың азабын шеккенім бар. Егер уақытында келген пайдалы ажал, өзі де сөнуге жақындап жүрген сол жалынды өшіріп тынбағанда одан бетер қиналатын едім. Маған жалпы нәпсі қызығы жат дүние десем, дұрыс болар ма еді, дұрыс болмас па еді?! Бірақ бір нәрсені батыл айта аламын: жастық жалыны мен делқұлы сезім сол бір пенделік әрекетке итермелегені рас, бірақ ол үшін мен өзімді аямай жазалағанмын және көп кешікпей, қырықты алқымдап қалған шағымда, жалыным да, желігім де басылмай тұрған кездің өзінде-ақ, әлгі нәпсілік жексұрын ниеттен мүлдем тыйылып, ол туралы ойлауды қойып, әйел затына тіптен қарамауға тырыстым. Мұны мен өзімнің құдай берген бақытым деп есептеймін...»

Ақынның жас кезім деп отырғаны он жеті мен отыздың арасы шығар деп есептесек, оның Лаураға деген ұлы сезімі 1348 жылға шейін созылған секілді. Басқа біреуге тұрмысқа шығып кеткен ғашығын осынша жыл ұмытпау, соған деген асыл сезімін өле-өлгенше таза қалпында сақтау — өте сирек кездесетін құбылыс.

Томос Антонио Гонзага — Бразилия ақыны. Оны кейде Бразилия Петраркасы деп те атайды. Өйткені ол қырыққа келген кезінде он сегіз жасар Мария Доротея де Сейшас деген жас аруға ғашық болып, оны Марилия деп өзі қойып алған атпен өмір бойы жырлап өткен. Алғашқыда «Бірінші бөлім» болып жарық көрген жиырма үш жыр 1792 жылы жарияланып, кейін жеке кітап болып басылып шыққан. Басыла сала Бразилия және Португалия поэзиясында жаңа бетбұрыс жасаған әйгілі шығармаға айналған.



Португалияның ұлы ақыны Луис де Камознс Қытайдан Үндістанға қайтып келе жатқан кезде кемелері апатқа ұшырап, ажалдан өрен дегенде аман қалады. Сол жолы ол өзінің ең басты шығармасы, Португалия поэзиясының ең үлкен мақтанышы «Лузиададан» айырылып қала жаздайды. Бірақ оны құдай сақтайды. Сақтауын сақтағанмен, тағдыр құрбандықсыз босатпайды. Кемелерін бөренедей аунатқан ақ жал толқын оның өзімен бірге алып келе жатқан нақсүйерін жұтып тынады. Дүние кезіп жүріп қуана-қуана кездестірген қытай аруын аман алып қала алмайды. Оны ол Динамена деген көркем атпен өмір бойы жырлап өтеді.

Каролина Павлова (қыз кезіндегі фамилиясы Каролина Яниш) — бақытсыз ақындардың қалың ортасынан орын алады. Әкесі — неміс, шешесі — француз қызы, өзі — орыс ақыны. Ол әрине, әкесінің тілін де, шешесінің тілін де жақсы білген. Жақсы білген және ол тілдермен шектелмеген. Поляк тілін үйренем деп тілек білдірген. Бұл да бір тағдырдың ісі болу керек. Поляк тілін оған Ресейде қуғында жүрген ұлы поляк ақыны Адам Мицкевич үйретеді. Сабак беріп жүріп, әйгілі ақын оның қабілетіне қатты таң қалады. Каролинаның дара дарынына қызыға караған жалғыз ол ғана емес. Жас ақын қыз сол кезде Ресейді аралап жүрген атақты Гумбольтты да, кейінірек тіпті кеменгер Гетенің өзін де кәдімгідей айналдырады. Ал Адам Мицкевич ақыр аяғында ғашық болып тынады. Он тоғызында толықсып пісіп отырған дарыны дара қызға ұлы ақынның алдында оңай дейсің бе? Ол да ғашық болады. Олар өзара үйленбек боп келіседі. Бірақ бар мәселені қыздың ата-анасы емес-ау, жақын ағайыны (әкесінің ағасы) шешеді. Өзі бай, бірақ мұрагері жоқ дәулетті көкесі

бұл некеге қарсы болады. Егер қыз оның айтқанын істемей, Мицкевичке тұрмысқа шығар болса, әкешесі құдай бергелі тұрған бай мұрадан мақұрым қалмақ. Дегенмен әкесі азамат екен, қыздың бақытын байлықтан жоғары қойып рұқсат етеді. Алайда әке-шешесін аяған қыз, ақылды қыз күндердің күнінде бұл бақытынан бас тартады. Каролинаның бұл шешімі оның үйіне байлық әкеледі де, өзі бай қалыңдыққа айналады. Бірақ Адам Мицкевичтің атымен келген ұлы махаббаттан мәңгі айырылады. Кейін ол Николай Филиппович Павлов деген әдебиетшіге тұрмысқа шығады. Жазмыштан озмыш жоқ. Бақыттан бас тартқан қызды тағдыр кешірмейді. Оның аспаннан түскен ағыл-тегіл байлығын картаға ұттырып, қалғанын байы ішіп тауысады. Каролина Павлованың кейінгі тірлігі тіптен аянышты. Ата-бабаларының жері ғой деп, Германияға көшіп барады. Кедейлік кеңірдегінен алған дәрменсіз әйел көрместі көреді. «Менің хал-жағдайым тіптен нашар, ертең-бүрсүгіндері бұдан да нашар болуы мүмкін» — деп жазады ол Ресейде қалған жақын-жуық, дос-жолдастарына.

Парадокс — махаббаттың жолы болмаса, өлеңнің жолы болады.

Венгр халқының асыл азаматы, ең қадірменді, қасиетті ақыны Шандор Петефи белгілі ақсүйектің қызы Берте Меднянскийге ғашық болады. Соған арнап «Махаббат маржандары» атты тамаша топтама жазады. Тендесі жоқ бұл әдемі топтама әлемдік әдебиеттің озық үлгілеріне жатады. Шын ғашық адам не істейді? Әрине, қолдан келсе, үйленеді. Петефи де сөйтпек болады. Бірақ қыздың әкесі үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. «Актерге де, ақынға да қыз бере алмаймын!» — деп кергиді. Шынында да

бермейді. Жаны жаралы талант иесі не істейді? Жүрегі сыздап отырып жыр жазады.

Алдымен араб елдеріне, сосын жалпы шығысқа, әсіресе Орта Азияға көбірек тараған бір аңыз бар. Соның негізінде жазылған «Ләйлі мен Мәжнүн» деп аталатын бес классикалық дастан бар. Олардың авторлары: әйгілі Низами Гинжауи, Мұхамед Физули, Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи.

Аңыздың астарында болған шындық жатыр. Негізгі кейіпкердің өзі — Мәжнүн — жетінші ғасырда өмір сүрген тамаша араб ақыны. Мәжнүн деген сөз араб тілінде махаббаттан басы айналған, ақылынан алжасқан деген сөз. Ал сол Мәжнүннің азан шақырып қойған аты — Кайс ибн әл-Муллауах, бәдәуилер тайпасынан шыққан шайыр. Бала кезінде Ләйлі деген қызбен бірге мал бағып, қатар өскен. Жылдар өткен сайын Мәжнүн ауылдас қызына ғашық бола түседі. Бірақ қыздың әкесі, шейх қызын ақынға бермей, басқа бір тайпаның дәулетті азаматына ұзатып жібереді. Ал ақын жігіт оны ұмыта алмайды. Жасырынып келіп, ғашығына үнемі жолығып жүреді. Бұл Ләйлінің төркініне ұнамайды. Мәжнүн не істерін білмейді. Құсадан өлетін халге жетеді. Бір септігі тиер деп әкесі оны Меккеге қажылыққа да апарып келеді. Бірақ одан ешқандай әсер болмайды. Күндіз өнінде, түнде түсінде Ләйлі деген махаббат маза бермейді.

Боздап қойып інгені мен атаны,
Қаағбада жұрт ағылып жатады.
Соно-оу — менің ғашығымның шатыры,
Қаағбам менің сонда дейді пақырың.

Уақыт зымырап өте береді. Өткен сайын ақынның махаббаты ұлғайып, ауруы асқына түседі. Ел

оның жүрегіне жын ұялаған, яки арабша мәжнүн болған дейді. Ол бұдан былай қарай Мәжнүн аталады. Өзінің неден ауырғанын, мүмкін болса неден жазылатынын да біледі.

Сен бола алмас бір тірі жан елдегі,
Сені менен, мені сенен бөлмегін.
Өліп-өшіп сүйген менің ғашығым,
Уым-дағы, дауам-дағы – сен менің! –

деп зарлайды. Бірақ оның зарын тыңдайтын ешкім жоқ. Басы айналған бейшара Мәжнүн бәрін тастап құла түз, қу мекенге, жабайы аңдардың арасына барып азапты өмірін жалғастырады. Елікті көргенде Ләйлісін көргендей болады. Аңшылардың торына оратылған еліктерді көрген жерде босатып жібереді. Бірақ оның өзін махаббат торынан босататын ешкім табылмайды. Күн өткен сайын оның ұлы махаббаты қасіретке айналады. Ал оның өзі қабырғасын қайыстырған қасірет-мұңнан айырылғысы келмейді. Ол Ләйліні ғана емес, қасіретті де сүйеді.

Быт-шыт болған сыбызғыдай қай күнгі
Мендік жүрек тынбай жырлар қайғыны.
Қинаса да, қорласа да – бәрібір,
Мен сүйемін азапкерім Ләйліні, –

дейді Мәжнүн.

Сапар-саяхат

Үйкүшіктік жалпы адамға тән қасиет емес. Әрине, ауылынан ұзап шыққысы келмейтін, сапар-саяхаттарды сергу деп білмейтін, оны азап деп ұғатын ағайындар да баршылық. Бірақ олар басқа өңгіме. Бір халықтан шығу — бір қалыптан шығу емес қой... Әрқилымыз.

Көкжиегің кең болмай көп көрмейсің. Көп көрмеген көп біліп жарытпайды. Демек алысты аңсау, оның ар жағында не бар екен деп аласұру адам баласына құдай берген қасиет.

Кейбіреулер үшін үйден шықпау — түрмеден шықпаумен бірдей. Жай шығып қайту да сөз болып па? Бүкіл ғұмырын ел аралау, жер көру, үнемі ат үстінде өткізуге арнаған беймаза жандар қаншама! (Әлемге аты әйгілі, мәшһүр ертегіші Ханс Кристиан Андерсон «Саяхат жасау — мен үшін өмір сүру тәсілі» деп кесіп айтқан. Жалпы оның өзі үйдің не екенін білмеген жан. Отбасы деген онда тіптен болмаған. «Паровоз атты айдаһар бар, Андерсонның үйі соның құйрығында» — деп қалжындайды екен Ингелсон деген замандасы. Шынында да ол кез үшін Андерсонның болмаған жері жоқ. Сербия, Болгария, Венгрия, Австрия, Германия, Чехия, Англия, Франция, Грекия, Португалия, тіпті Африкада да

болған. Бұл — біреулер үшін ақылға сыймайтын кезбелік.

Бірақ кезбеліктің де жарасатын адамы болады. Жалғыз өзі болмағанмен, сондайлардың бірі және ерекшесі осы Андерсон. Жазушының ондаған, жүздеген таңғажайып ертегілерінің ар жағында — оның көп көргендігі, көп естігендігі, жолсапарлары жатыр-ау деп ойлайсын.

Ал енді «Будустан» мен «Гүлстандағы» ғажаптарды оқып отырып осы пікірімнің дұрыстығына одан әрі беки түсем. Ауылдан аттап шықпаған бойкүйез маубастар өліп бара жатса да мұндай шығармалар жаза алмайды. Бұл еңбектер қолдың ғана еңбегі емес, аяқтың да еңбегі.

Сөз арасында айта кетейін... Реті келмеген, қолға түспеген, не уақытым болмай, сонын кесірінен оқып үлгермеген қанша авторларым бар. Сөйте тұра тек түгел аударып шығуға екінің бірі тәуекел етпейтін Иван Гончаров шығармаларының толық жинағын қалдырмай оқып шықтым. Басқа көркем дүниелерін былай қойғанда, оның Грибоедов туралы («Ақылдың азабы») ұзақ мақаласына шейін шұқшия қадалғанмын. Бірақ менің айтпағым бұл емес. Көрнекті жазушының сол толық шығармалар жинағында тағы бір тамаша туынды бар. Ол енді «Обломов» та емес, «Жар» да емес, «Белгілі хикая» да емес. «Фрегат «Паллада». Кезінде кемеге отырып дүние жүзін аралау сапарына шыққан. Кеменің (фрегаттың) аты «Паллада». «Фрегат «Паллада» — сол жол-сапарда жазылған кітап. Танымдық, тарихи-танымдық қасиетін осы күнге шейін жоғалтпаған пайдалы дүние. Өкінішке орай, Гончаровтың осы бір оқшау туындысына ешкім мән бермейді. Бір кездегі жарық көрген «Қазақ совет энциклопедия-

сында» Гончаров туралы мақала жариялай отырып, автордың бұл кітабының атын да атамаған. Ал бұл еңбек болса, тек қана жол-сапарлардың арқасында жарық көрген жүздеген (мүмкін тіпті мыңдаған) сапарнамалардың төбесінде тұратын тамаша туынды. Әлі күнге шейін оқырманын таппаған шығарма.

Сапар-саяхатқа құмарлықтың бірінші себебі — көру, білу, сергу, сілкіну болса; екінші себебі — өз тірлігінен, төңірегінен шаршау, жалығу деп ойлаймын. Мысалы, Америка жазушысы Томос Вульф сұмдық еңбекқор болған. Эрнест Хемингуэйдің күндік жазу нормасы бес мың сөз. Бұл өзі шынында да, ақылға сыймайтын еңбек! Ал дені сау, күшқуаты мол Томос Вульф тәулік сайын Хемингуэйден он-он бес есе артық жазатын болған. Безбүйрек редакторлардың аяусыз қысқартуларының өзінен кейін Вульфтің туындылары 600-800 беттен кем болмайды. Енді өздеріңіз ойлаңыздар, осынша еңбек еткен адам қалай демалуы керек? Сарқылған күшқуатын қалай қалпына келтіруге тиіс? Томос Вульф үшін демалудың ең жақсы жолы — жолға шығу болған. Әбден қалжырағанда, әсіресе жүйкесі тоза бастағанда, не болса соған күйіп-пісе бастағанда ол алдымен Еуропаға тартады екен. «Мен сапарға шыққанда жұрт секілді бірдеңе іздемеймін. Мен өзімді өзім іздеймін» — дейді екен жарықтық.

Саяхат-сапарға шығудың екі себебі бар дедім жоғарыда, оны қағидаға айналдыруға болмайды, әрине. Себепсізден себепсіз әлем кезіп кететін ақындар да болған. Соның бірі — эквадорлық Хорке Коррера Андрада. Ол жалпы үйде отырудың не екенін білмеген. Отыз жылға жуық уақыттың ішінде Еуропаны, Азияны, Американы түгелге жуық аралап шыққан. Бұл оның шығармашылығына қанша

әрекет етті — ол жағы маған беймәлім. Оқымадым. Ал өзі әйтеуір тыным таппаған. Өмірінің аз дегенде жартысын жолда өткізген.

Генрих фон Клейс те сол — түзді үйінен артық деп есептеген. Белгілі бір мақсат-мүддесіз-ақ, басы ауған жаққа қарай жүре берген. Сол қаңғыбастығы үшін, жансыздардың бірі екен деп полиция оны үш мәрте түрмеге қамаған.

Николай Васильевич Гогольдің хаттарын оқып отырсаңыз, таң қаласыз. Есіл-дерті жол. «Маған қазір жол керек. Жол және құйып тұрған жаңбыр. Жапан даланы, ну орманды жарып өтіп, жердің шетіне шейін апаратын ұзақ жол керек!»

1840 жыл, қазанның 10

«... Жаз ғой, жаз... Маған қайткенде де бір жол, ұшы-қиырсыз жол керек».

1840 жыл, желтоқсанның 28

«Жаз айлары басталар-басталмастан мені күтіп тұрған жолдар, ұзақ жолдарға шығу мүмкіндігі болса ғой шіркін! Мені құтқаратын жол ғана!»

1840 жыл, желтоқсанның 28

Алғашқы екеуі Гогольдің Погодинге, соңғысы Аксаковка жазған хаты. Хат, жай ғана хат емес, — көңіл күйі лирикасы.

«Оның ең басты емі — жол-сапар. Ол жақында Остенге жүріп кетті» — деп жазады В.А. Жуковский.

«Монастырдан монастырды қалдырмай аралап, жол бойындағы помещиктердің үйлеріне бір-бір түнеп, бүкіл Ресейді түгел аралап құмарынан шығу — оның басты арманы» — деп жазады А.К. Толстой.

Бұл сөздерге не қосуға болады? Меніңше, бәрі айтылған. Біздің міндетіміз — оқу және ойлану. Ең бастысы — дұрыс түсіну.

Неге екенін білмеймін, менің өзіме әйтеуір Антон Павлович Чеховтың үлкен әдебиетке сапары Сахалин сапарынан басталатын тәрізді көрінеді. 1890 жылы жолға шыққан болашақ ұлы жазушы сол жылы 11 шілдеде дйттеген жеріне жетіп тынады. Сол жерде үш айдай өмір сүріп, аралдың солтүстігі мен оңтүстігін түгелдей аралап шығады. Жер аударылған он мың адамның бәрімен сөйлеседі. Жергілікті халықтың есебін алады. Мұң-мұқтаждарымен танысады. Сол жылдың желтоқсанында Мәскеуге оралған соң күндіз-түні «Сахалин аралын» жазумен болады. Бұл оның шығармашылық өмірінде, ал Ресейдің әлеуметтік тіршілігінде үлкен рөл атқарады. Бір ескертетін жәйт Чеховтың бұл сапары жай ғана әуесқой жиһанкездің немесе құр әшейін демалып қайту үшін жасалған әрекет емес. Үлкен мақсат, азаматтық ерлік, екiнiң бiрi бара бермейтiн тәуекел едi.

Жақсы дәстүр — көпке ортақ. Чеховтың бұл ісі көп жазушыны қанаттандырды.

Соколов-Микитов жиһанкездігін өте жас кезінде теңізден бастаған. Балтық теңізін, Қара теңізді әбден жақсы білген. Жерорта теңізінің екiнiң бiрi бола қоймаған айлақтарын көрген. Эгей теңізіндегі толып жатқан аралдарды аралаған. Геркулес бұғана-сы арқылы Бискай бұғазына кіріп, Ла-Манштан бір емес, бірнеше мәрте өткен... Арктиканың меніреу мұзды жазығынан Ленкоран субтропикасына шейін, Қара теңіз, Каспий жағалауынан сонау Таймыр көлдеріне дейін, Кама жағалауындағы қалың орман, Воронежтегі тоғайлы дала, Кольск түбегіндегі қап-

таған ұсақ өзендер, Франс-Иосиф, Шпицберген, Жаңа Жер – бәрін көрген. Не жасыратыны бар, біздің көбіміз үшін бұл құр арман ғана!

Есебін алып жатқан кім бар дейсің?! Әйтсе де, менің өз топшылауым бойынша, ақын-жазушысы ең көп ел – Ресей. Міне, осы Ресейде екінің бірі біле бермейтін Василий Ерошенко деген жазушы болған.

Бір ғаламаты: ол өзінің бір де бір көркем шығармасын (кейбір мақалалары ғана болмаса) орыс тілінде жазбаған. Төрт жасында су қараңғы соқыр болып қалған аса зерделі бала сол кездерде туған жасанды тіл эсперантоны өте тез үйреніп алады. Одан кейін аз ғана уақыт ішінде жапон тілін игереді. Соқырлығына қарамай Кавказды аралайды. Лондонға барып, ағылшын тілімен шұғылданады. Өз Отанында жүріп үйренген тілдерін тереңдете түсу үшін Жапонияға сапар шегеді. Қытайда болады. Қытай классигі Лу Синьмен танысады. Лу Синь жапон тілін өте жақсы білген. Соның өзінде Василий Ерошенконың жапоншасына таң қалады. Бас иеді. Зағип жазушы осы көргендері мен білгендерін қанағат ете қоймайды. Тай тілін, малай тілін үйренуге кіріседі. Кірісіп қана қоймайды, үйреніп те алады. Көзі көрмейтін адам сол тілдердің бәрін ел аралап, қалың халықтың ішіне кіріп, есту жүйесі арқылы, зердесінің кереметтігі арқылы үйренеді. Кейінірек, 1934 жылы оны Түрікмения Оқу министрлігі арнайы шақырып, соқыр жетім балалар үйінің директорлығына бекітеді. Ерошенко түрікмен тілін тез арада үйреніп алып, түрікмен балаларына түрікмен тілінен сабақ береді.

Қысқасы, Василий Ерошенко – қай-қай жағынан да өте сирек кездесетін айрықша құбылыс. Ол



өзін ешқашанда соқырмын деп есептемеген. «Көрдім», «көргенімді» — деп сөйлейтін болған. Бір емес, бірнеше елді аралаған. Соның бәрінде ол ешкімнің көмегінсіз жалғыз жүрген. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылы Чукотканы аралаған. Соқырлығына қарамай мүлдем бейтаныс елде, мүлдем бейтаныс жерде жанына жолдас ертпей, ауа райы бұзылып, алай-дүлей болғалы тұрғанына қарамай, жолға шығып кетеді... Адасады. Жеккен иттерінің әбзелдері үзіліп, далада қалың қардың астында қалады. Босап кеткен бір топ иттің «көсемі» өте ақылды екен, бірнеше сағаттан кейін өздері жүрген ізбен кері оралып, өлуге айналған Ерошенконы қар астынан қазып алады.

Әркімнің мінезі және тағдыры әртүрлі. Соған байланысты болулары керек, сапарлары да, алған әсерлері де әрқилы.

«Біздер, — деп жазады орыс ақыны және суретшісі Макс Волошин, — Круглякова, Давиденко және Киселев төртеуміз Пиреней және Андора арқылы Испанияны аралау үшін сапарға жаяу шықтық. Менің қолымда қарындаш және қойын дәптері.

Сол жылдары оңтүстік Еуропаны — Италияны, Испанияны, Корсиканы, Балеарамды, Сардинияны да жаяу аралап көргем. Онда да мен альбом мен қарандашымды екі елі тастамай, сурет салумен болғанмын. Бұл сапарымда тез-тез салуға әбден машықтандым. Суреттің мәнін де терең түсіне бастадым.

Ол жылдары нақтылы көріністерді бұлжытпай салушыларға жансыздардың өзі шығар деп күдікпен қарайтын.

Өмірімнің алғашқы жартысы түгелдей жаяу сапарға кетті десем, артық айтқандық болмас еді.

Жалпы Жерорта теңізінің бүкіл жағалауын өз басым жаяу жүріп өттім».

Волошиннің бұл сапарының қай-қайсысы да белгілі бір мақсаттармен тығыз байланысты. Маршруттары да кездейсоқ емес. Ол Испанияда Дон-Кихоттың, ал Швейцарияда Байронның ізімен жүріп отырған.

Бейтаныс жерлерді аралауға, көруге құмар ақынның бірі – Николай Тихонов. Ол шөл-құм, жазық дала, қалың орман, өзен-көлдерге шейін ғашық адамның көзімен қараған. Сөйте тұра оның тауға деген ықылас-ниеті мүлдем бөлек. «Мен тауларды жақсы көремін. Егер таулы жерде тусам мен сондай бақытты болатын едім. Өзінің қар-мұзымен, шың-құзымен күдіретті көрінетін таулардың қыры мен сыры көп. Оларды түгел және тұтас суреттей алмайсың. Өйткені олар үнемі құбылып тұрады. Бір шатқалдан өтсең-ақ болды – басқа көрініс. Ертеңгісін бір бөлек, кешкісін бір бөлек. Олар сондай сұсты да, сүйкімді де көріне алады. Олардың мыңдаған реңі бар» – дейді Николай Тихонов «Су астының штурманы» атты дүниесінде.

Ол осылай сүйсініп қана, жырлап қана қоймаған. Тамаша табиғатпен қоян-қолтық араласа да білген.

1923 жылдан бастап Николай Тихонов Қап тауының бергі бетін де, арғы бетін де түгел аралауға кіріседі. Кейде атқа мініп, кейде тіпті жаяулап-жалпылап, аспандап биіктеп кеткен алыс ауылдарға барып, жергілікті халықпен құрсақтасындай туыстасып, бауырласып алады. Сол өз аяғымен жеткен асқар асулардың бірі бүгінде ақын атымен аталады.

«1928 жылы ол (Тихонов) Тебердіден шығып, Клухор асуын басып өтіп, Сухумға талай мәрте бар-

ганын естідім. Келер жылы ол Осетия, Сванетия, Армения, Грузияда болып, 1936 жылы отыз алты асудан өткендігін атап өткен» – деп жазады Лев Озеров.

Николай Тихоновтың екі томдық өлеңдер жинағын оқып отырып, сол көптеген жол-сапарлардың көркем сөзге айналып, әдемі шешім тапқанына әбден көзің жетеді.

«Семен Гудзенко болған жерлердің бәріне кішкене-кішкене жалау іліп, белгі салатын болсақ, Кеңес Одағының картасында ақ жер қалмас еді» – дейді замандасы Михаил Луконин.

Ел көрмей, жер көрмей, ештеңе жаза алмайтын да ақындар болған. Мысалы, француз ақыны Валери Ларбо жамбасы жер иіскемеген жиһанкез. Әсіресе, өзінің туған Еуропасында оның аяғы баспаған түкпір жоқ. Өмір бойы ат үстінде, поезда жүріп алған әсерінен «Дәулетті әуесқойларға арналған өлеңдер» атты бір ғана кітап жазып қалдырған. Бар болғаны – бір-ақ шығарма. Басқа түгі де жоқ!

1924 жылы Париждің әдеби ортасы аяқ астынан белгілі ақын Поль Элюардан адасып қалады. Жок. Қайда екенін ешкім білмейді. Адам баласы ақиқаттың орнын аңызбен толтыруға шебер ғой, рас-өтірігі беймәлім, неше түрлі әңгіме шығады. Біреулер оны оқыстан өліп кетіпті десе, біреулер өзіне өзі қол жұмсапты деп соғады. Енді біреулер бұзақылардың қолынан қаза тауыпты деп сөз таратады. Ал шындығын тірі жан білмейді. Бір ғана ақиқат – Поль Элюар жок. Бұл кезде Поль Элюар шығармашылық тоқыраудан, ішкі күйзеліс, дауасыз дерттен жанын қоярға жер тапшай Парижден қашып шығады. Қайда болса, онда болсын – Парижде болмаса болды әйтеуір. Бұл әрине, ақын сапары емес. Жай әшейін

сезім бүліншілігі. Ет қызумен буырқанған асау көңіл оны біресе Индонезия мен Цейлонға, біресе Тити мен Панамаға, біресе тіпті Жаңа Зеландияға қарай сүйрейді. Шығармашылық мақсат ұстанбаған ақын бұл сапарында бір де бір өлең жазбайды. Жүруін жүрген, аралауын аралаған. Бірақ түк көрмеген, түкке қызықпаған, ешқандай әсер алмаған тәрізді.

«... Өмір ойдағыдай өтпеді. Теңізші болып немесе кеменің көсермені болып дүние жүзін аралап шықсам деп едім. Осы мәселеде бір кемелер қоғамымен келіскен де сияқты едім. Кейін: — паспортың бар ма? — деп сұрады капитан. Көрсеттім. Ал онда «отставкадағы поручик» — деп жазылған. Алмады.

Теңізшілер біліп қойса, құртып жібереді, — деді. Бұдан ештеңе шықпаған соң, бір жақсы ат сатып алып, Дюма романында көрсетілген жолдармен бүкіл Францияны араламақ едім...» — деп өкінеді Александр Иванович Куприн. Бұл мәселеде Куприн жалғыз деп ойлайсыз ба? Купринше армандап, Купринше өкінген ақын-жазушы қаншама?!

Ел аралау, дүние кезу — бүгін таңда, соңғы кездері ғана пайда болып, енді-енді көңіл қобалжытқан құбылыс емес. Ақын-жазушылар үшін Батыста да, Шығыста да өте ертеден келе жатқан дәстүр.

Қытай ақындары, әсіресе Қытайдың оңтүстігінде тұратын ақындар негізінен биікке шығып, тау кезуге құмар болған. Қолдарына аса таяқтарын ұстап, күн өткізбейтін қамыс қалпақтарын киіп, бірер күндік азық-түлік салынған қоржындарын асынып, әл-қуаттары жеткенше таудың биігіне, ұшар басына шейін баруға ұмтылған. Баратын да болған.

Көп нәрсеге көзің жетпейді. Сол көне заманның көпті көрген кеменгер кәриялары біраз нәрсені

сезген сияқты. Қазіргі оқымыстылардың топшылауларына қарағанда тау адамдардың ғарышпен байланыс жасауына, күш-жігер алуына, құдіреттенуіне мүмкіндік тудыратын тәрізді ғой. Шынында да осындай бірденені байқады ма, әсіресе, Қытай, Үндістан, Жапония ақындары өмірлерінің соңғы сәттерінде тауға барып паналап, тауға табынып, тауда тұрып қалатын болған.

Қазақ ақындарын, әншілерін, сазгерлерін басқа елдегі әріптестерінен бөліп алып қарайтын түгі жоқ. Өйткені бірен-саран азаматтары ғана емес бүкіл халық көшіп-қонып жүрген. Әйгілі түркітанушы Лев Гумилев болжамы бойынша біздің ата-бабаларымыз қай жылы қай жерде қуаншылық болып, қай жерлерде өзен-көлдердің тартылатындарын жақсы білгенге ұқсайды. Олардың көшу бағдары негізінен соған байланысты болған тәрізді.

Түркілік тағдырымыздың тарихын түгелдей ақтармай, бірегей қазақ боп, ұлт болып үйи бастаған дәуір ақындарын біз негізінен Асан-қайғыдан таратамыз. Кейін біздің ата-бабаларымыз әулиелер қатарына қосып, ғұмыр бойы бас иіп өткен сол Асан-қайғы да үйкүшік адам болғанға ұқсамайды. Алтын Орданың ыдырау дәуірінде дүниеге келіп, өз алдына дара ұлттық қасиет көрсете бастаған, өз әулетіне жайлы қоныс, шұрайлы өріс, бір сөзбен айтқанда жерұйық іздеп, жамбасы жер иіскемеген замана жәдігері. Сол бір Жерұйықты іздеймін деп бармаған жері, баспаған тауы қалмаған. Желмаясына отырып, шетсіз-шексіз қазақ даласын түгел аралап, бәрін өз көзімен көріп шыққан. Қазіргі заман тілімен айтқанда — цикл өлеңдер жазған. Көрген қоныстарына кереметтей дәл баға берген. Содан бері қаншама жыл, қаншама ғасыр өткен, жапан

дала жағрафиясы туралы одан артық айтқан бір қазақ жоқ. Оның толғау-түйіндері қай түкпірің туралы жазсаң да, дайын эпитафия!

Ақын деген, қалай қарағанда да қызық болмыс, қызық құбылыс. Оның басында әулиелік пен әулекілік немесе, керісінше әулекілік, әулиелік ұшта-сып өмір сүре береді. Қалың қазақтың, халықтың қамын хандардан гөрі тереңірек ойлаған сол әулие атамыз дүние кезіп, айлап-апталап, тіптен жылдап Жерұйық іздегенде оның үлкен жүрегінде кемеңгерлік пен әпенделік қатар түнеп жүрді-ау деп ойлаймын. Данышпандық, ақыл-парасат негізінен бұйығы тыныш қасиет болса, ақындық «жындылық» сабырсыз, мазасыз дүлей күш... Асан-қайғы атамызды үйде тыныш жатқызбай, дедектетіп алып кеткен осы соңғы күш секілді. Несі бар, одан ұлы әулиеміздің өзі де, ұлы халқымыз да зиян шеккен жоқ.

Карта ойыны

Картаның Отаны — Мысыр секілді. Бірақ біреулер айтады: жоқ, Мысыр емес, не Үндістан, не Қытай... Олай дейтін себептері — картада адам бейнелері салынған (король, мәтке, балта). Ал мұсылман діні ондайға рұқсат етпейді.

Дегенмен көпшілік пікір осы Мысыр жағында. Өйткені, картаның жасы мұсылман дінінен гөрі үлкендеу болуы ғажап емес. Бұл бір. Екіншіден, картадағы суреттер кейініректе, Еуропаға әбден таралғаннан кейін барып, Испания, Франция сияқты елдерде кіргізілген жаңалық болуы мүмкін.

Ал егер карта Қытай, әйтпесе Үндістанда дүниеге келген болса, Орта Азия елдері қайда қалады? Неге ол Орта Азия елдеріне Ресей арқылы тарайды?

Мейлі ғой, карта қай жақтан келсе де карта! Одан оның табиғаты өзгермейді. Кім ойлап тапса да, бүгінде ол халықаралық ойынға айналған.

Әрине, кез келген ел, кез келген халық оны бірден оп-оңай қабылдай салған жоқ. Мысалы, 1254 жылы әулие Людовик Францияның қай түкпірінде болмасын карта ойынына тыйым салынсын деп бұйрық берген.

Ресейге бұл карта Польша, Украина арқылы он жетінші ғасырда өтсе керек. Оны әкелушілер,

бағзы біреулердің айтуына қарағанда казактарға ұқсайды.

Болса болар. Ақылға сыяды. Бірақ келуін келсе де, Ресей оны құшағын жайып қарсы алған жоқ. 1649 жылғы қабылданған заңдар жүйесі бойынша, карта ойнағандарға дүре соғып, саусақтарын, кейде тіпті қолдарын шабатын болған. Бірінші Петрдің кезінде бұл заң біраз жұмсарған: саусақ шабуды айыппұлмен айырбастаған.

Біздің күні кешегі Кеңес өкіметі де карта ойынына оң көзбен қарай қойған жоқ. Партия басшылары өздері бас қосып оңашада ойнағанмен, басқаларды ол үшін арқаларынан қаға қоймады. Кейбіреулер кейде: «Өмірдің өзі картаның ойыны тәрізді» – дейді. Ол рас. Өйткені карта ойыны да өмірге ұқсайды. Ықпыл-жықпылы көп. Кейде шарықтатып көкке көтерсе, кейде құлдыратып төмен лақтырады. Кейде аяқ астынан қарынбай болып байысаң, кейде бірақ сәттің ішінде көл-көсір байлықтан жұрдай болып, тақырға отырасың... Қайткен күнде де осы ойын адамдарға қатты ұнайды. Ал кейбір құмарпаздарға ол тіптен өмірдің өзінен де қызықтау...

«Мен өмірімде картаны көп ойнадым, ойыншылардың да неше түрін көрдім. Олардың ішінде кездейсоқтары да бар, әккілері де бар.

Карта ойыны үстінде адамдар жақсы ашылады. Бұл өзі адамның қолтаңбасынан да гөрі анығырақ, дәлірек. Мәселе ақшада емес, мәселе ойнау мәнерінде, оны таратуда, оны қолына алуда – ойнаушылардың нағыз жырындысы мұның бәрін бірден байқайды», – деп жазыпты Владислав Ходасеевич. «Влада театр мен концерттерге аса ықыласты болмайтын, – дейді әйелі Анна Ивановна. – Ол көбіне-көп көрмелерге баратын». «Карта ойыны мен шы-

фармашылық жұмысты әлсін-әлі жиі ауыстырып отыратын».

Картаны әркім әртүрлі мақсатпен ойнайды. Оның ішінде тек қана сол жолға түскен, салынып ойнайтындар да аз емес. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Ал менің негізгі тақырыбым — ақындар. Олардың тағдыры. Дәл осы арада — сол ақындар әлеміндегі осы картаның атқарған «рөлі».

«Мен кәрібозбын, әжептеуір картақұмармын, адам баласының бұл осалдығы маған әбден түсінікті», — деп жазыпты Юхан Смуул. Біздер де осылай түсінсек жаман болмас еді.

Белгілі бір кезеңде, белгілі бір жылдарда, белгілі бір сәттерде болмаса ақындар үшін карта ойыны шығармашылық мақсаттан жоғары тұрды деп айта алмаймын.

Осыған байланысты Вера Панова туралы Л. Левиннің бір сөзін ортаға салғым келеді. Ол былай дейді: «Ол үшін бірінші орында — балалар, екінші орында — шығармашылық. Ал үшінші орында — карта тұрды. Ол преферанс ойнағанды ұнататын еді».

Ақындарда әулиелік қасиет жиі ұшырайды. Бірақ әулие емес. Періштелік қасиет бар, бірақ періште емес. Олардан пайғамбар жасап қажеті жоқ. Қандай болса, солай ұққанымыз жөн. Жалпы шығармашылық дегеннің өзі — аса күрделі құбылыс. Оқымысты физиктер атомды да жіктеп, оның ішіне үнілді. Бірақ шығармашылықтың құпиясы әлі ашылған жоқ. Ашылмайтын да шығар. Ол туралы менің білетін бір ғана нәрсем бар. Шығармашылық — ләззатты азап. Үлкен еңбектің үстінде ұзақ отырып, көздері қарауытқан ақын-жазушы байғұстар есебін тауып, жазу үстелінен тұрып кеткілері келетін болулары керек. Қанша сүйікті жұмыс дегенмен, одан

да жалығатын сәттер болады. Міне, дәл сондай сәттерде карта ойыны таптырмайтын ермек, әрине. Ескерте кететін бір жәйт: оның да адам ырқына көнбейтін, көнгісі келмейтін сыңар езу алапат стихиясы бар. Оған қарсы тұру, төтеп беру тіптен қиын болуы керек. Барлық қасірет, барлық өкініш, барлық дәрменсіздік міне, соған байланысты!

Анда-санда көңіл көтеріп, ұтылса да, картаға кіріптар болмай, сүйікті өнерімен үнемі үзбей шұғылданып өтетін ақын-жазушылар да аз емес енді!

Фридрих Шиллер карта ойнағанды өте жақсы көрген. Бірақ біраздан кейін жазу үстеліне оралып, аяғын жылы суға малып қойып, салқын шампанды сіміріп отырып, әйгілі драмаларын жазудан жалықпаған!

Замандастарының куәландыруына қарағанда, дүниедегі еңбекқор жазушының бірі Максим Горький де сөйткен. Қонақтарымен отырып, бірер сағат карта ойнағанды жақсы көрген.

Владимир Маяковский өзінің буырқанған темпераментімен тайталасып отырып, әндетіп, өлеңдетіп, қарсыластарын ықтырып, ысырып, басымдық көрсетіп ойнағанды ұнатқан. Ол үшін ұтыс, яки ақша мақсат емес, жеңу мақсат. Көбіне-көп демалу үшін де емес, қайда қоярға білмей жүрген артық қуатын шығару үшін, керек десеңіз, аздап шаршау үшін ойнайды екен. Лиля Брик те, В.В. Полонская да өз естеліктерінде Маяковскийдің осы мінезіне көбірек мән береді.

Мұның бәрі лирика. Ал карта лириканы ұнатпайды. Оған драма керек. Өйткені оның өзі сондай... Оның жүрген жері сондай. Қып-қызыл қасірет!

1767 жылдың қаңтарында атақты орыс ақыны Габриил Державин сержант атағына ие болып,


куанышын елде тұратын анасымен бөлісу үшін демалыс алып, Қазан қаласына барады. Осы сапарында анасы оған отыз қызметкері бар шағын деревня сатып алу үшін қаржы береді. Қайтар жолында қызба ақын Мәскеуде тоқтап әлгі ақшаны картаға ұттырып жібереді. Ұтылғанда да оңбай ұтылады. Жастығынан ба, тәжірибесіздігінен бе, желікпе-қызбалығынан ба, алды-артына қарамай ойнап, қалтасында көк тиын қалмаған албырт ақын, біресе анда, біресе мында түнеп жүріп, сол Мәскеуде үш жылын өткізеді. Ана шаруамен, мына шаруамен шұғылданып күнін көреді. Бір күні күздің қара суығында қалтасында қалған қаржысын есептесе, елу-ақ сом екен. Онымен қай жыртығын жамамақ! Ойлап-ойлап, тәуекел дейді де, тағы да карта ойнайды. Бір ғажабы, бұл жолы оның қолы жүріп, бірінші күні сегіз мың ұтады. Алтын шыққан жерді белден қаз деген, ол сол ойынды үзбей бір-ақ қана күннің ішінде қырық мың сом ақшаға ие боп шыға келеді. Сөйтіп, шешесінен алған қаржының орнын толтырады. Бірақ бұл шындықтан гөрі ертегіге жақындау бақыт!

Иван Андреевич Крылов өмір бойы үйленбеген сүр бойдақ. Салт басты, сабау қамшылы... Не істеп, не қоям демейтін, өз билігі өз қолындағы адам. Оның бос уақыты басқадан да көбірек. Шығармашылықты айтпағанда, ермегі – карта ойыны. Шындыққа одан гөрі де жақындай түсер болсақ, әйгілі мысалшы үшін карта ермек қана болмаған. Ол оған баюдың бір мүмкіндігі деп қараған. Болмысынан байсалды, сабырлы сақ адам ойын үстінде күйіп-пісуді білмеген. Ешқашан есебінен жаңылмаған әккі ойыншы. Дәндеген қарсақ құлағымен қазды демекші, үнемі ұтып үйренген Иван Андреевич

өз баспанасын карта ойынының орталығына айналдырған. Егер ешкім келмей қойса, ойыншыларды өзі іздеп кетеді екен. Күндердің күнінде алдына үлкен мақсат қойған карташыл ақын біраз уақыттың ішінде тек ұтыстың арқасында жүз мың сомның иесі боп шыға келеді. Бұл ол кез үшін әжептәуір дәулет.

Бірақ мәңгілік ештеңе жоқ. Карта жүрген жерде алаяқтар да, шуллерлер де қаптап жүреді. Ақыр аяғында Иван Андреевич те сондай бір сұмырай ортаға тап болады. Бір күні генерал-губернатор шақырып алып, сол кездің заңы бойынша Крыловты да, оның әріптестерін де астанадан аластайтынын айтады. Содан кейін әйгілі мысалшының тура өзіне қарап: «Мархабатты мырза, Сіздікі не? Ұят емес пе? Белгілі жазушысыз. Қоғамдық кеселмен күресудің орнына онбағандармен бірге отырып, атыңызға, атағыңызға лайық емес шаруамен шұғылданасыз!» — деп біраз терлетеді. «Егер мен бұларды қан қаксатып ұтсам бірсәрі! Ұтқан мен емес, бұлар! Жүз он мың сомнан қазір бар болғаны бес-ак мың қалды! Кешіріңіз!» — деп құтылады.

Біреуге уақыт жетпейді. Біреулер бос уақытын қайда қоярға білмейді. Әлемдік классиктердің арттарында қалдырған әдеби мұралармен салыстырғанда Крыловтың жазғандары көлемі жағынан түк емес! Дүниежүзілік өлшемді айтпағанның өзінде өзінен жарты ғасырдай кіші Михаил Лермонтов картақұмар мысалшыдан екі-үш есе көп және екі есе жақсы жазған! Карганы Лермонтов та ойнаған. Ол да аз ұтылмаған. Бірақ қамшының сабындай қысқа ғұмырында таза шығармашылыққа арналған бар болғаны он шақты жылдың ішінде ақылға сыймайтын мол дүние қалдырған!



Пушкиндерге кезінде ақша жетпеген деп жазады. Александр Сергеевич өте өнімді жазған, жемісті ақын. Көп жазған және көп қаламақы алған. Журналдар да, баспалар да барынша жақсы төлеген. Қалай жетеді?! Кейде ол бір отырғанда әккі ойыншыларға мыңның төңірегінде төлеп шығатын болған! Мысалы, ол Кисловодск сапарында мың червонец ұтылады. Червонец жай қағаз ақша емес. Шетелдің немесе Ресейдің алтын ақшасы. Ал Новочеркасскіде Дуров деген алаяққа бес мың сом ұтылады. Замандастары «ойнауын ол өте күшті ойнаған. Сөйте тұра түптің түбінде ұтылып тынатын» — деп жазады. Осыны байқаған Дельвиг өзі отырған жерде Пушкинге ақыл беріп, ойнатпайды екен.

Карта — әзәзіл. Оның қай жерде қалай қағып жібергенін өзің де білмей қаласың.

Аузы күйген үрлеп ішеді дейді халық. Бірақ бұл мақал карташылардың құлағына қонбайды. Бір ұтылмақ түгіл, он ұтылсын! Ойынқұмар оған қарамайды! Ұтылған сайын ерегісе түседі. Өршелене ойнайды. Міне, осы өршелену оның түбіне жетеді!

Салтыков-Щедриннің картақұмарлығы ерте, тіптен ерте бала кезінде басталған көрінеді. Содан өле-өлгенше қоймай ойнаған. Ал өзі шыдамсыз, күйгелек екен. Ойын үстінде жұртпен ұрысып, боктал, айқайлап, шатақ шығарып отыратын болған. Ұтылудай-ақ ұтылған, күйөдей-ақ күйген. Карта ойнауды қоя алмай кеткен бірақ!

Картаны өзің ойнап, өзің ұтылып, оның қорлығын өзің көрсең ештеңе емес! Кейде сенің кесіріңнен екінші біреу күйіп жатады ғой!

Үш хикаятпен аты шыққан Николай Филиппович Павлов деген тәп-тәуір жазушы болған. Айттып болғысыз картақұмар сол жазушы картадан

оңбай ұтылып, отбасын тақырға отырғызған. Кезінде өліп-өшіп сүйгендіктен емес, дүние-мүлкіне, дәулетіне қызығып үйленген әйелінің бүкіл байлығынан бір күнде жұрдай болып ұтылады. Күйеуінің фамилиясына көшкен, орыстың сол кездегі маңдай алды ақындарының бірі Каролина Павлованы да тақыршыққа отырғызады. Екеуі ақыры ажырасып тынады. Жығылғанға жұдырық: ошағы ортасына түсіп, талқаны шыққан талайсыз ақын әйелдің үстінен біреу бірдене деп, оның үйіне тексеру жүргізіледі.

Сол тексеріс кезінде Каролинаның үйінен «Полярная звезда» журналы табылып, ақын Пермьге жер аударылады. Мерзімі біткеннен кейін тегі неміс орыс ақыны ата-анасының отанына көшіп барып, сонда қайыршылық халде ғұмыр кешеді. Сол қайыршы күйде дүние салады. Міне, саған картаның зардабы! Өзі ойнамай-ақ, өзі ұтылмай-ақ бүкіл байлығынан аяқ асты айырылған бейшара әйелді адам аяйды. Ал ол жай әйел емес, ақын әйел. Жай ақын емес, мықты ақын. Бір кезде Адам Мицкевичтің өзі ғашық болып, үйленгісі келген әдемі де ақылды ару. Өмірінің соңында сорлап қалады.

Орыс әдебиетін ойсыратып, дүниеден өте ерте өткен аса талантты сыншы Николай Александрович Добролюбов карта ойнауға жеті жасынан бастап машықтанған. Сол бала кезінің өзінде үлкендермен ойнап, оларды да, әкесін де оп-оңай ұтып алады екен. Бірақ ол картаның қызығын да, шыжығын да көріп үлгере алмады.

Аш-жалаңаш адам не істемейді?! Күнкөріс үшін, отбасы, бала-шағасы, жалпы шыбын жаны үшін ондай адам отқа да түседі, суға да түседі. Сондай от пен судың түрі, түрі болғанда да ең жаман

түрі – қарыз. Тұйыққа тірелген дәрменсіз дарын, егер беріп жатса сайтанның өзінен қарыз алуға бар. Оған таң қалуға болмайды. Ал қарызға ақша алып карта ойнау не деген сөз?! Бұл енді ақылға сыя қоймайды. Бұл енді біздің ұғымымызда, сау адамның шаруасы емес! Бірақ қалай ойласаңыз, олай ойлаңыз, картақұмарлар үшін оның ешқандай оғаштығы жоқ. Кейбіреулер ақшасы бола тұра, ырым үшін қарыз алып ойнайды. Ол енді басқа мәселе, басқа әңгіме!

Эдгар По бір отырыста үстіндегі пальтосын салып ойнайды. Сол күні ол қатты ұтылады. Қарыз алуға тура келеді. Ал оның сол қарызына замандас куәгерлердің жазуына қарағанда, ең жақсы деген қымбат шұғадан тігілген он жеті пальто алуға болады екен! Әр кеш сайын осынша киім ұтылатын болсаң, оған миллионердің де байлығы жетпейді ғой!... Міне, осындай ұтылыстардың салдарынан Эдгар Поның жұртқа берешегі екі мың бес жүз долларға барып бір-ақ жығылады! Оқиғаның бұлай дамуы, әдетте, түрмемен немесе өзінді өзін өлтірумен аяқталады!

Осындай күндерде Американың болашақ мақтаньшы болған, қазіргі детектив жанрының негізін қалаған әрі ақын, әрі прозашы Эдгар По біреулердің айтуына қарағанда, жұбанышты шараптан ғана табады! Бұл енді бір-екі сөйлеммен айтыла салатын әңгіме емес! Эпопея! Тараулардың орналасу тәртібіне байланысты біз бұл хикаяға өткен әңгімелердің бірінде мүмкіндігінше кеңірек орын бергенбіз. Енді айтарым: осы шарап оның түбіне жетіп тынған. Сырт қарағанда солай, әрине! Ал тереңірек үніліп көрсеңіз, оны ажалға айдаған арақ емес карта ойыны! Барлық пәле содан басталған-ды.

Темекі тартпағанға, шарап ішпегенге, карта ойнамағанға не жетсін, әрине! Осы үшеуінің басын қоспай-ақ, біреуімен жалғыз біреуімен-ақ шұғылдансаң, соның өзі біраз жерге апарады. Ғұмырыңды қысқартуға, тірлігіңнің талқанын шығаруға көп нәрсе керек пе?! Қалай қарай бұрылсаң да, қалай қарап жүрсең де, алдыңда бір өзөзіл тұрады әйтеуір! Адам барынша сақтанып бағады, әрине! «Сақтансаң сақтармын!» — депті Құдай. Иә, көңіл жұбату үшін бұл да керек. Осы қағиданы өмір бақи ұстанып өткендер де аз емес-ау! Бірақ солардың да бәрі бірдей керемет бақытты бола алған жоқ. Не де болса, маңдайға жазғанын көресің! Жазмыш!

Мысал үшін Николай Васильевич Гогольді алайық. Ол маскүнем болыпты, бейберекет өмір сүріпті деп естігем жоқ. Керек десеңіз әйел баласына жоламаған. Тіпті оларды жек көріпті деген де сөз бар. Ал картаны ұнатпаған. Соңғы жылдары жалпы қолына да алмаған! Сөйте тұра оның өлімі де қатардағы өлімге жатпайды! Біреулер оны ақылынан адасты, жынданды деп ойлайды. Бірақ ол үстірт шешім. Гоголь бәрін де саналы түрде істеген! Алдымен қолжазбаларын, оның ішінде «Өлі жандарын», екінші кітабы да бар, өз қолымен өртеген. Пешке тастап, жиегі жанып, ортасы жанбай жатқан дәптерлерді көсеумен араластырып, түгелдей күлге айналғанша қадағалаған. Жазуды мүлде тоқтатқан. Тамақ ішуді де сиреткен. Жылы шарапқа су косып, өзек жалғап қана отырған.

Дәрігерлер оны шынында да ауру деп тауып, әрқилы диагноз қойып, өздерінше емдемек болған. Бірақ одан не пайда? Сау адамды емдегенде, дәлірек айтсақ, өлгісі келген адамды аман алып қалғысы келгеннен не шығады?! Шаршаса, шаршаған шы-

ғар. Жүйкесі тозса, тозған шығар. Бірақ ол мүлдем сау болатын. Сау бола тұра өмірмен қоштасқысы келді. Сөйте тұра бір ғажабы өзін-өзі өлтіруді дұрыс деп таппады. Табиғи өліммен өлгісі келеді. Қысқасы, не керек, өліп тынды!

Оған әлі ұзақ өмір сүруге болатын еді. Талай-талай тамаша туындылар жазуына болатын еді! Жок, Николай Васильевич олай істемеді. Олай істегісі келмеді.

Әйгілі «Ойыншы» романын жазған Федор Михайлович Достоевскийдің жалпы картамен жұмысы болмаған. «Карта ойнамақ түгіл Федор Михайлович картаның не екенін білмейтін және жек көретін», — деп жазады замандасы С.Д. Яновский.

Шынында да ұлы жазушы: «Осынау есалаңдардың ермегіне есі бар адамдар қалай қызығады, екі-үш сағат уақытын соған бола қалай рәсуа қылады?» — деп таң қалады.

1836 жылы шетел сапары кезінде Достоевский рулетка ойынына қатынасып, Баден-Баден қаласында бар ақшасынан айырылады. Үш мың франк қай кез үшін де аз ақша емес! Адам психологиясы қызық кой. «Дәндеген карсақ құлағымен ін қазады», — деп тегін айтылмаса керек. Осыдан бірер жыл бұрын Парижге асып бара жатып ойнағанда ол он бір мың франк ұтқан екен. Сол ұтыстың әсерінен бе екен, ұлы жазушы рулетка жөнінде жаман ойда болмаған. Бұл жолы да сәті түседі, бұл жолы да ұтамын деп ойлады ма, кім білген! Бірақ бірде бетін берген дүние, бірде сыртын береді! Алғашқыда Достоевскийге бетін көрсеткен рулетка бұл жолы соңғысын көрсетеді.

Кейінірек әйелі екеуі Дрезденге тоқтап, сол жерде үш-төрт аптадай болады. Бір күні Федор

Михаилович отырып рулетка жөнінде әңгіме қозғайды. «Ойыншы» романының қалай жазылғанын естеріне алады. Сол күндердің бірінде әйелі оған Гамбургке барып қайт деп ұсыныс жасайды. Күйеуі бас тартпайды. Жолға тез шығып кетеді. Бірер күннен кейін рулеткадан ұтылғанын айтып, ақша сұрап хат жазады. Әйелі жібереді. Қайтып оралғаннан кейін Федор Михаиловичте маза болмайды. Өзін-өзі кінәлап, тіптен жүдеп кетеді. Өткен іске өкініп, әбден қайғырады. Сәл дұрыстау ойнағанда, сәл төзімділік көрсеткенде ұтып шығатынын айтып, егер ақшасы болып тағы бір ойнап, бағын сынап көрсе, міндетті түрде сәті түсетінін айтып, әйелдің басын қатырады.

Ақырында әйелі, бәрібір Швейцария арқылы қайтатын болғандықтан Баден-Баденге соға кетуге келісім береді. Бергені бар болсын, кейін қатты өкінеді. Баден-Баденде болған бес аптаны естеріне түсіріп, төбе шаштары тік тұрады. Онда Федор Михаилович қолдарындағы бар қаржыдан түгел айырылады. Қайдан қарыз алуды, ойынды қалай жалғастыруды ойлап, бастары қатады. Әйелінің бойындағы қымбат заттардың бәрін ломбардқа өткізеді. Одан түскен ақшадан да түгелдей ұтылады. Қысқасы, қасірет! Есту қиын. Естуден айту қиын... Бұл жолы Достоевскийдің нақсүйері күйеуінің үйлену тойында жасаған қымбат тартуын сол Баден-Баденде қалдырады. Олардың ішінде бриллиантпен безендірілген түйреуіш, сырға, сақина және басқа әшекейлер де бар.

Антон Павлович Чехов 1891 жылдың наурызында Еуропаны аралауға шығады. Венада, Венецияда, Ниццада болады. Одан Монте-Карлоға соғады. Бұл қалаға ат басын тіреген адам казиноға кірмей

кететін бе еді?! Талай орыс классигінің қалтасын қағып алған Еуропа Чеховты да аямайды. Ол сол Монте-Карлода рулетка ойнаймын деп 900 франкісінен айырылады.

Карта болсын, рулетка болсын, оның біреуі де сенің кім екеніңе қарамайды. Классик болсаң өзін үшін. Бар болғаны классик жазушысың, бірақ классик ойыншы емессің! Ендеше, ренжіме. Ренжісең – ойнама! Ойын болған соң әйтеуір біреу ұтады. Біреу ұтқан соң, біреу ұтылады. Ұтқыштар сонымен көзін ашқан, соны өнерге айналдырған, сонымен күн көріп жүрген, ойынның бүкіл ықпыл-жықпылын және құпиясын өте жақсы білетін әккілер. Қала берді алаяқтар. Шуллерлер. Олар ұтпағанда кім ұтады?! Бізге, бұл әңгімеміз үшін бір классик карташы керек. Ақын-жазушылардың арасында ондайлар да болған. Соның бірі – Н.А. Некрасов.

Сол Некрасов туралы данышпан Достоевскийдің не дегенін бір замандастары қағазға түсіріп кетті. «Жын, жын-сайтан, адамды аямайтын албасты отыр. Олардың ішінде әрдайым сондай. Беті бүлк етпейтін, астында оның бұрқылдап қорғасын қайнап жатыр... Бірақ кімнің үстемдеу түсетінін қайтсе де білу керек оған! »

Менінше, осы сөзде сүйсіну де, қызығу да, қызғану да бар деп білем. Айтса, айтқандай.

Санкт-Петербург ағылшын клубындағы карта ойыны Некрасовсыз өтпейтін болған. Ол онда түнгі сағат он екілерде барып, келесі күні түскі екілерде кетеді екен. Ойынның аса қызған сәтінде ол ешқашан алып-ұшпай, сабырлы, салқын қандылығын сақтай біледі. Ал басы осы заманның электрон машиналарындай жаңылмай жұмыс жасайтын болған. Адам болған соң ұтылмай тұрмайды ғой! Бірақ жал-

пы есепте оның қалтасы ешқашан ортайып көрмеген. Кей кездерде «Современник» журналы соның ұтыстары арқасында авторларына үзбей қаламақы төлеп тұрған!

Ол классик ақын ғана емес, классик ойыншы да болған.

Дәл сол деңгейге көтерілмегенмен, замандастарын таң қалдырған ақынның бірі — Валерий Брюсов. Әдемі, батыл, тапқыр ойнайды екен. — Есеп десе жаны кіретін еді, — дейді оның ойнағанына куә болған әріптестері. Ол бірде өзінің сырлас жолдасына: «ішім пысқанда кейде мен алгебраның есептерін шығарамын. Логорифм кестесін сұмдық жақсы көрем», — дегенді айтыпты. Несі бар, сенуге болады.

*Мәсеті қазына?
Мәсәк! Мәсеті әуіз
Әсетіс Әсеті!*

« — Мысықты қалай жақсы көруге болмайды, — дейді Теффи, — мысыққа қарап тұрып сүйсінбейтін адамдарға күдігім бар, ондай адамдарға менінше бірдене жетпейді. Төрт құбыласы тегіс емес. Өз басым адамдарды мысықты жақсы көретіндер және жек көретіндер деп екіге бөлем. Мысықты жек көретіндермен мен ешқашан дос бола алмас едім».

Теффидің пікірімен түгелдей келісе қою міндет емес, әрине. Ол — бір адамның, әрі кеткенде белгілі бір топтың көзқарасы. Бірақ осынша таусылып айтуына қарағанда әйгілі сықақшы мысықтың қадір-қасиетін өте жақсы білетін тәрізді. Жай қатардағы адамдар ғана емес, осы тақырыпты арнайы зерттеген, мысықтар жөнінде арнайы ғылыми еңбектер жазған ғалымдар да ол жайында өте жоғары пікірде. Басқа басқа, тіпті пайғамбарымыздың өзі мысық атаулыға жақсы қараған. Ұйықтап жатқан мысықты босқа мазаламас үшін шапанының жеңін қиып тастап кеткен деген де аңыз бар. Бұл тегін бе?

Жалпы мысықтар әулетіне арабтар ислам дінінен бұрын да дұрыс қараған. Оны қасиетті хайуанға есептеген. Көне Мысыр мысықты қорлаған немесе өлтірген адамдарды өлім жазасына кесетін болған. Үй өртеніп жатқан кезде дүние-мүліктен

бұрын мысықты ажалдан алып қалуды міндет-парыз деп есептеген. Мысығы өлген адамдарға кәдімгідей көңіл айтады екен. Шынында да мысығы өлген адамдар қаралы адамдар санатына қосылған. Мысықтарды жерлейтін арнайы қорым – ғабырстандар болған.

Көз көргендердің жазуына қарағанда Людовик XIV кезіндегі француздың белгілі саяси-қоғам қайраткері Кольбер мысықсыз жұмыс істей алмайды екен. Ол өзінің жұмыс үстеліне жақындағаннан-ақ еті үйренген мысықтар оны қаумалап, кәдімгідей күш-қуат беретін болған. Кардинал Ришелье де солай, мысықтар әулетіне үлкен ілтифатпен қараған. Әйгілі француз жазушысы Проспер Мерименің үйі хайуанаттарға толы, әсіресе мысықтары көп болатын деп жазады замандастары. Соның бірі – Матифа деген мысығы өлгенде иесі кәдімгідей көзіне жас алыпты.

Орыс ақыны Николай Тихонов көшеде қаңғырып жүрген бұралқы ит көрсе, мысық көрсе, әлгілерді өзіне шақырып, бастарынан сипап, тамақтарынан қасып, еркелетпей өтпейді екен. Ал үйінде бір емес, бірнеше мысық асыраған. Түннің бір уағында ол жазу үстелінде жұмыс істеп отырғанда абажурлы шамның астында қожайынын күзетіп ең сүйікті мысығы жататын болған.

Татар халқының атақты ақыны Ғабдолла Тоқай да мысық, күшік дегенде ішкен асын жерге қояды екен. Тіпті қонақүйлерде түнеп жүріп, жартылай аш азамат ақын көзіне түскен мысықты бөлмесіне әкеліп нан беріп, сүт беріп, тойдырып жіберетін болған.

Неге екенін білмеймін, қазақтар, әсіресе бұрынғы қазақтар мысығынды онша жақсы көрмеген.

Оны жеті қазынаның құрамына кіргізбеген. Ал итке деген көзқарасы мүлдем бөлек. Мүмкін ол оның тіршілік-тұрмысына, шаруашылығына да байланысты шығар. Мал ұстаған адам итсіз тұра алмайды. Бөрі басар алып төбеттер, қырағы иттер күні бойы үйдің көленкесінде қалғып жатады. Ал тазылардың жөні бір басқа. Олар — «ақсүйектер». Киіз үйдің ішінде, әйтпесе тіпті көрпенің үстінде демалатын. Олардың басты міндеті — мал бағу емес, аң аулау, әсіресе түлкі ұстау...

Қазақтың ұлы сазгері Ақан-Сері шын мәнінде сері болған. Сол заманғы серіліктің бір белгісі — өнер болса, бір белгісі — саяткерлік. Ақан әншілік, сазгерлікпен ғана емес, аңшы-саяткерлігімен де оқшау тұрған жан. Оның Құлагердей арғымағы, Қараторғай, Көкжендеттей қаршыға қыраны, Базаралыдай тазысы болған. Адамнан, ағайыннан көрмеген қызықты ол, міне осылардан көрген. Солардан тапқан. Ақан-Серінің артында қалған әдеби-музыкалық мұрасына қарап отырсаңыз, өлген, қаза болған ағайындарына арналған бір де бір жоқтау кездеспейді. Ал Құлагері опат болғанда зарлап отырып шығарған өлеңі қандай!

Әлемге әйгілі Вальтер Скоттың төнірегі толған ит болған. Адамша сөйлеспейді демесеңіз қожасы оларды, олар қожайынын сұмдық жақсы көрген. Аяғының астында біреуі жатса, тізесінде біреуі, иығына біреуі асылып тұрады екен.

Орыс ақыны Николай Алексеевич Некрасов та тура сондай болғанға ұқсайды. Ол тамақтандырған кезде итін диванға отырғызып, алдына апнақ алжапқыш байлап қояды екен. Ол иттің аты Вепрь болса керек. Бірде Некрасов әңгімелесіп отырып, иттің аузына ет салуды ұмытып кеткен бе, қожайынның

өз аузына апара жатқан шанышқыға жармасам деп ақынның көзін жаралап алады.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында орыстың Лиодор Иванович Пальмин деген әпенделу ақыны өмір сүрген. Өзі екі бүктетілген еңкіш, беті толған секпіл, қалай болса солай киінетін салдыр-салақтау адам екен. Бірақ аса мейірбанды, көңілі кең, құшағы айқара ашық, жақсы азамат болғанға ұқсайды. Ол біреудің үйіне барғанда есікті ашар-ашпастан оның өзімен қабаттасып бес-алты ит кіретін көрінеді. Және жай иттер емес, өңшен бір соқыр (көзі ағып кеткен), ақсақ-тоқсақ немесе қотыр, жүні түскен өңшен бір мүгедек иттер. Солардың бәрін жинап, емдеп, асырайды екен жарықтық.

Сергей Есениннің иттерге деген ықылас-ниеті мүлдем бөлек. Мәскеуде жүрген кезінде орындық қойылған гүлзарлар мен парктерде әрлі-берлі өткен иесіз иттерді шақырып алып «сырласатын» болған. Қандай қасиет барын қайдам, қайдағы бір бұралқы иттердің өзі Есенинді жатырқамаған. Тілдерін салақтатып, құйрықтарын бұландатып, ұлы ақынның соңынан қалмай еріп отыратын болған. Бәрімізге таныс «Кочаловтың итіне» атты өлеңін еске түсіріп көрелік:

Келіп тұр, Джим, тәпәйінді бер дегім,
Бұрын-сонды мұндай пәнән көрмедім.
Бұлтсыз, желсіз ашық күнге бағыштап,
Айлы түнде ұлиықшы, ермегім!
Келіп тұр, Джим, тәпәйінді бер дегім!

Ит ішінде сұлтанбысың, қалайсың?!
Адамдардың бәрін бауыр санайсың.
Сұрап жатпай,

Көрінгенді бас салып,
Күшактайсың.
Мас адамдай,
Жалайсың...

Неткен құдірет! Неткен сезім! Неткен махаббат! Мұндай өленді кейде ит түгіл, адамға арнап жаза алмайсың. Мұның себебі бар, әрине. Көбіне-көп иттің иттігінен кісілігі, ал кісінің кісілігінен иттігі басым жатады. Бұл ит Кочаловтың иті болғандықтан емес, жалпы ит болғандықтан да осы өлең туып тұрғой. Бұрқанған бұла жырдың аласапыраны іспетті алақұйын ақынның ит жөніндегі тамаша тармақтары осы өлеңмен ғана шектелмейді. Тағы бір жерде ол былай дейді:

Мен кез келген төбетіннің мойнына
Ең әдемі галстугымды тағар ем.

Иттің галстугы — қарғы. Есенин оны білмей отырған жоқ. «Ең әдемі галстугтың орнына «ең әдемі қарғы» десе де болар еді. Жо-ок! Онда ит ит күйінде қалып қояр еді! Есенин болса, итті адам деңгейіне көтермек. Жай ғана адам емес, сенімді сері жасамақ! Шынына да иттің ит деген аты болмаса, оның адал махаббатына мысқалдай күдік келтіруге болмайды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Токионың темір жол вокзалында сондай бір қасиетті итке қала тұрғындары өз қалталарынан қаржы шығарып, ескерткіш орнатты. Орнатса орнатуға татитын ит. Жалғыз басты қарапайым бір жапонның итінен басқа ешкімі болмайды. Ол өзі Токионың іргесіндегі өндіріс орындарының бірінде жұмыс істейді. Жұмысқа кетіп бара жатқан иесін иті күнде ертемен шығарып

салып, күнде кешкісін қарсы алып жүреді. Бір күні иесі сол кеткеннен оралмайды. Сол оралмаған иесін ит он жыл бойы күтеді. Ақыры құсадан, сол шығарып салған вокзалында күтіп жатып, өледі.

Артық айтсам, ағайындардан алдын ала кешірім өтінем... Кейбір иттің иесіне деген махаббаты кейбір ерлі-зайыптылардың махаббатынан артық.

Саша Черныйдың Микки деген фокстерьері болған. Бейшараның қожайынын жақсы көргендігі соншалық, эмигрант ақын өзінің туған елінен алыста, сонау Францияда, жат жерде қайтыс болғанда, артында жалғыз қалған Микки қайғы-құсаға шыдамай, өліп жатқан иесінің төсіне басын қойып, тура мағынасында жүрегі жарылып өледі.

Томас Мор аң демей, құс демей, балық демей жер бетіндегі жан-жануардың бәріне бірдей қызыға қараған. Оның үйі үй емес, үлкен бір зообаққа ұқсайды екен. Барған адам ол жерден маймылды да, түлкіні де, ақ тышқанды да, күзенді де, тоғыны да, тауысты да көретін болған. Томас Мор соларға қарап отырып, олардың қаракеттерін, мінез-құлықтарын зерттеген, кәдімгідей демалған.

Теренс Хэнберт Уайт та тап сондай. Оның үйінде де хайуанаттардың неше түрі толып жүреді екен: жылан десең — жылан, кірпі десең — кірпі, күзен десең — күзен, борсық десең — борсық... Тіптен жапалақ, үкі, қаршыға, қырғи, ителгі — бәрі, бәрі болған.

Гавриил Державин құстарды ерекше жақсы көрген. Жақсы көріп қана қоймаған. Солардың біразына еліктеп, өзі де құс боп сайрайды екен. Кейде өленнің өзін ысқырып жүріп, әртүрлі құстардың даусына салып, әртүрлі көңіл күйімен жазатын болса керек. Байқап отырсаңыздар, оның өлендерінде

қыран да, аққу да, бұлбұл да, шымшық та, ләйлек те, тырна да, кептер де, тауыс та, қысқасы, жоқ емес құс жоқ. Тіпті масаға шейін жырлаған. Бір ғажабы, Державин осының бәрін жан-жақтан іздеп жатпай-ақ, ақын досы Капнистің үйінен табатын болған.

Николай Асеев — өрт тисе лап ете түсетін қаудан ақын емес. Ол іргесі берік тасқамал тәрізді. Оның өлең-жырлары Афанасий Фет секілді дір еткен сезім, жалт еткен сәуледен — табиғат құбылыстарынан тұрмайды. Әйтсе де оның поэзиясы адам аяғы баспаған құстар аралына ұқсайды. Онда не жоқ?! Шағала да, қараторғай да, жорға торғай да, барылдақ торғай да, қарлығаш та, бұлбұл да, аққу да — бәрі, бәрі кездеседі. Ақынның құстарға деген ықылас-ниеті, махаббаты мүлдем ерекше.

Бала кезін, бозбала кезін, тіпті жігіт кезінің өзін түгелге жуық теңіз жағасында өткізген, бүкіл туыс-болмысымен одессалық Эдуард Багрицкий балықтар әлемінсіз бір минут өмір сүре алмайтын жағдайда болған. Мәскеуге көшіп келіп, астана іргесіндегі Кунцовоға қоныстанғаннан кейін ол өзінің шағын ғана пәтерін түгелдей аквариумға толтырып жібереді. Алғашқы кездерде сол балықтар әлеміне қоса құстар, әнші құстар да ұстап көреді. Бірақ денсаулығы сыр беріп, аурудан азап шеге бастаған романтик құс қызығын басқа біреулерге беріп, балықтарымен ғана қалады. Үйден көп шықпайтын дімкәс ақынның негізгі ермегі — осы аквариум ғана болады. Балықтарды көріп өзінің сүйікті Қара теңізін көргендей қуанады. Сол теңіздің жағасында қуанышты дәурен сүріп жүргендей сезінеді. Балықтар үнсіз. Бірақ оның құлағына теңіз дауылы, ақжал толқындардың жағалауды ұрған дыбысы, ырғақты дыбысы естілгендей болады.

Афанасий Фет атты әскерде қызмет еткен. Кирасир дивизиясы өздерінің киім-кешек ерекшелігімен ғана емес, жылқыларының бірегейлігімен көзге түскен. Феттің полкы кәдімгі бірінен-бірі өткен өңшен торы ат мінгендерден тұрса, басқа полктардың біреуі өңшен бурылдан, біреуі ылғи да теңбіл көктен, енді біреуі шетінен сүлік кара боп келген. Ғұмырының ең бір қызық кезі осы секілді сұлу жылқылардың ішінде өткендіктен бе — өз заманының асқан лиригі ат дегенде ішкен асын жерге қоятын болған. Кейін ол әскери жұмысты тастап, бейбіт тірлікке көшкен кезде жылқы шаруашылығымен шұғылданған. Жылқы малын әскердің де, даланың да көркі деп есептеген.

Жалпы жылқы жарықтық — аса сұлу, көз қуанышы ғой. Оны ақындардың ұнатпауы, сүйсінбеуі мүмкін емес. Болмысынан еуропалық, болмысынан қалалық, табиғаты ақсүйек Александр Блоктың өзі әдемі ат көргенде өзі арғымақ секілді тыпыршып тұра алмайды екен. Жас кезінде студенттік ақ сүртігін киіп, ақбоз атқа отырып өзінің Шахмаговкасында серуендеп шыққан сәтін көргендер көздерін алмай ұзақ қарайтын болған. Ат та әдемі, ат үстіндегі азамат та әдемі, ақын тіптен әдемі — құйып қойған үйлесім!

Ауылда, деревняда туған адамдар бір қадам болса да табиғатқа жақынырақ тұрады. Ал табиғатқа жақындық — ақындыққа жақындау деген сөз. Бір кезде Бальзак: «Таланттар деревняда туып, Парижде шаһит болады» — деген ғой. Обалы не керек дәл айтқан. Қалада дүниеге келген дарындар әдебиетте әрі кеткенде бір ғана пайыз ұстайды. Осының өзі тегін емес.

Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда Ресей ақын-жазушыларын әлдеқайда бақытты



деуге болады. Олар жақсы мағынада қос мекенді. Қос үйлі. Пушкиннің Болдиносы (Михаиловкасы), Лев Толстойдың Ясная Полянасы, Тургеневтің, Феттің, соңғы жылдары тіпті Некрасовтың да имениелері болған. Соның арқасында олар табиғаттан да, халықтан да қол үзбеген.

Уақыт өткен сайын заман, заманға байланысты адам өрісі тарыла бастады. Жиырмасыншы ғасырда біраз қысылып едік, жиырма бірінші ғасырда одан бетер тарылатын боламыз.

Николай Асеев марқұм да атқұмар ақын болған. Ол Мәскеуде өтіп жататын ат жарыстардың бір де біреуін құр жібермеуге тырысқан. Ипподромда оның ерекше жақсы көретін жүйріктері болған. Озсын-озбасын, ұтсын-ұтпасын, солар үшін бәс тігіп, солар үшін күйіп-піскен. Оның өзінен де жасы үлкен кәриялау бір досы болыпты. Ол келген кезде адамдар жөнінде, өлең-жыр жөніндегі дәстүрлі әңгімелер мүлде тоқтап, тек жүйріктер жөніндегі арнаға ауысады екен. Қартайған сайын өкінішке орай, адамның мүмкіндігі азая береді ғой. Әсіресе ауру-сырқау аяғынды тұсайды. Міне, осындай сәттерінде, амалы таусылған Асеев ипподромға өзінің көмекшісін жібереді де, соның айтып келген әңгімесіне мәз болады. Бірақ өзің барып, өзің күйіп-пісіп, өзің айқайлап отырғанға не жетсін!

Степан Щипачев те осындай: иттің үргенін, жылқының кісінегенін естігенде бір орында байыз тауып тұра алмайды екен.

— Адам жылқының алдында қарыздар. Бүкіл адамзат тарихын жылқыдан бөліп алып қарауға болмайды. Жылқы біздің асыраушымыз, жәрдемшіміз. Оның үстіне оның өзі қандай ақылды, қандай сұлу!

Бұларға ескерткіш орнату керек! — деп жиі айтатын болған.


Айтса айтқандай, барша адамзат жылқының алдында қандай қарыздар болса, қазақтар да сондай, сондай емес-ау, екі есе қарыздар. Біздің халқымыздың тіптен құрып кетпей, жер басып жүргенінің өзі осы арғымақ-сәйгүліктерге байланысты ма деп те ойлаймын. Мынау байтақ даланы тек жылқылы ел ғана жайлап, жылқылы ел ғана қорғап қала алады. Қай елдің жылқысы көп болса, әскері де көп болған. Осыны қатты түсінген Ақсақ Темір Ресейге жасаған бір жорығын шегіне жеткізбей аяқтай салып, кері қайтқан. Сол қайтып келе жатқанда бүкіл жол бойы қазақ даласының көркі мен қаһары болған жүз мыңдаған жылқыны тектен-текке қырып кеткен.

Никита Сергеевич Хрущев өкімет басына отыра салып, қазақтың жылқысына тиісті. Доңыз етіне араластырып «дружба» атты шұжық жасады. Жылдар өтпей жатып жылқыларымыз сирей бастады.

Өкінішке орай, осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген көне ақындарымыздың қандай ат мінгені, сол өз аттары туралы не айтқандарын біле бермейміз. Бірақ батырлар мінген темір тұяқ, қыран қанат сахара сәйгүліктерін суреттегенде аузынды ашып, көзінді жұмасың — Байшұбар, Тайбурыл, Тарлан, Қарақасқа ат, Ақбоз ат, — дараланған көркем бейнелер. Соның бәрі — батырдың астындағы арғымақ, ақынның көңіліндегі армандар.

Дәл осы арада, бәрін қойып, Ілияс Жансүгіровтың «Құлагеріне» аттың басын бір тіреп, көсіліп алғын келеді. Бірақ оны сәл артықтау көріп отырмын.

Ал ат жүрген жерде, қыран-бүркіт жүрген жерде, құмай тазы жүрген жерде аңшылық туралы әңгімені аттап өте алмайсың. Бірақ аңшылық өз алдына



дара тарау бола алатын бай әңгіме. Әйтсе де соны бөліп керегі жоқ деп ойлаймын.

Кұсы да, иесі де қоразданар
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда,
Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасың, көңілің жайланғанда.
Таудан жидек тергендей ала берсең,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.

Аңқұмар ақын-жазушылардың бәрі бірдей осы өлеңге қол қояды ғой деп ойлаймын. Аңшы рақаты, аңшы ләззаты, аңшы қуанышы барынша дәл және толық қамтылған.

Аңшылықпен жиі-жиі шұғылданып, тек аң аулап қана демалған өнер адамдары қанша! Соның бірі Николай Некрасов. Ондай күндерін ол мейрамға айналдырып жібереді екен. Жол бойында тоқтап, дастарқан жайып, әрлі-берлі өткендерді қонақ қылып, кедей-кепшіктерді ұзағырақ ұстап, елдің жағдайын тәптіштеп сұрап, кейде тіпті олардың қалтасына тиын-тебен салып жіберетін де әдеті болған.

« – Екі сағат ішінде жиырма-отыз жылға жасардым. Адамның жаны мен тәніне аңшылықтан артық ем жоқ, дәру жоқ!» – дейді екен А.С. Новиков-Прибой. Ол аңшылықты тіптен бала кезінен бастап жақсы көрген. «Екі дос» деген роман жазбақ болған. Бірақ өкінішке орай, ол арманын орындай алмай кеткен.

Будда діні аңшылықты мойындамайды. Аң аулағандарды ұнатпайды, сыйламайды. Тіптен жек

көреді. Мен өз басым Буддаға табынбаймын. Бірақ осы көзқарасты дұрыс деп есептеймін. Сөйте тұра өмір шындығын мойындауға тиіспін. Аңшылық — ескі кәсіп. Ақылға сыятын дәрежеде онымен шұғылданғанның ешқандай өрескелдігі де, айыбы да жоқ. Мысалы: Иван Сергеевич Соколов-Микитов деген орыс жазушысы болған. Ол да әдемі аңшы. Ол туралы Б.Г. Венус былай деп жазады: «Көздері тоймайтын қанқұмар аңшыларды ол иттің етінен жек көретін. Ол атқанда тек ұшып бара жатқан құсты ғана ататын. Жүзіп жүрген құсты ату — аңшылық емес!» — дейтін. Екі үйрек атып түсіргеннен кейін болды, маған артық ештеңе керек емес деп, менің көңілімді су сепкендей басып тастады».

Міне, бұл әдемі аңшы! Оған атып алған құстың саны емес, аңшылықтың өзі процесс, табиғатпен тұтасу, өз өнеріне сүйсіну. Өз өнерін қызықтау қымбат. Бұл шынында да ләззат болуы керек.

Ғнді бір ермек

«Мырзалар, біздер кейде ақынның ақылға сыятын, о бастан белгілі, кәдімгі заңды әрекеттерін оның әуейі жындылығы деп танимыз», — деп өкініш білдіріпті бір сөзінде Марина Цветаева.

«Жан-жағындағы адамдар ғана емес нәрселер де, қабырғалар да, жиһаз да, дүние-мүлік, есік-терезе де, тіпті есіктің тұтқасына шейін — бәрі-бәрі кімнің кім екенін анықтай түседі. Бүкіл орта, төңірек адамның ішкі әлемінде, жан-дүниесіне, ол қабылдаған тіршілік, болмыс-жаратылыс туралы көзқарасына айналады», — депті әрі ақын, әрі аудармашы Леонид Вышеславский.

Мұны қатардағы қарапайым адамдар түгілі, кәдімгі көркемдік әлемі арқылы күн көріп жүрген кейбір әдебиет зерттеушілерінің өздері біле бермейді. Өкінішті, әрине!

«Кез келген нәрсе, қызық орналасқан жиһазды бөлменің өзі маған қатты әсер етеді», — дейді Николай Гумилев. Содан да шығар, ол өзі өмір бақи экзотика іздеп өткен. Ол кейін Санкт-Петербургта Бұршақ көшесінде тұрған кезінде экзотикаға толы шағын атлас жасап алған. Мұның өзі оған кейінірек пайда болған әрекет емес, қазақша айтқанда, құдай берген қасиет. Ол сонау балдырған бала шағында


зоология, жағрафияны жақсы көрген. Ақ тышқан, тиін, түрлі-түрлі құстар ұстаған.

Бірде ол Царское селосында үй жалдап тұрады. Сол үйдің бір бөлмесін «теңіздің түбіне» айналдырады. Бүкіл қабырғаны теңіздің түсімен сырлайды. Оны су перісінің, балықтардың, су асты жын-сайтандарының және шөп-шалам суреттерімен толтырады. Мұны көргенде үй иесінің төбе шашы тік тұрады.

Чилидің ұлы ақыны, Нобель сыйлығының да, Халықаралық Лениндік сыйлықтың да иегері Неруданың кереметтей коллекциясы болған. Ол көбіне-көп інжуан жинаған. Бірде ол Шанхай мұражайынан өзінде жоқ ғажап інжуан көреді. Әйгілі ақын, аузының суы құрып соны мақтайды, шабыттана сөйлеп ұзақ мақтайды. Мұражайдың қызметкерлері ақыры сол інжуанды, өте сирек кездесетін теңіз сұлулығын Пабло Нерудаға сыйлап құтылады.

«Менің осы інжуандарым он бес мыңның ар жағына шыққаннан кейін сөрелерге сыймай, үстелдерге, орындықтарға сыймай берекетіміз кете бастады. Кітапханам да інжуан туралы, яки малокологиялық зерттеулерге толып кетті...» — деп жазады өмірбаяндық естелігінде. Сол шығармасында Пабло Неруданың мынандай бір пікірі бар: «Менің үйім үлкенді-кішілі ойыншықтарға толы. Оларсыз мен өмір сүре алмас едім. Ойыншықты жек көретін бала — бала емес. Ойыншықты қызықтайтын ересек адам өзіне тән балалығын, яки адамға қажет ең үлкен қасиетті жоғалтпаған адам. Мен үйімнің өзін үлкен ойыншыққа ұқсатып тұрғызғанмын. Соның ішінде мен ертеден кешке шейін ойыншықтармен ойнап жүрем...»

Ойыншыққұмар ұлы ақын інжуан сияқты ұсақ-түйек дүниелер жинап қойса да ештеңе емес қой.



Сонымен қатар ағаштан жонып жасаған, қиып жасаған, ойып жасаған неше түрлі адам мүсіндерін де жинайтын болған... Бір замандарда, бұдан бірнеше ғасыр бұрын ағаш кемелердің кеудесі (омырауы) осындай ағаш мүсіндермен ерекшеленген. Пабло Неруда міне, соларды да іздеп жүріп өз алдына дара мұражай ұйымдастырған.

«Маған жалпы... — деп жазған Стефан Цвейг, — жер басып өткен данышпандардың көңілдері қалаған кез келген нәрсе керемет әсер етеді. Колтаңбалар ғана емес, қолыма іліккендердің бәрін жинадым. Кейінгі кезде менің «екінші өмірім» тұсында менің баспанамның бір бөлмесі сондай қажетті қымбат нәрселердің мекеніне айналды. Онда Бетховеннің жазу үстелі және тиын-тебен салатын қобдишасы тұрады. Төсегінде жатып көрі сазгер дірілдеген дәрменсіз саусақтарымен сол қобдишадан алған ақшаны есептеп, қызметкерлерінің еңбек ақысын төлейтін болған. Оның кіріс-шығыс дәптері, әбден ағарған қолаң шашының бір уысы сол бөлмеде сақтаулы. Гетенің қауырсын қаламын, пендешілік жасап, қасиетсіз қолыммен ұстап, бірдеңе жазып қоярмын деп, әйнектің астына бастырып ұстаймын».

Осындай ұлы сезімдердің бұғауында болмаса, Стефан Цвейг өзінің «Мария Стюартын», «Жозеф Фушесін», «Бальзагын», «Франц Анатол Месмерін», «Голдерлингін», «Генрих фон Клейстін», «Стендальін», «Ромен Ролланын» немесе жалпы «Адамзаттың жұлдызды сәттерін» естен кетпестей етіп жаза алар ма еді, жаза алмас па еді?

Француз ақыны Поль Элюар да көне, өте көне дүниелерді жинаумен шұғылданған. Көне нәрселерге көбіне-көп ағаштан ойған немесе тастан қаша-

ған әулие-пұт, Будда, сол секілді басқа да құдайлардың мүсіндері, әйнек, әсіресе хрустальден жасалған кішкене аттар жатады... Сондай-сондай көздің жауын алатын әдемі дүниелерді көріп жүріп, мөлдіреген хрусталь атқа көзі түскен Анастасия Цветаева өзінің естелік кітабында былай дейді: «Менің сонымды байқап қалған ол (Поль Элюар) қолын созып әлгі дүниені маған ұсынды. Мен қатты қысылып, қызарып, бұл бізге, Батысқа емес, шығысқа тән дәстүр деп, бас тартып көріп едім, тындамады. Қайткенде де алғанымды талап етті».

Оқырмандарға жақсы таныс Карл Чапек мектепте оқып жүрген кездерінде құрт-құмырсқа, яки насекомдар жинаумен шұғылданған көрінеді. Көбелектер мен пәруаналарды да аттап кетпеген. Ол оларды сондай ұқыптылықпен жинап, білгірлікпен жүйелеп, замандастарының көзін қызықтырған... Ал есейе келе оның қызығатын әлемі кеңіген үстіне кеңі берген. Еуропаға әлі де болса түбегейлі таныс емес Ұлы шығыстың ғажайып кілемдерінің қат-қабат құпияларын қандай жақсы білген десеңші! Кез келген жерде кез келген сәтте қызғылықты лекция оқып бере алатын болған. Карл Чапек салынып ішкен адам емес. Сөйте тұра оның шарап жөніндегі білімі мамандардың өзін таң қалдырады екен. Қай шараптың қандай екенін ол оның тамшысынан-ақ ажырата алатын еді дейді замандастары.

Карл Чапек туралы сөз қозғағанда бақ, бау-бақшаны аттап өте алмайсың. Ұлы жазушының бұл да бір адам таң қаларлық керемет қыры. Мүлдем сирек кездесетін өсімдіктің тұқымы үшін ол жердің түбіне барып қайтуға дайын жан болса керек. Оның бағындағы гүлдің алдына қағылған тақтайша-паспорт —

Карл Чапекке жазылған мінездеме деп есептеуге әбден болады. Ол бір ғажайып әлем!

Түріктің және бүкіл түркі әлемінің мақтанышы іспетті Назым Хикмет жалаңаш тас қабырғаны көргенде ұнжырғасы түсіп, өз қабырғасы қайысқандай болады екен. Мұндайда «неге» деп сұрақ қою әр уақытта орынды бола бермейді. Назым Хикмет өзінің саяси көзқарасына байланысты ертерек қуғын көріп, ертерек түрмеге отырған адам. Мүмкін, қай жағынан қарасаң да көз қуанар түгі жоқ сұрқай тіршіліктен туған ғадет пе екен, сол Назым Хикмет ең алдымен өзі тұруға тиіс пәтерлерінің қабырғаларын безендіруден бастайды екен шаруаны. Басқа адамдар мұндайда түрлі түсті кілем өйтпесе көрнекті суретшілердің сомсуреттерін іледі ғой. Назым Хикмет өйтпеген.

1925 жылдың басында Түрік өкіметі ұлы ақынды сыртынан соттап, он жылға жаза кеседі. Үш жылдан кейін ол отанына жасырынып оралады. Ұсталып, Хопа қаласының түрмесіне қамалады. 1933 жылы аз уақытқа Бурса қапасының тұрғынына айналады. 1938 жылы Анкара әскери училищесі Назым Хикметті он бес жылға соттап, тағы отырғызады. Содан елуінші жылдардың орта шамасында әрең босанып шығады. Біраз уақыт анасымен бірге тұрып, өзі жататын бөлмені өзі жақсы көретін Балабанның сомсуреттерімен, әдемі фотосуреттермен, түрлі түсті матамен безендіреді. Ал Мәскеудің Тверь орамындағы шағын пәтерін түгелдей фотомонтажбен жауып тастайды. Кіре берістегі оң жақ қабырғаны алғашқы жабайы коммунизм және рулық-тайпалық қоғам дәуірімен, ал сол жақ қабырғаны коммунистік құрылысқа байланысты дүниелермен, ортадағы қабырғаны — құлдық қоғам және феодализм


һәм капитализм дәуіріне арнаған. Бұл оның Мәскеудегі алғашқы тұрған жылдарының саяси бояуына сай келеді.

Басқаларды білмеймін, өз басым әйтеуір әйгілі сыншы, социал-демократ Виссарион Белинскийді дініне, яки принципіне өте берік, алған бетінен қайтпайтын қайсар, қай-қай жағынан да суық адам деп ойлайтынмын. Жоқ олай болмай шықты.

Замандас әдебиетшілер жайында жап-жақсы естеліктер қалдырған А.Я. Панаева ол туралы былай деп жазады: «Кіріп келген бойда өз көзіме өзім сенбей, аңтарылып қалдым: терезенің алдында да, еденде де, жазу үстелінде де қаптаған гүл. Әлденеге іштей ырза Белинский:

— «Қалай, жақсы ма? Зәнбақ (лилия) қандай, зәнбақ? Мұндай жағдайда адам көңілді жұмыс істейді. Терезенің ар жағында батпақ болса да көрінбейді! — деді». Енді сол А.Я. Панаеваның алғашқы күйеуі И.И. Панаевтың естелігіне құлақ түрелік. Ол былай дейді: « — Менің осындай гүлқұмарлығым бар, көке. Ертемен дүкенге кіріп едім, гүлдерді көрдім де арбалып қалдым. Ақырғы отыз сомымды беріп шықтым. Ал ертең не жерімізді білмеймін!»

«Жазмыштың» тап осы тұсына келгенде Владимир Солоухиннің бір ұзақтау өлеңі есіме түсті. Ол өзі қара сөзбен де айтып беруге болатын сюжетті өлең... Бойжетіп қалған жас қыз орман кезіп жүріп оқыстан адасып кетеді. Адасып жүріп, көргенде алдымен жүрегің дір ете түсетін кеспірсіздеу біреуге жолығады. Зәресі ұшады. Сақал-шашы өсіп кеткен. Қолдары жүн-жүн. Бір қарағанда қанішердің дәл өзі. Бірақ кенеттен қыздың жүрегі жылып жүре береді. Алғашқы үрей-қорқыныштан байқамай қалыпты: енді қараса, әлгі кеспірсіз құбыжық бейтаныс-



тың жүн-жүн қолы толы гүл екен! «Гүлді жақсы көретін адам зұлымдық жасай алмайды!» — деп ойлайды қыз бірден. Меніңше дұрыс тұжырым!

Гүлді жақсы көретін сұсты Виссарион да сондай болса керек. Өмірінің соңғы жылдарында жазу-сызудан әбден шаршап, жалыққан кездерінде Гоголь кілем тоқитын болған. Дәстүрлі оймыш-өрнектерге онша разы болмай, ою-өрнектерді өзі ойлап тауып, өзі сызады екен. Ал басты қызығы — тоқу. Сонымен бірге ол өзінің қарындастары мен тәтелеріне көйлек пішіп, ағаш отырғызумен де шұғылданған. Әсіресе емен, үйеңкі, жөке ағаштарын жақсы көрген.

Орыс әдебиетінде бірден көзге түсіп, төңірегін ә дегенде таң қалдырған тума таланттардың бірі — Николай Александрович Добролюбов. Өкінішке орай, ол ұзақ өмір сүрмеген. Ерте тұтанып, ертерек лаулап, ертерек өртеніп кеткен. Семинарияда оқып жүрген бала жас жеткіншек кезінде көбелек, қоңыз және де басқа насекомдардан өте бай коллекция жасап үлгерген. Біраз уақыт орыс халқының мақал-мәтелдерін жинаумен де шұғылданған.

Байқап отырсам, ұлы адамдардың өміріндегі ұсақ-түйек әрекеттерге мән бермейді екенбіз. Олардың да жер басып жүрген пенде екеніне, олардың да көңілдері қалайтын, кәдімгідей қызығатын нәрселері болатынына, сол ұсақ-түйек үшін әжептеуір уақыттарын бөлетіндеріне де ешқандай шаруамыз болмапты ғой! Максим Горький десе, социалистік реализмнің негізін салушы, пролетариат жазушысын көз алдымызға әкеліп, тек соның өзіне мәз болыппыз. Енді ойланып көрсек, ол да бала мінезді, ол да болымсыз бірденелермен айналысатын «жеңілтек» адам көрінеді. Алғашқы жылдары ол, негізінен, таза орыстық дүниелерге ғана мән беріп, кі-

таптар мен суреттер ғана жинапты. Одан кейін оның көңілі шығысқа, яки Қытай, Жапония, Иран дүниелеріне ауып, онысы көне монеттер жинауға барып ұштасыпты. Өзі тұратын жалпы пәтердің дәліз іспетті үш-төрт бөлмелері Алексей Максимовичтің тура өз билігінде болса керек. Біріншісінде – кітапхана, екіншісі – жататын құжыра, үшіншісі – кабинет, төртіншісі түгелдей шкафтарға берілген. Онда оның жаңағы шығыстық дүние-мүліктері шоғырланған. Мәскеу әдебиетшілерімен шүйіркелесіп отырғанда – «Максим Горький өлгеннен кейін оның артында бір сандық алтын-күміс қалған» – дегенді естігенім бар-ды. Енді ойласам, соның бәрі коллекция екен ғой! Ал коллекцияның құны сол алтын-күмістің өз құнынан да қымбатырақ емес пе?! Демек біздің әдеби көсеміміз қай-қай жағынан да кедей бола қоймаған!

Халық дегеннің өзі аса қасиетті және кең ұғым. Оның құрамына кімдер һәм қандай жандар кірмейді! Бір адамға, бір-саран адамдарға бола халыққа тіл тигізу ақымақтық дер едім. Сондықтан да ел – «көпке топырақ шашуға болмайды», – дейді.

Коллекционердің өзі әрқилы келеді. Біреулерін тәп-тәуір түсінесің, кейбіреулерін түсінгің келеді. Енді біреулерін қанша түсінгің келсе де, түсіне алмайсың. Мысалы, осыдан бірнеше жыл бұрын орталық газеттердің бетінен тек қана қару-жарақ жинайтын коллекционер туралы хабар оқыдым. Қару-жарақ болғанда қанжар, қылыш, найза, гүрзі, мылтық емес. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінен бастап шыға бастаған, бірінші, екінші дүниежүзілік соғыстарға қатысқан бронетранспортер, танк жинайтын да адамдар бар екен. Мұны әрине, екінші бірі түсінбейді. Түсінгісі де келмейді. Ертеден қара

кешке шейін мал бағатындар мен жер жыртатын, егін салатын дикан қауым үшін ондай адамдардың естері дұрыс болмауға тиіс. Жай еріккендер. Ағыл-тегіл байлықтарын қоярға жер таппағандар. Сырт көзге солай көрінетіні де рас. Әйтсе де сол жинаушылардың да өз логикасы бар...


Өткен он тоғызыншы ғасырда Павел Михайлович Третьяков деген орыс азаматы, орыс болғанда да ағартушылық идеяларын ұстанған демократиялық бағыттағы орыс. Сол таза орыс бейнелеу өнерін насихаттаумен шұғылданған. Орыс суретшілерінің көркем туындыларын өз қаржысына сатып алып, тірнектеп жинаған. Солай істеуді өзінің перзенттік парызы деп есептеген. Күндердің күнінде сол өзінің қырық жылға жуық ерлікпен жинаған көркем туындыларын Мәскеу қаласына сыйлап кеткен. Енді ол Третьяков көрмесінің негізін қалаушы, Ресей секілді ұлы елдің ұлы перзенті болып есептеледі. Есептелсе, есептелгендей. Егер сол Павел Михайлович осындай бір маңызды шаруамен шұғылданбағанда, тер төгіп тапқан тиын-тебеніне орыс суретшілерінің көркем дүниелерін сатып алмағанда әлемге әйгілі Третьяков көрмесі дүниеге келер ме еді, келмес пе еді?! Осы тұрғыдан алғанда, дүние жүзіндегі ірілі-ұсақты сурет көрмелері, мемлекеттік мұражайлар, кітапханалар жеке адамдарға, дәлірек айтсақ, коллекционерлерге мәңгілік қарыздар. Кітапханалар демекші, осыған байланысты белгілі орыс ақыны, «Правда» газетінің Казан төңкерісіне шейінгі белсенді авторы және қызметкері Демьян Бедный еске түседі. Сол Демьян Бедный қатты бір ашу үстінде, жүйкесі жұқарып, тұйыққа тірелген стрестік сұмдық сәттерде көп жылдар бойына аса үлкен ұқыптылықпен жинаған керемет

кымбат мұрағатын өртеп жібереді. Өртеп жібереді де, қалың ойға шомады. Оның студент кезінен бастап беріле жинаған сондай үлкен, сондай бай кітапханасы бар. Соның болашағын ойлап, басын қатырады. Шынында да ешбір үйде ешбір отбасында кездеспейтін мұндай ғаламат кітапхана, ертең иесі дүние салғаннан кейін қандай жағдайға ұшырамақ?! Кім оның қызығын көреді? Кім оны одан әрі байыта түседі?! Байытады ма?! Әлде бірте-бірте сатып, бірте-бірте шашып, түбіне жетеді ме? Осындай ауыр ойлардан, терең толғаныстардан соң қимас байлығын Мемлекеттік Әдеби мұражайға сыйға тартады. Сол ғаламат бай кітапханасымен қоса өзі тұрған шағын пәтердің бір бөлмесін тағы береді. Өзі тіптен шағын бір-екі бөлмеде қалады.

Ақын-жазушылардың қай-қайсысы да кітап әлеміне жаман қарамайды. Дүние-мүлік, әсіресе байлық — көздің құрты. Ал сол байлықтардың ішінде кітапқа жететін бірдене бар дегенге өз басым сене алмаймын. Тап осылай ойлайтын қаламдастарымыз да аз емес. Мих. Булгаков, Леонид Мартынов, Мих. Луконин, Вл. Высоцкий, Марғұлан, Жұбан Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Әубәкір Нілібаев, Сабырхан Асанов, Сағат Әшімбаев тәрізді толып жатқан азаматтар біздің осы пікірімізге толық дәлел бола алады.

Коллекционерге белгілі бір дүние-мүлікті ғұмыр бойы іздеу, табу және соған ие болу процесінен асқан бақыт жоқ. Ал оның қызығын түбінде Елі, Халқы көруге тиіс деп сенемін.

Бірақ кез келген әрекет, кез келген қызығудың соңы асқынар болса ауруға айналып тынады. Оның өзі қасірет. Бұл бір. Екіншіден, кез келген коллекция бара-бара бағалы мүлікке, кейде тіпті теңдесі



жоқ дәулетке айналады. Ал қымбат дүниелердің құны, әдетте ақшамен анықталады. Ақша жүрген жерде қашанда қауіпті. Осы пікірімізді одан әрі дамыта түсу үшін бір емес, бірнеше қанды оқиғалардан мысал келтіруге болар еді, бірақ соның керегі бола қояр ма екен?! Детективті шығармалар мен детективті көркем фильмдердің бәрі болмағанмен, жарым-жартысы сондай сюжеттерден тұрады. Солардың көбі сауатты оқырманға әбден таныс. Антикалық, тіптен көне тиын-тебендер үшін, әйгілі суретшілердің әлемге аян тамаша сомсуреттері үшін, кейде тіпті дүние жүзі бойынша өте сирек кездесетін кәдімгі почта маркалары үшін біреулер ойда жоқта қаза тауып, күнәкарлар сол үшін түрмеге түсіп жатады.

Эдуард Багрицкий болмысынан романтик. Оның үйінде әнші құстар ұстағанын, балыққа толы, жай балыққа емес, экзотикалы балыққа толы аквариум ұстағаны жайлы тиіп-қашып айттық. Сонымен бірге шет жағасын өзі де көріп қалған революциялық дүрбелендердің әсері ме, Эдуард Багрицкий қару-жарак атаулыға да сүлесөк қарай алмаған. Революция революция ғой, тіптен бала кезінде жатпай-тұрмай Стивенсонды көп оқыған сезімтал жан — аң атуға лайықталған мылтықтар, тапаншалар, қанжар, семсер, жатаған, рапира, алдаспан, қандауыр сияқты суық қаруларды да ерінбей-жалықпай жинаған. Оларды қабырғаға самсатып іліп қойып, сүйсіне қарайтын болған. Опанас туралы балладасын немесе контрабандаларын жазғанда да осы коллекциясына әлсін-әлсін көз қырын салып отырды ма, кім білсін!

Қару-жарак туралы сөз болғанда Иван Сергеевич Соколов-Микитовқа соқпай өте алмаймыз. Мұның бір емес, екі бірдей себебі бар. Біріншіден, Со-


колов-Микитов алдына жан салмайтын аңшы. Екіншіден, коллекционер. Замандастарының куәландыруына қарағанда, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бір генералдан қалған үйде, дәлірек айтсақ, үлкен үйдің екі бөлмесінде тұрыпты. Сол екі бөлменің бірінде жазушының ұзын жазу үстелі орналасса, қалған жердің бәрі түгелдей қару-жаракқа толы болса керек. Мұнда сол баяғы бесатар (браунинг), әйелдер ұстайтын «Лепаж», он алтыншы калибрлі «Зауер», ұзын және сегіз қырлы оқпаны бар шомполды винтовка, бір-екі жекпе-жекке арналған тапанша, тағысын-тағылар. Содан кейін осынау қаптаған қару-жарактың құрбаны іспетті аң мен құстың тұлыбы, шырғалары... Үйдің бірінші қабатында моторлы қайық.

Владимир Луговскойдың коллекциясы бұдан да асып түсетін тәрізді. Ақынның пәтерін бір емес, бірнеше мәрте көрген бір замандасы былай деп жазыпты: «Адамға лайық әдемі баспананы алғашқы рет қызықтауым: қабырғалар толы кітап, үстел үсті тізілген минерал-тастар, сөрелерде әр кезде жасалған қылыш, қанжар, винтовкалар...

Мұндай адамға бір нәрсе сыйлау, әсіресе таң қалдыру тіптен мүмкін емес. Кабинетінде кәдімгі «Максим» пулеметі тұрған «қарулы» адам оны-мұны, ұсақ-түйек бірденелерге қызыға қояр ма екен?!»

Мұның бәрін революция кезінде немесе революция қызуы басылмай тұрған кезде жинап үлгерген болуы керек. Әйтпесе, Кеңес өкіметінің қатал тәртібі кейінгі жылдары жай ғана аңшының мылтығын үйіне ұстауға қинала-қинала ұрықсат етпеуші ме еді?!

Әйтсе де, обалы не керек, сол Кеңес өкіметі жазушылардың өз ақшасына, яки көркем әдебиет-



тен түскен қаржыға Әдеби Қор арқылы бір емес, бірнеше шығармашылық үйлер салдырып, біразымыз қызығын көріп те үлгергенбіз. Жаздың нағыз ыстық айларында: шілде-тамызда немесе күншуақ қыркүйекте бала-шағаларымызды ертіп барып Қара теңіз, Балтық жағалауында демалушы едік. Толқындармен тайталасып, біраз малтығаннан кейін күнге қызынып отырып, Коктобельдің жартылай қымбат түрлі түсті тастарын іздейтінбіз. Орыстың белгілі ақыны, әрі суретшісі Максимилиан Волошин осы төңірекке келіп ірге теуіп, Волошин үйін салғалы, кейін дәл сол жерде Кеңес жазушыларының шығармашылық коттеждері тұрғызылғалы жүздеген, мындаған қаламгерлер сол Қарабах тауының түбінде теңізге шомылып, айлап жатып көркем туындыларын жазды, әрі біздің әріптестеріміз де түрлі түсті тастар жинаумен келеді.

Бұл қызықпен алғашқы «ауырғандардың» бірі — Андрей Белый. Ертеден қара кешке шейін сердолик пен холцедон іздеймін деп, шаңқай түсте, бір емес, бірнеше мәрте күн өткізіп, құлаған-ды. Үлкен ақын, үлкен оқымысты, нағыз интеллект, көздің жауын алатын нұрлы тастарды қалай болса солай жинаушы емес, олардың бүкіл пішініне, түсіне, реңіне, кейде тіпті керек болса, ғылыми табиғатына шейін мән берген айрықша адам. Ақынның өзі айтуына, өз мойындауына қарағанда, сол Коктобельде жинаған бай коллекциясы оның жазу жұмысына көп көмектескен секілді. «Коктобель тастары маған «Мәскеу» романының бояуын анықтап береді» — депті ол бірде өз әріптесі Петр Зайцевке.

Түрлі түсті тастардың қызығы басылғаннан кейін Андрей Белый маркалар жинаумен шұғылдан-

ған. Одан кейін Кучинада тұрған кезінде жапырақтар «ауруына» ұшыраған. Кәдімгі бүлдірген, долананың жапырақтарынан бастап шие, көктерек, шегіршін сияқты өзімізге әбден таныс белгілі ағаштардың әр маусымдағы жапырақтарын әрқилы рендегі парақтарға жапсырып, көркем альбомдар жасаған.

Дәл осы тұста біз жоғарыда мысалға келтіріп кеткен Пабло Неруданың сөзін тағы бір еске түсіріп қойғанымыз жөн секілді: «Менің үйім үлкенді-кішілі ойыншықтарға толы. Оларсыз мен өмір сүре алмаймын. Ойыншықты жек көретін бала — бала емес. Ойыншыққа қызықпайтын ересек адам өзінің бойындағы балалығын, демек кісіге қажет ең үлкен қасиетті жоғалтқан адам...»

Шынында да, ақын дегеніміз — мәңгі бала. Олардың даналығы мен балалығының арасында шекара жоқ.

Сондай балалық пен даналықтың арасында ұзақ өмір сүрген тағы бір айрықша тұлға бар. Ол — Мариэтта Шагинян. Жазушылық деңгейлері әртүрлі болғанменен Андрей Белый, Мариэтта Шагинян, Сергей Обрадович, Николай Ляшко және басқа толып жатқан ақын-жазушылар бұл мәселеде, яки Қырымның түрлі түсті тастарын жинауда өзара қатты бәсеке болған. Сол тастардың төңірегінде бір-бірімен келісе алмай дауласып, кейде, тіпті ренжісіп қалған сәттері де аз емес.

Сталин дәуірінде Кеңес жазушыларының шетелдермен байланыс жасауы тіптен қиын болатын. Барам деген еліне барып, жүрем деген жеріне жүре алмайтын. Міне, сондай аса күрделі кезеңде Еуропаны, Еуропаны ғана емес, Жер шарының біраз бұрышын, біраз түкпірін аралаған Илья Эренбург

кана шығар. Оның себептерін талдап жату қажет бола қоймас. Мәселе онда емес. Мәселе белгілі Кеңес жазушысының Парижде тұрып, дүние жүзінің көптеген өкілдерімен танысуында. Оның таныстығы тек ақын-жазушылармен ғана шектелмейді. Сол таныстық, татулық, достықтың көбі суретшілерге де байланысты. Илья Эренбург солардың арасында жиі-жиі болып, барынша тығыз байланыс жасап тұрған. Соның да әсері болуы керек, өмірінің соңғы жылдарында оның дара сурет көрмесі болған. Және ол көрме анау-мынау ұсақ суретшілердің дүниелерінен құрастырылмаған. Жиырмасыншы ғасырдың көркі, мақтанышы есептелген Леже, Пикассо, Матисс, Модильяни, Шагал, Фальк сияқты классиктер оған өз сом суреттерін сыйлаған. Бұл енді сирек кездесетін бақыт!

Отызыншы жылдардың бас кезінде өзіне-өзі енді-енді келе бастаған Кеңес жазушылары белгілі дәрежеде тәуір тұрмысқа көшкен-ді. Олардың біреуі Петроградтан, біреуі Мәскеуден, біреуі Киевтен — әрқайсысы әр қаладан үй алып, кәдімгі шығармашылықпен шұғылдана бастаған шағы. Сол жылдары Николай Клюев те Мәскеуден кіші-гірім екі бөлмелік пәтерге қолы жетіп, қатты қуанады. Өз баспанасын өз талғамымен көркемдейді. Қарапайым халық өнерін, әсіресе иконды жақсы көретін орысшыл ақын қалалық құжырасын деревня табиғатына жақындатып бағады. Сол кезден бастап ол иконға, көне икондарды жинауға кіріседі. Кейінірек аш-жалаңаш жағдайға душар болған сәттердің өзінде де ол өзінің бір де бір иконын сатпайды.

Коллекционердің де коллекционері бар. Олардың өзін әртүрлі топқа бөлуге болады. Бір қызығы, ешбір топқа жатқыза алмайтын, топқа кірмейтін

«әпенділер» де жоқ емес. «Әпенділер» — дегенім шартты атау, әрине. Солардың өзі арнайы әңгімені керек қылады. Андрей Макаенконың хоббиі — ағаштан түйін түйю. Дос-жолдастары қай кезде бармасын, ол өзінің шеберханасында бірдене істеп жатады екен. Көбіне-көп жазушылыққа қажетті нәрселер істейді. Ал қолы сәл босап кетсе, бармағын шығарып тұрған жұдырық (кукиш) жасайды екен. Өзі соған мәз болып тұрып: «Бұл менің сыншыларға көрсеткенім!» — дейді.

Валерий Брюсов ерінбей-жалықпай әріп кателерін жинапты.

Михаил Исаковский де соған ұқсас: ол ақылға сыймайтын күлдіргі оқиғаларды қағазға түсіріп, аудандық газеттерде анда-санда көрініп қалатын сауатсыздық, надандықты көрсететін дүниелерді қиып алып, арнайы папкаға салып сақтайтын болыпты.

Отызыншы жылдарда орыстың Константин Вагинов деген ақыны болған. Ол өлер алдында «Түс теруші адам» деген роман жазуға кіріскен. Романның аты айтып тұрғандай, шығарманың бас кейіпкері түс жинайды. Вагиновтың сенімі бойынша: түсті ойлап табуға болмайды. Өйткені ол ешқандай логикаға бағынбайды. Міне, осы романы үшін Константин Вагиновтың өзі жатпай-тұрмай түс жинаған. Ерінбей-жалықпай ел аралап, кейде тіпті ауруханаларды аралап, сырқат жандардан әрқилы ауру иелерінен ақырындап сұрап, неше түрлі түстердің коллекциясын жасаған. Константин Вагинов сонымен бірге ескі мөрлер, мундштуктер, өрнекті тас орнатқан балдақ (жүзік) жинаған. Жинап қана қоймаған, әдемі жүзіктерді саусатып саусақтарына салып жүрген.

Биік мансап

Шіркін билік!

Билік үшін хан тұқымы да, кара да қан төгеді.

Ақылды да, ақымақ та арпалысады.

Жас та, көрі де күреседі.

Үлкендерді қойшы, өз ортасында үстемдік жүргізу үшін балалар бақшасының бүлдіршіндеріне шейін бар күшін салады. Ақыры біреуі басым шығып, «атаман» болады. Соның дегені деген!

Адамдарды айтамыз, хайуандардың өздері де сондай! Қай қошқар жеңсе, отарға сол кожа. Қай айғыр жеңсе, үйірге сол ие!

Жыртқыштарға жалпы дауа жоқ!

Бұлардыкі түсінікті. Кұрт-құмырсқа, қоңыз-моңызға не жорық?! Болеслав Прустың «Перғауын» романы бойынша түсірілген көркемсуретті фильм көрдім. Қанша жыл өтті, содан бері бір көрініс есімнен кетпейді. Фильм әлі басталған да жоқ. Тап-таза экран. Экранда қып-қызыл құм. Аспанда шөкім бұлт көрінбейді. Жерде бір түйір шөп жоқ. Құм. Құм. Құм ғана. Бір кезде оператордың аппараты көдімгі малдың тезегіне таласып, жан алып, жан берісіп жатқан екі бокқоңызды көрсетеді. Көне Мысырда бұл қоңыздарды әулие және қасиетті жәндік

деп есептеген екен. Мейлі, есептесе есептесін. Сол қасиетті деген осырақ қоңыздардың біреуі өзі үшін илеп үлгерген домалақ тезекті екіншісі тартып алмақ! Мәнсіз, мазмұнсыз, пәтуәсіз тірлік. Көрермен солай ойлайды. Бірақ көп кешікпей, сахнаға адамдар шығады. Олар билік үшін таласады. Таласады да бостан-босқа боқ басында өледі.

Авторлардың ойы сондай әдемі. Дүниенің бәрі боқ. Адамдар – қоңыз. Бокқоңыздар, осырақ қоңыздар, дүние қоңыздар. Ал өмір – жалған. Өмір алдамшы.

Бірақ адамдардың бәрі бірдей Диоген емес. Оларға үлкен философияның керегі жоқ. Оларға тамақ бер, оларға киім бер. Бергенде де жай берме, басқалардан гөрі молырақ бер! Әйтпесе, билік бер. Билік берсең, өзі-ақ молырақ алады. Күшпен алады, айламен алады, тартып алады. Ал басқалардың бергісі келмейді. Неге ол артық алуға тиіс? Ол кімнің құдайы? Ала алмайды! Алғызбаймыз!

Өмір дегеніміз – күрес дейді. Бұл бір емес, мың мәрте, миллион мәрте айтылған ақиқат. Бір емес, мың адам, миллион адам айтқан шындық. Осы жақында ғана мен Ғабит Мүсіреповтың «Күнделіктер» деген жаңа кітабын оқып шықтым. Кітаптың жанры дұрыс белгіленбеген. Шынында да ол күнделіктер емес, жазбалар. Мейлі ғой... Қалай болғанда да осы кітабында автор: «Жақсы қораз ең соңғы қоразды өлтіріп барып өлген қораз» – деп жазыпты. Жалпы жұрт міне, тап осылай ойлайды. Ғабенң кекесіннің шебері ғой. Екі аяқты айуандарды әжуә қылып отыр. Бір ғажабы өзгелерді ғана емес, өз пенделігін де аямаған.

Бұл сөзден қанша ығыр болсақ та, өмірдің күрес екені рас. Сол ұзаққа созылар күрестің ең соңғы

сәтіне шейін алысып өткеннің бірі Ғабит Мүсірепов. Алысып жүріп, айқасып жүріп, Қазақстан Жазушылар одағын екі мәрте басқарған. Өйткені билік ол кісіге де керек болған. Жаңағы «Күнделіктерде» сол ағамыз былай дейді: «... 37 жылы Шаяхметов пен Әбдіхалықов саяси бір ұтыс жасау үшін мені партиядан шығартты, орнымнан алды, қоғамдық жұмыстан ажыратты. Мен арман етіп жүрген еңбектерімді жазып алдым. Бұдан бұрын талай бастаған нәрселерім, қол тимегендіктен аяқталмай қала беріп келіп еді. Екі ақымақтың ақымақтығы маған пайда болып шықты емес пе?»

Әрине, бұл пенденің сөзі. Ғабен сияқты ақылды азаматқа, кемеңгер қаламгерге сол өзі айтып отырған «екі ақымақтың» шешімін күтпей-ақ кетуге болатын еді ғой. Партиядан шықпай, жұмысын ғана тастап, шығармаларымен ғана шұғылдануға болмас па еді?! Болатын еді, әрине! Бірақ оны ол өз еркімен істемеді. Өйткені отырған орнын қимады. Билікті қимады.

«Кімнің кім екенін білгің келсе, қолына билік бер!» — деген даналық сөз бар. Жалпы кімнің кім екенін билік бермей-ақ та білуге болады. Кез келген адам — пенде. Кезінде Әуезовтің соңына түсіп тынымсыз қудалай бермей, бір басшының орнына отырғыза салса, «Абай» эпопеясының дүниеге келмей қалуы да мүмкін еді. Жоқ, отырғыза салмады. Сенбеді. Қимады. Ал Мұхтар Әуезовте жазудан басқа амал қалған жоқ.

Жұбан Молдағалиев те сұмдық ірі тұлға болатын. Тау қопара алатын құдірет-күштің иесі еді. Ол ағамыздың түбіне жеткен де осы саясат. Билік.

Осындай әңгімелерден кейін жазушының «жанашыры» достары емес, қастары деген оқыс ойға

келесін. Бір ғажабы мен осы түйінге өзгелермен салыстырғанда ертерек келіпін. Отыз жасымда жарық көрген «Ой орманында» мынандай бір шумағым бар екен:

Қастарымның қастығынан кейде пайда көремін,
Қайратымды қыл шылбырдай ширатамын, өремін.
Достарымның достығынан кейде зиян көремін.
Қыздың қою бұрымындай тарқатыла беремін, –

шынында да солай... Қастарымнан достарым мықтырақ болып, билік қуып кеткенімде қазіргі тындырғандарымның жартысын да, тіптен ширегін де тындырып үлгірмейтін едім. Тәңіріме рақмет осындай тағдыр берген!

Адам тапқанды адам табады. Бірақ айналаң толған өзәзіл: Байлық – өзәзіл, билік – өзәзіл, арақ – өзәзіл. Тіпті әйелдің өзі – өзәзіл. Күндердің күнінде адамның адамы ғана Адам боп қалып, қалғандары түгелдей сайтанға айналатын шығар. Ақылды азаматтардың өздері билікке ұмтылғанда, осы оңбаған тірлікті түзетемін деген ниетпен ұмтылады. Бірақ өкінішіне орай, ол тірлікті ол түзете алмайды. Керісінше тірлік оны қайтып ешкім түзете алмастай етіп қисайтып береді.

Жалпы ақын біткен түгелге жуық идеалист. Идеализм менінше, жаман дүние емес. Бірақ идеализм арманшылдардың соры. Олардың көбі күндердің күнінде ғұмырларын Дон Кихоттықпен аяқтайды. Әжуә болады. Бұл ең жақсы түрі. Әйтпесе азап, сор, қуғын, сүргін, өлім...

Билікқұмарлық, мансапқорлық, шенқұмарлық, бұл негізінен адамның өзі тауып алатын дерт. Бұған біз тоқталамыз әлі. Ал әзірше тақ үшін таластың

тура маңдайға жазылған тармақтарына барлау жа-
сап байқайық.

Цао Чжи – қытай ақыны, әскери қолбасының ұлы, болашақ император Цао Пидің інісі. Цао Цао жай әскери қолбасы ғана емес, әрі елбасы. Ол өзінің ақын ұлын, ақылды ұлын өте жақсы көреді. Әдетте таққа үлкен ұл мұрагер боп қалуға тиіс. Бірақ Цао Цао ол дәстүрді бұзып, өз орнына осы төртінші ұлын отырғызғысы келеді. 220 жылы ол ойламаған жерден дүние салады да, ежелгі дәстүр-салт бойынша таққа Цао Пи отырады. Қолына тізгін тиер тиместен әкесінің өсиетін жақсы білетін жана император туған інісіне, ақын Цао Чжиге қатты шүйлігеді. Оның арқа сүйер айналасын түгелдей тегістеп қырып-жойып, ал өзін астанадан алысқа жер түбіне жер аударады. Көп кешікпей тақта отырған ағасы да қайтыс болады. Бірақ таққа отырған оның баласы, яки өзінің немере інісі Цао Жуй да әкесінен асып түспесе, кем түспейді. Сөйтіп сорлы ақын кінәсізден кінәсіз, тек әкесінің ерекше жақсы көргендігі үшін, орнына отырғызбақ болғаны үшін ғана ғұмыр бойы қорлық көріп өтеді. Қасірет пе? Жазмыш па? Әрине, жазмыш!

Су Дун-по – ақын, көне қытай әдебиетінің классигі. Император сарайына тым жақын болған. Оны қырық жасында император Шэнь-Цзун, анасының ақылын тындап, Хучжоу көлді өлкесіне губернатор етіп тағайындайды. Бұл сол күндерге шейін көлеңкеде жүрген күдікті ақынның жоғарғы лауазымға ойда жоқта оқыс көтерілгенін император сарайында көптен бері жұмыс істеп келе жатқан төренің қытығына тиеді. Ол және оның төңірегіндегі Ли Дин және Шу Дан екеуінің Су Дун-поны жек көретін де себептері бар. Өйткені ақын өзі тарих-

шы-ғалым, әрі саяси қайраткер Сым Гуанның жақын жолдасы. Ендеше, ата жауының досы — біздің де жауымыз деген принциппен 1079 жылы Су Дун-поге император әкімшілігіне тіл тигізді деген жалған айып тағылады. Тағылып қана қоймайды, сот тексеріп, сегізінші айдың он үшін күні түрмеге қамалады. Жала күйе тәрізді: күйдірмесе де күйелейді. Жаланың үстіне жала қардай жауып, Су Дун-поны өлім жазасына кеседі. Сол кезде ол:

— Жазықсыздан жазықсыз көрдім қапас түрмені,
Таудағы бір үнгірге көме салсын мүрдемді, —

деп өлең жазады. Бірақ минутына мың құбылған тағдырға дауа бар ма? Дәл осы тұста императордың туған анасы қатты сырқаттанып, өлім халінде жатады да ұлына ақыл айтады: «Сіздің кейбір қанағатсыз төрелеріңіз ақынды қайткенде де құртқысы келеді. Бірақ бәрі жала. Бұлтаргпастай бір дәлелі жоқ. Сіз, әміршім, кінәсіз адамның обалына қалып жүрмеңіз. Көктегі қасиетті әулиелерді ренжітіп аларсыз!» — дейді. Өлгелі жатқан адамның өсиет-өтінішін орындамаудың өзі күпіршілік. Оның үстіне ақыл беруші адам қатардағы әйел ғана емес, ақ сүтін беріп асыраған анасы. Амалы құрыған император оны өлім жазасынан құтқарып, Хуанчжау уәлайатына кіші әскери басшы қылып жер аударады. 1083 жылы, яки алты жыл өткеннен кейін император Шэнь-Цзун дүние салады да, Сым Гуан тобына жататын ғалымдардың бәріне кешірім жариялайды. Су Дун-по да еркіндік алып, астанаға ақ боз ат мініп оралады. Мұрагер әлі жас. Өкімет оның әжесінің қолында. Ал ол ақынның ең сенімді қолдаушысы. Уақыт өткен сайын абырой атағы ғана емес, қызметі



де өсе түседі. 1092 жылы империя әскерінің қол-басшысы, бір жылдан кейін ағарту ісінің аға ақылшысы болып тағайындалады. Бірақ дөңгеленген дүние, айнала-айнала ақынға тағы сыртын береді. Енді ол барлық шен-шекпенінен айырылып, жер түбіндегі Хайнань аралына аласталады. Жаңа император да көп отырмайды. Чжу-Цзуннан кейін келген жас мұрагер Хуэн-Цзун кешірім жариялап, елге қайтарады. Жолда қатты шаршап-шалдыққан азапкер ақын алтыншы айдың жиырма сегізі күні қайтыс болады. Бір жылдан кейін 1086-1093 жылдар аралығында империяға жарық сәулесін түсірген нұрлы жұлдыздардың тізімі жасалып, күні кеше қуғын көрген ақындар мен ғалымдардың есімдері император сарайының шығыс жақ қабырғасына ілінеді. Жалтарған, бұлтарған, әлсін-әлсін айныған тағдыр көп кешікпей тағы да бір мінез көрсетеді. 1106 жылы астана үстінен құйрықты жұлдыз ағып өтіп сұмдық күн күркіреді. Найзағай ойнап, жасын түсіп, әйгілі азаматтардың аты-жөні жазылған мәрмәр тақтайшаның талқаны шығады. Көп кешікпей о дүниелік боп кеткен әйгілі ақын тағы бір пәлеге ұшырайды. Оның атын атаудың өзіне тыйым салынады. Кітаптарын, өлеңдерін, жазбаларын сақтағандар жазалана бастайды. Бірақ халық қызық қой, мұндайда қырсыққан үстіне қырсыға түседі. Бес-алты жыл өтер-өтпестен даоизмді уағыздаушы бір әулие императорға «Мен жақында түс көрдім. Түсімде Су Дун-помен жолықтым. Ол қазір Аспан әміршісінің бұйрығымен көктегі көркем өнер істерін басқарады екен» — дейді. Оны естіген императордың есі шығып, ақынның артында қалған туындыларының бәрін жинауға, сатып алуға тапсырма береді. Су Дун-понның дүниелерін

жасырып сақтаған жанкүйерлер аяқ астынан байып шыға келеді.

1170 жылы Сяо-Цзун әулетінен көтерілген жаңа император марқұм болып кеткен әйгілі ақын аруағын одан да биік жоғарылатып «Веньчжун», яки әйгілі де әділ азамат екені мойындалып, оған императордың мәңгілік ақылманы деген атақ беріп, сол туралы бұйрықта — «осындай өте сирек кездесетін кемеңгердің өтірік-өсек және жаладан жапашеккенін еске алып, қатты өкінеміз және қайғырамыз» — деп жазған.

Ештен кеш жақсы. Бұған да шүкір!

Қан сасыған хан сарайы дейді қазақ. Хандар жоқ, хандықтар бар. Хандар жоқ болған күннің өзінде хан сарайлары қалды. Демек қауіп те қалды. Қытай коммунистік партиясының көсемі Мао Цзе Дун хан емей кім? Император емей кім? Аты өзгергенмен, заты өзгермеген дүние қанша?

Қытай Халық Республикасында Ван Мин деген азамат болған. Ол өзі өмір бойы өлең жазып өткен ақын, Қытай және халықаралық коммунистік және жұмысшылар қозғалысының қайраткері, өмір бойы Маомен ашық айтысып келісе алмай өткен. 1941 жылы сол адамды, яки атажауын өз үйі, өз дастарқанында сыйлап отырып Мао у берген. Содан ол ауруханаға түскен. Дәрігерлер Маоның арнайы нұсқауы бойынша оны құрамында сынабы бар дәрі-дәрмекпен «емдеп» баққан. Осыдан кейін, әрине, ауру асқынып өлім аузына барып қайтқан. 1943 жылы 30 шілдеде өткен консолиумнан кейін Цзинь Масяо (тапсырманы орындаушы адам) Ван Миннің аяғына жығылып, кешірім сұраған. Кімнің бұйрығымен істегенін мойындаған... Қысқасы, құдай сақтаған.

Ван Мин ақыр аяғында ретін тауып, шетелге өтіп кеткен. Кейін 1974 жылы жетпіс жасында дүние салды.

Иә солай, қан сасыған хан сарайы. Ол әруақытта солай...

Отото Якомати — ақын, Отото Табито деген ақынның баласы. Император сарайында әрқилы жауапты қызметтер атқарған. Сарай оған үнемі күдікпен қараған. Бірақ ешқандай арамдығы жоқ аңқылдақ ақын ештеңеден қаймықпай жұмысын тындырып жүре берген. Әйтсе де аңдысқан жау алмай қоймайды. Отан алдында опасыздық жасады деген жала жабылып, қатты қуғынға ұшырайды. Бұл сұмдыққа шыдамай ақыр аяғында құсадан өледі. Оның кінәсіз екендігі жүз он бес жылдан кейін барып анықталады.

Отото Якоматидан жиырма-отыз жас кіші Сугаваро-но Митидзан — әрі ақын, әрі әйгілі оқымысты. Бірінші министр болып жүріп ол да жаулары жапқан жаладан Кисб аралына жер аударылады. Сол аралда жерленеді. Дүние — жалған, өмір — опасыз деген осы енді. Ол өлгеннен кейін ресми түрде әулие деп танылып, оған Тэжман-тэнзин деген жаңаныспы (есім) беріледі.

Ким Джонсо — корей ақыны, аса ірі мемлекет қайраткері. Солтүстік шығыс Кореяны чжурчаень басшыларынан азат еткендігі үшін «Жаужүрек жолбарыс» деген атақ алған. Ол 1453 жылы бірінші министр болып бекітілгеннен кейін тіптен жас патша Танджонды қолдап, көп еңбек етеді. Сол үшін Суянтэгун деген болашақ патшаның жақтастары оны өлтіріп тынады.

1456 жылы сол жас мұрагерді қолдағаны үшін алты мемлекет қайраткері өмірлерімен қоштасады.

Алтаудың үшеуі ақын. Олар: Сон Саммун – әрі ақын, әрі ғалым, корей дыбыстық алфавитін жасаушылардың бірі; Пак Пхэннен – әрі ақын, әрі ғалым; Ю. Ынбу – ақын.


Көріп отырсыздар тағы да сол қан сасыған хан сарайы.

Енді Жер шарының басқа бір бүйіріне қарай ауысалық.

Ибн әл-Мутазз (IX ғасыр) – араб ақыны, аббасидтер әулетінен. Он үшінші халибтің баласы. Әкесі өлгеннен кейін мұрагерлікке байланысты сарай шайқасына араласады. 908 жылы 17 желтоқсанда таққа қолы жетер-жетпестен, бір күн ғана отырып, келесі күн патшалықпен қоштасады. Көп кешікпей дарға асылады.

Әбу Фарас – бұл да араб ақыны, әмір Сейфи ад-Даудтың немере бауыры және шәкірті. Әмір оны Үрім патшалығымен шекарадағы манбидж қорғанысының коменданты етіп тағайындайды. Мұның өмірі де тұнып тұрған қасірет. Жеті жылдай үрімдіктердің түрмесінде отырып, екі жылдан кейін Алеппоға оралады. Бірақ тақ үшін болған теке тіресте қаза табады.

Әл-Мутанабби – араб ақыны. Ол Әбу Фарастың әдеби бәсекелесі. Ол да Хамданидтер сарайында әмір Сейф и ад-Даулдың қол астында қызмет етіп, өзара сыйыспағаннан кейін Мысырға, Сейф и ад-Даулдың барып тұрған атажауы Кафурды барып паналайды. Бірақ көп кешікпей, одан да қашып шығып, Кафур туралы ащы өлендер жазады. Өмірінің соңғы кездерінде Иран, Ирак елдерінде біраз тұрған соң елін сағынып сапарға шығады. Бірақ Отанына жете алмай, қаптаған қанішер жауларының қолынан опат болады.



Рудаки. Толық аты-жөні: Әбу Абдолла Жафар ибн Мұхаммед Рудаки – иран-тәжік ақыны. Саманидтер үстемдік жүргізген Бұхараға шақырылып, хан сарайында ұзақ жылдар Бас ақынның міндетін атқарады... Абырой-атақтан кенде болмайды. Бірақ қартайған кезде ақынның басынан бақ таяды. Қай тұста қалай жақпай қалғаны белгісіз. Ол жөнінде ешқандай мәлімет жоқ. Әйтеуір сарайдан қуылғаны анық. Халық аузындағы аңызға сенсек, оны жай ғана қуып жібермейді. Екі көзін ағызып, соқыр қылып жібереді. Осы аңызды пайдаланып, мен бір кезде «Рудаки немесе екі көздің тағдыры» деген өлең жазғанмын.

Сұлулықтың барлығын
Сүлік солып алғанын,
Қалтасына жарлының
Өрмекші ұя салғанын,

Нар халықтың мойыны
Неден жауыр болғанын,
Қазылардың қойыны
Қалай-қалай толғанын,

Қысқа тәулік бойында
Кімді кімнің сатқанын,
Уәзірлердің ойында
Қандай сұмдық жатқанын,

Қолдайтұғын жан таппай
Қор болғанын ақылдың,

Жытқырларға жалтақтай
Жем болғанын ақынның,

Ақиқатты тілімдеп,
Көрге қалай тыққанын,
Өтіріктің күлімдеп,
Төрге қалай шыққанын,

Соның бәрін, барлығын
Өз көзіңмен көрдің сен.
Қасіретін зарлының
Қара гүлдей тердің сен.

Содан өрген сөзінді
Ел тыңдады таңданып.
Көре берген көзінді
Хан сарайы қалды алып!

Сабыр Термези – бұл да иран-тәжік ақыны, Сұлтан Санджар төңірегіндегі бір топ ақынның ішіндегі іргелісі және сарайдағы сөзі өтімді мырза-

лардың бірі. Сұлтан оны алғыр ақын, ысқаяқ саясаткер ретінде Хорезм шаһы Атсызға достық тапсырмамен жібереді. Өйткені екі елдің басшылары көп жылдар бойына бір-біріне теріс қарап кеткенді. Сондықтан ақын бітімші-пәтуагер есебінде Хорезм сарайында біраз тұрады. Ақыр түбінде оны Санджардың жіберген жансызы екен деп Амударияға батырып өлтіреді.

Бадриддин Хилали жиырма жасында, шамамен алғанда 1401 жылы Гератқа келеді. Өзбек ханы Ұбайдолланы әжуа қылып өлең шығарады. Оны баукеспе ұры, қанішер қарақшы қылып суреттейді. Мұндайды қандай патша кешіруші еді, 1529 жылы оны ұстап алып, базар алаңында дарға асады.

«Басқа пәле – тілден» дейді ғой қазақтар. Ақындардың жендеттері де өз тілдері. Джунаидулла Хозық бұл да сол ел, сол халықтың ақылы. Бірде өмірдің жанына еріп жүріп оның оңбағандығын өз көзімен көреді. Сол жөнінде шыдамай өлең жазалы. Жазады да мұның аяғы жақсылықпен бітпейтінін сезіп, тәуелсіз Шахрисябз шаһарына қашады.

Бірақ Джунаидулланы баскесер жендеттер тіміскіленіп жүріп тауып алады да 1443 жылы азаптап өлтіреді.

Өмірге ергендердің аман қалғандары, сарайға жақындағандардың сау қалғаны шамалы.

Ахмет-паша – түрік ақыны. Кәдімгі Ыстамбұлды жаулап алып, Түркияның алғашқы астанасына айналдырған әйгілі әскербасы және сұлтан Мехмед екінші оны өзінің серігіне айналдырып, сенім білдіреді. Бас уәзірлікке шейін өсіреді. Бірақ сыпсындаған суық сөз кімнің түбіне жетпеген! Тас камалдың қапасына қамалады. Кейін райынан қайтқан сұлтан оны Бурсаға жер аударады.



Әлішер Науаи – ақын ғана емес, мемлекет қайраткері. Ол сұлтан Байқараның жоғары өрлеуіне барынша септігін тигізген. Байқара да оның алдында қарыздар боп қалмаған. 1470 жылы ол ақынды өзінің мөргері (хранитель печати), одан кейін бас уәзірі етіп тағайындаған. Одан кейін әмір деген атақ берген.

Бірақ қайда барсаң да Қорқыттың көрі. Яки сарай толы сыбыс, өсек-аян, аярлық, арамдық. Әлдекімдердің кеңесімен бе, әлде өз ақылымен бе, сұлтан Байқара Әлішерге көмекші болсын деп бір қызметкер береді. Ол күндіз-түні ақынның жанында жүріп не істеп, не қойғанын, не айтып, не тыңдағанын – бәрін-бәрін қағазға түсіріп отырады. Ешкімнің көрсетуінсіз-ақ сезімтал, сергек ақын оны көп кешікпей байқап қалады... Сұлтан Байқара оны Астрабадқа жұмысқа жібереді. Ол жерде оған ұлы ақынның қаптаған қара ниет дұшпандары у беріп өлтірмек болады. Ол қастықтың негізгі ұйымдастырушысы Мадждиддин және соның төңірегі. Бірақ обалы не керек, сұлтан Байқараның бұған ешқандай қатысы жоқ секілді. Дегенмен бұл жылдарда (1487-1499) екі достың, яки ақын мен сұлтанның арасы біраз суығанға ұқсайды. Ал оның алдында, яки он шақты жыл бұрын Әлішер өзі істеп жүрген қызметінен бас тартады:

Бұл шен үшін басып көрдім отты мен,
Шенсіздіктен асқан шен жоқ деп білем, –

деген тармақтар сол кезеңде жазылса керек. Сарай, сарайдағы сайқал тірлікке көзқарасы мұнымен шектелмейді. Ол өзінің «Адал адамның аласұруы» атты дүниесінде:

Қай заманда сарайдан бақыт тапқан қай кісі?
Шаттығынан ол жердің басымырақ қайғысы.

Алыс жүрсін кім-кім де шын өлгісі келмесе.
Тіптен алыс жүргендер – бақыттырақ он есе!

Әдетте «шығыстың зұлымдығы» деген сөз жиі айтылады. Мен өз басым осыған түсінбеймін. Қай жер болса, ол жер болсын, зұлымдық жер тандамайды. Шығысыңның зұлымдығы Батысыңның, Батысыңның зұлымдығы Шығысыңның зұлымдығынан кем түспейді. Зұлымдық ол – зұлымдық, хан сарайы ол – хан сарайы. Ханды шаһпен, шаһты корольмен, корольді сұлтанмен айырбастағаннан зұлымдық өзгермейді, ең дұрысы, Науаи айтқан – олардан аулақ жүру...

Генри Говард – ағылшын ақыны, сарай адамы, сарбаз-сері. Бала кезінен ақсүйектер, ханзадалар арасында өскен. Есейіп аты шыққаннан кейін... Бұл елде әрбір әйгілі өулеттің өз елтаңбасы болады. Ал Генри Говард өзін ағылшын королі Эдуард Өсиеткердің өулетімін деп есептеген. Сондықтан өздерінің елтаңбасына сол корольдің гербісіндегі кейбір нышандарды иеленгісі келген. Қас-дұшпанға соның өзі жетіп жатыр. Мемлекеттік төңкеріс жасамақ деген ойы бар деп, бостан-босқа басын шауып тастаған!

Уолтер Рэли – бұл да ағылшын ақыны, бұл да сарай адамы, сарбаз, теңізші, мемлекет қайраткері. Францияға барып гугеноттар жағында, Нидерландияға барып Испанияға қарсы соғысқан. Елизаветаның кезінде біраз дәуірлеген. Кейін Иаков бірінші таққа отырғаннан кейін түрмеге қамалған. Бірімен бірі қиыспайтын кінәлар тағылған. Солардың бірі – дінсіздік, енді бірі – католицизмнің құйыршығы... Ең бастысы мемлекетке опасыздық, сатқындық. Осындай-осындай жалалардың кесірінен ол өзі он

үш жыл абақтыда жатады. Сосын босатылады. Одан кайта камалады. Ақыры дарға асылады.

Қанша аңқау, қанша ақ көңіл, әпенде дегенмен, ақындардын ішінде пәтшағар патшалардан аулағырақ жүргендері дұрыс деп тапқан әріптес-теріміз де жоқ емес. Әлішер Науаи хан сарайынан қашып құтылғандай болып уақытында кетіп үлгерсе, кейбір ақылдылар ұлы өзбек ақынының жоғарыдағы ескертпе жырымен танысып қойғандай пәлелі жерге жоламауға тырысқан. Қазақша айтқанда — құдай сақтаған.

Одзава Роан — жапон ақыны, самурайлар әулетінен. Сарай қызметіне бір емес, бірнеше мәрте шақырылғанның өзінде бармаған. Қайран өз үйім кең сарай боз үйім деп, жатып алып алаңсыз шығармашылықпен шұғылданған.

Ли Хенбо (Нонам) — корей ақыны, шен-шекпеннен жақсы хабары бар шенеунік. Патша сарайындағы жауапты қызметтің біреуіне шақырылғанда ойланбастан бас тартады.

Низами Гинжауи — әзербайжан ағайындардың ұлы және сүйікті ақыны, мақтанышы. Ол өзінің түркілігімен де, күйеулігімен де біздерге, қазақтарға, тіптен жақын. Марқұм Қалижан Бекқожин оның Аппақ деген қыпшақ қызына үйленгенін жырға арқау қылып, поэма жазғанды. Міне, сол Низами қанша сабырлы, қанша байсалды, тәжірибелі болғанмен жарк-жүрк еткен сарай тірлігіне, оның жалған сәулесіне алданып қала жаздаған. Бірақ жемежемге келгенде жауапты бір жұмысқа барғалы тұрған жерінде сабындай бұзылып, бас тартқан... Жалпы осы бір әңгіме болмаса, Низами күйбең тірлікке, баянсыз бақ-дәулетке, шен-шекпенге көп қызықпаған.


Обалдары нешік, өткен ғасырдың әмірлері, хандары, шаһтары, патшалары өз заманының зиялы азаматтарын, абыройлы адамдарын, әсіресе ақындарын өз айналасында ұстағылары келген. Жазудан басқа өнері жоқ сөз зергерлерінің тірлігіне көмектескен. Сондықтан да аса дарынды адамдардың өзі сол бір ақылды-ақылсыз елбасшыларына кіріптар болған.

Иран-тәжік поэзиясының екі классигі, шығыс поэзиясының екі жұлдызы Хафиз бен Жәмиді де құдай сақтаған.

Хафиз әкесінен ерте айырылған, тірлік тауқыметін тым ерте тартқан. Бірақ тырмысып жүріп оқыған, білімін көтерген. Ақындықпен де жастай шұғылданып, кейін тендесі жоқ ғазелші ақынға айналған. Жергілікті әкімдер мен әмірлердің арнайы шақыруларының бәріне де рақмет айтып, бармаған. Дұрыс істеген, әрине!

Жәми де солай. Оны Гераттың сұлтаны бір емес, бірнеше мәрте шақырған. Басқа ақындар армандайтын мансап та ұсынған. Көреген ақын соның біреуіне де қызықпаған. Жер жыртқан, диқаншылықпен, бағбандықпен шұғылданған, кейінірек Гераттан саналы түрде алыстап, Саадиддин Қашқаридың мазарына іргелес жерге барып қоныстаған.

Носиф Хисроу Хафизден де, Жәмиден де үлкен. Бір ғасыр бұрын дүниеге келген. Ақындар арқауға тиіс азапты ол біраз сүйреткен. Жалғыз ғана айырмашылығы хан сарайын ерте тастаған. Салық жинау ол кезде өте жауапты қызмет болып есептелген. Міне, сол шаруамен шұғылданып жүріп, әділетсіздік, қиянатқа көп жолыққан. Әділдік пен ақиқат іздеп бармаған жері жоқ. Ақыр аяғында Юелгер деген қышлаққа келіп тұрақтаған. Сол арада жоқ-




тықтың зардабын шегудейін шеккен. Қайыршы халде дүние салған. Мұсылман дінінің басында отырған жібi түзу кейбір кісілігі мол ағайын оны өлгеннен соң әулие деп жариялаған.

Биліктің қызығын көрген орыс ақыны Гавриил Романович Державин. Ол Екатерина екіншіні мақтап біраз дүние жазған. Соның арқасында шығар әкімшілік баспалдағы оны бірден жоғары көтеріп әкеткен. Алдымен ол патшайымның кезінде статс-секретарь, сенатор коммерс-коллегияның президенті, кейін Павел патшаның тұсында Жоғарғы Кеңестің мүшесі, мемлекеттік қазнагер, Александрдың заманында әділет министрі болған. 1784 жылы Оленец губерниясына жұмысқа жіберілген...

Жасыратыны жоқ, осынау бір тиімді жұмыстарда жүріп, жағдайын әбден жақсартқан, байыған. Бірақ ол кезде үлкен поэзия да одан теріс айналып кеткен-ді.

Басқаны білмеймін, ал хан сарайында ұзақ қызмет істеген адамдардың сөзіне де, ісіне де сенуге болмайды. Олардың ақыл-ойлары, тіпті адамдық-азамағтық сезімдері де деформацияға ұшырамай қоймайды. Өзгелерді айтпағанда олар өз үйлеріндегі сүйген жарларымен, бала-шағаларымен де дипломатиялық қарым-қатынас жасайды. Өзінің қабағын, өзінің тілін күзетумен күндері өтеді. Қарқылдап күле алмайды, еңкілдеп жылай алмайды. Ғабит Мүсірепов ағамыз айтқандай: «Аузын толтырып, айызын қандырып боқтай да алмайды».

Ең жаманы — өзі аңтарылулы, қаламы — қаңтарылулы.



Ақын және азаттық

Әлем тарихына үңіліп қарасақ, ар жақ-бер жағымызға шолу жасар болсақ, отаршыл елдер өзара мүдделес те, бұратана халықтар өзара тілектес. Джузеппо Гарибальди басқарған Италия халқының ұлт азаттық қозғалысына қарсы жанталаста Австрия басқыншылары жағында Франция армиясы соғысады. Ал 1848 жылы венгр халқының Австрия отаршылдарына қарсы күресте генерал Бем мен генерал Дембинский жетекшілік еткен поляк отрядтары өз бостандықтары үшін шайқасқандай шайқасады. Ал сол поляк көтерілісшілері өздерінің ұлт азаттық қозғалысын басқарып бер деп Джузеппо Гарибальдиге қолқа салады. Грузин ақыны Илья Чавчавадзе итальян халқының бостандығы үшін күреспек болып, Джузеппо Гарибальди қозғалысына барғысы келіп талай мәрте талпынады.

Өзі Ұлыбритания секілді отаршыл обыр елдің азаматы бола тұра Джорж Байрон өз қаржысына отряд құрастырып, грек халқының ұлт азаттық қозғалысына қатынасады. Қатынасып қана қоймайды, 1824 жылы небары жиырма алты жасында қоршауда қалған азаткерлер қаласында қаза табады.

Он сегізінші ғасырдың аяқ шеніндегі Польша ұлт азаттық қозғалысында қолдарына қару алып

қанды қырғынға араласпаған поляк ақыны жоққа тән.

Олар: Юлиан Урсын Немцевич, Якуб Ясинский, Юзеф Быбицкий, Фронтишек Моравский, Антоний Горецкий, Соверин Гошинский, Юзеф Богдан Залеский, Мауриций Гославский, Винцентий Польш, Люциан Семенский, Юзеф Дудин-Борновский, Густав Зелинский, Антоний Сова (Эдвард Желиговский), Густав Эренбург, Ришард Бервинский...

Польша, менің бұл сөзімнен іздемегін астамдық,
Біз өлеміз, не болмаса аласың сен бостандық! –

деп жазған-ды Якуб Ясинский.

Бұл өлең ғана емес, өлеңмен жазылған ант.

Сол азаматтық анттарына болаттай берік поляк ақындары халқымен араласып, өз отандарының азаттығы үшін қанша жыл, қанша ғасыр күресіп бақты! Сол Азаттық, сол Бостандықты баяғыда-ақ алатын жөндері бар еді, кезінде ала алмады. Олардың бағын байлаған – Ресей, халықаралық жандарм. Өйткені Ресей империясы үшін Польша қай заманда да стратегиялық рөл атқарып келді. Сондықтан оны аузы алты қарыс отаршыл Ресей өліп бара жатса уысынан шығармауға тырысады және тырысып келді. Бостандық түгіл қысқан үстіне қыса түсті. Алдымен олардың рухани омыртқасын үзуді мақсат етті. Ұлттың ұлт болуы ең алдымен тіліне байланысты. Мұны әрине, ерте түсінген поляктар тұяқ серіппей қала алмады. Өйткені олар өз Отанын, өз Елін Речь Посполита деп атайды. Халқын тура тіліне байланыстырып атаған бірден-бір ел осы Польша шығар. Ресей оны, міне, сол осал жерінен ұрды. Отаршыл-

дар олардың ұлттық тілін құртпақ болды. Варшаваның өзінде поляк тілінде пьеса қоюға тыйым салынды. Ол заманда театр мәдениеттің жүрегі есептелетін. Театр қай жерге орналасса қаланың орталығы сол тұс деп саналатын. Ал ұлттық театры жоқ қала астана бола ала ма?! Ал астанасы жоқ ел — ел емес. Демек, Польша да ел қатарына қосылмауға тиіс. Олай болса жер басып жүргенше, поляктар үшін оның үстінен асты дұрыс. «Біз өлеміз, не болмаса аласың сен Бостандық!» — деп поляк ақындарының ант ішулері өте орынды.

Поляктар сияқты қам көңіл халықпен ғасырлар бойы іргелес қатар отырып, ортақ жаудың ойранын да бірдей көрген екінші бір ел — Венгрия. Поляктарды орыстар полякша сөйлетпесе, венгрлерді австриялықтар венгрше сөйлетпеуге тырысты. Сол жердегі біздің қыпшақ бауырларымыз тек көрпенің астында ғана қазақша сөйлейтін халге жеткен. Сондықтан ұлттың азаттығы үшін аяусыз күрескен өлермен қайсар халықтың бірі — осы біздің венгр бауырлар.

Сол венгрдің ұлы перзенті, кемеңгер ақыны Шандор Петефи жиырма бір жасында «Ұлтжандылар жыры» деген өлеңінде былай дейді:

Тәніммен, бүкіл жаныммен
Сүйемін сені, өз елім!
Махаббат деген жалынмен
Өргенер менің өзегім.

Қайнатар қыз-қыз қанымды,
Түбінде сенсің сананың.
Сен үшін, Отан, жанымды
Құрбандығыңа шаламын!



Ерлерді жерге қаратқан
Емесің соры елімің,
Оқимын дұға: «Жаратқан,
Аша гөр бағын еріңнің!»

Отаным, өзің дегенде
Ойымды бекер оқтаман.
Ғаламда, мынау әлемде
Өзіндей қымбат жоқ маған!

Өзіңсің менің ай-күнім,
Өзіңсің менің жыр-кенім.
Қуаныш түгіл, қайғылы
Қасіретінде де біргемін.

Гүліңсіз, тіптен күніңсіз
Түн болып түнек көрінсін.
Отаным, елім – тынымсыз
Шертетін менің шерімсің.

Уытты шарап – нәріміз,
Сол бойға шым-шым тарайды.
Тілейміз әсте бәріміз
Атсын деп таңың арайлы!

Көңілдің шарап қожасы,
Өргенер содан өзегім...
Өзің деп төккен көз жасы
Ішкенім менің,
Өз елім!

Махаббат – жүрекке де, сөзге де сыймайтын ұлы сезім. Сол сыймайтын сезімнің өзі осы өлеңде біраз камтылған. Қыран қыранды қиядан көреді. 1849 жылы із-тозсыз жоғалып кеткен Шандор Пе-

тефи жөлінде Генрих Гейне былай деп жазған: «Петефи тек Бернс пен Беранже ғана тең түсе алатын ақын... Шыбын тисе шыңқ еткен шиканды қоғамда осынша салауатты, осынша қуатты қарапайымдылыққа өз басым бүкіл Германиядан қатар қоярлық ақын таппас едім».

Өзі ұлы ақын өзге ақынды бағаламай тұра алмайды. Обалы не керек, Гейне келістіріп-ақ айтқан. Оның сөзіне бір ғана шындықты қосуға болады. Германияда Шандор Петефиге тең бір ақын болатын. Ол – сол Гейненің өзі! Ал Бернс пен Беранже жайында айтар болсақ, мен өз басым қинала-қинала қосылам. Өйткені мен үшін Петефидің орны бір бөлек.

Бір сөз айтсам оқталып,
Ренжімес өзгелер.
Жер бетінде жоқ халық
Венгрлерге тең келер, —

дейді ол. Басқа бір ақын өз халқын тап осылай мақтаса неге екені белгісіз, мен оны жек көріп кетер едім. Ал Петефиге ренжи алмаймын. Керісінше мен оның осыншалық ұлтжандылығына барынша риза боламын. Себебі не? Себебін білмеймін. Мен өзім логикаға қатты жүгінетін адаммын. Сөйте тұра тап осы жолы мен логикаға емес, жүрегіме сенемін. Соны ғана мойындаймын.

Жоғарыдағы шумақпен басталатын алты-ақ шумақ шағын жыр:

Даналығы, қарағым,
Санасында сақтаулы
Енді құрып барады
Осы халық мақтаулы, —

деп барып аяқталады... Шынымды айтсам, мен енді-енді түсіндім. Сөйтсем, менің өзегіме шок тастаған бірінші шумақ та, өртеген соңғы шумақ екен. О күдірет!

Махаббат пен Бостандық.
Білмеймін мен басқаны.
Махаббат қонса қолыма,
Жанымды беріп аламын.
Азаттық үшін соны да
Құрбандығына шаламын!

Жалпы ақындық дегеніміздің өзі екінің бірі айтқысы келетін қарапайым ойды ешкім айта алмастай қылып айту ғой деймін. Ал енді, екінің бірі айтқысы келетін ойды екінің бірі айтатындай етіп айту – ақындық емес. Ол ақындықты қорлау!

Петефи туралы көп айтқым келеді. Бірақ ол туралы ең әдемі сөз чех ақыны Ян Нерудаға бұйырған тәрізді. Ол былай дейді: «Бүкіл әлем әдебиетінде маған Петефиден гөрі сүйіктірек ақын табу мүмкін емес. Петефи классик емес, тіптен классик емес! Ол тек Петефи: махаббаттың, ұлтжандылықтың, азаттықтың шынайы жыршысы... Әзірше мен тек бірақ нәрсені айтқым келеді: саған керегі тамаша романс болса – Петефиді оқы, саған керегі Отан туралы әнұран болса – Петефиді оқы, саған керегі көңілді жыр, махаббат туралы өлең болса – Петефиді оқы!» Ал дәл осы сөйлемнің алдында ол «тамаша венгр халқында бұдан асқан ұлы перзент жоқ. Ал бұл халықтың өзінде Петефи туған күннен артық бақытты күн болған емес!» – дейді.

Ақбоз аттың үстінде отырып алдаспанын онды-солды сілтеген Шандор Петефи де дүние салды. Ұлт азаттық көтерілісі де жеңіліске ұшырады. Оны ба-

суға әлі келмейтінін әбден түсінген Австрия императоры Франц-Иосиф орыс империясынан жалынып жәрдем сұрады. Бұл мәселеде аса тәжірибелі орыс әскері азаттық үшін арыстандай арпалысқан азаматтардың аяқ-қолдарын кісендеп сонау Сібірге шейін жаяу айдады. Сол жерде шірітті. Бір ғасыр, бір жарым ғасыр бүкіл венгр халқы ұлы перзентінен адасып қалды. Қып-қызыл қанды қырғынның аяғына таман ақ боз ат үстіндегі жиырма бес жасар жалынды ақынды бір-екі жерде көріп қалған бір адам болыпты... Содан кейін ұлы ақын бейнесі ақ мұнар, көк сағымға сіңіп жоқ болады. Мұның жалғасын мен басқа тарауда айтқанмын.

Он тоғызыншы ғасырдың орта шенінде болған көптеген ұлт азаттық көтерілістердің, кателеспесем, біреуі ғана көздеген жеріне жеткен секілді. Ол — румындар көтерілісі. Сол көтерілістен кейін дүйім Дунай өңірін алып жатқан кішкене-кішкене князьдіктер бас қосып, бірінші рет Румын мемлекетін құрды. Бұл күрестің де бел ортасында арпалысқан ақындар жүрді. Соның бірі — Василе Александри, румын классигі. Сол күресте қазіргі Молдавияны түгелдей аяғынан тік тұрғызып, ұлы күреске жұмылдырған, кейін соның негізгі басшыларының біріне айналған ақын, осы Василе Александри.

Қанша ғасыр тепкінің болды астында сығандар,
Ағайындық, достықты осылай бір сынаңдар.
Румындар қуатты арманына таянды,
Бір-ақ таңда сығандар бақытты боп оянды! —

деп жазды ол. Әлемдік поэзияда Азаттық, Бостандық, Революция жайында өлең-жыр, құдайға шүкір, жеткілікті. Бірақ соның ішінде сол тақырыпқа алғаш



рет интернационалистік рең берген акындардың бірі тағы да сол Василе Александри.

Белгілі құмық ақыны Зейналабидин Батырмырзаев солақай болған екен. Өмір бойы тіл табыспаған бір жауы одан:

— Сен неге сол қолыңмен жазасың? — деп кеке-сін сұрақ қойғанда, — Өйткені менің оң қолым қылыштан босамайды! — деп жауап беріпті ол.

Жалпы ақын деген халықтың, елім деп туған ерлердің бір қолы қаламнан босамаса, бір қолы қарудан босамаған.

Он тоғызыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдары Петербургте грузиндердің жасырын қоғамы құрылады. 1828 жылы сондай қоғамның екінші бір сынары Тбилисиде дүниеге келеді. Әрине, ұйым болғаннан кейін, әсіресе, жасырын ұйымның белгілі бір мақсаты болады. Ал бұл ұйымдардың мақсаты — Грузияны азат ету. Егер бір астыртын ұйымның іргесі қаланса, ал ол ұйымның көкейтесті арманы елді азат ету болса, оны естіген акындардың қайсысы одан бас тартады?! Грузиндердің сол кездегі төрт романтик ақынының үшеуі сол ұйымдардың белсенді мүшесіне айналады. Төртіншісінде ондай мүмкіндік жоқ еді. Өйткені ол — Николоз Бараташвили он беске де толмаған бозбала.

Міне, сол жасырын ұйым 1832 жылы әшке-реленіп, акындардың басына ақырзаман туады. Бірінші болып, әрі ақын, әрі қоғам қайраткері, әрі генерал, әрі марқұм Грибоедовтың қайын атасы, әрі грузия зиялы қауымының көсемі Александр Чавчавадзе жауап береді. Тексеру аяқталғаннан кейін ол Тамбовқа жер аударылады.

Григол Орбелианидің кінәсі анықталмайды. Сондықтан оны Ресейдегі әскери қызметінде қал-

дырады. Балтық бойында, Кавказ өлкесіндегі әкімшілік жүйелерде жұмыс істейді.

Вахтанг Орбелиани алғашқыда өлім жазасына кесілгенмен, кейін Калугаға жер аударылады. 1837 жылы кінәсі кешіріліп, Грузиясына оралады. Қайтадан әскери қызметіне кіріседі. 1838 жылы прапорщик, 1858 жылы полковник, 1860 жылы генерал-майор атағын алады.

Бұл үш ақынның үшеуі де — әскери адамдар. Әскери мансаптарын: Григол Орбелиани — полковник, Вахтанг Орбелиани — генерал-майор, ал Александр Чавчавадзе — генерал-лейтенант болып аяқтайды.

Бір ғажабы, орыс патшалығы грузия ұлтжандыларын жазалағанда мүлдем басқа саясат ұстаған сияқты. Ол бір кез Кавказда ұлт азаттық қозғалысының өртеніп тұрған кезі. Әсіресе мұсылман дініндегі Дағыстан бой бермей барады. Сондықтан орыс патшасы өздерімен бір діндегі грузин «бүлікшілерімен» жұмсақ сөйлесіп, шендерін өсіріп, Ресейге қарсы күресіп жатқан басқа халықтарға қарсы жұмсауды мақсат тұтқан секілді.

Вахтанг Орбелиани 1858 жылы — полковник, 1859 жылы Шәміл тұтқынға түседі. 1860 жылы Вахтанг Орбелиани генерал-майор атағын алады. Неге? Осының өзінде әзәзіл отаршылдық саясат пен пендешілік осалдық бұғып жатқан жоқ па?

Ғарыштық өлшеммен есептегенде планета деп жүрген Жеріміздің өзі бір ауыл ғана. Оның бір шетінде тұрған құйын біраз күл-коқырды ауылдың екінші шалғайына оп-оңай алып шығады. Сол секілді Францияда тұрған революция дауылы Атлант мұхитының арғы бетіндегі Бразилия жағалауына да тез жетті. 1789 жылы дауыл жеткізген жаңа

идея дәні қолайлы да шұрайлы топыраққа сәтімен түсіп, Вила Рика қаласында революциялық қозғалыс басталып-ақ кетті деуге болады.

Ол кезде Вила Рика «Арғы беттегі Аркадия» атты әдеби қоғамның бесігі болатын. Португалия тілінде жазатын жалынды ақындар қоғамы бірден жасырын саяси ұйымның негізіне айналады. Болашақ ұлы қозғалысқа басшылық ету үшін Рио-де-Жанейроға Тирадентес (Жоакин Жозе да Силва Шавьер) келеді. Әрі әдеби, әрі саяси қоғамның Тирадентестен кейінгі көрнекті адамы әйгілі ақын Томас Антонио Гонзаго болады. Бұл кәдімгі кезінде «Бразилия Петраркасы» атанған әйгілі лирик...

1789 жылдың мамырында Рио-де-Жанейрода Тирадентес тұтқындалады. Көп кешікпей Гонзагоның үйіне де қарулы адамдар қаптап келіп, аяқ-қолы кісендеулі ақынды астанаға алып кетеді.

Бұл процесс үш жылға созылады. Ол процестің сұмдық қаталдықпен өткендігін куәгерлер айта алмайды. Тұтқындағылардың көбі ауыр азапқа шыдамай түрменің өзінде өліп кетеді. Соның бірі — Гонзагоның алпыстағы ақын досы Клаудио Мануйэл да Коста.

Гонзагоның өзіне келер болсақ, адам ақылына қонбайтын төзімділік көрсетіп, айуандармен арпалысып-ақ бағады. Күл мен ыстан сия жасап, апельсин бұтағынан қалам жасап өлең жазумен болады.

Он жылдан кейін «Екінші бөлім» деген атпен жарық көрген бұл кітапта қандай өлең жоқ дейсіз?! Нақсүйері Марилияға арналған ғашықтық жырлар, тірі жанды титықтатпай тынбайтын түрме тозағы туралы өлеңдер, қоғам мен өкіметті аямай сыбаған ашулы сөздер — бәрі, бәрі, бәрі бар!

Бітпейді-ау деген ұзақ процесс те бітеді. 1792 жылы 17 сәуірде қараңғы қапастардан құпия алып шығып, «кінәлілердің» бәрін түрменің ауласына жинайды. Колонияның вице-королін қатыстырып қойып, аяқ-қолдары кісендеулі, мойындарында темір қарғы, жүдеп-жадаған, адамнан гөрі аруақтарға көбірек ұқсайтын тұтқындарға үкім оқылады... Жасырын ұйымның ең басты ақылшы-кеңесшісі және болашақ революциялық жана үкіметтің жүйесін, заңын жасаушы болып Томас Антонио танылады. Бұл енді Тирадентестен кейінгі екінші адам деген сөз...

Қысқасы, бәрі де өлім жазасына кесілді. Ал, енді, болашақ көтерілістің көсемі жөніндегі үкімді қайталап айтып шығудың өзіне мықты денсаулық керек.

Білсең біздің өмірді сен:
Темір тұсау – темір кісен.
Жоқ кісілік ұғым мұнда,
Өлім деп біл – жығылдың ба.
Тіліп түсер қамшы ғана,
Зарсың мұнда тамшыға да! –

деп жазады Гонзаго Чили хаттарының бірінде.

Болмысынан сондай көрікті жаратылған аса дарынды тұлға Бразилияның бірінші ақыны бүкіл әдемі әлпетінен айырылып, ақылынан алжасып, алыс Африка тозағында дүние салалы. Өлген жылы да анық емес. Шамамен 1809-1810 жылдардың бірі шығар деп топшылайды зерттеуші ғалымдар.

Америка континенті Жер шарының тең жартысын алып жатыр. Онда біз білмейтін әдебиет, біз білмейтін ақындар, құдайға шүкір, жетеді. Онда, негізінен, үш-төрт тілде сөйлеп, үш-төрт тілде ғана

жазады. Ағылшын, испан, португал, француз тілдері... Бірақ бір кезде жер бетінен мүлдем құрып кете жаздаған науа, мая, кечуа... сияқты халықтар да бар. Солардың кейбір ақындары өз ана тілдерінде ұлттық әдебиеттерін жасау үстінде...

Солардың бірі – Боливияда туған кечуа ақыны Хуан Уальпаримачи Майта. Ол тура жиырма бір жасында ұлт азаттық қозғалысы кезінде үнді сарбаздарына басшылық ете жүріп, отаршылдармен күресте қаза табады.

Ресейдің ескі елтаңбасы – екі басты бүркіт. Екі бастың өзі де аз емес. Әйтсе де сол екі бас төрт бастың міндетін атқарып тұр. Оңтүстік пен Солтүстік, Батыс пен Шығыс – түгелдей Ресейдің бақылауында. Дүниеде не болып, не қойып жатқанын сол төрт бас күндіз-түні көріп отырады. Және қалт жібермейді. Қапысыз қару жұмсайды.

Күні кеше, Кеңес өкіметі кезінде Ресейдің елтаңбасы өзгерді. Бірақ стратегиясы, ішкі-сыртқы саясаты өзгерген жоқ. Венгрлер бірдеңе демекші болып еді, төбесінен бір қойды. Чехтар бірдеңе демекші болып еді, төбесінен бір қойды. Румындар тілін тістеп, әрең отырды. Титоның кезінде Югославия ғана оралымды саясат ұстап, халықаралық ұйымдар арқылы жаны қалды... Ал Қазан көтерілісіне шейінгі отаршыл Ресей ештеңеден қаймыққан жоқ. Ол саясатқа бұратана халықтар түгіл, орыс халқының өзі де шыдамады. Бірде Болотников, бірде Разин, бірде Пугачев болып бұлқынып бақты. Кейде тіпті әртүрлі халықтар наразылығы қабат келіп, орыс патшаларының зәре-құтын алды. Соның бірі – Пугачев бүліншігімен қатар тұтанған башқұрт халқының ұлт азаттық көтерілісі. Оның басында жиырма бір жасында атқа қонған ақын Салауат Юлаев пен оның

әкесі Юлай Азналин болды. Салауат Юлаевқа Пугачев полковник атағын берді. Атақта тұрған ештеңе жоқ, әрине. Оған беретінін Құдай о баста берген. Құдай оған ақындық пен батырлықты бірге табыс еткен. Кейде осы өзіңнен өзің отырып, нағыз ақындардың ғұмырына таң қаласың. Таң қаласың да, ақындық пен батырлық дегеннің өзі біртұтас дүние емес пе деп те ойлайсың. Сондайда менің есімме Жүмекен Нәжімеденов марқұмның бір-екі тармағы еске түседі:

Ақын қылып жаратарда
Құдайдың
Өзіне де біткен шығар батылдык, —

дейді ол.

Әрі ақын, әрі батыр Салауатқа енді не керек еді? Не керек болушы еді? Халқына бостандық әперу керек еді! Бірақ жолы болмады. Дәлірек айтсақ, ол кезде Ресейге Құдайдың да күдіреті жүрмеді-ау деймін. Бүкіл Еуропаны аяғынан тік тұрғызатын Ресейге бармақтай Башқұртстан немене?! Бас бармағымен жаншып тастамай ма?! Әйтсе де халықтың аты халық. Және жай ғана халық емес. Башқұрт — Бас бөрі деген сөз. Оның үстіне азаттық үшін күрескен ел екі есе, үш есе қуатты болады. Екі есе, үш есе қуатты болғаныңнан не пайда? Ол кезде Ресей одан жүз есе күшті емес пе еді?! Пугачев қолға түскеннен кейін де Салауат күресін тоқтатқан жоқ, арыстандай айқасып бақты. Бірақ жазмыштың аты жазмыш. Жеңілді.

Бұл заман нені көрмеген,
Ерлер де өткен еңіреген,

Асқақтап биік арманмен
Аспанға данқы өрлеген.

Ақ дауыл соқса сынбаған,
Аждаһа көрсе қыңбаған.
Жын-пері салса сиқырын,
Жеңбей де көңілі тынбаған.

Ардагер өтті-ау талай ер,
Аруағың мені қолдай гөр!
Жасанған жауға шабуға
Тарланым, қанат қомдай гөр!

Қанымды менің аңсаған
Үш жүз жау тиді қарсы алдан.
Жайраттым жалғыз талайын,
Қан жоса болды қанша адам!

Жеңілді, қалды, жау тынды.
Жетектеп шықтым атымды.
Отырмын өзен бойында
Қайталап дұға, антымды! –

(Аударған – Берқайыр Аманшин)

дейді Салауаттың өзі бір өлеңінде. Міне, осылай айқасып, осылай шайқасып, тіпті осылай басым түсіп көрген батырдың өзі, батыр халықтың өзі ақыр түбінде жеңіліп тынды. Жиырма үш жасында Балтық бойына жер аударылды. Кез келген мықтыны шірітіп жіберетін Балтықтың сілбіреген жаңбыры, көз аштырмайтын тұманы таза құрыштан құйылған қайсар тұлға Салауатты да сынап бақты. Ол төтеп берді. Сол бір аса ауыр жағдайда ол тағы бір ширек ғасыр өмір сүрді. Қайран ақын! Қайран батыр!

Біздің елде Хо Ши Минді, негізінен, Вьетнам Социалистік Республикасының бірінші президенті және вьетнам халқының көсемі деп қана біледі. Бір адамның басына соның өзі де жетіп жатыр, әрине. Бірақ ұлы қылып тұрған тағы бір құдірет, тағы бір қасиет бар. Ол — ақындық. Ал оған ақындық атақты әперген президент креслосы емес. Оның президент болуына да, мүмкін, тіпті, көсем болуына да, көсем болғанда да қандай, сүйікті көсемі болуына себепкер болған осы ақындығы шығар, кім білген?! Мен өзім әйтеуір осылай ойлаймын.

Хо Ши Мин жетпіс тоғыз жыл өмір сүрген адам. Сол жетпіс-сексен жылында бір мәрте шылым шегіп, бір мәрте шарап ішпеген. Тіпті үйленбеген, бала сүймеген. Бүкіл өмірін кітап оқуға, тіл үйренуге және Вьетнам халқының азаттығы үшін күреске арнаған. Бір сөзбен айтқанда әулие!

Жетпісінші жылдардың аяғында «Прогресс» (Мәскеу) баспасы «Вьетнам әдебиетінің кітапханасы» деген атпен бірнеше том басып шығарды. Соның бірі Хо Ши Мин шығармаларына арналған. Жартысынан көбі шағын өлеңдерден тұратын сол сүйкімді томды мен түгелдей оқып шықтым. Әдетте, жапон, корей, қытай және вьетнам поэзиясын жүгіртіп оқу мүмкін емес. Оған біраз тәжірибе, біраз дағды керек. Бірақ мен Хо Ши Мин өлеңдерін жатырқамай оқып, жылы қабылдадым. Бүкіл дүниежүзілік өлең өнерімен таныс, ал шығыстың дәстүрлі поэзиясын барынша толық игерген кемеңгер, осы заман оқырмандарын тіптен де жалықтырмайды.

Шыңылдаған шымқай болат ер төсі
Ақын — сардар, сардарлардың серкесі, —

деп жазған екен бір төрттағанында. Сондағы соңғы егіз тармақты оқып Хо Ши Миннің бұлжымас көзқарасы деп қарауға болады.

Хо Ши Миндей көсемі бар ел бақытты ғой!


Оқу бағдарламасына және оқулық-хрестоматияларға кіріп, жастар жалпы ерте танысады демесек, қай-қай жағынан да жолы болмай жүрген қазақ өлең-жырындағы ірі тұлғаның бірі — Махамбет. Небары қырық екі жыл өмір сүріп, оны да түгелге жуық ат үстінде, қуғын-сүргінде өткізген ұлы ақын, ұлы перзенттің не кінәсі барын түсінбедім. Кейбіреулер біресе шығармасына, біресе көтерілісіне тиіседі. Оның өлендерінің кейбір тұстарында өзінен бұрынғы ақындардың аузынан шыққан таныс тармақтар жүреді деп білгішсінеді біреулер. Біріншіден, Махамбет стилімен тіл табыспай сестііп немесе сос-тиып бөлек шығып тұрған шумақты мен өз басым көре алмадым. Күрескер ақынның күллі дүниесі біртұтас табиғи бірлікте. Екіншіден, бірер тармақ, бірер шумақ жырлардың бір ақыннан екінші ақынға көшіп жүруі о заманда заңды құбылысқа айналған.

Ал енді, мәдениетті деген орыс әдебиетінің өзінде біреудің тәуір туындысын немесе оның негізгі өзегін көрер көзге еншілеп алу Пушкинде де, Гогольде де, тіпті Лев Толстойдың өзінде де болған. Бұл мәселеде бір-бірден емес, он-оннан мысал келтіруге болады. Гогольдің «Ревизоры» осы тақырыптағы бесінші ме, алтыншы ма шығарма. Онын алдында осынау бір әйгілі анекдотты Витко-Основьяненко, Вельтман, Полевой тағы басқалар жазған. Немесе Пушкиннің «Я памятник себе воздвиг нерукотворный.. — деп басталатын өлеңін алыңыз. Оның төркіні әріде — грек, рим поэзиясында, беріде — өз ұстазы Державинде жатыр.

Сіз оны айтасыз... Кәдімгі «Шахнама» бар ғой, соны да бірінші боп бастаған Фирдауси емес, Дакики. Бірақ ол ертерек өліп, аяқтай алмаған. Ал Фирдауси сол Дакики жазып үлгерген мың бәйітті ешқандай өзгеріссіз өз дастанына кіргізе салған... Ал біздер келіп алып Махамбет өлеңдерінде бөгде тармақтар жүр деп «жаңалық» ашамыз. Бұл сауаттылық емес — саяздық. Азаматтық емес — пенделік.

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып, жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей.
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып, ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

Бұл — ұзақ жырдың бір үзігі ғана. Бір үзік — бір бағдарлама. Бір үзік — бір манифест. Сөздері қандай, сөздері! Екпін қандай, екпін?! Осы аз ғана шумақ ішінде классика емес бір тармақ бар ма?! Қайда әлгі білгіштер? Жауап берсінші осыған!



Осындай-осындай, түйдек-түйдек, алтынға бергісіз асыл қазына жасап отырған ақын басқа біреудің бірденесіне несіне құмартады? Ойлану керек қой бір!

Бәрін айт та, бірін айт! Міне, осындай азулы ақын, қайсар қаһарман, қайталанбас тұлғаға әлі күнге ойдағыдай көңіл бөлмей, тиесілі бағасын бере алмай келеміз. Дүниежүзілік деңгейді былай қойғанда, республикалық деңгейде бір де бір мерейтойын өткізбепіз.

Туған елі, туған халқы үшін ол өзінің иықтағы басын берді. Біз оның дұрыстап бір асын да бере алмадық! Елміз деп несіне шіренеміз!



Жутиаға құмарлық немесе ақын және ғылым

Поэзия – жарылыс. Ғылым – жүйе.


Поэзия – самғау. Ғылым – бойлау.

Поэзия – таңдану. Ғылым – шешу.

Қысқасы, поэзия мен ғылым от пен су секілді бірін-бірі жоққа шығаратын, бірінен-бірі соншалық жырақ жатқан өзара жат әлем, кереғар дүние. Сөйте тұра, бір ғажабы, поэзияның ғылымға, ғылымның поэзияға ұмтылуында екі шалғайдың орталыққа, екі жартының тұтастыққа талпынуындай табиғи бір себеп, ғаламат бір заңдылық бар. Бұл талпыныс ғылымның әсемдікке, поэзияның парасатқа мұқтаждығынан туып жатса керек. Әрқайсысы өзінде жоқ қасиетке ие болғысы келе ме екен, сірә. Қайткенде де бұл өзі тегін құбылыс емес.

Әрине, онайлықпен келіп жатқан бірі де жоқ. Поэзия да – еңбек, ғылым да – еңбек. Бірінен-бірі асып түспесе, екеуінің де азабы бірінен-бірі кем түспейді. Сөйте тұра поэзия үшін – ғылым, ғылым үшін – поэзия – демалыс. Тіпті, демалыс қана емес – мейрам. Той.

Жалпы, мен өз басым поэзия мен ғылымның жоғарғы мәдениеті олардың өзара іштей байланысында – тәсілдері әртүрлі болғанмен, ұстанар мақ-



сагтарының бірлігінде деп есептеймін. Рас, поэзияны менсінбейтін көн-тулақ ғалымдар мен ғылым десе төбе шашы тік тұратын дүмше ақындар қандай ел, қандай халықта болса да аз емес. Бірақ солардың дүниежүзілік аренаға шығып, әлемді аузына қаратқаны шамалы. Шынын айтсам, ғылымды білмеймін, поэзияда ондай кемеңгерді әлі күнге естіген жоқпын. Ал әдебиет тарихына үнілер болсақ, данышпан ақындардың ішінде энциклопедиялық білімге қол созбағаны кемде-кем.

Хуана Инес де Ла Крус (1651-1695) – Мексика әдебиетінің өнегелі өкілі. Ақын. Ару. Заманының асқан сұлуы. Басқаны былай қойғанда, тек әйел ретінде де барынша бақытты болуға, біреуді өмір бойы бақытты етуге әбден мүмкіндігі бар ақылды да әсем жан. Бірақ ол ешбір қиындықсыз-ақ еркімен келіп алма мойнына асылғалы тұрған жастық жауһарынан саналы түрде бас тартып, одан өнердің өмір бойы тозбайтын темір қамытын әлдеқайда артық көрген. Иә, ол он төрт жасында, кәмелетке келіп бой жетіп те үлгермеген үлгілдеген сары балапан кезінде Мексика вице-королінің үлде мен бүлдеге бөленген салтанатты сарайында бірінші бикеш, яки король бәйбішесінен кейінгі екінші ханым деген құрметті атаққа ие болады. Вице-корольдің ақылгөй кеңесшілері болып есептелетін ортан қолдай оқымысты қауым жас сұлудың көркіне ғана емес, ағыл-тегіл ақылына, әсіресе, ағып төгілген біліміне таң қалады. Үсті-үстіне алма-кезек сұрақ қойып емтихан алған теолог, философ, математик, тарихшы, әдебиетшілердің бір де бірі сайрап тұрған саналы қызды сәл сүріндіре алмай, өздері сасады. Міне, сол білімнің өзін азсынған парасат иесі дүние сырын одан да гөрі тереңірек түсіне түсу үшін сарай салтанатынан, тіпті, жастық

жалыны, махаббат ләззаты секілді адами бақыттың бәрінен ерте баз кешіп, он бес жасында монастырға кетеді. Оны ол өмірден бір көңілі қалғандықтан немесе пендешілік істеп күнәға батқандықтан, әлде бір құдайға сенген діндарлықтан да емес, асыл уақытын босқа жеп жатқан күйбең тірліктен безе қашып, оңаша қалу үшін жасайды. Сөйтіп ол өзі өмір сүрген болар-болмас қырық төрт жылдың жиырма жеті жылын дүрілдеген дүние, ырду-дырду рақаттан аулақта, яки марғау монастырда өткізеді. Оның қоңыржай да қоңыр салқын кұжырасы, замандастарының айтуына қарағанда, тақуа арудың жұпыны жатағынан гөрі ғылыми-зерттеу лабораториясына көбірек ұксаса керек. Төрт қабырға тірескен кітап. Неше түрлі жағрафиялық карталар. Түрлі-түрлі тәжірибелер жасауға қажетті құрал-сайман. Өзі лаборант, өзі ассисент, өзі ғалым. Керек десеніз, өзі бір ғылыми-зерттеу институты. Институт қана ма? Сол кез үшін бір емес, бірнеше институттың басын қосқан Ғылым академиясы дерлік. Олай дейтін себебіміз: ол шұғылданбаған ғылымның саласы аз. Философия, шешендік өнер, әдебиет, физика, математика, тарих. Бірақ ол, біздің түсінігіміздегі кәдімгі диссертация қорғап, белгілі бір атақ-дәрежеге ие боп, ғылыми мекемеде қызмет ететін ресми ғалымнан мүлдем бөлек. Ол бар болғаны әуесқой, өз бетімен ізденуші, білімқұмар, алайда ешкімнен кем түспейтін жан-жақты оқымысты. Хуана Инес де Ла Крустың Мексика масштабын былай қойғанда, дүниежүзілік өнер бәйгесінде оқ бойы оза шапқан майталман ақын болуының бір себебі — табиғи дарыннан ғана емес — осыншалық ой орманы мен сезім шөлін суарып жатқан телегейтеніз білімнен де болса керек.


Константин Дмитриевич Бальмонт (1867-1942) — орыстың ұшы-қиыры жоқ өлең орманында күн нұрына жарыса ұмтылған жыр самырсындарының өз ортасындағы ең сымбатты, ең сұнғағы саналған сиқырлы ақындардың бірі. Басқаларды былай қойғанда, ақырында өзі бір әлемдік әдебиеттің өкіл әкесі болған Максим Горький де осы құдіреттің әсем әсерінен шыға алмай бірнеше жыл жүрген. Ол тегін емес, әрине.

Константин Бальмонттың әдеби еңбегіне елу жыл толуына байланысты жасаған жанашыр баяндамасында белгілі орыс ақыны Марина Цветаева мынандай бір мысал келтіреді. Алпыстан асып, жетпісті алқымдаған әрі әпенде, әрі ауру Бальмонт Маринаның таныс бір әйеліне былай депті: «Ақын өлең жазудан басқа не білуші еді деп ойлаушы едім, қайда! Сөйтсем ол — ішінде жүз профессор отырғандай және профессор болғанда қандай! — бәрін біледі екен...» Ақынның осы сөзін тура өзі туралы, Бальмонт туралы берілген анықтама деп қабылдауға әбден болады. Ақынның Кеңестер Одағында жарық көрген дара томдықтарында алғы сөз жазған Владимир Орлов та, Лев Озеров та Бальмонттың айрықша бір әдемі қасиеті — оның асқан білімдарлығына арнайы тоқтамай өтпейді. Шынында да, байқап отырсаң, оның хабардар емес бір де бір ғылым-білімі жоқ секілді. Жер жұтқан Атлантида, жоғалған эстарустар, Ассирия, Вавилон, Мысыр, Мексика, Үнді, Қытай — бір сөзбен айтқанда — дүниенің төрт бұрышын түгел білген. Қатардағы қаламгер — қаламгер ғана ма, өз мамандығын аса жақсы игерген мәшһүр ғалымдардың өзі Бальмонтпен сөйлескенде қылпылдап, ұстараның жүзінде отырғандай болады екен. Өйтпей ше?! Он-он бес, дәлірек айтсақ, он ал-

ты тілді жастай үйренген алғыр ақын жылына түгелдей бір кітапхананы қалай-солай оқып тауысатын болған. Кітапхананың аты кітапхана. Ол тек жалғыз ғана көркем әдебиеттен тұрмаса керек. Ботаника, химия, минерология, геология, палеонтология... Тағысын тағы. Толып жатқан ғылыми әлем! Ақын өзінің бір хатында әсіресе екі кітапты есі кетіп оқып жатқаны жайында айтады. Оның бірі – «Қытай тілінің түбірлі құрамы» да, екіншісі – «Қытай иероглифтік жазуына талдау». Таң қаласың ба, таң қалмайсың ба?!

Сергей Николаевич Сергеев-Ценский (1875-1958) қатардағы қалың оқырман қауым үшін белгілі орыс кеңес жазушысы. «Дала мұңы», «Қонжық», «Шипа су», «Құлпырған көктем», «Севастополь сойқаны», «Ресейдің дүр сілкінуі» сияқты толып жатқан ірі-ұсақты прозалық көркем туындылардың авторы ғана. Ал оның өмір бойы өлең жазып өткенін екіншісі біле бермейді. Қайткен күнде де, Сергеев-Ценскийді орыс әдебиетінің алып өкілдерінің жанына апарып қоюға әрекет етіп жүрген жанашыр сыншы жоқтың қасы. Сөйте тұра күні кешегі әдебиеттің кеменгер көшбасы Алексей Максимович Горький оны аса жоғары бағалаған. Белгілі әдебиетші Георгий Степановтың «Жазушылар өмірінің бір күні» атты кітабында мынандай бір факті бар: Көркем әдебиет баспасында кезекті келелі мәселе төңірегінде мәжіліс жүріп жатады. Сол кездегі Мемлекеттік Көркем әдебиет баспасының директоры Лебедев-Полянский:

«Жолдастар, көзі тірі жазушыны классик деп атау ыңғайсыздау, әрине. Бірақ біздің арамызда тірі классик Алексей Максимович отыр. Мен орыс классиктерін басып шығаруды Горький томдарынан бастау керек деп ұсыныс енгіземін».



Жұрттың бәрі қол соғады, әрине. Алексей Максимович кенет орнынан тұрып:

«Әгәрки, орыс классиктерін басып шығаруды тірі жазушыдан бастау қажет болса, онда оны, мені қоя тұрып, біздің басқа бір тірі классигіміз Сергей Николаевич Сергеев-Ценскийдің шығармаларынан бастағанмыз жөн», — дейді.


Бұл аз болғандай ұлы жазушының «Клим Самгин» атты көлемді туындысын өз қолынан сыйлаған тарихи данасында: «Менің ең сүйікті жазушым Сергеев-Ценскийге» деген қолтаңбасы тағы бар. Міне, осындай, басқа-басқа, көркем сөз құдайы Максим Горькийдің өзі құрмет тұтқан аса ірі жазушының өзі үшін үнемі өлең жазып отырғаны елдің бәріне бірдей белгілі емес деп жоғарыда айтып өттім. Ал оның жан-жақты білімдарлығы әдебиет ауылынан алыстау қонған басқа мамандық өкілдеріне мүлдем беймәлім. Басқа мамандық өкілдері деймін-ау, тіпті әдебиетші қауымның өзі бұл жағынан толық хабардар болмаса керек. Жазушымен жақын араласқан адамдардың айтуына қарағанда мұғалімдер институтын медальмен бітірген сол Сергеев-Ценский көптеген гимназияларда, орыс әдебиеті мен орыс тілін былай қойғанда, физика мен математикадан, тарих пен географиядан, ботаника мен зоологиядан, анатомия мен физиологиядан, жалпы жаратылыс тану мен минералогиядан, тіпті сызу мен суреттің өзінен ұстаздық еткен. Кейін бірнеше көркем туындының авторы болып, белгілі прозашы деген абыройлы атаққа ие болған соң ол медицинаны, тау-кен істерін, теңіз табиғатын, соғыс ғылымын, дипломатия тарихын өз бетінше беріле зерттеген. Қай мәселені, қай тақырыпты болмасын түбіне жетіп, түбегейлі игермей еш нәрсе жазбаған.

Содан да шығар, Максим Горький оның «Еңкейген Елена» атты көлемді туындысымен сырттай танысып шыққаннан кейін оның авторы міндетті түрде тау-кен инженері болуы керек деп ойлапты (Бір ғажабы, Максим Горький мен Сергей Николаевич Сергеев-Ценский сырттай сыйластықтары болмаса, өмір бойы бір-бірімен кездеспей өткен). Максим Горький ғана емес, ол шығарманы мамандар көзімен оқыған тау-кен инженерлері кітаптың авторы өз әріптестеріміздің бірі деп санауға мәжбүр болған...

Ақындар ғалым болсам, ғылыми жаңалықтар ашсам деп ізденбейді. Білместі білсем, көрместі көрсем деу — талантқа біткен табиғи құштарлық. Сол құштарлықтың арқасында кейбір ақындар ғалымдардың алдына қалай түсіп кеткендерін сезбей де қалса керек.

«Біздің жетістіктеріміз» атты орталық журналдың тапсырмасымен сапарда жүрген жиырма төрт жастағы жігерлі бір журналистің жолы түсіп, бір кездегі Ақмолаға соқпасы бар ма?! Туған топырағын аралап жүріп, сол 1930 жылдың көлкіген көктемінде қатты тасыған Нұра өзенінің өз арнасын аяқ асты өзгертіп, көмірлі Қарағандыны сусыз қалдырғаны жайлы естиді. Естіп қана қоймайды, өз аяғымен барып, өз көзімен көреді. Көрген-білгенін өз миына салып қорытады. Сөйтіп «Известияда» көлемді мақала жариялайды. Және сол оқыс та ойлы мақала негізінде Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің шақыруымен Президиумда баяндама жасайды. Соның арқасында Нұра өзенінің өзек-арнасын белгілі бір тұрақты жүйеге түсіру үшін өкімет аямай қаржы бөледі.

Мәскеуде, белгілі бір ғылыми кеңесте белгісіз бір аспирант «Аляскадағы орыстар» атты тақырыпта



диссертация қорғайды. Ресми, бейресми оппоненттер түгелдей дерлік сөйлеп шығады. Ең ақырында мінбеге мүлдем беймәлім шешен көтеріліпті. Ол аспай-саспай, аспиранттың да, жетекшісінің де намысына тимей, бірақ мақтамен бауыздағандай диссертация иесінің жіберген ғылыми кемшіліктерін, азды-көпті қателіктерін қарсы дау айта алмайтындай етіп тізіп береді. Ғылыми кеңестің мүшелері аңтаң боп біріне-бірі қарайды. Біріне-бірі қарайды да амалсыздан қол соғады.

1960 жылдың күзінде Қазақ КСР Ғылым академиясында хабарландыруда аты-жөні көрсетілмеген, ғылым әлемінде екінің бірі біле бермейтін бейтаныс біреу Шоқан Уәлиханов туралы әңгіме өткізеді. Әңгіме негізінен, қарапайым халық қана емес, мамандардың өзіне әлі де болса анық-қанығы белгісіз жаңа деректер төңірегінде айтылады. «Аспаннан түскен» әдемі эрудиттің мазмұнды мәлімдемесіне алдымен қол соққандардың бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов болып шығады.

Соның бәрінде тыңдаушыларын таңдандырып жүрген бір ғана адам. Ол – әке-шешесінен ерте қалып, тірлік тауқыметін тартудай-ақ тартып өскен, соның салдарынан орта мектептің өзін түгел аяқтай алмаған ақын, прозашы Сергей Николаевич Марков. Диплом түгіл, аттестаты жоқ, бірақ бағзы бір академиктердің өзінен артық білімдар, жан-жақты дарын. Оның 1978 жылы жарық көрген «Шежіре» атты кітабын оқып отырып тарих, география – жалпы дүниенің төрт бұрышы туралы тамаша деректерге тап боласың. Бір бет, жарты беттік ғана 347 мөлтек-миниатюра білімқұмар адамға ондаған, жүздеген кітаптың бермейтінін береді. Бұл «Шежірені» белгілі бір жанрға жатқызу мүмкін емес. Мен оны

өз кітапханамда энциклопедиялар сөресіне орналас-
тырдым. Және ол өз орнында тұр деп ойлаймын.

Ақындардың сегіз қырлы, бір сырлы болуы
Шығыс үшін де, Батыс үшін де бұрыннан жаңалық
емес.

Әзербайжан халқының ұлы ақыны Низами
Гинжауи (1140—1202) сөз өнерін ғана емес, соны-
мен қоса арифметика, алгебра, жалпы математика,
геометрия, астрономия, медицина, логика, геогра-
фия, тарих секілді толып жатқан ғылымды өз зама-
ны дәрежесінде өте жақсы білген.

Голландия ақыны Виллем Бильдердейк (1756-
1831) жаңа және көне әскери өнермен шұғылданған.

Институт, университет түгіл, ешқандай гимна-
зия, ешқандай лицей есігін ашып көрмеген дала да-
нышпаны, өзіміздің Абай атамыз медресенің мар-
дымсыз білімімен қанағаттанып қалмай, араб, пар-
сы, шағатай, орыс, еуропа әдебиетін жетік білген.
Біліп қана қоймаған, олардың озық туындыларын
қазақ тіліне алғаш рет аударған. Геродот тарихы-
мен жақсы таныс болған. Оның жайлаудағы қонақ-
жай киіз үйінде Чарльз Дарвиннің «Бигль» кемесі-
мен жасаған саяхаты» және Иван Гончаровтың
«Фрегат палладасы» қазақша аласа үстел үстінде қа-
тар жатқан. Көркем туындылармен қоса таза ғылы-
ми трактаттардың өзін Абай үлкен құштарлықпен
үзбей оқып отырған. Сол кезде Семейге келген ше-
телдік бір журналистен «Дедукция деген не, индук-
ция деген не?» — деп сұраған...

Әр елдің, әр халықтың ұлы ақындары ғылым
атаулының әр саласында өз бетімен оқып, білімде-
рін молайтумен ғана тынбаған. Өздері де сол төңі-
ректе қатты ізденіп, аянбай еңбек еткен. Кей жағ-
дайда ғалымдардың істей алмағанын істеген. Әсі-

ресе, тіл және тарих ғылымында ақындардың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Ондай-ондай оқшау тұлғалардың көркем және ғылыми шығармашылығына жеке-дара талдау жасар болсақ бір емес, бірнеше ғұмырдың өзі аздық етер еді. Сондықтан мен ондай авторлардың аттарын ғана атап өтпекпін. Онда да іріктеп-іріктеп.

Аппий Клавдий Соқыр (біздің жыл санауымыздан бұрын III—II ғасыр). Біздерге алдымен аты жеткен бірінші Рим жазушысы. Орфографияға реформа жасаған.

Месроп Маштоц (361-440) – армян алфавитінің негізін салған, армян ақыны.

Нанная Бхатта (шамамен 1015-1050) – үнді ақыны. «Андхра сөзінің ғажайып қазынасы» атты грамматикалық трактат жазған.

Абраам бен Мейр ибн Эзра (1092-1167) – еврей ақыны. «Грамматиканың негізі», «Сөздің тазалығы» секілді көне еврей тілі туралы көптеген еңбектер қалдырған.

Тунджатту Эжуттаччан (XIV ғасыр) – үнді ақыны. Қазіргі малая жазуының негізін салушы деп есептеледі.

Пелетье дю Мань (1517-1582) – француз орфографиясына реформа жасауға әрекет еткен. Француз ақыны.

Лауридис Кок (1708) 9-1788) 89) – дат ақыны. «Дат тіліне кіріспе» атты грамматиканың авторы.

Пир Мухаммад Какар (1708) 9-1788) 89) – ауған ақыны. Пуштун тілінің тұңғыш грамматикасын жазған.

Енекица Вэхереску (1740-1798) – румын ақыны. Румын грамматикасының авторы.

Дионизас Пошка (1757-1830) – литван ақыны. Литван тілінің грамматикасын жазған.

Иоанн Багратион (1768-1830) – грузин жазушысы. Грузин грамматикасының авторы.

Александр Востоков (1781-1864) – орыс ақыны. Орыс тілі грамматикасын жазған. Бұл грамматика кезінде он екі мәрте қатарынан басылып шыққан.

Крестьян Яак Петерсон (1801-1822) – эстон ақыны. Он алты жасында швед тілі грамматикасын құрастырған. Он жеті жасында эстон грамматикасы туралы еңбектер жариялай бастаған.

Шора Бекмурзин Ногмов (1801-1844) – қабарды ақыны. Ағартушы, қоғам қайраткері. Араб және орыс жазуы негізінде қабарды әрпін жасап кеткен.

Каетонас Алекнавиччюс (1803-1874) – литван ақыны. Басқа бір де бір әліппеге ұқсамайтын мүлдем ерекше әліппе құрастырған.

Андрей Зейлер (1804-1872) – серболуж ақыны. Луж грамматикасы жөнінде көптеген еңбектер қалдырған.

Людевит Гай (1809-1872) – хорват ақыны. Жаңа хорват жазуы негізін салушылардың бірі.

Васо Паша Шкодрани (1825-1892) – албан жазушысы. С. Фрашери, Я. Бретамен қосылып «Албанфранцуз» грамматикасын жазып шыққан.

Михаэль Налбандян (1829-1866) – армян ақыны. «Жаңа армян грамматикасының» авторы.

Антанас Баранаукас (1835-1902) – литван ақыны. Литван грамматикалық атауларын ойлап тапқан. Өз елінің тұңғыш диалектологы.

Саид Шахмурзаев (1886-1977) – балқар ақыны. 1929 жылы алғашқы балқар әліппесін құрастырған.

Ғалымжан Ибрагимов (1887-1938) – татар жазушысы. Әсіресе, біздерге жақсы таныс «Қазақ

кызы» романының авторы. «Татар грамматикасы», «Татарша жазудың принциптері», «Ана тілін оқытудың методикасы» сияқты елеулі-елеулі ғылыми еңбектер жазып қалдырған.

Константин Иванов (1890-1915) – шуваш ақыны. Әліппе құрастырған, оқулықтар жазған.

Чобан-заде Бекир Ваган оглы (1898-1938) – кырым татары, ақын, әдебиетші. Түркі тілдерін зерттеуге, латын әрпі негізінде түркі алфавитін жасауға көп еңбек сіңірген белгілі ақын.

Алишахбана (1908) – индонезия жазушысы. «Индонезия тілі», «Индонезия тілінің жаңа грамматикасын» жазған.

Тек осы мәселенің жалғыз өзімен ғана шұғылданған маман зерттеуші бұл тізімге бір емес тағы да бірнеше ақын тауып қосарына әбден сенуге болады. Бірақ осынау бір шағын тізімге қарап отырып ақ әр халықтың тілтану ғылымына әрқилы ақындардың қаншалық еңбек сіңіргенін барынша аңғара аласың.

Тіл білімінің негізгі бір басты объектісі – сөздіктер. Сол сөздіктер құрастыруда да әлгіндей ақындар қосқан ғылыми үлес ғалымдардың өздерінен гөрі көбірек болмаса, кем түспейді. Мысалы:

Муфаддель Ад-Дабби (VIII ғасыр) – араб ақыны. Алғаш араб тілінің түсіндірме сөздігін (және араб мақалдарының жинағын) құрастырған.

Әбу Мансұр Асади (XI ғасыр) – иран ақыны. «Фарсы тілінің сөздігін» құрастырған.

Гатран Тебрезі (1010-1080) – әзербайжан ақыны. Әзербайжан тілінің алғашқы сөздігін жасаған. Өкінішіне қарай, ол сөздік біздің заманға жетпеген.

Бусхах (?-1427) – иран ақыны. Дүниежүзі бой-

ынша кулинариялық атаулардың сөздігін алғаш құрастырушылардың бірі.

Георг Шерньгельм (1598-1672) – швед ақыны. Бітпей қалған «Көне швед және гот тілдерінің қазынасы» атты келелі сөздіктің авторы.

Ахмеди Хани (?-1652) – күрд ақыны. «Араб-күрд сөздігін» жазып шыққан.

Сираджуддин Али-хан Арау (1686-1756) – үнді ақыны. «Сирек кездесетін сөздер» деген сөздікте парсыша тұрақты тіркестер мен урду сөздеріне түсініктеме берген.

Антуан Ривроль (1753-1801) – француз ақыны. «Француз тілінің жаңа сөздігін» құрастырмақ болып, оның толық жоспарын жасап кеткен.

Дионизас Пошка (1757-1830) – литван ақыны. «Тұрақты тіркестер сөздігінің» авторы.

Франсуа Жюсп Мари Ренуар (1761-1836) – француз ақыны. Көне прованс тілінің көп томдық сөздігін құрастырған. Бұл осы күнге шейін аса бағалы еңбек боп есептеледі.

Александр Востоков (1781-1864) – орыс ақыны. «Ұлы орыс сөздігін жасаудағы әрекет» атты ең алғашқы сөздіктің авторы. Ол Владимир Даль құрастырған әйгілі сөздіктен он жыл бұрын жарық көрген.

Арутон Аламдарян (1795-1834) – армян ақыны. «Қысқаша орысша-армянша сөздік» құрастырған.

Вехб Сюмбюльзаде (?-1809) – түрік ақыны. Месневи түрінде бірінші араб-түрік сөздігін жасап шыққан.

Рангчаварсита (1801-1874) – Ява ақыны. Көне яван тілінің сөздігін құрастырған.

Левко Боровиковский (1806-1889) – украин ақыны. Украин сөздігін жасау үстінде көп еңбек сіңірген.

Нардацшанкар (1833-1886) — үнді жазушысы. «Нармад сөздігі» атты гуджарат тілінің тұңғыш сөздігін құрастырған.

Егойош Йегоаш (1870-1927) — еврей ақыны. 1910 жылы еврей тілі сөздігін құрастырып шығарған.

Беньямин Гиварис Раби Арсанис (1882-1957) — ассирия ақыны. «Орыс-ассирия тілдесу сөздігін» жасаған.

Николай Власов-Окский (1888-1947) — орыс ақыны. Синонимдер сөздігін құрастырумен шұғылданған.

Мұхаммед Гуль Нури (XX ғасыр) — ауған ақыны. Ауған-парсы сөздігін құрастырғандардың бірі.

Памба Берында (? — 1932) — украин ақыны. «Славян-орыс сөздігін» құрастырған.

Бенедикт Вилакази (1906-1947) — Сенегал ақыны. «Зұлу-ағылшын сөздігін» құрастырушылардың бірі.

Әрине, бұл да толық тізім емес. Дүние жүзінде қанша тіл, біз білмейтін қанша ақын бар? Олардың қайсысы қай тілдің қандай сөздігін құрастырғаны туралы еш жерде ешқандай арнайы мәлімет жоқ. Мен бұларды бір емес, бірнеше жыл қатарынан тірнектеп жинап келгем. Дей тұрсақ та қолымызға іліккен азды-көпті осы деректердің өзінен ондаған ақын әріптестеріміздің әр кезде әрқилы, әртүрлі салауатты сөздіктер құрастыру жұмысына аянбай ат салысқанын көруге болады. Осылай да осылай деп айтуға ғана жеңіл. Әйтпесе, бүкіл ғылыми-зерттеу институты болып тілші ағайындарымыздың «қазақша-орысша сөздік» жасай алмай жүргеніне қанша жыл? Соны ескерсек, әлгі айтқан дара ақындардың қажымас қайрат-жігеріне таң қалмауымыз мүмкін де емес-ау!

Ақын атаулының бір жанды жері – тіл болса, екінші жанды жері – тарих. Өйткені белгілі бір халықтың, не ұлттың рухани байлығы, күш-қуаты, міне, осы екеуінде, яки сол тілі мен тарихына соншалық тығыз байланысты. Ал ақындар әулеті қай халықтың, қай ұлттың болмасын бірінші патриоты ретінде ана тілі үшін жанын беріп, тарих десе ішкен асын жерге қояды. Содан да болса керек, тарихи әңгіме, повесть, роман атаулыны былай қойғанда, ақын жазған тарихи очерктер мен тарих оқулықтары ондап, тіпті жүздеп саналады. Фактыларға жүгініп көрелік:

Се Лин-юнь (386-433) – қытай ақыны. «Цзинь әулетінің тарихы» атты көлемді ғылыми еңбек бастап кеткен.

Мовес Хоренаци (шамамен 410-483) – армян ақыны. Армян тарихы ғылымының атасы. Армяндардың арғы түбі Айткен бастап, Аршакидтердің құлдырауына шейінгі екі аралықты түгел қамтитын «Армян тарихының» авторы.

Оуян Сю (1007-1072) – қытай ақыны. «Жаңа Тан тарихы», «Бес әулеттің тарихы» атты елеулі еңбектер қалдырған.

Ибн Хайян Кордовский (987 (88-1076) – испан-араб ақыны. Арабтар жаулап алғаннан кейінгі Испанияның бірнеше томдық тарихын жазып шыққан.

Ованес Саркаваг (1045-1129) – армян ақыны. Селжүктер тарихын жазған. Армян жыл санауының, яки тамараның негізін салған.

Шин Махатилавунта (1453-1518) – бирма ақыны. Он алтыншы ғасырға дейінгі Бирма тарихын барынша толық қамтитын «Әйгілі шежіренің» авторы.

Ианос Бреткунас (1536-1602) – литван ақыны. Шығыс Пруссия тарихын жазған.

Теодор Агриппа д'Обинье (1552-1620) – француз ақыны. Бірнеше томдық «Дүние жүзі тарихының» авторы.

Родриго Каро (1573-1647) – испан ақыны, әрі археолог. «Көне Севилья» атты тарихи зерттеу жазған.

Питер Корнелис Хофт (1581-1647) – нидерланд ақыны. Көп томдық «Нидерландия тарихының» авторы.

Джон Мильтон (1608-1647) – ағылшын ақыны. 1670 жылы «Британия тарихын» жазып бастырған.

Мирон Костин (1633-1691) – молдаван ақыны. «Молдава жерінің шежіресі», «Молдавандардың тегі» атты әйгілі зерттеулердің авторы.

Лодовико Антонио Муратори (1672-1750) – италиян ақыны. «Орта ғасырлық Италияны» жазған.

Антиох Кантемир (1703-1744) – орыс ақыны. «Оттаман империясының тарихын» жазып шыққан.

Адам Нарушевич (1733-1790) – поляк ақыны. Жеті томдық «Поляк халқының тарихын» жазып қалдырған.

Николай Карамзин (1766-1826) – орыс жазушысы. «Ресей мемлекетінің тарихы» атты үлкен еңбектің он екінші томын жазу үстінде дүние салған.

Николай Арцыбашев (1773-1841) – орыс жазушысы. Көне заманнан бастап Иван Грозныйға шейінгі тарихты түгел дерлік қамтитын «Ресей туралы хикаяның» авторы.

Сергей Глинка (1715-1747) – орыс ақыны. Ол жазған орыс тарихы оқу құралы ретінде кезінде үш мәрте басылып шыққан.

Мунис Хорезми (1779-1829) – өзбек ақыны. Хорезм хандығының шежіресін жазып кеткен.

Томас Мур (1779-1852) – ағылшын ақыны. 1835-1846 жылдар арасында «Ирландия тарихын» жазып бітірген.

Эрих Густав Гейер (1783-1847) – швед ақыны. «Көне дәуірдегі шведтер» атты тарихи еңбектің авторы.

Леконт де Лиль (1818-1894) – француз ақыны. «Француз революциясының ғылыми-көпшілік тарихын» жазған.

Гонсалвис Диас (1823-1864) – Бразилия ақыны. «Америка үндістерінің тарихын» жазып қалдырған.

Дмитрий Яворницкий (1855-1940) – украин ақыны. Үш томдық «Запорожие казактары тарихының» авторы.

Шора Бекмурзин Ногмов (1801-1844) – қабарды ақыны. «Адыгей халқының тарихы» деген үлкен еңбекті аяқтай алмай кеткен.

Беньямин Гиваргис Раби Арсанис (1882-1957) – ассирия ақыны. «Ислам пайғамбары Мұхаммедтің ассириялықтармен жасаған шарты», «Ассириялықтардың күрдтармен байланысты тарихы», «Қытайдағы ассириялық ескерткіш», «Ассириялықтардың Азиядағы іс-әрекеті», «Қайғылы кара тағдыр» секілді бірнеше тарихи еңбектің авторы.

Ибрахим Пуре Давуд (1886-1970) – иран ақыны. «Иншахрдын», яки иран зороастриялықтарының тарихын жазған.

Ақындар қауымының ғылым әлеміндегі өрісі осынау тіл білімі және тарих ауқымымен ғана шектеліп қоймайды. Күпияға құмар тынымсыз таланттардың бұл тұрғыдан алғанда бармаған жері, баспаған тауы жоқ дерлік. Ендігі өңгіме солар туралы болмақ.

Омар Һәйәм (1040-1110) – иран-тәжік ақыны. Гетенің өзі бас иген шығыстық жеті алыптың бірі. Оның ұлы ақын, ұлы ғалым екені ғана дау туғызбайды. Ал өмірбаянында келісе алмай жүрген екі ұшты сәттер тіпті көп. Басқаны былай қойғанда, Омар Һәйәмның туған жылы мен өлген жылы әр кітапта әртүрлі көрсетіліп келеді. 1955 жылы «Көркем әдебиет» баспасынан шыққан «Рубаилар» атты шағын жинақ пен 1972 жылы «Советский писатель» баспасынан басылып шыққан «Тәжік ақындары» атты антологияда 1048-1110 жылдар көрсетілсе, сол 1972 жылы «Наука» баспасынан жарық көрген (Рубаилардың) кезекті бір басылымында 1040-1112 жылдар көрсетілген. Ал әлемдік әдебиеттің екі жүз томдығында тағы басқа дата: (1048-1131). «Қазақ Совет энциклопедиясы» 1148-1112 жылдарды дұрыс деп тапқан секілді. Бұл бір. Ортақ пікірге келе алмай жүрген екінші жәйт – Омар Һәйәм рубаиларының нақтылы саны. 1955 жылғы басылымында – 290, 1972 жылғы дара басылымда – 450. Ақын шығармашылығын зерттеуші М. Османов пен Р. Алиев Омар Һәйәм рубаиларының саны үш жүздің үстіне шығады десе, екінші бір басылымның алғы сөзі мен биографиялық анықтамаларын жазған Р. Ради-заде мен Р. Рахим ақын рубаилары алты жүзден асады деген пікір айтыпты. Қалай болғанда да, қазақ тілінде өзiрге соның 325 ғана аударылған. Және аударма болғанда қандай! Ол үшін Қуандық Шаңғытбаевқа алғыс айтпасқа амал жоқ.

Омар Һәйәмның бір емес – екі өмірі бар секілді. Оның бірі – ақындық, екіншісі – ғалымдық. Шығыс оны алдымен ғалым деп таныса, Батыс оны бірден ақын деп білген. Оның әрі ақын, әрі ғалым болып мойындалуы кейінгі уақытта ғана басталды. Ал

бұл кітапта біз ғалымның ақындығы жайында емес, ақынның ғалымдығы жөнінде бірер ауыз сөз айтпақпыз.

Аристотель мен Ибн Синаның философиялық көзқарасын берік ұстанған ғалым атамыз, әсіресе, математика саласында көбірек еңбек еткен. Ол өзінің «Алгебра мен әлмұхабала мәселелерін дәлелдеу туралы» трактатында математика тарихында ең алғаш рет үшінші дәрежелі тенеулерді саралап шешуді жүйеге түсірмек болған. «Евклид еңбектеріндегі күрделі-қиын тұжырымдарға түсініктеме» атты үш кітаптың «Параллель түзулердің шын мәні туралы» деген бірінші кітабында Евклид ұғымына дәлме-дәл келетін түзулердің жаңа теориясы баяндалады. «Қатынастар, пропорциялар және олардың нақтылы мәні», «Қатынастарды құру және оларды зерттеу» деп аталатын екінші және үшінші кітабында Евклидтің қатынастық теориясын жетілдіріп, сандар мен шамаларға ортақ теория жасауға әрекет етеді. Шамалардың рационал және иррационал қатынастарына қисаби (сандық) өрнек табу қақындағы әл-Фараби идеясын одан әрі дамыта түседі. «Алтынкүміс заттардың мөлшерін анықтау тәсілі туралы» трактатында Архимед шешкен есептерді одан әрі жетілдіреді. Медицина мен астрономия әлемінде де ерекше еңбек етеді.

Исфahan, Мерв обсерваторияларында қызмет ете жүріп Мелик-шахтың өтініші бойынша жаңа күнтізбек жасап шығады. Ол қазір бүкіл дүние жүзі пайдаланып келе жатқан грегориан календарынан жеті секунд дәлірек. Омар Һәйәм календары бойынша отыз үш жыл ішінде жеті мәрте төрт жыл сайын, бір мәрте бес жылдан кейін, не бары сегіз кебісе (высокос) болуға тиіс. Сонда уақыт айырмасы бес



мың жылда ғана бір тәулікке әрең толады екен. Қандай дәлдік! Бірақ өкінішке қарай, бұл календарь өз кезінде іс жүзінде жүзеге асырылмай, теория күйінде ғана қалып қойған. Мейлі қалса қалсын... Ал ғалымдар ғана емес, ақындардың өзі дәл осындай дәлдігінен таймауға тиіс!

Әбу-ль-Фарадж, Григорий Иоанн Бар-Әбрей (1226-1286). Сирия мәдениетінің қай саласын алмаңыз Әбу-ль-Фарадж із қалдырмаған ашық алаңқай таппайсыз. Кенес оқырмандарына, негізінен, «Көңілді хикаялар» мен бірнеше өлеңдері ғана белгілі боп жүрген Сирия христиандарының (монофизиттердің) ғұлама басшысы өз заманының шын мәніндегі энциклопедисі. Дәрігер отбасында дүниеге келген аса қабілетті перзент кейін медицина ғылымында Әбу-ғали ибн Синаның көзқарастарын одан әрі дамытушы табанды тұлғаға айналған. Бүкіл Сирия поэзиясына шолу очерк пен дүниенің жаратылуынан бастап өзі өмір сүрген орта ғасырға шейінгі «Жалпы тарихты» жазып шыққан. Ол ол ма, «Нұр кітабы», «Ұшқын кітабы», «Грамматика» сияқты тіл білімі жөніндегі трактаттармен қоса астрономия және космография жайындағы «Ақылдың аршындауы» атты трактаты тағы бар. Ал «Этика», «Жанар кітабы», «Кемеңгерліктің тілі туралы кітап», «Даналықтың даналығы» атты философиялық еңбектері өз алдына бір төбе! Мараг обсерваториясында ғылыми еңбек ете жүріп, сол Мараг монастырында Эвклид пен Птолемей туралы оқыған лекциялары ше? Бөліп-бөліп берер болса, бір емес, бірнеше адамды әлемге әйгілі қылатын көл-көсір жұмыс. Солардың бәрі аз болғандай Әбу-ль-Фарадж өмір бойы күлдіргі әңгімелер, әзіл-қалжың анекдоттар жинап өткен. Сегіз қырлы, бір сырлы деп қазақ

осындай адамдарды айтса керек. Философия, теософия, этика, тарих, астрономия, тіл білімі, медицина, риторика – оның сегіз қыры десек, поэзия – бір сыры, өзегі іспетті.

Франческа Реди (1626-1698) – италиян ақыны. Он жетінші ғасырдың маңдайына біткен аса дарынды адамдарының бірі. Мұндай таңғажайып таланттар хақында төрт-бес ауыз жайдақ сөзбен тартымды бірдене айтудың өзі мүлдем мүмкін емес. Бірін жазсаң, бірі қалып қалатын секілді. Бірі ғана ма! «Үлкен Совет энциклопедиясында»: «Реди – итальянский естествоиспытатель и врач», – дейді де өте шығады. Ал оның әйгілі филолог, көне және шығыс тілдерінің білгіші, лексикограф, текстолог... екені жөнінде жарты түйір лебіз жоқ. «Қазақ Совет энциклопедиясында»: «Реди – дигенетикалық сорғыш құрттар класына жататын паразит құрттардың личинкалық даму сатысының бірі. Осы сатыдағы личинка да Редия деп аталынады. Редия деген атау италия табиғат зерттеушісі және дәрігер Ф. Редидің есімімен аталған» дейтін анықтама ғана бар. Бірақ сондай құрметке ие болған атақты адамның өзі жөнінде түк ашылмаған. Жә, бұл негізінен, белгілі бір халықтың, ұлттың өміріне байланысты шығарылған арнаулы еңбек. Сондықтан Реди сияқты ірі тұлғаларды, ірі болса да түгел қамту міндетті емес делік. Ал бүкілодақтық басқа басылымдар, соның ішінде тоғыз томдық «Қысқаша Әдебиет энциклопедиясына» Франческо Редидің кірмей қалуы ақылға тіпті сыймайды-ақ. Бұл тұста «қысқаша» деген арнаулы анықтауыш әдеби энциклопедияға ара түсіп жарыта алмайды. Сонау көне, тіпті көне заманнан бастап күні бүгінге шейінгі әлемдік әдебиеттің үлгілі туындыларын барынша сығымдап берген

екі жүз томдықта, басқаларға табылмаса да, Редиге орын табылған. Және жай емес, ақындық орын, классиктің орыны табылған. Өйткені ол «Вахх Тосканаға келгенде» атты өмірі өлмейтін дифирамбаның авторы. Дифирамба дегеніміз көне гректердің шарап құдайы Дионистің құрметіне арнап айтылатын мадақтау жыры, хормен айтылатын музыкалы дүние. Ал кейінгі жаңа поэзияда, әсіресе, Реди жақсы көретін Лорендо Медичи, Полциано, Кьябрера, Марина сияқты сөз зергерлерінің шығармашылығында дифирамба ішімдік пен дастарқан, той-тамаша туралы әзіл-қалжың аралас көңілді жыр есебінде қатты өріс алған. Міне, сол авторлардың ішінде жыр жүлдесі басқаға тимей, Франческо Редиге тиген. Оның бұл саладағы шығармашылық жеңісін — досы бар, дұшпаны бар — барлығы бір ауыздан мойындаған. Шығарманың мазмұны бойынша сері құдай Вахх, яғни Дионис Үндістанды жаулап алып кейін оралған сапарында әйелі Ариадна екеуі Тосканада қонақта болады. Құрметті мейман жергілікті шараптың әрқайсысынан бір татып жүріп қатты қызып қалады. Ал қызған құдай не демейді!

... Күтың қандай: қыштан ба?
Не болмаса мыстан ба?
Таусылмайтын толғаны,
Түпсіз болса болғаны.
Күтыларды титімдей,
Жек көремін итіңдей!
... Шаршатпа сен адамды
Өзім білем не дәмді.
... Онсыз өткен тіршілік
Тіршілік пе?
Құр шылық!

Болар-болмас аз ғана үзіндінің өзінен қанша-ма өлеңдік еркіндік, қаншалық жеңіл әзіл, қанша-ма ақындық күдірет байқалады! Шіркін, дарынға дауа болса ше! Осындай ойнақы жыр жолдарының авторы біраз өмірін ғылымға арнап, организмнен жаратылуы, адамдар мен хайуандар паразиттерінің биологиясы, жалпы құрт-құмырсқа жөнінде парасатты зерттеулер жүргізіп, пайымды пікірлер түйеді деп кім ойлаған!.. Ал Франческо Реди жаратылыс тану ғылымында төңкеріс жасаған қазіргі биологияның негізін салушылардың бірі. Ол организмнің өз-өзінен пайда болуы жөніндегі әбден көн болған көне пікірді тәжірибе жүзінде жоққа шығарған. Адам мен хайуанаттар ішіндегі тіршілік ететін аскариданың пайда болу органдарын тиянақты суреттеп, жыныстық жолмен көбейетіндігін ғылыми дәлелдеген. «Насекомдардың көбеюі жайындағы пайымдар» атты келелі еңбек жазған.

Шарап құдайы қақындағы көркем туындысымен әлемдік әдебиетте, құрт-құмырсқалар жайындағы ғылыми зерттеуімен ғылым әлемінде атын мәңгі қалдырған Франческо Реди секілді сирек кездесетін дара дарындарды қалай ұмытуға болады?!

Михайло Васильевич Ломоносов (1711-1765) — ақын ретінде де, ғалым ретінде де басқа тұлғалармен салыстырғанда төрт құбыласы тең дарын. Орта мектеп оқулықтарының арқасында, әсіресе Кеңестер Одағында оны жақсы білмейтін адам жоқ. Көне қазақ сөзімен айтқанда: құдай берген талант. Ғалымдығын сызып тастасаң, ұлы орыс әдебиетінде ақын есебінде; ал егер ақындығын сызып тастаса әлемдік ғылым тарихында оқымысты ретінде аты мәңгі қалатын айрықша адам. Ең төменгі сыныпта оқып жүрген сары үрпек сотанақтармен қатар оты-



руына тура келген он тоғыз жасар соқталдай ірі жігітті көргенде кезінде күлмеген кісі болмаса керек. Алғашқы жарты жылдықта екіншіні бітіріп, сол жылы үшіншіге көшкен теңізші баласының осы алған қарқыны қарқын еді. Төрт жылдан кейін Мәскеу славян-грек-латын Академиясының ең озық оқушысы 1736 жылдың басында Петербург Ғылым академиясының салауатты студенті болып шыға келеді. Бірақ ол онда көп оқып жарытпайды. Академия президентінің шешімі бойынша сол жылдың күзінде физика, математикадан тереңірек білім алу үшін Марбург университетіне қоныс аударады. Ол онда теориялық физика, механика, гидростатика, гидравлика пәндерін түгел қамтитын «математика ғылымынан» лекция оқитын неміс философы Христиан Вольфтің сүйікті студентіне айналады. Одан 1739 жылдың екінші жартысынан бастап тау-кен ісі мен металлургияны зерттеу үшін Марбургтан Фрейбергке (Саксонияға) барады. Бірақ тау-кен ісінің белгілі кеңесшісі Генкелмен тіл табыспай, 1741 жылдың жазында Петербургке қайтып оралады. Сонда анасы бар, мынасы бар — оқығаны он жыл ғана! Соған қарамай ол теориялық физикадан да, химиядан да диссертациялық еңбектерін жазып ұсынады. Он тоғыз жасында ресми мектеп есігін бірінші рет ашқан Солтүстік Двина аралының белгісіз азаматы отыз төрт жасында химия ғылымының профессоры деген абыройлы атаққа ие болады. Өкінішке қарай, Михайло Ломоносов ұзақ өмір сүрмеген. Не бары елу төрт-ақ жыл жарық дүние қызығын көрген ұлы ғалым сол елу төрттің жиырма төртін ғана шығармашылыққа арнапты. Бірақ сол ширек ғасырға жетер-жетпес шолақ мезгілдің өзінде ол астрономия, физика, физикалық химия, геоло-

гия, география, тарих, кристаллография сияқты әр саладан қаншама жаңалықтар ашып үлгерді. Тек айтуға ғана онай. Ал поэзиядағы, жалпы әдебиеттегі еңбектері ше?

Ол туралы жетпіс екі томнан тұратын жеті жүз ғылыми еңбектің авторы, ұлы математик Леонард Эйлер: «Қазірде мұндай кемеңгерлер өте сирек кездеседі...» деген. Пәлі! Ондай кемеңгерлер қай кезде көп болып еді?!

Ақындар әулетінің әулие тобына жататын Иоганн Вольфганг Гете (1749-1832) көркем әдебиетте көтерілген биігі аласа болғандай, жапырақтарды зерттеу арқылы өсімдіктің өзгеруі (метаморфоза растений) туралы жаңа ғылымның ірге тасын қалайды. Бір кезде қураған қу толағайға шұқшия қарап, шықшыт аралық елеусіз сүйекті ең бірінші боп байқаған болса, кейін Венецияда көне зираттарды аралап жүріп, қаудырлап кепкен қойдың бас сүйегіне тап болады. Сол бас сүйектегі табиғи қисық сызат сызықтар арқылы тағы бір ғылыми жаңалық ашады. Ол – салыстырмалы анатомиялық болашақ арқауы болатын. Осы идеяны одан әрі ұштай түскен данышпан ақын – бұл тұста ол данышпан ғалым, әрине, Дарвиннің өзінен жетпіс жыл бұрын дарвинизмнің өзекті идеясына байланысты пікір айтады. Ғаламат па? Ғаламат!

Адельберт Шамиссо (1781-1838) – Гетенің замандасы, әріптесі, белгілі неміс ақыны, әлемге әйгілі «Петер Шлемильдің ғажайып хикаясы» атты аты шулы хикаяның авторы. 1919 жылы алынған деректерге қарағанда бұл тамаша туынды түпнұсқада және басқа тілдерде жүз жыл аралықта жүз сексен тоғыз мәрте жарияланыпты. Көркем әдебиет тарихы үшін керемет рекорд.

Міне, осы өміршең шығарма жарық көрместен бір жыл бұрын, яки 1812 жылы отыздан асқан ойлы ақын Берлин университетіне түсіп, жаратылыс тану жолында құлшына еңбек етеді. Анатомия мен антропологияны зерікпей зерттеп, ботаника саласында сан алуан табыстарға жетеді. Алыс-алыс ғылыми сапарларды армандай бастайды. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей, бір күні газеттен граф Румянцевтің полярлық экспедицияға дайындалып жатқаны туралы хабар оқиды. Әрқилы әрекеттердің арқасында сол экспедиция кемесі «Рюрикке» натуралист болып қызметке орналасады. Бұдан асқан қуаныш болар ма? Орыс кемесі өмірі зерттелмеген Плимут, Канар аралдары, Бразилия, Горн мүйісі, Чили, Полинезия, Камчатка, Солтүстік Шығыс Аляска сияқты адам аяғы басса да, ғылым аяғы баспаған соны жерлер арқылы сапар шегеді. Бұл сапардың негізгі мақсаты – Беринг бұғазын жүзіп өту. 1816 жылы ғылыми команда Аляска төңірегінен кемеге жайлы айлақ боларлық қолайлы арал іздеп табады. Оған және Шамиссо деп ат қойылады. Өкінішіне қарай, сапардың әлгі айтылған басты міндеті капитанның аяқ асты ауырып қалуына байланысты жүзеге аспай, экспедиция Үнді мұхиты арқылы Санкт-Петербургке кері оралады. Бұл сапардан ғылыми қоржынын әбден сықап қайтқан Шамиссо ботаника, этнография, лингвистика саласында елеулі еңбектер жазады. Үш жыл бойы тірнектеп жинаған ғаламат бай коллекциясын Берлин университетіне сыйға тартады. Бір емес, бірнеше құрметті атаққа ие болады. Соның бірі – Берлин Ботаникалық бағының адьюнкты деген абырой. Кейін Академияға мүше боп сайланады. Бірақ ғалым ретінде қаншалық мәшһүр болғанмен, өлең

жазуын тастамайды. 1831 жылы алғаш рет жеке жинақ боп шыққан поэтикалық туындылары өте тез өтіп кетеді.

Әр ұлттың рухани ұрасында, әр ғасырдың ғылыми қоймасында біз білмейтін қанша сыр, қанша құпия жатыр?!

Дара-дара алғанда тек дерек күйінде ғана қалып, ал жинақтап белгілі бір жүйеге түсірсе, аса мәнді ғылыми қызмет атқаратын мұндай-мұндай қағажу фактылар, қайталап айтам, бір емес, ондап-жүздеп жолығады. Кейде тіпті адам ойына кіріп шықпайтын таңғажайып тағдырлар кездеседі.

Шаһ Абдул Латиф Бхитай (1689-1752) – үнді ақыны. Бұрын-соңды болмаған музыкалық аспап жасаған.

Ал Шарль Кро (1842-1888) – италиян ақыны, ғылыми фантаст жазушысы. Фонограф пен түрлі түсті фотографияны Эдиссонға шейін ойлап шығарған.

Өзі ақын, өзі революционер Леонид Радин (1860-1900) – патша өкіметі кезінде көрместі көріп жүріп-ақ «Шарап жасау», «Күрделі ғылым жөнінде ұғымды әңгіме» сияқты ғылыми-көпшілік еңбектер жазған.

Бұл бұл ма! Бұдан он шақты ғасыр бұрын андалузиялық араб ақыны Ибн Абд-Раббихи (860-940) – кез келген сауатты адамға соншалық қажет «Асыл алқа» атты шағын энциклопедия құрастырған.

Қалай дегенде де біздің манадан бері айтып жатқан адамдарымыз әдебиет құмар әуесқой қауымға әуелден ақын боп танылған. Біреу-міреу таң қала қалса, олардың өлең жазғанына таң қалмайды, ғылыми жаңалықтар ашқанына таң қалады. Ал Омар Һәйәм мен Михайло Ломоносов та, Гете



мен Шамиссо да ақын ретінде ешкімнің құлағына тосын естілмейді. Солайы солай. Дей тұрсақ та енді бір дарындар бар. Оларды бүкіл дүние жүзі о бастан тек ғалым деп атап әдеттенген. Ал әдебиет тарихы оларды ақын деп те таниды. Танымай ше!

Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950) – әйгілі Аристотельден кейінгі әлемдік атакқа ие болған энциклопедист ғалым, біздің ұлы жерлесіміз. Ол туралы «Қазақ Совет энциклопедиясы» былай деп жазады:

«Өз заманындағы білім-ғылым, өнерден Әбу Нәсір әл-Фарабидің із қалдырмағаны жоқ деуге болады. Одан қалған ғылыми еңбектің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылымдар саласына бөлетін болсақ, мынандай: астрономия, астрология, математика, логика, музыка, дәрігерлік, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия-риторика, философия. Кейінгі он жыл ішінде Қазақ КСР Ғылым академиясының орталық кітапханасы Әбу Нәсір әл-Фараби еңбектерінің нұсқаларын жинауға ерекше көңіл бөліп отыр. Қазір қолымызда Әбу Нәсір әл-Фарабидің 50 шақты еңбегі бар. Олардың ішінде басқа тілге аударылмаған, ғалымдар арасында осы күнге дейін белгісіз болып келген тамаша еңбектер бар. Мысалы: «Алмагеске түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әлмусина әл-кабир» т.б. Бұлардың әрқайсысы – бір-бір ғылымның сеңгірін көрсететін аса ірі туындылар. Бұлардан басқа философиялық, социологиялық т.б. ірі еңбектері бар: «Платон мен Аристотель көзқарастары арасындағы ұқсастық», «Қайырлы қала адамдарының көзқарастары», «Ғылымдардың шығуы», «Ғылым меруерті», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» («Категория», «Аналитика», «Софистика», «Риторика», «Поэтика»,

«Логика», «Этика», «Метафизика» т. б.), «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек», «Сауалдар мен жауаптар», «Мәселенің негізі», «Субстанция», «Уақыт», «Вакуум», «Алхимия», «Ақыл мен түсінік», «Жан туралы», «Жанның күші туралы», «Ғылымдарды топтастыру» (классификация), «Эвклид геометриясы туралы». Осылай кете береді, кете береді. Бірақ ақындығы жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Рас, Әбу Нәсір әл-Фарабидің артында жеке кітап болып басын құрастырған бір де бір өлең кітабы бізге әзірше белгілі емес. «Әзірше» деген сөзді әдейі айтып отырмыз. Өйткені ұлы жерлесіміздің өлең жазумен шұғылданғаны туралы әңгіме бар. 1974 жылы «Жазушы» баспасы басып шығарған Әбу Нәсір әл-Фарабидің «Трактат және өлеңдер» атты шағын ғана кітапшасында оны қазақшаға аударған және алғысөз жазған Аян Нысаналин 1944 жылы Бейрутта жарық көрген әдебиетші-ғалым Махмуд Аббастың «Әл-Фарабиан» деген кітабынан мынандай бір мысал келтіреді: «Сайф ад-Дауланың сарайына жиналған данышпан данагөйлер мен ақиық ақындар аптаның әр күні әдемі бұлбұл бақта отырып, мүшәйраға түсетін еді. Ол өзгелердей емес, Сайф ад-Дауланың өзімен бірге келіп, әкімнің жанында иық тиістіріп отыратын. Білімпаз билеуші шығысқа ойымен шұғыла шашқан Фарабидің философиялық тұжырымдарын да, өлеңдерін де қатты ұнататын, сүйсіне тыңдайтын. Мұндай санаткерлік сынға араб-парсы ақындарының сайыпқырандары ғана қатынасатын». Сол Махмуд Аббас өз еңбегінде әл-Фарабидің өлеңді арабша да, парсыша да жазғанын айрықша атап өтеді. Туған жерінен өте жастай кетіп, мәдениет жағынан әбден арабтанған данышпан туысымызға жат өлкеде жүріп

өлең шығарудың қажеті де жоқ еді, әрине. Ал оның арабша, парсыша жазған жауһар жырларының бұл заманға түгел жетпеуі тіптен мүмкін емес. Сірә, ол өз өлеңдерін басқа есім, басқа ныспымен шығарған болуы керек. Әдебиет тарихында мұндай құбылыс жиі ұшырайды... Жо-оқ, Әбу Нәсір әл-Фараби мықты ғалым болғанмен, шабытты ақын болмаған ғой, сондықтан да оның өлеңдері халық жүрегінде сақталмаған дейін десек, тоғызыншы ғасырдың аяғы мен оныншы ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Әбуль-фарадж әл-Исфahanидің «Күй кітабында» ақынымызға берілген мынандай бір ғажап баға бар. «Поэзия – дөңгеленген алтын түйе, оның басы – Әбунәсір Мұхаммедке, өркеші – Әбу Нувасқа, иығы Омар ибн Әби Рабаға, кеудесі – Әбу Тәмәмға тиеді, қалғаны ішек-қарын – оны екеуміз бөлісіп отырмыз». Бұл сөз арабтың атакты ақыны Әбу Фирастың аузынан шыққан.

Омар ибн әби Раба (644-711), Әбу Нувас (762-813), Әбу Тәмәм (805-846) – үшеуі де бірін-бірі көрмеген, жас айырмашылығы жағынан бірімен бірі кездесуге мүмкіндіктері де болмаған, бірақ әрқайсысы өз буыны, өз ғасырының озық ақындары. Әбу Нәсір әл-Фарабиден алпыс екі жыл кейін туып, отыз сегіз жыл кейін өлген, бірақ он сегіз жыл қатар өмір сүрген Әбу Фирас – Сайф ад-Дауланың – түү десе түкірігі жерге түспейтін әйгілі әмірдің немере бөлесі һәм шәкірті. Әбу Нәсір әл-Фарабиге өмірі күні түсіп кіріптар болмайтын сарай адамы, дарынды ақын. Демек Әбу Фирастың өтірік дәріптеуі тіптен мүмкін емес. Бізді бұл мадақтау таң қалдырмайды. Замандастары мойындаған сондай майталман ақын жырларының біздің заманға түгел жетпегені таң қалдырады... сарай үшін, ғылым үшін ол

Әбу Нәсір әл-Фараби Мұхаммед ибн Ұзлағ Тархани болғанмен, поэзия үшін басқа ілім, басқа ныспы болуы мүмкін ғой деуіміз де содан. Әйтпесе Әбу Нәсір әл-Фараби атымен жарық көрген дүниелердің жоғалып кетуі ақылға сыймайды.


Тыңдырмаса ештеңе өмірінде осы өткен,
Шығып қалдым деп түсіп адам деген есептен.
Бүгін бітір ісінді, келіп тұрса қолыңнан,
Ертең, мүмкін, тұрмасың анау мамық төсектен!

Немесе,

Сәбидейсің, сүйкімді иіскеп қойсаң күр иісін,
Күндіз-түні сілтесең – өлім күткен бір үйсін,
Кім ішуге тиісті? Қаңғыбас, шах, данышпан,
Соның бірі болмасаң, ішпе, сорлы, құрисың!

Ғұмыр бойы өлең жазып, әлемдік поэзияны зерікпей зерттеп жүрген жыр құмар жан болмаса, бұл пәленшенің сөз саптасы ғой деп ешкім кесіп айта алмас еді. Рас, әдебиеттен аз-мұз хабары бар қатардағы оқырман осы үзінділерге қарап отырып, оның қай төңіректің туындысы екенін жаңылмай табуы мүмкін. Өйткені мұнда Шығыстың иісі шығыңқырап-ақ тұр. Иә, о заман мен бұ заманнан естіп білгені бар аңғарымпаз ағайын әр тармақтың астарына үніле қарап оның ертеде, әжептеуір ертеде жазылғанын да дәл сезуі ғажап емес. Ал авторы кім? Авторы? Бұл мәселеге келгенде біраз «білгіш» киналады. Сөйте тұра «мұны жазған кім» десең, ойланбастан «ақын!» деп жауап берері анық. Басқаша болуы мүмкін бе?

Жоқ, мүмкін емес! Әр сөздің астында шымырлаған сезім, мөлдіреген ой жатса, қалайша басқаша



жауап беруге болады? Әрине, мұны жазған ақын. Бірақ ақындығымен аты шыққан адам емес, ғалымдығымен мәшһүр болған адам. Кім ол? Мұндайда қатардағы оқырманның (оқырман ғана болса ештеңе емес қой!) ойына алдымен Омар Һәйәмның рубаилары еске түседі. Ол да ақылға сыяды. Тақырыбы да, көркемдік қолтаңба да, құбыланама сияқты, ел жағынан — Шығысты, уақыт жағынан — орта ғасырды меңзеп тұр. Тек авторына келгенде ғана білімдарлықтың сәл-пәл ауытқып кеткен жайы бар. Ол үшін ешкімді кінәлауға болмайды. Өйткені бұл шумақтардың авторы ғылымда Омар Һәйәмдай белгілі, тіпті кейбір жағдайда одан да гөрі әйгілірек болғанмен, поэзияда бәсеңдеу. Ақындығы ғалымдығының көлеңкесінде қалып қоюға мәжбүр болған басқа данышпан — Ибн Сина.

Ибн Сина (980-1037) — тууы тұрғысынан келсек — ортаазиялық, мәшһүрлігі жағынан алсақ — дүниежүзілік ғұлама ғалым, жан-жақты білімдар дәрігер, жаратылыс зерттеушісі, астроном, шығыстық аристотелизмнің белгілі өкілі, Әбу Нәсір әл-Фарабидің ізбасары. Оның медицина саласындағы ең күрделі еңбегі — көлемі екі жүз баспа табақтан тұратын бес томдық «Дәрігерлік ғылымның қағидасы». Бұл энциклопедиялық еңбектің латынша аудармасы он екінші ғасырда жарық көріп, дүние жүзінің төрт бұрышына түгел тараған. Ал ол жұмыстың авторы — Батысы бар, Шығысы бар — бүкіл жұмыр жер бойынша медицина ғылымындағы дара данышпан, теңдесі жоқ ұлы ұстаз дәрежесіне көтеріліп «Шейх-ур-райс», яки «медицина падишасы» деген зор құрметке ие болған.

«Қағиданың бірінші кітабы түгелдей медицинаның жалпы теориясына арналған. Онда ол ана-


томия, физиология, хирургия, диагностика сиякты медицинаның негізгі салаларына барынша терең үніледі. Еңбектің екінші және төртінші кітаптарында тек қана терапия төңірегінде сөз болса, үшінші мен бесінші кітабында автор дәрі-дәрмек жасау, оны орнымен пайдалану және сақтау мәселелеріне тоқталады».

«Урджуза фи-т-тибб» (кейде ол «Манзума» фи-т-тибб» те аталады) деген бір еңбегінде Ибн Сина медицинаның негізгі мәселелерін қысқаша өлеңмен жазып шыққан. 1322 егіз тармақтан тұратын бұл туындының қолжазба нұсқасы Өзбек КСР Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақтаулы.

Ибн Сина еңбектерінің біршамасы философияға байланысты. Олар: «Айығу кітабы», «Құтылу кітабы», «Нұсқау кітабы», «Білім кітабы». Бұлардың қатарына математика, астрономия, химия, физика, геология, логика, психология, көркем әдебиет туралы жазылған толып жатқан трактаттарын қоссақ ұлы ғалымның тұғыртасы одан әрі биіктей, оның аңызға айналған әйгілі есімі одан әрі нұрлана түседі.

Бір ғажабы, Ибн Сина өзінің кейбір өлеңдері мен «Дәрігерлік ғылымның қағидасын» араб тілінде жазса, «Дәнішнәмасын» ана тілінде, яки парсы-дариша тұжырымдаған.

Джордано Бруно (1548-1600) – қайта дәуірлеу кезеңінің аяқ жағын ала өмір сүрген италиян философы. Оны бір себептен ақын ойшыл, бір себептен ойшыл ақын десе де боларлық. Өйткені оның ғылыми трактаттары толы поэзия да, поэзиясы толы философия. Өмірі ғана емес, бүкіл ғылыми еңбектерінің өзі басынан аяғына шейін аяусыз айтысқа құ-




рылғандықтан Джордано Бруноның көркем сөз күдіретіне арқа сүйемеске амалы жоқ еді. «Өрт орнындағы ойнақ», «Ұлы оразаның ауыз ашары», «Шексіздік, ғарыш және әлемдер жайында», «Мейманасы тасқан тағылар туралы», «Қаһармандық құлшыныс қақында» сияқты толып жатқан философиялық трактаттардың тілінде, тәсілінде, олардың көр-кемдік жүйесінде Джордано Бруноның нағыз ақындық қуаты барынша мол көрінген. Ал оның «Шамдан» атты комедиясы әлемдік классиканың ардақты төрінен орын алады.

Оның шыр етіп жерге түскеннен ата-анасының азан шақыртып қойған аты — Филиппо. Он жеті жасында доминикан монастырына софы шәкірт боп түскеннен кейін оны ноландық Джордано Бруно деп атап кеткен. Сол монастырдың аса бай кітапханасында он жыл алаңсыз отырған жас философ аз ғана уақыт ішінде Аристотель іліміне әбден қанық христиан, еврей, араб ғалымдары, көне заман философтары, ақын-жазушылары ішіндегі ең ірі тұлғаға айналады. Оның шығармашылығын түбегейлі талдаушы неміс зерттеушілерінің бірі «Бруно ойшыл ретінде де, ақын ретінде де ешқандай қысылып-қымтырылуды білмеген...» — дейді. Шынында да ол тумысынан турашыл адам болған. Өз пікірінен өзі қайта білетін тайғанақ ғалым болса, оның инквизиция отына күймей аман калуы да мүмкін еді. Жок! Ол ажал алдында ығуды білмеген нағыз батыр. «Бағзы бір ғасырдағы болашақ өлім ғасырлардың бәрінде тірілермен бірге өмір сүруге мүмкіндік береді» — деген даналық сөз тек өз күшіне, өз ерлігіне қатты сенетін қайсар ғалымнан ғана шықса керек.

Томмазо Кампанелла (1568-1639) — италиян ойшылы, утопиялық социализмнің көрнекті өкіл-

дерінің бірі. «Күн қаласы» атты әйгілі шығарманың авторы. Көпшілік оны осылай таниды. Ал шынына келер болсақ, Кампанелланың шұғылданбаған ғылымы жоқ. Сол баяғы құлаққа таныс «Диалектика», «Историяграфия», «Математика», «Медицина», «Метафизика», «Поэтика», «Риторика», «Философия», «Этика» сияқты классикалық еңбектеріне қарап-ақ оны Фичино, Пико, Леонардолардың қатарынан іздейсіз. Іздеп қана қоймайсыз, сол маң, сол биіктен табасыз. «Телезия апологиясы», «Галилей апологиясы», «Саяси афоризмдер», «Шынайы философия», «Рациональды философия», «Заттың мәні туралы» тәрізді толып жатқан басқа да елеулі еңбектерін, бір ғажабы, өз үйі — өлең төсегі, төрт құбыласы тең тыныш тірлік, кітап толы жұмыс кабинетінде шіреніп отырып жазбаған. Онан бері тас қамау, тар қапаста, имансыз инквизицияның қаһарлы кез, қанды қылышының астында арпаласып дүниеге келген. 1622 жылы Кампанелланың азаттықтағы ардақты достары «Сеттимонтано Сквилланың кейбір философиялық жырларының жинағы» деген жұпыны атпен оның сексен тоғыз өлеңін жеке кітап етіп бастырып шығарған. «Сквилла» да «Кампанелла», яки қоңырау деген сөздің екінші баламасы. Ал «Сентимонтано» «жеті томпақ» деген мағына береді. Кампанелланың бас бітімінде жеті томпақ болса керек. Сондықтан ол өзін «жеті томпақты қоңырау» деп атаған. Қоңырау десе қоңырау. Сол кездің өзінде, оның дауысы жер астынан шығып жатса да, жетпеген қиыры жоқ-ты. Кейін әйгілі азаматтың аруағына бас иген ғұлама ғалымдар әлгі сексен тоғыз өлеңнің жанына тағы бір жетпіс бес өлең тауып қосты. Қалғанын қараңғы ғасыр жұтып қойса не істейміз?! Темір торлы аж-



даһа абақтыдан осы дүниелердің өзі қалай жол тауып шыққанына таң қаласың. Бірақ талант бұзбайтын тас камал, шындық шықпайтын шыңырау зындан болмаса керек.

Күрту үшін тусам керек мен өзім
Бұл заманның қос жүзділік мерезін.
Қадірлеймін Парасат пен Махаббат,
Һәм солардың мызғымайтын мінезін.

Жеті қабат жалғандықпен сайыста,
Жер жүзінің қабырғасы қайысқан.
Шипа болар шындық үшін күресте
Адам миы – бір ғана күш ойстан.

Індет, аштық, соғыс күртты алапты,
Бей әділдік, арам байлық жылатты.
Міне, осындай теңдесі жоқ сұмдықтар,
Жанымыздың жарақатын жалатты.

Шын наданның шыркын бұзар
Надандықпен күресуге келдім мен.

Ал көр соқыр надандықты жан-жақты білімсіз қалай жеңуге болады?! Ол үшін жалғыз ғана ақын болу жеткіліксіз, әрине! Бір жағы испан басқыншылары, бір жағы Ватикан инквизиторларымен арыстанша айқасқан жеті томпақты қоңырау Томмазо Кампанелла оны жақсы түсінген.

Ғалымдарды саусақпен санайтын сауатсыз заман келмеске кеткен. Бүгінде жаңалық ашудың өзі жаңалық болмай қалды. Қатардағы қарапайым халықты былай қойғанда белгілі бір ғылым саласындағы мындаған мамандардың өзі ай сайын, апта сайын қол жетіп жатқан ғылыми-техникалық табыстарды


түгел қадағалап отыра алмайды. Ал ғалым атаулының бәрін бірдей еске сақтау тіптен мүмкін емес. Соның бірі доктор Морис Холл – адамдар мен хайуанаттардың асқазанына аса көп зақым келтіретін паразит құрттарға қарсы өтімді дауа ойлап тапқан американ оқымыстысы. Бірақ оның дарыны тек сол сілемей глистерді зерттеумен ғана шектелмейді. Ол өз ортасында танымал ақын болған. Ондаған ұсақ өлеңдер мен отызға тарта шағын дастандардың авторы.

Біздер біле бермейтін, білсек те ақындығымен онша таныс емес, қанша өнетелі оқымысты бар әлемде?!

Академик Евгений Павловский, КСРО Ғылым академиясы Зоология институтының бір кездегі директоры, «Поэзия, ғылым және ғалымдар» (1958 ж.) атты кітабына міне, осындай өзгелерден жасырып, оңашада өлең жазған ақынжанды ғалымдардың өмірі мен шығармашылығына қысқаша шолу жасайды. Әрине, көбіне-көп өз ғылымына байланысты оқымыстылардың атын атайды.

Пушкин заманында өмір сүрген орыс ғалымы академик К.М. Бэр, өзінің айтуына қарағанда, эстон тілінде гекзаметрмен өлең жазған. Әсіресе студент кезінде поэзиямен жиірек шұғылданған болашақ ғұламаның патриоттық сезімінен туған бір өлеңін музыкаға түсіріп, 1814 жылы 25 сәуірде (7 мамыр) орыс әскерінің ұлы жеңісіне арналған қала алаңындағы үлкен қуаныш мейрамында бүкіл халық қосылып айтқан. Белгілі оқымысты қартайған кезде де өз күнделігіне анда-санда өлең жазып отыруды ұмытпаған.

Владимир Петрович Филатов (1875 – 1956) – кеңес офтольмологы және хирургі, КСРО және



УКСР Ғылым академияларының академигі, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Дүниеде жарық дегеннің не екенін ұмытуға мәжбүр болған талай-талай көр соқыр ғаріптер әйгілі хирург операциясынан кейін көздері шәйдай ашылып, нұрлы өмірге қайта келгендей болған. Жараланған не зақымданған адамның бет-әлпетін (қас, қабақ, мұрын т. б.) қайтадан қалпына келтіруде В.П. Филатовтың ғалым ретінде сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бірақ ол қандауырмен ғана жұмыс істеп қоймаған. Ол үшін хирургтің қандауыры қаншалықты үйреншікті болса, суретшінің қылқаламы мен ақындардың қаламы да соншалықты үйреншікті болған: сурет те салған, өлең де жазған. «Шәкірттерім» деген жырында былай дейді:

Түнек пен түннің ұл-қызы
Көре алмай көктің жұлдызын
Таң туып және желбіреп

Елендеп әрбір дыбысқа
Кұлақтарымен тыныстап,
Шығысқа қарап телміреп.

Мұнда жалғыз өлең ғана емес, тақырыптың өзі де В.П. Филатовтікі. Осынау жүрек жалынына ұстаған жып-жылы жыр жолдарына қарап отырып-ақ белгілі көз дәрігерінің үлкен ғалым болумен бірге үлкен махаббат иесі екенін де көре аламыз. Ақын болу үшін бір ғана дарын жеткіліксіз, адам сүйе білмеген адамнан ешқашан ақын шықпайды. В.П. Филатовтың қандай дарын екенін оның ғалымдығы дәлелдесе, оның қандай адам екендігіне өлендері дәлел.

Андрей Петрович Семенов-Тянь-Шанский — белгілі орыс саяхатшысы және ғалым Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанскийдің баласы, насекомдарды, солардың ішінде әсіресе қоңыздарды жүйелеп топтастыруда келелі еңбек еткен энтомолог. Қолы бос уақытта поэзия пірімен сырласып, өзі үшін өлең жазған жас оқымысты кезінде атакты Рим ақыны Квинт Горацкий Флактың парасатты жырларын жаңадан аударып, «Таңдамалы лирикалар» (1936 ж.) деген атпен бастырып шығарады. Көне рим поэзиясы өзінің болмыс-бітімі жағынан әуенді орыс өлеңдерінен мүлдем бөлек. Грек-римдік өлең формаларының ішінде гекзаметр ғана болмаса, қалғандары орыс поэзиясының дәстүрлі метрикасына тіптен жанаспайды. Соған қарамай А.П. Семенов-Тянь-Шанский Горацкий жырларын түпнұсқада қалай болса, орыс тілінде солай аударуға қатты мән берген.

Орыс тілінде ең көп аударылған — әлем әдебиеті асыл қазыналарының бірі Гетенің «Фаусты». Осынау бір абыройлы да ауыр тарауға алдымен кіріскен Эдуард Губер. Саратов губерниясындағы Лютеран шіркеуі пасторының отбасында дүниеге келген. Болашақ аудармашының ана тілі — неміс тілі болатын. Алты жасынан бастап немісше, латынша өлең жазып өскен дарынды бала он жасқа шейін орысша білмеген. Бірақ кейін әке-шешесі қалаға көшіп барған соң бірнеше айдың төңірегінде ол орыс тілінде таза сөйлейтін болады. Оған «Фаусты» аудар деп Александр Сергеевич Пушкиннің өзі ақыл бергенге ұқсайды. Қысқасы, осы Эдуард Губердің бастауы бастауы-ақ екен, он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде «Фаустың» орыс тілінде он екі аудармасы жарық көріп үлгереді. Сол он екі нұсқаның ішінде көркем сөздің дәмін білетін талғампаз қауым екі



аударманы ғана айрықша бөліп қарайды. Оның бірі — аса сезімтал лирик Афанасий Фет те, екіншісі — Әскери медицина академиясында ұстаздық еткен зоология профессоры Николай Александрович Холодковский тәржімасы. Соңғы аударма Холодковскийдің көзі тірісінде он екі мәрте, өлген соң он жеті рет басылып шыққан. 1976 жылы қайтыс болған кәрі коммунист Маргарита Васильевна Фофанованың айтуына қарағанда «Фаустын» дәл осы аудармасымен Владимир Ильич Лениннің өзі таныс болғанға ұқсайды. Ол өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Менің үйімде Холодковский аударған «Фаустын» екі томы болатын. Владимир Ильич соған қарап тұрып:

— Білесіз бе, бұл өзі тәуір аударма. Әйтсе де оны неге Девриен басып шығарған (А.Ф. Девриен ауыл шаруашылық әдебиеттерін ғана шығаратын)?

— Ол әбден түсінікті. Холодковский деген кім? Энтемология профессоры (қазір біраз жасқа келіп қалған), — дедім мен.

— Міне көрдің ғой, адам не істемейді! Энтомолог, бірақ байқайсың ба, әдемі аударма».

Николай Холодковский жас кезінде латынша, грекше өте жақсы білген. Кейіннен ол ағылшын, неміс тілдерін, ал қартайған шағында италиян, швед тілдерін оң-оңай үйреніп алған. «Фаусты» он алты жасында аударуға кірісіп, жиырма жасында аяқтап шыққан (бірінші нұсқасын, әрине) талантты ғалым 436 бет боп жарық көрген өз аудармасына 352 бет түсіндірме жазып, қосымша тағы бір том шығарған. Ол бүкіл туындының көркемдік табиғатына, әр сөздің астарына, ойдың ықпал-жықпылына, түпнұсқаның терең мәніне қатты назар аударған. Өлеңін де мүмкіндігінше жақсы жеткізген.

Жендешілік пен пайғамбарлықтың арасында

Адамды жамандасам да өзімді жамандағаным, ақынды жамандасам да өзімді жамандағаным. Бірақ қашанғы өтірік айтуға болады! Адам бар болғаны пенде ғана. Ол көбіне-көп перілерше өмір сүріп, періштенің рөлінде ойнайды. Ойнап қана қоймайды, кейде тіпті періштемін деп ойлайды. Адамзаттың басты қасіреті — ол бүгінде әділдіктен кетіп қалған. Ақиқаттың өзін өтіріктің аузымен айтады. Ұлы адамдар мұны баяғыда байқаған. Басқалардай ғана емес, өз бастарынан да байқаған. Байқап қана қоймаған, ойланған. Ойланып қана қоймаған, күресіп те көрген. Өзгені жеңуің үшін алдымен өзінді жеңуің керек. Олар оны да түсінген. Сайтандық та, әулиелік те адамның өз ішінде. Сондықтан ол күкірт толы күбі іспетті. Қауіпті. Сайтанымды өлтірем деп, пайғамбарын да қоса өлтіріп алуы ғажап емес. Қысқасы, адам күреспейін демейді. Бірақ осыдан қорқады. Өз ішіндегі күкірттен қорқады.

Мен осыдан бірнеше жыл бұрын Лев Толстойдың күнделіктерін оқыдым. Ол күнделіктерді оқыған жан ләззат алады деп ойламау керек. Көркем шығармаларында Лев Толстой қандай кеменгер болса, күнделіктерінде ол он есе ұлы. Өйткені ол бұл жолы кейіпкерлерінің ішіне үңілмей, өз ішіне үңіледі.

Үңіледі де шошынады. Оны оқып отырып сен де шошынасың.

Оның алдында мен Лев Толстой туралы қанша естелік оқыдым. Естелік авторлары: жазушының жан-жары, бала-шағасы, туған-туысқандары, әріптестері, замандастары... Солардың бәрі бірауыздан әдеби алыптың, пайғамбар жазушының бейнесін жасап шығады. Табынып отырып жазған талай адам бара-бара Лев Толстойдың адам екенін, пенде екенін ұмытып кетеді.

Әйтсе де, оның өзіміз секілді ет пен сүйектен жаралған қатардағы пенде екенін ұмытпаған бір адам бар. Ол — Лев Толстойдың өзі.

«Өзімді-өзім әлім келгенінше зерттеп көрдім, мені иектеп алған үш құмарлық бар: ойын, нәпсі-құмарлық және атакқұмарлық.

Атакқұмарлық... бұл өзі алапес сияқты тазалық ауруы, атакқұмарлық қайдағы бір әлі де болса пісіп жетпеген даңққа деген ғашықтық, қайдағы бір өзімшілдік...»

«Қарапайымдылықтан жүрдаймын. Бұл менің басты кемшілігім.


Мен түк емеспін. Орашолақпын, араммын және зиялылықтан да құр алақанмын. Күйгелекпін, жұрт қызығар жерім жоқ. Мақтаншақпын, шыдамсызбын, кішкене баладай ынжықпын. Наданмын».

«Мен сондай жанмын. Екеудің бірі — рухани бұлқыныс немесе нәпсінің өктемдігі... Азапты арпалыс. Өзіме өзімнің әлім келер емес».

Алғашқы үзінділерді жазғанда Лев Толстой жиырма бір жаста болса, соңғы үзінділерді жазғанда елу алты жаста. Байқайсыз ба, ұлы жазушы өзін өзі осылай отыз бес жыл аямай шабақтайды... Шабақ-

Бүгінде «Фаустың» орыс тіліндегі ондаған нұсқасына Борис Пастернактың аудармасы келіп тағы қосылды. Пастернак поэзиялық аударманың пайгамбары іспетті. Онымен бәсекеге түсу оңай шаруа емес. Әйтсе де Николай Холодковский еңбегі өз қадірін жоғалтпайтын құнды дүние.

Поэзия әлемінде Холодковскийлер жалғыз ба? Жоқ. Жалғыз болмауға керек. Мұндай ғалымдар басқа ел, басқа халықтарда да бар деп ойлаймын. Сондай салауатты тұлғалардың бірі «атом бомбасының атасы» Роберт Оппенгеймер (1904 – 1967). Ол Гарвард университетінде оқып жүргенде-ақ өз бетімен көне заман және еуропа әдебиетін үлкен ықылас-ынтамен зерттей бастайды. Санскритше үйренеді. Өлең жазады. XIV – XVII ғасырдағы француз ақындарының бірнеше ескі басылымдарына бола, оқуды бітіргеннен кейін Калифорнияның Берклидегі университетіне жұмысқа орналасады. Бізге оның өмірбаянын түгел жазып жату міндет емес. Ең бастысы – ғалым Оппенгеймердің ақындық арманы. Ол – бомба шығарумен шұғылданбай, теориялық физикамен шұғылданып, қолы бос уақытта ескі француз ақындарын оқып, аударып, өз өлеңдерін жазу болатын. Ал бұл тегін емес. Ақындар ғылымға қалай ұмтылса, ғалымдар да поэзияға солай ұмтылады. Не деген әдемі заңдылық!



тап қана қоймайды, алда әлі ширек ғасыр тірлік бар. Онда да ол өзін-өзі жазалауды тоқтатпайды. Бұл не деген күдірет!

Ұлылық деген өзінмен өзін күресу ме әлде?!
Өзінмен өзін күресу – адамдық, адамгершілік, ұлылық үшін күрес. Сол тұрғыдан келгенде Лев Толстойға амалсыз бас иесің.

Өмір дегенің – күрес дегенді жиі айтамыз. Күресі күрес қой. Бірақ қандай күрес? Не үшін күрес? Ішетін тамақ, киетін киім үшін күрес те – күрес. Бірақ бұлар жай тіршілік үшін күрестер ғой!

Сырт көзге Лев Толстойдың алдына қойған мақсаты тым жұпыны көрінеді. Бірақ мәселе кімнің қалай ойлауына байланысты.

«Менің мақсатым – бәрінен бұрын кәдімгі қарапайымдылыққа ие болу. Қарапайымдылық – рухани әдеміліктің басты шарты», – деп жазады Лев Толстой күнделігінде.

Жастау кезімде мен басқа кітаптар, басқа томдардан тыс жылына бір шетел классигі мен орыс классигінің толық шығармалар жинағын ұқыпты түрде оқып шығатынмын. Соның бірі – Лев Толстойдың он екі томдығы. Қай жерде қашан сыр беріп қалар екен деп, дұшпан көзбен үңілгенімді жасыра алмаймын. Көркем туындылары түгіл хаттарының өзінен азаматыққа жараспайтын оғаш ештеңе таппадым. Лев Толстой – Кавказ туралы көп жазған автор. Соның бірінде сол Қап тауын жайлаған қалың халықтың біреуі туралы жаман пікір айтпайды. Бәріне бірдей үлкен құрметпен, ілтифатпен қарайды. Оның одан орысқа, Ресейге деген ұлы махаббаты бір мысқал кемімейді.

Ал Достоевскийді оқығанда бір емес, бірнеше мәрте көңілім қалды.

Глеб Успенский Достоевскийді бірінші рет көргенде жанындағы жолдасына: «Байқайсың ба... мынауың кәдімгі сайтан ғой», – депті. Сол сөз тегін айтылмаған.

Гончаровты да түгел оқыдым. Мақалаларына шейін білемін. Бәрі де көңілдегідей. Ал өмірі адам қызығарлық емес.

Бүкіл ғұмырын өзінің үйренген Петербургында, үйренген үйінде, төрт қабырғаның арасында өткізген.

Таңғы сағат сегізде тұрып, салқын сумен жуынып, сақал-мұртын сылап-сипап, серуенге шығатын болған. Қайтып келіп таңғы тамағына отырады. Дәмді және ауыр тағамдар.

Түскі тамақтың алдында гимнастика.

Жаяу жүргенді жақсы көрген. Жетпісінде көзі кетіңкіреген. Оның үстіне демікпесі бар. Соған қарамай, Петербургтың бір шетінен бір шетіне жаяу барып қайтады екен. Айқай-шуы көп көшелерді ұнатпаған.

Кітапханасы өте жұпыны болған. Негізінен сыйлаған, қолтаңбамен берілген томдар. Оның ішіндегі ең қымбаты Александр Грибоедовтың «Ақылдың азабы» атты драмасы. Оны Гончаров өте жақсы көрген. Ол туралы ұзақ та әдемі және үлкен түсінікпен мақала жазған. Әлі күнге дейін бұл драма туралы Гончаровтан артық айтқан авторды білмеймін. Бірақ сол ұлы шығарманың өзіне үй иесі ақша шығармаған. Біреу сыйлаған. Жалпы замандастарының айтуына қарағанда, ғұмыр бойы ол бір кітап сатып алып көрмеген. Кітапқа ақша шығаруды ақымақтық деп есептеген. Вольф дегеннің дүкеніне анда-санда барып тұрған. Сол жерден оқып беруге француз романдарын алады екен... Бұған не

деуге болады енді?! Ә, айтпақшы өмір бойы үйленбеген.

Сүр бойдақ. Әйелдерді де, әйелдер туралы әңгімені де ұнатпаған. Тағы не деуге болады? Тағы не қосуға болады? Қос мейлін, қоспа мейлін, Гончаров деген классиктің азаматтық бет-келбеті осы.

Америка әдебиетін әлемдік деңгейге тағы бір көтеріп салған сирек дарын иесі — Брет Гарт. Өте күрделі тұлға. Ол туралы өзінің әріптесі және қызметтесі, көп жыл араласқан жақын жолдасы Марк Твен былай деп жазады: «Брет Гарт мен білетіндердің ішіндегі ең жағымдысы. Сөйте тұра ең жұғымсызы».

Оны өте жақсы біле бермейтін шетелдік бірер жазушының айтып кеткен бірер жылы пікірі болмаса, отандастарының қай-қайсысы да оны ондырмаған. Содан да болуы керек, ол өзі Америка әдебиетінің ең бір оңбаған өкілі есептелген.


Неге екені белгісіз, Марк Твен ол туралы бір емес, екі естелік жазыпты. Екеуінде де жазушылық талантына ешқандай күдік келтірмейді. Тіл тигізбейді. Бірақ жазушылығын қолпаштай отырып оның кісілігін, адамдығын аямай әшкерелейді. Твеннің айтуына қарағанда Брет Гарт ештеңеден қысылмайтын, ештеңеден ұялмайтын, арланбайтын, намыстанбайтын біреу. Уәдесінде тұрмайтын, айтқан сөзін аяқ асты ұмытып қалатын, алған қарызын өмір бақи қайырмайтын сұмырай қылып жазады. Жеке адамдардың ғана емес, баспалардың өзімен шартқа отырып, алдын ала қаламақысын алып ішіп-жеп бітірмей, жазуға отырмайтын, кейде тіпті сол баспалардың өздерін мүлдем қолайсыз жағдайда қалдыратын әдеті болған.

Алғашқы жылдары ол газетте корректор болып істейді. Өз бетімен бірденелерді шатпақтап жазып

жүреді. Олардың қандай дүние екенін өзі де білмейді. Бірде ол осылай ойнап отырып, «Шоқынбаған қытай» атты өлең жазады. Өз дүниесіне өзі риза болмай, қоқыстар жәшігіне лақтырып тастайды. Күн сайын уақытында шығып жататын газетке материал жетпей, редактор одан жаңа нәрсе талап етпей ме? Аяқ астынан бірдеңе жаза салу оңай ма? Ол өзінің әлгінде ғана лақтырып жіберген өлеңін себеттен алып, редакторға береді. Ол оны бірден нөмірге жібереді. Сол-сол екен Брет Гарт бір тәуліктің ішінде әйгілі ақын боп шыға келеді. Кейін ол Диккенске еліктеп бір-екі дүние жазады. Сөйтіп оның Брет Гарт деген аты бекіген үстіне беки түседі. «Еліктеп» деген сөз оның намысына тимейді. Керісінше, ол оны мақтаныш тұтады. Өстіп кете береді, кете береді. Бірақ жалқаулық пен қарыз оның түбіне жетеді. Қарызының көбейіп кеткендігі соншалық, енді ол бұдан былай қарай бүкіл Америкада тұра алмайтын жағдайға жетеді. Баспаларды былай қойғанда Марк Твеннің өзіне үш мың доллар қарыздар болады. Жаны қысылған Брет Гарт әйелін тастап, бала-шағасын тастап, Еуропаға қашып кетеді. Сол жақта ол жиырма алты жыл тұрады. Жиырма алты жылда үйіне бір келіп кетпейді. Еуропада ол жесір-бойдақ әйелдердің арқасында ғана күн көреді. Сондай бір үйінде дүние салады.

Пайғамбар тұтып жүрген адамдарыңнан, әсіресе, рухани ұстаздарыңнан пендешілік көргенінде, алдымен өзіңе-өзің сенбейсің. Әрі тексеріп, бері тексеріп, көзің жеткеннен кейін сұмдық көңілің қалады одан.

Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында ең мықты, ең мәшһүр жазушының бірі, кіп-кішкене Норвегиядан шыққан аса ірі қаламгер Кнут Гамсун



болды. Міне, сол, бүкіл дүние жүзі оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген ұлы жазушы өз елін, өз Отанын жаулап алып, бүкіл Норвегияны қорлап отырған неміс фашистерінің, Гитлердің сойылын соғып кеткен кезде, Норвегия оны ата-жауынан бетер жек көріп, соғыстан кейін оны соттауға дейін барады. Сөйтіп ол тамшыдан жинаған әлемдік абыройын тостағандап төгіп, 1952 жылы тоқсан үш жасында дүние салды.

Сол жылдардан бастап кешегі Кеңестік кеңістікте біздің елдегі ең әйгілі шетелдік жазушы Эрнест Хемингуэй болған еді. Қаншама жас қаламгер оны өзіне ұстаз тұтты, пір тұтты. Сөйтіп жүрген кемеңгеріміз пайғамбар емес, қатардағы көп пенденің бірі... 1999 жылы Эрнест Хемингуэй және оның өмірі туралы бес томдық үлкен еңбегін аяқтаған Солтүстік Каролина университетінің профессоры Майкл Рейнольдс жұрт күтпеген жаңалық ашты. «Құпия», «Аса құпия» деген белгілері бар құнды құжаттарды ақтара отырып, американ профессоры Нобель сыйлығының иегері, заманымыздың заңғар жазушысы сол Эрнест Хемингуэйдің Кубада тұрған кезінде Америка флотының және елшілігінің штаттағы қызметкері, яки шпионы болғанын анықтайды. Профессордың айтуына қарағанда, сол маңызды қызметі үшін, Гаванадағы жасырын бүлікшілер туралы түсірген құпия мәліметтері үшін ФБР Хемингуэйге айына 500 доллар төлеп тұруға уәде берген. Кімнің ішінде не бұғып жатқанын кім біледі?! Күні кеше Куба революциясы жеңгеннен кейін бір тізерлеп тұрып, Куба Республикасының мемлекеттік туын сүйген әйгілі жазушы тап осындай абыройсыз шаруамен шұғылданды деп кім ойлаған?!

Біздің қазақтар қызық. Алыс ауылда, малдын соңында жүрген қарапайым халық әлем әдебиетінің бір өкілін білсе, бір өкілін білмейді. Бірақ кім болса, ол болсын, қай ұлттың перзенті болса да, сөздің реті келгенде: «Артында ұрпақ қалды ма екен?» – деп сұрайды. Онысы жақсылардың әулеті құрып кетпесе екен деген игі тілектен туып жатқан бір көрініс. Маған олардың осынысы ұнайды.

– Толстойда ұрпақ бар ма екен?

– Баршылық!

О, жақсы екен! Ал Пушкинде ше?

– Пушкинде де болған. Осыдан бірер жыл бұрын соңғы Пушкин де дүние салды.

Сұрақ қоюшы не дерге білмей үнсіз қалады. Көдімгідей қайғырады. Сосын келесі сұрағын қояды:

– Ал Лермонтов ше?

– Ол үйленіп те үлгермеді ғой.

– Айтпақшы, солай екен-ау!

Жалпы Шығыс ұрпаққа қатты мән береді. Бір бокмұрын ұл дүниеге келмей, қазақтың көңілі көншімейді. Ал Еуропаға бөрібір. Олар рас, елдің болашағын ойлайды. Отбасына бастарын қатыра бермейді. Үйлену, үйленбеу олар үшін проблема емес сияқты.

Оныншы ғасырдың аяғы, он бірінші ғасырдың басында өмір сүрген араб Әбу-Әли Аль-Маарри сексен төрт жасаған. Бірақ өзі зағип, жарымжандау адам болған. Содан да шығар, үйленбеген.

Гректер үшін Гомер қандай әулие болса, көне Рим үшін Публий Вергилий де сондай әулие саналады. Ол біздің жыл санауымыздан он тоғыз жыл бұрын дүние салған. Небары елу бір жыл ғана өмір сүрген. Денсаулығының нашарлығына қарамай, керемет еңбеккер болыпты. Замандастарының куә-



ландыруына қарағанда күн сайын үзбей жұмыс істепті. Түске шейін мұның айтқанын көмекшісі қағазға түсіріп, түстен кейін ақын соны түзетумен, қысқартумен не толықтырумен шұғылданған. Өзіне-өзі қатал қарағандығы соншалық, кейде түске дейінгі жазғандарынан түстен кейін түк қалдырмай сызып тастайтын да күндері болған. Вергилийдің бар қызығы поэзиямен ғана шектелмеген. Ол ғылыммен де, әсіресе медицинамен және математикамен көп айналысқан. Өзіне салсаң, бәрін қойып, философ болғанды ұнатады екен. Өте қарапайым, өте кішіпейіл, тіптен биязы, ұялшақ жан болғанға ұқсайды. Біреу-міреулер тани қалып, төңірегіне жинала бастаса, кез келген үйге қашып кіріп, бас сауғалайтын болған.

Аурушандығынан ба, әлде сол ынжықтығынан ба, бұл да үйленбеген.

Көп жағдайда Николай Васильевич Гоголь тағдыры осы Вергилий тағдырына ұқсайды. Вергилий ғана емес, өзінің «Үйленуіндегі» Подколесинге ұқсайды. Қырықтың қақпасын қағып тұрып, үйлену мәселесін ойлайды. Оның Анна Вьелгорскаямен романы міне осы кезде басталады. Бірақ әйел затының алдында ұлы жазушы табандылық көрсете алмайды. Өлімсіреп жанған махаббат шырағы ұзаққа бармай ерте өшеді. Сөйтіп жүргенде үш-төрт жылдан кейін өзі де қайтыс болады. Ауруымен бе, әлде көңіл күйімен бе, Гоголь өз өлімін өзі жақындата түскен тәрізді.

Жалпы Гоголь — күрделі тағдыр, жұмбақтау жан. Әшейінде жұрттың арасында отырғанда ашылып сөйлемейгін тұйық та бұйығы адам кейде оңаша, өзімен-өзі қалған сәттерде оқыс қылықтар көрсететін болған. Қой болып маңырап, шошқа болып

қорсылдап, түннің бір уағында қораз болып шақырады екен.

Есі дұрыс және көше заңын білетін адамдар, әдетте көшенің оң қапталымен жүреді. Ал ол қасақана сол жағымен жүріп, қарсы келе жатқан жандармен жиі қақтығысады екен. Ол оны әдейі істей ме, білмей істей ме — беймәлім. Әйтеуір жалғыздан-жалғыз жүріп қыдырғанды жақсы көрген. Аздап биллярд ойнаған.

Жас бала секілді тәттіқұмарлығы да болған дейді. Кейде отырған жерінде бір банкі тосапты бір өзі жеп жүре береді екен. Ешкінің сүтін ықыласпен ішкен. Оны өзі пісіретін болған. Жай пісіріп қана қоймайды. Аздап ром қосып «дуалайды». Оны өзі «Гоголь-могель» деп атапты.

Еркек мінезді арсы-күрсі қыздарды қазақтар еркекшора деп атайды. Ал қыз мінезді, әйелдерге тән дүниелермен шұғылданатын ерлерді не дейді? Қатынбасша немесе кейде қызтеке дейді. Гоголь сондай болған. Ол киім пішіп, іс тігетін; кілемнің өрнектерін өзі сызып, өзі тоқитын жан екен.

Жүйкесі ерте жұқарған жазушы күннің күркіреп, найзағайдың жарқылдағанынан да қорыққан.

Бірінен-бірі өткен, біріне-бірі ұқсамайтын қайран ақындар-ай!

Яков Петрович Полонский жасына жетпей ерте алжыған кейбіреулер сияқты сұмдық ұмытшақ болыпты. Ол кейде тіпті не айтып отырғанын былай қойғанда, кіммен сөйлесіп отырғанын да анық біле бермейді екен. Жұмысынан қайтар кезде не портфелін, не кілтін, ең болмағанда беторамалын тастап жүре беру оның әдетіне айналса керек. Бірде тіпті сылтып басып, әрең жүргеніне қарамай қолындағы таяғын да ұмыт қалдырыпты. Біреу-міреу қуып

жетіп, әлгі дүниелерін қолына ұстатпаса, ол олардың бір де бірін жоқтамайтын тәрізді.

«Бірде ол, — деп жазады актриса М.Г. Савина ол туралы, — комитетке туалетін түгел бітірмей (сірә, киюге тиіс ресми киімдерін түгел кимей келсе керек) жетіп келді. Біз оны оңаша бөлмеге тез алып кеттік... Ол маған жер басып жүрген пендеге ұқсамайды».

«Мерей той кезінде, — деп жазады Ясинский, — патша оны көргісі келеді. Бірақ ақын жалғыз емес еді, жанында басқа да біраз бақытты адамдар бар болатын. Олардың бәрін мәрәсімби (церемониймейстер) жіпке тізгендей қатар-қатар тұрғыза бергенде патшаның өзі де кіріп келіп, өзі биік, өзі таяқ ұстап тұрған адам бірден көзге түскен болуы керек, тура Полонскийдің алдына барып:

— Аты-жөніңізді білуге болар ма екен? — дейді. Қатты абыржыған Полонский өзінің аты-жөнін ұмытып қалады.

— Бұл кісі белгілі ақын, биік мәртебелі ағзам, Яков Петрович Полонский болады, — дейді мәрәсімби.

Патша шын көңілден жымыып:

— Өте жақсы, мен Сізді бала кезімнен білемін, — дейді».

Осындай бір күлкілі жәйт өзіміздің Әбу Сәрсенбаев ағамыздың басында да болды деп естігенмін. Бірде ол кісінің үйіне үгітшілер келіп, сайлаушылардың есебін алмай ма.

— Аты-жөніңіз кім? — деп сұрайды анкета толтырып жүрген үгітші қыз. Әбекең неге екені белгісіз, аяқ астынан аты-жөнін ұмытып қалып:

— Оу, бәйбіше, осы біздің аты-жөніміз кім еді? — деп дауыстайды ас үйде жүрген жеңгемізге.

Жылдар өткен сайын Полонскийдің ұмытшақтығы асқына түседі. Үйде киіп отырған халатымен көшеге шығып кете берген соң, әйелі Жозефина Антоновна халат орнына жеңілдеу бір пальто алып береді.

Осындай-осындай оғаштау қылықтары көбейіп, соның біразы анекдотқа айналады. Бір досы ол туралы мынандай әңгіме таратады: Полонский түнде жатарда төсекке балдағын қойып, өзі балдақ тұратын жерге барып сүйеніпті...

Қатардағы қарапайым оқырмандарымыз әулие тұтатын әйгілі ақын-жазушылардың ішінде Полонский секілді әпенделер де аз емес.

«Үлкен кабинетте үлкен жазу үстелі. Үлкен жазу үстелінде үлкен сиясауыт, — деп бастайды Корней Чуковский бір естелігінде. — Кабинеттегі пештің аузы үлкен қақпадай, ал кабинеттің өзі алаанның үлкендігіндей. Оның Ваммельсуу деревнясындағы үйі барлық үйден биік. Әр бөрене жүз пұттан. Ірге тасы алып-дәулерге лайық сұмдық ірі гранит тастан қаланған.

Оның өте үлкен пеші күн сайын қаншама отынды жұтып жатыр десеңші! Соған қарамай, отыруға болмайды, ұлып тұр.

Әлі есімде, ол маған соғыстың алдында үлкен бір үйдің жобасын көрсеткені бар.

— Бұл неғылған үй? — деп сұрадым мен.

— Бұл үй емес, бұл үстел, — деп жауап берді Леонид Андреев.

Сөйтсе ол сәулеткер Оляға көп қабатты үстел жасап бер деп өтініш жасаған екен де. Жай жазу үстелі оған олқылау соқса керек.

Не болса да, шамадан тыс асыра сілтеу — оған тән қасиет болатын».

«Өте аз оқитын. Бір де бір шетел тілін білмейтін. Симфониялық музыкаға құлқы жоқ-ты».

«Өте аз оқитын» деген сөз Леонид Андреевтің соңғы жылдарына байланысты айтылған шығар. Жас кезінде ол біраз кітап кемірген. Екіншісі бірі игере алмайтын Шопенгауэрдің өзін шаттауықтай шағып, белгілі философтың кейбір еңбектерін жатқа білген. Оның философиялық ұмтылысы Шопенгауэрмен де шектеліп қалмаған. Ницшеге ауыз салған. Ницше қайтыс болғанда ол өзінің жақын адамынан айырылғандай қайғырған.

Не нәрсеге де өте ұқыпты қарайтын, әр сөзіне жауап бере білетін Корней Иванович сияқты сұңғыла әдебиетшінің ол туралы «өте аз оқитын» дегені миға сыймайды. Он алты жасынан бастап, кітап оқудан алдына жан салмаған. Қолына түскенді құр жібермеген. Жеті жасынан бастап, кітапханадан кітап алып оқитын деңгейге көтерілген. «Саналы түрде оқу сәтімді Писаревтің және Толстойдың «Менің сенімім неде?» атты дүниесін оқудан бастап есептеймін», — деп жазады Леонид Андреев.

Әділін айтар болсақ, ол үлкен үйге, үлкен пешке, үлкен жазу үстеліне лайық дарын иесі еді. Өкінішке қарай, ол небары қырық сегіз жасында дүние салды. Оның одан да ерте кетуі мүмкін еді. Өзін-өзі үш мәрте өлтірмек болған ол. Ол кезде бірақ оны құдай сақтаған.

Биікті етегінен емес, төбесінен көру үшін өзін одан да гөрі биігіректе тұруың керек қой. Леонид Андреев сирек кездесетін биік дарындардың бірі. Оны бірінші боп көріп, бірінші боп бағалаған Максим Горький.

Ал Максим Горькийді ешкім де түгел және тұтас көре алмайтын тәрізді. Оны солай көру үшін

тұрған биігінде, тіптен одан да биіктеу тұруың қажет қой.

«Горький темекіні жиі тартатын. Оның алдында үстел үстінде күлсалғыш жатыр. Іші толы тұтанып барып сөнген сіріңкелер. Горькийдің отқа құмарлығын сол жолы байқадым. Ол сол жартылай жанған сіріңкелерді бірінің үстіне бірін көлденең қойып, биіктетті де от қойды. Одан кішкене ғана алау пайда болды. Горький соған мәз» – деп жазады Прокопьев. Сол әңгімені іліп әкеткендей Н.Е. Буренин былай жалғастырады: «Аузы үлкен пештің ішінде жатқан шокпардай шөркелерді әрлі-берлі аударыстырып отырып, Григтің музыкасын тындағанды ұнатушы еді.

Ол осылай үш ай бойы Григті тыңдаумен болды. Бір әуеннің өзін қайта-қайта тыңдайтын.

Біз сол Григтің кешін қайта қалпына келтірдік, бірақ бұл жолы оған Бетховенді қостық – ол оны сұмдық жақсы көретін».

Жаңа-жаңа орнаған жас қоғамның кезінде Горькийдің көтерген жүгі керемет үлкен-ді. Сол кезде ол бір өзі он төрт журналды басқарыпты. Горькийдің жұмыс істеу қарқыны ақылға сыймайды. Өз шығармаларын үзбей жазып жатып, қаншама қолжазба оқып, соның бәріне қалайша жауап беріп үлгерген. Ол жауаптың бәрі бірдей ауызша да емес. Жазбаша!

Оның қандай алып адам екенін Сталин өте жақсы түсінген. Горькийдің көңілін бері қарту бүкіл бір империяны жаулап алумен бірдей. Сондықтан жаратқан берген жомарттықтан емес, залымдықтан туған ол өкімет қаулысы арқылы Нижний Новгородты, Мәскеудегі Тверь көшесіне және көркем театрға Максим Горькийдің атын, ал Рябушинская



және Кіші Никитин көшелерінің қиылысындағы әдемі үлкен үйді, сосын өзен жағасындағы бір сұлу сарайды бүкіл паркімен өзіне басыбайлы береді. Осының бәрін ойлап тапқан Сталин Горькийдің даналығын оның пенделігі жеңуге тиіс деп есептеді... Бірақ ол есеп шықпады. Сондықтан патша патшалығын істеп, оны өлтіріп тынды.

Александр Блок сұмдық ұқыпты адам болған. Естеліктердің бәрі дерлік ақынның осы қасиетінен басталады. Басталмаса да кез келген әңгіме оның сол тазалығына, кірпияздығына барып тіреледі.

Ол туралы қаншама естелік оқыдым. Соның бірінде «ақынның бір түймесі түсіп қалған екен немесе бір түймесі салынбаған екен» деген сөз кездеспейді. Қай кезде де сыптай. Басқасын айтпағанда, аяқ киімі де сондай. Көзге көрінбейтін бір құдірет бес-он минут сайын соның бәтеңкесін тазалап тұратындай.

Беті тірі адамның беті емес — періштенің бетіндей. Бұлшық еттері қозғалмайтын, клеткалары қимылдамайтын тәрізді. Бет-келбет деген дүние жыл сайын емес, кейде тіпті күн сайын, сағат сайын, минут сайын құбылып тұратын тірлік белгісі емес пе?! Блокқа байланыстырып айтар болсақ, олай емес. Тұрақты сурет, тас мүсін. Блоктың осы қасиетін дұрыс байқап, өте бейнелі суреттеген бір әріптесі бар. Ол — Андрей Белый. Ол — тұрған геология, онда ешқандай метрология, құбылмалы белгі жоқ деген ол. Ғажап айтылған. Демек, Александр Блоктың портретін сыртынан іздемей, ішінен іздеу керек. Ол күннен, шуақтан, бұлттан, желден тұрмайды. Геологиялық қыртыстардан, яки қабат-қабат сырлардан тұрады.

Бірақ бәрібір, сыртын түгел игеріп алмай, ішіне ене алмайсын.

Блоктың әр қалтасында, тек сол қалтадан ғана табылатын, табылуға тиіс блокноттар болады екен. Солардың қайсысына не жазу керектігін ол тек өзі біледі.

Керек-ау деген дүниелерін ол қағазға орап, белінен буып қоятын болған. Және кішкене қатырма қораптарды жақсы көрген.

Сірә, оған көп бояудың ішінде көк, әсіресе көгілдір түс ұнайтын болуы керек. Сүртігінің жағасы көгілдір, кеудешігі көгілдір, кабинетін де көгілдір түске бояған, шамының абажуры да сондай көгілдір.

Оның жеке меншік үйі болмаған. Көбіне-көп пәтер жалдап тұрған. Жалдағанда да өңшен бір жоғарғы қабаттарды жалдаған. Төменнен түк көрінбейді. Ал биіктен көзің алысты шалады.


Блок іші пысканда қала сыртына шығып, орман аралап кетеді екен. Далада алау, үйде пеш жағып, бір басы жанып, бір басы әлі тұтана қоймаған отындық ағаштарды әрлі-берлі аударыстырып, қозғап, қаузап отырудан қатты әсер алатын болған.

Ұзақ-ұзақ сораптап отырып шай ішкенді жақсы көрген.

Жас кезінде театрмен, одан кейін француз күресімен, кейін авиациямен «ауырған».

Владимир Маяковский Блоктың поэзиясын өте жоғары бағалаған. Оның өлеңдерін өз өлеңдерінен жоғары қойған.

Мұнда тұрған ештеңе жоқ шығар мүмкін. Сөйтсе де ол әкесі туған күні туған. Маяковский шын мәнінде Владимир Владимирович. Ол уақытты өте қатты бағалаған. Келем деген жерге, барам деген жерге бір минут кешікпей жетуді міндетім деп есеп-



теген. Жүрген жерін, отырған жерін, жұмыс істейтін жерін үнемі таза ұстаған. Сурет салып болғанда, ағаш кескеннен кейін, кітап түптеп болғасын артында түк қалдырмай тазалап кетуді салтына айналдырған.

Жек көретін адамымен қол берісіп амандаса қалса, жалма-жан барып сабындап жуады екен. Қалтасында үнемі сабын жүрген. Есік ашқанда да тұтқаны беторамалымен ұстайтын болған. Сыра ішкенде де саптыаяқты сол қолымен ұстап, басқа адамның ерні тие қоймаған теріс жағынан ішу — ол үшін заңға айналған. Таза деген әйнек стақанның өзін, ұзақ үніліп қарап, салфеткамен тәптіштеп сүртеді екен жарықтық.

Ал поэзияда ол — әлемдік денгейдегі алып.

Бір ғажабы Александр Твардовский оның поэзиясын мүлдем қабылдамаған. Жалпы Твардовскийдің қабылдамаған, қабылдағысы келмеген ақыны Маяковский ғана емес. Көп. Сол көптің қатарына Багрицкий, Сельвинский, Заболоцкий, Слуцкий, тіпті Борис Пастернактың өзі кіреді. Жалғыз поэзиясы болса да ештеңе емес-ау, ол оның «Доктор Живагосына» да қарсы болды.

Дау жоқ, Твардовский акын ретінде де, редактор ретінде де өте ірі тұлға. Ол кезінде Солженицынды бірінші тауып, бірінші жариялаған. Басқа да толып жатқан ерлігі бар. Ал енді заманның ең ауыр кезінде «Василий Теркин о дүниедені» жазу да ақылға сыймайтын батырлық. Сөйте тұра Твардовскийдің көңілінде қара дақ көп. Борис Пастернактың аты шулы романын қайырып қана қойған жоқ, журналда ашық хат жариялап, бір журнал қабылдамайтындай етіп, жолын кесіп тастады. Өз басым мұны мен азаматтық деп ойламаймын, мұның бәрін

мен сөздің реті келген соң айтып отырмын. Оның төреші-судьясы мен емес, болашақ.

Менің білерім — ол өте күрделі адам. Өмірде де, өнерде де тым дәстүршіл. Тіпті кіріптарлығы да жоқ емес. Жабайы жағалау болмаса, ресми курорттардың жасанды жағалауларын жаратпаған. Керек десеніз, анекдот айтқандарды, шалбар киген әйелдерді ұнатпаған.

Моншаны жақсы көрген.

Қонаққа барған жерде суканы сүймейтін біреуіміреу отырса, бірден шығып жүре беретін болған.

Президиумда отырса да, сол отырған жерінде шылым шеге берген. Бұлардың бәрі білместіктен емес. Әдейі істеу.

Ол өзі дүниеге ең жарық, ең шуақты кезде (21 маусым) келген. Ең жақсы көретін мезгілі — таң, ұнатпайтын мезгілі — қызыл іңір, алагеуім шақ. Өзінің айтуына қарағанда, бүкіл шығармасын таңғы алты мен сегіздің арасында жазған.

Адам — құдайдың шығармасы. Оны заман да, қоғам да түзетіп жарытпайды. Кейбір кісілерде жасанды мінездердің пайда болуы ғажап емес. Бірақ ол небары бетперде. Екінші рөл. Шындап келгенде, қай кезде болмасын адам өзімен-өзі қалады. Қайсар адамдарға тіптен дауа жоқ. Анна Ахматова не көрмеді! Оның басынан кешкенін адам баласына бермесін! Өзінің сүйегі асыл, берік материалдан жаралған ақын жалтақ, қорқақ, аяншақ адамдарды жек көрген. Бірде оған таныстарының бірі: «Мен тісімнің өзін наркозбен алдырдым. Ауырғанына шыдамадым! — дейді. Соны естігеннен кейін Анна Андреевна әлгіні адам қатарына қоспай кеткен. Ал өзі көшені кесіп өтуге қорқатын еді деп жазады билетіндер. Ойлану керек. Мен өзім бұған сене ал-



маймын. Күндіз-түні бомбадан бас көтертпей жатқан кезде соғыстың өзінен қаймықпаған батыр тұлға (ол сол кездің өзінде қаланы тастап кетуге көпке шейін келісімін бермеген. Сталин оған арнайы ұшақ та жібермек болған) көшеден өтуге қорқушы ма еді? Егер шынымен қорықса, онда әрине, мән бар. Халық жауларымен күрестің қызып тұрған шағында кейбір қауіпті кісілерді машинамен қағып өту — құтылудың бір тәсілі болған. Анна Ахматова сияқты аңғарымпаз ақынның оны білмеуі, ескермеуі мүмкін емес...

Бір ғаламаты Анна Андреевна соншалықты еңбекқор ақын болмаған. Содан да болуы керек, аса көп жазбаған. Өзімен жиі қатынасып, әдемі араласып тұрған Лидия Чуковскаяға «Мен қатарынан он үш жыл жазбай кеттім ғой. Ақылға салып көрші, он үш жыл!» дейді екен өкініп. Әрине, бұл таза жалқаулықтың салдары емес. Заманның ауырлығы, қат-қабат қиындықтардың салдары. Бірақ тап сондай сұрқай тірлікте итшілеп жүріп-ақ Марина Цветаева жазуын тоқтатпаған.

Қалай дегенмен, он үш жыл бойы өлең жазбауға Анна Ахматованың бойкүйездігі кінәлі... Сол Лидия Чуковская қанша барса да, ақынды үнемі төсекте көреді. Екі қолын басының астына қойып, шалқасынан түсіп жатады екен...

Газет жаздырып алмаған, радиосы болмаған, теледидарды мойындамаған. Іс тікпеген. Тіге де алмаған.

Жаяу жүргенді, суға түскенді, малтығанды жақсы көрген.

Темекі тартуын өмір бақи қоймаған.


Бір емес, бірнеше инфаркты басынан кешірген. Ақыры сол инфаркт алып тынған.

Анна Ахматова — жылмен есептегенде көп жасаған адам. Мұндайларды, әдетте, ұзақ өмір сүрген дейді. Бірақ оған ұзақ өмір сүрген дегеннен гөрі ұзақ азап шеккен деген тіркес орындырақ.

Никто нет в мире бесприютней
И бездомнее, наверно, нет, —

деп жазған-ды. Меніңше, осы екі тармақта бәрі айтылған.

Классиктердің бәрі бірдей еңбекқор болған десек, ақиқаттың белін басып өткендік болар еді. Уолт Уитмен бала кезден көк жалқау болып өскен. Көк жалқау деген өте ауыр сөз. Ондай сөзді ойланбай, толғанбай айта салу ақылдылыққа жатпайды. Мұны мен Уитмен замандастарының естеліктеріне сүйеніп, қинала-қинала жазып отырмын. Ол шынында да тәрбиеге көнбейтін, таяқ өтпейтін жалқау болғанға ұқсайды. Жас ақын жұмыс істеген «Жұлдыз» газетінің редакторы ол туралы мынандай мінездеме қалдырыпты: «Егер ол безгекпен ауырса, қалшылдауға ерінетін кер жалқаудың өзі...» Бұдан артық не деуге болады?! Солай дейміз ғой әрине. Бірақ болады екен. Өте жақын бір досы, жақын білетін жолдасы: «Қансорғыш қалың масадан құтыла алмай біз жынданып кете жаздадық, ал ол қағып ұшыруға ерініп, былық етпей жатты», — дейді... Әдетте қырсыздарды ұнатпайды. Содан да шығар, шиыршық атқан шаһар тіршілігіне шыдамай ол өзі дүниеге келген аралына, туған фермасына әлсін-әлсін қашып барып, меніреу құмда мәңгіріп ұзақ жатады екен. Ондай адам не тындырады? Қырықтың қақпасын қаққанша ол да ештеңе тындырып жарытпайды. Әдебиет әлеміне бір ғана кітаппен келіп, бір ғана



кітаппен кеткен ақынға не деуге болады? Не десеніз, о деңіз! Бірақ ол асқан еңбеккер еді дей алмайсыз!

Георгий Иванов өмір бойы еш жерде жұмыс істемеген. Жазғысы келген кезде ғана жазған. Жанын қинамаған. Диванда жатып, бас көтерместен детектив шығармалар оқыған. Қай уақытта жатса да түскі екісіз оянбаған, тұрмаған. Енді бір қасиеті өзінен-өзі ұялғандай айнаға қарамауға тырысқан... Айна тұрған жерлерді айналып өтетін болған.

Габриил Державин әңгімелесіп отырып-ақ қалай қор ете түскенін білмей қалады екен. Ал Гиберт К. Честертон отырған жерінде ұйықтап кетсе ештеңе емес қой, ол тіпті жүріп келе жатып та қалғып кететін болған.

Ақын-жазушылар, менінше, пайғамбарлығымен емес, пенделігімен қызық. Қолдарынан келгенінше, пенделіктен пайғамбарлық жасағандарымен қымбат.



Соңғы сөз орнына немесе қаламгер Қали Сәрсенбаймен сырласу

Кісі баласы қызық. Кейде ұлтқа ортақ, сүйеу болар, бар тұлғаны — бақытты, бақты көктен не болмаса өзгенің ортасынан іздеп адасады. «Мұханның мандайы Сократтікі емес, өзіміздің мандай, халықтың мандайы», — деп Қалағаң (Қ. Мұхамеджан) айтпақшы, сол бақыт пен бақтың өз қасымызда жүргенін сезе бермейтін әпенділігіміз бар ғой. Мәселен, Қадырдай ақыны бар ел бақытты ғой десек, қалай қарайсыз. Әрине, дені сау адам дұрыс қарайды. Атына заты сай болып, қазаққа бір мырзалық танытып, Мырза Әліні бере салғанын айтсаңызшы.

Мынадай бір қарапайым мысал келтірейік. Қазіргі той басқарып жүрген тамадалардың көбісіне Қадыр тамақ тауып беріп отыр. Талай тойға барып жүрміз. Қадырдың сөзі алдыннан шығады. Тамада тақылдап Қадырдың өлеңін оқиды, өз атынан, әрине. Менімше сөзі ел аузында жүрген қаламгерге басқа бақыттың керегі де жоқ сияқты.

Қадыр жай ғана ақын емес, бір бойына бірнеше кісінің қасиетін қондырған, ұлан-ғайыр білім жиған энциклопедист-оқымысты болудың өзі екі есе бақыт болса керек.

Қадекең бірде — «бір еңбек жазып жүрмін, бір мақсатым орындалғандай көрінеді» дегенде жата

келіп жабысуымыз тектен-тек емес еді. Алғаш басқа келген ой: «ол Қадыр Мырза Әлі болса жай дүние жазбайды».

Біз неге «Жазмышты» жариялауға бірден ынтық болдық? Мына ойымызға бұл кісінің кейбір әріптестері ренжімесін. Бәзбір ақындарымыз аса талантты бола тұра, ұзаққа шаба алмайды, өзін-өзі жоғалтып жатады. Себебі — ізденбейді, оқымайды, мақтаннан, қолпаштан қашпайды, содан да өрісі тарылып қалады, Тәңірінің берген сыйынан тал түсінде айрылады. Бұдан кейін Тәңірінің әлгі көл-көсір сыйын бағалай білмеген әлгі суреткерді халық алдында қылмыскер десе де болады. Өз қадірін өзі білмеген осындай сор баршылық бізде. Бәлкім ол кінәлі емес шығар, оқу үшін Тәңірі тағы да талант беруі керек болар. Жоқ енді кешіріңіз, бәрін Тәңірден күтіп отыру мүмкін емес.

Поэзияның 30 — 40 пайызы тыныс белгілерінен тұрады дейді. Бұл Тәңірінің 60-70 пайыз талант бердім, ар жағы өз қолында дегені емес пе?! Демек, Тәңірі сыйлаған талантты халықтық ететін де суреткердің жиған білімі, ақыл-парасаты, оқу-ізденісі. Міне, Қадыр ақын мәселенің осы екінші жағын, керек болса аса маңызды, қажетті тұсын керемет шебер игерген, пайдаланған. Сірә, жүйелі оқудың жетістігі болар бұл. Әр нәрсенің басын шалып оқыған соң да кейде ойымыздың, «бақа сисе көлге сеп» деп, әр жерден шашыраңқы шығып жататыны да содан болар.

Қадыр ақын өмір бойғы оқуының көп ұзаса 50 пайызын ғана халқына ұсынып отыр. Оқырманның осынша өмірді, осынша қызықты, қиын, күрделі тағдырларды, құбылыстарды, жаңалықтарды, оқиғаларды өмір бақи білмей, иә оқымай, еш жерден кез-

дестірмей кетуі де әбден мүмкін еді ғой. Демек, біз Қадыр арқылы оқырманның шын мәніндегі таланттар туралы таным-түсінігін, ой-өрісін молайттық, бір сатыға көтердік деп білеміз. Біреулер өмір бақи іздегенін «Жазмыштан» тауып жатты. Кейбір түсініксіз құбылыстардың сырына «Жазмыштан» жауап тапты. Оған дәлел «Жазмыш» жарияланған бір жыл бойына редакция телефоны жиі сыңғырлады. Жолға шықсаң алдымыздан «Жазмыш» күтіп тұрды. Көзден таса қылып алған нөмірлерді редакцияға іздеп келіп, «тауып бер» деп әлек салғандар да болды. Әрине, бұлай істеу тек қазақтың ғана қолынан келеді. Жұрт жақсы кітапқа шөліккеп жүрген қазіргі шақта бұнын аса қажет іс екенін түсіндік. Әуелгі ойымыздың үдесінен шықтық. Мұндай істің қажеттігін бізге Қадыр жақсылап тұрып сезіндірді.

Асыл сезімдерді аңсаған, жанына жылу іздеген адамдар таланттарды төңіректейді. «Жас Алаштың» бір талантты адаммен жыл бойына жүргізген жүйелі жұмысы оқырман үшін де аз олжа болған жоқ. Енді оқырман осы еңбектің жеке кітап болып шығуын сұрайды.

Талантты кісіге дауа жоқ. Ол заманға тез бейімделеді. Бұл кезеңнің де сырын Қадыр ақын тап басып таныды. Талабын, ойын, мұратын біле қойды. Ол қазіргі жастардың тұрғысынан ойлай білетін ойпаз екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді, дәлелдей береді. Қай заманда да оқыла беретін, тауып кететін, тапқыр таланттарға «Жас Алаштың» есігі әрдайым ашық.

Қадырлар — еліміздің мәңгі шайқалмас моральдық тұғыртасы екен.

«Жас Алаш» қай кезде де қоғамға керек сөзді айтуға талпынады. Сол талпынысы үшін бәлкі ба-

сын тауға да, таска да соғып келе жатқан шығар. Ол да бір «Жазмыш» болар, бірақ Қадырлардың қадірін білетін «Жас Алаштың» жаза басып, жаңылған жері жоқ әзірге.

Айтпақшы біреулер «Жазмыш» бітті ме? » деп қуанып телефон да соқты. Бірақ бұл пендешілік қуаныш қой, мұндай қуаныштың, бізге ғана тән екенін айта кетуіміз керек.

Талантты адамның «Жазмышы» бітпейді, егер ол шын талантты болса, әрине. Ендігі әңгімені автордың өз аузынан естиік. Пендеге де бір жауап керек қой.

— Оқырман сауалы көп. Соның ең бастысының бірі былай: *«Жазмышқа» қалай келдіңіз? Неден туды?*

— Жазушының бүкіл ғұмыры ізденуден тұрады. Кез келген туындысын жазу үшін жатпай-тұрмай ізденеді. Және олар, әдетте, не іздеп жүргенін өте жақсы сезінеді. «Жазмышқа» байланысты айтар болсам, алғашқыда не іздеп жүргенімді мен өзім де білгем жоқ! «Ақ отау» жинағының кейінгі басылымдарынан алып тастаған:

Не іздеп жүрмін білмеймін!

Қашан тауып алғанша, —

дейтін бір егіз тармағым бар еді. Имандай шыным: «Жазмышта» тап осындай болды. Не іздеп жүргенінді білмей іздену кейбіреулердің ақылына сыймайды. Шынында да оны түсіндіру өте қиын. Сөздің ретіне қарай амалсыз айтуға тура келеді. Кітап оқуды бірінші сыныпқа бармай тұрып бастағанмын. Содан бергі менің бүкіл ғұмырым оқумен өтіп жатыр. Біраз адам жақсы біледі; бүгінгі тандағы менің жеке

кітапханам – Алматыдағы барынша бай кітапханалардың біріне жатады. Өз меншігіннің аты – өз меншігің. Өз кітаптарымды мен, әдегте, қысылмай, қымтырылмай, белгі салып отырып, сызып оқимын. Жылдар өткен соң әлгі өзім арнайы белгі салған жерлерге қайтып оралам. Санамды, зердемді жаңғыртамын. Іздеген нәрселерімді, ой-пікірлерді, мәліметтерді тез тауып, қуанып қаламын. Сондай бір қажетті қайта оралулардың кезінде «Жазмышты» жазу идеясы туған тәрізді... Бәрі бірдей болмағанмен, біраз ақын-жазушылардың азаптары, ауру-дерттері, іс-әрекеттері, қайғы-қасіреттері, кейде тіпті мезгілсіз өлімдеріне дейін ұқсайды. Әсіресе, талайсыз-бақсыз тағдырларының, сорларының ұқсайтыны мені қатты ойға қалдырады. Бұл енді, құдай біледі тегін емес! Осыны байқаған күндерден бастап, оқыған кітаптарыма, мақалаларыма айрықша белгі салып, сызып қана қоймай, оларды шағын форматтағы қағаз қиындыларына көшіріп, картотека жасауға кірістім. Ақын-жазушылардың күнделіктері мен естеліктерін, кейбір ұтымды зерттеулерді індетіп жүріп іздеп, қайткенде де тауып алатынды шығардым. Солардың арқасында тек болашақ «Жазмыш» кітабына байланысты арнайы кітапхана дүниеге келді. Бүгінде ол саяжайымда бөлек сақтаулы. Кейбір зерттеулер дегенді айтып қалдым. Сол зерттеулердің басым көпшілігі, тіпті арнайы әдеби оқулықтардың өзі ақын-жазушылардың талайсыз тағдырларына тереңдеп үңіле бермейді. Жеңіл-желпі баяндап өте шығады. Оларға қарап жақсы көретін ақындарының қандай адам болғанын көз алдына елестете алмайсың. Ақын болмысын аша түсетін небір керемет штрихтар, детальдар мүлдем ескерілмейді. Кездеспейді. Кездеспейді дейміз-ау, бағзы бір



авторлар кейде көптеген шындықты әдейі бүгіп қалады. Әйгілі ақындардың жұрт қабылдай қоймайтын қисық-қыңыр мінездерін жуып-шайып, боямалап, «көркемдеп» басқа бір жаққа лағып кетеді. Өкінішті, әрине! Өкінішті болғанда қандай! Зерттеушілерге оғаш көрінген оқыс әрекет, кейде тіпті кемшілік болып көрінген қолайсыз қылықтар шын мәнінде олай емес, керісінше, автордың шығармашылығына тура байланысы бар әдеби-көркем кілт секілді маңызды нәрсе екендігінде олардың шаруасы жоқ! Ақын да пенде. Оны ақын қылған да мүмкін, сол пенделігі, кемшілігі шығар!.. Михаил Юрьевич Лермонтов – орыс әдебиетінің әдемі классигі. Опат болған ұлы Пушкиннің ойсыраған орнын біраз жыл толтырып тұрған ірі тұлға. Өзі де ұлы. Аз ғана уақыт түрмеде жатқанда сәлемдесуге келген Белинскийдің өзімен жатып сөйлескен мықты. Міне, сол ірі тұлға, ұлы ақыныңыз өмірде сондай жұғымсыз, сүйкімсіз адам болған. Ол жағы бүкіл оқырман қауымға мүлде беймәлім. Бірақ кезінде оның қандай адам екенін замандастары өте жақсы білген. Кейбіреулері мүмкіндігінше одан аулағырақ жүргенді дұрыс көрген. Жазушы замандастарының бірі ол туралы аты шулы хикаят та жазған. Ол шығарманы Лермонтовтың өзі оқыған, оқып қана қоймаған. Айна-катесіз өзін таныған. Автордың қолын алып, «Сәтті шығарма жазуыңмен!» – деп құттықтаған да! Осы мінезіне қарап отырып, ұрыншак ақынның өліміне, өзге емес, өзі кінәлі деп те ойлауға болады. Сірә, бетің бар, жүзің бар деп жатпайтын тентектеу ақынның өзі Мартыновқа тіл тигізуі мүмкін. Мартынов та тегін адам емес. Орыс офицері. Жақсы атыса білетін мықты...

Соғыстың алдында Абдолла Жұмағалиев деген қазақ ақыны болған. Сол болашағы өте үлкен да-

рын иесі соғыс кезінде ерлікпен опат болған. Соның мінезі де тура Лермонтовтың мінезіндей... Тұрған өрт болса керек. Қасым Аманжоловты сұмдық жақсы көрген. Пір тұтқан. Қасым жоқ жерде біреу-міреу ол туралы қолайсыздау сөз айтса, атып тұрып: «Жанағы сөзіңізді тағы бір қайталаңызшы!» – дейді екен. Қайталаса, қып-қызыл төбелес шығарады екен. Қасым да оны керемет жақсы көрген. «Абдолла» сияқты поэма тек сондай махаббаттан ғана туады деп білем. Ғажап дүние!

Айтпақшы, жаңағы айтқан Лермонтовымыз жөнінде белгілі кеңес жазушысы Петр Павленко да арнайы шығарма жазбақ болған. Тура ақиқатын айтпақ болған марқұм арманына жете алмай, ерте қайтыс болған. Райынан қайтып, әдейі жазбай кетуі де мүмкін. Өйткені Лермонтовқа қарсы қол көтеру – оңай шаруа емес.

– Сіздің «Жазмышыңызда» ақындардың айрықша оғаш мінез-құлқы немесе діңкелеткен дерті туралы, оқыс іс-әрекеттері туралы мол және қызықты баяндалған. Сол өзіңіз суреттеген ауру-сырқау және мінез-құлықтардың әйгілі ақындардың шығармашылығымен тура байланысы бар ма, қалай деп ойлайсыз?

– Бар болғанда қандай! Мысалы, әлемге әйгілі Достоевскийдің ауруын алайық. Ол өмір бойы ұстамалы аурудың темір құрсауынан босана алмаған адам. Адам үшін ол – сор, бақытсыздық, қасірет. Сөйте тұра жазушы үшін керемет сәт. Сол сәттерде ол өте өнімді және өте әдемі жазатын болған. Шығармашылық процесс – ауру түгілі, сау адамның өзі үшін түсініп болмайтын күрделі, аса күрделі құбылыс. Оны тек байқайсың, сезінесің, бірақ талдап бере алмайсың! Тіптен жас кезімде

осындай бір тылсым қас қағымдар жайлы былай деп жазғанмын:

Жүрекпен жүйке егессін,
Жыр-көңіл сонда толғайды.
Жынды деп жынды емессің,
Жынды емес деуге болмайды.

Тебісіп ырғақ, миында,
Төгесің сырды отырып,
Адам деп айту қиын да,
Кұдай деп айту өтірік!

Қайталап айтамын: бұл өзі ақыл аумағына сыя бермейтін құпия құбылыс. Үңілгің келеді, үңіле алмайсың, ұстағың келеді, ұстай алмайсың. Сынап-тай сусып шығып кетеді. «Жазмыштың» үшінші бөлімін немесе қосымша тарауын, қанша оқталсам да, жаза алмай жүргенім тегіннен-тегін емес, әрине. Әйтсе де көркемдік әлемі сонысымен де қызық. Сондықтан, неде болса, жазып тынатын шығармын.


— *Оқырманның әдетте мұндай еңбектерден өзімізді іздейтін әдеті гой. Өзіміз болғанда «Жазмышта» қазақ қаламгерлері туралы мәліметтер неге аздау дейді гой баяғы.*

— Қазақ әдебиетінің үлкен әдебиет екені рас. Сөйте тұра күнделіктер жүргізу мен естелік жазу мәдениеті бізде әлі де болса төменгі деңгейде. Ашып айтар болсақ, күнделік жүргізу де, естелік жазу да — ар-ожданның ісі, имандылардың ісі — пенденің шаруасы емес. Шынына келсек, өз басым қазақ ақын-жазушыларына илана бермеймін. Көпшілігінің қаламын әулие емес, әзәзіл иемденіп кеткен секілді. Әзәзіл жүрген жерде әділет болмайды!

Бәрін қойып бір сәтке қиял жетегіне еріп көрі-
нізші: жиырмасыншы-отызыншы жылдары қазақ
каламгерлері түгелдей дерлік күнделік жүргізген де-
лік. Сонда не болған болар еді?! Күнделік жүргізу-
шілердің барлығы дерлік Сібірде шіріп, күнделіктері
КГБ-ның архивінде жатар ма еді, қайтер еді?! Құ-
дайға шүкір, Мұхтар Әуезов те, Сәбит Мұқанов та,
Ғабит Мүсірепов те, Ғабиден Мұстафин де – бір де
біреуі күнделік жүргізбеген және өте дұрыс істеген.
Жүргізе қалған күнде ол күнделіктері, басқаларды
былай қойғанда, ең алдымен өздерін ұстап берген
болар еді. Не айтатыны бар, Құдай сақтаған!

Байқаймын, тереңдеп бара жатқан тәріздімін.
Әңгімені өз бастауына қайта бұрар болсақ, «Жаз-
мыш» кітабына қазақ ақын-жазушылары туралы мә-
ліметтердің белгілі дәрежеде аздау болуының толып
жатқан себептері бар. Сөйте тұра әлемдік әдебиеттің
үлкен үлесімен салыстырғанда, өзімізге байланыс-
ты да біраз нәрсе айтылды. Тым шағындығына қара-
май Мұқағали Мақатаевтың «Күнделігі» қажетке
жарады. Ғабит Мүсіреповтың жазбалары назардан
тыс қалған жоқ. Ал тірі ағаларымыздың күнделік-
тері – олардың уақытша құпиясы. Оқып шығуға
бере тұрыңызшы деп сұрай алмайсың. Ол күн-
деліктердің ішінде талай бомбаның жатуы мүмкін.
Ол бомбалар қай жерде, қай жылдары жарылса да
қазаққа жақсылық әкеледі деп ойламаймын.

Ескертіп айтатын тағы бір жәйт: менің жазып
отырғаным естелік емес. Естелік – алдағы күндер-
дің шаруасы. Амандық болса, оны да жазамын. Ал
мына кітапта ұлттық менталитет, намыс қол байла-
ды. Шындап кетсем, ішімдік, маскүнемдік тарауын
бір ғана қазақ ақын-жазушыларының хикаяттары-
мен толтыра алатын едім. Қайталап айтамын: оған



ар-ожданым жібермеді. Мұны мен өзімнің немесе «Жазмыш» кітабының кемшілігі деп есептемеймін.

«Жазмыш» қазақ ақын-жазушыларының тағдырына арналған кітап емес. Оның өрісі әлдеқайда кең.

— Қалай дегенде де қазақтың кейбір біртуар тұлғаларының тағдыры да оңай болмаған. Кезеңнің құрбаны болғандар бар екені ақиқат десек те, дәлелге келгенде тілімізді тістеп, күмілжіп қаламыз. Мәселен, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың тағдыры туралы да әрқилы пікір айтылып жүр. «Жазмышта» Бекең басқаша қырынан көрініп еді... Сіз де ол кісінің тағдырынан не хабар бар?

— Жақында мен «Жазмыштың» соңғы кітаби нұсқасын қайта қарап шықтым. Енді ол сол күйінде жариялануға тиіс. Көптеген өзгерістер енгіздім. Ең бастысы — толып жатқан жаңа мәліметтермен толықтырдым. Жасыратыны жоқ, енді бір естелік кітабын жазсам ба деген ойым бар. Соған байланысты қазақ жазушылары, өз замандастарым қақындағы кейбір дүниелерді кейбір тұстарда іркіп қалған да сәттерім жоқ емес-ті. Бірақ осы Бердібек ағамыздың өлімі туралы білетіндерімді, естігендерімді «Жазмышқа» кіргізгенді жөн көрдім. Ол кісінің өлімі жайында кезінде жарияланған хабар негізінен, қыпқызыл өтірік боп шықты. Мен оған өз басым кезінде де сенбегенмін. Әлі де сенбейтін жақтарым көп. Өз көздерімен көрген куәгерлердің айтуларына қарағанда Бердібек Соқпақбаев асылып өлгенге ұқсайды. Әрине, асылып тұрған жерінен босатып алғандарына сенесің. Бірақ оның өз еркімен асылып өлгеніне бөрібір сенбеймін, сене алмаймын. Бұл өзі Сергей Есениннің өліміне ұқсайды. Ең соңғы құрылған

комиссия ұлы орыс ақынын алдымен өлтіріп, сосын барып асып кеткен деген қорытынды жасады. Бердібек Соқпақбаев өзін-өзі өлтіретін адам емес-ті. Менінше, мұны да біреулер өлтіріп, сосын барып асып кеткен.

Жалпы күдік келтіретін өлімдер өте көп. Соның бірі – Жұбан Молдағалиевтің өлімі. Жұбағаң ол кезде ешкім бара алмаған батырлыққа барды. Жүрегін дауаламайтын, аузына сыймайтын алапат үлкен шындықты айтты. Содан кейін оның жер басып жүруге қакы болмай қалған болуы керек. Оның өлімі, не болса да, Колбиннің мойнында. Логика солай дейді. Әйтпесе оның ауруы кісі өлетін ауру емес-ті.

– *«Жазмыш» осымен бітті ме? Әлде жалғастырмақ ойыңыз бар ма?*


– Бітті деуге әбден болады. Діттеген жеріме жеттім. Мақсатым, негізінен, орындалды. Енді одан әрі мыжи бергенде не шығады? Күйіс қайыру – малдың шаруасы. Малдың асылы – жылқы. Оның өзі күйіс қайырмайды. Рас, таза шығармашылық процесс ақындардың қайталанбас даралығы, мінез-кұлқы, адами ерекшеліктері, өзгелерге түсініксіз табиғаты, шығармашылықтың құпия сырлары туралы да бірдеңе жазбақ ойым бар. Ол өз алдына жеке дүние, сөйте тұра «Жазмыштың» жалғасына да ұқсайды. Бірақ оның жазылу-жазылмауы бір ғана менің қолымда емес. Құдай біледі...

– *«Жазмыш» жарық көргелі жатқан көп томдыққа ене ме?*

– *Жеке шыға ма?*

– *Жеке шығару да ойда бар.*

– *Енді көп томдығыңыз туралы бірер сөз айтып берсеңіз!*




– Өзің білесің, мен көп, өте көп еңбек еткен автормын. Кітап жазбаған, кітап шығармаған жылдарым жоққа тән. Шығара алмасам да жазып жаттым. Басқалардан артықшылығым осында болса керек. Бірақ кейбіреулердің онда мүлдем шаруасы жоқ. Өз мүмкіндіктерімен өлшейді. Жақында мен Бельгер досымды көрдім, ол кездескен бойда маған: «Кейбір достарыңыз ол он екі томды Қадыр Мырзалиев немен толтырады? деп жатыр. Аудармаларың кіре ме?» – деп сұрады. «Жоқ! Аудармаларым кірмейді. Өйткені олардың өзі он шақты том болады! Әлгі таң қалушыларға сен айта бар: Мен сол көп томды немен толтырам деп қиналып жүргем жоқ. Қалған туындыларымды қайда сыйғызамын деп шаршап жүрмін». Біреулер үшін он-он екі том өте көп көрінуі мүмкін. Он екі том түгіл орташа ғана екі том толтыра алмайтын әріптестеріміз де жоқ емес. Құдайға шүкір, өз басым ол топқа жатпаймын. Көпке таныс «Сөз сиқыры» атты көлемді дүниемнің жарық көрген бірінші кітабы мен жарық көрмеген екінші кітабы он екі томдықтан тыс қалғалы отыр. Қалай дегенмен, барлыққа не жетсін!

– Әп, бәрекелді! Соны айтсаңызшы!



ЖСырмасыншы
гасыр бізге
не қалдырды?



*Жыырмасыншы ғасыр
бізге
не қалдырды?*

(Шер)

Электр қуаты адамзатты қанша қиындықтан құтқарды? Алдымен ол жарық болып, дүниені нұрға бөледі. Темір жолдардың қос ішегіне қондырып қойып, бір шетінен бір шеті көрінбейтін поезд құрамдарын сүйреді. Телефон келді. Бір қиырда тұрған адам екінші бір қиырда тұрған адаммен оп-онай сөйлесетін халге жетті. Қазіргі ағайындардың көбі кеңседе, болмаса үйінде тұрған аппаратқа ғана жармасып қоймайды. Кез келген жерде жаяу келе жатып та, көлікпен бара жатып та, тіпті, қажет болып бара жатса, әжетханада отырып та қалаған кісісімен сұхбаттаса береді... Кино өнері пайда болды. Ұшактар ше? Әлдеқайда асыққан ағайын поездың жүрісін жүріске санамай, аспан арқылы самғайтынды шығарды. Ана қала, мына қала сөз бе екен, ана континент, мына континент деген немене, ғарышкерлер айдың арғы бетіне де барып қайтты. Адамсыз аппараттар Есекқырғанға, Шолпанға шолу жасауда. Газ деген құдірет пайда болып, тезек түгілі, таскөмірінді ығыстырып барады. Компьютердің араласпайтын жері қалмады. Мұндай-мұндай қиял-ғажайып дүниелерді бұдан бұрын ешбір ғасыр әкелген жоқ. Шынында да керемет! Бірақ өкінішке қарай, осы

ғаламат ғасырдың артында қалдырған қиямет-қайымдары мен қайғы-қасіреттері біз жоғарыда атап өткен тамаша жетістіктерден әлдеқайда көп. Оның бәрін жіпке тізу – біздің міндетіміз емес. Міндетіміз болмаса да тізіп бағар едік, қолымыздан келмейді. Ол – көптеп-көлемдеп көтеретін жүк. Көптеп-көлемдеп тындыратын шаруа. Біз олардың көбін атап-атап, іріктеп-іріктеп сөз етпекпіз.

Сонымен...

Жалің қалай, қайран орта - табиғат?

О баста кімнің басына бірінші келгені және қай халықтан басталғаны белгісіз көптеген елге ортақ әдемі бір дәстүр бар. Ол: енді-енді некеге отырған ерлі-зайыпты екеудің аз дегенде бір көшет отырғызуы. Бірақ өмір қызық қой, бір жерде бір түп ағаш отырғызып жатса, басқа бір жерде орман отап жатады. Оның көбі, негізінен, қажеттіліктен туады. Орыстардың «деревня» деген сөзі «дерево», яки тоғайдан тазартылған жер, ағаш үйлер деген мағына береді. Ол кезде ағаш (бөрене) — бірден-бір құрылыс материалы. Ендеше баспана тұрғызу орман отаудан басталатын. Ағаш — үйге, босаған жер — егінге немесе бау-бақшаға керек. Қысқасы, ағаш кесу ол кездер үшін қай-қай жағынан да тиімді, қай-қай жағынан да пайдалы болған.

Бір кездері Жерорта теңізінің жағасы Балқан түбегі сыңсыған орман екен. Оның бәрі де халық мұқтажына, көбіне-көп кеме жасауға кеткен. Ал ол кемелердің бәрі дерлік бүгінде теңіз түбінде.

Жарықтық ағаштың қажет емес сәті бар ма?! Аулалар тақтаймен қоршалатын, көпірдің көбі тақтайдан жасалатын. Арба да, шана да ағаштың арқасында дүниеге келген. Тағысын тағы, тағысын тағы.

Толып жатыр. Бірақ орманның түбіне жеткен бұлар емес.


Қағаз бен өрт. Өрт — құдайдың, қағаз — адамның шаруасы.

Ғылыми-зерттеу институттарының мәліметіне карағанда бір тонна қағаз жасау үшін жиырма түп үлкен ағаш керек екен. Ал адамзат жылына 150 млн тонна қағаз пайдаланып, 3 миллиард ағаштың түбіне жетіп отырған. Әр кітаптың артында қаншама жасыл әлем тұр! Жә, классикаға кеткен ағаш — шәһит болған ағаш. Ал дүние жүзінде қаншама халтура бар?!

Енді, міне, жұмыр жердің қай түкпіріне көз жүгіртсең де көңілің құлазиды. Жұбанар ештеңе жоқ. Соның бәрін істеген — адам! Жердің құрты! Америка ғалымдары М. Макилоски мен Г. Спалдинг әлі де болса аяғымыз жетсе де, айуандығымыз жете қоймаған таза аумақтардың картасын жасап, көлемін есептеп көрсе, бүкіл Жер шарының 34 пайызы әзірше жалаңаштана қоймапты. Бірақ сол сау қалған болымсыз 34 пайыздың төрттен бірін Антарктида алатын көрінеді. Ал қалған төрттің үш бөлігі таулар мен құм-шөлге бұйырған. Сонда Африканың 24, Австралия мен Океанияның 30, Еуропаның 7 пайызы құдай жаратқан қалпында тұрған тәрізді. Бірақ оның бәрі орман емес.

Орман! Орман! Әзірше әңгіме орман, тропикалық ормандар туралы ғана. Өйткені олар — Планетаның негізгі қазынасы, өкпесі.

Дегенмен алапат апаттың аймағын бір елестетіп көрелікші. Қаншама ғасыр орман елі болып есептелген Бангладештің бүгінде 6 пайызы ғана орман-тоғайдан тұрады. Әдеттегідей жер жер болуы үшін, ауа ауа болуы үшін өлкендегі орманның көлемі 25 пайызға



шейін өсуге тиіс. Әйтпесе бүкіл Бангладеш күндердің күнінде қып-қызыл құмға айналмақ. Сол аурудың алдын алу мақсатында бенгалдықтар бұдан он жыл бұрын орман отауды үзілді-кесілді тоқтатып, ағаш отырғызуға кіріскен-ді.

Орман отауға Австралияда да тыйым салынған. 800 километрге созылған жасыл жағалау әлемдік казына есептеліп, ЮНЕСКО қол созып отыр. Ештен кеш жақсы деген осы. Әйтпесе біраз жерді алып жатқан шулы әлемнің соңғы екі жүз жылда 75 пайызы оталып та үлгерген-ді.

Қытай – ұлы ел. Аумағы да әжептәуір. Аспан асты деп атаса атағандай. Мерзімдік баспасөздің хабарлауына қарағанда сол әжептәуір аумақтағы әжептәуір орман минутына екі гектарын жоғалтып отырады екен. 175 миллиард тонна шұрайлы топырақты су ағызып өкеткен. Егер шұғыл шара қолданбаса, Янцзы дариясы далиған шөлге айналмақ.

Ит тұмсығы өтпейтін желекті жунглиін берекесіз кесіп, есепсіз рәсуа қылған көп елдің бірі – Үндістан... Бірақ Үндістан өкіметі жырым-жырым жунглидің жасыл жұрнағын бақылауға алып, жоспармен қалпына келтіруді көздеп отыр. Енді жыл сайын бес миллион гектар жерге көшет отырғызады.

Соңғы жылдары көптеген елдерде «Жасыл желек» партиясы пайда бола бастады. Оның көбірек етек жайып, жігерлі жұмыс істеп жүргені Германияда. Ол елде негізінен Альпі бетін алып жатқан қарағайлы, шыршалы орманның 80 пайызы оталып үлгерген. Сайлаулар кезінде «Жасыл желек» партиясына дауыс беретін қалың бұқара – табиғат жана-шырлары.

Кейбір елдерде табиғаттағы табиғи ескерткіштердің өзі есепке алынып, жеке-жеке жанкүйерлердің назарына ілігуде. Мысалы, Украинаның Ровен облысы, Черкас аймағы Юзеф тоғайындағы мың жылдық емен мемлекеттің қамқорлығына көшті. Осындай ерекше тізімге саясында Н.И. Гоголь отырып шығарма жазған куәгер қарағай, Гурзуфтағы А.С. Пушкин кипарисы кіреді.

Көптеген елдерде қалың орман ғана емес, өсімдік атаулыға ерекше мән беріп, олардың жаппай өніп-өсуіне жағдай жасала бастады. Қозықұйрық науқаны кезінде саңырауқұлақ жинаушыларды қатты қадағалап, олардың дүниеқоңыздық жасап, көбірек терулеріне тыйым салады.

Экологиялық апат жалғыз ғана орман отаумен шектелмейді. Жалпы шырайлы жер-көлдер шалшыққа, балықты сулар батпаққа айналған жайлар бар. Тіршіліктің тамыры суда. Міне, соған мән бермей келсек керек. Бір литр жанармай алу үшін он литр су, бір килограмм қағаз алу үшін – жүз, бір тонна цемент алу үшін – 3500 литр су шығындайды екенбіз.

Таяқты қалай лақтырсаң да бір ұшы өзіне, яки адамға тиеді.

Әлемдік мұхитты зерттеушілердің пайымдауына қарағанда пластмассалардан жасалған бұйымдардың кесірінен мындаған кит, дельфин, миллион құс тектен-текке өледі екен. Ал теңіз бен мұхитқа лақтырылып жатқан пластикалық контейнерлер мен неше түрлі ыдыстардың салмағы жылына жеті мың тоннаға жететін көрінеді.

«Ауырмайын десең – алма же» – дейді екен бұрын, енді «ауырайын десең – алма же» – дейтін болыпты италияндықтар. Өйткені ол елдің өнім



беретін бір гектар жеріне он килограмдай әртүрлі химиялық тыңайтқыш (нестидцид пен гербицид) пайдаланылатыны белгілі. Ондай химикаттардың уыты мен уы ондаған жылға созылады. Ол ол ма, топыраққа сіңген тыңайтқыш жаңбыр суы арқылы, жылғалар арқылы өзен-көлдерге барып құяды. Содан барып балықтар мен құстар қырылады. «Жұт — жеті ағайынды» дегендей біріне-бірі жалғасқан сұмдық! Міне, осыдан және басқа ақылсыз әрекеттердің кесірінен өзен-көлдер мен теңіздердің аста-төк байлығы сарқылып келеді.

Басқа басқа, таза ауа жұтатын жер қалмайтын тәрізді. Прогресс, өндірісі бар болсын, өндірістің қалдықтарын өртеудің салдарынан жыл сайын атмосфераға 570 тонна қорғасын, 31 тонна кадмий, 63 тонна сынап, бұлардан басқа да бірнеше тонна химиялық қосындылар (оның ішінде диоксен де бар) ұшырады екенбіз. Сөйте тұра жер бетіндегі тіршіліктің жалп етіп өшіп қалмай, одан әрі жалғасып жатқанына таң қаласың.

Австралияда Гленн Восс деген бір фермер ғарышкерлер киетін тұмшалы костюмымен қыдыратын көрінеді. Өйткені ол аллергияның емі жоқ бір түрімен ауыратын көрінеді. Содан ол фермерлігін тастап, алыс түкпірге көшіп кеткен. Бірақ ол жерде де жанына тыныштық жоқ, үйден шықпауға тырысатын халге жетіпті. Шыкса, жаңағы тұмшалы скафандрын киіп қыдыруға тура келеді.

Италияның «Республика» атты газеті: «900 зауыт — Ломбардияға, 240 зауыт — Пьемонтқа, 600 зауыт — Эмилия-Романияға және Веното облыстарына қауіп төндіріп келеді... Тек жалғыз По өзені арқылы Адриатика теңізіне өндіріс пен ауыл шаруашылығына пайдаланылатын улы нәрселер: 30 тонна фосфор,

80 тонна азот, 60 тонна көмірсутегі, 100 тонна қорғасын, 1000 тонна хром, 3000 тонна мырыш, 250 тонна мышьяк апарып құяды екен...

Сол автордың айтуына қарағанда, Батыс Еуропаның үлкенді-кішілі қалаларының ең басты соры — машина. Италияның Бари қаласында 4000 адамға 2000 машина, Флоренцияда 2,09 адамға бір машинадан келсе, басты қала Римде 4 миллионнан астам машина бар көрінеді. Бұл сәл ескілеу факт. Қазір әлдеқайда көбейе түскен болуы керек.

Жалпы ауаның былғануы жағынан Рим дүние жүзінде бірінші орында және оны ешкімге беретін түрі жоқ.

Жердің температурасы бірте-бірте жылып барады. Бұған күннің ешқандай қатысы жоқ. Оның бәрі атмосфераға шамадан тыс газдың көтерілуінен. Оның ақыры ешбір жақсылыққа апармайды. Ғалымдардың болжамы дұрыс болса, өзіміз жиі айтып жүрген 2030 жылы ауаның температурасы 3 градустан 9 градусқа шейін жоғарыламақ. Сонда мұзды мұхит еріп, әлемдік мұхиттың деңгейі көтеріледі. Дүниені топан су басады. Ондай жағдайда алдымен Америка жағалауы, соның ішінде Чарлстон және Жаңа Орлеан қалалары бірден суға кетпек.

Соңғы жылдары атмосфераның озондық қабатында неше түрлі қуыстар пайда бола бастады. (Озон — оттегінің үш түрлі атомының өзара тоқайласуынан пайда болатын ерекше иісі бар газ). Сондай қолайсыз және қауіпті қуыс Антарктиданың үстінде оқыстан пайда болып, бірте-бірте ұлғая түскені әжептәуір үрей туғызады. Оптимистер жұбатқан болады. Ал пессимистер болжамына құлақ түрсек, төбе шашың тік тұрады.

Біле жүргеніңіз жөн:

Күріш — Азия халықтарының негізгі азығы. Кен орындарында және батпақты жерлерде пайда болатын метан газының басты бір қайнар көзі күріштік екен. Жапония өндірістік орындары жылына миллион тонна метан ұшырса, соның 340 тоннасы күріштіктен көтерілетін көрінеді.

Лондонда «Өткенді өнеге тұтушылар» атты клуб бар. Ол клубқа аса сабырлы, аса шыдамды және дініне берік адамдар ғана мүше бола алады. Міне, сол клубтың мүшелері осы заманның озық жаңалықтарынан, мысалы, автомобильден, радиодан, теледидардан, ұшақтардан бас тартуға тиісті. Антын бұзып, жолдан тайғандарды клубтарынан бірден қуып шығады.

Қытайды велосипедтің отаны деп түсінуге болады. Велосипед — экологиялық тұрғыдан өте таза, денсаулыққа өте пайдалы, жүріп-тұруға аса қолайлы көлік. Қытай Халық Республикасы халықтарының төрттен бірінің жеке меншік велосипеді бар. Демек оның саны 270 миллионнан асады.

Он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде пайда болған алғашқы автомобильдер адамдардың зәресін алған. Халықтың басым көпшілігі қарсылық білдіріп, осынау «тозақ арбасына» тыйым салуды талап еткен. Америкада «Автомобильдің ата жауы» атты шаруалар одағы дүниеге келген. Олар жай көлік пен машина көлденең келіп қалған күнде автомобиль жай көлікке жол беретіндей заң қабылдануын көздеген.

Италия ғалымдары бұл елдегі 495 көлдер мен су қоймаларының бүгінде сексен сегізі ғана ішуге

жарайды, ал қалғандарын ауызға алуға болмайды дейді.

Кельн шіркеуінің іргесіндегі бір моладан ішінде суы бар ыдыс табылған. Ғылыми жолмен зерттеп тексеріп көрсе, бұл ыдыстың сақтаулы жатқанына 1450 жыл болыпты. Бір ғажабы, эксперттердің айтуынша мұндай таза су бүгінде планетамыздың бір түкпірінде де таптырмайтын көрінеді.

Шведтер жақында атом станциясынан бас тартып, жел станциясын жасапты. Арзан және қауіпсіз.

Хайуанаттар және хайуандық

Қолдан келгенінше тыныш жатқан табиғатқа тиіспеген жөн. Ол үлкен де күрделі шілтер тәрізді. Бір шетінен сетінесе, бой-бой болып сөгіле береді, сөгіле береді.

Осыдан он шақты жыл бұрын Мәскеу газеттерінің бірінде қызық мақала шықты. Орталық Партия Комитетінің жан-жаққа өз кадрларын үздіксіз жіберіп жататын кезі. Сібірдің сондай шалғай аудандарының біріне сондай бір өкіл келеді. Жергілікті шенеуніктер жамырай сәлем беріп, жапырыла қызмет етеді. Барған жері мейманға қатты ұнайды. Ұнамағанда ше? Екіншісі бірі күнде келіп жатқан жер емес. Шалқар көл. Көлдің ортасында қаймағы бұзылмаған арал. Соны көріп көңілі өскен жаңа бастық:

— Мынау арал емес, жұмақ кой! Бірақ бұл жұмақ қаңырап неге босқа жатыр?! — дейді. — Тез арада бұл араға пионер лагерін ұйымдастыру керек.

— Тамаша ұсыныс! Бұл ой біздің басымызға нағып келмеген?! — деп жалбақтап үйренген жарамсақтар абдырап қалады.

Бастық айтты — бітті. Құрылыс материалдарының қажеті аз. Жанында орман. Балаларға керектің

бәрі сол жерде бар. Шатырлар тігіліп, машина-машина пионерлер келеді.

— Керемет!

— Керемет!

Бірақ керемет көпке созылмайды. Балаларды түнімен маса буып ұйықтатпайды. Зықылары шыққан пионерлер келесі күні-ақ, «Кетемізге» басады. Сасқан қызметкерлер жаңа бастыққа болған оқиғаны жеткізеді. Ол ашуланып:

— Маса да проблема болып па? — дейді шіреніп.
— У шашындар да құртындар көзін!

Айтты — бітті. У шашылады. У шашпас бұрын жиі-жиі аспанға шапшып, жебедей атқылап жатқан ірілі-ұсақты хариустар көл бетінен бір сәтте ғайып болады. Жұмыс істеп тұрған әдемі фонтандарды еске салатын көл беті тып-тыныш солып, айналага меніреу тыныштық орнайды. Алғашқыда ешкім ештеңе түсінбей дал болады. Кейін байқаса, хариустардың бірден-бір тамағы масалар екен. Енді маса жоқ. Олар түп-түгел қырылған. Хариус байғұстар не істейді? Олар да қырылады. Көл бірер күнде өлі көлге айналады.

Тағы бір мысал. Бұл да сол төңіректе болған. Орыстың бір байлығы орман емес пе?! Күні кешеге шейін сол ну орманның, тайганың бір пұшпағы Новосибирь қаласына жетіп, шулап жатқан жоқ па еді?! Қарағайлар! Қарағайлар! Жай қарағайлар емес, балқарағай! Балқарағайдың тобыршағы қандай! Адам сүйсініп жегенді хайуан жемейтін бе еді?! Сол тобыршақ шашылып жатпаса, ол жерде қабан да болмас еді!

Адам өрісі кеңіген сайын аң-құстың өрісі тарыла түседі. Адам келген жерге құрылыс келеді. Құрылыс көбейген сайын сыңсыған орманың сирей

бастайды. Біраз жылдардан кейін табиғаттың табиғи тепе-теңдігі бұзылып, экологиялық апат жақындай береді, жақындай береді. Соның бір белгісі іспетті Сібір жолбарыстары жаңа мінез көрсетіп, қала сыртындағы байлаулы иттерді жеп кететін әдет шығарады.

Ойланған адамға түсінбейтін ештеңе жоқ. Орман азайған сайын тобыршақ азаяды. Тобыршақ азайған сайын доңыз азаяды. Доңыз азайған сайын жолбарыс азаяды. Өйткені жейтін ештеңе жоқ. Амалсыз ит жеуге тура келеді.


Қолдан келгенінше тыныш жатқан табиғатқа тиіспеген жөн. Осы пікірдің дұрыстығына көзіміз жете түсу үшін тағы бір мысал келтірейін. Бұл тіптен ғажап тарих!

Дөңбекшіген Тынық мұхиттың қыртыс-қыртыс бетінде ойда жоқта бір арал пайда болады. Қай жылдың қай айы, қай күні – оны ешкім білмейді. Қағазға түспеген. Жердің тектоникалық тепкісінен дүниеге келген бұл арал бірнеше жылдан кейін керемет орманға айналады. Орман бар, бірақ аң-құс жоқ. Бір ғажабы әрлі-берлі ұшып жатқан жыл құстарының негізгі маршруты осы аралдың тура үстінен өтетін болып шығады. Бұрын-соңды мұндай ғаламат көрмеген және ұзақ сапардан қанаттары талған кейінгі ұрпақтарға белгісіз бір құстар әлгі аралға амалсыз қонып, біраз демалады. Тып-тыныш. Ешқандай жыртқыш көрінбейді. Азық деген ағыл-тегіл! Кәдімгі жер бетіндегі жұмақ. Көңілдері орныққан жолаушы құстар енді ол жерден кеткілері келмейді. Ауа райы қоңыржай. Мұз жоқ. Өйткені суық түспейді. Тірі мақұлыққа бұдан артық не керек?! Кейін тарихта Дронг деген атпен тіркелген осы бір белгісіз құстар әулеті сол жерді мәңгі мекендеп

қалады. Кету түгілі ұшуды қояды. Бөтегелерін май басып, топшылары сіресіп қата бастайды. Сөйтіп уақыт өте береді, өте береді. Жаңа жер іздеп, Тынық мұхитты көктей өтіп, ағылып жатқан кемелер көбейеді. Соның бірі сол аралға зәкір тастайды. Өз көздеріне өздері сенбейді. Байпаң-байпаң кербез де семіз құстарды таякпен ұрып, етке бір жариды. Аралға Маврикий деп ат қояды. Жұмақтан қашқан кісі болыпты дегенді естігендерің бар ма? Көп кешікпей сол Маврикий аралы кісіге толады. Біраз жылдардан кейін таякпен ұрып алып, қуырып жеп жүрген дронт та таусылады. Қанша уақыт өткені белгісіз келімсектердің біреуі қызыстардың арасынан дронттың шырғасын (чучело) тауып алады. Сол шырға, сыңары жоқ жалғыз шырға бүгінде Ұлыбритания мұражайында сақтаулы.

Әңгіме осымен біте қойса жақсы ғой!

Дүниенің бір аннан, бір құстан айырылуы бұл ғана емес! Талайынан айырылған. Өкінішке қарай, бір қасірет екінші бір қасіретке жалғасып, одан әрі ушыға түсетіні жаман. Сол Маврикий аралында дүние жүзінің бір де бір түкпірінде өспейтін тағы бір дронт бар. Бірақ бұл құс емес – ағаш, көп жылдық ағаш. Қанша көп жылдық болса да сол ағаш, сол орман бүгінде қартайған, тұқым бермей құрып барады. Онымен шұғылданбаған адам жоқ, басын қатырмаған маман жоқ. Ғылыми-зерттеу институттары да ойланып көрген, әрекеттеніп баққан. Алайда еңбектері зая – дронт одан әрі тұқым бермей-ақ қойды. Дәлірек айтсақ, тұқымы бар. Бірақ сол тұқым тамыр тартпайды. Тұйыққа тірелген дүйім ботаниктер ақыр аяғында мынандай бір тоқтамға келді. Бұл ағаш енді жер бетінен жоғалады. Өйткені оның тағдыры жоғалған құсқа ғана байланысты.



Кезінде құс дронт ағаш дронттың жаңғағын тірілей жұтып, жемсауында біраз жатқызып барып, шығарып тастайды екен. Құстың жемсауында былқып, жұмсарған, өзгеріске ұшыраған тұқым топыраққа түскеннен кейін барып, тамыр тартса керек. Ал дронт құстың асқазанын көрмеген дронт ағаштың тұқымы, қазақша айтқанда мал болмайды. Ойланып көріңізші! Құстан кейін орман құрыса, орманнан кейін тағы бірдеңенің құруы әбден мүмкін ғой.

Қолдан келсе, тыныш жатқан табиғатқа тиіспеген жөн!

Нью-Йорк қаласында жер бетінен құрып кеткен аң мен құстарға арнап қойылған 225 гранит тақтай бар. Сол құрыған құрбандардың бәріне кінәлі — адам! Адам ғана! Сонда не деуге болады? Хайуанаттар хайуан ба, әлде хайуанаттарды құртқандар хайуан ба?!

Осыдан он шақты жыл бұрын Альдабра аралында бір күнде жүз жабайы ешкіні атуға тура келген. Ол ешкілердің арғы аталарын бұл жерге ағылшындар алып келсе керек. Айдар ғана емес, талай ағаш, талай тоғай да құрыған. Солардың түбіне жеткен, міне осы ешкілер! Бұл жолы да аса ыстықта айналаға көлеңке түсіретін онсыз да аз, сирек бұталардың жапырағын түгел жалмап, тасбақаларды көлеңкесіз қалдырған да солар. Тасбақалар, күн көзінде ұзақ жатып қалған сорлылар, өліп тынады екен. Сондықтан жергілікті әкімшілік аралдағы экологиялық ауытқудың алдын алып, жағдайды түзету үшін ешкілерді атуға үкім шығарған.

Австралияның бел перзенті есептелетін коала да әлгі тасбақалар секілді амалсыз тұяқ серпуге шак қалған. Өйткені Австралияда өсетін шытпа ағашы (эвкалипт) жылдан-жылға азайып кеткен. Ал бұл

ағашсыз коаланың күні күн емес. Олардың жалғыз қорегі — осы шытпа.

Қорек демекші жалғыз-ақ нәрсемен өзегін жалғайтын бейшара аңның бірі — панда — аю тектес аң. Бірақ ол аю емес. Қысы-жазы, ертелі-кеш жейтіні — бамбук. Жер бетінде бамбуктың жетпіске тарта түрі бар. Панда солардың бірін жесе, бірін жемейді. Оның үстіне бамбук он жылда бір гүлдейді де тұқым салады, сосын жоғалады. Ол кез пандалар үшін өте қолайсыз. Жұт. Дәл осындай жағдайда жетпісінші жылдардың орта тұсында Қытайда 130 панда аштан өлген. Бұл онсыз да аз панданың 16 пайызы.

Ал адамдар, әсіресе браконьерлер араласқан жерде хайуанаттың күні күн болып жарытпайды. Тура солардың кесірінен бүгіндері пілдің де, арыстанның да, керік пен зебрдің де қатарлары сиреп бара жатқаны белгілі. Осыдан небары қырық-отыз жыл бұрын мүйізтұмсықтың жалпы саны жүз мыңдай болса, бүгінде төрт мыңның ғана төңірегінде. Африка пілдері миллионнан сәл ғана артатын көрінеді. Бұл, әрине, онша қауіпті сан емес. Бірақ оларды ұрлап ату қарқыны қатты. Өйткені пілдің бір пар ұзын тісі қара базарда қырық мың доллар!

Браконьермен күресу жалғыз-жарым адамның шаруасы емес. Сондықтан әйгілі қорықтары бар көптеген елде тек хайуанаттарды қорғау үшін арнайы әскер ұстайды. Міне, сондай қарулы сарбаздардың күшімен соңғы он-он бес жылдың ішінде Зимбабе ұлттық паркінде алпыс браконьерді атып өлтіруге тура келген.

Қытай Халық Республикасында панданы өлтірген адам өлім жазасына кесіледі. Сондай заң бар.



Лидсе (Англия) қаласында шығатын «Ивнинг пост» газетінің жазғанына қарағанда көшеде жүрген иесіз мысықты корқытқаны үшін Лав деген бір мырза 25 фунт стерлинг штраф төлеп құтылған. Ал Жаңа Зеландияда өз итін бірнеше күн үйден шығармай қойғаны үшін сол елдің бір азаматына 25 доллар штраф салған.

Остин қаласының (Техас штаты) екі азаматы өте сирек кездесетін, сондықтан да мемлекеттік қамқорлыққа алынған — тырнаның бір түрін атып қолға түседі. Сот оларға 100 мың доллар штраф салып, бір-бір жылдан еріктерінен айырған.

Осылай құрып бара жатқанынан қызыл кітапқа кірген құстардың бірі — тәжді тырна. Оның отаны — Уганда. Уганданың мемлекеттік туына суреті салынған символ құстың тағдыры угандалықтардың жанына қатты батады. Бұл ел жерге қат. Бір шөкім жер үшін барын салып, батпақ құрғатқан ел қасиетті құстарының қасіретіне айналарын сезбей қалса керек.

Бүгінде Америка табиғат қорғау қоғамындағы мамандар мен орман шаруашылығын басқаратын шенеуніктердің арасында әжептәуір айқас жүріп жатыр. Шаруашылық адамдары Пуэрто-Рико аралындағы үнемі буы бұрқырап тұратын тропикалық орманды отап, байлыққа белшелерінен батқылары келеді. Оған маман ғалымдар үзілді-кесілді қарсы. Өйткені ол тропикалық орман — ауыз судың көзі. Екіншіден, бұл қалың жыныс құрыр болса, онсызда жоғалуға аз-ақ қалған америка тотысы бірер жылда жер бетінен мүлдем ғайып болмақ! 1975 жылдың есебі бойынша, айтылмыш құстың саны жиырма беске шейін құлдырап, кейінірек екі еседей өскен. Бірақ қауіптің аты қауіп!

Табиғат қорғаудың әлемдік қорын ұйымдас-тырушысы Ги Мунфор өзінің «Сирек құстар» атты кітабында «Бұрын бірте-бірте жоғалып бара жатқан құстар небары 290 болатын, бүгінде 1029-ға жетті», — дейді. Бүгін болмаса, ертең құрығалы тұрған құстардың қатары осынша. Құрып кеткендері қанша?!

Австралияның Жаңа (оңтүстік) Уэльс атты штатында жата-жата тасқа айналған беймәлім бір құстың қаңқасы табылыпты. Салмағы 70-75 килограмм, қанатының ұзындығы жеті жарым метр.

Ұсақ-түйек қанаттылармен қоректенген бұл құс бұдан 5-8 миллион жыл бұрын өмір сүрген көрінеді.


Біле жүргеніңіз жөн:

Америка ғалымдары Боливияның солтүстігіндегі ит тұмсығы өтпейтін тропикалық орманынан бұрын-соңды белгісіз 45 сүтқоректінің, 403 құстың және 204 өсімдіктің түрін тапқан.

Мұхитты зерттеуші ғалымдар алдымен киттер, содан кейін акулалар құрып кетуі ғажап емес дейді. Себебі Қиыр Шығыс және Африка елдерінде бұлардан палтустың, тунецтің, тіпті тасбақаның еттеріне ұқсас ет жасап табыс табады екен.

Мюнхен қаласының іргесінде бұрын-соңды әлемде болмаған хайуанаттарды қорғау Академиясы ашылған. Ол қазір Испания мен Латын Америкасындағы корридоға қарсы жұмыс жүргізіп жатыр.

Монреаль қаласы қазынадан 34 000 доллар бөліп, орталық парктің қақ ортасынан иттер мен мысықтарға арналған эксперименталды әжетхана салуға кіріскен. Өйткені кез келген жерге отырып кеткен үй хайуанаттарынан жыл сайын 100 тонна «тезек» қалады екен.



Тилацину – қалталы қасқырдың ғылыми нысыпысы Тасмания аралына ағылшындар қой әкеліп өсіргенше тып-тыныш өмір сүрген бұлар қойдың етін жеп көргеннен кейін бәрін ұмытады. Отардан отар қоймайды. Ақырында ашулы ағылшын шопандары оларды құртып тынады. Ең соңғы қалталы қасқыр Хоборт қаласындағы зообақта өлген.

Қарлығаштың жұмыс күні – он алты сағат. Сол он алты сағаттың ішінде ол балапандарына, шамамен, 640 мәрте жем жеткізіп, тәулігіне 6400 зиянды пәлекеттерді құртады екен.



Ұлт: тіл және діл

1926 жылы өткен бүкілодақтық санақтың қорытындысында Кеңес империясында 194 ұлт пен халықтың өкілдері тұратыны анықталған-ды. Осыған арқа сүйеп, біздің елде екі жүзге тарта этнос біртуған бауырлардай бірлесіп өмір сүріп жатыр деп мақтанып жүрсек, 1974 жылғы санақтың қорытындысында ойламаған жерден сол әлгі үлкен санның тең жартысы жоқ болып шыға келгені! Енді ол 194 емес, 101 деп сыбырлап айтатынды шығардық. Сыбырламай ше? Біреу-міреу «қалғандары қайда кетті?» десе, не деп жауап бермекпіз?!

Өмірде не болмайды демекші, тарих не көрмеген?! Бір адам, бір ауыл, тіпті бір қаланың түгелдей құрып кеткенін естуші едік, бүтіндей бір халық, бір ұлт ізім-ғайым жоғалып кетті деген не сұмдық?! Бір отар қой жоғалып кетсе бүкіл ауыл болып іздер еді, ал айдың күні аманында жоғалған халықтардың жоқтаушылары болмады. Болса да үндерін шығармады. Әйтсе де, тарихтын, түкпіріне тереңірек үнілсек араға бірнеше ғасыр салып, ондай-ондай жағдайлар болып тұрады екен. 1988 жылы «Наука» баспасы шығарған «Исчезнувшие народы» атты кітапта онға тарта автордың он екі мақаласы жарық көріпті.



Онда половалар, печенегтер, хазарлар, скифтер, антылар, буртастар, аварлар (бізге таныс аварлар емес), сюнну, тайрона, чавин, мочи́ка, майя сияқты халықтардың қалай құрдым кеткендіктері туралы ғылыми шолулар жасалыпты. Біздер тәрізді ұлттық езгі көрген күні кешегі бұратана халық өкілдеріне оқудың өзі ауыр. Бірақ қанша ауыр болса да, пәленбай ғасырда, әр жерде, әр елде әртүрлі себептермен жоғалып кету бір әңгіме де, бір елде, бір қоғамда, бір заманда бір идеологияның салдарынан жоғалып кеткен 93 халық (ұлт) бір әңгіме. Әңгіме емес — трагедия!

О баста, Қазан төңкерісінен кейін, шын мәніндегі ақылға сыятын ұлт саясаты арқасында үлкен-үлкен этностар түгіл, шап-шағын аймаққа сыйып отырған ат төбеліндей халықтардың өзі қаннен-қаперсіз шадыман тіршілік кешті. Ондай қағанағы қарық, сағанағы сарық ұлттық аудандар мен ауылдық кеңестердің саны отызыншы жылдардың басында бес мыңның үстіне шыққан екен. Бұл шынында да үлкен жеңіс, үлкен мақтаныш еді. Тәтті түс көріп жатқан аз ғана ұлттар оқыстан шошып оянғандай болды. Ленин дүние салған. Сталиндік ұлт саясаты мүлдем басқа бағыт ұстады. Ұлттық өлкелердің, ұлттық аймақтардың, тура мағынасында, тамырларына балта шабылды.


Ғасыр мен ғасырдың өліарасында Ресейде 25 000 шамасында вепсілер тұрған екен. Олар, негізінен солтүстік Ресей мен Карелияның шекарасын, Ленинград және Вологда облыстарын жайлаған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Карелияда Шелтозер, ал Ленинградта Виницкий ұлт аудандарын ұйымдастырып, вепсілердің бағы бір жанғанды. Ол кездерде бұл аз халықтың саны 35 000-ның төңірегінде

болса керек. Бірақ, өкінішке орай, бұл бақыт ұзаққа созылмайды. Ұлттық статусынан айырылған вепсі жері жырым-жырым болып, оның біразы Вологда облысына беріледі. Ұлттық өрісінен, ұлттық тілінен, ұлттық мәдениетінен қол үзген бейшара вепсілер, отызыншы жылдармен салыстырғанда, 1959 жылдың санағында барының жартысынан айырылып, келесі санақта сегіз мыңға бір-ақ түседі. Турасын айтса, ол вепсілерді жер жұтып қойған жоқ, бар. Бірақ паспорт берген кезде иесінің келісімін сұрамай-ақ орыс деп жазып жіберген. Балалар бақшасы жоқ, ұлттық мектептері жоқ, мәдениет ошақтары жоқ бейтарап халық орыс болмағанда кім болады?

Вепсілерге көп заманнан бері іргелес отырған карельдердің жағдайы да осы. 1970 жыл мен 1979 жылдың арасында, небары он жылға жетпейтін болымсыз уақыттың өзінде карельдердің саны үш мыңға кеміген. Өте аз халық үшін үш мыңның өзі көп.

Мұнай-газ шаруашылығы өлде бастала қоймаған тыныштау кезде өз округтарында ханты-мансылар жиырма мыңдай, яки жергілікті халықтың бестен бірін ұстаған екен. 1988 жылы бір пайызға, яки елдің жүзден біріне айналыпты.

Әңгімеміздің басына қайта оралайық. Естеріңізде шығар, жоғарыда біз КСРО-ның құрамындағы екі жүзге тарта халықтың елу үш жылда тең жартысы жоғалып үлгерсе, қалғандары өз кезегін күтіп, құрбандыққа шалынуға дайындала бастағанды. Бұл үлкен саяси науқан еді. Оның бірінші бөлігін Мәскеу ойдағыдай өткізген. Бірақ екінші жартысы көбірек жұмыс жүргізуді талап ететін күрделі шаруа болатын. Өйткені енді мындар емес, миллиондардың көзін жою керек-ті. Қалай? Бәсе, қалай? Келесі



кезекте тұрған біздің Қазақстан. Хрущев қалай паршалаудың жоспарын жасап та қойған-ды. Оңтүстік аймақ Өзбекстанға, Маңғыстау Түрікменстанға, Арқа Ресейге. Қалғандарынан Автономия жасап, оны да РКФСР-дің құрамына енгізбек. Жаратқанның жәрдемімен біз одан аман қалдық. Бірақ мұны болашақ ұрпақ білуге міндетті.

Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және негізгі шарты — ұлттық тіл. Дінді айырбастауға болады. Бірақ онда ұлтыннан, ұлттығыннан айырыласың. Жаңағы шовинистік идеологияның «ұтымды» көзірі осы еді ғой. Олар соған кірісті. Ресейдің өзінен басқа республикалардың бәрінде ана тілдерге шабуыл басталды. Ұлттық тілдерді оқыту сағаты қысқарып, орыс тілін үйрету сағаты көбейді. Орыс тілін білмесең, яки ана тілінді саналы түрде ұмытпасаң, жоғарыдағылардың көзіне түспейсің. Басшылыққа тағайындалмайсың.

Тәжіктер — өте тығыз отыратын, құрамында кірмелері аз, көне мәдениеттің иесі. Сол халықтың белгілі бір адамы кезінде былай деп жазды: «Душанбеде балаларымызға тәжік тілін үйрету проблемаға айналды. 1987 жылы Ленинабадтағы отыз тоғыз балалар бақшасының үшеуі ғана тәжік тілінде тәрбие беретін де, қалғаны түгелдей орыс бесігіне көшкен...»

Ал Алматыда алпысыншы жылдардың басында бір де бір қазақ балалар бақшасы болмайтын. Бірінші рет оны өз аяғымен жүріп Сәбит Мұқанов аштырған еді.

Молдавандар ұлтжанды халықтың бірі. Сондай намысшыл елдің оннан тоғызы ана тілін білмейді немесе өте нашар біледі дегенге кім сенер еді?! Сен, сенбе — соңғы жылдары Молдавия да осындай хал-

ге душар болған-ды. Қырқыншы жыл Кишиневте 33 молдаван мектебі болса, жиырма-отыз жыл ішінде соның жетеуі-ақ қалыпты.

Алматыда ол да болмайтын. Көз бояу үшін малшылардың балаларына деп ашып қойған үш-төрт интернатты ғана білетінбіз. Ал 1924 жылы ашылған №12 мектеп, кешкі жұмысшы-жастар мектебіне айналған-ды.

Белоруссияда оқу-ағарту министрлігінде істейтін белсенді біреулер ұлттық мектептерде бірінші сыныпты орыс тілінен бастап, ана тілін екінші сыныптан бастап жүргізе бастайтын қаулы шығарттырған. Бұл әлемдік тәжірибеде жоқ әрекет.

Ресей Федерациясынан кейінгі ең үлкен республика — Украина. Онда да осыған ұқсас жәйт. Украин тілінің халі мүшкіл. Жаны күйінген Борис Олейник өзінің бір ресми сөзінде «Жастар газетінде» жарияланған орыс әйелінің сөзінен мынандай мысал келтіреді: «Мой сын закончил седьмой класс. Все оценки по предметам 4 и 5, а вот по украинскому языку и литературе — 3. Но дело не в тройке. Речь пойдет о принудительном изучении украинского языка и литературы. Очень многие дети (в том числе мой сын) не хотят изучать этот никому не нужный язык».

Сұмдық қой! Елу миллион украин тілі ешкімге қажет болмаса, басқа бейшара халықтардың тілі не болмақ, өздері не болмақ?!

Сол салыстырмалы түрде кіші-гірім есептелетін автономияларға қайта оралалық. Алтай халқының белгілі ақыны Борис Укачин Жазушылар одағының кезекті бір пленумында былай деп сөйледі: «В шестидесятые годы первым секретарем Горно-Алтайского обкома партии работал Николай Лазебный.

Именно по его идее у нас в Горно-Алтайские почти закрыли единственную областную национальную среднюю школу».

Удмурд халкының үштен бірі Ижевскіде тұрады. Ал сол қалада бір де бір ұлттық балалар бақшасы, бір де бір ұлттық мектеп болмаған.

Айдар Халим деген белгілі башқұрт каламгері «Литературная Россияда» былай деп жазды: «Согласно статье 3д Конституции БАССР все нации имеют право обучаться в школе на своем языке». Право-то имеют, да где такие школы взять?

Скажу сразу: сегодня ни в одном из 17 городов и множества рабочих поселков нет ни одной общеобразовательных национальных школы ни на одном из языков народов, проживающих там».

Орджоникидзе (Осетия) каласының 600 бала оқитын үлкен мектебінде жетпіс бала ана тілінде бірдеңе деп былдырлап, сегіз бала ғана осетин тілінде тәп-тәуір сөйлей алатын кез болыпты. Өйткені ана тіліне аптасына 2-3 сағаттан артық уақыт та бөлінбеген. Осетин тілінде шығып тұратын жастар газеті жабылып қалған.

Қысқасы, орыстану әріден ойланылған, шебер ұйымдастырылған империялық, отаршылдық саясат. Ертелі-кеш солай болып тынар ма еді, қайтер еді, шайтан түртіп, Мәскеу тым асықты, төзімсіздік істеді. Көрнекті шуваш жазушысы Мишаш Юхманың айтуына қарағанда, әр он жыл сайын екі жүз мың шуваш орыстанып отырған. Ондай қарқынмен жүре бергенде бір ғасырдың ішінде-ақ шуваш ұлты жер бетінен жоғалып бітер еді.

Комилер біз комилерміз деуге ұялатын халге жеткен.

Бір сөзбен айтқанда, осы халықтардың қай-қайсысына да оңай бола қойған жоқ. Сөйте тұра, солардың өзіне қызыға, кейде іштей қызғана қараған халықтар да жоқ емес. Олар: тамырларын туған жерлерінен үзіп, амалсыз тастап аңырап көшкен сорлылар: қалмақтар, қырым татарлары, шешендер, ингуштар, балқарлар, Еділ бойының немістері...

250 әкімшілік аудандар мен қалалардың жиырма үшінде ғана іс қағаздары қазақ тілінде жүріп, небары жиырма бес жылда ана тілінде оқытатын 700 мектебі жабылған мына біздер, қазақтар, әлгі бауырластардың қасіретін көре отырып, шүкіршілік қылдық.

Дүниеде болып жатқан оқиғалардың бәрі де салыстырмалы. Біріне қарап, бірін бағалайсың. «Кішкене халықтар үлкен түс көреді» деген мақал бар. Солайы солай, бірақ үлкен елдердің де шошып оянатын кездері болады.

«Француз тілінің бүгінгі жағдайын қандай деп ойлайсыз?» — деген сұраққа ұлы халық өкілдерінің 62 пайызы «соңғы жиырма жылда француз тілі жүнжіп кетті» — деп жауап қайырған. Оның себебі көп, дейді олар. Бастылары: тілдің америкалана бастауы, жастардың шолақ, дәмсіз сөйлеуі, жаргонға құмарлығы, баспасөздің қасандығы, т. б.

Бұл елу миллион халқы бар ұлы державаның халі!

Атақты В.А. Сухомлинский бір кезде: төрт құдірет патшалық құрған мектепте ғана мәдениет ту көтере алады деген еді. Олар: Отан, Адам, Кітап, Ана тілі.

Адамның жаны бар сияқты ұлттың да жаны бар. Оның тілі мен жаны табиғи тығыз байланысты. Тілінен айырылған халық міндетті түрде ұлттық

қасиетінен айырылады және құриды. Осы заманғы Перу жазушысы Хосе Мария Аргадас «Үндіс халықтарының ғадет-ғұрпы» деген кітабында былай деп жазады: «Өз халқымның өмірі, ғадет-ғұрпы хақында бірдеңе жазайын деп қолыма қалам алсам болды, испан тілі сырғақтап, дәрменсіздік сездіре бастайды... Менің ішкі жандүнием үндіс. Менің қуаныш-күйінішім, менің ұмтылысым кечуа тілінде тереңірек тербеледі... Перу халқының 60 пайызы үндістерден тұрады. Оның үстіне метистердің қанында испандық қасиеттен гөрі үндістік қасиет басым. Сондықтан ба, таза испан тілі үндістердің егіле сыр шертуіне жарамайды деп», — түйеді, негізінен испан тілінде жазатын перуандық.

Өте дұрыс байқаған және орынды айтылған сөз.

Біле жүргеніңіз жөн:

Қазіргі ағылшын тілінде — 26, грек тілінде — 24, ал кхмер тілінде — 72 әріп бар.

Дағыстанда тұратын табасаран деген халықтың тілінде зат есімнің 37 септігі бар.

Антрополог Джульетта Андраде күні бүгінге шейін ешкімге белгісіз «ланк-патуа» деген тілдің барын ашқан. Бұл тілде Бразилияны алғашқы мекендеуші, кезінде Кариб бассейнінен келген көшкіндер, ол тілде 2500 халық сөйлеген.

Сонғы есеп бойынша, әлемде 5652 тіл және диалект бар көрінеді. Соның, шамамен бес жүзі белгілі деңгейде зерттелген. Бір мың төрт жүзі құрып бара жатқан тілдер тобына жататын көрінеді.

Филиппинде 100 шамалы тіл мен диалект бары анықталған. Индияда 15 ұлт тілі және 1652 басқа да тіл мен диалект бар.

Эфиопия — тілдер мұрағаты деп аталады. 42 миллион халқы бар бұл ел 85 тілде сөйлеседі.

Ағылшындарға өз тілін үйренуге орта есеппен сегіз жыл, ал испандарға екі-үш жылдың өзі жетеді екен.

Ең күрделі тіл қытай тілі деп есептеледі. Онда бір ғана «И» дыбысының 84 мәні бар көрінеді.

Ватиканның кітапханашысы болған Джузеппе Меццофанти 114 тіл және 72 диалектіден аударма жасаған. Алпыс тілде еркін сөйлеген.

Бразилия антропологы Д. Рибейрдің айтуына қарағанда өткен ғасырдың өзінде сол елдің 87 тайпасы (үндістер) құрып кеткен.

Ұлыбританияда шығатын бір газеттің қызметкері Гарольд Уильямс 80 тіл біледі екен. Ең гажабы грек, латын, иврит, француз және неміс тілдерін ол он бір жасында-ақ үйреніп алған.

Жаламан әдет Жұқпалы

- Адамға ең көп зиян келтіретін кім?
- Білмедім.
- Адамның ең үлкен жауы кім?
- Білмедім.
- Білесің! Білесің! Әдейі білмеген боласың!
- Жоқ. Шын білмеймін!
- Қалай білмейсің? Адамға ең көп зиян келтіретін де, ең үлкен жауы да — адамның өзі!
- Сенбеймін!
- Неге сенбейсің?! Саған, мысалы, жалқаулықты, бүгін бітіруге болатын дүниені ертеңге қалдыруды кім үйретті? Ешкім де үйреткен жоқ. Қомағайлыққа кім үйретті? Ешкім де үйреткен жоқ. Жемқорлыққа кім үйретті? Ешкім үйреткен жоқ! Ал шылымға, араққа кім үйретті? Меніңше, бұларға да ешкім үйреткен жоқ. Керісінше, ата-аналарың бар, мектебің бар, бүкіл жанашырларың жаппай ақыл айтты. «Жақсылыққа апармайды, есің дұрыста қой!» — деді алдын ала. Тындадың ба! Тындамадың!
- Балалық қой. Ақылсыз кезіміз!
- Иә, иә, балалық! Ал қазір бала емессің ғой. Қазір неге үзілді-кесілді қоймайсың?
- Етім үйреніп кеткен. Қояйын десем де...

— Мұныға енді сенбеймін. Қоямын деп қойып кеткендер аз емес!

— Олар мықтылар ғой!

— Дұрыс айтасың, олар мықтылар. Бірақ олар да өзің тәрізді адамдар. Жалпы білесің бе, мықтылар деген кім өзі?

— Мықтылар дегеніміз — мықтылар!

— Солайы солай... Әйтсе де, мықтылар дегенін жеңіп қайтқан жеңімпаздар ғана емес. Ал нағыз мықты, өзгені жеңе алмаса да, өзін-өзі жеңе алады. Біз өзімізді өзіміз жеңе алмаймыз. Сондықтан да бұрқыратып шылым шегеміз, сылқылдатып арак ішеміз! Сөйтіп денсаулығымызды бұзамыз.

— Онда тұрған не бар? Бұзсам — өз денсаулығымды бұзам!?

— Жок, бауырым! Денсаулық сенікі болғанмен, сенің өзің өзіндікі емессің! Өзіндік емессің!

— Неге өзімдік емеспін?

— Емессің, бауырым! Емессің! Сен біреудің баласысың! Әйеліңнің жарысың! Балаңның әкесісің!

— Балаларымның!

— Тіпті жақсы, бала болмай, балалар болса жауапкершілігін де көбірек болуға тиіс! Сондықтан, денсаулық дегенің де сенікі ғана емес, олардікі де! Сен мезгілсіз өлсең әйелің жесір қалады, балаларың жетім қалады. Жасаған жақсылығың ба сонда бұл?

— Аспанды алақандай, жерді тебінгідей қылатын ештеңе жоқ! Бүгінде екiнiн бiрi, бiрi емес-ау, бәрi, керек десең, балаларға, қыздарға шейiн жаппай шылым шегедi! Бiрақ темекiден өлдi деген қазақты естiген емеспiн!

— Өледi! Өлгенде қандай! Оның үстiне темекi түгiнi ұлтына қарамайды. Бала-шағасы барына қара-



майды... Қазақстанда қанша адам шылым шегеді, оның қаншасы қаза болды, ол туралы менің қолымда мәлімет жоқ. Көп нәрсе анық емес. Бірақ бір нәрсе әбден анық. Ол – темекіге қарсы тегеурінді күрес жоқ! Болса да өте-мөте нашар. Оны тіпті күрес деп атаудың өзі ұят! Темекімен теке тірес болып жатқан өркениетті елдердің ең соңында тұрмыз! Алдын ойлайтын, халқына жаны ашитын мемлекеттерде шылымды насихаттамайды. Насихаттағандарды жазалап, айыппұл салады. Ал бізде Алматының кез келген көшесінде, кез келген қиылысында шетел шылымдары шалғайдан қол бұлғап шақырып алады. Бұл жай ғана жарнама емес, өз халқыңды өзін өлімге үгіттеу! Өлім демекші, сен жаңа «шылымнан өлді деген кісіні естіген жоқпын» – дедің. Бекер! Бекер! Бізде, әрине, Пәленшекең немесе Түгеншекең темекіден опат болды деп ешқашан айтпайды. Дәлірегі: әзірше айтпайды. Әйтпесе, тамақ рагы (бейдауа), өкпе рагы, бронхы рагы, қанша адамды көрге тығып үлгерді. Міне, осы бейдауалардың ар жағында темекінің түтіні тұр! Ал темекінің түтінінде екі мыңның төңірегінде пәлелі заттар бар. Сондықтан да шылым шегетін зардапкештердің өздері ғана емес, солардың төңірегіндегілер: әйелдері, балалары, кейде тіпті иттері де ауырады екен. Халықаралық Денсаулық Сақтау Ұйымының мәліметтеріне сүйенер болсақ, осы темекінің ғана кесірінен туындап жатқан аурулардан дүние жүзі бойынша жылына екі миллионнан артық адам қаза табады екен. Көкем-ау, бұл өзі бір ел, бір мемлекет қой!

Ал академик Е.И. Чазовтың айтуы бойынша, көбіне-көп инфарктпен тынатын жүрек ауруларынан өлетіндер, шылым шекпейтіндермен салыстыр-

ғанда шылым шегетіндердің ішінде бес есе көп көрінеді!

Англия мен Уэльсте осы індеттің салдарынан жылына 78 мың адам өмірімен қоштасып, 108 мың адам төсек тартып жатады екен. Британия медиктерінің ұзақ жылдар тексеруінің қорытындысына көз жүгіртіп бақсақ, инфаркт болу темекі тартатындардың арасында үш есе көп. Және инфаркт жылдардың санына тура байланысты дейді олар.

Ресми мәліметтер бойынша, Австралияда өлген 17 838 адамның 81 пайызы тек қана темекімен тамырлас болып шығыпты.

Америка Құрама Штатында, орта есеппен алғанда әрине, шылым шекпейтіндер 67 жасында дүние салса, шылым шегетіндер небары 48 жасында өмірмен қоштаса береді екен. Сонда жиырма жыл, қайран жиырма жыл ғұмыр бұйырмай тұр ғой! Енді бір қызық факті: осы АҚШ-та жүрек тамыр ауруынан өлген адамдардың саны белгілі-белгілі төрт соғыста, яки Бірінші, Екінші дүниежүзілік және Корея мен Вьетнам тозағында өлген американдықтардың санынан асып түсетін көрінеді! Ойна сен темекімен немесе темекінің салдарымен.

Тағы бір ресми мәліметке құлақ түрелік: соңғы он-он бес жыл бойына Аргентинада жылына 40 000 адам сол шылымның салдарынан дүние салып отырыпты.

Атам заманнан бері мәдениет жағынан біріншілік көрсетіп келе жатқан ұлы Франция да оңып тұрған жоқ. Онда да өлген бір мың адамның төрттен бірі, яки жүз елуі темекі түтінінен уланғандар.

Жалпы Еуропада тек қана осы індеттің өзінен,

яки шылымның зардабынан миллионға жуық пенде дүние салады екен.

Шынында бір грамм таза никотин түгілі, оның оннан бірі арыстай бір азаматты сеспей қатыра алады. Шылымды үзіп-жұлқып, арасына біраз да болса уақыт салып шеккеннің арқасында ғана аман жүрміз. Әйтпесе, никотиннің уытына төтеп беру қайда?!

Темекі тартқан адамдар ғана емес, төңірегіндегілерді де ол аямайды дедік. Шылымшылардан туған бала, әбден жұмсартып айтқанның өзінде, тіптен шынжау болады. Салмағы да салмақ емес. Кейде тіпті бір кило екі жүз грамнан да аспайды. Ал енді айда-жылда дүниеге аяқ-қолы балғадай мүлдем сау бала келгеннің өзінде шылымшыл әке-шешенің құшағында келешек тірлікті никотин қабылдаудан бастайды. Лондон психиаторлары он бір мен он алты жастың арасындағы 596 баланы жан-жақты тексеріп көрген екен, олардың жұтқан түтіні жылына сексен сигарет шеккенмен бірдей болып шығыпты. Ондай құрбандар жас кездерінен бастап ангинамен, бронхитпен, пневмониямен, демікпемен ауыра кетуге дайын тұрады.

Манадан бері біз темекінің шабуылы туралы ғана әңгіме айттық. Мәселе онымен бітпейді. Ғалымдар мен мамандар да қарап жатқан жоқ. Олардың шабуылы да ерте басталған. Шылым шеккендерді аямай жазалаған Англияда бір кездерде темекі тартқандардың басын кесіп, сырықтың басына шаншып, халықтың ең көп жүретін жерлеріне қадап қоятын болған. Мойындарына арқан салып көшемен алып жүрген.

Папа Урбан VII ғасырда шылымшыларды шіркеуден аластап, 1692 жылы Сант-Ягода бес мо-

нахты монастырдың дуалына тірілей қалап, сыртынан сылап тастаған. Ал Персияның бір шахы Аббас темекі тартқандардың құлағын кесіп құнтитқан, мұрнын кесіп шұнтитқан. Сарбаздардың арасына жиі-жиі келіп шылым сатқан бір саудагерді сол жерде өртеп те жіберген.

Филиппин өкіметі қоғамдық орындарда темекі тартуға тыйым салатын декрет шығарды. Енді оларда кинотеатрда, стадионда, мейрамханада әлгі декреттің барын біле тұра түтіндететін адамдарды бес-алты күн түрмеге қамап тастайды. Алғашқы кезде ол заңға қалай-солай күле қараған мықтылардың көбі амалсыздан абақтыға отырып шыққан. Тәртіп бұзушылардың көбі бос орын таба алмай, екі кісілік камераларда 5-6 адаммен сығылысып қатар жатқан.

Тап осындай «жабайы» жазалар болмағанмен, шылымшылардың жанына бататын айла-әрекеттер қазірде де жоқ емес. Мысалы, АҚШ-тың Айово штатының губернаторы Т. Бренстед он сегізге толмаған бозбала немесе қыз бала темекі тартып тұрған жерде қолға түссе, аз дегенде 100 доллар айып төлейтіні туралы заң жобасына қол қойған. Өзі әлі ақша тауып үлгермеген жастар үшін бұл енді аз қаржы емес.

Енді бір елдерде әскери қызметін атқарып жүрген адамдардың темекі тартуына тыйым салынған. Сол шылымның шатағынан алайын деп отырған дипломын ала алмай төрт-бес жылын зая қылатын да елдер бар.

Нью-Йоркте көптеген жерлерде шылым шегуге болмайтынын ескертетін сурет-символдар іліп қоятын болыпты. Темекі тартып келе жатқан адам сол белгіні көрген бойда шылымын өшіруге тиіс.

Өшірмесе – 100 доллар айып, осы қатесін екі мәрте қайталаса – 200, одан кейінгі кезекте – 500 долларға шейін айып төлеуге тиіс.

Жаңа Зеландияның Окленд қаласында жаңа жыл қарсаңында Аяз Атаның міндетін атқарып жүріп, Алан Ходж деген бес баланың әкесі, шылым шекпейтін жерде шылым шегіп, жұмысынан қуылған. Міне, осылай: Жаза! Жаза! Айып! Басқа жол жоқ па? Неге болмасын? Бар!

Түркияны бір себептен шылымшылар елі деп те атайды. Оның жаны бар. Тап сол Түркияда өкпе рагынан өлушілер көп. Өте көп! Бұдан он шақты жыл бұрын сол елдің сол кездегі денсаулық министрі Б. Акарджалы темекіге қарсы жаппай науқан жүргізіп, оны өзі басқарған-ды, теледидардан сөйлеп отырып, мынау менің соңғы шылымым деп, аузындағы сигаретін қалың елдің алдында күлсалғышқа салып, саусағымен езіп-езіп тастаған болатын. Бұған қарап шылымшылар шылым шегуін қоя қоймайды, әрине. Бірақ соның әсері болады. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір сырқаттанып тұрғаннан кейін Димаш Ахметұлы темекі тартуын тоқтатқан. Сол – сол екен, бүкіл Орталық Партия Комитетінде істейтін шенеуніктер түгелімен темекі тастаған!

Дәстүрлі Қытай медицина институтында істейтін майталман мамандар айрықша әтір ойлап тапқан-ды. Оның құрамында 36 өсімдіктің иісі бар. Соны он-он бес минут иіскеген адамның жүзден тоқсан сегізі шылым шегуден бірден бас тартып, жаман әдеттерін бірден қойып кеткен.

Осыған ұқсас бір тәсілді жапон дәрігері Тосиро Дои да ойлап тапқан еді. Ол елу түрлі өсімдіктің шырынын сығып алып, соған малған тампонды

темекі түтігіне тығып сорса, бірнеше қорап сигаретті тауысқандай шылымшының айызы қанады екен.

Ал Германияның Раунхайме деген қаласына орналасқан Американың «Атари» фирмасы, дәлірек айтсақ, сол фирманың филиалы шылым шекпейтін қызметкерлеріне алты күндік демалыс беретін болыпты. Есептеп көрсе, шылым шекпейтіндер шылым шегетіндерге қарағанда алты күн артық жұмыс істейді екен. Әр сигаретке бес-алты минуттан кеткенде темекі тартатындар күніне бір сағат жұмыс күнін рәсуа ететін көрінеді. Несі бар, фирма басшылары өте әділ шешім қабылдаған.

Бір сөзбен айтқанда, дүние жүзі шылыммен шындап күресуге кірісті. Көптеген елдерде сол күрес өте жемісті жүріп жатыр. Соның арқасында Норвегия, Швеция сияқты Скандинавия елдері екі мыңыншы жылға, жаңа ғасырға шылымсыз кіреміз деген ниетте!

Біле жүргеніңіз жөн:

Кипр аралының Ларнак қаласында қазба жұмыстары жүргізілген кезде темекі тартатын түтік (хамса) табылған. Археологтар оны бұдан үш мың жыл бұрын жасалған дүние деп тапқан.


Бүгінгі замандағы ересек кипрліктер орта есеппен, жылына 405 сигарет тартады екен.

Норвегияда қырық жылдан бері «Біз және темекі» деген журнал шығып тұрады.

Америка Құрама Штатында зиянсыз шылымның жаңа түрін ойлап тапқан адамға 10 000 доллар бәйге жарияланғалы қашан?!

Бүгінде дүние жүзі бойынша жылына 5,5 миллион тонна темекі өндіріледі.


Эстергам (Венгрия) қаласының архивінен қызық бір құжат табылған. Онда осыдан екі жүз жыл



бұрын темекі тартатындарға түтін салығы салынғандығы туралы айтылады.

Шылымшылардың сақал-мұртында фенол, ацетон және де басқа толып жатқан зиянды қосындылар көп болатын көрінеді.

Сэмюэль Бретт деген бір американдық әйелінен қаймыққандықтан үй ішінде шылым шеге алмай дүниеден өтіпті. Ол өлгенде артында миллион доллар және бір қызық өсиет қалдырыпты. Сол өсиетшарт бойынша артында қалған жесірі күніне аз дегенде бес сигарет түтіндетуге тиіс көрінеді. Әйтпесе күйеуінен қалған миллионды жұмсау қақынан айырылады. Марқұм о дүниеде жатып, әйелінде кеткен кегін осылай қайырмақ...



Біреуі - өлген, біреуі - әлі туған

«Арақ ішпейтін екі-ақ адам бар, оның да біреуі – өлген, біреуі әлі туған жоқ», – дейді татар туғандар. Арақ-шараптың қандай індет екенін осыған қарап-ақ шамалауға болады.

Өз басым он жасыма шейін арақ ішкен адамды көрген емеспін. Бұл пәле біздің ауылға Ұлы Отан соғысынан кейін келді. Онда да жай халық, қатардағы қазақтар емес, қан кешіп қайтқан қаһарман майдангерлер ғана ішетін. Бірақ ол апаттан аман оралған ағайын да аз болатын-ды.

Нағыз ішкенді Алматыға келген соң көрдім. Ол жарықтық ұлтыңа да, руыңа да қарамайды ғой. Және оған тосқауыл да жоқ. Жалғыз дін ғана, онда да барлық дін атаулы емес, мұсылман діні ғана. Соның арқасында Ливияда, Сауд Арабиясында, Йемен Араб Республикасында, Пакистанда, Иракта, Иранда қолдарынан келгенінше ішімдікті жүгендеп, тізгіндеп отыр.

Бірақ соған қарамай өзәзіл арақ ол елдердің шекарасынан өтіп, баратын жерлеріне барып жататын тәрізді. Араб Эмиратының көрнекті қаласы – Дубай. Сол қаланың жасырын саудамен шұғылданытын бір азаматының құпия қоймасынан қорап-

қорап сыра мен ликер табылыпты. ЮПИ агенттігінің хабарына қарағанда бір оңашалау түкпірде әртүрлі жолдармен қолға түскен 2100 бөтелке арақ-шарап және 1700 банкі сыра бульдозермен жақсылап тұрып жанышталған көрінеді.

Арақты өндіру мен пайдалану жағынан келгенде Балтық жағалауындағы елдермен салыстырғанда біздер, Орта Азия республикалары, біраз төменбіз.

Еуропа халқы саны жағынан дүние жүзі тұрғындарының 12 пайызын ұстайды. Сөйте тұра әлем бойынша өндіріліп жатқан арақ-шараптың тең жартысын солар ішеді екен. Демек алкоголь нәсілің түгілі өркениетіңе де қарамайтын көрінеді.

Франция, Португалия, Испания, Италия, Болгария сияқты елдер көбіне-көп шарап, ал Германия, Ұлыбритания, Чехословакия, Белгия негізінен сыра, Швеция, Ирландия, Финляндия, Польша, ТМД елдері арақ, АҚШ, Канада, Нидерландия күшті-күшті ішімдіктер мен сыра ішкенді ұнатады.

Бұл жай ғана сөздің реті үшін, жұрт бәрінен де хабардар болсын деп айтылған әңгіме. Әйтпесе, сырасы не, шарабы не, қала берді арағы? Олардың қай-қайсысы да жетісіп тұрған жоқ. Біздің Қазақстан, бөле жармай, соның бәрін де ішеді. Зардабын да тартып келеді. Алдымызда не күтіп тұр — оны бір құдайдың өзі ғана біледі. Ал миы ашыған елдің әзірше онымен шаруасы жоқ.

Жалпы ішетін 15 — 16 адамның, орта есеппен алғанда біреуі маскүнем болып тынатын көрінеді. Ойлануға да, толғануға да... күрсінуге де, көздің жасын бір сығуға да осының өзі жетіп-ақ жатқан жоқ па?

Бүгінде Америка Құрама Штаттарында 17,7 миллион адам ем қонбайтын маскүнемдердің қатарына қосылады екен. Оларды емдеуге кететін қаржы мен өндіріске келтірілген (ішімдіктің кесірінен, әрине) шығынды қосқанда 120 миллиард доллар шығады екен. Алкогольдің ғана әсерінен 100 мың адам дүние салады. Біреудің қолынан қаза тапқандар мен өзін-өзі өлтіргендердің де тең жартысына, міне, осы жынды су кінәлі деп есептеледі. Автомобиль апатынан өлгендердің тең жартысына тағы да осы арақ жауапты. 16 мың адам улы судың кесірінен бауырын (цирроз) ірітіп тынады.

Мұның бәрі қайғы, мұның бәрі қасірет. Ең жаманы, американдықтардың жанына қатты бататыны — жастардың арасындағы маскүнемдік. «Суға кеткен тал қармайды» демекші, қазір АҚШ-та жасы жиырма бірге толмаған жеткіншектерге, бозбалаларға еш жерде арақ сатпайды. Сатуға үзілді-кесілді тыйым салынған.

Ұлыбританияда адам өлтіру жағынан алкоголь жүрек ауруы мен рактан кейінгі үшінші орынға ие болып келеді. Соған қарамай, ішу қарқыны жылдан-жылға өрлеп-өсіп бара жатқанға ұқсайды. Орта есеппен әрбір ағылшын өз елінде жылына жүз отыз алты литр сыра, бес литр спиртті ішімдік, он төрт литр шарап, алты литр сидра ішеді екен. Сол ішкендері үшін 43 миллион стерлингті фунтын жұмсайтын көрінеді. Англия мен Уэльсте арақтың өзөзілігіне он бес пен жетпіс төрттің арасындағы жиырма сегіз мың адам тіршілікпен қоштасады.

«Есек есектен қалса — құлағын кес» демекші, Еуропаның қай бұрышына барсаңыз да осы. Мысалы, Италияда 5 миллион азамат үзбей арақ ішсе, 2 миллион адам маскүнемдік жолға түскенге ұқсай-

ды. Сол ішудің зардабынан 90 мың тұрғын Италия жолдарында апатқа ұшырайды екен. Оның жиырма бес мыңы, өкінішке орай, өліп тынады. Қысқасы, жылға шаққанда, арақ-шараптың кесірінен 30 000 адам қаза тауып, 3 000 адам жарымжан болып туатын көрінеді. Ол аздай, мектеп оқушыларының төрттен бірі түскі және кешкі тамақ кезінде бір-екі стақан шарап ішеді. Ал жоғарғы сынып оқушыларының төрт пайызы күшті деген ішімдіктің өзін үзбей ішетін түрлері бар.

Ұлыбританиядағы сияқты Францияда да рақпен жүрек ауруынан кейінгі әзірәйіл — ішімдік екеніне елдің көзі жеткен. Он үш пен он сегіздің арасындағы балғын бозбаланың 81 пайызы арақтың не екенін өте жақсы білетінге ұқсайды.

Швеция үлкен ел емес. Соның өзінде, орта есеппен, күніне он төрт швед арақтан өледі дегенге кім сенеді?! Бірақ сенуге тура келеді. «Дагенс нюхатер» газеті осылай деп жазады.

Енді Азия жаққа көз салып көрелік. Жапонияда ерлердің үштен екісі, әйелдердің бестен бірі күн сайын ішеді екен. Соңғы отыз жыл ішінде бұрын жарытып ішпейтін жапондықтардың ішу қарқыны жеті жарым есе өсіпті. Ал мектепте оқитын жоғарғы сынып балаларының 87 пайызы арақтың дәмін білетін болып шықса, он баланың бірі өле мас болудың не екенін өз басынан кешірген.

Буэнос-Айрес муниципалитетінің мәліметіне қарағанда балиғатқа жетпеген балауса жастардың алты пайызы ішімдікке әбден еті үйренген, қазірдің өзінде ауру ұрпақ саналса керек.

Он менен жиырманың арасындағы жастығылым тілінде пубертатты жас деп атайды. Балалардың жыныстық тұрғыдан өсіп-жетілуі дәл осы тұсқа

тура келеді. Қазақ тіліндегі балиғат, балиғатқа толу деген сөз-тіркестер жоғарыдағы мағынамен төркіндес.


Тура осы он жылдың ішінде, яки он менен жиырманьң арасында балалардың жүйке жүйелері белгілі бір қалыпқа түсіп, мидың кейбір бөлім-бөлікшелері нервтік және эндокриндік (ішкі секреция бездерімен) жаңа байланыстарға көшеді.

Балиғатқа толар жолда жеткіншектердің ішкі мүшелері де жедел жетіле бастайды. Жүректің өзі екі есе үлкейеді. Оның әрлі-берлі айдайтын қаны да көлемі жағынан молаяды. Қыз балалардың жүрегі 15-16 жасында, ал ұл балалардың жүрегі 17-18 жасында пісіп жетіледі. Өкпелері де солай. Он төрт-он бес жастағы қыздар мен он бес-он алты жастағы ұлдардың бауыры мен еттері түгелдей қалыптасып үлгереді.

Бұл жастарда олардың физиологиялық болмысы ғана емес, ішкі рухани дүниесі, этикалық-эстетикалық көзқарастары, тәлім-тәрбиелері де жүйеге түсіп қалады. Сондықтан да олар дәл осы тұста құбылмалы, өте айнымалы келеді. Саналарынан сезімдері үнемі басым түсіп жатады.

Ойда жоқта осы тұстарда келіп киліккен алкоголь қалыптасу процесінен түгелдей өтіп болмаған, яки буыны толық бекімеген ақ жүрек жеткіншектерді аласапыран тірлікке ағызып әкете береді. Оның үстіне жастардың бойында, үлкендермен салыстырғанда, су молырақ болады. Сол суға тез сіңген ішімдік организмнің ойран-ботқасын шығарады. Организмге аса қажет судың өзін тез жұтып қояды.

Біз жоғарыда қай елде қалай ішеді, қайтіп ішеді және қанша адам ішеді дегенді әңгіме қылдық. Ол



әңгіменің көбі ересек адамдарға байланысты еді. Байкасақ, балиғат жасына түгелдей тола қоймаған жеткіншектердің өзі әке-шешелерінен қалыспайды екен. Лиссабон университетінің вице-ректоры профессор Ж. Пинту Корейяның мәлімдеуіне қарағанда, әлі де болса он беске тола қоймаған Португалия балаларының 90 пайызы үзбей шарап ішеді екен. Сондықтан да болуы керек, ол елде жасына лайық емес кембағал, нақұрыс балдырғандардың саны өте көп дейді.

Баланың ішкені қандай сұмдық болса, әйелдің ішкені де сондай сұмдық! Бұрынғы кеңес дәрігерлерінің және ғалымдарының куәландыруынша жетпісінші жылдардың өзінде осы кездегі КСРО азаматтары бүкіл дүниежүзілік ішкіштердің оннан бірін ұстаған екен. Бұдан көбірек болуы да ғажап емес. Өйткені біздің ол кездегі статистикаға сенудің өзі қиын. Бірақ он пайыздың өзі де аз емес-ау! Ер адамдармен салыстырғанда әйелдер маскүнемдікке әлдеқайда жақынырақ тұрады да бауырлары тез тозады екен. «Жаңа Англияның медициналық журналы» осыған орай мынаны айтады: әйелдердің асқазаны ерлердің асқазанына қарағанда сәл бөлектеу болса керек. Өйткені әйелдердің асқазаны алкогольден қорғайтын ферменттерді еркектерден гөрі әлдеқайда аз шығаратын көрінеді. Соның да салдарынан қатар ішіп, қатар жарысып отырған ерлі-зайыпты екеудің бірі, яки әйелдің қанында алкоголь үштен бір есе көбірек болады дейді. Оның үстіне бұл дертке ұшыраған әйел затын емдеп қатарға қайта қосу қияметтің қиыны болса керек!

«Қарғаны таспен ұрсаң да қарға өледі, тасты қарғамен ұрсаң да қарға өледі» демекші, арақ жүр-

ген отбасының ғұмыры ұзаққа созылмайды. Бірақ мұнда да бір ерекшелік бар, он әйелдің тоғызы маскүнем байымен тұра берсе, ішетін әйелмен он еркектің бірі ғана, онда да әрең-әрең тұрады екен.

Арақтың қай зиянын, қай қасіретін айтасың?! Толып жатыр. Әйтсе де соның ең басты зардабын ми көреді. Қаннан гөрі алкоголь миға көбірек құйылады дейді маман ғалымдар. Ішкен арақтың 30 пайыз уыты қанға кетсе, қалған 60-70 пайызы жаңағы айтқан миға барып сіңеді. Ал енді, ақыр-аяғында өліммен барып бітетін бауыр дерті циррозды зерттеп тексергенде, оның да шамамен сексен пайызы сол арақтың кесірінен болып шығыпты.

Бір ғажабы, осының бәрін ертедегі халықтар өте жақсы білген. Содан да шығар көне гректер отызға жеткенше жастарға шарап ішкізбейтін болған. Бұл дәстүр кейін римдіктерге де көшкен.

Арақ пен адам арасындағы күрес әлі де болса тоқталған жоқ. Жақын жерде тұрған жеңіс те байқалмайды. Әйтсе де әр елде әркім әрқилы жолмен айқасып жатыр. Бір елдерде жалпы алкоголь атаулы өндірілмейді, шетелдерден әкелінбейді. Әкелгендерді аяусыз жазалайды. Енді бір елдер алкогольсіз ішімдік жасау идеясымен өуре. Германияда Моника Кристман деген ғалым шараптың құрамындағы алкогольді түгелдей дерлік аластап, зиянсыздандыру тәсілін тапқан тәрізді.

Бангкоктағы Экачаем Чулачарит деген бір доктор 200 ғана батқа (сол елдің ақшасы) алты сағат ішінде арақ-шарапты енді қайтып көрмейтіндей етіп жіберетін еммен «үшкіреді» екен. Айтуына қарағанда ол электроток арқылы организмдегі ең қауіпті эндорфин мен энкефалиннің бөлінуіне тосқауыл қоятын көрінеді.

Арақтың азабын шекпеген ел жоқтың қасы. Оның шалғы орағы қарапайым шаруаны да, шабытты ақын-жазушыны да, сазгерлер мен суретшілерді де аяған емес. Бұл бірақ өз алдына жеке айтылатын дара әңгіме және жақын арада біте қоймайтын әңгіме.

Арак — қару. Қару болғанда — қауіпті қару. Отаршыл елдер бұратана халықтардың еңсесін түсіріп, ертерек мәңгүрттендіру үшін бұл қаруды сұмдық қатты пайдаланды. Орыс отаршылдары Сібір халықтарын негізінен, алкогольмен ойсыратты. Олардың көбі енді қайтып ел болмайды.

Біле жүргеніңіз жөн:

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Бостон қаласында маскүнемдікке қарсы мынандай бір заңдәстүр болған: қолына түскен қатты мас адамды полиция көшенің көрнекті тұсындағы терекке мықтап тұрып байлап кетеді, сөйтіп елге масқара қылады.

Осыдан он шақты жыл бұрын Оңтүстік-Батыс Қытайда, Гунчжоу провинциясындағы сол жердің соты арақ айдап және оны астыртын таратқаны үшін отыз сегіз жастағы шаруа Юй Чженган деген азаматты өлім жазасына кескен.

Малайзияда самогон қуған және оны ел ішінде жасырын таратқаны үшін кінәлі адамды жеті жылдан жиырма жылға шейін еркінен айырып, түрмеде ұстайды.

Бүгінде не көп — партия көп. Сол көп партияның бірі — Польшадағы сырақұмарлар партиясы. Жүзге тарта партиялардың ішінде мүшелерінің көптігі жағынан бұл партия бесінші орын алады.

«Шарап пен сыра ішуге қатал тыйым салынады» — тап осылай басталатын студенттер жарғысы

болған екен. Соның бір көшірмесі қазіргі Карл Маркс атындағы Лейпциг университетінің архивінен табылыпты.

Гебрид архипелагінің Рам деген аралынан көне құмыра табылып, ішінен белгісіз бір қоңыр дүние шығыпты. Эдинбург мұрағатында істейтін ғалымдар оны өте ертеде жасалған сыра деп дәлелдепті. Ғалымдардың солай деп айтуы мұң екен, американың бір фирмасы соның рецептін сатып алыпты.

Шетелден келген бір профсоюз делегациясы Курск атом станциясында қонақта болып, кетерде оларға аюдың (гризли) қонжығын сыйлапты. Сол жерде қызмет істейтін берекесіз біреулер әлгі қонжықты арақ ішуге үйретпесі бар ма? Күндердің күнінде ішімдікке әбден бауыр басып алған қонжық арақсыз өмір сүре алмайтын халге жетеді. Турасын айтқанда кәдімгі маскүнемге айналады. Осыны естіген Мен зообағының директоры арнайы келіп әлгі аюды торға отырғызып алып кетеді. Алғашқы күндері жеміс-жидектен жасалған шарап, кейін сыраға көшіріп, ақыр түбінде емдеп шығады.

Мәңгіру және мәңгірттену

Темекіден – ішімдік, ішімдіктен – есірткі қауіпті. Бірінен-бірі өткен сұмдық! Тек қана темекінің кесірінен жыл сайын дүние жүзінде екі миллионның үстінде адам дүние салса, есірткіден 48 миллион адам өледі. Дәлірек айтсақ, өлмейді – опат болады. Иә, иә, опат болады! Бұл не деген сөз?! Бұл – жыл сайын, шамамен алғанда бір Франция сияқты үлкен ел құрып отырады деген сөз! Оны сен бейбіт өмір деп қалай айтасың?! Жок! Бұл – бейбіт өмір емес! Дүниежүзілік соғыс! Сенбесеңіздер, еске түсіріп көріңіздер. Салыстырып байқаңыздар! Жүз жылдық соғыстарда да мұндай адам шығыны болмаған!

Есірткі – кісі өлтіру өндірісі! Өндіріс болғанда қандай?! Түсетін табыс жағынан мұнымен бір де бір өндіріс бәсекелесе алмайды! Бір ғана, қайталап айтсам, бір ғана Колумбия мафиясы бір ғана Америка Құрама Штатына жыл сайын 100 миллиард доллардың кокаинын жеткізіп тұрады екен. Бұл «Дженерал моторс» фирмасының және Америка фермерлерінің жыл сайынғы өнімдерінен түсіп отыратын табыстан көбірек! Ірі-ірі деген елдердің мемлекеттік бюджеті бұған жете бермейді. Сол Колумбия контрабандалық тауарды бір мәрте ғана алып ұшқаны үшін ұшқыштарға 50 мыңнан 100 мың долларға дейін төлейді деген мәлімет бар. Ал ондай арнайы рейстердің саны екі мың жарымға жетеді! Сонда ұшармандардың өзіне қанша доллар кетеді? Шама-

мен, 200 – 250 миллиард доллар! Көп пе? Әрине, көп! Бірақ ол – біздер үшін ғана ақылға сыймайтын ақша. Ал есірткі өндірісімен шұғылданатын синдикаттарға тиынмен бірдей! Өйткені сол бір Америка Құрама Штатында гашиш пайдаланатын 20 миллион, кокаин пайдаланатын 100 миллион, героин пайдаланатын жарты миллион есірмендер көздері бозарып, сол тауарды күтіп отырады.

Енді өздеріңіз ойланып көріңіздер! Жер шары бір ғана Америка Құрама Штатынан тұрмайды ғой! Дүние жүзінде қаншама ел, қаншама халық бар?! Солардың ішінен біз бір ғана АҚШ-ты мысалға алып отырмыз. Өйткені, бұл елдің статистикасы, яки ресми мәліметі шындыққа жуықтау. Бұл – бір. Екіншіден, осынау есірткі «шаруашылығын» Америка Құрама Штаттары өз мақсаттарына пайдаланып баққан. Кезінде олардың әйгілі бір дәрі-дәрмекпен шұғылданатын компаниясы Орталық Барлау Басқармасына (ЦРУ) ЛСД деп аталатын есірткінің аса күшті бір түрін жасап берген. АҚШ мұны өзінің ішкі дұшпандарына және күдікті адамдарға қарсы жұмсаған. Көптеген студенттер мен жоғарғы оқу орындарының белгілі-белгілі ұстаздары өздерінің немен уланып жүргенін де сезбеген. Осындай мақсатқа АҚШ пен Канаданың 44 колледж, 15 зерттеу тобы және 12 госпитальда әлгіндей тәжірибе жүргізілген. Соның салдарынан азғана уақыттың ішінде мың жарым адам есірмен болып шыға келген! Осының бәрі елуінші жылдардағы Орталық Барлау Басқармасының әйгілі директоры Аллен Даллестің кезінде басталып, кейін бұл әрекет, қауіпті «шаруа» олардың қолдарынан шығыңқырап кеткен. Шөлмектен босанған жынды қуып әкеліп, қайта тығуға олардың құдіреті жетпей қалған!

Осынау зымиян саясаттың зардабын тек қана студенттер, тек қана ұстаздар құрамы ғана тартып қоймаған. Бүкіл АҚШ азаматтары түгелдей тартады деуге болады. Әрине, бұл пәлеге жеке адамдардың өздері де жақын тұрады. Сондай құрбандардың бірі 1982 және 1983 жылдардың чемпионы болған былғары қолғаптың күдіретті өкілі Майкл Докс. Есірткінің кесірінен дертке шалдығып, үйінде жасырып героин сақтағаны үшін түрмеге түскен. Рок-әнші Мэрилин, «Роллинг стоунз» ансамблінің алғашқы құрамында болған Брайан Джоунз, рок жұлдызы Дженис Джоупин, рок-гитаршы Джимми Хендрикс – осы есірткі жолында естерінен айырылып, абыройдан жұрдай болған. Джимми Хендрикс героин үшін күніне мың доллар жұмсап тұрған. Оның осынша ақша шашуына әбден сенуге болады. Өйткені ол елде қатардағы есірменнің өзі осындай мұқтаждығына ең аз дегенге күніне 100 доллар шығындап отырады екен.

Осы тізімге рок-н-роллдің королі есептелген Элвис Преслиді де кіргізуге болады. Кіргізуге ғана емес, тіпті соның өзінен бастауға болады. Олардың өмірі түгіл, өлімнің өзі есірмендердің қатарын көбейтпесе, азайтпаған.

Әркім көрпесіне қарай көсіледі, әрине. Америка Құрама Штаттары, өздеріңізге белгілі, өте бай ел. Демек, олар қалай көсілеміз десе де көсіледі. Есірмендерге қарсы күресте олар қаржыларын аяп жатқан жоқ. Бірақ есірткінің ең басында тұрған мафияның да мүмкіндігі аз емес. Наркобизнеспен шұғылданатын наркобарондардың да байлығы көл-көсір. Әрлі-берлі есірткі таситын сенімді жүйрік кемелері, тікұшақтары да, керек десеніз қарулы әскерлері де бар. Сондықтан да дәл бүгінгі таңда бой бере қоятын

түрлері жоқ. Орталық Барлау Басқармасының қырағы көзіне шалынбай күндіз-түні жұмыс істеп жатқан ондаған, жүздеген лабораториялар күн сайын қаншама кокаин, героин, апиин, наша дайындайды десенізіші?! Сұмдық! Оның ішінде бір кездері өкіметтің өз қолдауымен жасалған ЛСД-ға шейін бар. Оған соңғы жылдары «крек» деген пәле келіп қосылды. Дәрігер-наркологтардың айтуына қарағанда, ол тіпті бәрінен өткен сұмдық! Әйтсе де, «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» демекші, соңғы жылдары Манилада бой көрсеткен «кранк» (оны «кривошин» деп те атайды). Ол есірменді өз құрсауынан он сағат бойына босатпай сығымдайды екен. Сығымдағаны да түк емес. Одан кейін көз ілдірмей, адамды жындыға айналдыратын көрінеді.

Кокаин пайдаланған адамның тамырлары тарылып, қанның қысымы қатты көтеріледі. Жүрекке оттегі жетпейтін болады. Оның аяғы – баяғы инфаркт!

Өз жерлестерімізге әуелден белгілі сораны арақпен араластырғанда оның уыты төрт есе өсіп, адам есірмен халге өте тез жететін көрінеді.

Ал жасанды есірткілер бірден миға шауып, ойлау жүйесіне зақым келтіреді. Және параличке апарып соғады екен.

Кезінде емделіп, кезінде қойып кетпесе, есірткінің түбі – бір ғана өлім. Өлім болғанда да жаман өлім!

Бір ғана есірткіні табыстың көзіне айналдырған, табыс болғанда қандай, нағыз байлықтың қайнары екеніне көздері жеткен залымдарды біреудің өлімі, тіптен өздерінің өлімдері де тоқтата алмайды. Әйтсе де олардың жер басып жүруге ешқандай құқылары жоқ!

Осыған байланысты Америка Құрама Штаттарында егер біреудің өліміне біреудің есірткісі се-

бепкер болса, оны өлім жазасына бірден кесетін арнайы заң бар.

Соған ұқсас өте ауыр жаза Сингапурда, Малайзияда, Пакистанда, Иранда да қолданылады. Он шақты жыл бұрын есірткі таратумен шұғылданған жиырма алты адам бір күнде дарға асылды. Жалпы сол науқанның кезінде Иранда 507 күнәкар өлім жазасына кесілген.

Таяуда ғана «Известия» газеті: «Ресейде – 500 мың, Қытайда – 600 мың есірмен есепте тұрады. Ал енді есепке алынбағандарды есепке алар болсақ, бес-алты есе көп», – деп жазды. Шынында да солай болуы керек.


Есірткі жөнінде Қытайды аттап өте алмаймыз. Он тоғызыншы ғасырдың орта шенінде өзімізге іргелес Ұлы Қытай елі екі бірдей апиын соғысын басынан кешірді. Өйткені Ұлы Отан соғысы алдында Қытай жиырма миллион есірмендердің еліне айналған-ды.

Осыдан он шақты жыл бұрын наркобизнес және есірмендерге қарсы күрес жүргізу үшін Қытай өкіметі милициясының, әскерінің, Қауіпсіздік Комитетінің ең тандаулы кадрлары мен күшін елпекшеп отырып, прокурорлар мен судьяларға сүйемел болатын сенімді және қуатты заңдар шығарып берді. Юньнань және Гуанду тәрізді аймақтарының заңгерлеріне өз беттерімен шешім қабылдауларына және өлім жазасына бұйыруға шейін құқық берді. Бүгінде бұл елде елу-ақ грамм героинды сақтағаны үшін, әрілі-берілі алып жүргені үшін, сонымен сауда жасағаны үшін кез келген азаматы ең ауыр жаза – ату жазасына кесіліп, оның жанын жаһаннамға қалың көпшілік алдында жібереді. Мысалы, 1997 жылы 1876 адам жиналған жұрттың алдында атылған.

Оңтүстік Шығыс елдерінің көбінде елу грамм үшін ғана емес, он бес грамм үшін-ақ қымбат өмірмен қоштасуға тура келеді.

Жоғарыда айтылған Юньнань – ең қиын, ең күрделі, ең ауыр провинция. Бұл – шырқау биіктегі субтропика. Ол – әлемге әйгілі кәдімгі «зерлі үш бұрышпен», яки Мьянма, Лаос, Таиланд тәрізді есірткі өндіретін елдермен іргелес. Сол адам басы айналатын асқар тауларды қытайлықтар әлгі мьянман героинін, метамфетамин және де басқа есірткілерді Тибет, Непал арқылы Еуропаға жөнелтеді. Ал Солтүстік Қытай арқылы Қазақстанға, Қырғызстанға, Ресейге әкетіп жатады. Бұл қауіпті кәсіппен, негізінен, Қытайдың хуэй деген тайпасы шұғылданатын көрінеді. Кезінде осы шаруамен көне бабалары шұғылданған, қазақша айтқанда, ата кәсіп болып тұрғой. Олар өздері өтіп жүрген асулар мен шатқалдардың тірі жанға таныс емес құпия саңылауларына шейін жақсы біледі дейді. Бүгінде бұл жолдардың өзін екі мыңға жуық қытай милиционерлері міз қақпай күзететінге ұқсайды. Сөйте тұра тіс қаққан хуэйлер иненің жасуындай болымсыз сызаттардан өтіп жататын тәрізді. Қорықпайды емес, өлім жазасынан олар да қорқады. Алайда ақша деген өзәзіл түрпектеп отырып, ажал жолына шығарып салады. Ең үлкен жаза – өлім жазасы, жалпы, кімге ұнайды дейсіз! Адам түгіл, құмырсқаны таптап өтудің өзі ауыр. Ал ату, атылған адам түгілі – атқан адамға, атқан адам түгілі – аттырған адамға да онай соқпайды. Десек те, өлім жазасын көре тұра осынша тәуекелге барып жүрген адамдар басқа жазадан қаймыға қоя ма?! Бірнеше жылға айдап жіберсең, қайтып келіп, сол шаруаны, ата кәсібін қайта қолына алады.

Бір адамның ғана емес, бүкіл адамзаттың басын қатыратын қаншама мәселе бар?! Соның ең



біріншісі болмағанмен, біріншісіне өте жақын тұрған күрделі проблема — есірткі, есірмендер проблемасы. Қай мемлекет қалай жұмыс істесе де, бірнеше жылдан кейін бұл мәселеде бастаған жерлеріне қайтып келеді. Адамның күш-жігері осалдығынан, ал ажал әзәзілден мықты болмай тұр. Соған көздері әбден жеткен қытайлар право-мыраво, этика-метика деген шартты нәрселерге қарамай, тура тізеге басып, діттеген мақсаттарына төте тартып барады. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзямен: «Егер біз наркомафияның түбіне жетпесек, олар ұлттың түбіне жетеді» — деді. Шынында да солай. Мұндай маңызды мәселеде солқылдақтық жасау тек қана жеңіліске апарады. Қайталап айтамын, принципіне берік қытайлықтар ешкімнің, ешқандай халықаралық ұйымның беті-жүзіне қарамай, қатал-қатал шаралар арқылы аса маңызды мақсаттарын ауытқымай іске асырып жатыр. Соның бірі — есірмендерді еркінен тыс зорлықпен емдеу. Қолдарына түскен бәнгілерді милиционердің келісіміне, соттың шешіміне қарамай-ақ дедектетіп емдеу орталығына апарады да, қанына және зәріне анализ жасайды. Есірмен екені анықталса, қоршаулы емханаларға жатқызып, ұшықтайды. Жоғарыда айтқан Юньнанда 87 зорлықпен емдейтін орталық, 8 еңбек лагері бар көрінеді. Есірткімен күресу жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Бағдарламаның атқарушы төрағасы Пино Арлакки бұл провинцияны дүние жүзіне үлгі боларлық орталық деп бағалаған. Соңғы Қытай мәліметтеріне қарағанда 1997 жылдан бері қарай 760 реабилитациялық орталық арқылы 320 мың, 210 еңбек түзету лагері арқылы 210 мың есірмен емделіп шыққан көрінеді. Бұл аз жұмыс, болымсыз жеміс емес. Үлкен табыс.


Жеңішбек Назаралиев пен Леонид Шинкаревтің жазуларына қарағанда есірткі және есірмендермен күреске арналған соңғы сегіз жыл ішінде Ресей жасаған федералдық екі бағдарлама (1995-1997, 1998-2000) түгелдей іске аспаған секілді. Өзіміз, яки біздің Қазақстан жөнінде айтар әңгіме жоқ. Басқа да толып жатқан проблемалардан бас көтере алмай жүрген Қазақстанда наркобизнес шұрайлы топырақтың үстінде... Белгілі кедендік тексерулерде қолға түскен «табыскерлер мен есірмендер» және өлшемі жағынан амалсыз назар аударатын есірткілердің салмағы болмаса, айықпас дертке айналған бәнгілердің қатары өспесе, кемір емес. Есірткі бүгінде басқалар түгілі, біздің милиционерлердің тірлік көзіне айналған.

Бұл – өзі біле білгенге, басы түгілі, аяғы жоқ ұзақ хикая. Бірақ аңғарымпаз ағайын гибратын осыдан-ақ алар деп, келген жерден үзгелі отырмын. Құдай қаласа бұл тақырыпқа тағы бір қайтып соқпақ ойым бар. Онда ақын-жазушылар мен есірткі арасындағы қарым-қатынас, дәлірек айтсақ, қасірет жайында сыр шертпекпін.

Біле жүргеніңіз жөн:

Есірткінің бізге таныс мынандай-мынандай түрлері бар: героин, морфин, амфетамин, метафетамин, барбитураттар, маррихуана, «крек», «кранк», қазақтарға аты бұрыннан белгілі наша, көкнар, сора...

Голландияның Лаувезезийль деген елді мекенінде тұратын Стаффи деген біреу өзінің мысығын да есірткіге үйреткен. Ол мысықтың көзі оттай жанып, шайқала басып жүретінін байқаған көршілері хайуанаттарды қорғау қоғамына хабарлайды. Олар оны әрең дегенде ұстап, қанына анализ жасайды. Ақыр түбінде валидол, веранол беріп есірткінің дозасын азайту арқылы емдеп шығады.



Жапонияда есірткінің жаңа түрін ойлап тапқан. Оны «Метаквалон» деп атайтын көрінеді. Оны Жапонияда, АҚШ-та да, Еуропа да өндіруге мүлдем тыйым салынған. Бірақ наркобизнес қайсысын тыңдап жатыр...

Перуде есірткі тектес өсімдіктерге түсетін және оны жегідей жейтін құрттың бұрын белгісіз болып келген бір түрін тауыпты. Бірақ ондай құрттарды дүниеге әкелетін пәруаналар, яки түнгі көбелектер перудің бір ғана түкпірінде тірлік етеді екен. Енді оны басқа аудандарда да өсіре бастапты.

Бүкіл ғұмырын түрмеде өткізгісі келетін ешкім жоқ. Сондықтан да есірткіні әрлі-берлі тасушылардың тексеру орындарынан аман-есен алып шығу үшін ойлап таппайтын айла-әрекеттері жоқ. Түркияның Измир айлағында Голландияның бір кемесі жәшік-жәшік жаңғақ қабылдайды. Капитанның көмекшісі әлденеден секем алып, арнайы тексерушілерді шақыртып, тіміскілеп көрсе, жаңғақтардың іші толған есірткі екен. Дәнін алып, шаңғалағын есірткіге толтырып, қайта желімдеп тастаған.

Бір кездегі Батыс Берлинде полиция мен кеден қызметкерлері ұйымдастырған баспасөз конференциясында екі әдемі табақша көрмеге қойылған. Ол Ливан қолөнершілерінің жұмысы деп есептелген. Сөйтсе ол тастай ғып қатырып тастаған гашиш екен. Оның сыртын әйнекеймен аптап, өрнектел қойған.

Маутама деген қаланың бір кітапханашы қызы мойнына салатын моншағын өте жиі ауыстырады екен. Соны естіген полиция қызметкері қатты күдіктеніп, бір күні оқыстан басып кіріп, тексеріс жасаса, ол жерде есірткі дайындайтын лаборатория бар екен. Ал қыздың моншағы — пароль болып шығыпты.



Алтын ақшаның жа екі беті бар

Өмірдегі өзгерістерді өзара салыстырғанда ғана жақсырақ түсінесің. Ал бізде салыстыратын құбылыстар, құдайға шүкір, баршылық.

Аға буынның, тіпті орта буын өкілдерінің естерінде болуы керек... шілде-тамызда мал, әдетте, сойылмайды. Сойсаң да шыдамайды. Оны бірден тұздап, қауіпсіз түнде желдің өтіне біраз ұстап алу қажет. Көк шыбын деген пәле бар. Еттің иісін жердің түбінен сезеді. Қас пен көздің арасында ұшып келіп, отырып кетеді. Сондықтан әйелдер оның үстіне дәке жауып әлек болады. Ол, әрине, әншейін далбаса. Көк шыбын бәрібір ретін табады.

Сүтті сауа сала қайнатып алады. Бірақ біраз тұрса ол да ашып кетеді. Ол заманда ауылды жердің мұздатқышы — құдық болатын-ды. Салбыратып іліп қояды. Кейбір әжейлер шелектегі сүттің ішіне тірі бақа жібереді. Оның денесі мұздай. Өзі таза... Сиыры жоқтар қой сауады. Оның қатығы сұмдық қою келеді. Ағаш қасықты қақ ортасына қадай салсаң, құламайды. Құласа да әрең құлайды.

Қысқа дайындық ерте басталады. Бала-шаға, қыз-қырқын жаз айларында өріске барып тезек тереді. Мүмкіндігі барлар, яки малды, әсіресе қой-



лы ауыл ки ояды. Ки – отынның төресі. Сары көмір. Бірақ ол жетпейді. Амалсыздан қамыс жағады. Қамыс ірі, өте ірі. Бір ұшы ошақтың көмейінде жатса, бір ұшы босағадан шығып жатады.

Сіреңке жарықтық таптырмайды. Сондықтан ел отын өшірмеуге тырысады. Жатарда қоламтаның астына дымқыл тезек көміп тастайды. Кейде ол да сөніп қалады. Ондайда амалсыздан көршілерден от сұрап әкелуге тура келеді.

Су әрқашанда проблема. Әсіресе ауыз су қат. Сондықтан қыстың күндері мұз ойып, соны ерітеді. Кейбір ұқыпты үйлердің бодырымында (подвалында) қыста әкелген мұз жаздың басына шейін жатады. Ал жазда қыз-келіншектер қаздай тізіліп құдықтан су тасиды. Күндіз өте ыстық, барып тұрған аптап. Ел үйден шықпауға тырысады. Барлық шаруамен зауал ауа және кешқұрым шұғылданады. Кейде тіпті ай жарығында жанағы сушы қыздар құдық басында кезек күтіп отырады.

Осының бәрі күні кеше ғана болған тәрізді. Өз басым мен оны өткен ғасырдың елуінші жылдарына шейін көріп келдім. Ал енді бәрі өзгерді. Керек кезінде тоңазытқышқа сүңгіте саласың.

Бүгінде құдықтан су тасып жүрген кісі көрмейтін шығарсыз. Құбырлар үйлеріңізге кіріп тұр. Қалалы жерлерде салқын суың да, ыстық суың да проблема емес. Отынның қажеті шамалы. Жеке үй, жеке шаруашылығы бар адамдардың өзі қайқай жағынан да өркениетпен жан-жақты байланысып жатыр. Бүкіл бір жылқының еті сыйып кететін мұздатқыштар, тоңазытқыштар бар. Теледидары жоқ үй таппайсың. Жұмыстан қайтып, жуынып-шайынып, шай-суын ішкеннен кейін қожайын теледидарын қосып, жұмсақ диванға қисая

кетеді. Жақсы хабар болса, отбасы болып жабыла қарайды.

Бірақ, өкінішіне орай, прогрестің бәрі бірдей жақсылық әкелмейді. Адамның бақыты үшін жасалған кейбір дүниелер бүгінде оның сорына айналып жатыр. Соның бірі – осы теледидар. Алғашқыда сәл басқашалау еді... Қызметтен оралып, жуынып-шайынып бірер кесе шайын ішкен ерлі-зайыптылар қалалы жерде театрға дайындала бастайтынды. Үзбей жаңа қойылымдарға барып тұратын-ды. Е-е, о да бір ғажап дәурен еді-ау! Әттең дүние, ол дәуір енді өткен! Театрлар қаңырап бос тұр. Бүгінде жұмыстан шаршап келіп, шешініп қойған адам қайта киінуге ерінеді. Студенттер профсоюз әперген тегін билеттің өзін пайдаланбайды. Билет сатылған, ал театрда орын бос. Адам жоқ!

Жаңа қойылымға баруға ерініп, үйде қалған жастар не істейді сонда?! Көркем әдебиет оқиды деп ойлайсыз ба? Ж-О-О-К! Ол оқуға да ерінеді. Оған қозғалмау керек! Оған жату керек! Жатып алып теледидар көру керек! Бұл құбылыс жалғыз біздің ғана емес, бүкіл әлем халқына тән әрекетке айналған.

Бұдан он шақты жыл бұрын осы теледидардың кесірінен Швецияда үш жүз кітапхана жабылғанды. Жылына қырық видеофильм алып тұратын шведтер енді кітапханадан бір-екі кітап қана алатын көрінеді. Оны да кереметтей оқығысы келгендіктен емес, әрине. Видеолары болғандықтан шығар деп күдіктенесің.

Италия социологтары отандастары бос уақыттарын қалай өткізеді екен деп, сұрау салғанда жауап бергендердің 88 пайызы теледидар қарайтын, 40 пайызы радио тындайтын болып шыққан. Газет-



журналға көз жүгіртіп (толық оқымай-ақ) шығатындар отыз пайыздай.

Бес миллион француз күніне жеті сағаттай көгілдір экранның алдында отыратын көрінеді. Олардың да оннан жетісі елуден асқандар және көрілер.

Латын Америкасында «Есікте жүрген Изаура» секілді бірнеше сериядан тұратын өте ұзақ фильмдер от басының шырқын бұза бастаған. Жантөнімен беріліп қараған әйелдер бай барын, бала барын ұмытып, экран алдында күн ұзаққа отырып алады екен. Жұмыстан қажып және қарындары ашып қайтқан еркектер шатақ шығарып, таяқ жеген бес жүз әйел полицияға шағым жасаған. Кейбіреулері ажырасып тынған.


«Юманите» газетінің мәлімдеуіне қарағанда телеэкраннан күн сайын көрсетіліп жатқан зорлық-зомбылық көрермендердің психикасына сұмдық әсер ететіні анықталыпты. Италия баспасөзінің хабарлауына құлақ түрсек, кешкісін теледидар көріп отырған ері әйеліне «сен басқа планетадан келген гуманоидсың» — деп кінә тағады. Үлкен шатақ шығады. Ақырында әйелі қаза тауып, күйеуі жындыханаға түседі.

Үлкен-кіші дейтіні жоқ теледидардан зардап шекпеген тірі жан аз. Әсіресе, балдырғандарға обал! Олардың ашушаң, шақар, сотқар болып өсуіне алдымен осы көгілдір экран кінәлі! Күніне екі-ақ сағат теледидар көретін баланың психикасын бір қалыпты деп айтуға болмайды. Телеқұмар балдырған, негізінен, кітап оқымайды. Мектеп оқушылары бұл кезде әлем әдебиетін тек осы көгілдір экран арқылы ғана біледі. Онда да прозасын, онда да драматургиясын. Ал поэзиядан, жалпы, мақұрым. Бұл

жақсылық емес, әрине! Жазушының басты қасиеті – тілінде. Киноға айналған туынды ең алдымен өзінің осы қасиетін жоғалтады. Киноны айтасын, басқа тілдерге аударылғанда жақсы шығарманың көпшілігі тілдік тұрғыдан біраз зиян шегеді. Әсіресе, ұлт ақындары, яки ұлттық қасиеті басым ақындар көп ұтылады. Өйткені ұлттық қасиеттер негізінен, ұлт тілімен, ана тілмен өте тығыз байланысты. Мамандардың айтуына қарағанда Пушкин тек орыс тілінде ғана Пушкин көрінеді. Француз тілінде оның небары бес-алты ғана сәтті аудармасы бар секілді. Ол да Марина Цветаеваның тәржімалары. Ал француздар орыстарға сіздердің оқып жүргендеріңіз Флобер емес, соның жаман нұсқасы ғана дейді. Өйткені нағыз Флобер – тек француз тілінде ғана Флобер! Бір сөзбен айтқанда, теледидар алдымен көркем әдебиетке зиян келтіруде. Ал жалпы тіл мәдениеті, турасын айтсақ, негізінен көркем әдебиетке байланысты!

Америка Құрама Штаттарындағы «Нилсен» зерттеу компаниясы бес жыл бойы үзбей шұғылданып, алты мен он бірдің арасындағы теледидар қарайтын бүлдіршін-балдырғандардың басым көпшілігі тым ерте ет алып, семіріп кететінін анықтаған. Жарты ғасыр бұрынғы өз қатарларымен салыстырғанда бүгінгі жапон балалары 10 килограмм ауыр және жартылай соқыр көрінеді.

Алдымен аузы күйгендер – жапондар. Дүниедегі ең әдемі, ең сапалы телевизор жасаушы жапондар бүгінде не істерін білмей сасуда. Токио муниципалитеті жанындағы жастар тәрбиесімен шұғылданатын кеңес астана губернаторына ресми хат жазып, өр отбасы өздері үшін бір күнді теледидар қарамайтын күн етіп тағайындаса деп ұсыныс



жасаған. Мұны ата-аналардың көпшілігі қолдайтын көрінеді. Қоғамдық пікірді қадағалап және таразылап отыратын Жапония институты: «Үй тірлігінде ең алдымен неден құтылғыларың келер еді?» — деген сұрақ таратқанда жапондардың отыз жеті пайызы теледидардан, жиырма пайызы газеттен, қалғандары телефон және басқа электрон құралдарынан құтылсақ жақсы болар еді деп жауап беріпті.


Ел енді-енді түсіне бастады: жартылай өнерге, мәдениетке қызмет етсе, жартылай адамдарды ұяттан бездіретін үлкен қалаларда Жер серігі арқылы жұмыс істейтін кабельді каналдар пайда болды. Олар қазір, тіптен, көп. Соның бәрі бірдей адамгершілік үшін, ұлы мақсаттар үшін жұмыс жасап жатқан жоқ. Кейде маскара көріністерге тап боласың. Жануарлардың өзі, әсіресе, жылқы жарықтықтың айғыры қашқан биені үйірінен бөліп, оңаша алып кетуші еді, қазіргі теле-видео фильмдер қаптаған секс: біріне-бірі шөгіп, ырсылдап жатқан біреулер. Бұзылмағанда қайтеді ел?! Бұзылмағанда қайтеді балалар?!

Өткен жиырмасыншы ғасырдың тағы бір ғаламаты — бизнес-коммерция: орташа ғана дауысы бар дарынсыз әншілерден өнер «жұлдызын» жасап берді. Ол үшін Шаляпин, Әміре, Ғарифолла болып туу міндет емес. Техника болса, жетіп жатыр! Қазіргі заманның музыкасы дыбыстың күшімен, поезбен, ұшақпен әрең сүйретіп жүретін асай-мүсейлерімен есеңгіретеді. Шынында, музыканың құдіреті децибалда емес, тұла бойынды, жан-жүйенді шымырлататын жұмбақ сиқырында ғой. Сыбырлаған нәзік әуен алыптың өзін алып ұруы мүмкін. Бірақ рок-музыка олай есептемейді. Ал даңғырлаған даңғаза дыбысты кейде адам түгілі хай-

уандардың өзі көтере алмайды. Кезінде Кеңес өкіметінің көптеген газеттерінде бір меломан иттің суреті жиі жарияланып жүрді. Күшігінен асыраған әлгі иесі классикалық музыкаға құштар етіп тәрбиелеген екен. Бәрімізге таныс құлаққабын киіп алып, нағыз классиканы тындап маужырап жатқан сол иттің суретіне сүйсінбей қарау мүмкін емес-ті. Қожайыны бір күні оқыстан рок-музыка тындатқан екен, жанын қоярға жер таппаған меломан ит құлаққабын екі алдыңғы аяғымен жұлып түсіріп, тұра қашқан! Шамадан тыс шуға адамдар түгілі — хайуан, хайуандар түгілі — өсімдіктер шыдамайды екен. Жап-жақсы жайнап өсіп келе жатқан әдемі гүлдер шектен шыққан шулы музыканы көтере алмай, тез солып қалатын көрінеді.

Енді бір мысал: Тасмания аралында жаңа жерді қоныстануға келген тың көтерушілер жер жыртып, бақша отырғызған екен, соны ұнатпаған пілдер «көтеріліс» жасап, көкөністің түгін қалдырмай таптап тастапты. Тер төгіп, бақша салған еңбеккер сорлылар мылтық атып, әрлі-берлі тарсылдатып баққан екен, пілдер оны құйрықтарына да қыстырмапты. Сонда біреу осы заманның рок-музыкасын ойбайлатып ойнатса, мылтық даусынан былқ етпеген алып жануарлар құлақтары салпылдап безіп беріпті!

Бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген бұрынғы заманның адамдары тас қашаған, тау-тау толқындармен арпалысып қайық ескен, кара жермен кеме сүйреген, пирамидалар тұрғызған, бірақ біздерден көп шаршамаған. Өйткені, олардың құлақтары тыныш болған! Шынында да солай! Қазіргі ғалымдардың айтуынша, біздің замандастарымыз негізінен, дыбыстан, тарсыл-гүрсіл, техниканың дүрілі мен



гүрілінен қажитын көрінеді. Бұл жай болжам емес, ғылыми тұжырым. Шаршап қана қоймайды, көптеген адам, әсіресе, жастар мүгедек болып жатыр. Көбіне-көп саңырау... Португалия газеттерінің жазуына карағанда бұл ел жақын жылдарда ұшқыштарсыз қалуы мүмкін. Өйткені қартайған ұшқыштарды ауыстыратын жастар қатары сиреп кетіпті. Әскери әуе күштеріне мамандар даярлау үшін өткізілген дәрігерлік тексеру 800 жігіттің алтауын ғана жарамды деп тапқан. Олардың басым көпшілігінің есту қабілеті өте нашар боп шыққан. Себебі – даңғаза дискотека көрінеді.

Норвегияның Тронхейм деген қаласында әдемі симфониялық оркестр бар екен. Сонда ойнайтын қырық жеті музыканттың жиырма үші бірте-бірте саңырау бола бастаған соң ортолоринголог оларға концерт кезінде құлаққап киіп алу керек деп кеңес берген.

Жалпы қолайсыз және мезгілсіз дыбыстың денсаулыққа зиян екенін халық ерте түсінген. Қолдарынан келгенінше күресіп баққан.

Біле жүргеніңіз жөн:

Англияда XVII ғасырдың басында қабылданған және әлі де болса күшін жоймаған бір заң бар. Ол заң ерлерге кешкі сағат тоғыздан таңғы сағат алтыға дейін әйелдерін сабауға тыйым салады. Соның бәрі тұрғындардың тыныштығы үшін.

Швейцария – автомобильдердің түнгі жүрісіне тыйым салған жалғыз ел. Түн деп ол елде кешкі оннан таңғы төртке шейінгі, ал жаз айларына кешкі тоғыздан таңғы беске шейінгі уақыт айтылады.

АҚШ-тың Оушен-Гроув атты қаласында жексенбі тыныштық күні деп есептеледі. Ол күні ешқандай автомобиль және жүк таситын көліктердің

жүруіне қатал тыйым салынған. Газет-журнал тасушыларға ғана велосипедпен жүруге ұрықсат етіледі.

Калифорнияның Санта-Роза атты қаласында аяқ киімі басқан сайын сықырлайтын адамдарға айыппұл салынады.

Нью-Йорктің бір рабатында иттің он бес минуттан артық үруіне рұқсат етілмейді. Үрсе – айыппұл төлейді. Әрине, қожайыны. Сондықтан, иелері иттерін көп үрмеуге дағдыландыратын көрінеді. Ол енді оңай шаруа емес.

Кельн қаласында ең шулы бір оралымға дыбыс өтпейтін 320 метрлік дуал салынған.

Рейн бойындағы Дормаген атты қалада машинаның қозғалуынан пайда болатын шуды түншықтыратын жол жабынды жасалыпты. Ол дыбыстың төрттен бірін жұтып қоятын көрінеді.

Австрияда «Т Битумен» деген фирма ойлап тапқан сыбырлақ асфальт бар. Болашақта автомагистральдарда, міне, сол сыбырлақ асфальтпен жүретін болады.

Голландияда, Бельгияда, Ұлыбританияда, Германияда автомобиль дөңгелегінің дыбысын екі есе азайтатын асфальт төселе бастапты. Оның үстімен жүрген машина қалың кілемнің үстімен қозғалғандай болады екен.

Әркениеттің іргетасы мен қуыбезі

Дүние-мүлікке көп қызықпайтын, тек қана кітап жинайтын ерлі-зайыпты екі интеллигент қонақ шақырмақ болып дайындалса керек. Уәделі күні ері ертемен тұрып, кейбір кітаптарды іріктеп алып, жұрт көзі түсе қоймайтын қуыс-қуысқа тыға бастапты. Күйеуінің оқыс әрекетіне таң қалған әйелі:

– Ой, бай-еке, мұның не? Ол кітаптарды орнынан қозғап қайтесің? Шақырған қонақтарын аса құрметті және әдепті адамдар. Сенің кітаптарыңда олардың не шаруасы бар? Олардың қай-қайсысы да кітап ұрламайтын сенімді кісілер. Тіпті ол жастан асып кеткен! – деп күліпті.

– Әрине! Әрине! Бұл жағынан олар қауіпті емес. Қымқырып кетеді-ау деген ой менде жоқ. Бірақ қорқамын!

– Несіне қорқасың? Неге қорқасың?

– Кітаптарын танып қоя ма деп қорқамын да! Өте қымбат және сирек дүниелер. Жастау кезімде шыдамай жымқырып кеткенмін!

– ???

Анекдот шығар. Бірақ шындыққа татиды. Жастау кезімізде талай достың үйінен өз кітаптарымды

сан мәрте көргенмін. Көрсем де байқамаған болғанмын. Ал кейбір күдікті достарымды біздің үйден кетерде төс қағыстырған болып, талай рет «тексергенмін» де! О! О да бір заман еді ғой, шіркін!

Ұрлықтың түрі көп. Қазақтар, негізінен мал ұрлаған. Жылқы алған. Сол үшін біздің ағаларымыз Солтүстік Кавказға шейін баратын болған. Кейін Кеңес өкіметінің кезінде малға шөп ұрлайтынды. Енді, міне, көрсетпей бір-бірінен кітап «ұрлайды». Ұрлық деу де қиын. Бірақ ұрлықтың аты — ұрлық қой! Әйтсе де, мен өз басым осы пәлені ұрлық дей алмаймын. Бұл күдік мені ғана емес, кезінде талайларды қинаған секілді. Жеке адамдар ғана емес, онымен мемлекет деңгейінде де шұғылданған тәрізді. Шығыс ұрлыққа өте қатал қараған: аямай жазалаған. Ұрының алдымен бір саусағын, сосын екінші саусағын, кейде бір қолын шауып тастайтын болған. Сондай «безбүйрек» елдің бірі — Қытай. Міне, сол бір шеге ұрлағаны үшін шынашағын шауып алатын Шын елінде бір заманда кітап ұрлаған адамдарды жазаламайтын болған! Ол — таза ұрлық емес, ілім-білімге деген құштарлық, жақсы ниеттен туған ұмтылыс деп ұғылған. Ғаламат! Данышпандық шешім! Бірақ кез келген ұрлықтың өзіне тән осал жағы болады. Ұрлағанның бәрі бірдей білімге құштарлықтан ұрлай ма? Ұрланған кітапты да табыстың көзіне айналдыруы әбден мүмкін ғой!

Байқаймын, негізгі әңгімемнен сәл ауытқып бара жатқан тәріздімін. Менің айтайын дегенім — кітап, кітаптың адам өмірінде алатын орны, атқаратын рөлі. Айта-айта ақжем болған Максим Горькийдің бір тамаша сөзі бар: «Менің бойыма біткен аз-мұз жақсы қасиет болса, ол үшін мен ең алдымен кітапқа ғана қарыздармын» — дейді ұлы жазу-

шы. Бәріміздің де айтар сөзіміз осы. Адам, жеке адам ғұмыры ғана емес, бүкіл адамзат тарихында кітаптың атқарған қызметін сөзбен айтып жеткізу мүмкін бе? Қайда!

Енді, міне, өз көзіңе өзің сенбейсің. Өз құлағыңа өзің күдіктенесің. Бәрі өзгерді. Бәрі, бәрі, бәрі! Ең бастысы — заман өзгерді. Өкінішіне орай, ілгерілеу емес, рухани кері кету... Денен түршігеді, төбе шашың тік тұрады!

«Қазақ әдебиетінің» кезекті бір санында Аманхан Әлім былай жазды: «облыстық (Алматы облысын айтып отыр) балалар және жасөспірімдер кітапханасы қысқартылып, олардың негізінде «Алматы облыстық кітапхана мемлекеттік мекемесі» болып қайта құрылса не жорық. Кезіндегі қажыгелдиндік «оптимизация» үлгісі бойынша істелінген бұл іс-әрекеттің салдарынан екі жүз мыңға жуық кітап жылы орнынан айырылып, жиырмаға тарта маман кітапханашы қызметтен қысқарса... келелі де көшелі сөз айтқаннан не үміт, не қайыр». Өкінішке орай, мұндай мысалдар некен-саяқ емес.

Осыдан он-он бес жыл бұрын апта сайын, кейде тіпті, екі-үш күнде бір құшақ-құшақ кітап сатып алатын едім. Бүкіл отбасы болып оқитын едік. «Книжное обозрение» атты апталықты асыға күтетінмін. Сонда жарияланған жаңа кітаптардың тізімімен жұмыс күнімді кітап дүкендерін аралаудан бастайтынмын. Кітап саудасындағы адамдар маған өз ағайындарымнан да ыстық көрінетін. Алыс-алыс сапарлардан қайтқанда балаларыма ештеңе әкелмесем де, мен оларға арнап тарту-таралғы, сувенир сияқты бірдеңелер ала келетінмін. Соның бәрін кітап үшін істейтінмін. Соның бәрі бүгінде көрген түстей. Шынын айтсам, мен қазір Кеңес

өкіметін де, сол кездегі тоқ тірлікті де жоқтамаймын. Ай сайын, апта сайын, кейде тіпті күн сайын алып жататын жаңа кітаптарды жоқтаймын...

Бүгінде бұрынғы Республикалар Одағы ыдыраған. Әркім өзімен-өзі. Өз қотырларын өздері қасып, дара тірлік кешіп жатыр. Еркіндік алғандары болмаса, мырғамға батып жүрген ел көрмейсің. Ресейдің өзіне де оңай емес. Бірақ оның мүмкіндігі көп. Кітап жағынан ешқандай тапшылық байқалмайды. Шығарып жатыр, шығарып жатыр. Өтуі де жақсы.

Ал біздің жағдайымыз мүлдем басқаша. Адам жыларлық. Кейбір баспалар жылына бір жинақ шығара алмайтын халге жетті. Шығарса да оны алатын бұрынғы дәулетті қауым жоқ. Алғашқы кезде кітапты жоқтап, іздеушілер болса болған да шығар. Ал дәл қазір кітап оқу, негізінен, тоқталды. Жұрт енді, ең жаманы – кітап сатып алмауға үйреніп қалды. Оқымауға үйреніп қалды. «Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады» дейді халық. Ал бұл – аурудан да жаман. Түбінде, ел байығаннан кейін де бұл кітапқұмарлық қасиетті қалпына келтіру оңайға соқпас.

Көңілге медеу бір ғана жәйт: бұл жалғыз қазақтың басына келген ақырзаман емес, негізінен, әлемдік дағдарыс. Рухани жүдеу.

Бір кездегі дүниежүзілік көркем сөздің алтын бесіктерінің бірі болған Италия енді, міне, әдебиетімен де, оқырмандарымен де мақтана алмайды. Бүкіл халықтың 28 пайызы ғана қолдарына кітап ұстағансиды екен. Сонда жыл бойына оқитындары – бір кітап, әрі кеткенде, бес кітап. Ал елдің 53 пайызы жалпы, кітаптың не екенін білмейді. Милан қаласында Шекспир томдарының біреуі бір килограмм

спаржадан (өсімдіктің тамырынан жасалған тағам) арзан дегенге кім сенеді?!

Ал Австрия ше? Австриялықтардың 30 пайызының көркем әдебиетте, жалпы шаруасы жоқ. 18 пайызы аптасына үш-ақ сағат бірдеңе оқитын келінеді. Халықтың жартысынан көбі еш-қандай кітап сатып алмайды. Кітапханаларға бармайды.

Кітап шығару жөнінен Жапония – алдыңғы қатардағы елдердің бірі. Бірақ онда да оңып тұрған жағдай жоқ. Халықтың үштен бірі жыл он екі айда бір кітап оқымайтын халге жетіпті. Жеті мың студентке анкета таратып көрген екен, бірінші курс шәкірттерінің 30 пайызы оқулықтан басқа кітап оқымайтын болып шығыпты. Ал қалғандары күніне 5-10 минут қана, онда да қалалық транспорт үстінде оқиды екен. Міне, бұл – кітап оқу жағынан кешегі Кеңес Одағынан кейінгі екінші орын алып келген кітапқұмар халық.

Қай елдің, қай халықтың болмасын оның мәдени деңгейі, сауаты, әрине, кітаппен байланысты. Америка Құрама Штаттарында халықтың тең жартысы кітап оқымайтын көрінеді. Соның да салдары шығар, сұрақ-анкета нәтижесіне үңілгенде студенттердің 40 пайызы Израиль – араб елдерінің бірі деп жауап берген. Франклин Рузвельт АҚШ-тың Вьетнам соғысы кезіндегі президенті деп түсінеді екен. Ал сол студенттердің тең жартысы Черчилльдің кім екенін білмей шыққан... Студенттерді айтамыз-ау, өткен жылдары орталық телевидениеден келесі сайлауға өзін АҚШ-тың президенттігіне ұсынып отырған Буш (кішісі) Ичкерияның сол кездегі президентінің есімін және Пакистандағы әскери төңкерістің арқасында билікті қолына алып отырған генералдың атын атай алмады. Қатардағы адам бол-

са, оқасы жоқ. Әлемдік саясатқа қол созып, сонымен беріле шұғылданбақ болып отырған дәмелі адамның тап осынша сауатсыз болуы АҚШ-қа абырой әпермейді.

Әлемдік әдебиетте француздардың алатын орны өз алдына бір төбе. Америка Құрама Штаттары жаңа ел, американдықтар — жаңа халық. Басқа елдермен салыстырғанда әдебиеті де жас. Оның үстіне мен АҚШ-ты үлкен өнердің ордасы деп есептемеймін. Менің әдеби Меккем — Франция. Бірақ, өкінішке орай, бүгінде ол да онып тұрған жоқ. Газет-журналдар жүргізген анкеталық зерттеулерге қарағанда француздардың да 65 пайызы кітап оқымайтын түрі бар. Оқырмандарының саны жиырма жылда 20 пайыз төмендеп кеткен. Мұндай жағдай француздардың жандарына қатты батса керек, осыдан он шақты жыл бұрын Парижде «Көзі ашық» атты бұрын-соңды болмаған айрықша клуб ашылыпты. Оның мүшелері — он бір айлық бүлдіршін мен он бір жастың арасындағы балдырғандар. Ата-аналар өздері барып, кейде балаларын ала барып, сол жерде әдеби тәрбиемен шұғылданады екен. Маман адамдардан ақыл-кеңес тыңдайды екен. Ең басты мақсат — жас ұрпақты көркем сөзбен суару. Жалпы, Францияда ең көп оқитындар арулар мен балалар көрінеді. Әрине, бұл жақсы нышан.

Соңғы жылдары Шыңғысханның моласын іздеушілер көбейді. Біреулердің айтуына қарағанда Шыңғысханмен бірге көмілген қазынада қисап жоқ сияқты. Египет пирамидаларынан шыққан алтындар оның ширегіне жетпеуі де мүмкін. Осындай болжамнан кейін дүниеқоңыздарда маза қалушы ма еді?! Жапония техникасымен қаруланған қазынақұмарлар бүкіл Монғолияны олай да сүзіп шықты,

былай да сүзіп шықты. Бірақ таба алмады. Әзірше таба алмады. Ал мен соған қайғырмаймын. Мені ол емес, мені ізім-ғайым жоғалып кеткен Отырар кітапханасы қатты қинайды. Сол қайда екен? Шынымен өртенді ме? Әлде талан-таражға түсіп, тектен-текке рәсуа болды ма? Қандай болғанда да — өкінішті!

Кітапхана демекші, бұл ойландыратын мәселе. Жай емес, мемлекеттік мәселе. Мен, тіпті мемлекеттік кітапханаларды айтып отырған жоқпын. Жеке кітапханаларды, әсіресе белгілі-белгілі ұлт өкілдерінің кітапханаларын айтып отырмын.

Александр патша Наполеонның басын айналдырған. Ал сол Наполеонның басын айналдырған Александрдың басын Александр Сергеевич небары 15-20 минутта шыр айналдырып жіберген. Оның да себебі бар. Пушкин өз заманында алдына жан салмаған білімді адам болған. Ол он бір жасында әкесінің өте үлкен кітапханасын түк қалдырмай оқып шыққан. Және ол кітаптардың бәрі де тек француз тілінде жазылған. Басқаша айтсақ, Пушкинді жаратқан Құдай болса, оны ұлы адам қылған ұлы кітапхана!

Жеке адамдардың кітапханасына бекер мән бермейміз.

Әлкей Марғұлан — қазақ тарихында орны толмайтын оқымысты. Естуімше, ғалымның артында қалған сирек кездесетін жүздеген, мүмкін мыңдаған өте құнды кітаптар бар тәрізді. Марқұм көзінің тірісінде кітапханасына ешкімді жолатпайды екен. Қазір оған кім қожа? Кім ие? Оның болашағы не болмақ?

Қазақта Ісләм Жарылғапов деген аудармашы болды. Жай аудармашы емес, анадан аудармашы

боп туған аса дарынды азамат еді. Мен сол кісімен жылдай көрші тұрдым. Тұрмысы өте жұпыны, өте кедей еді. Бар байлығы — кітап қана болатын. Бірақ иесінің тірісінде де сол буулы кітаптар шешілмеген күйінде жиырма жыл жатты. Кітап сөресін сатып алатын, не қолдан жасайтын ақшасы болмады. Ең кішкентай бөлмесін кабинетке айналдырып, тек сөздіктерден тұратын шағын кітапханасын іске қосты. Сонымен жұмыс істеді. Өмірін түгелдей сөздік жасауға арнады. Бірақ арманына жете алмай кетті. Өзі дүние салды. Бірер жылдан кейін әйелі де қайтыс болды. Жаңағы сирек кездесетін сөздіктер кітапханасы қазір қайда? Өзі жасап жүрген сөздіктердің қолжазбасы қайда? Кімнің қолында?

Жұрттың бәрі бірдей Мұхтар Әуезов емес. Болса да, оған қонған бақыт басқаның басына қона қоймайды. Ол кісі өле сала тұрған үйі мұражайға айналды. Кітапханасы сол күйінде сақталды, тіпті байи түсті.

Өздері Әуезовтей болмағанмен, кітапхана жағынан асып түспесе, кем түспейтін зиялы адамдар қазақта аз емес. Көбінің төрінен көрі жақын. Олардың өздері о дүниеге кеткенмен кітаби қазынасы артында қалады ғой. Салмағы иыққа да, жүрекке де түсіп жатқан ауыр заманда сол қымбат мұралардың шашылып қалуы әбден мүмкін. Біреуі ұрының, біреуі сенімсіз адамдардың қолында кетуі, немесе, букинистік дүкендерден барып бір-ақ шығуы да ғажап емес.

Құрып кеткен ауыл кітапханаларын қалпына келтіреміз деп жатыр. Ол дұрыс, әрине. Ол үшін рақмет! Мәдениет — кітапханалардан басталады. Десек те, ауыл кітапханаларын біз жақсы білеміз. Олар алыс түкпірдегі кітапқұмарлардың мұқтажын

белгілі дәрежеде ғана өтей алады. Одан әріге жарамайды. Өте қажет кітаптар, өте сирек дүниелер жұпыны ауыл кітапханаларында түнеп те көрген емес. Сондықтан жеке адамдардың кітапхана жасауларына жағдай туғызған жөн.

Біле жүргеніңіз жөн:

Финляндияда «Скеписис» деген қоғам бар. Оның мүшелері әр жылдың аяғында бас қосып, ақылдаса отырып, жылдың ең нашар кітабына «Кұрмет грамотасын» беретін көрінеді.

Бұрынғы батыс Германияда шығып тұратын «Конкрет» атты журналдың жылдың ең жаман шығармасына, яки ең дарынсыз авторына беріп тұратын сыйлығы бар екен. Оны алған адам бұдан былай қарай мұндай кітап жазбауға және осы сыйлыққа келген ақшаға басқа бір мамандық алам деп уәде беруге тиіс екен.

Шри-Ланкада археологиялық қазба жұмыстарымен шұғылданған Америка ғалымдары әр парағы таза алтыннан дайындалған ғажап бір кітап тауып алыпты. Онда көне Индияның белгілі бір дастаны басылған дейді.

Францияның Нанта қаласында тұратын бір дәрігер-фармацепт отыз бес жыл бойына әр елдің гимндерін жинаумен шұғылданыпты. Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда оның коллекциясы бүгінде жүз елудің үстіне шығыпты.

Бұдан дәл он жыл бұрын Сирия ғалымдары басқа ағайындас әріптестерімен біріге отырып, «Бүкіл арабтық энциклопедия» шығаруға кіріскенді. Әрқайсысы мың беттен тұратын бұл жиырма томдық үлкен еңбек биыл шығып бітуге тиіс.

Францияда небары сегіз сағат ішінде бір өлеңдер жинағын басып шығарған. Таңғы сағат тоғызда

қолжазбасын әкеліп тапсырған автор кешкі сағат бесте жырқұмарларға қолтаңба үлестіре бастаған.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы үшінші ғасырдың басында тұрғызылып, жаңаша жыл санаудың басында римдіктердің шабуылы кезінде өртенген дүниенің сегізінші ғажабы – Александр кітапханасы қалпына келтірілді. Кезінде теңдесі жоқ бұл кітапханада мындап папирус оралымдары болған.

Француз президенті болған Франсуа Миттеранның артында қалған өлмес еңбегі – Парижде салынған еш жерде, еш елде болмаған теңдесі жоқ супер кітапхана. Ол осы өткен жиырмасыншы ғасырдың ғылыми-техникалық жаңалықтарының ұлы жемісі.

Дістемге басылған, суып кетпесек болғаны

Басқа тараулардан гөрі маған осы тарауды жазу, жазуды айтамын-ау, бастап кетудің өзі тіптен қиын болды. Алғашқыда таудың терең көліндей жан-жағымнан жырып шығып, төмен қарай ақтарылатын шығармын деп ойлап едім, жоқ, болмады. Менің өзімді қоршап тұрған қарлы шыңдардан бастау алған екпінді жылғалар басып кетті. Турасын айтқанда, мен материалдың астында қалдым. Мақала ғана емес, көлемді кітап жазсам да таусылмайтын бірінен-бірі балалап жатқан проблемалар, мәселелер...

Жалпы ілім-білім және ғылым жөнінде сөз қылғанда енді аттап кетуге болмайтын келелі әңгімелер бар. Қарапайым халық біле бермейтін, тіптен, ғалымдардың бәрі бірдей аңғара бермейтін, аңғарса да ашып айтпайтын бір жәйт: Еуропа оқымыстыларының өркөкіректігі. Олар бүкіл адамзат тарихындағы, әсіресе, ғылымдағы Азия, Африка елдерінің үлестерін қасақана жоққа шығарғылары келеді. Жылдар емес, ғасырлар бойы осындай бағыт ұстаған Батыс зиялылары енді-енді ойлана бастаған тәрізді. Онда да бәрі емес. Дегенмен, ештен кеш жақсы дегендей, солардың ішіндегі әділет жағын-

дағы имандылары жалпы әйгілі грек өркениетінің ар жағында Мысыр тұр деген пікірге келе бастады. Бірақ бұл — нышан ғана. Түгел келісіп жатқан ешкім жоқ. Корнель университеттерінің профессоры Мартин Бернал «Қара Африка» атты екі том (автордың ойы бойынша төрт том болмақ) зерттеуінде Еуропаның аузын аштырмайтын дәлелдер келтіреді. Ол және жалғыз да емес. Көптеген мәшһүр оқымыстылар бұрынғы бейәділ райларынан қайтатын түрлері бар. Геометриялық фигуралар, Пифагордың теоремасы, «Пи» концепциясы, винт және рычақтың заңдары — бәрі де көне Мысырда туған деген тоқтамға келгендей...

Бұдан он шақты жыл бұрын ұлттық университетте лекция оқып жүріп мен де бір нәрсеге қатты мен бергенмін. Өз пәніме байланысты әдебиет теориясының көптеген оқулықтарымен танысып шығуыма тура келді. Соның бір де біреуі шығысты аузына алмайды. Мысалы, поэзия және оның түрлерін талдағанда сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин... сияқты еуропалық өлең түрлерімен шектеледі. Гетенің өзі шығыстың жеті данышпан ақынын білемін, жетеуі де менен мықты деген. Еуропа ғалымдары, ең болмаса, ұлы ақынның осы сөзіне мән бермей ме?! Ойланбай ма?! Олар қандай формада жазды екен деп толғанбай ба?! Егер олар да Еуропа ақындары секілді сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин жазған болса неге мысал келтірмейді...

Жоқ! Олар аруз, бәйіт, ғазел, қасыда, мусаддат, мухаммат, мураббе, месневи, тахмис, тержибейді, теркиб-бенді... тәрізді толып жатқан өлеңжырдың шығыстық түрлерінде еңбек еткен. Еуропалық әдебиеттанушылар, немене, бұларды біл-

мей ме? Әлде білгілері келмей ме? Жә, олар білмесе, білмесін. Орыс оқымыстыларынікі не? Олар неге бұл ежелгі мәдени әдебиетті аттап өтеді?! Түсінікті жәйт: еуропалық бірауыздылық, өркөкіректік.

Шынын айтқанда, Шығыстың өзі Орта Азиямен шектелмейді ғой. Жапония, Қытай, Үндістан секілді ұлы елдерді қайда тығып қоймақ?

Менің негізгі айтпағым, әрине, бұлар емес. Бірақ ілім-білім, ғылым туралы толғана отырып, осы бір әлемдік әділетсіздікті аттап өте алмадым.

Ерте ме, кеш пе мұның бәрі қалпына түсіп, әр нәрсе өз орнына келе жатар. Мәселе тек осыған қарап тұрған жоқ. Әйтсе де, көрер көзге жасалған қиянат адамның көңіліне келеді. Мың-мың жылдық тарихы, мың-мың жылдық мәдениеті бар қытайлықтар әрқилы ғылыми жаңалықтар ашып жатқан кезде Ұлыбритания аралында адамдар жартылай жалаңаш жүрген жоқ па еді?! Ендеше, соның бәрін жылы жауып қойып, ежелгі Шығыс, ежелгі Азия мәдениетін жоққа шығару асқан ақылдылық емес, әрине!

Белгілі бір халықтық қазына есептелетін тіл емес, белгілі бір аймақтық саналатын дін емес, ғылым — бүкіл халықтарға, бүкіл ұлт атаулыға ортақ интернационалды дәулет. Міне, осы ортақ та ұлы дәулет өткен екі мыңжылдықта, әсіресе, оның екінші жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы жиырмамыншы ғасырда ғарыштап дамып, ғарышқа қадам басты. Бұл тенденция әзірше бұдан әрі жалғаса бермек. Тенденция дегенде мен нақтылы ғарыштық бағытты айтып отырмын.

Басқа жағында біраз күдік бар. Өйткені, дүние жүзінің ірі-ірі оқымыстылары жаңа ғана аттаған жи-

ырма бірінші ғасырдан аса үлкен жаңалық күтпейді. Оның үстіне, сөздің тура мағынасындағы Үлкен Ғылымға апаратын бірден-бір жол – жалпыхалықтық білім. Ал енді соның жағдайы мақтанарлық емес.

Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын жапон журналистері орта мектепті бітірген АҚШ балалары өз аттестаттарын өздері оқи алмайды деп жазған еді. Шынына келер болсақ, Еуропаның өзі сондай. Францияда әскер қатарына шақырылған 412 жігіттің 80 пайызы ғана 70 сөзден тұратын мәтінді дұрыс оқып, дұрыс түсіндіре алған. Қалған 20 пайызы оны да істей алмаған.

Германияда үш миллионға жуық сауатсыз адам бар екен. Ал Швецияның бір автозауытындағы жұмысшылардың білімдерін байқаудан өткізгенде, олардың үштен бірі қара танымайтын болып шыққан.

Ал біздің жағдайымыз ше? Өкінішке орай, халық арасында ілім-білімнің қадірі өткен жылдармен салыстырғанда қатты түсіп кетті. Бұдан жиырмаотыз жыл бұрын мектеп балаларынан: — Кім болғыларың келеді? — деп сұрасаң, бес-алты оқушының бірі.

— Ғалым болғым келеді! — деуші еді.

Қазір ол заман өткен. Жалпы оқудың керегін біледі. Бірақ онда да білім алу үшін емес, көбінекөп диплом алу үшін ұмтылады. Ал әдетте білім мен диплом бір-біріне сәйкес келе бермейді. Жай жоғарғы оқу орнын бітірді деген құжат түгіл, ғылым кандидаты аталып жүрген ағайындардың да бәрі бірдей ғалым емес. Кездейсоқ адамдар. Бірақ өмірде не болмайды?! Дипломсыз сауаттылар қанша?! Жай ғана сауаттылық емес, көп білетін оқымысты ағай-

ындар да бар. Бірақ олар, өкінішке орай, саусақпен санағандай ғой...

Бүкіл әлемге әйгілі Константин Эдуардович Циолковский он екі жасында гимназияға түседі. Екінші сыныпта екі жыл отырады. Көзі жақсы көрмейтін, құлағы жақсы естімейтін жартылай кембағал бала үшінші курста гимназияны тастауға мәжбүр болады. Болашақ ұлы ғалымның алдында бар болғаны бір-ақ жол қалады. Ол — өз бетімен шұғылданып, білімін көтеру. Сөйтіп жүріп-ақ ол он сегіз жасында «Аэростат теориясы» атты еңбегін жазады. Екі жылдан кейін политехникалық мұражайда баяндама жасайды. Құлақ түріп, ықыласпен тындаушылардың ішінде Ресейдің әйгілі адамдары А.Г. Столетов, Н.Е. Жуковскийлер болады.

Адамды ғалым қылатын мектеп те, жоғарғы оқу орындары да емес. Оқымысты болу, білімдар болу тек қана өз қолында. Ол үшін, әрине, құдай берген қабілет, жігер-қайрат, ең бастысы — сол ілім-білімге деген құштарлық қажет.

Леонардо да Винчи дегенде ойымызға ең алдымен әлемдегі әйгілі суретші оралады. Ал ол данышпан суретші ғана емес, сегіз қырлы, тіптен сексен қырлы, бір сырлы теңдесі жоқ кемеңгер, өнертапқыш болған. Осыдан бірнеше жыл бұрын Леонардо да Винчидің архивін ақтарып отырып, инженер-ғалымдар өз көздеріне өздері сенбеген. Он бесінші ғасырда қағазға түскен чертеждар арқылы дүниеге планер мен тікұшақ, пружинді механизмдер арқылы өзі жүретін көліктер, парашют және өрт сөндірушілердің жылжымалы баспалдағы... олар аз болғандай, сүнгуір қайықтар дүниеге келген. Керемет-керемет деген ондаған өнертапқыштарымыздың жиырмасыншы ғасырда ойларына өрең келген

ғажап дүниелерді бір кездегі сері, сайыскер, аттың құлағында ойнайтын шабандоз, әзілкеш, әңгімеші, шешен-эрудит, әнші, биші, ақын, түрлі-түрлі музыкалық аспаптардың конструкторы, математик, механик, астроном, геолог, ботаник, анатом, физиолог, әскери инженер, ойшыл-материалист Леонардо да Винчи бұдан бес ғасыр бұрын қағазға түсіріп, кейбіреулерін іске асырып кеткен!

Осы секілді адам ақылына сыймайтын, қазіргі заманның тілімен айтқанда супер тұлғалардың өмірге келуін белгілі бір ұлтқа, халыққа, қоғамға, заманға байланыстырып керегі жоқ шығар...

Жиырмасыншы ғасырдың басында Бақы қаласында дүниеге келіп, кейін Ленинград университетін бітірген Лев Давидович Ландаудың бүкіл ғұмыры күні кеше ғана басымыздан кешірген тоталитарлық Кеңес өкіметімен тығыз байланысты. Он үш жасында орта мектепті үздік бітірген аса дарынды баланы тіптен жас деп жоғарғы оқу орнына қабылдамай қояды. Бірақ бір жылды артына салып болашақ данышпан ғалым бәрібір оқуға түсіп, физика-математика және химия факультеттерінде қатар оқиды. Штаттан тыс аспирант болып, он сегіз жасында алғашқы ғылыми жұмысын жазады. Физика-техникалық институттың жетекшісі Иоффе аспирантының әлі университетті бітірмегеніне ешқандай мән бермейді. Ол дипломды он тоғыз жасында алып, жиырма бірінде оқуын жалғастыру үшін шетелге кетеді. 1934 жылы диссертация қорғамай-ақ оған ғылым докторы деген дәреже береді. Ол кезде ол «Металдардың магниттілігі» атты күрделі еңбектің авторы... Бүгінде Ресей Ғылым академиясының теориялық физика институты осы Лев Ландаудың атымен аталады. Мемлекеттік, Лениндік



және Нобель сыйлықтарының иегері, АҚШ, Дания, Англия, Франция, Нидерланд Ғылым академияларының мүшесі, заманымыздың аса белгілі ғалымы Ландаудың өмірбаянын түгел жазып шығу менің міндетім емес. Санасында сәулесі бар ойлы жастарға осы мәліметтер де жетеді-ау деп ойлаймын.

Бір ескерте кететін жәйт: біздің осы тақырыбымызға тиек болған данышпан тұлғалардың қай-қайсысы да ғылымға, үлкен ғылымға күнкөрістің немесе қу құлқынның жетегімен келмеген таза таланттар. Періште, пайғамбар іспетті аса ірі тұлғалар.

Дүние-мүлік бас жарып, көз шығармайды. Байлық шіркіннің керек емес кезі жоқ. Сөйте тұра, дініне берік иманды адамдар әр уақытта алтыннан да, ақшадан да биік тұрған... Әлемдік мәдениеттен хабардар қазақ Жан Даламберді жақсы біледі. Институттар мен университеттерде әлі күнге соның жиырма алты жасар Даламбердің дифференциалды тендеуге байланысты жүйелеп кеткен ережелері оқылады. Артиллерия офицері оны рикошетке байланысты білсе, ауа райын зерттеушілер үшін ол — метеоролог. Астрономдар үшін планеталар қозғалуының салдарынан пайда болатын «ашу-ыза» теориясы, физиктер үшін ішектің көлденең дірілі хакындағы трактаты қымбат. Ең бастысы ол — жиырма томдық атакты энциклопедияның құрастырушысы және авторы. Жиырма үш жасында Француз академиясына сайланған әйгілі ғалымға Берлин Академиясына жіберген сыйлығы үшін Фридрих екінші жылына 1200 ливр пенсия тағайындайды. Шетелдік корольдің осынша мән беріп, назар аударып жатқанынан қысылған Франция министрі Ларгенсон Даламбердің өз елінен де осынша зейнетақы алуына мүмкіндік жасайды.

– Басқа біреулер бір үзім нанға зар болып жүргенде менің мұнша қаржы жұмсауыма ешқандай қақым жоқ! – деген ғалым сол Фридрих екінші Академия президенттігін ұсынғанда және Екатерина екінші жылына мың ливр беріп, Ресей тағының мұрагерін тәрбиелеуге шақырғанда – одан да, екеуінен де бас тартады.


Менің мұным, мүмкін, балалық та шығар. Сөйте тұра нағыз ғалымдарға өз басым тек осындай үлкен өлшеммен қарағым келеді. Көпке топырақ шашқым жоқ. Бірақ осындай үлкен өлшеммен қарағанда өз ғалымдарымызға көңілің тола бермейді. Тіпті, оларды былай қойғанда, олардың өзін Школьниктер басқарғаннан кейін, тіпті, не дерге білмейсің!

Бұл бүгінгі жағдай. Ал ертең қандай болмақ?! Шетелдерге арнайы жіберіп оқытып жатқан жастарымыз қандай? Солардың бөріне болмағанмен, жартысынан көбіне күдігіміз бар. Олар ұлы ғалымдардың мұрагерлері бола ала ма, әлде әкімдер мен қалталылардың ұл-қыздары болып қала бере ме, кім біледі!

Бір кездері феодализмнің темір құрсауынан өрең-өрең құтылған Жапония да ауыр күндерді бастарынан кешкен. Бірақ олар бірден дұрыс бағыт ұстай білген. Оқу-білім алындар деп шетелге жіберіп жатқан жастарына:

– Барған елдеріңнен білім алып қана қоймаңдар! Сол елдің, сол халықтың үлгі боларлық қандай қасиеттері бар екен, соған мән беріндер. Соны үйреніндер! Жаман нәрсе өзімізде де жетеді! – деп ақыл береді екен.

Бізде, егер қателесем, құдай өзі кешірет, ғалымдар дайындаудан гөрі мансапқорлар дайындау мақсаты басымдау.



Біле жүргеніңіз жөн:

1985 жылы шамамен алғанда 105 миллион бала мектепке бармаған. Егерде бұл жағдай бұдан былай өзгермесе, 2000 жылы 200 миллион бала мектеп есігін ашпайтын болады деп хабарлаған БҰҰ бұдан он жыл бұрын.

«Санди таймс» газетінің жүргізген тексерісіне қарағанда Ұлыбританияның мұғалімдері өз оқушыларынан білімді емес көрінеді. Польшаның астанасы қай қала деген сұраққа бес мұғалімнің біреуі ғана дұрыс жауап бере алған. Ал ФРГ-нің сол кездегі астанасын анкетаға қатысушылардың 27 пайызы ғана дұрыс айта алған. Ал 47 пайызы Ауғанстанның астанасын білмей шыққан.

Қазіргі Италия халқының 22 пайызы ең болмағанда бастауыш білім алмаған, 44 пайызы орта мектепті бітірмеген. Бір миллион 608 мыңы жалпы әліпті таяқ деп білмейтін көрінеді.

Эссен қаласында тұратын Ники деген бала бір жарым жасында өріп танып, екі жасында оқи бастаған. Әкесі биолог. Жетіге толған кезде баласы әкесінің кітапханасындағы ғылыми кітаптармен шұғылдана бастаған. Бала түгілі, үлкен адамдар ұға қоймайтын ғылыми дүниелерді түсініп оқитын дәрежеге жеткен.

Ал алты жасар қытай баласы Ли Сяобин мүлдем ғажап. Ол үш жасында екі-үш айдың төңірегінде 3600 иероглифті үйреніп алған. Содан кейін әкешесі бірінші сатыдағы мектепке берген екен, ол оны бір жылда бітіріп шыққан. Алты жасында екінші сатылы мектепке көшкен.

Вьетнам баласы Фам Хоанчу үш жарым жасында математика есептерін шығара алатын болған. Газет-журнал оқып, тушьпен жаза алатын дәреже-

ге жеткен. Соның бәрін үш жасар балдырған мектепте оқитын тәтесінен үйренген.

Он төрт жасар Мариуш Заяц Польша астанасында жоғарғы техникалық мектепке оқуға түскен. Сосын оны жиырма бір жасында бітірген. Ирандық Мұхаммед Кошесвисан жоғарғы мектептің отыз алты пәнінен диплом қорғаған. Енді университетте жаратылыстану ғылымдарынан сабақ береді. Ол ағылшынша, французша, немісше таза сөйлейді. Оларға қоса эсперантоны біледі. Он алты жасар ғылым докторын талай ел өздеріне шақырып, кафедра меңгерушісі болуға ұсыныс жасаған.

МАЗМУНЫ

ЖАЗМЫШ

Тиек 6

Бірінші бөлім

Көріпкел-әулиелік	12
Даңқ	27
Аш-жалаңаш ағайын	43
Ауру	59
Дерт	71
Дерт үстіне дерт	106
Өз еркімен өлу	127
Дуэль	143
Қайда барсаң – бір өлім	151
Жаксы өлім және соңғы сөз	166

Екінші бөлім

Баспана. Тыныштық	180
Киімнің де киімі бар	196
Әйел. Махаббат. Дон-жуандық	213
Сапар-саяхат	230
Карта ойыны	242
Жеті қазына? Жоқ! Жеті жүз жетпіс жеті! ...	256
Енді бір ермек	268
Биік мансап	284
Ақын және азаттық	301
Құпияға құмарлық немесе ақын және ғылым	319
Пендешілік пен пайғамбарлықтың арасында	360

Соңғы сөз орнына немесе қаламгер	
Кали Сәрсенбаймен сырласу	381

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫР БІЗГЕ НЕ ҚАЛДЫРДЫ?

Жиырмасыншы ғасыр бізге не қалдырды?	
(Шер)	394
Халің қалай, қайран орта — табиғат?	396
Хайуанаттар және хайуандық	404
Ұлт: тіл және діл	413
Жаман әдет жұқпалы	422
Біреуі — өлген, біреуі — әлі тумаған	431
Мәңгіру және мәңгірттену	440
Алтын ақшаның да екі беті бар	449
Өркениеттің іргетасы мен күмбезі	458
Ыстығы басылған, суып кетпесек болғаны	468

Художественное издание

КАДЫР МЫРЗА АЛИ

РОК

(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *А. Дәдебаев*

Көркемдеуші редакторы *Ә. Жақсылықова*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Корректоры *Ү. Бахова*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 240

Теруге 12.12.2003 берілді. Басуға 28.01.2004 қол қойылды.
Пішімі 75×90^{1/12}. «Балтика» гарнитурасы. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 18,75. Есептік баспа табағы 18,22.

Таралымы 10000 дана. Тапсырыс № 99.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.